ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ **«ҒЫЛЫМҒА ҚҰШТАР ЖАС ҒАЛЫМ»** АТТЫ ДӘСТҮРЛІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ **ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
ТРАДИЦИОННОЙ РЕСПУБИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
ОБУЧАЮЩИХСЯ **«МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ, УВЛЕЧЕННЫЙ НАУКОЙ»**

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE TRADITIONAL REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF STUDENTS **‘YOUNG SCIENTIST, PASSIONATE ABOUT SCIENCE’**

III том

Шымкент – 2021

ӘОЖ
ББК

Б

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - ОҚМПУ ректоры

Ұйымдастыру алқасы:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы - т.ғ.к., доцент
Бегалиева Рауан Нармаханқызы - п.ғ.к., доцент м.а
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы -т.ғ.к
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы - ф.ғ.к., аға оқытушы
Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы - ф.ғ.к
Ибашова Альмира Байдабековна - п.ғ.к., аға оқытушы
Саулембаев Алтынбай Тагабаевич - г.ғ.к.,аға оқытушы
Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлы - п.ғ.к., доцент
Байбатшаева Айдайқыз Еркінбекқызы -п.ғ.к., доцент м.а

Білім алушылардың **«Ғылымға құштар жас ғалым»** атты дәстүрлі республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының ғылыми мақалалар жинағы
- Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ традиционной республиканской научно-практической конференции обучающихся **«Молодой ученый, увлеченный наукой»**
«Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
OF THE TRADITIONAL REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE OF STUDENTS **'YOUNG SCIENTIST, PASSIONATE ABOUT SCIENCE'** Оңтүстік Полиграфия":- Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

ӘОЖ
ББК

ISBN

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2021

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

УДК 377.031.4

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Асильбекова Н.О. –М1703-30 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қиясова Қ.Қ. –п .ғ . к., доцент м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Түйін

Қазіргі таңда мектептерде шет тілдерін оқыту мемлекеттік бағдарламалардың бірі болып табылады. Аталған жұмыста мектептерде және оқу орындарында шет тілдерін оқытуда әртүрлі мультимедиялық бағдарламалар мен Ғаламтор желі ресурстарын пайдалану мәселесі көтерілген. Мақалада шет тілдерін оқытуда әртүрлі заманауи мультимедиялық құралдар туралы, оларды жалпы сабақта пайдалану және тиімділігі жөнінде сөз қозғалған.

Еліміздегі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму – білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде. Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде мектептегі оқу үдерісінің тиімділігі мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей байланысты.

Соңғы жылдары көз алдымызда адамдардың әлеуметтік, мәдени, ғылыми және өндірістік қызмет аясына тікелей әсер еткен компьютерлік революция болды. Компьтердің оқу процесіне де тигізетін өзіндік әсерін жоққа шығаруға болмайды.

Шетел тілін коммуникативтік бағытта оқытуда мультимедиалық интерактивті технологияларды пайдалану жүргізілетін сабақтың тиімділігін арттырады және оқушылардың сабақ материалдарын тез әрі терең түсінуін қамтамасыз етеді. Мультимедиалық құралдардың заманауи технологияларын енгізу – оқу процесінің мәнін байытады, оқушыларға қатты әсер етеді, балалардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады, оларды шетел тілін ақиқат өмірде қолдана алуға үйретеді және мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру саласында көтерілетін өзекті мәселелердің бірі жаңа ақпараттық технологияларды орта мектептерде қолдану тиімділігі. Бұл шетел тілін оқытудың жаңа техникалық құралы ғана емес, сонымен қатар тілді үйретудің жаңа форма мен әдісі ретінде қарастырылып отыр. Шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты оқушының коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оның шетел тілін практикалық қолданыста пайдалану қабілетін дамыту[1, 239].

Сондай-ақ, мультимедиа арқылы шешілетін негізгі мәселелер қатарына: тілді білушімен шынайы коммуникация орнату; оқу – тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларын орталық ақпараттық жүйеде сақталатын ақпараттық қормен қамтамасыз ету; мұғалімдер арасында тығыз *қарым-қатынас орнату;*

педагогикалық тәжірибе мен дидактикалық материалдарды айырбастауды жүзеге асыру т.б. жатқызуға болады.

Мультимедиа – ақпаратты дыбыстық және бейне түрінде өндеуді жүзеге асыратын, бағдарламалы – ақпараттық құралдар жиынтығы. Мультимедиа аудандық, жергілікті және әлемдік желі бойынша дыбыс шығаруға, бейне жіберуге (мысалы, дара бейне конференциялар жүргізу үшін) арнап жасалынған. Интерактивті режимдегі графика, анимация, сурет, бейне, дыбыс, мәтін қолдану интегралды ақпараттық ортаны құрады, сол себепті қолданушы жаңа сапалы мүмкіндіктерге ие болады.

«Tell me more», «Английский: путь к совершенству», «Encyclopedia Britanniса» т.б. сияқты мультимедиалық құралдар сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған (жеке дара немесе топ болып оқу, жазу, тыңдау, сөйлеу, әр түрлі грамматикалық материалдарды түсіну, қайталау және жаттығу). Бірақ, мұғалімнің өзіне қажетті материалды оқушыларға түсіндіру тәсілін дұрыс таңдай білуі аса маңызды. Мәселен, мұғалім өзі құрастырған бағдарламаларды Power Point – та жасалған тұсаукесерді пайдаланып балаларға түсіндіре алады. Бұл бағдарлама өте ыңғайлы әрі оқушыларды шығармашылық тұрғыдан ойлануға және жасаған жұмысын сыныптастарына көрсетуге ынталандырады. Аталған жобалық жұмыстың артықшылығы белгілі, сондықтан ол түрлі пәндерді, соның ішінде шет тілдерін оқытуда кеңінен қолданылады.

Жобалық жұмыстың тағы бір артықшылығы *оның жеке адамға арналған жұмыс түрі екендігі, өйткені онда оқушы өзі, отбасы және жеке қызығушылықтары туралы көрсете алады [2, 22].* Жобаны дайындау барысында оқушылар өздерін қызықтыратын тақырыптармен танысады, анықтамаларды ақтарады, өзге адамдармен тілдеседі, суреттер іздейді, тіпті өз бетінше аудио және видео материалдарды дайындайды. Түрлі тілдік деңгейдегі балалар белгілі бір тақырып бойынша өз ойын, пікірін *айтуды үйренеді.* Жұмыс осылайша, оқушылардың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін, бірлесіп жұмыс жасау икемін дамытуға көмектеседі.

Сондай–ақ, электронды интерактивті тақталар мультимедиалық материалдардың электронды мазмұндарын оқу процесіне енгізудің тиімді тәсілі болып табылады. Сабақ материалдары интерактивті тақтада анық көрсетіледі және баланы белсенді қатысуға ынталандырады. Шетел тілінде алдын – ала дайындалған мәтіндер, жаттығулар, әр түрлі сипаттағы түрлі *түсті суреттер, шетелдік мультимедиалық аудио мен бейне т.б.* сабақ материалын түсіндіруге, тілдің грамматикалық және лексикалық бірліктерін бекітуге, баланың білімін қадағалауға және оның өзін – өзі басқаруына көмектеседі.

Интерактивті тақта компьютердің пернетақтасын, мониторын және «тышқанды» пайдаланбауға мүмкіндік береді. Барлық қажетті әрекетті арнайы маркер немесе тіпті мониторды түрту арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл оқу бағдарламасын түсіндіру сапасына тікелей оң септігін тигізеді. SMART Board интерактивті тақтасымен бірге SMART Notebook бағдарламалық құрылғысы

жүреді [3, 104]. Ол әр түрлі ақпаратты (мәтін, бейне, схема, кесте, белгі мен суреттер) қосатын жазбаларды құрастыруға жағдай жасайды.

Әрине, ең басты мультимедиа ретінде Интернет желісі туралы тоқталып өткен дұрыс. Себебі, жоғарыда айтылған барлық бағдарламалық құрылғылар дәл осы желі арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның күрделі тіршілік әрекеті компьютерлік ақпараттық технологияның пайда болуы на ықпал етіп, «Интернет» ұғымын өмірге енгізді. Аталған сөз халықаралық желі деген мағынаны білдіреді (INTERnational NETwork). Интернет – дүниежүзіндегі компьютерлер мен серверлер жиынтығы, ал қол жеткізуге болатын ақпарат көлемін тіпті бағалаудың өзі қиынға түседі. Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер ғаламдық деп аталады. Интернет – миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі. Интернет – ресурстарға талдау жасағанымызда Ресейде бастауыш мектептер http://www.ed.-
gov.ru, http://www.kic.ru, http://ioso.narod.ru, http://som.fio.ru, www.nachalka.com, http:// www.
altai.fio.ru, www.tehnologiya.ucoz.ru, www.openclass.ru, Қазақстанда www.mektep–rk.kz, www. sabak.kz, www.schools.kz сияқты Интернет – ресурстармен қамтамасыз етілгенін анықтадық [4, 18].

Қазіргі таңда барлық мұғалімдердің алдында заманауи технологияларды пайдалану негізінде оқу мазмұнын одан әрі жетілдіру мақсатында Әлемдік желіні қолдану мәселесі туындап отыр. Ғаламтор ағылшын тілін үйренуде бұрын белгісіз болған жаңа мүмкіндіктерді ұсынады. Оларға: сабақ мазмұнына желідегі материалдарды енгізу; жоба жұмысы бойынша оқушылардың жеке ізденістерін жүргізуге көмектесу; әр түрлі деңгейдегі желі материалдарын пайдалана отырып, оқушылардың оқуға деген икемділіктерін дамыту және жетілдіру; өзара хат алмасу нәтижесінде білім алушылардың жазу дағдысын дамыту; шет тілінің заманауи сөздіктерінің көмегімен сөз қорын қалыптастыру; желі арқылы басқа елдердің мәдениеті, әлеуметтік және экономикалық жағдайы туралы мәліметтер табу, оларды талдауды үйрену және т.б. жатады.

Қазіргі таңда оқушының тілді практикалық тұрғыдан меңгеру үшін қолайлы жағдай жасау, тиімді әдіс таңдау, яғни оқушының қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігін арттыру мұғалімнінің негізгі міндеті болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, Интернет ресурстарды, заманауи педагогикалық құралдарды қолдану әдістері оқушының қабілеті мен білім деңгейін есепке ала отырып жеке жұмыс жасауды, сонымен қатар жеке тұлғалық әдісті дамытуды қатамассыз етеді. Психологтардың көзқарасы бойынша жеке тұлғаның қалыптасуына когнитивтік, мотивациялық және мінез – құлықтық жағдайлар ықпал етеді.

Когнитивтік жағдайлар – Интернет – ресурстарды пайдалануға бағытталған белгілі бір білімдердің жиынтығы, бұл бұдан басқа да күрделі білімдерді игеруге көмектеседі.

Мотивациялық жағдайлар – жаңа құндылықты сезіну мен бағалау арқылы анықталатын зерттеу қызметінің құрылымы ретінде қаралады.

Мінез – құлықтық жағдайлар – Интернет – ресурстарды пайдаланудың қалыптасуына ықпал етеді, ғылыми құндылықтарды игерудің шынайы қимылдарын көрсетеді, жүзеге асыруға арналған түрлі педагогикалық ілімнің жиынтығы жөнінде нақты әрекеттерді дәлелдейді.

Шетел тілін үйрететін компьютерлік бағдарламаларда келесідей жұмыс түрлері бар:

тілдік қорды дамыту;

дыбыстау қабілетін дамыту;

диалогтік және монологтік сөйлеу формаларына үйрету;

жазуға үйрету;

грамматикалық аспектілерді үйрету. Ғаламторды пайдалану аумағы күннен – *күнге артуда.* Ғаламтор көмегімен оқытушы мен оқушы кез келген уақытта әлемнің кез келген жерінен қажетті ақпаратты жылдам әрі нақты таба алады. Мәселен, елтануға қатысты мәліметтер, жастардың өміріне байланысты соңғы жаңалықтар, газет немесе журналдардағы мақалалар, қажетті әдебиеттер тізімін т.б. көптеген ақпаратқа қол жеткізе алады.

Шетел тілін оқытуда Ғаламтор көмегімен бірқатар дидактикалық мәселелердің шешімін табуға болады:

оқу дағдысын қалыптастыру;

заманауи ақпаратты пайдалана отырып жазу дағдысын қалыптастыру;

оқушылардың сөздік қорын байыту;

оқушыларды ағылшын тілін оқуға тұрақты түрде ынталандырып отыру;

Сонымен қатар, Ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану әдісі оқушылырдың жан – жақтылығын, белгілі бір мәселеге қатысты жеке көз қарасын қалыптастырумен қатар өзге ұлт өкілдері арасында жаңа достар табуға, және олармен тұрақты түрде пікір алмасу арқылы шетел тілін дамытуға жол ашады. Ғаламтор арқылы оқушылар тұрақты түрде тест, жарыстар мен олимпиадаларға, видеоконференцияларға т.б. іс – шараларға белсенді қатыса алады. Оқушылар өздері зерттейтін ғылыми жобаларға қатысты ақпараттармен өз еліндегі оқушылармен қатар, шет елдерде тұратын оқушылармен де алмаса алады [5, 27].

Кеңінен тараған қатынас технологиясы ретінде Интернет желісіндегі ақпаратты жіберу мен алуға арналған, адамдардың арасындағы оперативті байланысты жүзеге асыратын қызмет (сервис) – электрондық поштаны (E – mail) атауға болады. Электрондық пошта арқылы кез *келген ақпаратты яғни, мәтіндік құжаттар, суреттер, цифрлік мәліметтер, жазбалар және т.б.* жібере аламыз.

Электрондық пошта қызметіне алдын – ала құжатты өңдеу, құжаттар мен хабарларды сақтау, хаттарды басқа адреске жіберу кезінде болатын қатені тексеріп түзету, жіберілген хабарды алғаны жайлы хабарлау, ақпаратты алу *және сақтау, шолу мүмкіндіктерін жатқызамыз.* Мұғалім электрондық поштаны төмендегідей сәттерде қолдануы мүмкін:
оқушылармен ақпарат алмасу үшін (кеңес беріп, бақылау жұмыстарын жіберіп, асинхронды режимде дәріс беру үшін, яғни, алдын – ала дәріс мәтінін жіберіп, артынан кеңес беру мақсатында).
Off – line режимінде қашықтан сабақ жүргізу;
кеңес беруді ұйымдастыру;
оқушылардың өзара ақпарат алмасу арқылы бірін – бірі оқыту.
Тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру үрдісінің мінез – құлықтық саласы шығармашылық болып табылатын, креативті іс – әрекетке бағытталған.
Оған қоса, ақпараттық жүйе ретінде Ғаламтор өз пайдаланушыларына басқа да ресурстарды ұсынады: 1) телеконференциялар (usenet);
видеоконференциялар; 3) өз мәліметтерін енгізу мүмкіндігі, өзінің жеке бетін қалыптастыру (homepage) және оны Web – серверде орналастыру; 4) ақпараттық ресурстарға қолжетімділік; 5) анықтамалық каталогтар (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy); 6) ізденіс жүйелері (Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler, Excite); 7) желіде сөйлесу (Chat). Аталған қызметтер сабақта кеңінен пайдаланылуы мүмкін [6].
Сабақта компьютерлік технологияларды қолдану мақсатын, мәнін және мүмкіндіктерін анықтай отырып, мұғалім мына қағидарларды есте сақтауы керек:
оқушылардың денсаулығына психика-лық және физикалық тұрғыдан зақым келтірмеу;
олардың мультимидиалық құралдарды қолдана алу қабілетін қалыптастыру;
оқушыларға оқу бағдарламасын арнайы қолданбалы компьютерлік бағдарламалар арқылы сауатты әрі нақты түсіндіру.
Мемлекетте білім жүйесін жаңарту процесі жүріп жатқан қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби қызметіне қойылатын негізгі талап ақпараттық таным болып табылады. Ал, мультимедиалық құралдарды қолдану оқу барысын жеңілдету, одан әрі дамыту мен оқушыларға оқу материалдарын жеткізу мақсатын көздеуі тиіс.

Әдебиеттер:

Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики. – М.: Русский язык, 1989. – 239 б.
Полат Е.С. Метод проектов на уроках *иностранного языка // ИЯШ.* – 2000. – № 2. – 22 б.
Могилёв А.В. Интернет приходит в школу. – Воронеж, ВГПУ, 2001. –104 б.
Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка// ИЯШ. – 2001. – № 2. – 18 б.
Полилова Т.А., Пономарева В.В. Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранных языков. // ИЯШ. – 1997. – №6. – 27 б.
Электронные интерактивные доски SMART board – новые технологии в образовании / http://www.smartboard.ru/

ӘОЖ 821.512.122

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ОЙТАЛҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Исақ З.Ж. – 117-27 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байғұтова А. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются художественно-языковые особенности и образец изложения Ш. Муртазы в романе «Ай мен Айша».

Автор бейнесінің күрделене, жұмырлана көрінетін тұсы – пайымдау немесе ойталқы мәселесі көркем мәтін лингвистикасының ең маңызды мәселелерінің бірі.

Ойталқы мәселесі туралы айтылып жүрген ғылыми пайымдауларға тоқтала кетсек. Ең алғаш ойталқы туралы өз ойын айтқан ғалым А.Байтұрсынов екенін біз айтқан болатынбыз. Ол пайымдама туралы анықтама бере отырып, оның екі түрлі әдіс арқылы жасалатынын айтып кеткен. Ғалым өз ойын былайша өрбітнді: «Пайымдама әдісі екі түрлі: Негізгі пікірді шығарманың басында айтып, оны қуаттайтын пікірді соңынан келтіру бар. Яғни әуелі жалпы пікірді айтып алып, бөлекей пікірлермен қуаттап пайымдау бар. Бұл жалқылау әдіс. Әуелі бөлекей пікірді айтып, жалпы пікірді солардың дәлелдерімен пайымдау. Бұл жалпылау әдіс болады» [1, 397].

Біздің байқауымызша, Шерхан Мұртаза пайымдаулары екінші әдіске жақын келетін секілді. Бұлай деуіміздің себебі, Ш.Мұртаза өз ойын, тұжырымдарын оқиғаның қалай бітетіндігін бірден ашып көрсетпейді, оқиғаның өрістеуі барысында оқырман өзі танып біледі.

Белгілі ғалым-стилист Б.Шалабай пайымдау туралы көптеген ғылыми дәйекті ойлар айтқан. ойталқы деген терминмен пайымдауды атай отырып, оған ғылыми түсінік береді. «Ойталқы түріндегі баяндау формасының заттық мазмұнын ойдың немесе белгілі бір күрделі тақырып-мәселенің логикалық дамуы құрайды. Ал оның құрылымдық формасына логикалық ізбе-ізділік жатады. Ойталқы – әңгімелеу сияқты динамикалы форма, бірақ одан айырмашылығы – оқиғаның дамуы емес, ой, тақырып, мәселенің дамуы бейнеленеді. Сондықтан мұнда мезгілдік өрім болмайды», - деп көрсетеді өзінің еңбегінде [2, 397].

Біз жұмысымызда осы теорияны негіз ретінде ұстанамыз.

Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романында ойталқы да жиі кездесетін баяндаудың түрі. Ш.Мұртаза өзіне тән стильдік ерекшелікпен ойталқыны да ұзарған құрмалас сөйлемдермен емес, тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізіп жазады. Мәселен, «Ай толғанда абай бол» деп аталатын романның біл бөлшегінде мынадай баяндау бар: *«Ақыл деген асылды Құдай адамдарға тең үлестірмеген. Өмірді де теңдей етіп бермеген. ...Ақыл да сондай: біреуде аз, біреуде көп Ал басым көбінікі – орташа. Ақылы тым көптер де, ақылы тым*

аздар да жынды. Орташалардың ұғымы сондай. Орташалар басым көптілік болғандықтан олардың пікірі үстем. Көп қорқытады, терең батырады. Ғылыми тілмен айтқанда: «аномалия». Яғни, халыққа дағдылықалыптан шығып кеткен» (161-бет). Осы авторлық баяндауда үлкен ой бар. Шағын мәтінде сегіз жай сөйлем, екі сабақтас құрмалас сөйлем бар. Жай сөйлемдердің көтеріп тұрған жүгі мәнді әрі ауыр. Барлық ойдың негізгі тоқтамы осы жай сөйлемде тұр. Орташалар басым көптілік болғандықтан олардың пікірі үстем деген сөйлемді тұлғалық жағына қарай емес, мағыналық жағынан талдау, түсіну керек. Әрбір сөйлем туралы ғылыми ой айтуға болар еді. Мұнда халық ақылы асып туылған перзенттерін еш уақытта бағаламайды деген ойды айтады автор-жазушы. *«Шынында да, біз әлі топас шығармыз. Иса мұғалім сол топастықтың құрбаны шығар. Өйткені қабақтай басымыз толған ми бола тұра, соның төрт-ақ прцентті іске қосылып, басқа жағы ұйықтап жатады екен ғой.*

Иса соның бәрін оятпақшы болды» (166-бет) деп өз ойын түйіндейді.

Бұрқасын боранда от іздеп шыққан баланың жылуды тастан тапқанын, тастың адамға пайдасын мынадай ойталқы арқылы беріледі: *«Тасты аяқпен таптап жүрміз. Таста жан жоқ деседі. Таста тамыр жоқ деп ғайбаттайды. Сандырақ! Таста от бар. От болса жаны бар. Жаным бар деп жүрген адамдардан артық. Өйткені адам кеудесіндегі от мың күн жанып, бір күн өшеді. Ал тастың тамырындағы от мәңгілік. Бірақ ол мен мұндалап айқайламайды. Адамдар сияқты мақтанбайды. Таулардың өзі, тіпті қазір бораннан көрінбей тұрған Манас шыңының өзі, бүкіл Тәңіртаудың өзі от перзенті. Жердің ішек-қарны ақтарылып, от болып бұрқылдағанда таулар туған.*

Ал мына Сәрсенбай берген асықтай тас – біздің шақпақ тауымыздың бір қиыршығы. Оны Тәңір біз өлмесін деп жаратқан. Бірақ біз ұмытып кете береміз. Рахметіміз жоқ, тәуба-тауфиғымыз жоқ...» (175-бет). Бұл баяндаудың мәні өте ерекше деп бағалаймыз. Адамның таудан биік бола алмайтындығы, сол биік таудың ешқашан менменсіп, көкірек көтермейтіндігі, яғни «ұлық болсаң, кішік бол» деген ұлағатты сөзді адамдардың ұмытып кететіндігін жазушы өз пайымдауларында әдемі үйлестірген. Бұл мәтінде тас сөзі де от сөзі де алты рет қайталанып берілген. Осы алты қайталауды басқаша әртүрлі етіп берсе ой дұрыс шықпас еді. Автордың діттегені тап осы қалпында экспрессия мен эмоциялық мағынаға ие болмай қалар еді.

Романдағы ойталқылардың мәні соншалықты терең, философиялық мазмұнға толы. Автордың баяндап отырған ойталқылары заманның кейпін, халықтың жағдайын айтуда үлкен маңызға ие болған. Мысалы: *«Адамды адам қинап, содан рахат кешу әу бастан-ақ бар екен, әлі де бар, әлі де бола береді»* (228-бет) немесе *«біреуді біреу қанап, біреуді біреу қамап, қорлап, зорлау – санасыздық. Адам – адам болған соң, хайуанаттан артық жаратылып, ақыл-есті болған соң, бәрінен биік тұруы керек қой. Құрт-*

құмырсқа, бақа-шаяннан айырмашылығы айдай әлемге «әйгіленіп» тұрсын (247-бет). Осындай ойталқыларды автор романдағы болған оқиғаларға түйін, философиялық қорытынды ретінде беріп отырады.

Ойталқыны әңгімелеуге көмекші ғана баяндау формасы деп таныған Б.Шалабай ол тұтас шығарманың барлық келбетін айқындамайды, тек эпизодтық қана сипатта болады дегенді айтады. Ойталқы негізгі ойдың барысын, эпизодтық сипатта болса да, жүйелеп отырады.

«Ай мен Айша» романындағы ойталқыда, суреттеуде, әңгімелеуде әдеби нормаға сай келмейтін сөйлемдер немесе сөз тіркестері жоқ деуге болады. Жазушы өз баяндауына өте салмақпен, жауапкершілікпен қарайды. Бұл арқылы біз жазушының халықтың тіл мәдениетін дамытуға рөлін атап көрсетеміз.

Шерхан Мұртаза романдарында ойталқы – ерекше көзге түсетін баяндаулардың бірі. *«Басшы ақылсыз болса – елге азап. Бастық әрі ақымақ, әрі араққұмар болса – нағыз тозақ. «Мына бастық оңбаған, орнынан алынсын!» – деп жақ ашып, айбат қылар біреу жоқ. Соғыс заманы»* (252-бет) деген үзіндіде ойталқы терең оймен өрнектелген.

«Ай, Шақпақ жел, Шақпақ жел! Кімді ұшырарыңды білмейсің-ау. Біз сияқты жеңіл-желпі қаңбақтарды домалатқанша, жердің бетін, Жуалы жүзін арамдардан, әділетсіз хайуандардан тазартсаң еді... Дүлейсің ғой, дүлейсің, Шақпақ желі!» (265-бет). Бұл ойталқыдан автордың көзқарасы, ұстаған жолы айқын көрінеді. Нағыз жазушы-суреткер ретінде автор сөз қолданыстарына аса салмақпен, пайыммен қарайды. Арамдардан, әділетсіз хайуандардан деген сөйлемнің бірыңғай мүшелерін келтіру арқылы ойын тереңдете түсіп, оқушысының көңілін аударуды көздейді. Мұндайда лексикалық бірлігін қайталау арқылы эмоциялық күш береді.

Көркем шығарма стилінде жалпыхалықтық сөздердің қолдану аясы әдеби тіл нормаларының әртүрлі сипатымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, көркемдік амал-тәсілдердің қызметімен өмірде бар я болуға тиісті құбылыс, көріністі адамның ішкі сезіміне әсер ететіндей сөздер мен сөз тіркестері арқылы беріп отырған.

Қорыта айтқанда, Ш.Мұртаза ойталқыны философиялық түйінді ойларды беруде, тұжырым жасап отыруда мол қолданылған. Ойталқыны қосымша пайдалану арқылы автор өзінің тұжырымды ойларын, дүние туралы, заман туралы, жақсылық пен жамандық, адамдық пен зұлымдық туралы ойларын ашық білдіріп отырған.

Әдебиеттер:

Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463 б.

Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. –196 б.

ӘОЖ

КЕЛ ЕТІСТІКТЕРІМЕН КЕЛЕТІН ФРАЗАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР

Қуанышбай А.Е. – 117-27 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байғұтова А. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются фразеологические сочетания, образованные при помощи глагола «приходи» (кел) в казахском языке.

Қазақ тілінен семантикасында «кеңістіктегі орын ауыстыру» (келу – бері, субъектіге қарай бағытталған қозғалыс) семасы барынша айқын көрінетін қолданысына Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінен көптеген мысалдар жинадық [1]. Олардың ішінде фразеологиялық тіркестер де көптеп кездеседі. Мысалы: *ажалы келді, дозақтан өтіп келгендей, басына пәле келді* т.б. Біз таза фразеологизмге айналып үлгермеген, бірақ еркін тіркеске де жатпайтын, сөздікке тұрақты қолданыстар ретінде енгізілген, біздіңше, фразалық тіркес деп тануға болатын мысалдарды жинақтап, оларды іштей алты топқа бөлдік.

Жетінші топта он бес томдық сөздіктен жиналған фразеологизмдер берілген. Олар фразалық тіркестерге жатпайды, алайда тілді оқыту барысында тіл үйренушінің қателеспеуі /шатастырмауы/ үшін зерттеу жұмысында мұндай тұрақты тіркестердің де қамтылғаны жөн деп санадық.

Жалпы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /7-том/ «кел»етістігінің 7 түрлі мағынасы түсіндірілген. Біріншісі «*Белгілі бір орыннан бері қарай жүру, бет алу, жақындау, жуу, жылжу»* дегенді білдіретін тура мағынасы.

Осыдан кейін сөздікте әр алуан дереккөздерден жиналған көптеген тіркестер алфавиттік реті бойынша және иллюстрациялық материалдарымен бірге ұсынылған. Біз оларды құрамындағы компоненттерінің семантикасына қарай жіктеп, былайша топтастыруды жөн санадық.

1) «Кел» етістігі мен есім сөздердің қатысуымен жасалған фразалық тіркестер

Біздіңше, аталмыш сөздіктен «кел» етістігінің фразалық тіркестер құрамында қолданылуына мынадай мысалдар келтіруге болады:

Айтқаны келді. *Дегені болды, айтқаны орындалды.* Алтын көбейсе, машина да көбейеді, – дейтін еді Алтынсары. Сол *айтқаны к е лд і.* Сонша мол алтын машинаны көбейтпей қоя ма! (С.Мұқанов, Аспаз).

Ақылға келді. *Жөнге келді, сабасына түсті, өзіне өзі келді.* Адамдық емес мұның, *А қ ы л ғ а к е л* (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Аз отырып, көз жұмып, *А қ ы л ы н а к е л д і* шал: Баласына сөз бұрып, «Жақында!» – деп ымдады (І.Жансүгіров, Өленд.).

2) «Кел» етістігінің қатысуымен жасалған алғыс мәнді фразалық тіркестер

«Кел» етістігінің бұйрық рай тұлғасында жұмсалып, алғыс мәнін білдіруі – қазақ тілінде тұрақтанған құбылыс. Мысалы:

Айтқаның келсін. а л ғ ы с. *Аузыңа май, дегенің болсын деген мағынада*. *– А й т қ а н ы ң к е л с і н,* қарағым! – деп, қариялар шуласа, жастар мен мектеп

балалары уралап, бүкіл төңіректі думанға бөлеп жіберді (С.Сейітқазин, Хадиша). – *А й т қ а н ы ң ы з к е л с і н,* Сәтеке, – деді төменнен кірпіш лақтырып тұрған жігіт (С.Нарымбетов, Тентек).

Қазіргі сөзжұмсамда жиі кездесетін мұндай қолданыстарды фразалық етістіктердің бір көрінісі ретінде тануға болады деп ойлаймыз. Себебі, бір жағынан, мұндай тіркес арқылы білдірілетін мағына мен оның құрамындағы компоненттерінің арасында семантикалық байланыс сақталған, екінші жағынан, оларды жүйесі басқа тілдерге сөзбе-сөз аударуға болмайды.

3) «Кел» етістігінің қатысуымен жасалған қарғыс мәнді фразалық тіркестер

Сондай-ақ **«кел»** сөзінің **«-ғыр/-гір»** формасымен келіп, қарғыс мәнін білдіруі де – қазақ тілінде әбден тұрақтанған құбылыс. Мысалы:

Ақшелек келгір. қ а р ғ ы с с ө з. *Түйе малына айтылады. А қ ш е л е к к е л г і р,* құба інген. Серттескен едің менімен (Қаз. ертегі.).

Қарасан келгір! қ а р ғ ы с с ө з. *Сиырға айтылатын қарасанмен ауыр деген мағынадағы қарғыс*. Өк, құрып кеткір! *Қ а р а с а н к е л г і р*, қышынба! Сәйгелді ме алып тұрған қысымға? Дәл басып тұр тұяғынды аудармай, Балығыңның төбесінің тұсына (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қазіргі сөзжұмсамда сирек кездесетін мұндай қолданыстарды да фразалық етістіктердің бір түрі деп тануға болады деп ойлаймыз. Себебі, бір жағынан, олардың жалпылама беретін мағынасы құрамындағы компоненттерінің семантикасынан мүлдем алшақтап кетпегендігін былай қойғанда, екінші жағынан, оларды жүйесі басқа тілдерге сөзбе-сөз аудару тіпті де мүмкін емес.

4) «Кел» сөзінің толық мағыналы етістіктермен тіркесуі арқылы жасалған тұрақты қолданыстар

Күрделі етістіктер моделімен (толық мағыналы етістік + көмекші етістік) жасалған, қазіргі тілдік ұжымда тұрақты жұмсалатын мұндай қолданыстарды да қазақ тіліндегі фразаланған тіркестер қатарына қосуға болады деп ойлаймыз.

Барып [шауып] кел. *Әркімнің жұмсауында бір жүретін адам, «атқа жеңіл телпекпай».* Күзетші деген атпен алып ақша, Мәз еді жүргеніне *«б а р ы п к е л»* боп (Ғ. Игенсартов, Тың дала). Құдалар тағы да ақша қосып *«ш а у ып к е л д і»* ұсынып еді, аналар мұны да мірсе тұтпады. Екі жақ сөзбен қақтығысып қалды («Лен. жас»).

5) «Кел» сөзінің қатысуымен жасалған, диалектілік сипаттағы тұрақты қолданыстар

«Кел» сөзінің қатысуымен жасалған, белгілі бір аймақта ғана қолданылатын, әдеби тілдің сөздік қорына енбеген тұрақты қолданыстарға мынадай мысалдар келтіруге болады:

Ашасынан келді. ж е р г і л і к т і с ө з қ о л д а н ы с. *Санынан келді*. Жол бойында *а ш а с ы н а н к е л е т і н* шалшық суға түсіп кетіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Асқардан келді. ж е р г і л і к т і с ө з қ о л д а н ы с. *Ойламаған, күтпеген жерден келді*. Ол мұнда қазір *а с қ а р д а н к е л і п* қалып отыр ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Мұндай тілдік бірліктерді де қазақ тіліндегі фразаланған тіркестерге жатқызуға болатын сияқты.

6) «Кел» етістігінің көнерген сөздермен тіркесуі арқылы жасалған, архаикалық сипаттағы тұрақты қолданыстар

«Кел» етістігінің архаизмдермен және этнографизмдермен тіркесуі арқылы жасалған тұрақты қолданыстарға мынадай мысалдар келтіруге болады:

Шәргез келді. *Қарсы болды, қарсыласты.* Шал қуанды тиген соң ерік өзіне. Төбесінен тік тұрып қылды қызмет, Титтей *ш ә р г е з к е л м е й д і* мінезіне (Абай, Тол жин.).

7) «Кел» етістігінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер (тұрақты тіркестер)

«Кел» етістігінің фразеологизмдер құрамында қолданылуына қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінен мынадай тілдік материал жиналды:

Ақтан келді. д і н и. *Аян берді.* Баба түкті шашты Әзіз *а қ т а н к е л і п*, Қозыке мен Баяннның атын қойды (Қозы Көрпеш-Баян сұлу).

Дәулеті басына келді. *Бағы басына қонды*. Түсім бе деп қорқамын, Рас па, қалқам, көргенім, *Б а с ы м а к е л д і д ә у л е т і м*, Патшалық сәулетім (Мұңлық-Зарлық.).

Сонымен, қазақ тіліндегі семантикасында «**кеңістіктегі орын ауыстыру»** семасы бар «**кел»** етістігінің фразалық етістіктер құрамындағы қолданысына Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінен жиналған мысалдарға талдау жасауға талаптандық. Бір ғана «кел» етістігімен келетін фразалық етістіктер санының көптігі қазақ тілінде бұл феноменнің айрықша орын алатынын көрсетеді.

Әдебиеттер:

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі : 15 томдық ; [құраст.: Ғ. Қалиев [ж. б.] ; жауапты шығ.: О. Жұбаева, А. Үдербаев ; жалпы ред. басқ.: А. Ысқақов, Н. Уәли]. - Алматы : Арыс, 2006 .

ӘОЖ 821.512.122

ТӘУЕЛДІК МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕТІН -НІКІ, -ДІКІ, -ТІКІ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ СИПАТЫ, ҚЫЗМЕТІ

Серікбай Н.Д. – 117-27 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Танабаев Ғ.Ө. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются характеристика и функции суффиксов -нікі, -дікі, -тікі, обозначающих зависимые значения.

Талай ғалымдар тәуелділік қатынасты білдіретін формаларды қарастырып, қажеттігін дәлелдеп пікірлер білдіреді. Мысалы, Г.Әбуқанов өз еңбегінде осы мәселені айқындайды. Қазақ тілінде тәуелділік категориясы әртүрлі тәсіл арқылы жасалады, олардың ішінде күрделі

тәуелдік жұрнағы арқылы *(нікі)* фонетикалық варианттары *(дікі, тікі).* Мысалы: Ол мақала *кім + дікі?* «Сананың» сол кездегі *редакциясы + нікі.*
Қазан төңкерісіне дейінгі түркі тілдерінің грамматикаларында кейбір авторлар орыс тілінің үлгісі бойынша өздік есімдіктерді жалғауларымен бірге тәуелдік есімдіктері деп тануы *-нікі, - дікі, -тікі* жұрнақтарының генезисі туралы ерекше көңіл аударды, бұндай пікірдің негізсіз екендігін байқаймыз.

Түркітанушылардың көпшілігінің пікірі бойынша бұл жалғау тарихына байланысты ілік септігінін *-ның* (фонетикалық варианттар *-нің, -дың /-дің, -тың/тің)* және сын есім тудыратын - *қы //-кі* жұрнақтарының бірігуінен пайда болған күрделі қосымша деген пікірін дұрыс деп санаймыз. Осы жерде И.А. Батмановтың пікірін айтып кеткен жөн. Современный аффикс *-ныкы* (*-нікі), -дыкы (дікі), -тыкы, (тікі)* является стяжением *-ның и -кы,* что доказывается двумя обстоятельствами:
1) сохранением глухого *қ /к/* между гласными, что подтверждает тот факт, что перед *қ /к/* совсем недавно был согласный, иначе был бы звонкий *г/г/;*
2) наличием в турецком языке форманта *ніңкі* (каз. *ныкы),* представляющего собой «сочетание формы родительного падежа *-пің* с аффиксом *-кі* (-его) *опиңкі kitab* книга, *bizim kitab* - наша книга; во втором примере *«bizim»* есть форма родительного падежа от *«biz»* [1, с. 122].
Сондықтан бұл күрделі-тәуелдік жалғаулары грамматикалық терминге ие болады, өйткені бір заттың екінші затқа меншіктілігін предикат аспектісінде білдіреді.

Осы күнгі зерттеулерге қарағанда, *-нікі, -дікі* жұрнақты сөздер морфологиялық жағынан өзгермейтін тәрізді. Ал зерттей келгенімізде ондай жұрнақты сөздер жіктеліп те, көптеліп те, септеліп те және тәуелденіп те жұмсалатынын тілдік фактілер дәлелдейді. Мысалы: Таң атты. *Жүрегім* бір жамандықты сезді. Жүгіріп Шайхан *қайынымдікіне* бардым (Т. Байтұрсын).

Мені ешқайда бұрылтпастан католешкеге апарып жапты. Кішкенеден кейін қасыма Дәркен деген қара келіншекті алып келді. *Ақтоғайдікі* екен (Т. Б.).
-нікі, -дікі жұрнақты сөздердің осы сияқты өзгерістері олардың сөйлемде тек баяндауыш ғана емес, басқа да сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалатынын байқатады. *-нікі, -дікі* жұрнақты сөздер бастауыш қызметінде таза күйінде өзінің бастауышымен іргелес те, алшақ тұрып та байланыса береді. Ондай кезде *-нікі, -дікі* жұрнақтың сөздері жекеше, көпше жақтарында жұмсала береді.
Дегенмен, тәуелдік жалғауының затқа немесе заттық ұғымға жалғануы сөзге грамматикалық тәуелдік мағына үстеудің бірден-бір жолы емес. Тәуелдік мағына тудырудың басқа да жолдары бар. Мысалы: *-лық, -лік (-дық, -дік, -тык, -тік)* жұрнағы арқылы да тәуелдік мағынаны білдіруге болады. Мәселен, *алматылық, қарағандылық, шымкенттік, аудандық,*

облыстық деген сөздердің құрамындағы *-лық, -дық, -тік* жұрнақтары жаңадан туынды лексикалық единица жасап тұрған жоқ. Олардың түбір сөзге үстеп тұрған мағынасы тек тәуелдік мәнді таза грамматикалық ұғым [2,71-б.].

Ол жылдары «Томар» мен «Қараағаш» колхоздары Төмірші ауыл Советіне қарайтын. Сондықтан *томарлықтар мен қараағаштықтар* «Совет» ауылының балаларын бөлектейтін (Т. Байтұрсын).

Е.Мергенбаевтың тағы бір пікірі: бұлар туынды зат есім, туынды сын есім тудырушы омоним сөзжасам жұрнақ. Бірақ соған қарамай, оның тұлғажасам қосымша дәрежесінде қолданылатын реттері бар. Мысалы: тәуелдік жалғаулы есімдіктердің құрамында *өзіміздік* (өзіміз+дік), *мендік* (мен+дік) [3,25-б.].

Ашаршылықтан арып-ашқан елдің басын біріктіріп, колхоз ұйымдастырған, егін егіп, мал басын өсіруге *өзіндік* үлесін қосқан Шаяғзам ақсақалдың жазығы не? (Т.Байтұрсын). Ғалымдардың пікірінше, тәуелдік мағынаның бұл секілді жолмен пайда болуының жөні басқа. Біздің бұларға айрықша тоқталып жатпауымыздың себебі мынада. Осындағы *-лық* жұрнағын алсақ та, *дікі*-ні алсақ та мұның екеуі де өзінің қызметі жағынан сөзді құбылтушы қосымша болып табылмайды, сөзден сөз тудырушы қосымша болып табылады.

Бұл тәрізді қосымшалардың қызметін арнайы сөз ету, дұрыс деп ойлаймыз. *-нікі, -дікі, -тікі* жалғаулы сөздердің осы сияқты өзгерістерін, сөз тудыру жүйесін, олардың сөйлемнің тек баяндауышы ғана емес, басқа сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалатынын байқадық. Сөйлемді тиянақтауда бұл қосымшалар зат есімді, сын есімді, сан есімді, есімдікті және құрама баяндауыш түрінде әртүрлі деңгейде қолданылады.

Әдебиеттер:

1 Батманов И.А. Источник формирования тюркских языков Южной Сибири и Средней Азии. – Москва, 1965.

Исаев, С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамаматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 144 б.

Мергенбаев, Е. Қазақ тіліндегі сөз өзгерім жүйесі. – Алматы: Санат, 1994.-127

ӘОЖ

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Ташай М.Б. – 121-17 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Танабаев Ғ.Ө. – ф.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

This article discusses the works devoted to the study of legal terms in the Kazakh language.

Кейінгі жылдары қазақ тілі мамандары ғылымның жеке-жеке салалары бойынша терминдерді зерттеп, олардың теориялық және практикалық жақтарына талдаулар жүргізуде.

«Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша жасалған заң атауларының сөздіктері барған сайын баспа беттерінен жарық көріне бастады.

Соның бірі 1996 жылы «Жеті жарғы» баспасынан А.Ибраеваның «Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» жарық көрді. Сөздіктің мазмұнынан бүгінгі таңда қолданылып жүрген қазақша-орысша оқулықтар, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да шығып жатқан заң туралы әдебиеттердегі заңдық аталымдар (терминдер) толық қамтылғандығын көреміз, сөздік екі бөлімнен тұрады.

«Мемлекет және құқық теориясы» пәні бойынша аса маңызды деп саналатын заңдық ұғымдарға қысқаша анықтама-түсінік беріліп отырылды. Мысалы: аналогия – ұқсастық, аренда – жалдау, жалға алу, вариант – нұсқа, вотум – тоқтам, гипотеза – жорамал, гносиология – түп-тұқиян ілімі [1, 4-б.].

Заң ғылымының докторы, профессор С.Байсаловтың басшылығымен 1986 жылы «Қазақстан» баспасынан «Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі» жарық көрді. Сөздік юстиция, сот, прокуратура қызметкерлерінің практикалық жұмыста қолдануына, сондай-ақ, құқықты оқып-үйренетін жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарының студенттеріне, мектеп пен кәсіптік-техникалық училище оқушыларына, көпшілік оқырмандарға арналып жазылған. Сөздікте көптеген құқықтық ұғымдар толық қамтылған. Заң терминдерін түсіндіру қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендіріліп, соларда бар анықтамаларға негізделіп берілген. Сондай-ақ, сөздікте көптеген құқықтық ұғымдар қамтылады. Оларға жан-жақты түсінік беріледі. Мысалы: алиби – қылмыс жасалған кезде айыпкердің ол жерде болмай, басқа бір жерде болуы, оның қылмысқа қатысы жоқтығының дәлелі. Қызмет бабындағы қылмыс (должностное преступление) – өкімет орнын немесе қызмет бабын пайдаланып қиянат жасау, лауазымды адамның әрекетсіздігі немесе салақтығы, пара алу, парақорлыққа делдал болу, пара беру, қызмет жөніндегі подлог, өкіметтің беделін түсіру.

1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан Қайрат Сапарғалиевтің «Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі» жарық көрді.

Әрине, сөздік күнделікті қолданыстағы барлық құқықтық терминдерді қамти алмаған. Автор заңдарда, мемлекет органдарының қызметінде жиі қолданылатын құқықтық терминдерге түсінік берген. Мысалы: акцепт – шарт жасау туралы жауабы акцепт деп танылады. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс.

1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан Н.Дулатбековтың «Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі» жарық көрді. Сөздікте қолданылуы қиындық келтіріп жүрген бірсыпыра заң терминдеріне екі тілде түсінік берілген. Бұл сөздіктің студенттер,

заңгерлерге тигізер пайдасы зор. Сөздіктің басты ерекшелігі – ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі, қазақша баламаларының басымдылығы, сондай-ақ жаңа қалыптасып келе жатқан терминдердің енгізілуі құптарлық жай. Мысалы: *акционер, арбитр, азаматтық даугер, бетесеп, жеке есеп (лицевой счет), бизнес мектеп (бизнес школа), болжам (версия), бопса (шантаж), борышқор (должник), борышкер (неплательщик), біртұтас билік (единоволастие), құнды қағаз (валюта), жаппай қыру (геноцид), қағаз ақша (банкнота), құқық (право), қылмыснама (криминология)* [2, 7-42-бб.]. Терминдерді екі сферада (қарастыратын, көрінетін жерлерін айтып отырмыз) кездестіреміз: осы уақытқа дейін жүйелі жинақталған сөздіктерде (салалық терминдердің жай сөздігі, түсіндірме сөздігі, аударма сөздігі т.б) және көрінетін жері (ғылыми мақалалар, монографикалық еңбектер т.б). Осы қорлар тіл мамндарының терминдер туралы зерттеулерінің негізгі материалдары болуға тиіс. Терминдер тұйық құбылыс емес дедік. Өйткені олар жалпы ұлттық әдеби тілдің бөлшегі ретінде жалпыхалықтық негізде дамиды, сол лексикаға өту арқылы оны байытады, грамматикалық механизмдерді де содан алады. Сондықтан тіл маманы терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпыхалықтық тілді еш уақытта естен шығармау керек, оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек. Мысалы, қазақ тілінде "*тетік*" деген сөз бар. Ол әрбір істің орнын тауып, оның дәл орындалу мүмкіншілігін тауып ("*көзін тауып*") орындалу деген мағынаны білдіреді ("*істің тетігін табу").* Қазіргі кезде осы сөз терминдік ұғымды да, жалпы лексикадағы көптеген мағыналарды да білдіреді. Терминдік ұғымда "*деталь"* мағынасындағы механика ғылымына ("*деталь машины")* қатысты ұғым атауы болса, жалпы мәнде көптеген микросемдерді білдіреді. Сондықтан осы сөздің көпмағыналылығына қарамай, дефициттік (жеке ұғымға теліну) қасиетін еске алу керек. Терминді түсіну, оны реттеу мәселесі де осы ерекшелік негізінде құрылуға тиісті.

Осыдан келіп терминдерді саналы түрде нормалау мәселесі туады. Ал нормалау деген мәселе кең мағынасында (терминдерді нормалауды айтып отырмын) бірқатар ғылымдарда қарастырылды: терминдерді лингвистикалық тұрғыдан нормалаумен бірге мазмұндық *нормалау* логикалық тұрғыдан нормалау сияқты жайларды еске алу қажет болады. Мәселен, мазмұндық жағынан нормалау дегенді терминнің мәні мен ол арқылы көрінетін дефинцияның дәлме-дәл сәйкестігі, термин мен ұғымның, шындық дүниедегі құбылыстың сәйкестігі деп түсіну керек. Ал логикалық норманы термин жүйесіндегі сөздердің ғылым мен техникалық ұғымдарды білдірудегі ұғымдардың иерархиялық жүйелерін дәл көрсетуі деп ұғынамыз [3, 5-б.]. Мысалы, заң терминологиясында *"сот процесі"* деген ұғым және оның атауы (термин) бар. Ол – лингвистикалық тұрғыдан тетік ұғым. Осы ұғымның құрамында осы ұғымды ашатын басқа да микроұғымдар бар: "*Жәбірленуші"* (человек который причинил какое-либо

урон другому человеку), *''жәбірленуші"* ("потерпевший"), *"күәгер", "қылмыс істеген жер" (*место совершения преступления)*, "қылмыс істеген орны", "халық соты", "заседательдер", "айыптаушы", "қорғаушы", "төте дәлелдеме", "жанама дәлелдеме" т.б.* Осы ұғымдарды білдіретін термин сөздерді ұғымдарға қатысы жағынан жүйелеп көрсетсек, әрқайсысы үлкен бір сатының (бұл арада сот процесі) әр баспалдағынан өз орындарын алар еді. Осы сияқты терминдердің ғылыми-техникалық ұғымдарды көрсетудегі даралаудан жинақтаушылық бағытын көрсететін иерархиялық баспалдақтарды ескеріп топтастыру оларды логикалық тұрғыдан нормалау болып табылады.

Ғылыми-техникалық ұғымдарды атаудың қажеттігінен осы күнде қазақ тілінде тұйық етістік формаларының *субстантивтеніп*, терминдік атауға айналу тенденциясы активтене түскен. Мысалы: *қарсылық білдіру, некені тіркеу, ақтау, тергеу, (заң терминдері) т.б.* осыны дәлелдейді. Бұрыннан бар көне жұрнақ *-ым, -ім* қосымшасының активтенуі де осы терминологиялық қажеттілікпен байланысты. Мысалы, *білім, қысым, өнім, сот шешімі, шешім, сөздік құрам* т.б.

Терминдер, терминдер жүйесі, жалпы терминология мәселесі тілдің лексикалық құрамындағы бүтін бір проблема ретінде көптен бері зерттелініп келгендігін дәлелдеді. Оларды зерттеп, құрастыруда тіл мамандары да, логиктер де, басқа да ғылым салаларының өкілдері біршама еңбектерін арнады.

Әдебиеттер:

1 Ерғазиева Н. И. Вопросы изучения официально-деловой речи. В кн: Преподавание русского языка в казахских группах вузов. – Алматы, 1974. Вып.7. – С. 3-22 .
2 Дулатбеков Н.О. Заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1995. – 49 б.
3 Әбдірахманов Ә. Бекітілген терминдер мен атаулар. – Алматы: «Қазақстан», 1986. – 150 б.

УДК 325896:56

COMMUNICATIVE LANGUAGE TEACHING

Saydakhmatova N. - Student of the group 1703-49
Research supervisor: Meiirbek N.K. - Master teacher
South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent
Department of English language

Түйін

Соңғы кезде шет тілдерін зерттеу саласында оқытуда «коммуникативтілік» және «коммуникативті тәсіл» ұғымдары ерекше танымал болды. Шетелдік әдістемелік әдебиеттерде бұл ұғым коммуникативті тілді оқыту немесе коммуникативті тәсіл деп белгіленеді. Кең мағынада бұл терминдер қарым-қатынас, сөйлеу серіктесімен өзара әрекеттесу процесі оқытудың құралы мен мақсаты болып табылатын шет тілін оқытудағы осындай тәсілді білдіреді. Оқытудағы бұл тәсіл өткен ғасырдың 70-80 жылдарында Еуропада да, АҚШ-та да көптеген тәуелсіз зерттеулер мен дамудың нәтижесінде пайда болды. Бір жағынан, бұл Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың

құрылуымен шетел тілдеріне деген сұраныс едәуір өсті, өйткені бұл әсіресе Еуропада болды.

Grammar has for many years been and is considered the most a difficult aspect in teaching a foreign language. Mastering grammar causes many difficulties, which are aggravated by grammatical rules and an infinite number of exceptions. The trend is growing negative attitudes of students towards grammar, which negatively affects their communicative competence. Also, the most difficult stage in the formation of a grammatical skill is the stage of its application in speech activity. In our opinion, it is very important to form foreign language communicative competence in teaching grammar English at the senior stage .

Foreign language communicative competence is one of the most important components of professional competence of modern specialist . Interpretation of the concept of "communicative competence" in scientific the literature is ambiguous, making it difficult to theoretical generalizations in this area. Many studies are devoted to the study of individual components of communicative competence, namely the studies of L. Bachman, M.V. Vyatyutny, R.P. Milrud, N. Chomsky.

For example, L. Bachman defines communicative competence as "Communicative and linguistic skill" and identifies such structural components as linguistic, discursive, colloquial, social linguistic, strategic and speech-thinking.

Analyzing the research of M.V. Vyatyutnev, we paid attention to that he gives such a definition of communicative competence:

Nowadays language teaching has acquired an applied character, while earlier it was comparatively abstract and theorized. The functions of the teacher in the educational process have changed significantly. The teacher-mentor, the teacher-dictator was replaced by the teacher-observer, teacher-mediator, teacher-"appeasement" and the leader [1: 3].

The first line in terms of popularity of techniques is actively held by the communicative approach, which, as its name implies, is aimed at the practice of communication. The communicative technique is focused specifically on the possibility of communication. Of the 4 "whales" that support any language training (reading, writing, speaking and listening), the latter two receive increased attention. The communicative method is designed, first of all, to remove the fear of communication. A person, armed with a standard set of grammatical constructions and a vocabulary of 600-1000 words, will easily find a common language in an unfamiliar country.

The goal is to teach student to speak a foreign language not only fluently, but also correctly. The rules, the meanings of new words are explained by the teacher with the help of vocabulary familiar to the student, grammatical constructions and expressions, with the help of gestures and facial expressions, drawings and other visual aids. Computers with CDs, Internet, TV programs, newspapers, magazines, etc. can also be used. All this contributes to the awakening of students' interest in the history, culture, traditions of the country of the studied language. In foreign language lessons, the teacher creates situations in which students communicate in pairs with

each other, in groups. This makes the lesson more varied. Working in a group, students demonstrate speech independence. They can help each other, successfully correct the statements of the interlocutors. In the classroom, the teacher takes on the functions of an organizer of communication, asks leading questions, draws attention to the original opinions of the participants, acts as an arbiter in the discussion of controversial issues.

The difference in communicativeness is that instead of teaching texts and dialogues specially tailored to the active vocabulary and the studied grammar, it uses imitation of real life situations as the main technique, which are played out in the classroom so as to cause students to maximize motivation to speak. So, instead of endlessly chewing typical phrases from the textbook: “Ich heiße Iwan. Ich lebe in Moskau. Ich bin Student ", etc., students studying the topic" Acquaintance "actually begin to actively get acquainted and discuss issues of interest to them. In this method, the selection of speech speaking skills is clearly traced, and exercises are proposed for their sequential formation. All this, in turn, gives grounds to assert that the communicative method of teaching speaking by E.I. Passova represents an activity type of teaching foreign languages. [07.01, 00:41] Iroda: When organizing the work on the formation of communicative and grammatical skills, we consider it necessary to adhere to the following recommendations:

Grammatical phenomena should not be studied separately taken forms and structures, but as a means of expressing certain thoughts, relationships, communicative intentions.

Thus, communication-oriented tasks for working out grammatical rules arouse the interest of students and attract them to actively participate in their implementation. An entertaining topic of an assignment, a discussion of an important problem or an educational game form the internal motivation of students.B as a result of using communication-oriented tasks, students master methods of practical actions with grammatical material and integrate it into speech in the form of asking questions, explanations, in stories, expressing thoughts, expressing ideas. These techniques greatly contribute to the solution of educational problems. Communication-oriented teaching of grammar allows you to increase motivation, expands the expressive possibilities of speech and gives naturalness to the statements of students in a learning environment.

All qualities of grammatical skill, thanks to the use of the presented set of communicative exercises, are formed consistently, firmly and thus have a sufficient degree of formation for solving communicative problems in a foreign language, i.e. for the practical use of a foreign language.

LIST OF LITERARY SOURCES:

1. Konysheva, A.V. English language. Modern methods learning. / A.V. Konysheva - Minsk: TetraSystems, 2007 .-- 352p.

2. Krasilnikova, E.V. Foreign language communicative competence in studies of domestic and foreign scientists [Electronic resource]. Access mode: http: //vestnik/yspu/org/releases/2009_19/41.pdf Accessed: 20.09.2013.

3. Milrud, R.P. Modern conceptual principles of communicative teaching in foreign languages / R.P. Milrud, I.R. Maximova // Foreign languages at school. - 2000. - No. 4. - P.9-15; No. 5 - P.17-22
4. Passov, E.I. A communicative method of teaching foreign language speaking: A guide for teachers of foreign languages. 1 E.I. Passov. M .: Education, 1995 .-- 208s.
5. Curriculum for institutions of general secondary education with the Russian language of instruction. Foreign languages (English, German, French, Spanish, Chinese). III-XI classes. Approved by the Ministry of Education of the Republic of Belarus. - Minsk: National Institute of Education, 2012. - 132p.
6.Bagramova N.V. Communicative-interactive approach as a way to improve mastery of a foreign language //
7. Materials of the XXXI All-Russian Scientific and Methodological Conference of Teachers and Postgraduates. M., 2002. C. 3-6.

УДК 125896:12

THE ROLE OF DRAMA IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING

Shakirova M.B. - Student of the group 119-37
Research supervisor: Duisenova M.M. - PhD, senior teacher
South Kazakhstan state pedagogical university, Shymkent

Резюме

Бұл мақаланың мақсаты - драмалық әрекеттің білім берудегі, әсіресе тілді оқытудағы рөлін зерттеу. Бұл курстың құрылымын және сыныптағы жұмыс тәртібін сипаттай отырып, тілдік сыныпта драматургияны қолдануға арналған жағдайлық зерттеу. Драма - оқытудың шығармашылық түрі. Сондықтан студенттерді ынтымақтастыққа, процеске бағдарланған және әлеммен байланысты театрландырылған қойылымдарға тарту тіл мұғалімдері үшін ең күрделі міндеттердің бірі болып табылады.

Drama is a creative form of learning. Involving students in cooperative, process-oriented and at the same time peace-related drama activities, is therefore one of the most challenging tasks for the language teachers. As drama methods have not often been included in teacher training so far, it is of great importance that in-service training institutions offer workshops or even a real training course on the use of drama techniques in language teaching.

Theatre is an important part of many people‘s lives, bringing the gifts of entertainment and story sharing to people around the world. Theatre has different forms in different cultures for example, Turkish shadow puppets, Chinese opera, Greek tragedy and comedy, traditional African storytelling and drumming, and fully staged shows and performances. No matter the style of theatre, performances have the potential to create magical and unforgettable moments for their audiences. The term drama in education‘ refers to using theatre for a purpose beyond entertaining an audience. Television drama, radio plays, mass media campaigns, comic books, and other imaginative offerings have been used around the world to convey information and influence behavior. Audience members often relate to characters on stage or in the radio or television drama are motivated to participate in interactive opportunities.

Method of study

The one-year course we have started was to process drama methods in the teaching of English as a Foreign Language. As we mentioned above it required

enthusiasm and a willingness –to take risks on the part of the students and the teacher. A risk that was gladly taken by almost 26 students from all the faculties of our university was to their own and their students‘ benefit. They were from different faculties and from different age groups. We altogether successfully staged our play and reached our purposes. Our main aims and objectives were:

To promote the use of drama as a teaching method in foreign language teaching

To integrate drama into the foreign language lesson

To attract less sociable and asocial students to work together

To improve communicative skills through drama

To integrate drama into the teaching of cultural studies, literature, etc.

To promote the use of drama in communication skills, personality training, social learning, reflective skills, observation skills, aesthetic understanding, creativity, tolerance and acceptance, self-confidence.

The students who are studying English as a foreign language are of course different. Because some students do not need to speak English in their daily lives, their motivation to learn it is more theoretical. Some of them know that knowledge of English, because it is becoming a global language, may help them in their chosen professions when they finish university. This kind of students have good listening comprehension and are very good with grammar, but their motivation in studying English is mostly to make good marks on their exams. If we ask them to speak, only a few in each class is eager to do so. It is sure that after some time from exam, what they have learned vanish from their minds. There are some reasons of this kind of behavior. One of the reasons is lacking self-confidence, shy and having no practical experiences. They are shy about their accents, and afraid of making mistakes in public.

So we, teachers of English as a foreign language, face with two problems. The first problem is how to get students to actually speak English and not just memorize grammar rules to make good marks on exams. The second is to help them speak more clearly by slightly reducing their accents if clarity seems to be a problem. So drama method is where both of these can be solved together.

This method of teaching students to speak a foreign language was of course Drama. Using drama in the classroom is valuable. It develops students reading comprehension, vocabulary building, and most important, in using language to negotiate in real situations.

They must follow following instructions: 1. Read and comprehend the text. 2. Use a dictionary to learn the words that they do not understand. Before memorizing the text they should comprehend their character and understand each word of its speech. They can even express it in their own language for the first time for better comprehension. When they read their parts in class, or better still when they learn to speak their parts from memory, the teacher can listen and make notes to help them correct their pronunciation later, remembering that clarity is what is important at this stage. Finally, when the students act their parts and invest the dialogue with feeling, they will remember the words and phrases far better than they would if only

preparing for an exam, and will be able to use these phrases as tools in real life situations.

The word –Drama is Greek word which means to do‘ or to act‘, that is to say to take action. The duty of actors in a theatrical production is to take the actions that the characters take in the story. Acting is a form of communication, and communication is the transmission of information from sender to receiver, who for our purposes now is actor and audience.

When students are assigned to play the parts of the characters in a play, they should be asked to decide why their characters are saying each line of dialogue, i.e. what they want at that moment, and what their characters are doing by saying those words. They should describe their actions in terms of verbs. Not only will the students vocabulary of verbs increase, but also each entire phrase will come to life as the student speaks it as an action, and will more effectively enter the student‘s memory for later use in other situations and will be visual experience for other students.

Finally we want to note that being Student Based Learning, Drama is successful method in teaching language, literature and culture. It is much more effective learning tool than simply listening to a lecture. It seems to us that students playing the roles of other characters in other cultures will not only learn language more effectively, but will also learn why we want to communicate with each other.

References

Akimov. H. : Театральное наследие. Баку, 1987

Almond, Mark: Teaching English with Drama. How to use drama and plays when teaching – for the professionalEnglish language teacher. London: Modern English Publishing 2005.

Andersen, Marianne Miami: Theatersport und Improtheater. Planegg: Buschfunk Verlag 1996.

Anderson, Jason: Teamwork. Interactive tasks to get students talking. Addlestone: Delta 2004.

Atkins, Greg: improv! A handbook for the actor. Portsmouth: Heinemann 1994.

Bacová, Daniela & Phillips, Tim (eds): As If… Drama-based lesson plans for English language teaching.Bratislava: The British Council 1999.

Berlin C., Hornbeck K.: Theatre-Based Techniques for Youth Peer Education Training Manual. Y-PEER, 2010 Benathan, Joss: Developing Drama Skills 11 – 14. Oxford: Heinemann Educational 2000.

Bernardi, Philip: Improvisation Starters. A collection of 900 improvisation situations for the theater. Cincinnati,Ohio: Betterway Books 1992.

Berry, Kathleen S.: Acting against the Grain. The Dramatic Arts and Cultural Studies. New York and London: RoutledgeFalmer 2000.

Blank, Carla & Roberts, Jody: Live on Stage. Performing Arts for Middle School. Teacher resource book. PaloAlto, Ca.: Dale Seymour 1997.

Boal, Augusto: Games for Actors and Non-Actors. London and New York: Routledge 1992.

Boal, Augusto: The Rainbow of Desire. The Boal method of theatre and therapy. London and New York: Routledge 1994.

Bolton, Gavin M.: Acting in Classroom Drama. A critical analysis. Portland, Maine: Calendar Islands Publishers 1999.

Burke, A. and O‘Sullivan, J.: Stage by Stage: A Handbook for Using Drama in the Second Language Classroom

Kao, Shin-Mei & O‘Neill, Cecily: Words into Worlds. Learning a second language through process drama. Stamford, CT: Ablesh Publishing 1998.

McCaslin, Nellie: Creative Drama in the Classroom. Studio City, Ca.: Players Press 1990.

O‘Neill, Cecily: Drama Worlds. A framework for process drama. Portsmouth, NH: Heinemann 1995. O'Neill, C. and Kao, Sh.: –Words Into Worlds: Learning a Second Language

ӘӨЖ

ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мынбаева А., Нәлжігіт А., Алдабергенова Э

Summary

Historical poems are one of the branches of Kazakh folk poetry. Folk poems describe various events experienced by the Kazakh people, experienced sorrows, cherished dreams that take place in this society. How many events have occurred in the country, in the country during the implementation of the colonization policy of Russia. Such knowledge and concepts, first of all, found their expression in small poems, legends and tales of peoples rich in poetry, through the art of the word. Hence the special function of historical poems can be traced. The article deals with the study of historical poems.

Қазақ халық поэзиясының бір саласы ретінде тарихи өлеңдер XX ғасырдың 20 жылдарынан кейін сөз болып, оған қатысты біршама пікірлер мен жүйелеулер пайда болды. Оның басты дәлелі А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде, М.О.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) еңбектерінде ауыз әдебиетінің тектері мен түрлеріне қатысты, тарихи кезеңдер шындығын жырлаудағы халық поэзиясының рухани күш-қуаты тұрғысында бағаланады. Осы зерттеу еңбектерде лириканың тектері мен түрлеріне, кезеңдерге бөлінуі, фольклорлық жырлар мен тарихи жырлардың арасындағы байланыс пен шектік мәселелері қарастырылды.

Кейін XX ғасырдың орта шенінде және онан кейінгі кезеңдерде тарихи өлеңдерге қатысты пікірлер зерттеушілердің басты назарында болды, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Мәселен Ә.Х.Марғұланның эпосқа қатысты еңбегі (1946), Н.С.Смирнованың XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі эпикалық және тарихилық мәселелеріне (1948; 1949; 1951) байланысты зерттеулері мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көп томдықтың алғашқы томында (1948) сөз бола бастады. Бұл еңбектерде де тарихи өлеңдер мен тарихи жырлар арасы толық ашылмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең кішігірім үлгілері» деген атау қалыптастырды. Бұл аталып отырғандар, еңбектегі талданғандар шын мәнінде тарихи өлеңдер болатын. Кейін пайда болған тарихи жырларға қатысты Б.Кенжебаевтың еңбегі 1916 жылғы көтеріліс жырларына арналды. Осы тақырыпта Х.Ищановтың «1916 жыл және халық поэзиясы» еңбегі жарық көрді. Сөйтіп, тарихи өлеңдер туралы тарихи жырлармен қоса ғылыми тексерулер ісі басталды. Тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде туғандары туралы бұл кезеңдерде жинақтау ісі болса да, ғылыми тұрғыдан талдаулар шолу түрінде айтылған ой-пікірлермен шектеледі. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының алғашқы томы ауыз әдебиетіне арналып, мұнда XVIII ғасырдан бастап, тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың өткендегі тарихи оқиғаларды шын мәнінде жеткізе алатындығы айтылды. Кітапта XIX ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлеңдер жөнінде түсініктер беріліп, біршама ғылыми салмақты пікірлер айтылғанын білеміз.

Тарихи өлеңдерге қатысты ғылыми зерттеудің жаңаша бағыт-бағдар алуы өткен ғасырдың екінші жартысында белең алды деуге болады. Мысалы, 1962 жылы М.Жармұхамедовтің «1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ халық поэзиясы» атты кандидаттық диссертациясы қорғалса, 1968 жылы орыс тілінде «Қазақ әдебиет тарихының» көп томдығының бірінші томы жарық көріп, онда қазақ фольклорының XVIII-XIX ғғ. тарихи шығармаларға арналған бөлімді С.Қасқабасов пен Е.Тұрсынов жазса, XX ғасырға арналған бөлімді Е.Ысмайылов жазады. Қазақтың тарихи жырлары мен аталған ғасырларға қатысты мұнда да бағалы пікірлер айтылған еді. Осы жылдардағы М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) атты

монографиясының жарық көруі, диссертациялық еңбегінің қаралуы да көне мұраны жаңғыртып, жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпал етті деуге болады. Бұл еңбектер толыққанды зерттелген тарихи жырлардың түрлері мен туындауына себеп болған оқиғаларға қатысты екені айтылды.

Тарихи өлеңдерге қатысты арнайы мақала белгілі ғалым Б.Уахатов тарапынан жазылған. Ғалым өзінің «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық еңбегінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнайды. Автор тарихи өлеңдердің бастаулары тым ерте дәуірлерде жатқанын айтып, еңбекте XVIII-XIX ғасырлардағы оқиғаларға қатысты туған тарихи өлеңдерге кеңірек орын берілген. Жанрлық сипатына байланысты тұжырымдамалар жасап, тарихи өлеңдер дербес жанр бола алатындығына тоқталады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың былай тұжырым жасауы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады.

Арада бес жыл өткеннен кейін, қазақтың тарихи жырларына арналған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық монографиялық еңбегі жарық көреді. Тарихи жырлар мен тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық табиғатын, тарихи негіздерін ашуда бұл еңбек өз кезінде лайықты бағасын алған еді. Монографияда қазақ тарихи жырлары үшке жіктеледі: а) XVIII ғасырдағы тарихи жырлар; ә) XIX ғасырдағы тарихи жырлар; б) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлең-жырлар. Еңбекке басшылық жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚҰҒА академигі Р.Бердібай мақаласында да тарихи жырлар мен тарихи өлеңдерге қатысты мәселелер айтылып, ғылыми зерттеу мәселесіндегі кешеуілдеудің себеп-салдарына тоқталады. Бұдан кейін қазақ фольклортану ғылымына үлес қосып келе жатқан белгілі ғалым С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің циклденуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндіріледі.

Бұдан кейінгі фольклортанушы ғалым Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. Монографиялық еңбектегі XVIII ғасырдағы және XIX ғасырдағы тарихи жырларға қатысты жазылған мақала авторлары, тарихи жырлардың шығу тегі мен дамуына шағын көлемді тарихи өлеңдердің ықпал еткендігін үнемі назарда ұстап отырған. Сондай-ақ, сол тұстағы өмір сүрген, халық басынан кешкен ауыртпалықты көзімен көрген ақын-жыраулар мұрасында тілге тиек етіп, талдау барысында орынды қолданады. Еңбекте тарихи өлеңдерге тікелей қатысы бар, жоғарыдағы аталған Б.Уахатов еңбегіндегі «Тарихи өлеңдер» тарауы сол қалпында жарияланған. Екіншіден, 1916 жылғы оқиғаларға қатысты М.Жармұхамедов еңбегінде сол кезеңге қатысты тарихи өлеңдердің көптеген үлгілері талданып, оның тарихи оқиғаға қатыстылығы сараланған. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді. 1993 жылы «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов еңбегінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтерілді. Өзінің «Тарихи жырлар тағылымы» (1997), «Тарихи эпос табиғаты» (1999) атты еңбектерінде тарихи өлең жанры турасында құнды тұжырымдамалар жасалды.

2000 жылы Б.С.Рахымов «Тарихи жырлардың поэтикасы» жөніндегі еңбегінде тарихи эпостың батырлық жырлардан айырмашылығы, нақты жанрлық тұрғыдан алғанда онда

жалпыхалықтық, мемлекеттік мәселелердің көтерілетіндігін атап көрсетті. Тарихи жырлардың нақ бастауы қазақ елінің дербестік алып, жеке хандық дәуірі кезеңінен басталатындығы дәлелденді. Бұрынғы XVIII ғасырдан басталады деп жүрген тұжырым қайта қаралып, тарихи жырларды үш ғасырға тереңдетті. Өзінің ғылыми түйіндеулері мен тұжырымдарын дәлелдеуде көбіне тарихи өлеңдерді негіз етіп алып отырғанын білдік. Сөйтіп, тарихи өлең мен тарихи жырлар жөніндегі тексеру ісі мен зерттеу мәселесі қалыпты жолға түсе бастады. Солай дей тұрсақ та, қазақтың тарихи өлеңдері табиғаты толық ашылмай, жанрлық сыр-сипаты, көркемдік ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етіп келді. Аталған ізденістерді негізге ала отырып, тарихи өлеңдердегі аталған келелі мәселелерді біліміміз жеткенше ашып, ғылыми тұрғыдан зерделеуді диссертациялық жұмыста негізгі тірек еттік.

Өкінішке қарай көбіне ауызша айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа суырыпсалма дәстүрі негізінде ауыздан-ауызға көшіп тарағандықтан, көне дәуірлерге қатысты өлең-жырлар ұмытылып қалған. Бұған бертіндегі жазу-сызу өнері орныққан кезеңдегі түрлі идеологиялардың қырсығын тигізіп, тарих теңізіне тереңдеуге де мүмкіндік бермегенін айтпасқа тағы болмайды. Пікіріміздің негізсіз еместігін қазақ өлеңдеріне қатысты құнды зерттеу жүргізген ғалым Б.Уахатов нақтылай түседі. Ғалым пікіріне сүйенсек: «... қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалар көп. Бірақ, соның барлығы бірдей бір ауыз әдебиетінде сақталып қалмаған. Тек кейінгі бір-екі ғасырда туған тарихи аңыз-әңгімелер мен өлеңдер болмаса, арғы көне дәуірлердің нақтылы деректеріне құрылған жыр үлгілері жоқтың қасы. Соның ішінде тарихи ұсақ жырлар, яғни бір кездегі Қорқыт, Еділ-Жайық туралы, Шыңғыс ханның қаһарлы жорығы, Ақсақ құлан, Жошы хан туралы өлеңдер өте аз қалған» [1, 64-65 бб.], - дейді. Халық поэзиясының дер кезінде хатқа түспеуінен көп қазыналар ұмытылып, кей үлгілерінің түрлі өңдеулерден өтіп отырғаны баршаға мәлім. Ендеше, тарихи өлеңдер халық поэзиясының бір саласы болғандықтан мұндай әрекетті айналып өтуі мүмкін емес еді. Сайып келгенде, бұл – фольклорға тән ортақ құбылыс. Ғалым М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», - дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық өткен тарихи оқиғадан туады» [1, 140 б.], - деуінің қисынды айтылғандығын көреміз. Демек, тарихи өлеңдердің пайда болу мәселелері тым ерте дәуірлерге байланысты екен. Қазақтың тарихи жырларының қалыптасуына тарихи өлеңдердің әсер-ықпалы бар екенін айтып, арнайы көңіл бөлген академик С.Қасқабасовтың төмендегі пікірі де соның дәлелі болып табылады. «Тарихи өлеңдер қоғам өмірінің әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи өлеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоньюкук т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [1, 28 б.]. Ал бізде тарихи өлеңдер XVIII ғасырдан басталады деген пікір қалыптасқан. Кейінгі көне түркі дәуірлеріне байланысты еңбектерден шын мәнінде тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде қалыптасқанын аңғаруға болатындай. Бұл мәселеде фольклортанушы ғалым, академик Р.Бердібаевтің: «Әзірше зерттеушілеріміз тарихи өлеңді арнайы жүйелеп, толық қамтып тексеруге жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ. Түбінде тарихи өлеңнің өз іздеушісі туса, оның хронологиялық кезегінде, аумағы да анағұрлым айқындала түсетіндігі кәміл. Кейбір фольклоршылардың тарихи өлеңді белгілі оқиғалар негізінде құрылған көлемді жырлармен бір топта қарап келгендігі де, бұлардың жанрлық жігіне жете мән беріле қоймағандықтан» [2, 185 б.], - деуінің дәлелді айтылғаны назар аударарлық. Мәселен, Көне түркі жазба ескерткіштері туралы терең ізденіп, лингвистикалық тұрғыдан үздіксіз зерттеп келе жатқан ғалым Ә.Құрышжанұлының еңбегінде «Таңғуттармен соғысу», «Мыңлақ елімен соғысу», «Ябақулармен соғысу», «Жорық жырлары», «Алып ер Тоңаны жоқтау», «Белгісіз батырды жоқтау», «Өсиет те насихат...», сынды дүниелерді көне түркі тілінен аударып, оларды «Халық өлеңдерінен үзінділер» деген атаумен берген [3].

Бұл кезеңдердегі өлеңдерді жинастыру ісінде И.Бартольд, Ы.Алтынсарин, И.Березин, Т.Сейдалин, С.Жантөрин, М.В.Готовицкий, Қ.Бекниязов, Қ.Есжановтардың жинастырғанын аңғардық. Кеңес дәуірінде Абай атындағы КазПИ студенттерінің 1948-1949 жылғы ел арасындағы экспедициялық жұмыстарында көптеген тарихи өлеңдер жинақталған екен. Орыс бодандығына қарсылықты күресті бізге белгілі «Исатай-Махамбет», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар-Бекет», «Жанқожа батыр», «Досан батыр», «Сұраншы» және тағы басқа тарихи-реалды жырлардан көрсетсе, шағын көлемді тарихи өлеңдер де әр кезең оқиғаларына қатысты шығып отырған.

Патшаның отарлау саясаты қазақ елінің батысынан басталса, бұл өлеңдердегі кеңістік атауларының берілуі де астыртын әрекеттің оңай болмағандығын көрсете алуымен бағалауға тұрарлық. Қазақ жеріндегі түрлі зұлматпен қатар, аштық нәубеттің келгендігі де тарихи өлеңдерден көрініс тапқан. Бұндай апат – 1879-1880 жылдары болған. Соның бірі – «Қазақ қайғысы» өлеңінде айтылған. Бұл өлеңді алғаш Ы.Алтынсарин қағаз бетіне түсіріп, 1883 жылы 31 қарашада «Оренбургский листок» газетіне жібереді. Бұл өлең П.Распоповтың қолына түссе де, жарыққа шығаруға патша цензурасы рұқсат бермеген екен [68, 186-187].

Халықтың ашу-ызасы бұл өлеңдерден тайға таңба басқандай көрінетіндігіне талас жоқ. Ел басына табиғат қаһарынан туған қаралы күндер аз болмаса керек. Бұл орайда, «Аштық», «Аштықтан халық қамалды» атты өлеңдердің де айтары сол болғанын аңғарамыз.

Қазақ поэзиясында өзге дәуірлерге қарағанда ертерек қолға алынып, мұқият жинақтау мен зерделі зерттеулерден өткен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты халық поэзиясы деуге болады. Бұл орайда халық ақындары Нармамбет, Ақмолла, Төлеу, Баттал, Есқайыр, Жамбыл, Омар, Нұрпейіс, Күдері және т.б. мұраларына қатысты тексеру мен зерттеулер барлығы талассыз. Олардың өлеңдерінің көпшілігі 1916 жылғы оқиғалар болып отыратындығы баршаға мәлім. Сондай-ақ, Аманкелді, Бекболат жайындағы көтеріліске қатысты мәселелерде аталып келе жатқандығын естен шығармайық. Бұл көтеріліс турасында тарихи тұрғыдан 1947 жылдан бастап тарихи жинақ шығарылып, Б.Кенжебаев Е.Ысмайловтар түрлі еңбектер жазса, 1916 жыл туралы Д.Ысқақов, Е.Ысмайлов, Ә.Сәрсенбаевтар арнайы жинақ шығарған. Бұл тақырыпта М.Жармұхамедов ғылыми еңбек жазса, ел тарихына қатысты жазылған көп томдықтарда 1916 жылғы халық поэзиясы мен тарихи түрлі оқиғалар қалыс қалмай тексерулерден өткен [41, 276 б.]. Еліміздің тәуелсіздік алуынан кейін, белгілі қоғам қайраткері Ө.Жәнібековтің редакторлығымен 1916 жылғы оқиғаларға қатысты мұраларымыз «Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына байланысты қайта жарық көрді.

Халық поэзиясының 1916 жылғы оқиғаларға қатысты үлгілердің «Құрдым заман қуарған», «Құлақасқа», «Бекболат» туралы өлеңдер қолжазба қорларында сақталып келеді. Бұлардың кей үлгілері тарихи жырларды зерттеуші ғалымдар еңбектерінде пайдаланған.

Қазақ тарихи өлеңдеріне қатысты мәселелер тарихи жырларды зерттеуші жазушы-ғалымдар М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайлов, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов еңбектерінде қалыс қалмайды. Бұл заңдылықты қазақ тарихи жырларын бертінде, ел егемендігін алғаннан кейінгі тарихи жырларды зерттеушілер З.Сейтжанов, Б.Рахымов, С.Сакенов, Г.Қ.Рахымбаевалардың зерттеу еңбектеріне тиек болған. Талас тудырмайтын мәселе, тарихи жырларды зерттеуші ғалымдар көлемді эпикалық жырлардың пайда болып, қалыптасуына ықпал етудегі тарихи өлеңдердің қызметін жоғары бағалап, арнайы талдаулар жүргізгенін жоғарыдағы аталған еңбектерді оқу арқылы көз жеткіздік.

Сонымен негізгі тарихи өлеңдердің жиналуы мен зерттелуіне қатысты зерттеу еңбектер мен пікірлерге тоқтала кетсек, негізгі бағалы түйіндер ретінде тарихи өлеңдердің қалыс қалмай жинақталуын, тексерілу барысында тарихи оқиғалармен салыстырыла қаралып, өлеңнің жанрлық сипатына қатысты салмақты тұжырымдарды атауға болады. Кейбір зерттеу еңбектерінде төмендегідей етіп тақырыптық ерекшелігіне қарай жүйелеген:

Тарихи өлеңдердің көне дәуірдегі хатқа түскен үлгілері.

Қазақ хандығы кезеңіне байланысты тарихи өлеңдер.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты туған тарихи өлеңдер.

XIX ғасырдағы туған тарихи өлеңдер.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өлеңдері.

«Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер тек XVIII ғасырдан бастап туып, қалыптасқан» деген тұжырымдардың біржақты екендігін осы тараудың өзі де дәлелдей түседі деген пікірдеміз. Біз бұл істе бізден бұрын пікір қозғаған М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, Н.С.Смирнова, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасовтың тұжырымдарының дәлелді айтылғандығына көз жеткізуді басты нысана еттік.

Тарихи өлеңнің ерте дәуірлерге де қатысы барлығы келесі тарауда да дәлелдене түсетіндігіне сенімдіміз. Қайталап айтуға тиісті бұл жердегі бір мәселе, тарихи өлең мен тарихи жыр терминінің бірге қолданылып келгендігі баршаға белгілі. Тарихи өлеңді арнайы жеке алып, тарихи жырлардан айырмасы барлығына тоқталған Б.Уахатовтың еңбегі де тың мәселеге жетелеп, алғаш бұл жанрға қатысты зерттеуші ғалымдарға үлкен ой салғанын да бағалауымыз керек. Әрине, ғалымның тарихи өлеңдерді лирикалық өлеңдермен қоса-қабат қарауы, оның жанрлық ерекшеліктеріне байланысты түбегейлі пікір еместігін өз еңбегінде аңдатуға тырысқан. Солай дей тұрсақ та, қазақ халық өлеңдерін жүйелеп, жанрлық жағынан жіктеуі мен сол өлеңдер қатарына тарихи өлеңдерді енгізуін ғылыми тұрғыдан ғалымның батылдығы деп бағалауға тура келеді. Осы мақаланың негізінде тарихи өлеңдерге байланысты батыл пікірлер қозғалып, қазақ өлеңдерінің бір саласына тарихи өлеңдерді жатқызуға әбден болатындығы қуатталды. Жанрлық жағынан тарихи өлеңге жауап беру бір ғана тарау, шағын мақалалармен бітпейді. Басты мәселе тарихи өлең бізбен туыстас басқа да халықтардың поэзиясында бар ма, бар болса біздің мұраларымызға жақындығы қандай деңгейлерде көрінеді деген сауалға жауап беру қажет. Бұл істе ең алдымен халық поэзиясының жанрлық түрлерге жіктелуі жөніндегі зерттеулерге үңіліп, ондағы тарихи өлеңдерге қатысты пайымдаулар мен түйінді тұжырымдарға тоқталсақ жұмыс өз жүйесін табады деген ойдамыз. Фольклортану ғылымының қалыптасуы мен дамуын саралаған тұста көзге қомақты, тексерілуі жағынан ой-пікірлердің салмақты шыққаны халық поэзиясы екендігіне толық көз жеткіздік. Ал халық поэзиясына қатысты зерттеулерде біздің тақырыбымызға қатысты сөз арасында, тек пен түрді тануда қалайда ғылыми мәнді және мағыналы тарихи өлеңдер жөнінде сөз болатыны анық.

Қорытындылдай келе, тарихи жырлардың жүйелеуі мен зерттелуі алдағы мақсаттарымызды толықтырай түспек.

Әдебиеттер

Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы:Ана тілі, 1991. -240 б.

Рахымов Б.С. Тарихи эпос табиғаты. –Қарағанды: ҚарМУ басп., 1999. -235 б.

Рахымбаева Г.Қ. Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи жырлар. Кандидат. дессерт. автореферат. –Алматы,2005. -27 б.

ӘОЖ 82(09.16)

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

Абдужалилова Динара, Муталипова Патма – 1704-19 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

In the article, the main theme of Shakarim's philosophizing is man, for which the spiritual search and reflections of The Thinker are analyzed. The philosopher is looking for a way for a person to become Spiritual, this goal is determined by the main content of human existence,

determines the existence of an individual in the universe through truth, which develops according to the spiritual laws introduced into it. Sh.Kudaiberdiev's desire to recognize various teachings and worldviews, to justify morality and spirituality in the search for science, philosophy, religion, truth as the highest laws of human existence, and a special style of philosophical consciousness is manifested.

Қазақ философиясы дәстүрлі түрде адамның өмір сүру мәселелеріне бағытталып, адам өмірінің мағыналы негіздерін рухани тұрғыдан іздейді. Бұл тенденция қазақ ақындарының шығармашылығында айқын көрінеді. Шәкәрім философиясының басты тақырыбы – адам. Мақсат адамның өмір сүруінің негізгі мазмұнымен анықталады. Оның философиялық-этикалық толғауларында Жаратушының идеясын және жанның өлместігін тану жатыр. Оның философиясы теологиялық гуманизм болып табылады, өйткені, ол «толығымен адамды ізгілендіру қажеттілігін теологиялық негіздеуге бағытталған» [1, 386 б.]. Шындықты білу біліммен ғана шектелмейді, өйткені, мұнда ғылыми білімнен басқа адамгершілік қағидатын ендіру, ізгілік туралы білім қажет. Шындықты білу, оның ойынша, «ғылымдар мен түрлі діндер туралы білімді», ақыл-ой мен бейтараптықты босатуды болжайды, бұл кез-келген ғылыми тұжырымдама мен діни оқуды ақыл-оймен және сыни бағалау арқылы беріледі. Шәкәрімнің философиясы толеранттылықпен, кез-келген ұғымды қабылдаумен, дүниетанымның әр формасын сыни тұрғыдан түсіну арқылы шындықты іздеумен, өз ойлау түріне сәйкес келетін ойлау түрін таңдаумен сипатталатын ойлау әдісін ұсынады. Сенім, жоғары идеалға негізделген жеке құндылық коды. Оның «Үш анық» атты еңбегінде Жаратушының идеясы мен жанның өлместігі туралы айтылады, яғни, әртүрлі ілімдер мен дүниетанымдарды танып білуге, ғылымды, философияны, дінді, шындықты іздеу жолындағы адамгершілік пен руханилықты адам болмысының жоғарғы заңдылықтары ретінде негіздеу тілегі, философиялық сананың ерекше стилі көрінеді.

Шәкәрімнің философиясында адам мен болмыс мәселесін біртұтас қарастырумен сипатталатын дүниетаным, өзіне тән жан-жақтылығы мен тереңдігімен ерекше оқыту бар. Ол ақиқатты сезіп ғана білмейді, олардың өзгермелі және алдамшы екендігіне сенімді. Тек ақыл ғана дұрыс білім береді, «адам ақиқатты тек көзімен емес, өз ақылымен көреді және қабылдайды» [2, 25 б.]. Моральдық ерік-жігермен бірлікте болу ақыл-ойы мен адамгершілігімен мінез-құлқымен ерекшеленетін адамға береді. Философ ізгілік туралы білім адамның іс-әрекетімен сәйкес келуі керек деп сенеді, ол даналық, өйткені, «біз парасаттылықтың даналығы мен зеректігін, күштінің күшін, шебердің шеберлігін олардың істеріне қарап бағалаймыз» [2, 27 б.]. Жаратушының идеясы мен жанның өлместігі туралы және оған қарсы барлық дәйектерді қарастыра отырып, жеке адамның, жалпы адамзаттың тағдыры осы мәселенің шешілуіне байланысты деп санайды, өйткені, ол негізінен адам табиғатындағы адамгершілік принципінің басымдылығын тану мәселесі болады.

Жаратушы идеясы мен жанның өлместігі туралы мәселені шешу адамды Шәкәрімнің пікірі бойынша, өзінің іс-әрекетінде жақсылықты Жаратушы үшін емес, жақсылық үшін бағыттауға бағыттайды. Ол адамның өзі жасаған әлемі.

Сонымен бірге, шындықты іздеу үшін ойшыл материалистік дүниетанымның пайдасына сенімді дәлелдер келтіріп, материалистік тұжырымдама жасайды. Ойшыл «Үш шындықта» Пифагор, Эпикур мен Демокриттің ежелгі мұраларынан алынған дәлелдерді, сондай-ақ, физика сияқты ғылымның соңғы жаңалықтарын келтіре отырып, атомистік доктринаны ашады. Материалистік тұжырымдаманы қарастыра отырып, философ Әлемнің циклдік даму заңы, дарвиндік теориясы сияқты мықты дәлелдер келтіреді, оған сәйкес табиғатта заң бар, соған сәйкес «таңдау жасалады, жақсысы таңдалады, өсуге, дамуға және жетілуге ұмтылуға қабілетті» [2, 27 б.].

Ш.Құдайбердіұлы материализмнің артықшылықтары туралы дәлелдерді келтіре отырып, биологиялық организмдердің туыстық тұжырымдамасын келтіреді, оған сәйкес Жердегі тіршіліктің алуан түрлілігі теңізден туады; тірі және материалдық денелердің әртүрлілігі эволюциялық даму және қоршаған ортаға бейімделу нәтижесінде пайда болады. Сезімдік қабылдау – адам танымының қайнар көзі. Шәкәрім өзінің материалистік тұжырымдаманы қолдайтын дәлелдерінің барлық нанымдылығына қарамастан, зайырлы ғылым адамның рухани саласына аз көңіл бөліп, жанның өзі мидың қызметімен байланысты деп санайды. Ол материалистік тұжырымдаманың басты кемшілігін адамның өз денесін оның жеке басы ретінде қабылдауы деп санайды. Оның өзін-өзі қамтамасыз етуі мен қанағаттанушылығы, өзінің болмысын тәндік және материалды ретінде сезінуі, осыдан азғындық пен руханияттың жетіспеушілігі өседі. Оның айтуынша, адамнан рухани-адамгершілік құндылықтарға деген қажеттіліктен арылтатын құлағы естімейтін технократиялық ойлаудың арқасында ғылым адамның бойында жақсы бастауды дамыта алмады. Атеистік материалистік дүниетанымға ар-ұят категориясын көрсете отырып, оның тұжырымдамасына қарсы тұрады. Ар-ождан, ар-ұят этикалық ұғым ретінде емес, философиялық категория ретінде көрінеді. Адамның болмысы, ғылымы мен философиясы мәселелерін шешуге, сондай-ақ адам бойындағы руханилықты жандандыруға қабілетті. Ол ар-ожданды «адамның қарапайымдылығы, әділеттілігі мен мейірімділігінің бірлігі» деп анықтайды [2, 28 б.]. Ар-ұждан адамға адамгершілік пен жеке адамгершілік абыройды сақтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ар-ождан – бұл жанның ең жоғарғы қалауы мен қажеттілігі деген тұжырымға келеді, өйткені, «жан ешқашан жоғалып кетпейтін, бүлінуге мойынсұнбайтын және бәрі жетілдірілген сайын биікке көтерілетін болмыс. Себебі, оның көтерілуін тездететін себептерді өзі үшін міндеттейді» [2, 28 б.].

Жанның көтерілуіне әкелетін себеп, адамның адамгершілік тазалығы, оның ойлары мен істері. Мұны ар-ұждан қамтамасыз ете алады – моральдық жоғары сезім, азғындықтарға кедергі және ізгілікке ұмтылудың басталуы. Ар-ұждан адамның адамгершілік өлшемі болып табылады, өйткені, оның жалпы адами көрініс жасау үшін немесе ар-ұжданның мүлдем болмауы адамды жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен арамдықты ажыратуға қабілетсіз етеді. Ар-ұжданға жоғары адамгершілік заңы ретінде және жанның тіршілігіне сену

өзара байланысты. Егер, адам жанның бар екендігіне сенбесе, ол ар-ұждан тек сыртқы келбетке жарамды деп санаса, онда өмірге деген сүйіспеншілік рухани принциптен басым болады, өйткені, «ар-ұжданға сенбейтін адамның жүрегі және жаны – ғылымды, өнерді, жол мен заңды тазарту үшін қажет тірек» [2, 27 б.]. Жан мен ар-ұжданның бар екендігі оның басты қажеттілігі мен тілегі адам кез-келген өмірлік жағдай мен сынақтарда адамгершіліктен ажырамау және рухсыз болмайтындығына сенімділігі айтылады. Демек, Ш.Құдайбердіұлы адамның жанның өлмейтіндігіне деген сенімін және онымен байланысты адамгершілік ар-ұждан сезімін оның рухани биіктеуіне берік тірек ретінде анықтайды.

Адамның рухани күйінің мәңгілік субстанциясы және қажетті атрибуты ретінде ар-ұждан туралы хабардар болу оның тұлғаның материалдық-дене аспектісінің басымдығынан босату нәтижесінде оның табиғатын жақсартуға және жоғарылауға ықпал етеді. Ар-ұждан рухани идеалдың бір түрі ретінде, Шәкәрімнің ілімі бойынша, оны жеке тұлғаның санасы мен мінез-құлық әрекеттеріне сыйғызбай, оны парасатты, адамгершілікті және жауапкершілікті болмыс ретінде өтті деп айтуға болмайтындығын білдіреді. Осы позициялардан, біздің ойымызша, ар-ұждан туралы жалпыға бірдей маңызды деп айтуға болады, оның әмбебаптығы, рухани сезімі, өйткені ар-ұят, адамға гуманистік қатынас сияқты адами маңызды қасиеттер сыйлайды.

Әдебиеттер:

1. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX вв. -Алматы, 2019.
2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы, 2016.

УДК 821. 512. 122

СВОЕОБРАЗИЕ ТИПИЗАЦИИ ХАРАКТЕРОВ В БАСНЯХ КРЫЛОВА

Назаркұл Д.Ж – студентка группы 1702-99
Научный руководитель: Абдыханов У. К., к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент,

Түйін

Мақалада орыс жазушысы Иван Андреевич Крыловтың мысалдарындағы кейіпкерлер мінезінің типтігін ашуындағы ерекшелілігі қарастырылады. Автор жазушы ишарат тілін пайдалануында ежелгі дәстүрді жалғастырып, байытқанын көрсете алды. Еңбекте Крылов жануарлардың образы сол аңдардың сипатын емес, адамның елеулі мінездерін ашатыны анықталады. Сонымен, Крылов орыс мысалын болмыстың тиісті жаңа принциптерін реалистік типтеумен байытты.

Баснописцы всех времён использовали образы зверей для выражения, содержащие иной, скрытый смысл. С художественной целью на смену людям в басни приходят животные, наделённые отдельными характерами человека: жадностью, щедростью, лицемерием, открытостью, добротой и т. п. Такими иносказательными типами зверей, выражавших одну из черт человеческого характера, воспользовались девнегреческий, французский и немецкий писатели. Русский баснописец Иван Крылов продолжил традицию Эзопа, Лафонтена и

Лессинга. В работе мы ставим цель, что высокое искусство Крылова состоит не в подражании тому, что перешло от них.

Иносказания использовались в старинных поучениях, притчах, народно-поэтических произведениях, особенно в сказках о зверях, где действовали волшебные живые существа, каждый из которых наделён определённой чертой характера. и классицисты.

Не подвергается сомнению то, что басенный муравей – выражение трудолюбия в облике живого существа («Стрекоза и муравей»), свинья – отсутствие знаний («Свинья под дубом), Ягнёнок – покорности («Волк и ягнёнок»). Крылов считал, что устранить недостатки человека можно путём их высмеивания. В его произведениях в «лице» животных насмешкой выражается отрицателное отношение к лицемерию, корыстолюбию, жестокости. Насмешка начинается с завязки (через создание первоначальной странной обстановки в «Квартете»), при помощи представления с этой целью несуразной противоположной мысли, и ещё, всё это дополнительно усиливается поучительным выводом. Крыловым высмеяны недостатки человечества, иносказаниями которых являются животные. Но надо обратить внимание на то, что переводчик в прозе – раб, а в стихах – соперник. Русский баснописец был состязателем, так как он обращался к обликам и совокупностям действий и событий, усвоенным у мастеров прошлого.

Огромное значение имеет у Крылова образы зверей – они определяют не столько отдельные черты животного, а несут в себе значительные характеры. Произведения его отражают не общий жизненный уклад, чисто повседневными можно назвать лишь часть из них. Крылов создал басни как бытовые, так и исторического, социального характера.

Типы зверей баснописца можно сравнить с характерами зверей русского сатирика Салтыкова-Щедрина, в которых иногда, не определив историческую подоплёку, весьма сложно представить предназначение данного характера. Уяснив, что облики животных несут в себе сочетание психических, духовных качеств конкретных людей, обнаруживающихся в их поведении, можно выявить следующее: человек обнаруживает своё социальное положение, и облик зверей можно распределить и как иносказательное выражение определённых социальных ступеней. В басне «Лев и барс» персонажи, которыми названо произведение, представляют собой элиту общества, лиса и кот – вельможи. К таким басням относится «Волк и ягнёнок». Мораль гласит: *«у сильного всегда бессильный виноват»* [1]. Образ ягнёнка иносказательно выражает как слабость и беззащитность, так же метафорически указывает на определённую социальную ступень, отражающую черты характера мелких чиновников.

Автор относится с иронией не только к социальным недостаткам («Две собаки»), но и к самой основе социальной ступени – политическим формам общественного устройства. В басне «Квартет» в пародийном виде выведен государственный совет начала XIX века, и его четыре отдела, возглавляемые

Проказницей мартышкой,
Ослом,
Козлом
И косолапым мишкой» [2].

Что можно ожидать в перспективе от такого сообщества – политического совета, если руководителями его отделов назначены столь несходные типажи. Итак, облики зверей с разными характерами, широко употребляемые баснописцем, раскрывают и подлинную основу его басен. Правдивое воспроизведение действительности Крылова, связь его басен с народной основой усиливают русский национальный колорит. Типы зверей (изображённых на рисунках к басням Крылова в русской национальной одежде) несут в себе обличающее воплощение русского национального характера в типических формах. Для его выражения автор также речью персонажа создаёт его яркий образ. Баснописец вкладывает в речь зверей выразительные признаки разговора, свойственного обиходным беседам своего времени. В басне «Стрекоза и муравей» труженик говорит:

Кумушка, мне странно это…
Так поди же попляши [3].

Необходимо отметить и ритмику этой басни. Характер попрыгуньи-стрекозы создаётся особым размером – хореем. Баснописец также использует совокупность приёмов для усиления звуковой выразительности произведения. В баснях «Змея» инструментовка на шипящие звуки и «з», «Мор зверей» – повторение звуков «м», «у», «ы».

Таким образом, можно подытожить, что Крыловым глубоко восприняты и переработаны традиции иносказательной басни, в то же время он обогатил русскую басню новыми принципами, соответствующими действительности, реалистической типизацией. Без них невозможны были бы ёмкие сатирические характеры Салтыкова-Щедрина в его сатирических сказках, в «Горе от ума» в грибоедовской афористичности сказались выразительность и точность великого Крылова.

Литература:

https://deti-online.com/basni/basni-krylova/volk-i-jagnenok/
https://deti-online.com/basni/basni-krylova/kvartet/
https://deti-online.com/basni/basni-krylova/strekoza-i-muravei/

ӘОЖ 319

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ

Қамбарова Сымбат-8 «А» сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Жапарова Ж.А. -№135 ЖОББМ ағылшын пәні мұғалімі,
Сералиева У.О.- Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

Today, the most necessary thing for a teacher is the formation and education of a new person, a worthy modern person.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», - деген болатын. Осы міндеттерді орындауда Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және мәдени жаңартулар мектептік пән ретінде ағылшын тілінің пайдалану өрісін біршама кеңейтуде. Ағылшын тілін тереңдетіп, жан-жақты оқытуды қоғам, уақыт қажет етіп отыр. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі ағылшын тілін жетік меңгеруді талап етеді. Сондықтан бұл өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарына білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етеді. Сол үшін жаңа кезеңдегі озық педагогикалық тәжірбиелерді заман талабына сай қолдану ерекше маңызға ие. Білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, бастауыш сыныпта ағылшын тілі бойынша білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. “ Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсу үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет” - деп ұлы ағартушы –демократ қазақтың ғұлама ғалымы айтқандай, болашаққа үлесін қоса білетін білімді, ізденімпаз ұрпақ тәрбиелеу–біздің мақсатымыз. Сондықтан да жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр .Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық , коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Бұл құралдардың қуаттылығы соншалықты онымен бірге білім жүйесіне жаңа әдістермен бірге әлемдік

ойлаудың жаңа идеологиясы енгізілді. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы -жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді.

Ағылшын тілі — саясат пен дипломатия тілі, ғылым мен техника, бизнес және сауда тілі екені белгілі.Ағылшын тілі — ұлы әдебиет тілі. Бұл тілде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Вальтер Скотт сөйлеген.

Қазіргі ұстаз үнемі ізденісте болу керек. Бүгінгі таңда мұғалімге ең қажетті нәрсе заман талабына сай лайықты жаңа адамды қалыптастыру,тәрбиелеу.

Қазіргі заман педагогтарына компьютер және мультимедиялық құралдарды қолданудың сабақ өту барысында өте тиімді тәсіл екені белгілі.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Компьютерлік және ақпараттық технологиялар заман талабы. Компьютер желісін және мультимедиялық - электрондық құралдарды шет тілі сабағында тиімді қолдану, нақтылап айтқанда ағылшын тілі сабағында презентацияларды және мультимедиялық - электрондық құралдарды мектеп қабырғасында және білім беру процесінде терең қолдану.

Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек қана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді. Ең тиімді программалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

• лексиканы оқып үйретеді;

• сөйлеу ырғағын;

• диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
• хат жазуға үйретеді;
• грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.
. Қазіргі кезде ағылшын тілі пәнінде АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:
-Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;
-Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;
-Оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;
-Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерді жұмыс істеуге үйренеді;
-Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін тәжірбиемен ұштастырады;
-Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді;
Оқушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр - түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз сабақтарымда қолданамын.

Әдебиеттер:

1.Ағылшын тілі. Аяпова Т. 7 сынып
2.Ағылшын тілі. Т.Б. Клементьева.
3.Шет тілі журналдары. 2018, 2019ж.
4.Полат Е.С. Интернет шет тілі сабағы. 2019ж.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жолтай А.Б. – 205-17 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Қайырбекова Ұ.Ж. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

в статье объясняется значение слов, широко используемых на современном казахском языке, и причины названий названий в казахских степях, т. е. общая этимология this article explains the meaning of the words used in the modern Kazakh language and the reasons for the names of the names in the Kazakh steppes in general etymology

Этимология – тарихи лексикологияның бір саласы. Ол белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін олардың туыстас тілдердегі сәйкес келетін сөздермен генетикалық байланысын айқындаумен білдіреді.

Лингвистикада этимология деген термин екі түрлі мағынада қолданылады: біріншіден, тарихи лексикологияның, сөздердің шығу тегін зерттейтін саласы дегенді білдірсе, екіншіден, сөздің шығу тегі, төркіні дегенді білдіреді. Соңғы мағынасында ол, мысалы, *«сексен сөзінің этимологиясы», «ошақ сөзінің этимологиясы»* түрінде жұмсалады. Сөздің шығу төркінінің (этимологиясының) сөздің семантикасы туралы мәселеге, сөз мағынасының

өзгеруіне, ол туралы ілім – семасиологияға тікелей қатысы бар және онымен тығыз байланысты болады.

Сөз этимологиясын айқындау өте күрделі және қиын мәселе болып саналады. Дегенмен, сөздердің этимологиясын айқындаудың қиындығы барлық сөздерге бірдей қатысты емес. Тілдің сөздің құрамында шығу тегі (этимологиясы), жасалуы айқын аңғарылып тұратын сөздер де, шығу тегі өте күңгірт, осыған орай, арнаулы этимологиялық зерттеуді керек ететін сөздер де кездеседі. Мысалы, *басқыш, сүзгіш, қолтық* деген туынды сөздердің бас, сүз, қол деген түбір сөздерден сөз тудырушы аффикстердің *(-қыш, -гіш, -тық)* жалғануы арқылы жасалатындығы (пайда болғандығы) бірден аңғарылады. Ал осы туынды сөздердің жасалуына негіз болған *бас, сүз, қол* деген түбір сөздердің шығу тегін айқындау үшін, арнаулы этимологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Демек, туынды сөздердің этимологиясын айқындаудан гөрі түбір сөздердің этимологиясын айқындау әлдеқайда күрделі болмақ. Алайда, туынды сөздердің, мысалы, олардың бір түрі күрделі сөздердің ішінде де этимологиясы ашық-айқын аңғарылып тұратын сөздер де, әртүрлі дыбыстық өзгеріске ұшыраудың нәтижесінде этимологиясы күңгірт тартқан сөздер де кездеседі. Мысалы, *қолқап* деген сөздің *қол* және *қап* деген сөздердің бірігуінен жасалынғаны қаншалықты ашық-айқын аңғарылса, *ашудас* дегеннің *ашу* және *тас* деген сөздерден жасалғаны соншалықты айқын аңғарылады. Ал *қарақат, тоқсан, сексен* (бұлардың әрқайсысы екі түбірдің бірігуінен жасалған) деген сөздердің этимологиясын айқындау жоғарыда аталған сөздердің этимологиясын айқындаудан әлдеқайда күрделі. *Қарақат* деген сөздің *қат* деген сыңары ойрат, тува тілдерінде және хакас тілінің диалектісінде *«жеміс»* деген мағынаны білдіреді. Демек, қарақат *қара* деген сөз бен *жеміс* деген мағынаны білдіретін қат сөзінен жасалған. Қазақтар қарақатты *«кара жеміс»* деген мағынада емес, жемістің бір түрі, соған қойылған ат ретінде түсінеді.

Ономастиканың бір бөлігі саналатын жер-су аттары (топонимдер) ғасырлар жәдігері, тіліміз бен тарихымыздың құнды қазына байлығы, мәдени мұрамыздың бір бұлағы деп айта аламыз.

Тек қана өзен аты 85 мың болса, көл аттары 50 мыңның үстінде. Олардың ең ірілері: *Балқаш, Сасықкөл, Теңіз, Марқакөл, Зайсан, Шалқар, Индер, Қарасор, Шортанды, Шабақты, Үлкен Шабақты, Бурабай, Сілеті теңізі, Құсмұрын, Шағалалы теңізі, Үлкен Қараой, Арыс, Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Кеңгір* т.б. Ал қалалар мен кенттер, ауыл, село атауларымен қатар физика-географиялық атаулардың шамадан тыс мол екені баршаға аян.

Топонимдер (жер-су аттарының) шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ел-жұрттың кәсіби тірлігіне, мемлекеттің дамып өсуі мен елді мекендердің сан жағынан артып, молая түсуіне тікелей байланысты болып отырады.

Леңгір (Ленгер). Түркістан облысындағы қала (1944 жылдан). Бұл Орта Азия халықтарының көбінде жер-су аттары ретінде кездеседі. Мәселен, Өзбекстан Республикасында: *Лангар, Хазрати Лангар, Катта Лангар, Кичик Лангар, Эски Лангар, Юқори Лангар, Паст Лангар* деген атаулар бар. Көптеген түркі және иран тілдерінде *лангар* – «дарбазалардың ілгегі», «кемелердің зәкірі» деген мағыналарда қолданылады. Бір ғажабы *лангар* сөзі грек, латын, роман-герман, славян, балтық, иран, фин, араб, тағы да басқа тілдерде түрлі вариантта қолданылады да, бәріне ортақ «якорь» (зәкір) мағынасында жұмсалады. Иранист ғалым А.З. Розенфельд бұл сөзді тарихи тұрғыдан зерттей отырып, оның бірнеше мағынаға ие екендігін анықтаған: «мүсәпірхана», «керуенхана», «көрхана», «жол бойындағы бекет», «емхана», «кеменің якорі» (Розенфельд А.З. 1940,861-864). Орта Азия халықтарында *лангар* сөзінің негізгі мағынасы: «ибадатхана», «аялдау орны». Ал ұйғыр тілінде көне мағыналарының сақталғаны мәлім: *лангар* – «үлкен жол бойындағы бекет», «емхана», «керуен сарай» (Наджип Э.Н. 1979, 690.). X-XIX ғасырларда тәжік тілінде *лангар* сөзінің «мүсәпірлер түнейтін жай», «мүсәпірхана», «қонақүй» мағыналарына ие болғанын тарихи еңбектер мен сөздіктерден көреміз. Осы *лангар* сөзі біздің тілімізде, ашық дауысты *а* дыбысының еріндік дауысты *е* дыбысына алмасуына байланысты, *ленгер* болып қалыптасқан. Жергілікті халықтар *ленгер* – «кеме зәкірі» деген мағынаға ие дегенді айтады. Оның көптеген мағынаға ие екендігін топшылай келе және қала Ұлы Жібек жолының үстінде болғанын ескерсек, «жолаушылар аялдайтын жай», «керуенхана», «жол бойындағы бекет», «қонақүй» мағыналарына ие екендігін байқаймыз.

Жеңге. Қазіргі түсінігімізде – ағаның не жасы үлкен туыстардың әйелі. «Шүкіман бір жақын *жеңгесінің* үйін кетті» (М. Әуезов, Абай).

Жеңге сөзінің қандай жолмен пайда болғандығы жөнінде бізден бұрын да пікір айтушы автор бар екенін көрсете кетуді борыш санадық. 1895 жылғы бір мақаласында П. Ерусланов шығыс черемис татарларының тілдеріндегі кейбір сөздерге талдау жасау үстінде сол тілдегі *енгга* (бізше – жеңге) сөзінің төркініне тоқталады. Оның ойынша, көрсетілген сөз екі түбірден құралған. біріншісі – енг («бетон» мағынасында), екіншісі *ака* («апа» мағынасында) (П. Еруслансв. 30 1895, № 2. кн. XXV, 45). Бұл болжамның шындыққа сәйкестігін біз де құптаймыз. Өйткені қазақ тілінде де «бөтен», «бөгде» сөздерін *өңге* тұлғасымен ауыстырып айтатыны белгілі. Ал «апа» сөзін *ака* деп басқа түркі тілдерінде ұшыраса береді. Сөйтіп, түркі тілдерінде ертеде қалыптасқан *енг ака* тіркесі біріге келіп, черемпе тілінде *енгга* болып қалыптасса, қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтарына сәйкестене келіп, *жеңге* сөзіне дейін өзгерген. Бұл жерде біріккен сөздерде дыбыстардың түсіп қалу, бірімен-бірінің алмасу заңдылықтарын айтып жату артық. Олар жөнінде жол-жөнекей талай ескертілген болатын. Өзгеру үлгісі былай болған: *анг + ака > енгка > енгга > женга > женге > жеңге.*

Жуас. Момын, момақан, тыныш мағынасындағы сөз осылай дыбысталады. «Қасымыздагы бақылаушылар дәл сол кезде жуас болды…» (С. Сейфуллин,

Тар жол.) Қырғыз тілінде бұл мағынадағы сөз *жоош* қалпында айтылады (Қ. Юд, КРС, 261). Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдерінде мұндай сөз кездеспейді. Оларда бұл мағынадағы сөз басқаша дыбысталады.

Байқауымызша, сөз төркіні жүйесі басқа тілден сияқты. Қазақ тіліне ауысқан араб, парсы сөздерінің тізімін берген авторлар (Н. Ондасынов, Е. Бекмұхаметов) еңбегінен де бұл сөз сырт қалған. Солай бола тұрса да *жуас* сөзін парсы тілінен ауысқан деуге тура келеді. Ол тілде: *йәваш* – ақырын, тыныш мағыналарында қолданылатындығы көрсетілген (Пер. -рус. сл. 1959, 756). Осы сөз қазақ тіліне ауысқанда *жуас*, қырғыздарға көшкенде *жоош* қалпына дейін дыбыстық өзгеріске түскенде, мағынасы сол қалпында қалған деуге болады: *йәваш > йүуаш > жуаш > жуас.*

Әдебиеттер:

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.- Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, Алматы, 1966
Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді.- Алматы, 1980
Қашқари М. Әдеби жәдігерлер, Түркі сөздігі.- Алматы, 2007
Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнения ностратических языков.- Мәскеу, 1971
Древнетюрский словарь.- Ленинград, 1969
Ястремский С. В. Грамматика якутского языка.- Мәскеу, 1938
Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік.- Алматы, 1974
Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь.- Мәскеу, 1965
Русско-туркменский словарь.- Мәскеу, 1956

UDC 81’373.423

SPECIFIC PECULIARITIES OF HOMONYMS IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES

Tashkenbay G.T. - student of M17-03-30 group
Supervisor: Duisenova M.M.- Phd,senior teacher
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Түйін:

Зерттеуде ағылшын және қазақ тіліндегі омонимдердің ерекшеліктері қарастырылады. Омонимдерді зерттеу барысында атақты лингвист И.В. Арнольд пен басқа ғалымдардың еңбегі ерекше атап өтіледі. Лексикалық омонимдердің таралуы және олардың ерекшеліктері біртекті омонимдердің ақпараттық жағымен анықталады. Зерттеу барысында ағылшын және қазақ тіліндегі белгілі және зерттелген омонимдердің құрылымын зерттеу тақырыбы ашылады. Тілдік бірліктердегі омоним сөздер күрделі және қазіргі кезеңде қосымша зерттеулерді қажет етеді.

The theme of the work is “ Specific peculiarities of homonyms in english and kazakh languages”. I have chosen this theme because it is actual. Homonyms have always attracted attention of linguists, although they were not given enough recognition in the past. The new trends in English lexical studies, however, have thrown a completely different light on these multi-word units with more or less unpredictable meanings. Hmonyms most often reflects the national specificity of the people. It is a figurative interpretation of reality and an emotional model of

communication. Idioms are highly interactive items. They are strong and colorful examples of cross-cultural relations. The source of their origin is sometimes difficult to ascertain. They are firmly assimilated in various languages and have become part and the whole of these cultures. The main difficulty is whether a homonym is appropriate in the given context when a non-native speaker tries to translate an idiom from his native language into English. It may confuse a listener. The problem is often one of collocation, which is a central characteristic of the language in use. The way native speakers use English in the real world is largely idiomatic and it assumes that a fluent non-native speaker should be similarly idiomatic. When even very good learners of the language speak or write English, the effect is slightly odd. Since homonyms evaluate the whole narrative summarizing the main events or opinion, a native speakers' unconscious knowledge of collocation is an essential component of their idiomatic and fluent language use and is, therefore, an important part of their communicative competence. So, it is possible to draw a conclusion that one linguists consider only phonetics and grammar, others turn the attention only to semantics and lexicology. But if there was direct dependence of an origin of etymological vocabulary from congestion values, that could be assumed disintegration of word forms of all polysemantic of educations, with which all languages are rich. We hold the opinion that emergence etymological words it is connected with various periods of development of language and inherent to these periods certain phonetic phenomena. The Republic of Kazakhstan needs the citizens with the knowledge of three languages in order to develop the economical state of the government.

Polysemantic words can be frequently encountered in literature, magazines, newspapers, movies or TV shows. They are used in everyday speech and to a certain extent they form a part of the core values of the culture. Mastery of homonyms facilitates communication and promotes an innovative environment of social interaction. Since idioms convey meaning quickly and enable language users express themselves more efficiently, they should be integrated into the teaching and learning process of foreign languages. The ready-made production of these figurative expressions contributes to the fluency making it possible for the speaker to be more concentrated on the message that needs to be delivered than on the formation of a sentence with a long literal explanation. But, despite the fact that the study of homonymy has been conducted for a long time, there is still neither generally accepted definition of homonyms, nor established terminology in this area. Many famous foreign linguists, such as Kabanov I. N., Arnold, Lyons, Skeet, Smirnitsky and others tried to define homonymy and classify homonyms in English language. Homonyms of the English language have different grammatical forms, and may also have the same sound or spelling. When learning a foreign language, everyone has confronted a situation where one has been able to understand meanings of all the words in a sentence, though one has not been able to identify the meaning of the whole sentence, as something has obstructed the process of interpretation of meaning. Consequently, it represents a rather demotivating aspect of language learning when one can understand all the expressions in a sentence, though he cannot comprehend

its overall meaning. This inability to indentify correct meaning of a particular sentence often results from an occurrence of idiomatic expressions or phrase within the sentence. Any language has a lot of homonyms. Polysemantic words are a vital component of English in particular. They reflect mentality and culture of the people, speaking this language. Modern English is characterized by a fairly significant number of homonyms, compared to other languages. In different languages, homonyms are always specific and no analogy between homonymous groups due to their random nature does not happen and cannot be. An important place in the linguistic description of homonyms is occupied by the problem of their classification. Many famous linguists, such as Arakin, Arnold, Lyons, Skeet, Smirnitsky, have tried to define and classify homonyms in English language. Each of them had their own individual view of this concept. Arnold in his classification considers 12 classes of homonyms. It is worth noting that the opinions of scientists in the question of understanding the language form differed slightly. Some of them rely on the sound side of the word and associate the concept of homonymy with it, others consider this concept much wider: they combine the sound and graphic forms of the word. That is why in the dictionary-reference of linguistic terms Rosenthal can be found homonyms lexical, grammatical, graphic, absolute, homophones and homoforms.

Language as a system of communication has literal and figurative meanings. While the literal meaning is the direct reference of words or sentences to objects, the figurative sense is used for giving an imaginative description or a special effect. Such a meaning characterizes notions like metaphors, similes, proverbs and homonyms. Homonyms, as means of non-literal language, have a great extent use in everyday language. They carry a metaphorical sense that makes their comprehension difficult, since their meaning cannot be deduced from the meaning of their constituent parts. The frequent, spontaneous and appropriate use of homonyms is usually a mark of good English, and an indicator of native or near native mastery of the language. Although the polysemantic expressions are not always grammatical, they are established, accepted and used by native speakers of the language with a fixed structure and meaning. Taking all these into account, the present paper aims at highlighting some aspects regarding grammatical features implied in the structure of idioms, as well as some connections between idioms and other forms of figurative language. According to the Law of the Republic of Kazakhstan on Languages, the President N. Nazarbayev said: “In this regard it is essential to systematically conduct the development of Kazakh as the state language, Russian as the language of international commerce, and English as the language of successful integration into the global economy, and to view this as one of the top priorities of state linguistic policy”.Word formation in the Kazakh language as a field of linguistics began to become a reality since 1989.Such prominent scientists as A. Baitursynov, K. Zhubanov and others were engaged in the study of this problem. However, researchers S. Isaev, N. Oralbay, B. Kasym, and others considered and justified the scientific theoretical problems of word formation.

Every culture has its own system of color symbols. In any idiom we can find color names. In different languages they have different meanings. For example, in Kazakh the connotative area of green is more positive than in English. Concerning the connotative area of red in Kazakh and English, we see that they are alike; it can be grounded by traditional-historical and semantic factors. Historically in English “red” had a homonym that means “beautiful”, “nice”. And Englishmen still use the idioms associated with notion “red”. Considering Kazakh culture we will also notice this phenomenon. For example, “қызыл марал - red doe” - the Kazakh call a beautiful girl like that. People feel and react to colors depending on the meaning this or that color can have in their culture.The semantic technique of the lexico-semantic method is the characteristic of words in terms of their semantic change (narrowing and expansion).Through the narrowing of the meaning and the change of different functions of words, homonyms are formed, through the expansion of the explanation preserving the internal core similarity, polysemy is formed. Language researchers find the formation of polysemantic words and homonyms in their connection with each other. For example, the word oi means in the Kazakh language "dug hole" in the ground (literally: dug earth). It would be more correct: oi – low-lying area; hollow.But "oi" in agreement with the noun, acts as an adjective: oi (land) – literally: dug earth.This word can also appear in the direct meaning: He went down into the hollow. Therefore,we conclude that the initial direct meaning of the word "oi", formed from the objective meaning of "human thoughts", later made it possible for him to have another figurative, polysemantic, meaning and verbal homonym. First, thanks to the expansion of the service sector of the abstract word "oi", which refers to a person ("deep thought or deep thinking"), a landscape meaning appears (descended into a hollow).Secondly, due to the spread of the abstract meaning and the change in the service sector, a homonym develops from the noun "thought (opinion)", that is, the verb "deep (oi)", denoting an action (to deepen something, to dig the ground). There is no doubt that there is a historical connection between the original meaning of the word "oi" and its subsequent meanings. In the dictionary of M. Kashgari at the word "oi" only represents the value "lowland, rough terrain".

Thus, only then will the process of translating borrowed words begin, when the issue of detailing individual qualitative, functional, commensurate, spatial and other meaningful, conceptual features in the national language is resolved. If this is a certain to translate some homonyms , it is inevitable to carry out this process not by using the equivalent of the name in the Kazakh language, but by semantic translation of the concepts of natural existence in the national worldview, since, according to scientists, "in the Kazakh language, when choosing names of objects and phenomena are taken into account not only sound, color, species, and functional features. Along with this, the second way to reflect the national existence in the Kazakh language is to give indirect names". In fact, most slang words are homonyms of standard words, spelled and pronounced just like their standard counterparts, as for example (American slang), cabbage (money), cool (relaxed), and pot (marijuana). Of course, the words cabbage, cool, and pot sound alike in their ordinary standard use and in

their slang use. Each word sounds just as appealing or unappealing, dull or colorful in its standard as in its slang use. Also, the meanings of cabbage and money, cool and relaxed, pot and marijuana are the same, so it cannot be said that the connotations of slang words are any more colorful or racy than the meanings of standard words /3/. In this example, the dual update is implemented in a phrase context, and the stylistic update is the subsequent contextual refinement. The stylistic unscrewed actualized is close in semantics to the component of screw, more precisely, it is its antonym. Thus, the parallel perception of the direct meaning of the components of a variable combination, homonymous components of phraseological units, is due to the intentional actualization of the components of the variable word combination in a specifically organized context or speech situation.

"Cool" is a very meaningful word. In the Standard English language it is translated as something between warm and cold. But in the everyday conversations it is used in the meaning of something "great", "wonderful", "good". The word "cool" can be both the noun and the attribute.

Compare: cool cat = great fellow

It's cool = it's good.

The meaning depends on the person uses it. So the expression "cool weather" can have two translations depending on the content.

These are the slang meaning of the word "cool".

Cool:

1.To postpone, await developments in; let's cool this whole business for a week or so.

2. To kill; who knew what he wanted to it look like when he cooled her.

3. In control of one's feeling; learn to be cool under fire.

4. He lost his cool and bolted like a rabbit.

5. Aloof and uninvolved, disengaged; He's cool; don't give a shit for nothing.

6. Cool musician Jazz marked by soft tones, improvisation based on advanced chord extensions, and revision of certain classical jazz idioms.

7. Pleasant, desirable; you enjoying it? Is everything cool?

The verb "to get" is worth mentioning in order to give the sufficient information about the slang meaning of the ordinary word "to get". The ordinary meanings are not enough for the decent conversation. Meanwhile "to get" substitutes a great number of verbs. This verb can be used instead of the verbs: to have, to understand, to find and so forth. "To get" is a very popular verb. But when it is used in relation to the human beings it has another meaning.

Since "knockers" as parts of an "old bag's" body have ben mentioned, it is necessity to mention "a can", which stands for "butt" or "ass". But if a reader gets at such sentence as: "It was steamy in the can." Or "I walked around the can" or "I went to the can to wash up*",* he will probably think that it has something to do with "butt". But it is wrong. "Can" is used here in the sense of "bathroom". Thus a reader should bear in mind that there can be slang homonyms.

References:

Arnold I.V.Lexicology of modern English,Moscow,1959 [121p].

Dubenets E.M. Modern English. Lexicology: Manual for students of humanitarian universitis-M./St.Peterburg.:GLOSS/CARO,2004-Pp.[126-131].
Байтұрсынов А.Тіл тағылымы.Алматы.: «Ана тілі». 1992.-[448 б].
Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімі жөніндегі зерттеулер.Алматы.1996.-[396 б].

ӘОЖ 800.1: 943.42

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ МӘСЕЛЕСІ

Әбділдаева А.Ф.-117-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші:**Танабаев Ғ.Ө. –** ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы словообразовательной основы, словообразовательного гнезда и научные труды, посвященные их изучению.

Жалпы қазақ тіл білімінде сөзжасамды арнайы зерттеген, мейлі өз зерттеу нысанымен байланысты болсын, мейлі сөзжасам туралы пікір айтпаған, қалам сызбаған ғалымды кездестіру өте қиын, оларды түгел атап шығу мүмкін емес. «Жұрнақ» терминін алғаш ұсынған А.Байтұрсынұлынан бастап, Қ.Жұбанов, Х.Басымов, М.Балақаев, А.Ысқақов, А.Қалыбаева, А.Қайдаров, Р.Сыздықова, Н.Оралбаева, Ө.Айтбаев, т.б. ғалымдар еңбегінде сөзжасам мәселесі әртүрлі дәрежеде көрініс тапқаны анық. Алайда, қазақ тіл білімінде сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы екенін ғылыми түрде дәлелдеген Н.Оралбаеваның еңбегінің маңызы зор болғанын атаған дұрыс деп ойлаймыз. Н.Оралбаева 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген монографиясында сөзжасам тіл білімінің дербес саласы деп дәлелдеп, оның жалпы теориялық мәселесін ұсынды. Аталған еңбекте қазақ тіл білімінде өзіндік сөзжасам жүйесі бар екендігі алғаш рет дәлелденіп, оған не жататыны анықталды. Сөзжасам жеке сала болғандықтан, морфологиядан бөлінгендіктен, оны оқытуда, зерттеуде морфологиялық талдаудан басқаша талдау қажеттігін ескеріп, сөзжасамдық талдау мәселесін көтеріп, оның ерекшелігін, құрамын, жолын көрсетті, сөзжасамдық талдаудың 7 түрлі белгісін анықтады.

Сөзжасамның негізділік (мотивация) теориясын көтеріп, оның теориясын жасады. Сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, үлгі мәселелерін көтерді. Сөзжасамдық тәсілдер теориясын анықтаудың үлгісін көрсетті. 2002 жылы шыққан «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында Н.Оралбаева сөзжасамның барлық теориялық құрамын анықтап, оны жүйеге келтіріп, сөзжасамның тұңғыш ғылыми оқулығын жаңа технология бойынша модульдік жүйеде баспадан шығарды. Бұл оқулықта сөзжасам мәселесінің ғылыми негізі қаланды. Сол жылы «Қазақ грамматикасы» жарық көрді. Ол грамматикада тіл білімінің фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары қамтылған. Осы еңбекте де Н.Оралбаева сөзжасамның бұрын, сөз таптарының сөзжасамы зерттеліп жүрген кезде, зерттелмей жүрген теориялық мәселелерін жан-жақты зерделеп, сөзжасам теориясының негізін толықтырған, дамытқан. Сондай-ақ, ғалым осы маңызды еңбекте зат есім, сын

есім, етістік сөзжасамының бірсыпыра мәселелерін, сан есім сөзжасамын жазған [1].

Қ.Құрманәлиев сөзжасам мәселесіне бірнеше еңбек арнап, сөзжасамдық ұяның мағынасын, прагматикалық және синтагмалық қатыстылығын, сөзжасамдық тізбектерді, сөзжасамдық ұяның зерттелуін, бірліктерін, теориялық негіздерін жан-жақты қарастырды. Осы мәселе З.Құрманалиеваның ғылыми зерттеуінде де дамытылды. Ол зат есімнің реңк мәнді туынды сөздерін зерттеу барысында 17 сөзжасамдық ұяны анықтаған. Бұл еңбекте Н.Оралбаеваның түрленген туынды мағыналар теориясы дәлелденген [2].

Бұған қарап сөзжасамдық ұя мәселесі ғылымда шешілген мәселе деуге болмайды, ол – өте күрделі ғылыми мәселе. Оған дәлел ретінде Қ.Құрманәлиевтің «орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұядан жиырмадан астам диссертация қорғалды» деген дерегін келтіруге болады. Демек, жоғарыда сөзжасамдық ұя бойынша жасалған зерттеулер күрделі мәселенің зерттелуінің бастамасы деп ойлауға тура келеді. Оның әлі де зерттелуін күтіп тұрған қырлары жеткілікті екені даусыз.

Қ. Құрманәлиев «сөзжасамдық тарам мен сөзжасамдық ұя екі түрлі тілдік құбылыс, сөзжасамдық тарамды ұяның ішкі күрделі бірлігі» деп таныған. Ғалым сөзжасамдық тарам ұядағы туынды сөздердің ішінде парадигмалық қатыстың нәтижесі деп дәлелдеген. Сөзжасамдық тарамның әр мүшесінен сөзжасамдық тізбек жасалатынын көрсеткен. Сөзжасамдық тарам мүшелерінің мөлшері туралы деректер берген. Сөзжасамдық тарам мүшелерінің бір-бірімен тең дәрежелі қатыста болатынын дәлелдеген [2]. Бұл еңбекте қозғалған мәселелерді Қ.Құрманәлиевтің сөзжасам саласын дамытуға қосқан үлесі деп бағалаймыз, өйткені сөзжасамдық тарам туралы бұл ғылыми деректер бұрын белгісіз болатын.

2003 жылы баспадан шыққан «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектің құрылысын синхронды тұрғыдан сипаттау» деген еңбегінде Б.Есімсейтов сөзжасамдық тарам жөнінде де пікір білдірген. Ғалымның бұл мәселеге соқпай өтуі мүмкін емес еді, өйткені сөзжасамдық тарамның әр мүшесі сөзжасамдық тізбектің бастау көзі десе де болады. Сондықтан ғалым бұл мәселені аттап өте алмаған. Ғалым тізбектің жасалуын тарам мүшелерімен байланыстырады: «Ұяның 1-сатысында түп негіз сөзден бірден жасалған бір тарамға жататын туынды сөздердің әрқайсысы ұяның сөзжасамдық тізбегінің жасалуына негіз болады да, ол туынды түбірлерден тікелей басқа туынды біртіндеп, сатылап өрбіп, тізбек жасалады. Бірақ, бұл жалғыз жол емес. Сөзжасамдық тарам екінші, үшінші сатыларда бола береді. Әр сатыдағы сөзжасамдық тарам мүшелері тізбектің көбеюіне қызмет етеді» [3].

Бір сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрі бір негізгі түбір сөзден өрбігендіктен, олар түбірлес сөздер аталады. Мысалы, жел деген негізгі түбір сөзден 105 туынды түбір жасалған: *желбегей, желбегейле, желбегейлен, желбегейлендір, желбегейлендірт, желбезек, желбезексіз, желбезектен, желбезекті, желбей, желбен, желбеңде, желбеңдет, желбір, желбіре,*

желбірегіш, желбірек, желбіректі, желбірет, желбіреттір, желбіреуік, желбірле, желбірлет, желбірлі, желбірсіз, желде, желдей, желден, желденгіз, желдендір, желдендірт, желдент, желдесін, желдесінде, желдеткіш, желдеттір, желдетіл, желдетіңкіре, желді, желсіз, желділік, желдік, желдіксіз, желемік, желеміктен, желкек, желкектен, желкексіз, желкекті, желкем, т.б. Олардың бәрі – бір сөзжасамдық ұяның құрамындағы бір негізгі түбірден (жел) өрбіген түбірлес туынды сөздер. Келтірілген түбірлес сөздердің бәрінің құрамында ұяға негіз болған негізгі түбір сөз *(жел)* бар. Ол барлық туынды сөзде көрсетілді.

Сөзжасамдық ұялар сөз таптарынан тыс тұратын құбылыс, бірақ ол түрлі сөз таптарының толығуына, баюына қызмет етеді. Өйткені бір сөзжасамдық ұяда түрлі сөз табына жататын туынды түбір сөздер бола береді. Мысалы, ау деген түп негіз сөзден өрбіген сөзжасамдық ұяда *аугер, аула, аулағыш, аулан, аулас, аулаушы, аушы, аушыла, аушылық* деген түбірлес туынды түбір сөздер бар. Олар зат есім, етістік, сын есімдерге жатады, яғни бір сөзжасамдық ұяның құрамында түрлі сөз таптарына жататын туынды түбір сөздер бар екені анық көрініп тұр. Бұл осы ұяға ғана қатысты құбылыс емес, ол әр сөзжасамдық ұяда кездесе беретін құбылыс, яғни сөзжасамдық ұяда түрлі сөз таптарына қатысты туынды түбір сөздер жасала береді екен. Міне, бұл сөзжасамдық ұяның ешбір сөз табына байлаулы құбылыс емес екенін білдіреді. Бұдан әр сөзжасамдық ұяның өзінше жеке тілдік құбылыс екені, біріне-бірі бағынышты, біріне-бірі байланысты құбылыс емес екені көрінеді.

Өйткені әр сөзжасамдық ұя – әртүрлі түп негіз сөзден өрбіген түбірлес туынды сөздердің жиынтығы. Сөзжасамдық ұяның мүшелерінің ешқайсысы кез-келген орында, бірде олай, бірде бұлай созжасамдық ұяда орналаса алмайды. Олардың қалыптасқан тәртібі бар, созжасамдық ұяда ол тәртіп сақталады. Сондықтан да сөзжасамдық ұяның белгілі құрылымы бар, оны құрайтын тұрақты мүшелері бар, ол мүшелер сөзжасамдық ұяда белгілі бір тәртіпте орналасады және олар бір-бірімен байланысты, бұл оның жүйелі құбылыс екенін көрсетеді. Сөзжасамдық ұя тіл білімінде лексикалық қорды байытудағы таптырмас құрал деп айтуымызға болады. Сол себепті де сөзжасамдық ұяны әр қырынан зерттеуіміз керек, оның әлі де ашылмаған сырлары бар.

Әдебиеттер:

Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 213 б.

2. Құрманәлиев Қ. Сөзжасамдық ұяның синтагматикалық күрделі бірліктері. – Алматы, 1999. – 276 б.

3. Есімсейтов Б. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектің құрылысын синхронды тұрғыдан сипаттау. – Шымкент, 2003. – 78 б

ӘОЖ 811. 512.122.

ТІЛДІҢ ІШКІ ФОРМАСЫ НЕМЕСЕ УӘЖДЕМЕ ТЕОРИЯСЫ

Бекниёзова С.-117-27 тобының студенті
Ғылыми жетекші ОмарБ.Қ.,ф.ғ.к.доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Summary

The article discusses questions about the internal form of the word or the theory of motivation.

Тіл білімінде соңғы онжылдықтарда жаңа ұғымға атау болатын, сол атауға негіз болатын уәждеме мәселесі зерттелу үстінде.Уәждеме ғылымы тілдік аталымның табиғатын зерделей отырып, оны тіл мен ойлаудың көрінісі екендігін гнесеологиялық және лингвистикалық аспектілермен байланыста қарастырады. Уәждеме(мотивация) мен аталым(номинация) тіл білімінде тығыз бірлікте қолданылады.Бұл зерттеушілер тарапынан қызығушылық танытуда. Уәжділік,уәждеме (мотивация) түсінігі алғаш грек философиясынан бастау алады**.** Грек ойшылдары Платон, Сократ, Аристотель т.б. сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұлғасы арқылы заттың мәнін анықтауға болатынын айтқан.Еуропа ғалымдары жаңа ұғымға атау берудің уәжділік негізін,уәждеме теориясын сөздің ішкі формасымен байланыста қарастырады.

Сөздің ішкі формасы туралы теория тіл білімінде Х1Х ғасыр ғалымдарының еңбектерінде жазылып, ізденушілер тарапынан қолдауға ие болды. Тіл білімінің қазіргі жағдайында сөздің ішкі формасы мен уәжділік ұғымы бір-біріне тең, барабар ұғым ретінде түсіндіріледі.Ф.де Соссюр 1977жылы жарық көрген үлкен бір еңбегінде сөздің уәжділігі мен уәжсіздігі туралы айта келіп: сөзді «таңба» деп алсақ, оның екі жағы болады, бірі - бейне таңбалаушы, екіншісі - дыбыстық бейне таңбаланушы, яғни сөздің мазмұндық мәнін, оның дыбысталуынан бөліп қарауға болмайды,-дейді.Әрі қарай былай жалғастырады: "В слове важен не звук сам по себе, а те звуковые различия которые позволяют отличать это слово от всех прочих, так как они-то и являются носителем значения",- дейді автор. Демек, ғалымның пайымдауынша, соз мағынасы оны өзге атаулардан ерекшелейтін дыбыстық жамылғышының астарында жатыр деп түсінуге болады [1,150].

Жалпы тіл білімінде алғаш рет сөздің ішкі мағыналық құрылымы деген тұжырымдаманы енгізіп, оның уәждеме табиғатымен байланыстылығын ғылыми негізде өз еңбектеріне арқау еткен ғалым - В.фон Гумбольдт болды және ол тіл біліміндегі лингвистикалық концепциялардың бірі *таңба* теориясының негізін қалаушы болып та саналады. Ғалымның еңбектерінде *тіл* бір мезгілде әрі бейне, әрі таңба десе, ал *сөз* жеке ұғымның таңбасы деген қорытынды жасайды[2,92].Ғалымдардың айтқандарынан түйгеніміз: сөздің ішкі мағыналық құрылымы, бұл алғашқы бейне, атауға негіз болатын бейне,онда ұғымның ізі,негізі бейнеленіп, ойға бағыт береді, сол ой арқылы өзек мағынаның дамуына ықпал етеді.

Аталымның ғылыми негізділігі мен уәжділігі туралы мәселе қазақ тіл білімінде көп зерттеліп, ғылыми-теориялық тұрғыдан көп әңгіме болған емес.

Дегенмен, қазақ халқының сөздік қорында *уәж, дәлел* сөздері кеңінен қолданылатыны анық. Халқымызда *айтар уәжің бар ма?, айтатын уәжі бар, айтар уәжі болмаған соң, аузына құм құйылды* т.б. тұлғадағы сөз қолданыстар сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де қолданылады. Қазақ тіл білімінде уәжділік теориясы туралы алғаш ғылыми ой айтқан ғалымның бірі М.М.Гинатулин болды. Автордың *«Құс атауларына байланысты лексикалық бірліктер уәжділігі»* деген еңбегі қазақ тіліндегі тілдік бірліктерді бірінші рет уәждемелік бағытта салғастыра қарастырған.Мұнда орыс,қазақ,ағылшын тілдеріндегі құс атауларының уәжіне қосымша украин,белорус,татар,неміс тілдеріндегі диалект атаулар уәжділігін зерттей келе, әр халықтың өзіне тән атау берудегі негізділігіне,ерекшеліктеріне тоқталады.Бұл еңбекте атаулардағы уәжділіктің дыбысбейнелеуіштік,дыбыселіктеуіштік қасиеттері кеңінен сөз болады[3,11].

«Ішкі форма(сөздің ішкі мағыналық құрылымы)» теориясы М.Оразовтың, Р.Ә.Авақованың еңбектерінде күрделі атаулар мен фразеологиялық тіркестерге байланысты, ал Ә.Қайдардың еңбегінде этнолингвистикалық бағытта толымды пікір айтылған [4,5,6].Ұлтымыздың өзіне тән ерекшелігі мен дүниетанымы негізінде қалыптасып, атауға ие болған кез келген ұғым өзі белгілеп тұрған болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше белгісіне, қасиетіне, сипатына негізделеді. Сондықтан ұғымға берілген жаңа атаудың уәжін зерделеу – тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ тіл білімінде *уәж* термині *мотив* терминінің баламасы ретінде қолданылады. Бұл орайда осы тақырып төңірегінде арнайы ғылыми-зерттеу жүргізген Б.Қасымның, А.Салқынбайдың, Ж.Манкееваның еңбектерін негізге аламыз [7,8,9].

Тіліміздің қазіргі жағдайында түбір, қосымшаға ажыратылуы қиын *мақта,мақтау, мойын,мойны, ұзын,ұзақ, қайғы,қайғыру, қыңыр,қыңыраю, күң,күндес, обыр,опыру, мықыр,мықырайды т.б.* сияқты сөздер қолданылады. Бірақ бұл сөздерді түбір,қосымшаға айыра алмаймыз, дегенмен, түбірлерінің мағыналары көмескіленген бір буынды *мақ, бой, ұз, хай,гай, қың, күни,күні, об, мық* екенін шамалауға болады.Тілдің көне дәуірлерінде бұл түбірлердің өз алдына мағыналары бар жеке-жеке, уәжді сөз болғанын туыстас тілдермен салыстыру, этимологиялық талдау жасау арқылы ажыратуға, шамалауға болатын сияқты.Мысалы, *мақта,мақтау* тілімізде әрі етістік, әрі есім мағынасында қолданылады. Түркі тілдерінің кейбірінде *-мақ,мак* түбір күйінде сақталған. Алтай тілінде және көне түркі тілінде *мак,маг- осы* тұрған күйінде *мақтау, мадақтау, мақтан ету* деген мағынаны білдірген.Қазақ тілінде дербес қолданыла алмай, өлі түбір ретінде сақталып қалған[10,141-142]. Атау болып қалыптасуының уәжі ұмытылған *қыңыр* сөзінің *қың* түбір тұлғасы қазір жеке-дара қолданылмайды.Өз айтқаны болмаса көнбейтін, біреудің айтқанына жүрмейтін адамды қазақ *қыңыр, қырсық* адам дейді. Көне түркі сөздігінде: *қың-враждебный, злой, злобный; қыңыр-косой, не дружелюбный, враждебный; қыңру-косо, зло, не дружелюбно* деп түсіндірген[11,445].Демек, *қыңырай, қыңырайып қалыпты, қыңбады* деген жағымсыз мәндегі сөздер *қың* сөзінің мағынасы арқылы уәжделген деп пайымдаймыз.

Адамзат баласы ақ пен қараны айыра алмаған ескі замандарда әр түсінік үшін бір дауысты дыбыс жеткілікті болған,-дейді Б.Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деген еңбегінде:Мысалы, желдің табиғи қасиетіне байланысты *у* дауыстысы пайдаланылса, есіту қабілетіне байланысты *а* дауыстысы қолданылған.Тоңу, ысыну сияқты эмоциялық әсерлерді *и* дауыстысы білдірген. Демек, тіл дыбыстары әуелде адамды қоршаған әлеммен табиғи байланыста болған.Мысалы, *асты, үсті* көмекші есімдері аса байырғы сөздердің қатарына жатады. Осындағы *у* жоғарыны меңзесе, *а* төменді меңзейді. Аналогия заңы бойынша, адамдар күндіз жердің үстін «үрің» деп түске бөлсе, жердің астын, өздері тұратын үңгірді «қара, қараң» деп түстеуі ықтимал, *у*-ақ түстің, *а*-қара түстің дыбыстық символы болды дегенде осындай ақиқаттың астары жатса керек. Ғалымдардың болжамына қарағанда, негіз түркі тілінде әрі буын,әрі сөз, әрі фонема қызметін атқарған дыбыс комплекстері-силлабофонемалар болған [12,102-103].

Тіліміздегі еліктеуіш сөздер тілдің көне дәуірлерінде айнала қоршаған табиғаттың сан алуан құбылыстарын қайталау арқылы жасалған деседі. Алғашқы сөз болмыстағы, табиғаттағы жеке дара дыбыстарға нақтылы мағына жүктелуіне байланысты олар біртіндеп сөз ретінде қолдана бастаған, сөйтіп этнос тілінің алғашқы сөздік қорын қалыптастыруға негіз болған. Сөзіміз дәлелді болу үшін *Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты* деген сөйлемдегі *арыстан, жолбарыс* деген сөздерді талдап көрейік. Халық өзінің батыр ұлдарын аң патшалары арыстанға, жолбарысқа теңеп, оларды *арыстар,арыстай* деп мадақтап отырған. Бұл сөз о баста еліктеуіш сөз болған сияқты, аң патшаларының арылдаған, арсылдаған даусынан туындауы мүмкін. *Арыстың* соңынан жалғанып тұрған*«лан,тан»*-бір замандағы анықтауыш сөз, ал монгол тілінде *«арсалан»* тұлғасында сақталған. Демек*,«алан, елен»*-түсті білдіретін сөз болған.Бұл қазіргі *–н* дыбысы түсірілген *«ала»* сын есімі болуы да мүмкін. Ал *«Жолбарыс»* атауының әдеби формасы-*«джолуғ арыс»* тіркесі,қазақ тілінде-*жол, жолақ, алабажақ* болып қалыптасқан. *Ғ* дыбысының түсуі нәтижесінде екі сөз біріккен:*«жолу арыс»* сөйтіп туынды сөздің түп негізі қызметін атқарып, жаңа атау жасап тұр деп тұжырым жасауға болады,-деп жазады Б.Сағындықұлы [12,40].

Ойымызды тұжырымдасақ, негізі, уәжі көмескіленген, тіпті ұмытылған сөздердің этимологиясын ажыратып, салыстыра талдау болашақ зерттеушілерге аманат.

Әдебиеттер

1. Соссюр Ф.де.,Труды по языкознанию.-Москва.1977.
2. Гумбольдт В., Избранные труды по языкознанию.-Москва.1984.
3.Гинатулмен М.М., К исследованию мотивации лексических единиц (на материале найменовании птиц) АКД.,- Алматы.1973.
4. Оразов М., Қазақ тілінің семантикасы.-Алматы.1991.
5.Авакова Р.Ә., Фразеологиялық семантика.- Алматы.2002.
6.Қайдаров Ә.Т., Қазақ тілінің өзекті мәселелері.- Алматы.1998.

7.Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме.- Алматы.2003
8.Салқынбай А.Б. Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі. А.,2010.
9. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері.- Алматы. 2008
10.Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.-Алматы.1966.
11.Древнетюркский словарь. -Ленинград. 1968.
12.Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. -Алматы.1994.

УДК 81'344.1

СПОСОБЫ ЗАПОМИНАНИЯ АНГЛИЙСКОЙ ЛЕКСИКИ

Гусейнова М.М. - студентка 2 курса, группы 1703-49
Научный руководитель: Дуйсенова М.М.- PhD.старший преподаватель
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г.Шымкент

Түйін

Жаңа сөздерді жаттау-ағылшын тілін үйренудегі басты міндет. Бұл мақалада мұғалім жаңа сөздерді тиімді есте сақтау үшін қолдана алатын әдістер талданады, сонымен қатар студенттерде ақпаратты қабылдау түрлерін ескере отырып, жаңа материалды зерттеу әдістері мен әдістері қарастырылады. Жұмыста көру және есту қабылдау әдістері, сондай-ақ мнемотехниканың әртүрлі нұсқалары егжей-тегжейлі сипатталған.

В изучении иностранных языков обучающиеся довольно часто сталкиваются с разными проблемами, в том числе эффективного запоминания слов. Актуальность данного вопроса заключается в том, что пополнение словарного запаса считается одним из основных условий для успешного изучения иностранного языка. В связи с этим обучающимся необходимо знать, какие эффективные методы для этого существуют и как использовать приёмы запоминания английских слов для успешного владения иностранным языком.
Прежде чем рассмотреть способы запоминания слов, важно дать определение термину память. Это свойство человеческого мозга, которое позволяет записывать, хранить и при необходимости воспроизводить информацию. Память можно разделить на 3 главных вида: сенсорная память, кратковременная память и долговременная память.

Для успешной эффективной работы механизма памяти важны способы восприятия информации как: эмоции, зрительные образы, звуки, прикосновения и движения.Я хочу отметить ,что преподаватель должен помнить, что знания одного перевода слова не всегда немало для полного усвоения материала: «Знание слова имеется ввиду не только знание перевода слова или заучивание наизусть словарных дефиниций. Даже если учащийся будет знать перевод и определение слова, это еще ни о чем не говорит, так как многие учителя сталкивались с такой проблемой: ученик знает перевод слова, но не может вникнуть в суть предложения» [4, с. 123]. Поэтому преподавателю важно научить учащихся не только запомнить слово, но и понимать и применять его в требуемом контексте.

Присутствуют разнообразные методики которые помогут эффективному запоминанию слов, которые учитывают особенности восприятия информации

у обучающихся. Многие ученые изучают этот вопрос и предлагают свои характеристики и классификации. Рассмотрим использование приемов мнемотехники для запоминания английских слов».

В свою очередь метод мнемотехники содержит в себе разнообразные способы для запоминания информации.

1. Метод прямых ассоциаций. В данном приеме мнемоника предлагает находить в родном языке слова, похожие по звучанию с английским.

2. Англо-русские рифмовки. Существует большое количество рифмовок, которые направлены на заучивание без усилий в стихотворной форме основных грамматических понятий. Такой метод особенно эффективен для детей младшего и дошкольного возрастов.

3. Аналитический приём. Примером этого способа можно назвать анализ английских и русских слов. Например, слово «use» - «пользоваться» произошло русское слово «юзер»-«пользователь», которое уже прочно вошло в русский язык.

Давайте рассмотрим такие способы запоминания слов как использование акронимов и акростихов. В качестве примера можно рассмотреть способ запоминания цветов радуги в английском языке: «ROY G. BIV: Red, Orange, Yellow, Green, Blue, Indigo, Violet». Акростих — это фраза или предложение, где первая буква в каждом слове является началом слов, которые нужно запомнить. Например, существует акростих для запоминания планет Солнечной системы, их количество, и в каком порядке они располагаются:
«My Very Easy Method Just Speeds Up Names:
Mercury, Venus, Earth, Mars, Jupiter, Saturn, Uranus, Neptune» [1, с. 547].

В данной статье «Эффективные способы запоминания английских слов» приводятся основные методы запоминания английских слов. Стоит отметить, что данные приёмы считаются распространенными и их советует большинство преподавателей .

1. Карточки для запоминания слов. Начать можно с названия самых простых вещей дома, либо написать те слова, которые плохо запоминаются. Для этого необходимо использовать яркие бумажки или стикерыПрием с использованием карточек эффективен для визуалов.

2. Составить карты памяти. Этот способ также подходит для учащихся с визуальным восприятием. Карты памяти - это блок-схемы, которые помогают учить слова по заданным темам. Например, тему «Germany» можно разобрать по данной методике следующим образом. На листе бумаги необходимо написать название темы. Затем нужно нарисовать стрелки от слова - рубрики более узкой направленности (символы страны, города, достопримечательности). После этого под каждой рубрикой записываются слова, которые нужно запомнить. Таким образом, получается развернутая тема в виде схемы. Помимо этого, часть слов запоминается уже в процессе рисования схемы.

4.**Повторение новых слов рационально**. Я рекомендую детям повторять каждую порцию слов в 1-й, 2-й, 4-й и 7-й день» [1, с. 128-130]. Таким образом информация запомнится значительно лучше в отличие от повторения в течение дня. Данный метод эффективен для учащихся с любым типом восприятия.

5. Изучение новых слов в контексте. Данный прием эффективен при запоминании многозначных слов или устойчивых выражений. В качестве примера автор рассматривает слово fair: a fairprice - сходная цена, a fairweather-благоприятная погода, a fairboy - белокурый мальчик» [3, с. 130].

Запоминание слов является одним из основных проблем при изучении английского языка.

Литературы

1. . Пермякова С.П. Мнемоника — как техника запоминания английских слов // Инновационный технологии в современном образовании (Королев, 18 декабря 2015). М.: ООО «Научный консультант», 2016. С. 545-549.
2. Пушкашу О.Ф. Использование приёмов мнемотехники для запоминания английских слов // Проблемы педагогики, 2016. № 4 (15). С. 18-21.
3. Пушкашу О.Ф. Эффективные способы запоминания английских слов // вестник научных конференций, 2015. № 4-4 (4). С. 128-132.
4. Султанова А.С. Обогащение словарного запаса английского языка // Обучение и воспитание: методики и практика, 2013. № 5. С. 121-127.

УДК 821. 512. 122

ТЕМА ВОЛЬНОСТИ В ЛИРИКЕ АЛЕКСАНДРА ПУШКИНА

Әсенбек А. – студентка группы 11887
Научный руководитель Абдыханов У. К: к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент

Түйін

Мақалада Марина Цветаеваның Александр Сергеевич Пушкинге арналған еңбектерінде ұлы орыс ақынның мінезіндегі еркінсіздікке наразылық білдерітін тақырыбы қарастырылады. Зерттеуші осы идеяны Цветаева Пушкиннің кіріптарлыққа қарсылығын азаматтық жауапкерілікпен байланстырып ашатынын анықтайды. Сонымен қатар, жұмыста Пушкиннің декабристердің төңкерісін мақұлдамайтынын, әлеуметтік жағдайда қолданыстан щығып кеткен қатынастарымен соғыс арқылы емес, заң түрінде жүргізу керек екендігі де көрсетіледі.

Русская поэтесса Марина Ивановна Цветаева верно отметила характер Александра Сергеевича Пушкина, который протестует против неволи с глубокой гражданской ответственностью.

Бич жандармов, Бог студентов,
Желчь мужей, услада жён –
Пушкин – в роли монумента?
Гостя каменного? – он,
Скалозубый, нагловзорый
Пушкин – в роли Командора?.. [1].

Такой образ поэта-свободолюбца начался формироваться ещё в Царскосельском лицее, который Пушкину является местом возобновления в своей памяти лучших годов ранней юности, также заведением на планете, которое формировало его взгляды на мир и жизненные принципы. Учителя ставили цель – дать лицеистам не только знания и навыки, но и выработать в своих учениках такие качества, как чувство чести и ответственность перед Отечеством. Царскосельский лицей воспитал группу выдающихся прогрессивных людей эпохи, дела которых продолжили последующие поколения. Здесь юный Пушкин размышлял о внутреннем содержании жизни человека, своём предназначении. Следует отметить, что учёба молодёжи в Петербурге, думающей о разумном основании смысла жизни, невольно вела к свободолюбию, так как большинство педагогического коллектива придерживалось передовых взглядов. Так же в лицее юный поэт сблизился с воспитанниками, которые в будущем стали сторонниками политической и социальной реформ в России. Взаимное доверие и открытость сблизили его с Дельвигом, Кюхельбекером, Пущиным. В Царскосельском лицее царила особая дружелюбная атмосфера, которая способствовала братству молодых людей, которые были связаны поэтическими узами.

Петербургский период положительно отразился на творчестве Пушкина, в это время он сближается с такими будущими участниками декабрьского восстания, как М. Лунин, М. Орлов, И. Якушкин. В то время, когда он находился в Петербурге, усиливаются близкие отношения с П. Чаадаевым, основанные на взаимном доверии, привязанности и общности.

Тем не менее, Пушкин, хорошо относясь к декабристам, имел другую точку зрения, чем они. Поэт, как бы ни был свободолюбивым, следовал закону. Он не принимал переворот, с устаревшим надо вести не беспорядочную войну, всё должно совершиться в рамках закона.

Увижу ль, о друзья, неугнетённый
И Рабство, падшее по мании царя,
И над отечеством Свободы просвещённой
Взойдёт ли наконец прекрасная заря [2].

Пушкин считал, что к свободе надо стремиться не по воле народа, а должно решиться благоразумным решением власти имущих. Вот это есть достижение прогрессивной ступени социального развития и материальной культуры, определяющую следующую общественно-политическую формацию. Этот путь можно пройти без кровопролития.

Несомненно, мысли и дела Пушкина, его последователей, передовых людей той эпохи, приблизили Россию к цивилизованному развитию общества.

Декабристы потерпели поражение. Участники восстания были наказаны, тем не менее поэт-вольнодумец не порывает связи с восставшими.

Поражение выступления декабристов не повлияло на отношение Пушкина со ссыльными товарищами. Он не прерывает связи с восставшими, стремясь поднять их духовное состояние, посвящает им стихотворное послание:

Оковы тяжкие падут,
Темницы рухнут – и свобода
Вас примет радостно у входа,
И братья меч вам отдадут [3].

Однако Пушкин, узнав о том, что пять самых активных участников восстания были казнены, был глубоко потрясён. На полях черновиков своих произведений он часто изображал виселицу. Это свидетельствует о том, что поэт представлял царя другим. Таким образом, самодержец для Пушкина перестал быть опорой государства и становится объектом критики. Поэт желает краха самовластью:

Товарищ, верь: взойдёт она,
Звезда пленительного счастья,
Россия вспрянет ото сна,
И на обломках самовластья
Напишут наши имена [4].

Это немедленно изменило отношение царя и придворных к Пушкину. Его стали активно преследовать представители власти, лишённые какого-либо дара. Нападки эти были особенно мучительны, оскорбительны для поэта, которые привели к трагическим последствиям.
Несмотря на позднейшие события, поэт остался верен своим принципам:

Волхвы не боятся могучих владык,
А княжеский двор им не нужен;
Правдив и свободен их вещий язык
И с волей небесной дружен [5].

Итак, необходимо отметить, что поэт-вольнодумец, несмотря ни на что, оставался верным идее свободы, вольно излагать свои мысли.

Литература:

https://slova.org.ru/cvetaeva/bichzhandarmov/
https://www.livelib.ru/quote/43298941-stihotvoreniya-aleksandr-pushkin
https://rvb.ru/pushkin/01text/01versus/0423_36/1827/0432.htm
https://www.culture.ru/poems/4453/k-chaadaevu
https://rvb.ru/pushkin/01text/01versus/0217_22/1822/0127.htm

ӘОЖ 511.727.304

ӘКІМ ТАРАЗИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

Шаншархан Асылзат – 117-27 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сапарбаева Қ.Ж. – Ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Summary

The article will focus on the image of heroes in the works of Akim Tarazi. The characters in Tarazi's works are a collection of artistic images taken from life. No matter how far we analyze the works of Akim Tarazi, it is impossible to reach the end. Almost all of Tarazi's works require deep study.

Сонау бір зобалаң қиын жылдарда өмірге келіп, балалық балдәурен шағы Екінші дүниежүзілік соғыстың зұлмат жылдарына тап келген жазушы ел мұңын мұңдап, уақыт сырын нәзік жанымен ұғып қолына қалам алған қай уақытта да оқырман көңілінен шығып, халық жүрегіне жол таба білген. Қай жанрға қалам тартса да өз тұстастарына ұқсамауға тырысқан, өмір шындығын өзінше бейнелеп, замандастарының қилы-қилы бейнелерін жасап, олардың ішкі жан дүниесін, тұрмыс-тіршілігін, жақсылығы мен жамандығын шығармаларына арқау еткен Әкім Таразидің қай шығармасын алып қарасақта ащы шындықты астарлап болсын жеткізетін талант иесі. Әрбір шығармасы оқырман қауымға ой саларлық дүние.

«Ақбердінің ауласы» романы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ ауылы мен қазақ баласының тауқыметті тағдырын суреттеуге арналған. Қаршадай бала Бораштың көзімен, ой-түсінігімен сол уақтағы адамдардың қажыр-қайраты, ерік-жігері, төзімділігі, алдағы күнге деген нық сенімі айқын аңғарылады. Бораш мектеп табалдырығын енді ғана аттаса да, есті, намысшыл бала. Айналасына ой сала қарайды. Шығарма Бораштың анасымен, кішкентай бауырларымен поездан түсіп нағашысының ауылына келе жатқан сәтін суреттеуден басталады. Жасының кішілігіне қарамастан інісін арқалап, саз, батпақ жолда нағашысының соңына ілесе алмай арқасындағы баламен жерге құлаған сәтін автор: «Бораштың көзінен жас шығып кетті, абырой болғанда, нағашысының байқамағанын медет етті, намысқор бала өзінің әлсіз сәтін өзіне кешірмейтін» деп суреттейді [1, 74]. Соғыс кезінде үлкен адам тұрмақ, баланың өзі де қайсар, намысқой, жігерлі болғанын байқаймыз. Балаға деген аянышпен бірге, ризашылық сезімі пайда болады. Автордың кейіпкерді суреттеген кездегі ойлары оқырманның да сезінуіне жетелейді.

«Ақбердінің ауласы» хикаяты жөнінде автордың берген сұхбатынан Ақберді ақсақалдың өмірде болғанын білеміз. Автор өзінің балалық шағындағы бастан өткергенін осы туындысында көрсеткен. Өз өмірінің әрбір бөлшегі шығармаларынан көрініс тауып отырады. « – Ақберді ақсақал өмірде болған адам. Ұлы Отан соғысы басталған кезде менің әкем Шу ауданында Мойынқұм деген жерде орта мектептің директоры болған еді. Соғысқа өзі сұранып кетті. ...әкем соғысқа кеткеннен кейін, анам үш ұлымен жалғыз қалды. Өзі хат

танымаған сауатсыз адам еді, байдың қызы болған. Шаруашылыққа да икемі жоқ еді. Бізге күн көру қиындап кеткеннен кейін анамның ағасы Саттар нағашым бір түнде келіп бізді өзінің үйіне көшіріп алып кетті. Біздің түскен үйіміз нағашымның Ақберді деген қайын атасының үйінің ауласы еді. Бибісара деген жалғыз қызының болғаны да рас. Біз сол отбасында тұрдық. Бұл ауласында өткен өмірім тек осы шығарманың еншісінде», - деген Әкім Тарази шығармаларының өмірмен сабақтастығын анық көресете білгендей.

Өткен ғасырдың 30-жылдары қазақ тарихының ең бір қаралы беттері реттерінде бейнеленетіні бізге аян. Қолдан ұйымдастырылған ашаршылық барысында халқымыздың тең жарымына жуығы қынадай қырылды, біразы шетел асты. Сол жылдардың көрінісін Әкім Тарази бізге «2999999+1» әңгімесі арқылы тағы да көз алдымызға келтіре отырып шағын эпизодпен көрсете білді. Ашаршылықта адам етін жегендер туралы әңгіме оқырманды дүр сілкіндірмей қоймайды. Әңгіменің формасы да ерек, бірнеше шеңберден тұрады.

Бірінші шеңбер: Омар деген кісі Мәскеуден пойызда келе жатып қайтыс болады.

Екінші шеңбер: Омар пойызда келе жатып, Абыз деген кісінің пойыздағы әңгімелерін есіне алады.

Үшінші шеңбер: Абыздың ашаршылық туралы естеліктері. Абыз ашаршылық кезінде адам жейтін ауылға кезігіп қалып, қазақтар адам етін жейді деген сөз тарап кетпеу үшін адамжегішті атып тастайды. Абыз миллиондаған адам аштан қырылып жатқанда, оның қолынан бір адамның қаза табуы соншалық ауыр күнә емес-ау деп ақталады.

Әкім Тарази - әр сөзін нығырлап теріп жазатын зергер жазушы. Оның әңгімелерінде көзге бірден ұратыны - жазу мәнері: бір сөйлемде бір сөзді бірнеше рет әдейі қайталайды; әр сөйлем сайын сипаттаудың экспрессиясын үдете түседі. Бірнеше шығармаларында «Өңгеге мейірімді өмір, Сұлтан дегенде қырсықты қырын көрсетуден жазбады. Өңге балалар – бала сияқты, Сұлтан болса қап-қара, жіп-жіңішке, жолдастарына мазақ болумен өтті», - деген жолдарда өзге сөзін өңге сөзімен алмастырып қолданады. Бұл жердегі айтып тұрған Сұлтаны қаншама шығармаларында жазылып жүрген өмірі жолы болмайтын кейіпкері. Жазушының Сұлтан атты кейіпкері тек «Сәнжан мен Перизат» хикаятында ғана осылай кездеспейді. Біз оны «Келін», «Ауыл шетіндегі үй», «Жабы сәйгүлік», «Сауал», «Хош, көлеңке» әңгімелерінде Сұлтанның бейнесін кездестіреміз. «Келін» әңгімесінде Сұлтанды әкелі-балалы Танабай – Тұрардың көршісі ретінде танимыз. Сұлтанның бұл әңгімеде бейнесі қатты ашылмаған. Одан кейін «Ауыл шетіндегі үй» әңгімесінде «Сәнжан мен Перизат» хикаясының жалғасы іспеттес. Еркебұланмен айтысып ақыры, өзі жеңіліп тынды делінеді. «Жұрт оны бұрын қара қайыс Сұлтан деуші еді. Енді лақабы – Жаман Сұлтан» [2, 152]. Жалғыз әкесін асырай алмаған, ауылдың бәрі шатырлы, әдемі үйлер салған, ал Сұлтан болса жатаған ескі үйде тұратын жалғыз жан ғана. Өмірі соры ашылмаған Сұлтан бейнесін осындағы әңгімеден анық көре аламыз. «Жабы сәйгүлік» әңгімесіндегі Сұлтанныңда жолы

болмайды. Тарағай екеуі Көкала атын алуға Қанатбайлардыкіне барады, бірақ Көкала өліп қалып құр қол қайтады. Тарағай ызыланып, жылап Сұлтанды қамшымен тартып жіберіп шаба жөнеледі. Сұлтан болса ешнәрсе дей алмай қалып қояды. «Сауал» әңгімесінде: «Өгіз өлгеннің» үстінде қызылшаға дәрі сеуіп жүрген қос қанатты «Кукурузник» кенет ауылға қарай құлдилап құлайды. Самолеттің ішінен ұшқыш секіріп шығып, жанында жатқан адамды халық шулап жүріп өліп қалды ма деп шығарса Сұлтан екен. Ұшқыш ашумен келіп Сұлтанды жағынан тартып жіберді. Сұлтан басын шұлғып қалып, көзін ашты, халық қыраң-топаң күліп, е бұл Сұлтекең өлуші ма еді деп мәз болып қалды[3, 100]. Сосын бәрінің білгені Сұлтан ұшқышқа жалынып қоярда қоймай мінгіз деп мініп алған көрінеді. Ұшақ аспанға қарай көтеріле бергенде Сұлтанның көзі бақырайып, айқайлап ұшқышқа жабысып, соңында осылай апатқа әкелген екен. Сұлтанның үнемі осылай күлкіге қалып жүретініне халық үйреніп қалған. «Осы мен тағдырға не жаздым» дейді. Өзгеге мейірімді тағдыр Сұлтанға дегенде қырсықты да қалды. Бұл сөйлем жолдары, Сұлтан бейнесін ашуда осы әңгімеде де қолданғанын байқаймыз. Сауалда да Сұлтанның әйелі ретінде Зара бейнеленеді. «Хош, көлеңке» әңгімесінде де Сұлтан Еркебұланға қарсы тарапты жақтайтын бейне. Еркебұланның зығырданын қайнататында осы Сұлтан. Жинақтағы әңгіменің бәрінде дерлік автордың мені менмұндалап тұрады.

Таразидің әңгімелерінде жалаң морализаторлық жоқ. Ол өмірдің елеусіз бір сәтін әріппен айна-қатесіз тізіп шығады. «Әнім сен едің» әңгімесінде кейіпкердің махаббатта жолы болмай, қызы басқа қалаға көшіп кетеді; «Қара таңба» кейіпкері өзінен білімдірек баланы қызғаныштан садақпен атып тастайды; «Штык пен жүректе» - асылып өледі.

«Тәж» - кейіпкердің түсі формасындағы әңгіме. Түс оқырманды Махамбет Жәңгір ханның ұлына ұстаздық етіп жүрген уағына апарады. Түс көруші о баста түс көріп жатқанын білмейді, бірақ түс екенін түсінген соң сюжетке қатысы жоқ ойларын айтып кетеді, түс көрушінің ойында қазіргі заманның әндері мен Махамбеттің жырлары сапырылысып жатады. Әңгіменің соңында түс көруші камера объективі боп шығады, демек әңгімедегі оқиға да кино боп шығуы ғажап емес.

Қорыта келгенде, Әкім Тарази - 1960 жылғылардың шоғырында шоқтығы биік тұрған қайталанбас жазушы. Ә.Таразидің көркемдік жүйесінде шығармаларының өзгеше өрнектелумен ерекшеленеді. Оның кейіпкерлерінің көпшілігі тосын тағдырлар иесі, алмағайып әрекеттерге құмар жандар болып келеді. Толып жатқан кісіліктің, тектіліктің, адалдықтың не аярлықтың, таяздықтың, дүмшеліктің, бір сөзбен айтқанда тоғышарлықтың шығармадан шығармаға көшіп жүретін типтік бейнелері. Мұндай кейіпкердің бейнелері тек психологиялық портретін ғана емес, дәл сол сәттегі адамның жан толқынысын, характерін, тосын іс-әрекетін тереңдей ашады. Жазушы сыртқа серпін беретін, емеурін мен ишараны тудыратын ішкі жан әлеміндегі құпия қалтарыстарды, ішкі қыртыстарды назардан тыс қалдырмай суреттейді.

Әдебиеттер:
Тарази Ә. Шығармалары. III. Тырна, тырна, тырналар: әңгімелер, хикаяттар және роман. – Астана: Фолиант, 2013. – 408б.
Тарази Әкім. Көкжиек: Повестер мен әңгімелер. –Алматы: Жалын, 1980. -248 бет.
Тарази Ә. Ауыл шетіндегі үй. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2006. – 248 бет.

ӘОЖ 601.701.121

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ «ЖЫЛАННЫҢ УЫ» РОМАН-ХИКАЯТЫ

Сапарбекова Д.А. - 117-27 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Сапарбаева Қ.Ж. - ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Summary

*The article deals with the history of the novel "Snake Venom" by Tynymbay Nurmagambetov***.**

Соңғы жылдары қазақ прозасының тоқырап қалғандығына алаңдайтынымыз рас. Белгілі ақын Темірхан Медетбек айтқандай, «тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан орта шеніне дейін әдебиетіміздің ауыр арттиллериясы аталатын проза жанры белгілі бір дәрежеде аңтарылып, абдыраған дағдарысқа, қаңтарылып қалған тоқырауға ұшырады» [2,9б]. Қазақ прозасының алыптары бірінен кейін бірі сөз өнерін ағылтқан сол заман бүгін келмеске кеткендей. Сол тоқырау прозаны тұсауланған ат секілді алысқа шапқызбады. Әдебиетте бірлі-жарым жастардың шығармалары көрінгенімен, олар да үлкен әдебиеттің көшіне бірден ілесіп кете қойған жоқ. Сондықтан өткенге өзеуреп, өзегіміз талып тұратыны жасырын емес.

Әрине, қазақ прозасының көші тоқырағанымен, әдебиетте мүлдем жаңалық жоқ деп, жауырды жаба тоқуға да болмайды. Әдебиет тоқтап қалмайтындығын ісімен де, қаламымен де дәлелдеп жүрген дарындар жоқ емес. Соның көш басында Тынымбай феномені тұратыны сөзсіз ақиқат.

Тынымбай шығармашылығының артықшылығы неде? Шынайылығында. Не себепті, қаламгердің шығармаларына деген оқырманның махаббаты суыған емес. Өйткені, оның туындыларында *Өмір* бар. Өмірдің шындығы бар.

Оқырман махаббатына бөленген шығармалардың бірі де бірегейі - «Өлке» баспасынан «XXI ғасыр шығармалары» сериясымен Тынымбай Нұрмағанмбетовтің «Періштелер өлімі» роман-хикаяты. Баспа мен қаламгердің өзара келісімшарты бойынша жарық көрген бұл жаңа роман талантты автордың ғана емес, соңғы жиырма бес жыл көлемінде қазақ әдебиетіне келген елеулі құбылыс еді.

Бұған дейін де ауыл өмірін өзінің шығармаларына арқау етіп келген Тынымбай Нұрмағамбетов мына жаңа роман-хикаяттарында бүгінгі ауыл өміріне, қарапайым адамдарына суреткерлік көзбен жаңаша қарай білген. Оқырман бүгінгі заман шындығындағы қарапайым адамның жантүршігерлік ауыр тағдырын көрсетумен бірге, сол талайлы кейіпкерлердің өмірге құштарлығына, болашаққа балалық пәк көңілмен риясыз сенетіндігіне тәнті

болады. Автор шығармасында өмірдің боямасыз, ауыр кезеңін шынайы суреттей келе, өзінің жеңіл жібек юморы арқылы қалай десек те, өмір өз ағысымен аға беретінін оқырманына әдемі жеткізеді.

Ф.Кафканың: «Біз өзімізді тістеп, шағатын кітаптарды ғана оқуымыз керек деп есептеймін. Егер оқыған кітабың тас төбеден бір ұрып, жойқын соққы бергендей әсер етпесе онда оны оқудың не қажеті бар?» [3, 6б] деген сөзі жазушы шығармашылығына дәл арналғандай. Шығармаға қойылатын басты өлшем, негізгі талап осындай болу керек.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Періштелер өлімі» кітабындағы «Жыланның уы» хикаяты бүгінгі күннің шындығын айтып отырып жаныңды сыздатқан жараңа тұз себетін сондай шыншыл да мұңлы шығарма.

«Жыланның уы» хикаяты сюжет құрылысы мен бейнелілігі жағынан триллерге ұқсайды, финалы естен тандыра жаздайды. Адам сияқты қуанғанын, сөйлегенін, күлгенін ғұмырда ешкім көрмеген, қабағы түксиген қара кісі жылан уын алу үшін жұмыс іздеп жүрген қазақ жігіттеріне болымсыз ақша, киілген киіммен мәз қылып, 3-4 ай күтімін жасап, ұшқан құстың қанаты талатын Қызылқұмның аптап ыстығына бауырын қыздырған жыландар ордасына апарып, құдыққа түсіріп, жыланға шақтырады. Жылан уын сатып байып отырған, сол үшін зұлымдыққа баратын бұл типаж құбыжық бейнеде (монструоздық) көрінеді. Жалпы «Жыланның уындағы» әр бейне таныс, анық, бейнеттен ерте қартайған Шырай сияқты жеңгелер де, тіпті ауылда той-томалақ болғанда бауырсаққа таласқан балалардың кір-қожалақ қолдары да көзге жылы ұшырайды, атмосферасы бөлек, Шертайдың айлығын жіберген сайын ауылдағы жеңгесін, бауырларын қуантсам деген мінезін айтсаңшы, ауылдағы келіншегін ұмытып, қысқа уақытта көңілдес тапқан ағасына өкпелеп жүрсе де құдыққа түсерде ағасы үшін жанын беретін сезімдері тірі, оқырманды еліктіріп баурап әкетеді. Автор күнкөріс үшін қалаға жұмыс іздеп кеткен Шертай мен Байшұбардың ішіне үңіліп, оларды ажалға айдаған қара кісінің әрекеті арқылы адамның ішкі әлеміне тереңдеп қана қоймайды, адамның құны, қоғамның рухани құрылғысының проблемаларына көңіл бөледі, психологиялық реализм үлгісін көрсетеді. Байқасаңыз, автор әр шығармасында шындық айтады, ол - өзіміз мойындауға дәтіміз жетпейтін шындық. Анау жылан саудасымен айналысатын қожайын кім? Ол шекарадан миығынан күліп жүріп өтіп алып, аңқау қазақты алдап жем қылып, теспей сорып жүрген келімсек. Осы жерде өзгелерге есеміз кетіп жүретін, өзіміздің аңғалдығымыздан сорлап қала беретін, асатпай жатып құлдық дейтін мінезімізге сырттан қарағанның удай ащы күйініші болатынын анық ұғасың. «Аға, мен бірінші түсейін»[1, 98б] деп аңқылдаған күйі жылан толы құдыққа түскен ақжелең Шертайды жыландар шағып өлтірді, бауырын өз қолымен жыланға тастағандай болған Байшұбардың одан әрі өмір сүруге қақысы да жоқ еді, (оқырман оған өз ішінен үкім шығарып отырады), ақыры ол өзін атып тастады. Адам жанын әр қырынан қарастырып үйренген жазушы періште көңіл Шертайды құрбандыққа қиып тым қаталдыққа барғанда өмірде зұлымдықтың шегі жоғын аңғартқаннан бөлек оқырманының

эмоциясын байқағысы келген де шығар, әйтеуір, сол уды өзің ішкендей боласың. Авторға сенгендіктен де соның бәрін – күйзелу, үрей, ыза, дәрменсіздікті өз ішіңнен өткізесің, оқырманды ана шеттен мына шетке лақтыра беретін кульминациясы әлдебір қорғансыздықты, айықпас мұңды сезіндіреді. Шығарманың ойдан шығарылған дүние екенін біліп отырсаң да автордың тұспалмен айтқан шындығына қарсы ештеңе дей алмайсың. Ол шындық – мейірім, адамгершілік жоғалған жерде жер-әлемде қара түнек қана орнайтыны. Оқиғасы қарапайым басталып шарықтап кететін, ақыр соңында естен тандырарлық болып аяқталатын сюжетімен де, кедей-кепшіктің өлсе құны сұраусыз екенін жеткізіп, проблема көтеруімен де, жалпы стилистикалық эксперименттерімен де құнды, осы себепті де Тынымбай Нұрмағамбетовті дәуірдің рухани ахуалын, классикалық жанрларын, бағыттарын, формаларын меңгерген, әдеби дәстүрлердің қалай дамитынын түсінген, мәңгілік сұрақтарды жаңа формада көру үшін өз сыни ойлауы мен эстетикалық талғамын дамытқан жазушы деп танимыз.

Сонымен өн бойында терең әлеуметтік-психологиялық тамыр бар, автордың күрделі ішкі әлемін, стилистикалық мүмкіндігін көрсететін, философиялық проблемаларды көтерумен ерекшеленетін «Жыланның уын» қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің үздік шығармасы дер едік. Хикаяттың трагедиямен аяқталғаны бекер емес, біздегі қоғамдық сананың рухани матрицасының өзгеруінен соңғы жылдары қазақтың уайымы, мұңы көбейгенін жасыра алмаймыз. Бәлкім, соның бәрін көрсете білгені үшін де Тынымбай Нұрмағамбетовты оқитын шығармыз. Тынымбай Нұрмағамбетов оқыла береді. Ол – классика. Әдебиетті баяғыдай құрметтемеушілік белең алған кезде де біз оны оқуды тоқтатпаймыз, оның әңгіме-хикаяттарынан тірі кейіпкерлерді кездестіреміз, өйткені классика адамдар мен тағдырлардың үлгісі.

Әдебиеттер:

1. Нұрмағамбетов Т. Періштелердің өлімі: роман-хикаяттар, «Өлке» баспасы, -Алматы, 2016
2. Медетбек Т. Мақала. Алтынкөпірліктер. 2008
3. Письма. «к Оскару Поллаку», 1904

ӘОЖ 601.701.121

ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ «АЙҚАЙ» ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

Сапарбекова Д.А. - 117-27 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сапарбаева Қ.Ж. - ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются о повести Тынымбая Нурмагамбетова «Айкай».

Өз табиғатына сай тақырып-талғам аясының кеңдігімен ғана емес, әдеби-көркемдік, мазмұндық-пішіндік, психологиялық-философиялық, әдіс-тәсілдік жағынан да дараланып, жан-жақты, терең ойлылықты тынымсыз бейнет пен үнемі ізденісті талап ететін күрделісі де қиыны да – проза. Осы бір жанрдың

ыстығы мен суығына бірдей көніп, бір адамдай тыңбай еңбектеніп келе жатқан жазушылардың бірі – Тынымбай Нұрмағамбетов. Жазушы таланты мен шеберлігінің көрінісі – өзі терең білетін, зерттеп игерген, мәңгі толғандыратын тақырыбын жазып, оған мейлінше сәйкес түр, жанр таба білуінде. Т. Нұрмағамбетов те өзінің тамаша талантын әңгіме, повестерінде жарқырата көрсетіп, тақырыбын жан-жақты ажарландырып, нұр мен сырға тұнған туындылар тудыра білді.

Т.Нұрмағамбетов шығармаларының көбіне тән бір ерекшелік – кейіпкердің жан әлемін бейнелеудегі нәзік сыршылдық, көңіл-күйінің толқымалы құбылыстарын сезімталдықпен аша білу, шығармада парасат нышанының адамгершілік сипаттарымен үйлесімді дамуы десек болады. Жазушының шығармаларында басты идея кейіпкердің іс-әрекеті, әлеуметтік тіршілігі арқылы ғана емес, тебіреніс-толғаныстары, қуаныш-сүйеніші, өмірге көзқарасы, әртүрлі сезім күйлері арқылы да көрініс табады.«Т.Нұрмағаметовтің прозасындағы идеялық-көркемдік ізденістер өлім фактілері, кайғылы ситуацияларға белгілі бір суреткелік мақсат жүктеу жазушыға тән және бұл ретте де қаламгер әлемдік әдебиетте қалыптасқан іргелі дәстүрлерді еркін игеріп, меңгергенінің куәсі боламыз» [1, 280б].

«Жазушы көргенін емес, сезінгенін жазады»[2, 88б]. Рас-ау, әйтпесе, мына өмірде не болмай жатыр!? Бәрі бірдей қағазға түсті дей аламыз ба? Болмаса, бір жазушы бүкіл көргенін жаза бермейді ғой. Сезім деген нәзік тамыр бар ғой, соған тиіп кеткен кездеее... міне, осы кезде ғана бірдеңе шығады сыртқа.

Толғаныс әр қаламгерде болады. Жиі болады. Оған бірдеңенің әсер ететіні тағы анық. Өзге адам, өзге елдің басындағы қиындық әлгі нәзік тамырды шертіп кеп жібереді де... күйдей төгіледі... Міне, осындай бір тебіріністен жазылған шығармалардың бірі, белгілі қаламгер Тынымбай Нұрмағамбетовтың сонау грек-түрік соғысы тақырыбына арналған «Айқай» повесі. Жазылмас дертке ұшыраған қарапайым түрік баласының тағдырын арқау ете отырып, жазушы соғыс жеңімпазының қуанышы, жеңілушінің қайғысы ғана емес, сонымен бірге соғыс – зауал деген ой тұжырымдайды.

«Айқай» жинағының алғы сөзінде өзінің Туркия еліне сапары, ескі Анкара қорғанын аралауы, сонда көрген жайларын, бөленген әсерін тамсана айта келе, көне түрік мінез өнер сүйер қауымды бей-жай қалдыра қоймас құдіреті, оның таза түріктік болуы себепті, тарихы да арғы замандарға енетінін сезіп жүргенде, теледидардан түрік соғысын бейнелеген сериал көріп, айналып келгенде осылардың барлығының да осы повестің тууына себепші болғанын айтады. Жазушы әсіресе, Дионистің бейнесін жасауда атақты шешен бишісі Махмуд Әсембаев тағдырының себепші болғанын айтады.

«Айқай» – ертедегі түрік-грек соғысын баяндаған шығарма. Негізгі авторлық идея осы бір атынан бесіктегі бала түршігетін қасіреттен жапа шеккен, қайғының қара бұлтын төндіретін зұлмат-күштің жанды ауыртар жарасынан, ащы дәмінен тыс қалған бұл әлемде халықтың да, елдің де жоқ

екенін, соғыс салған сұмдықтардың талай жүректердің түбінде мәңгі жатталып, қанжардай қадалумен қалатынын ескерте келе автор азат еліміздің аспанында шөкімдей де бұлты көрінбесе екен деп тілейді.

Суреткер шығарма сюжетін неліктен қазақ топырағынан тыс, грек-түрік соғысынан бастап алды екен деген сауалға жауап повестің өн бойынан өріліп отырады. Осы екі халықтың арасындағы бір кезде болған бітіспес жаугершілік пен Мехметтің ұлының алапес ауруы әдеби фон ретінде алынып, авторлық танымы, айтпақ ойы «шынайы сурет» басқа арнаға ауысып отырады. Жазушының шығармасына қазық қылып қағып алған тіреуі – қақтығыс (конфликт). Жер бетінде жетіп артылатын жаугершіліктен туындайтын кесел – екі елдің арасындағы қақтығыс Мехметтің жан дүниесіндегі «қақтығысына» ұласып, қатарластырыла алынуы.

Адам болып, пенде болып жаратылған соң пендешілік әрдайым қосарланып, жағаласып қатар жүреді. Пендешілік өлшемге, қалыпқа сыймау, ел-жұрттың көңілінен шықпау – қабылдамауға – қарсылыққа – «Жатсынуға» – Жалғыздыққа әкеліп тірейді. Қаламгер повесте осы жатсыну сарынын екі жақты қылып алған. Бірі, алапес ауруына шалдыққан жасөспірімді айналасы, қоршаған ортасы дейміз бе, солардың ішіндегі туған-туыс, жора-жолдас дейміз бе, бәрінің ат-тонын ала қашуы – жатсынуы. Екіншісі, көптің көңілінен шығу үшін жалғыз ұлдарынан бас тартып, жатсынған – туған әке мен шеше.

Мұны істемеске амалы жоқтай. Ел болған соң сол елдің заңына бағынуы керек. Қоғамға қатерлі адамды аластауға туған әкесі болса да мәжбүр. Алапес дертке ұшыраған баланы сол қоғамы жатсынып отыр. Көптің көңілінен шығу үшін маңдайындағы ай мен күндей жалғыз ұлды туған ата-анасы жатсынбасқа амалы жоқ сияқты.

Автор Құдайдан тілеп алған баласынан тірідей жерініп, иен таудың арасына апарып тастап қашып келе жатқан байғұс әкенің көңіл-күйін психологиялық тебіреніспен суреттеп, айшықты прозаның өрнектерін қолданады.

Шығармашылық жолындағы қаламгердің жаңа бір белгісі – осы повесі. Өйткені осы уақытқа дейін бүгінгі өмір мен замандас бейнесіне қалам тербеп келген жазушы енді әлемдік тақырыптарға қадам басады. Бұл шығармада жалпы адам психологиясы, адамзат бейнесінің сан қыры ашылып, мәңгілік сұрақ тудырып келе жатқан – соғыс мәселесі, соған сай өрілген философиялық ойлар қорытылады. Еліміз тәуелсіздік алған соң жазылған бұл көркем туындыда туған елге деген сағыныш, адамды жерден, атамекеннен айырудың ең бақытсыздық екені, сонымен қатар туыс түрік халқының өткен өмірінің қиын-қыстау шақтарына кісіні еріксіз жетелететін оқиғалар баяндалады.

Қорыта келгенде, Т.Нұрмағамбетовтың бұл шығармасындағы түрлік ерекшелігінің бірі осы «АЙҚАЙ» дан танылады.

«Сонда ғана шаң қаланың төсімен,
Айқай салып жүгіремін ішімнен.
Шұбыртамын санамнан да есімнен,

Күнәларды Құдай маған кешірген»[3, 55б] , – деп Ақберен Елгезек іштей айқай салып жырласа, Тынымбай Нұрмағамбетов тіліне, нәсіліне, ұлтына қарамайтын айықпас ауыр дерт алапес шынтуайтында тәніне ғана емес, жан-жүрегіне, жан-дүниесіне алапес дағы түскен барша адамзаттың баласының АЙҚАЙЫН, авторлық Жан Айқайымен беруге ниеттенген.

Әдебиеттер:

Рахымжанов Т. Қазіргі қазақ романының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1992
Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. – Алматы: Білім, 1999
Елгезек А. Көлеңкелер күбірі. – Астана: Фолиант, 2009

ӘОЖ 501.170.127

ҚАЛИХАН ЫСҚАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Нұрбек А.Н – 117-27 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сапарбаева Қ.Ж – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The article tells about the realities of life in the stories of Kalikhan Iskak. K. Iskak's contribution to the literature is significant. In his stories, he focuses on honored people in the field of education and science, focusing on the achievements of man from childhood to the present day.

Қазақ прозасына сұлу ырғақ, ойлы тебіреніс, тың образдар әкелген сыршыл жазушылардың бірі – Қалихан Ысқақ. Айрықша эпикалық романтикасымен соңғы ширек ғасырдай уақыт қазақ әдебиетіне келісті рең берген, өзіндік қолтаңбасы бар өр Алтайдың тұмса таланты туған өлкесінің табиғатын, шулаған қара орманы мен Бұқтырманың булыққан сарынын көркем прозада шебер бейнеледі.

Әдебиет туралы түсініктердің құйылар сағасы, ең басты кейіпкері, объектісі – адам. Яғни, көркем шығарманың негізгі нысаны – адам өмірі, оның қоршаған ортасы болып табылады. Басқа әдебиет шығармаларындағыдай, Қ.Ысқақ көркем шығармаларында да адам образының небір керемет үлгілері жасалған, образдардың қызық та, қиын тағдырлары оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Қ.Ысқақов туындыларында ой-сезімді тұтқындап, баурап алатын, тебірентетін образдар бар және ол образдардың өресі мен өрісі де кең. Осы шеберліктің сыры мен әдісі көп қырлылықты талап етеді. Сюжеттік желі, композициялық бітім, образ, деталь, тіл мен стиль ерекшеліктері шеберлікті қамтиды, бұл компоненттер бір-бірімен жымдасқанда ғана, яғни қарым-қатынасқа түскенде шығарманың тынысы кеңейетіні аян.

Әрбір жазушының әдебиет тарихындағы орнын белгілейтін өзіне тән ерекшелігі, ол ерекшеліктің әдебиеттен міндетті түрде орын алып, мәңгілік берік негізге айналуы заңды. Қ.Ысқақтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі зор және ол өз шығармаларында шын өмірде болған оқиғалар мен құбылыстарды арқау ететінімен ерекшеленеді. Өмір шындығын бұлжытпай, дәл беруімен қатар, қазақ халқының өз топырағының, өз өмірінің, өз әдебиетінің, өз

ғылымының белді мүшелерін басты қаһарман етіп алады. Қ.Ысқақ шығармалары ішінде повесть жанрында жазылғандары басым көпшілігі болып келеді. Өз повестерінде білім мен ғылым саласындағы ардақты адамдарды тақырып етіп ала отырып, ол адамның балалық шағынан бастап сол күнге дейінгі жеткен жетістіктеріне кеңінен тоқталады. Осылай кеңінен толғауға повесть жанрының әлі келеді екен. Повесть пен роман арасындағы айырмашылық туралы айтқанда олардың арасына шек қоймай Г.Н.Белинский: «... көлемі кішірек демесең, повесть те роман», - дейді [1,269 б.]. Оқиғаны кең қамту, персонаждарды көп алу жағынан әрине романның артықшылықтары бар. Бірақ, повесть өмір шындығының детальдарын азырақ атқарады.

Кез келген көркем шығарманы алып қарасақ, негізгі идеясын анықтау үшін сол туындыны оқып, автордың өзіндік талғам-түсінігін таразылап барып көз жеткіземіз. «Шындық – күрделі болса, одан туған шығарма да – күрделі. Өмірдегі оқиғалар шым-шытырық болса, оны суреттеген шығарманың мазмұны да әр алуан. Тіршілік жалғасып жатқан мәселелерге толы болса, суреткердің ой өзегі де біреу емес, бірнешеу», - дейді академик З.Қабдолов [2,165 б.].
«Әдебиеттің көкейкесті міндеті – «адамтану», - дейді М.Горький [3,484 б.]. Бұл ойды М.Әуезов былай сабақтайды: «Әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шақта, әр дәуірде адамды оның жан дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеу керек болатын» [4,395 б.]. Оның себебін академик М.Қаратаев былай түсіндіреді: «Адам - әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу - әдебиеттің түбегейлі мақсаты.... Сондықтан әдебиеттің дүниетанытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [5, 194 б.]. Қай дәуірдегі әдебиетте болсын адамды аса биік көркемдік дәрежеде суреттегенде ғана сол уақытта өмір сүрген адамдардың жан дүниесі, адамгершілігі, құнды қасиеттері айқын ашылып, жан-жақты танылады. Осы ойымызды нақтылай түскен М.Базарбаевтың мына пікірінің маңызы ерекше: «Бұл күнде ... «замандас» деген ұғымның да атқарар қызметі ұлғайды. Осы сөзден бүгінгі ойлы, ақылды, саналы күрескер адам туылады. Оның қоғамдық, саяси, мемлекеттік сипаты аңғарылады. Қазіргі заман ұлы мақсаттың заманы болса, замандастар сол биік нысананың күрескерлері» [6, 69 б.].

Жазушының «Қоңыр күз еді» атты алғашқы повесі 1963 жылы жарық көреді. Бұл повесінен жазушының шығармашылық бағытындағы оң беталысты сонау ерте кезден аңғарғанына куә боламыз. Мұнда жазушының қарапайым халық арасынан шыққан Қасым атты кейіпкерінің балалық шағы, алғашқы жақсы көру сезімдерінің ұнамды жақтарын баяндауға ден қойғанын, басты бейненің бойындағы жақсы белгілерді көрсетумен бірге автор оның ой-санасындағы шектелушілікті де жасырмайды. Жазушы өз кезеңіндегі өмір шындығына иек арта отырып, Қасым атты кейіпкері арқылы сол кездегі жастардың сүйіспеншілігі, бір-бірімен қарым-қатынасы, мектеп оқушыларының басынан кешкен әрқилы оқиғаларын қиюластыра келе, бір мектепте болған жастар арасындағы қызғылықты жайларды жай ғана баян етпей, олардың

шынайы сезімдерін жеріне жеткізе суреттеуінен Қалихан Ысқақтың реалистік қырын тереңнен танимыз. Бұл повесте адам бойындағы, мінезіндегі мінді мінеу жағы басым шығып та жатқан тұстары бар. Мысалы, мектеп директоры Қалматай – лақап аты Маймұрын, оның әйелінің поддиректор аталуының себептері, интернат завхозының шын аты Зейнолланың - Беликов аталу себептерін тәптіштеп көрсеткен автор бұл кейіпкерлердің моральдық тағдырларын тартымды бейнелейді және астарлы юмористік жолмен хал-қасиеттерін нанымды ашқан. Жазушының майдақоңыр юморы ара-тұра еріксіз күлкіге үйіреді. Мысалы, повестегі Қыдырханның Бүкір аталу себептері, тәрбиеші, мұғалім, ұстаздарға жағынып жүретін қылықтары өзіне ғана тиесілі сияқты. Қыдырхан сияқты оқушы әр мектепте де кездеседі, бірақ Қ.Ысқақов повесіндегі Қыдырхан әрбір қылығымен жағымпаз оқушылардың жинақты бейнесі есепті. Оны жазушы былай бейнелейді:

« – Сен оның айтқанына көне берме. Әрі-беріден соң төбеңе шығып алады да, ананы өйт, мынаны бүйт деп қу жаныңа қоныс таптырмайды. Есімі Қыдырхан, бүкірі біздің қосқанымыз ғой, - деп бір қойды. – Оның үстіне тәрбиеші, мұғалім, аспаз дегендерге жағынып, бірді-бірге шатыстырып қойып, майға батырған ыстық қасықша жылпылдап сумаң етіп әр жерден сүңгіп шығып жүргені» [7,26 б.]. Бұл Қыдырхан бейнесін автор оның іс-әрекетін реалистік жағдайда суреттеген және кейіпкерінің рухани әлемін, кейінгі тағдырын да жорамалдауы байқалады.

«Қоңыр күз еді» повесі лирикалық-романтикалық бағыттағы тартымды шығарма. Бұл туынды автордың балалық шағындағы өз өмірін және балаң махаббатының өксігін тұтас күйінде бұзып-жармай қағаз бетіне түсіре салған дүниесі. Осы повесімен әдебиет есігін еркін ашқан қаламгердің «Сыр», «Ағайындар» атты шығармаларынан да сол шынайылықтың әрі қарай дами түскендігі көрінеді. Бұл шығармаларда суреттілік ұлғайып, жазушының адамдар тағдырын тап басатын мінез-құлықтарына ерекше мән бергендігі байқалады.

Повестегі көтерілген үлкен проблема қарапайым адамдардың табиғатқа деген қарым-қатынасының күн санап өзгеріп келе жатқаны, оны қорғау мен аялау адамдардың ғана қолынан келеді деген идеяға бағындырады. Соңғы жылдары орман қоры азайып, адамдардың жұмыс нарқы арзандап, елдің де өмірі тұрақсызданып, бірі бұғы савхоздарына, бірі алтын рудасын қазатын рудниктерге көшіп жатқанына жазушы көңілі алаңдап, өзі өмір сүріп отырған ортадағы өмір шындығына алаңдаушылықпен қарайтынын байқаймыз.

Қорыта айтқанда, Қ.Ысқақ көркем шығармаларындағы көркемдік тәсілдер диалог арқылы жүзеге аса отырып, өмірлік шындықты жан-жақты терең ашып көрсетуге септігін тигізеді. Кейіпкердің ішкі және сыртқы сырының ашылуы, сөз саптауын, ой-толғанысын, өресі мен мінез-құлқын да диалогтардан көруге болады. Жазушы табиғат суретін кейіпкер басындағы қуанышты, шаттықты, шерлі күйлерге ыңғайлап орнымен суреттей отырып, шығарманың ішкі мазмұнын, идеялық сапасын байытады. Қ.Ысқақовтың тілі

мен стиліне тән шығармашылық ерекшелігі бар қаламгер. Оған жазушының сөйлем құрауы, мәнері, оқиға дамыту үрдістері, тақырып таңдаудағы ізденісі секілді компоненттер кіреді және автордың оқиғалар мен құбылыстарға берген бағасы мен оны сезіп-түюінен келіп, өзіндік ерекшелік туады.

Әдебиеттер:

Белинский Г. Полное собрание сочинений. Т.4. М; АН СССР, 1954. - 354 С.
Қабдолов З. Сөз өнері. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы. Жазушы, 1982.
Горький М. О литературе. – М: Советская литература, 1984.
Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы. Жазушы, 1962.
Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. Жазушы, 1974.
Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. – Алматы. Жазушы, 1966.

ӘӨЖ

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Құрманбек Д., - филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 117-27 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Нұрпейісов Н.Ж. Филология ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент қаласы.

Резюме

В данной исследовательской статье всесторонне анализируется творчества поэта Жамбыла Жабаева, в том числе историческое понятие и значение стихов, написанных во время национально-освободительного восстания 1916 года.

XX ғасырдың басы қазақ елі үшін дауылды, дүрбелеңді болып басталды. Отарлау саясатын ойындағыдай етіп аяқтаған, жер меншігінен бастап билік жүйесіне дейінгі барлық басқаруды қолына алған Ресей империясы ойына келгенін істей бастады. 1916 жылы 25 маусымда патша өкіметі «Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы Ереже» қабылдады. Отарлық езгіден әбден титықтап, ызалы отырған халық малын емес, жанын, намысын қорғауға аттанды. Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарында ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа қарсы бағытталды. Торғай даласында қазақ жастарын Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Меңдешев, Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда – Жалау Мыңбаев, Ақтөбе даласында - Әділбек Майкөтов, Жетісуда – Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, т.б. басқарды. Аманкелді Иманов, Бекболат Әшекеев сияқты халық батырлары бастаған көтерілісшілер патшаның үкіміне қарсы шығып, оның жергілікті өкілдерін жазалады, тіпті өлтіруге дейін барды. Бірақ ұйымдасқан негізі жоқ, әр жерде өз бетінше көтерілген халық қарсылығы тез басылды, жазалаушы отряд көтеріліске шыққандарды аяусыз жазалады. Халық әдебиеті осы көтеріліс туралы көптеген шығармалар тудырды. Ол шығармаларда патшаның қыспағы астында отырған халықтың ауыр тұрмысы, олардың азаттық жолындағы күрес оқиғалары жырланды және көтеріліс басшыларының ерлік істері жан-жақты суреттелді. Мұндай жырларды шығарушылардың қатарында өздері осы

шайқасқа қатынасып, оның әр алуан қиыншылығын көрген, сол ұрыстарды басынан өткізген Ж.Жабаев, Сәт Есенбаев, Омар Шипин, Төлеу Көбдіков, Иса Дәукебаев, т.б. ақындар болды.

Біздің мақсат биылғы жылы туғанына 175 жыл толып отырған жыр алыбы Жамбылдың осы ұлт-азаттық көтеріліс жайындағы жалынды жырлары жайында аз-кем ой сабақтау. Бейбіт өмір сүріп, байтақ даламызда көшпенді тіршілік кешіп жатқан қазақ халқына қасірет әкелген отарлық езгі ешкімді аямады. Жазықсыз қан төгілді, қаншама халық өз елінде отырып өгей күйге түсті, туған жерін тастап басқа елге көшіп, босқындыққа тап болды. Бұл өткен ғасыр басындағы алғашқы басталған нәубет еді. Жамбыл Жабаев осы қасіреттің бәрін көзімен көрді, дана жүрек халық мұңын жырға қосты. Ақынның осы тақырыпқа арнаған біршама жырлары бар. Атап айтқанда «Зілді бұйрық», «Амангелді», «Халықтың еркі кетті баласынан», «Патша әмірі тарылды», т.б. өлеңдері бар. Солардың бірі және кезең тарихын қапысыз көрсететіні «Зілді бұйрық» деп аталады. Толғау былай басталады:

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір - он тоғызды алад» деген
Суық хабар халықты бұлқындырды». [1.89.]

Ресей империясының сенімді қамалы болған «Верныйдан», қазіргі отанымыздың екінші астанасы Алматыдан шыққан «зілді бұйрық» қазақтың он тоғыз бен отыз бір арасындағы қыршын жастарын майданның қара жұмысына жеккелі отыр. Ақын халық наразылығының көрінісін былай жеткізеді:

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап. [1.94.]

Ұлт-азаттық көтерілісі осылай басталды. Ойран өртке айналды. Халық соңынан ерген жақсылар түрме азабына душар болды. Ақын айтқандай: «Жақсыдан жақсы қоймай, алды санап, Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ». Ең алдымен сол көтерілісті ұйымдастырғандар жазаланды, алды дарға асылды, ту көтерген Бекболат Әшекеев ауыр жазаға кесілгендердің алғашқысы болды. Бодандық қамытынан бұлқынып шыққысы келгендердің қолынан келгені жергілікті болыс-билерді өлтірді, алдындағы малын айдап әкетті. Бұл көтерілістің қалай аяқталғаны жайында ақын былай баян етеді:

Шиенде (жер аты) де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
...Шұбырып тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
...Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып
Көксеген азаттықтың соғысында. [1.156.]

Жаратылысында жаны таза, бейкүнә халық осылайша «ақтабан шұбырындыға» душар болды. Топ бастаған серкелерінен айырылып, тау-тасты паналаған

халықтың бір арманы болды, ол азаттық еді, ақын туған елінің осы тілегін жырға қосты.

Ақиық ақын Жамбылдың осы тақырыптағы келесі бір өлеңі «Патша әмірі тарылды». Қызығынды көп көрдім, Қарабастау, Құлансаз. Күндерімді өткердім, Сенде жүріп ұзақ жаз,- деп басталатын өлең қазақ халқының қандай бейбіт күйде өмір сүргенін қапысыз баяндайды. Көкорай шалғын жайлауда, қаз-үйрек қонған көл жағасында еш уайым-қайғысы жоқ халық басына патша әмірі тарылып, зар заман орнатты. Көген көз жастарды қосақтап соғыс алаңына жақын орналасқан жерлердегі окоп қазу, темір жол салу, ат бағу, т.б. қара жұмысқа жөнелту басталды. Көз жасын төккен, көңілі шер болып қатқан қазақ халқының барар жер, басар тауы жоқ. Көк жайлауын қимайды, қайда көшерін білмейді, қорлық өмірге көнгісі келмейді. Замана желі құбылып соғып, халық басына нәубет төнген тұста ел тағдырын қолында ұстайды дейтін жандардың тірлігін ақын Жамбыл жырға қосады:

Би, болысты тәңірі атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай.

Өкінішті жағдай, ел қорғауға шығады деген азаматтардың кейбірін «тәңір атты». Халық басындағы ауыр жағдайды көрген ақын сұрақ қояды.

Осыған тірі отырып көнеміз бе?
Іріктеп бар боздақты береміз бе?
Болмаса елдік қылып, тізе қосып,
Батырға қол бастаған ереміз бе? [1.247.]

Халық Амангелді Иманов, Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, т.б. есіл ерлердің соңынан ерді, жан алып, жан беріп соғысты. Осылайша күндей күркіреп 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі де өтті, бұл қанды оқиға, азаттық жолындағы жанкешті арпалыс іс-түссіз кеткен жоқ, 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістеріне ұласты, 300 жыл отырған Романовтар әулеті де тақтан түсті.

Ой түйінін қорытсақ. «Қор болмаймын өлгенше, Өлеңіме-ақ сыйындым»,- деп ғұмыр бойы ешкімге бас имей өткен ақынның күш-қуаты мол, тірегі, сүйенері мықты. Ақын бойындағы қуатты өнердің қайнар көзін, таусылмас кенін М.Әуезов төмендегіше атап көрсетеді: «халық ақыны Жамбыл ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен. Әсіресе, ел бұлағының қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқынынан туған». [2.387.] Ғалымның атап көрсеткеніндей туған жердің алтын бесігінде сөз өнерінің уызынан нәр алған Жамбылдың сарқылмас күші, қайсар құдіреті өмір бойы өз жемісін беріп өтті. Көне тарихтан, сол тарих төрінде өшпес із қалдырған ұлы тұлғаларды, сонымен қатар халық басына түскен сан алуан қайғы-қасіретті өз шығармашылығына темірқазық ете білген ақын шындығында да халық арманының жыршысы болды, көп ақындардан оның өзгешелігі де осында.

Қорыта келгенде қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы туған өлең, жырлар, соның ішіндегі дана жырау, XX ғасырдың Гомері атанған Жамбыл жырлары қазақ халқының XX ғасыр басындағы әдебиетінің мол бір саласы, құнды қазынасы, туған халқымыздың тарихи істерінің тарихы, көркем шежіресі, айқын құжаттары болып ел жадында мәңгі қала береді.

Әдебиеттер:

Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. А., «Жазушы», 1982. (Құрастырушылар Садырбаев С., Сейдеханов К.) -336 б.

Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1959. -556 б.

ӘОЖ 517.270.122

ӘДІЛ БОТПАНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ, ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Сайрамбай Тоғжан – 117-27 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Қ.Ж. Сапарбаева – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье дается краткий анализ жизненного, поэтического и прозаического творчества Адиля Ануарбековича Ботпанова. Речь идет о наследии поэта, прожившего двадцать семь лет.

Өлең – қасиетті де киелі сөз. Өйткені, көңіл түкпірінде тұнған сыр мен мұңның бәрі де ақын қаламының ұшынан қағазға бедерленеді. Бір ауыз сөздің астарында қаншама көрініс пен мағына тұнып тұрғаны ақынға ғана аян. Ал, өлеңді оқыған оқырман оны өз көзқарасы бойынша топшылайды. Сыр тұнған толғақты ой мен терең тебіреніс арқылы әлем кереметі мен құбылыстарынан шер тарқатып, келер келешектің кереметін болжай алса, одан асқан керемет болар ма?! «Ақын» деген кім өзі? Ақынның жанын кейде өлеңін оқып та түсінбейсің, ақын дегенді өлең жазар тұлға деп мүсіндейсің. Ақындықтың да өзіндік арқалар жүгі бар. Оны көтеру тек жаны өлеңді қалайтын шын талантқа ғана тән дүние. Сондай шын таланттар қатарында Сыр елінің тумасы – Әділ Әнуарбекұлы Ботпанов та бар.

Әділ Ботпанов 1969 жылы 23 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жастайынан өнерге құмар жан болған. Ақындығынан бөлек сурет салуға, ән айтуға, қолөнерге деген қызығушылығын да тілге тиек ете аламыз. Тіпті, сандықты шеге қағусыз-ақ жасайтын шебер жан болған деседі.

Қазақта «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген сөз бар. Адам ойындағы дүниенің барлығы да сөз арқылы сыртқа шығады. Жақсы сөзге де, жаман сөзге де періште «әумин» дейтіні бар. Осы тұрғыда ақын өмірін басты мысалға алып, адам аузына алған сөздің ертеңгі өмірдің бір сәтіне айналарына анық көз жеткізуге болады. Ақын «Өмірзая» өлеңінде былай делінген:

Өмірзая жұлдыз болып келем мен,

Жарық жыр боп аспаныңда жылт етем.
Салыстырсаң маған біткен өлеңмен,
Тіршілігің тек әншейін қырт екен.
Өмірзая – өзге жұлдыздардан ерте туып, айдың жанында ерекше жарқырап тұратын жұлдыз. Басқа жұлдыздар туған кезде жоғалып кеткендіктен қазақ оны «Өмірзая» деп атайды. Ақын өзінің алғашқы жыр жинағын да осылайша атамақ болған. Өлеңі өміріне айналды ма, жиырма жеті жасында із-түссіз ғайып болды. Бауыржан Бабажанұлы досының осы өлеңіне сай етіп шығарған бір өлең бар:
«Басқа жұлдыз түспегендей көзіңе,
Сол жұлдызда нең бар еді, әй, Әділ?!

...Сол жұлдыздай сәл жарқырап тұрдың да,
Аяқасты кеттің бір күн жоғалып».
Аузына Құдай салды ма екен, өзге мекенге кету туралы көп сөз қозғайтын ақынның өмір тарихының жазылуы жиырма жеті жасында аяқталды. Әділ Ботпановтың өлеңдерінің басым көпшілігі пессимистік рухта жазылған. Онда сағыныш сарыны сезіледі, онда ақын жалғыз қалуды көздейді, онда ақын Тәңір жайлы көп еске алады. Өзге бір жаққа кетіп, жалғыз қалуды аңсайды.
Өлең жайлы ақындардың бірқатары өлең жазған. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» десе, өлеңнің падишасы Фариза ақын «Өлең, мен сені аялап өтем» дейді. Әділ Ботпанов өлеңді мәңгілікке жүрек түбі мен ми түкпіріне сақтағысы келгендей «Менің миым – мәңгі өлеңнің моласы» дейді. «Мола» дегенді естігенде ойға жағымсыз дүниенің оралатыны бар тағы да. Әйтсе де, ақын өлеңмен бірге өмір сүріп, өлең мен өз жанының үндесіп, сүйек пен терідей бір-біріне етене жақын дүние екендігін осылайша ұғындырғысы келген болса керек-ті. Ақын өлеңдерінің дені өзіндік анықтама берілетін белгілі бір сөздермен аталған. Оқырманның бәрі дерлік бір оқығанда мағынасын аша алатын сөз деп айтуға келмес, әрине. «Ноктюрн, реквием, элегия, этюд» секілді сөздер басты назарға алынады. Ақын өлең шығаруды ақтарылу деп санаған.Сонымен қатар оның өлеңдері – жүйкесіне тат басқан инені сұққандағы сандырағы (ақынның айтуы бойынша). «Шын өнер қиындықта пайда болады» дегені де дөп басып айтылған сөз. Достарына айтқан бір сөзінде бір жолды өлең жазып жүргендігін айтады. «Ақындар» деген өлеңі бір ғана жолдан тұрады: «Олар – күлден гүл жасайтын тектілер». Міне, ақын айтқан бір жолды өлең.
Әділ Ботпанов қара сөзден де кенде емес.Прозалық туындыларының да бірқатары жарық көрген. Көпшілігінде негізгі кейіпкер - өзі. Бастан кешкендері мен ойға түйгендерін қара қаламын тербеп, ақ қағазын бедерлеп жазып шыққан. Өзге туындыгерлердің сөздерін мысал ете отырып, сөз шырайын келістіреді. «Есіме Достоевскийдің «Сұлулық әлемді құтқарады» дегені түседі. «Ал сонда сұлулықты кім құтқарады?» деймін мен: «Ар» дейді маған үнсіздік. «Сұлулық ардың құлы болғанда, пенделікке салынып өз-өзін сатуға бармағанда ғана асқақ та әдемі қалпын сақтап, өзін рухани өлімнен арашалап қалады». Сұрақ ішінен

сұрақ туындап, ой өрісі одан әрмен өрбіп отырады. Прозалық туындыларының ішінде тақырыбын естігенде «неге олай аталды екен?» деп сауал тудырарлары да бар.Мысалы: «Жыланның жасы». Тіпті, арасында «Жетіқарақшы туралы аңыз » бар.

Ақыннан қалған мұраны жинақтап, аз да болса саз өлеңдерін оқуға мүмкіндік жаратқан – Бауыржан Бабажанұлы. Ал жинақтың шығуына үлес қосқандар – ақынның жерлесі, киноактер Әділжан Шомбалов пен «Қазығұрт» баспасының директоры Темірғали Көпбаев. Прозалық туындыларына әңгіме не повесть деп нақты ен салынбаған. Сол себепті кітапты шығаруға қатысқан барша жандар оны сол күйінде жариялайды,.

Ақын жоғалып кеткелі оның мүрдесі де табылмады. Өзінің бір өлеңінде былай дегені бар екен: «Құдайдан тірі безгенім , Көмусіз қалғаным шығар». Ақынның көзін көрген достары да оның айтқан сөзінің дәл келетіндігін айтады. Әдебиетте «Өмірзая» десе Әділ ақынның еске түсері хақ. Қым-қуыт тағдырда әдебиет майданына келіп, Өмірзая жұлдыздай жарқ етіп жоқ болған ақын аз ғана ғұмырында жүйелі ойдың жүйесін құрып, әдебиет ордасының бір кірпіші болып қаланып, өзіндік сара жолын салып кетті.

Әдебиеттер:

Әділ Ботпанов «Өмірзая» кітабы. Құрастырған – Бауыржан Бабажанұлы. -Алматы: «Қазығұрт» баспасы 2019 жыл.

1ult.kz@mail.com
http://adebiportal.kz

ӘӨЖ

Н.ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ АРАБ ЕЛІНДЕГІ ЕЛШІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Ділдахан Э.Е. - -130-28 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Орынбасарова Г.Ж. – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент

Резюме

В данной статье исследована деятельность Н.Торекулова, занимавшего пост посольства в арабской стране

«Дипломатия - бұл басқа жігітке не қажет екенін тыңдау. Өз ұстанымыңызды сақтау, бірақ басқа жігітті тыңдау. Сіз басқа адамдармен қарым-қатынасты дамытуыңыз керек, сол кезде қиын кезеңдер кезінде бірге жұмыс жасай аласыз ».

Колин Пауэлл

Дипломатия деп мемлекет пен үкіметтің шетелдермен сыртқы саясатын айтады. Бұл салада олардың басшылары және Сыртқы істер органдары іс-әрекеттер жасайды. Дипломатияға мемлекетаралық байланыс, халықаралық ынтымақтастықты орнату, бейбітшілікті сақтау, мемлекет аралық жан-жалды болдырмау мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықаралық конференциялар

жұмысы жатады. Отандық дипломатия тарихы тереңде жатыр, оның бастауы қазақ хандығының құрылуынан басталады.

Сонау XY ғасырдың ортасында құрылған қазақ хандығының бастауы Жәнібек пен Керей хандардан бастап, Қасым хан, Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан сияқты көрнекті тұлғалардың елді бірлікте, ынтымақта ұстай отырып, сыртқы саясатта көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарға қол жеткізу үшін қолайлы сыртқы жағдайларды қалыптастыра білуден де байқалды.

Ал Кеңес өкіметі тұсында билік, дипломатиялық іс пен сыртқы саясатты орталықтан басқарды. Қанша ғасырлар өткенімен, жаңа мемлекеттер пайда болғанымен қазақ халқы көрші мемлекеттермен қазірде іргелес өмір сүріп жатыр. Сондықтанда Отандық тарихта қазақ хандары мен белгілі тарихи тұлғалардың жүргізген дипломатиялық саясаты бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан дипломатиясында алар орны ерекше.

Осындай, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат - Нәзір Төреқұлов болды.

Нәзір Төреқұлов, XX ғасыр басында тарих толқынымен сахнаға шыққан, дүниетанымы демократиялық бағытта қалыптасқан мемлекет және қоғам қайраткері. Оның қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби, білікті дипломат, елші болғандығын және оның есімі сол кезде, көзі тірісінде-ақ халықаралық деңгейде танылып, жоғары бағаланған.

Нәзір Төреқұлов туралы С.Батыршаұлы «Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар» деген еңбегінде: «Жетпіс жылдың ішінде тек бірнеше қазақ елші дәрежесіне жетті, олардың бірі - Нәзір Төреқұлов болды. 1928-1936 жылдары сол кездегі ең жоғары дипломатиялық атақ –КСРО Бас консулы, Төтенше және өкілетті өкіл деген лауазыммен Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы Елшісі қызметін атқарды. Қазақтан тұңғыш шыққан жоғары мәдениетті, білімді, сегіз тілді жетік меңгерген өкіл өзінің ақыл-жігерімен Джиддада тіркелген Батыс Европа елдері дипломаттарының тілін тауып, туындаған мәселелерді Кеңес үкіметінің пайдасына шешіп отырдыдеп атап көрсетті» - [1,142 б.].

«Қайсыбір мемлекетке қатысты саяси бағдарымыз көбіне оның кімнің әрі қалай жүзеге асыруына қатысты келеді. Бұл ретте КСРО-ның Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі Нәзір Төреқұловтың орны айрықша екендігі даусыз. Сол жылдардағы басшылықтың Ислам жүрегіндегі өз өкілі ретінде біріншіден діни нәзіктікті тереңінен түсінетін, екіншіден аса зиялы, бөлімдер, революция ісіне адал, мемлекет қайраткерін дұрыс таңдаған кадр саясатын атап өтуге міндеттіміз. Бұл өзін толығымен аяқтаған таңдау еді. Нәзір Төреқұлов 8 жыл бойына өз елін Сауд Арабиясына лайықты таныта білді. Бұл сол уақыттағы рекорттық мерзім» - деп көрсетті Академик Е.Н. Примаков [2, 241 б].

1928 жылы Кеңес үкіметі Нәзір Төреқұловты пиджазға (Сауд Арабиясына) бас консул етіп жіберген тұста елді басқарған Ибн Сауд пен ағылшындардың арасындағы жағдай тым асқындап кеткен еді. Ағылшындар Саудиямен шекаралас тайпаларды қайткен күнде де Саудқа қарсы айдап салуға

күш салып баққан. Олардың мақсаты Саудты өз дегеніне көндіру, елді бүлдіру еді. Кеңес үкіметі бұл тұстағы мақсаты Саудттың басқада Шығыс елдерімен жақындаса түсуіне ықпал жасау болатын. Бас консул Нәзір Төреқұловқа мынандай міндеттер жүктелді:

1. Пиджаздың өзімен шектес елдермен, сондай-ақ Англиямен Иеменмен қарым-қатынасы халқаралық тұрғыдан бағамдау. Сонымен қатар парсы-Пиджаз қарым-қатынасына тұрақты көңіл бөлу.
2. Пиджаздың ішкі жағдайы,ең бастысы үкіметпен елді мекендеген тайпалардың қарым-қатнасы. Үкіметтегі өзгерістер, олардың саяси мәні.
3. Пиджаздағы біздің жағдайымыз, мұның болашағы, саудадағы алыс-берістің одан әрі өрбуі т.с.с.

3.Boytchev,P.: Logo Tree Project (2014).

ӘОЖ 811.512.122:004

ТІЛДЕСІМ МЕН ОНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАЛАРАҒА СӘЙКЕСТІГІ

Қыдыртаева А.Н. –- 117-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Танабаев Ғ.Ө. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается речь и ее соответствие лексическим нормам.

Бізде тілдесімнің тазалығын оның лексикалық нормаларға сәйкестігі ретінде тануға негіз бар, яғни оны дұрыстықтың бір түрі ретінде қарауға болады. Мысалы, Б.Н.Головиннің оқулығында оған мынадай анықтама берілген: «Біз әдеби тілге қарсы элементтері жоқ сөздерді таза сөз деп анықтаймыз» [1, 166-б.]. Сондықтан лексикалық нормаға және тазалыққа берілген анықтамалар негізінде тіл тазалығын бұзатын тілдік құралдар деп тек қана диалектизм, жаргонизм (жаргондар), вульгаризм (тұрпайы) сөздерді айтуға болады, яғни бұдан бейәдеби құбылыстар беп танылады.

Ал варваризмдер (яғни шет тілінен енген сөздерді шамадан тыс көп қолдану) және «паразит» сөздер, (әдетте, оларды «былғаушы», ластаушы деп қабылданады, сондай-ақ оларды сөз құрылымына енгізу оның тазалығына емес орындылығын (уместность речи) бұзады.

2. Тілдесімнің дәлдігі. Дәлдік дегеніміз – сөздің аса маңызды қызметтік қасиеті. Ол сөзді оның мазмұны жағынан сипаттайды. Сөз дәлдігі немесе дәлдіктігі туралы айтқанда сөз семантикасы белгілі бір ақиқат, шындық туралы ақпаратты қалай (толық па, толық емес пе, жақсы ма, жаман ба, біркелкі ме, жоқ әр алуан түрде ме) жеткізіп тұрғандығын түсінеміз.

Бұл қасиеттің мәнін түсіну үшін мәтін мағынасы және сөз семантикасын ұғымдарын және тәжірибелік тұрғыдан ажырата білу керек. Ол үшін тілдік бірліктердің, яғни сөйлеу бірліктерінің мәтін мазмұнындағы жиынтық семантикасы ретінде қолданылуы тұрғысынан қарастыруымыз керек [2, 133-б.].

Тыңдаушыға немесе қабылдаушыға жеткізуге тиісті тілден тыс ақпарат, яғни мәтін мазмұны үнемі нақты болады. Мәтін мазмұны барлық адамдарға ортақ тілдік бірліктердің жалпы семантикасының көмегі арқылы жеткізіледі, яғни мәтін мазмұнын – жеке сананың туындысы ретінде – өзге сапалардың қабылдауы үшін жеңілдетіп, түсінікті етіп жасайды. Яғни мәтін мазмұны үшін жеңілдетіледі. Демек, мәтін мазмұны мен сөз семантикасы арасындағы қатынас дегеніміз – нені жеткізіп отыр және қалай, немен, не арқылы жеткізіліп отыр деген мәселелерді анықтайды.

Дәлдіктің қатысымдық қасиеттердің жалпы тіл мәдениеті жүйесіндегі алатын орнын түсінудің маңызы зор. Мысалы, қызметтік қасиет бола отырып, дәлдік құрылымы жағынан сөйлеудің дұрыстығына және байлығына сүйенеді. Өйткені дәл осы екі қасиет сөйлеуге қатысып отырған тілдік бірліктердің ұйымдасу сипатын және құрамын яғни сөз семантикасын анықтайды. Дұрыс және алуан түрлі, бай түрде құрастырылған сөз әдетте, мазмұнды жақсы құрастырады және жеткізеді, яғни дәл сөйлеу болып табылады.

Құрылымдық жағынан дұрыстық пен сөз байлығына тәуелді бола отырып дәлдіктің өзі сөз түсініктілігін, әсерлілігі және орындылығы сияқты қасиеттердің пайда болуына, қалыптасуына база, негіз болады. Дәл тілдесім түсініктігі болады, демек ол әсерлі де болады. Егер тілдесім дәлдігінің сипаты мен дәрежесі қарым-қатынастың жағдайларына сәйкес келсе, онда орынды деп қабылданады, ұғынылады.

Дәлдік – қызметтік қасиет қасиет ретінде мақсатқа сәйкестілікпен реттеліп отырады. Сондықтан да әлеуметтік қызметтің әр түрлі типтерімең байланысты болатын әр түрлі стильдердегі сөйлеу құрылымдарында дәлдіктің стильдік варианттары пайда болады, қалыптасады. Мысалы, көркем дәлдік, яғни бейнелі дәлдік, ғылыми дәлдік т.б.

Кейбір жағдайларда, мысалы, кейбір көркемдік стильдер шеңберінде, бағыттарда және тұрмыстық қарым-қатынастың ерекше жағдайларында дәлдік әдейі, қызметтік мақсатқа сәйкес бұзылуы мүмкін. Дәлдіктің саналы түрде бұзылуын оның сөз мәнін, тақырыбын немесе тілді нашар білудің арқасында бұзылуымен шатастырмау керек. Қабылдаушы оларды ажырата білуге тиіс.

3. Тілдесімнің логикалылығы. Тілді қызметтік қасиет ретінде қарастырылатын логикалылықтың дәлдікпен ортақ тұстары өте көп. Дәлдік сияқты логикалылық та акиқатпен және ойлаумен байланыс негізінде қалыптасады. Соған сәйкес оның заттық логикалылық және ұғымдық логикалылық түрлері пайда болады. Дәлдік, сөздің, таңбалар мен олардың денотаттарының арақатынасы арқылы, сөз семантикасының өзін емес оның құрылымын сипаттайды. Әсіресе тілдесім нәтижесі мәні мазмұнымен байланысады.

Тілдік бірліктердің тілдесім құрылымында бір-бірімен жалғасу, ұласу сипатын көрсетеді. Бұл байланыстарды ол не ақиқат шындықтағы байланыстармен, не ол бірліктерінің арасындағы байланыстармен салыстыра

отырып қарастырады, мәтіннің тұтас алғандағы мағыналық, мазмұндық жағын сипаттайды.

Логикалылықтың қатысымдық қасиеттер жүйесіндегі орны дәлдікпен ұқсас. Ол қызметтік қасиет бола отырып, ал құрылымдық жағынан дұрыстыққа тәуелді болады. Тілдік бірліктердің сөйлеудегі мағыналық байланыстарының дәйектілігіне және өзара қарама-қайшы келмеуіне; (яғни бұл логикалылықтың негізі болып табылады) лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлерде орын алатын дұрыс синтагматика, яғни, тіркесімділік арқылы қол жеткізуге болады. Мәтін мазмұнында логикалылық дәлдікпен бірге қолдануда түсініктілік және әсерлілік қасиеттерінің құралуына база, негіз болып табылады. Сондықтан сөйлеу логикалылығының сипаты мен дәрежесі қарым-қатынас жағдаятына сай келсе, онда тілдесім орынды болып табылады.

Логикалылықтың дәлдік сияқты функционалдық-стильдік вариантары болады, яғни тұрмыстық логикалылық, ғылыми «іскерлік» және көркем логикалық сияқты түрлері бар. Сондай-ақ, сөз логикалылығының саналы түрде бұзылуы (яғни алогизм құбылысы) комикалық немесе сатиралық әсер тудырудың бір тәсілі болыпта табылады.

Тілдесім логикалылығы мен мән логикалылығын ажырата білу керек. Мысалы, тілдесім логикалық жағынан қайшылықсыз, дәйекті етіп құрастыруы мүмкін, алайда осы жерде ол ақиқат-шындықты бұрмалап көрсетуі мүмкін. Бұл бұрмалап көрсету саналы түрде, яғни адресатты, тыңдаушыны адастыру үшін жасалуы немесе танымдағы қателіктің нәтижесі болуы мүмкін. Және керісінше, мәні тұтас алғанда дұрыс құрастырылған, яғни ақиқат шындықты қайшылықсыз бейнелеуі демек логикалық тұрғыдан дүрыс болуы мүмкін, бірақ ондағы тілдесім логикалылығы бұзылады. Бұл жағынан сөйлеу логикалылығы мен мәтін логикалылылғының арақатынасы сөйлеу және мәтін арақатынасы арқылы анықталады, яғни тілдесім мәтіннің қалыбы мен логикалылығының бір шарты болып табылады.

4. Тілдесімнің мәнерлілігі. Бұл қатысымдық қасиетті сипаттағанда мына жағдайларды атап көрсету керек: 1. Мәнерлік дегеніміз – тілдесімнің қызметтік қасиеттерінің бірі. Оның өмір сүру өз табиғатымен, оның қызметімен және оны адам санасының қабылдау ерекшеліктерімен уәжделген. Мәнерлілік тілдік құралдардың саналылық арақатынасы негізінде пайда болады

Тілдесім өзінің мазмұнды құрастыру, қалыптастыру және жеткізу сияқты негізгі қызметін дұрыс, жақсы атқару үшін үнемі тыңдаушының немесе оқырманның көңілін аударып, қызығушылығын арттырып отыратын құрылымға ие болуы керек. Осыдан келіп мәнерліліктің мынадай анықтамасы шығады. Мәнерлілік дегеніміз – оның құрылымында болатын тыңдаушының немесе оқырманның көңілін, қызығушылығын үнемі сақтап, арттырып отыратын ерекшеліктер. Осыған сәйкес аталған қасиеттерге ие болатын тілдесім – мәнерлі тілдесім деп аталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:
1 Головин Б.Н. Основы культуры речи. – Москва: Высшая школа, 1980. – 235 б.
2 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. 1991. – 160 б.

ӘОЖ 81ʼ373.43

COMPARATIVE TYPOLOGICAL AND PHONOLOGICAL ANALYSIS OF THE ENGLISH AND KAZAKH VOWEL PHONEMES

Бәйтік Асқар – 103-18 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Исахова Л.Т. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается сравнительно-типологический и фонологический анализ фонем гласных английского и казахского языков.

English has a complex system of vowel phonemes, among which we distinguish ten short and long monophthongs, two diphthongoids and nine diphthongs. All these vowel phonemes may be established using the commutation test: /bi:t/ — /bit/ — /bet/, /bæt/, /bɔ:t/, /bu:t/, /belt/, /bait/, /bəut/ etc. However, first we should discuss the phonemic status of the diphthongs and the vowel /3/ and the phonetic, features long— short, tense — lax, checked — free, which are closely connected with each other.

There are two approaches to the phonematic value of vowel-length. Most linguists regard vowel-length as a non-phonological, non-distinctive feature in modern English. Only a few linguists admit the phonematic value of the English vowel-length. Summing up the ideas of British linguists Ch. Barber writes: «English vowels vary in length according to the phonetic context — the degree of stress they bear, whether they are followed by a voiced or by a voiceless consonant, the number of unstressed syllables before and after them, and so on. However, given an identical phonetic context, some of the vowels are longer than others and there is quite a considerable range of variation /i:/ appreciably longer than /a:/, arid /a:/ is a good deal longer than /e/, which is itself] longer than /3/. It is convenient, however, to divide the vowels into two groups, the long and the short; the vowels usually considered short are /i, e, a, ʌ, u/ and /3/ the remaining pure vowels and diphthongs are usually regarded , as long. On the basis of the given explanation it is possible to make a phonological conclusion on the vowel- length. If we establish vowel pairs; by such long — short features as /i: — ɪ/, /o: — o/, /ν — u:/, /a: — ae/, /ɔ: — ɔ/ they seem to form proportional, even symmetric oppositions by long-short feature.

The vowels /i:/ and /u:/ are diphthongoids. They are pronounced as /ii/ and /uu/. Thus, the vowels /ɪ/ and /u/ are not in opposition to long vowels, but diphthongoids. The opposition /ə: — ə/ is specific of English, as /ə/ occurs only in an unstressed position and therefore it is included in the subsystem of unstressed vocalism, whereas /ə/ occurs mostly in a stressed position and rarely in an unstressed position. Usually /a:/ is opposed to /ʌ/ but in reality should be paired with /з :/. Only

the pair /ɔ: — ɔ/ form an opposition by the long-short feature. Even in this pair the shortened /ɔ:/ may be perceived not as /ɔ/ but as /u/. Thus, long-short feature is non-distinctive and in many cases it cannot preserve its recognitive function (when the shortened /ɔ:/ is perceived not as /ɔ/ but as /u/.

Most American linguists also negate the distinctiveness of the vowel-length in English. H. Kurath states: «Length is not a distinctive feature in the vowel system of MnE. It is automatic in the sense that the actual length of any English vowel depends upon a variety of factors. In general, (1) both checked and free vowels are longer under full stress than under half-stress or w.eak stress (2) low vowels are longer than mid-vowels, and mid-vowels are longer than high vowels; (3) free vowels are longer in a free position than in checked one; (4) both checked vowels and free vowels in a checked position are longer before voiced consonants». Distribution is regarded, therefore, one of the distinctive features of the English vowel system. This conclusion may only be proved phonetically, but phonologically, a distinctive-relevant feature does not depend on the phonetic context. According to H. Kurath long-short is a phonetic feature which is substituted by the phonological feature checked-free. In further analysis he distinguishes separate sets of checked and free vowel phonemes and the «unique» unstressed vowel /ə/.

Most linguists state that long vowels are tense and short vowels are lax. Usually tense-lax feature, is associated by the degree of muscular tension. Nonetheless, tense-lax does not show any consistent opposition isolately. Therefore, B. Trnka regards long-short and tense-lax features as a «concomitant» phenomena as long-short feature may be different in various positions, but tense-lax preserved.

In fact, nobody,-could explain the traditional definition of the tense and lax pairs of vowels. Even the authors of the dichotomic phonological theory admit that this feature requires further investigation. Nevertheless in generative phonology, suggested by N. Chomsky and M. Halle, tense-lax feature is regarded the main phonological feature. Objecting to this, R. Lass writes: «. . . the claims made for «tenseness» as a vowel feature in English are circular and contentless; and in any case an analysis of the English vowel system can do very well without it .... A language happens to have both short and long (phonemic) vowels, this does not mean that its vowel system is organized in «correlated pairs». This kind of symmetry, while attractive to linguists . . . and perhaps common enough, is not in principle the only way of organizing a dichotomous system».

According to the above criteria long vowels and diphthongs can be defined as single vowel phonemes, since both categories with the exception of /a:/ and /ɜ:/ are free vowels with a variable degree of opening. In this case /i:/ and /u:/ are interpreted as /ii/ and /uu/ (but not as /ij/ and /uw/ in which the second elements appear as semi-vowels or consonants). According to the articulatory direction of the second elements, the diphthongs /ei, ai, aʊ, əʊ, ɔɪ/ are parallel to those of the high, long vowels. They are opposed to the remaining diphthongs, whose; second elements move towards the central neutral vowel /ə /. Usually these two groups of diphthongs are called closing and centring diphthongs. J. Vachek classifies them as «movement diphthongs» which are

constituted by a direct articulatory movement and cannot be divided into two vowel /ei, ai, əʊ, *av/* and therefore, they are regarded as single phonemes and «positional diphthongs» which preserve the individual articulatory nature of these two elements /ɪə, ɛə, ʊə, ɔə/.

N. S. Trubetzkoy's first functional criterion, which may function as single phonemes, it is a biphonematic combination, is entirely useless. By using this principle the diphthongs /eɪ/, and /ou/ become biphonematic, though Trubetzkoy regarded them as single phonemes, i. e. he admitted their monophonematic value. In this case he takes into consideration the stability of diphthongs in morphological changes. This approach is formal and cannot explain the phonological status of diphthongs [34]. The morphological criterion, which works in favour of a morphemic boundary between the two elements of a diphthong leads to its interpretation as a biphonematfc combination. For example, loyal /lɔ:jəl/, lower /lɔ: — ʊə/, sawing /sə —- uiŋ/, poet /pəʊ— it/ etc. In such words they occur at morphemic junctures in native words, or in two contiguous syllables of the same morpheme in distinctively foreign words. In words like seer /siə/, fewer /fju:ə/

B. Trnka notices, the combinations of two phonemes in which the first element preserves the tendency of length.

The analitic treatment suggested by some American and Copenhagen linguists regards diphthongs to be biphonematic combinations. The criterion used by American linguists is based on the method of complimentary distribution. As complex segments (diphthongs) consist of two components. The first components of the diphthongs /eɪ, ai, əʊ, αʊ/ are in complementary distribution with the simple vowels /ɛ/ and /a/ used in such words as let, sun. The second elements are also in complementary distribution with the semi-vowels or glides /j/ and /w/. The diphthongoids /i:/ and /u:/ are also treated as /ij/ and /uw/. According to this approach English diphthongs are regarded as the combinations of two phonemes, because their first and second elements can function as single phonemes.

The Kazakh phoneticians of English regard diphthongs as single phonemes.

On the paradigmatic axis the English diphthongs may form phonological oppositions both with simple phonemes and with each other. They have constitutive, distinctive and recognitive functions in the structure of English.

Literature

Torsuev. GP - The structure of the syllable and allophones in the English language. - M. - 1975 - p. 8.

Baskakov. N.A.- Introduction to the study of Turkic languages.- M.- 1969- p.122-123.

Trubetskoy. N.S. - Fundamentals of phonology. - M. - 1960.

Sanford A. Shane.- Generative Phonology.- N.J.- 1973.

Trnka. B.- A Phonological Analysis of Present-day English.- Univ. of Alabama Press - 1968 - p. 21.

Chomsky N.,. Halle. M.-The Sound Pattern of English.- N. Y.- 1978.

Barber. Ch.- Op.cit.- p.50, Gimson. A.C.- Phonetic Change and RP Vowel System.- London.- 1965.

УДК82 (091).821

ПРИРОДА КАК ИСТОЧНИК ЛИРИЧЕСКИХ ОБОБЩЕНИЙ В ПОЭЗИИ И. БУНИНА

Байсеит А.М. - студентка группы 122-87
Научный руководитель - к. ф. н., доцент **Маханова Г.Б.**
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада табиғат суреттері И.Бунин поэзиясындағы лирикалық жалпылаудың қайнар көзі ретінде қарастырылады.

В статье исследуются картины природы, как источник лирических обобщений в поэзии И.Бунина. Лирическая проза Бунина, с одной стороны, – это признание собственного сердца писателя, с другой – важный шаг в творческой эволюции Бунина в освоении новых возможностей познания духовного и материального мира. Первые самостоятельные стихи Бунина основывались на изображении пейзажей, в которых ничто не мешает автору, наблюдать за природой А. Блок писал: «Так знать и любить природу, как умеет Бунин, мало кто умеет. Благодаря этой любви, поэт смотрит зорко и далеко, и красочные, и звуковые его впечатлений богаты» [1, с. 66]. Бунин создает неиссякаемые образы природы как в стихах, так и в прозе. Это форма поэтического таланта:

Нет, не пейзаж меня влечет,
Не краски я стремлюсь подметить,
А то, что в этих красках светит, -
Любовь и радость бытия.
Она повсюду разлита –
В лазури неба, в птичьем пеньи,
В снегах и в вешнем дуновеньи, -
Она везде, где красота. [2, с.3].

Дореволюционный критик Ф.Д. Батюшков, как бы отделяя поэзию Бунина от его прозы, утверждал: «Бунин живет ощущением природы и, в общем, не принадлежит к категории поэтов-мыслителей. Образы служат лишь формой выражений» [3, с.38].

Природа – один из источников, питающих лирическое обобщение в прозе. Она входит в систему эпического мировосприятия как один из ее ключевых его элементов. Однако природа также является мощным стимулятором личных эмоций.

Личность Бунина сложилась в «почвенном» национальном «климате» ⁻ « в том плодородном подстепье, где древние московские цари в целях защиты государства от набегов южных татар, создавали заслоны из поселенцев различных русских областей, где, благодаря этому образовался богатейший русский язык и откуда вышли чуть ли не все величайшие русские писатели во главе с Тургеневым и Толстым»[4, с.35].

Чувства и переживания, выраженные в ранних работах Бунина, сложны и часто противоречивы. В его восприятии материального мира тесно переплетаются

природа, радость бытия и ностальгия, тоска по неведомой красоте, истине, добру, которые, редки на земле. Не найдя красоты в людях, он ищет ее в природе.

В творчестве Бунина преобладают изображения природы. Но это не временное ощущение и впечатление. Пейзаж в творчестве Бунина это не просто зарисовки художника, глубоко чувствующего красоту родных полей и лесов, стремящегося воссоздать панораму мест, где живет и действует его герои.

Пейзаж не только оттеняет и подчеркивает чувства героя. Природа в ранних произведениях Бунина объясняет человека, формирует его эстетические чувства. Вот почему поэт старается уловить все оттенки природы.

Как и Фет, Бунин – «соглядатай природы», он постигает ее исключительно мировоззрением. Любование, и видимая радость – главная цель его творчества. Там, где мы видим определенный цвет, Бунин отмечает десятки полутеней и оттенков. С другой стороны, он изображал природу пронзительно-меланхолической, со следами тютчевской «возвышенной стыдливости страдания».

О. Михайлов, пытаясь определить творческую эволюцию Бунина, пишет: «От импрессионистского письма с его тонкими, но словно размытыми штрихами, с его бессюжетностью и музыкальностью настроения…он (Бунин) приходит к крепкой реалистической манере, в основе которой важная, предельно конкретизированная деталь»[5, с.38] здесь впечатления о ранних стихотворениях Бунина часто многослойны, что не дает права называть его «импрессионистом». В своей ранней лирике Бунин был поэтом и пейзажистом. Он лирик в этих двух ипостасях, и его стихи искренни и точны.

Возможно, секрет красивых бунинских изображений природы кроется в удивительном сочетаний мягкой лиричности и предельной точности, даже в деталях.

Стремление к «естественности», к близкой природе жизни привели Бунина к увлечению толстовством. В очерке «Толстой» он отмечал: «В молодости, плененный мечтами о чистой, здоровой и доброй жизни среди природы, собственными трудами, в простой одежде, в братской дружбе не только со всеми бедными и угнетенными людьми, но и со всем растительным и животным миром, главное же опять-таки от влюбленности в Толстого как художника, я стал толстовцем…»[6, с.22]. Пантеистическое восприятие Толстого в творчестве Бунина начинается с понимания природы как высшей субстанции, неподвластной влиянию человека и в чем-то даже таинственной, недоступной для человеческого понимания.

Любовь Бунина к природе была нежной и мучительной. Это была любовь к миру, который был ему так близок. Он не может не любоваться нежнейшими красками русской природы, не рисовать изумительные и бесконечно разнообразные пейзажи, в которых он, прозаик и поэт, так близок художнику Левитану.

Постоянное пересечение жизни природы и жизни человека часто определяет лирику Бунина. Однако лирическое содержание повествования не лишала рассказов Бунина динамизма.

Эссеистическая техника Бунина, которую он освоил во время работы в газетах и журналах, не только определила лирическую глубину его поэзии, но и придавали конкретному переживанию, эмоции повествователя (или героя) эпическую объемность.

Лирические принципы прозы обогатились средствами импрессионистской символики, сохранившей функции тематико-описательного стиля и с их помощью «художественного впечатления» изображения «настроений», настроений и чувств лирического героя.

В изобразительно-выразительном плане используется прием аналогии. Чаще и разнообразнее становятся ассоциативные связи. Что бы ни писал Бунин, он сначала создавал зрительный образ, давая волю целому потоку ассоциаций. Одно и то же явление может породить целый ряд повествовательных идей, точно отражающих представление о необратимости столь важного для мировоззрения Бунина момента, его особой ценности.

Воссоединяясь с природой, возвращаясь к ней, обновляя жизнь, Бунин связывает выход из пессимизма с мыслями о быстротечности жизни и неизбежности собственной смерти, усиливает ощущение конца аристократии

«Мир – зеркало, отражающее то, что смотрит в него. Все зависит от настроения…»[7, с.85] – писал Бунин. Это высказывание один из принципов эстетического мышления Бунина, его взглядов и понимания мира и природы, в частности. В его прозе начала 900-х гг. этот принцип имеет не только такие художественные формы своего выражения, которые были разработаны в литературе XIX в., но и новые, уже характерно бунинские, проявляемые в своеобразии его лирической прозы.

Литература

Волков А. Проза И. Бунина. – М.: Московский рабочий, 1969. – С. 66.

Вантенков И.П. Бунин-повествователь (рассказы 1890-1916 гг.). – Минск: Изд-во БГУ, 1974. – С. 3.

Михайлов О.Н. Строгий талант. Иван Бунин. Жизнь, судьба, творчество. – М.: Современник, 1976. – С. 38.

Там же. С. 35.

Там же. С. 38.

УДК82 (091).821

ТРАДИЦИИ СТИХОСЛОЖЕНИЯ М.Ю. ЛЕРМОНТОВА В ПОЭЗИИ А.А. АХМАТОВОЙ

Болатова А.Р. - студентка группы 122-87

Научный руководитель - к. ф. н., доцент **Маханова Г.Б.**

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада Ахматова А.А. орыстың ұлы ақыны М.Ю. Лермонтовтан қабылдаған дәстүрлер мен верификация әдістері қарастырылады.

Традиции русской классической школы XIX века отражены в творчестве Анны Андреевны Ахматовой. Исследователи В.М. Жирмунский и А.И. Павловский, описавшие связь поэзии Ахматовой с творчеством поэтов и прозаиков XIX века в своих трудах писали: «Долгая жизнь Ахматовой и сохранившаяся до конца творческая свежесть ее дарования связали в ее лице нашу литературную современность с живым наследием русской поэтической классики, XIX век с XX веком… связь поэзии Ахматовой с традициями прошлого не отягчают ее творчество ненужным балластом времени; напротив, делает ее живой и нужной для современного читателя» [1, с. 23].

Исследователи утверждали, что «Ахматова не осталась чуждой великолепной школе русской психологической прозы, в особенности романа (Гоголь, Достоевский, Толстой). Ее так называемые вещные детали, скупо поданные, но отчетливые бытовые интерьеры, смело введенные прозаизмы, а главное, Та внутренняя связь, какая всегда просвечивает у нее между внешней средой и потаенно-бурной жизнью сердца, – все живо напоминает русскую реалистическую классику, не только романную, но и новеллистическую, не только прозаическую, но и стихотворную (Пушкин, Лермонтов, Тютчев, позднее – Некрасов)» [2, с.37].

Поэзия Лермонтова также была дорога душе Ахматовой. Если Ахматова назовет стихи Пушкина «божественными», а его голос «человеческим», то о Лермонтове она скажет, что он «*владеет тем, что у актера называют «сотой интонацией*» [3, с. 80].

Ахматова напишет о творчестве Лермонтова в статье «Все было подвластно ему»: «Он подражал в стихах Пушкину и Байрону, и вдруг начал писать нечто такое, где он никому не подражал, зато всем уже целый век хочется подражать ему… Слово слушается его, как змея заклинателя: от почти площадной эпиграммы до молитвы. Слова, сказанные им о влюбленности, не имеют себе равных ни в какой из поэзий мира.

Это так неожиданно, так просто и так бездонно:

«*Есть речи – значенье*
Темно иль ничтожно,
Но им без волненья
Внимать невозможно»

Если бы он написал только это стихотворение, он был бы уже великим поэтом.

Я уже не говорю о его прозе. Здесь он обогнал самого себя на сто лет и в каждой вещи разрушает миф о том, что проза – достояние лишь зрелого возраста. И даже то, что принято считать недоступным для больших лириков – театр, – ему было подвластно» [4, с.80-81].

Борис Эйхенбаум писал о традициях и методах стихосложения, которые Ахматова заимствовала у Лермонтова «Акмеисты считали своей задачей – сохранение стиха как такового, равновесие всех его элементов – ритмических и смысловых – составляло их главную заботу. Они отказались от музыкально-акустической точки зрения, но традиционную ритмическую основу сохранили

и усовершенствовали. Ими – и больше всего Ахматовой – окончательно разработан и утвержден тот тип стиха, к которому давно, но очень осторожно и робко, стремились русские поэты, начиная с Жуковского – стих, в котором между ударениями может быть неодинаковое количество слогов. Классическая теория русского стихосложения препятствовала этому. Сильный толчок развитию нового стиха был дан Лермонтовым, образцом для которого служила английская поэзия с ее разнообразием анакруз и стоп» [5, с. 104].

«Ахматова избегает метафор – они уводят нас от слова к представлению и тем самым нарушают равновесие, делая стих ненужным. Развитие метафоры неизменно разлагает стих как таковой и приводит его к прозе. Путь Лермонтова в этом отношении очень знаменателен. В поэтических стилях, отличающихся равновесием стиха и слова и появляющихся в периоды завершения, заметно отсутствие метафор – вместо них развиваются многообразные боковые оттенки слов при помощи перифраз и метонимий» [6, с. 1427].

Если привести конкретные примеры, то можно сказать о стихотворении Ахматовой «Приду туда, и отлетит томленье…»:

«*Приду туда, и отлетит томленье.*
Мне ранние приятны холода.
Таинственные темные селенья –
Хранилища бессмертного труда.
Спокойной и уверенной любови
Не превозмочь мне к этой стороне:
Ведь капелька новогородской крови
Во мне – как льдинка в пенистом вине.
И этого никак нельзя поправить,
Не растопил ее великий зной,
И что бы я ни начинала славить –
Ты, тихая, сияешь предо мной». [7, с. 108]

Интересна строчка о «*спокойной и уверенной любови*» не может не обратить на себя заинтересованного внимания, как и вообще вся эта строфа о любви к родине, которой «*не превозмочь*», и о «*капельке новогородской крови*», строфа несомненно лермонтовская по своему обличью и звучанью. Внутренняя музыка, в ней заключенная, напоминает «Родину» Лермонтова со знаменитым признанием в странной любви, которую не может победить «*рассудок мой*», и историко-романтические новгородские реминисценции Лермонтова:

«*И мальчик, что играет на волынке,*
И девочка, что свой плетет венок,
И две в лесу скрестившихся тропинки,
И в дальнем поле дальний огонек, –
Я вижу все. Я все запоминаю,
Любовно – кротко в сердце берегу…» [8, с.114]

В творчестве Ахматовой встречаются случаи использования сходных стилистических приемов (преобладание нейтрального стиля, но при этом

установка на разговорную речь, использование риторических вопросов, перифраз, повторов, лексических или корневых, выполняющих функцию усиления либо уточнения, анафористических повторов, синтаксическая и смысловая незавершенность последней строки стихотворения, использование вопросительных предложений при организации «внутреннего диалога», повтор с отрицаниями, синтаксическая и смысловая незавершенность последней строки, использование отдельных поэтических ситуаций, находящих близкое поэтическое выражение, использование отдельных слов) творчества М.Ю. Лермонтова.

В ее книгах того времени много написанных с любовью русских пейзажей, всегда согреваемых трогательной и искренней привязанностью, глубокими и острыми чувствами. Свою озябшую, временами надломленную и хрупкую Музу она нередко грела у традиционного русского костра, и это никогда не было для нее красивым классическим приемом.

В статье показано поэтическое осмысление А. Ахматовой традиционных тем литературы XIX века. Освещаются темы Петербурга и Родины, любви и поэзии. Таким образом, можно наблюдать обширнейшую связь творчества Анны Андреевны Ахматовой с традициями русской классической школы XIX века.

Литература

Павловский А.И. Анна Ахматова. Жизнь и творчество: Книга для учителя. – М. 2011.
Жирмунский В.М. Творчество Анны Ахматовой. – Спб., 2013
Недоброво Н.В. Анна Ахматова. – М., 2015.
Ахматова А. Малое собрание сочинений. – Спб, 2015.
Эйхенбаум Б.М. Анна Ахматова // в кн. Эйхенбаум Б.М. О прозе. О поэзии. – Л., 1986.
Там же с. 127.
Ахматова А. Малое собрание сочинений. – Спб, 2015.
8. Там же с. 114.

ӘОЖ 811. 512. 122

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙТЫЛЫМЫ

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Арқабай А.Е. 121-17 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент. Қазақстан.

Резюме

Основной целью является артикуляционно-акустическое описание звукосочетаний в казахском языке.

Тілде дұрыс сөйлеу бар да, дұрыс жазу бар. Әрбір халықтың әдеби тілдерінің сөздері дұрыс жазу үлгісі мен дұрыс айту үлгісі болады, нормасы болады. Норма – белгілі бір жүйе, заңдылыққа негізделген бірізділік.

Тілдік нормалар ұлттық тілдің барлық қаттауында, сөздіктер саласында, грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолдану түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің

жазба түрінде қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды. Өзге салаларға қарағанда орфоэпия мәселелері назарға кеш ілінді [1, 159].

Сөздердің бірізді айтылуы (сондай-ақ бірізді жазылуы) тілдік қатынасты жеңілдетеді. Керісінше, белгілі бір мағынада қолданылатын сөздің (сөз форманың) дыбыстық құрамының бірдей болмауы түсінікті ауырлатып, көңілді алаңдатады.

Бұл әсіресе жергілікті ерекшеліктерден айқын аңғарылады. Мәселен:

Жергілікті	**Әдеби**	**Жергілікті**	**Әдеби**
құлдану	қолдану	пұрсат	мұрсат
құрытынды	қорытынды	меш	пеш
оқсайды	ұқсайды	челек	шелек
мүңірейді	мөңірейді	чал	шал
дүнен	дөнен	мауыздау	бауыздау
пысты	пісті	берку	беку
пышық	пұшық	жоңыршқа	жоңышқа

Сондай-ақ кейбір сөздерді, сөз тіркестерін жазылуынша айту да құлаққа жағымсыз естіледі. Мәселен:

Жазылуы	**Айтылуы**	**Жазылуы**	**Айтылуы**
өлең	*өлөң*	*айдын көл*	*айдыңгөл*
өзенге	*өзөңгө*	*ай қабақ*	*айғабақ,*
қонған	*қоңған*	*алтын кірпік*	*алтыңгірпік*
қонбады	*қомбады*	*тас бауыр*	*таспауұр*

Сөздерді жазылуынша айту әсіресе жастардың тілінде үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұны тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды.

Қазақ тілінің орфоэпиялық жүйесін арнайы сөз ету XX-ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарынан бастап қолға алынды. А. Байтұрсынов атындағы академиялық тіл білімі институты алпысыншы жылдардың соңғы кезінде «Тіл мәдениеті» деген бөлім ашып, белгілі ғалым М. Балақаев қазақ тілінің сөз мәдениетін, орфографиясы мен орфоэпиясын зерттеуге басшылық етті, өзі де «Қазақ тілінің мәдениеті» 1971 жылы, «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» 1984 жылы еңбектерін жарыққа шығарды.

Қазақ тілінің айтылым нормасы және оның маңызы туралы алғаш пікір айтушылардың бірі — профессор М. Балақаев. Ол “Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері” еңбегінде былай дейді Бірақ сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күні бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Мына сөз былай айтылмайды, былай айтылады, мынасы дұрыс, мынасы теріс дегенді көп есітпейміз. Кім қай сөзді қалай айтады, қалай есітеді — бәрібір әйтеуір нобайы келсе болғаны. Бұл кемшіліктерден арылу үшін әрбір сөздің дұрыс айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі

етіп қою керек [6, 5]. Кітапта «Орфоэпиялық және орфографиялық норма» деп аталатын тақырыбында «Қазақ сөздерінің айтылуы мен жазылуы арасында үлкен айырмашылық жоқ», деген де пікір айтылады. Алайда келесі бетте-ақ: « Сөйтіп қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді. Сөздердің айтылуы мен жазылуында бірлестік болуы мүмкін де емес», - екенін нақты фактілермен дәлелдейді. Соңы *ы, і* дыбыстарға біткен етістіктерге *у* қосымшасы жалғанғанда, олардың *ұ, ү*- ге айналып кететіні де айтылады. Автор орфоэпиялық норманы айқындауға байланысты өз пікірін ұсынады: « Сонда жалпылама долбармен айтқанда, сөздердің айтылу нормасы былай болуы керек: құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі-норма, бәрі дұрыс. Құлаққа жат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын бұлдыр, оғаш түсініксіз, дөрекі айтылғанның бәрі нормаға жатпайды, дұрыс емес. Тілдік нормалар қоғам мүддесіне негізделетіндіктен олар жалпы қалыпқа бірдей түсінікті тілге жатық, айтуға ыңғайлы болуы тиіс» [7, 39].

Оның үстіне сөздің дұрыс айтылуын анықтауда, орфоэпиялық, норманы тануда ұстанатын негізгі критерийдің де басы ашылып болған жоқ. Бұл мәселеге байланысты көзқарастар мынадай болып келеді.

1) көпшілік қалай айтса – сол норма;

2) неғұрлым жазылуына жуық дыбыстау;

3) жастардың айтуын норма деп тану (өйткені балашақ жастардікі ғой);

4) астананың айту машығын негізге алу;

5) сахна шеберлерінің сөйлеуін үлгі ету;

6) говорлардың көпшілігіне тән айту машығын ескеру;

7) мәдени-тарихи дәстүрді басшылыққа алу;

8) тілдің ішкі даму заңдары қуаттайтын форманы мойындау.

Тіліміздің қазіргі айту практикасы алғашқы пункттермен үндес келетінін, мұның өзі орфоэпиялық үгіт-насихаттың жоқтығынан өріс алып отырған бір жақты, теріс тәжірибе екенін мойындауға тиіспіз.

Қазіргідей жазу-сызуы, баспасөзі, радио, теледидары болмаған кең-байтақ далада қазақ тілі тек ауызекі сөйлесу түрінде дамығаны мәлім. Ал артикуляцияның негізі бесікте қаланады. С. Торайғыров мұны жақсы аңғарып, тауып айтқан:

Бесіктегі білімнің мықтысы да “таныс үнмен”– айтумен байланысты. Уілдеп жатқан бала ананың үніне күн санап тілін бейімдеу арқылы ұлы арнаға (тілге) жол ашады. Осы тұста ананың айту машығы маңызды рөл атқарады. Егер ол:

Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікте жат бөпем.
Айналайын, күн бөпем,
Бурыл тайға мін бөпем, – деп, жазудағыдай айтса, әрине, сәбидің тілі де солай икемделмеске амал жоқ. Ал анамыз:
Әлдійәлдій, ақпөпөм,
Ақпесікке жатпөпөм.
Айналайын, күмбөпөм

Бұурұлтайға мімбөпөм, – десе, баланың тілі де солай майысары сөзсіз және мұның өзі ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, баршаға ортақ айту машығы қалыптасады: өзіндік ерекшелік, жарасым өркен жаяды да, лексика-грамматикалық құрылымы ұқсас тілдерді бір-бірінен даралайды [6, 125].

Сөздерді жазылуынша оқудың өзі де себепсіз емес. Оны тек жауапсыздықтан немесе білместіктен деуге болмас. Радио мен теледидар тыңдаушыларына, оқушылар мен студенттерге, жиын-жиналыстарға қатысушылар сияқты қалың көпшілікке қарата айтылған сөздің неғұрлым түсінікті айқын болуын қолайсыз, ал сөздерді нақпа-нақтап жеке-жеке айтқанда, олар анығырақ естіледі де түсініктірек болып шығады. Әрине, бұл мәселе өз шешімін жан-жақты тапты деуге болмайды. Автор орфоэпиялық норманы айқындауға байланысты өз пікірін ұсынады: « Сонда жалпылама долбармен айтқанда, сөздердің айтылу нормасы былай болуы керек: құлаққа жағымды, көңілге қонымды айтылғанның бәрі- норма, бәрі дұрыс. Құлаққа жат не тосаң естілетін, көңілге қонбайтын бұлдыр, оғаш түсініксіз, дөрекі айтылғанның бәрі нормаға жатпайды, дұрыс емес.

Бұл сөздерді қазақша айту емес, қазақша тізбектеп өту болып шығады. Алдымызда тілдің өзі емес, фото суреті іспетті, ал нағыз тілдің өзі оның сөйлеу барысындағы көрінісі [7, 125].

Дұрысы, жазудан гөрі айту әлдеқайда маңызды. Басқаны айтпағанда, әрбір адам алдымен сөйлеуді үйренеді де, содан соң жазуға көшеді. Күнделікті өмірде де адамадмның сөзді жазуынан гөрі айтуы, оқуынан гөрі тыңдауы көп орын алады. Тіпті үндемей ойлау, оқу, жазудың өзі де дыбыстарды іштей айтумен байланысты, олай болатыны, ойдың өмір сүру формасы – дыбыс, әріп сол дыбысқа берілген шартты таңба.

Белгілі бір дыбысты жазудың түріне қарай әртүрлі таңбамен өрнектеуге болады. Әріпті оқу, айналып келгенде дыбысты айту болып шығады.

Дыбыс сөйлеу мәдениеті дыбыс тілімен тікелей байланысты болады. Дұрыс сөйлеу мәдениетінің қалыптасуын жазу тілінің шығуымен бірдей деуге болады. Жазу тілі де, әдеби тіл де тарихи жақтан алып қарағанда соңғы кезеңнің жемісі. Қазақ тілі негізінен ауызша дамыды. Қазақтың қанына ананың ақ сүтімен еніп, жан-жүрегін ананың үнімен тербетті, ауыл арасында ер жетті, аттың жалы, түйенің қомында жетілді. Жыр боп шалқып, нұр боп қалқыды: Әлемде жоқ 150 томдық әдебиетін тудырды: А. Байтұрсынов анықтаған 9 дауысты 19 дауыссыз дыбыстың әрқайсысының орнын анықтап, әлемдегі ең жүйелі, үнемді дара да сара тілді берді.

Қазақ тілі алдымен осы 28 дыбыспен қазақ тілі және сол 28 дыбысты оңды-солды, жөн-жосықсыз қолдануға әсте көнбейді. Сол үшін де ол – тілдің жаны, өзі тіл мәңгі болса, ол да мәңгі, оның қатары бұзылса, тіл де бұзылады [7, 9].

Сонымен орфоэпия ережелері тілдегі сөздер мен бунақатарды (сөз тіркестерін) әдеби тіл нормасына сай неғұрлым бірізді, дұрыс айтуды қамтиды. Мұның өзі айналып келгенде, жеке дыбыстардың, дыбыстар тіркесінің айтылу ерекшеліктерімен, дыбыстардың үндестігімен тікелей байланысты, үндестік

заңын іске асыру болып шығады. Қысқасы, орфоэпиялық норманы дұрыс меңгеру үшін тілдегі әрбір дыбыстың акустика-артикуляциялық белгі-қасиеттерін, қолданылуындағы (айтылу, жазылуындағы) ерекшеліктерді, яғни фонетика ғылымын жақсы білу керек болады. (Фонетика сөйлеуге, айтуға негізделетіні есте болуға тиіс).

ӘДЕБИЕТТЕР

Неталиева Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. —Алматы: Ғылым, 1977. –232 б.
Сыздықова Р. Сөз сазы. —Алматы: Ана тілі, 1995. –124 б.
Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. 1894. ч.I. СПб.
Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). —Алматы: Ана тілі, 1998. —384 б.
1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. —Қарағанды: ҚарМУ-дің баспасы. 1994. 168 б.
Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. —Алматы: Сөздік-Словарь. 1999. —200 б.
Қазақ тілін орфоэпиялыќ анықтаҒышы. —Алматы: Арыс, 2004. –298 б.

ӘОЖ 811.512.122´34

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Асильбек А.М. 205-18 тобының студенті

Summary

Use of Game forms to increase the activity of students in Kazakh language lessons

Тіл үйрету процесіндегі ең белсенді әдістемелік тәсілдердің бірі — рөлдік ойындарды пайдалану. Оны тиімді қолдана білген ұстаз өз шәкірттеріне білім, тәрбие беруде табысқа жетеді. Сол арқылы олардың бойында ойын өреге өз бетінше жетізу қабілеті мен дағдысын қалыптастыруға, монолог түріндегі ойын дамытуға, екеуара қарым-қатынас негізіндегі сөйлеу тілін байытуға ықпал етеді.

Рөлдік ойын оқыту мақсатында қолданылатын, сөзге араласу жағдайын ұйымдастыратын құрал десек те болады.

Адамдармен сөйлесе білуге баулу процесіндегі рөлдік ойындардың маңызды қағидалары мынадай□

- адамдар арасында хабар алмасу үшін пайдаланылатын байланысты қалыпқа келтіріп, ұстап тұруға бағытталған адамзат қызметінің ерекше түрі. Демек, қарым-қатынас жасаудың нақты жағдайында айтылған кез-келген пікірдің, сөздің жарыққа шығуын ұйымдастыруға ықпал ететін шарттардың кең жағдайы бар;
- тіл жазушының (айтушының, тыңдаушының), дәріс алушының ауызекі айтылатын стратегиясына ықпал ету және қарым-қатынас жасау жағдайларын ескере отырып қолданылады, ал бұл қарым-қатынас жасаудан тыс жасалып, тұйықталы айтылар ой-пікірдің, сөздің өмір сүру мүмкіндігін жоққа шығарады;
- қарым-қатынас жасаудың ауызекі түрлері тыңдай білу және ойнай білу адамдармен қарым-қатынас жасаудың барынша табиғи түрі болып саналады;
- тіл үйретуде қарым-қатынас жасау жағдайы мен қызметінен бастап жүйелеуші сипатына қарай жүру қажет, керісінше болмайды.

Ойын арқылы баланың бойына түрлі адамгершілік қасиеттермен қатар білімге, өнерге деген құштарлығын оятып, сабаққа деген ынтасын қалыптастыруға, оқу процесін жандандырып, сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануда тез не дұрыс сөйлеуге жаттықтыруда ойын — бірден бір таптырмайтын құрал. Бұл жерде "Бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғынады" (1. 8) деген М.Горькидің сөзі ойға оралады.

Сабақта ойынды дидактикалық материал ретінде пайдалану сыныптағы оқушыларды түгелдей сабаққа жұмылдырып, өткелі отырған тақырыпқа көңілдерін еріксіз аударады. Тіпті нашар оқиды-ау деген оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Ойын араласқан жерде жарыс болмай тұрмайды.

Грамматикалық ойындардың қай-қайсысы болса да, грамматика сабағын оқыту тәсілдерін түрлендіріп оқушылардың белсенділігін арттырады. Оқушылардың алған білімдерін бекітіп, естерінде ұзақ сақтауына, бақылағыштық пен тез таба қою сияқты ой-әрекет шапшаңдығына жаттықтырады (2. 21).

Оқушылар жолдастарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылған сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сондықтан сабаққа ойын түрлерін қолданудың нәтижесі әр баланың жеке басының дамуына әсер етеді

Ойынның сәттілігі мен тиімділігі оқушылардың өткен материалды қаншалықты меңгеріп, ойыңды сақтауына байланысты. Сондықтан мұғалім ойын түрлерін, көбінесе, өткен матеиалды бекіту пысықтау, қайталау, жаттықтыру мақсаттары көзделген сабақтарда жиі пайдаланады. Мұндай сабақтардағы грамматикалық ойындар кезінде оқушының пысықталып отырған материалды қаншалықты меңгергендігі, қайсысының білімінде олқылық барлығы нақты байқалып, олармен қосымша жұмыс жүргізуге мүмкіндік туады.

Қазіргі кезде қазақ тілін мектепте оқыту мәселесі төңірегінде таза тәжірибе баяндалатын еңбектермен қатар, қазақ тілі әдістемесі ғылыми-педагогикалық тұрғыда қарастырылып, мектеп мұғалімдеріне көмекші нұсқау сипатта, монографиялық сипатта, әрі жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық сипатында жазылған еңбектер туды (3.3).

Қазақ тілін оқыту әдістемесі — қазақ әдеби тілінің маңызын, әдіс-тәсілдерін, амалдарын, оқушыға ана тілінен білім берудің, оны меңгертудің жолдарын үйретететін ғылым. Мұғалім ана тілінен теориялық білім беру арқылы оқушылының өзін қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады (4.50).

Аға ұстаздарымыз академик І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ғ. Мұсабеков, А. Ысқақаов авторлығымен шыққан қазақ тіліграмматикасы бойынша зерттеулердің маңызы зор. Ө.Төлеуовтың, К. Ахановтың да қазақ тілі грамматикасына қосқан еңбектері аз емес.

Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың "Әліп-биімен" ашып, ана тілін Байтұрсыновтың "Тіл құралы" арқылы оқып үйренді.

Бірыңғай жазу жұмыстары оқушыларды жалықтырады. Сондықтан сабақта сергіту жаттығуларымен қатар жаңа тақырыпты меңгерту, өйткені пысықтау мақсатында ойын түрлерін кең қолдану керек.

Енді, әр түрлі ойын түрлерімен таныстырайық. Бұларды әр ұстаз өз мақсатына сай шығармашылықпен түрлендіріп пайдалануына болады.

“Ұқсасы қайда?” ойыны “Түбір мен қосымша” тақырыбын өткенде пайдаланылады “еңбек” деген сөзі бар карточканы шәкірттерге көрсетеді. Соған қарап оқушылар түбірлері бірдей сөздерді тез ойлап айтулары керек (Еңбек, еңбекші, еңбекқор т.б.).

“Үндемес” ойында оқушыларға сөздердің орындары ауысқан сөйлемдері бір карточкалар таратылады. Олар дұрыс сөйлемдер құрастыруы тиіс. Тапсырманы орындап болған оқушы сөйлемін тақтаға жазады. Дұрыс болса, басқалары алақандарын соғып, жұмыстың сәтті орындалғанын білдіреді.

“Тапқырлық” ойыны. Заттар суреті салынып, сол заттың атына әріп не буын қосып толықтырылып, басқа сөз құрауға болады. Мысалы: оттың суреті салынып “ан” деген буынды қосу: От+ан - Отан.

“Кім бұрын жазады?”. Бұл ойынды ойнауға сынып оқушылары үш топқа бөлініп түгел қатысады. 3 минутта әр қатар оқушылары киім, оқу құралдары, көкөніс аттарын 15 сөзден жазып, ауызша айтып шығуы керек. Грамматикалық ойын түрлері көп. Ойын тез ойлағыштыққа, жылдамдыққа баулып қана қоймайды, сонымен бізге оқушылардың тілін ұштап, сөздік қорын байытады.

“Орнын тап” ойыны. Ойынның шарты. Соңғы әрпі түсіп қалған сөздер жазылған таблицалар беріледі, ортасындағы қозғалмалы таспаға жетіспейтін әріптер жазылған, сол әріптерді дұрыс пайдаланып, орнына жазу керек.

А). Шан, ұн, ак, тарақ, сорғыш т,.б.

Ә) Төмендегі әріптермен сөз құраңдар:

Р, ә, п, т, у, е - дәптер,

І, л, п - піл,

қ, ы, м, ы, с - мысық т.б. сөздер

б) Дұрыс және кері оқығанда мағынасы өзгермейтін сөздер табу. Мысалы: надан, қазақ, кесек, іні, еге, есе, ыссы, ала, аша, ара, қизық, шаш, шыбын т.б.

Буын тақырыбын өткенде буынға бөлінген сөздерден. “Буынды тез тап” ойынын ойнауға болады.

Дидактикалық жаттығуларға мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестер де жатады. Осының бәрі, жаңа оқу бағдарламасы талап етіп отырғандай, оқушыны өз күшіне сенуге, өз қабілетін тануға, еңбекті бағалауға үйретеді, сөйтіп оқушылардың өздігінен жұмыс істеуі жүзеге асырылады. Қазіргі жаңа сабақ формаларын оқу процесіне енгізуге мүмкіндік мол. Сабақтың жаңа формаларын жүргізуде де осы ойын жаттығулары өте тиімді, әсіресе, конкурс, жарыс түрінде өтетін шығармашылық жаттығулар сабақтың сапасын арттырады (5. 3).

Ойын түрлері:

1 ойын. Бұл қай сөз табының сұраулары?

2 ойын. “Жұмбақтарды шеш” ойыны.

3 ойын:Кеспе карточкалар арқылы берілетін тапсырмалардың түрі.

4 ойын: Мына сипат кімге тән екенін тұсына жазып көрсетіңдер. Кім тез тауып жаза алады?

5 ойын: Сөзжұмбақ

6 ойын: “Бос торды толтыр” ойыны.

7 ойын: Буын тақырыбына байланысты “Қай буынды жоғалттым?” ойынын жаңа сабақты пысықтау кезінде немесе сабақтан тыс уақытта өткізілген өте пайдалы.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін ойын түрлерін пайдаланудың тиімді тәсілдерін таңдап алған дұрыс. Грамматикалық ойындарды сабақтың басында, ортасында немесе соңында жүргізуге болады. Егер қазақ тілі бір күнгі сабақ кестесінің соңғы сабағы болса, оқушыларды сергітіп, олардың шаршағанын ұмыттыру үшін, ойынды сабақтың басында үй тапсырмасын пысықтап, қайталау кезінде қолданған жөн. Оқытушы оқушылардың бірдей қатысып көңіл қоюын қажет етсе, ойын түрлерін сабақтың ортасында жүргізуі керек. Ал енді сабақтың соңында пайдаланған ойын түрлері оқушылардың көңілін аударып қана қоймайды, сонымен қатар өткен тақырыпты терең түсініп, ұғынуына көмектеседі.

Сондықтан да ойын түрлерін қазақ тілі сабақтарын оқыту әдістемесінде пайдалану өте қажет.

Қай пәнді болса да оқушыға түсінікті, қызықты етіп оқыту — әдістеменің басты бір талабы. Ұлы жазушы Л.Н.Толстой да өз кезінде шәкірттерді қызықтыра отырып оқытуды, үйрететін материалды қызықты етіп беруді мұғалімдерден ерекше талап еткені мәлім.

Сабақтың мақсаты — оқушылардың грамматикадан сыныпта оқып, үйренгендерін ойын арқылы қайталап бекіте түсу, жауапты тез тауып тапқырлыққа дағдыландыру. Тілімізде көп қолданылатын тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерден молырақ мәлімет беруге көмектесу.

Әдебиеттер

Долданов С. Қазақстан мектебі. 1973. □7. 41-42б.

Әлімжанов Д., Маманов Ы. “Мектепте ана тілін оқытудағы табыстарымыз” “Қазақстан мектебі” □11, 177ж. 21-б.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, “Мектеп”, 1988ж. 3-бет.

Д.Әлімжанов, Ы.Маманов. “Қазақ тілін оқыту әдістемесі” Алматы, “Мектеп”, 1968ж. 49-50 бб.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, “Мектеп”, 1987ж. 3-б.

Ана тілін оқытудың тиімді мәселелері. (Профессор А.Ысәаәов баяндамасынан). Қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен. 1972. 17-бет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, “Мектеп”, 1988ж. 3-бет.

Ешмұхамедов Ә. Грамматикалық ойындар. —Алматы□ Мектеп, 1964. 8-бет.

ӘОЖ 811.512.122´34

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП МАҒЫНАЛЫҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Үкібасова Қ.А. ф.ғ.к., Әсіл М.А. 205-18 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент. Қазақстан.

Резюме

Основной целью является история развития многозначности в казахском языке.

Позднее, но тоже на начальном этапе обучения, учащиеся приучаются уже анализировать элементы письменной речи с точки зрения грамматической формы, лексического или грамматического значения и т. д. По словам психолога С.Ф. Жуйкова, в ходе занятий «у младших школьников складывается система умственных операций, в результате выполнения которых решаются грамматико-орфографические задачи определенного типа» [5, с. 216].

В период систематического курса этапы обучения тоже должны выделяться, так как без них сложно говорить о развитии, совершенствовании навыков правописания у школьников данной возрастной группы.

2. Не только четко обозначенные этапы с их целями и задачами влияют на качество обучения, но также не менее важное значение имеет осознание обучающимися способов действия. При этом замечено, что разный способ действия имеет свой результативный «потолок». Если применяемый способ перестает в определенный период обучения давать требуемые результаты, его следует заменить другим.

3. Способ действия тесно связан с его ориентировочной основой – той системой конкретных операций, которые позволяют достичь искомого результата. Например, при одном и том же теоретическом способе действия обнаружения орфограмм результаты получаются разные, когда ученик ориентируется на наличие ударных-безударных звуков, место согласных в слове или на факт наличия графических вариантов, возможных в рамках произносительных норм. В этом и иных случаях ориентировочная основа действия ведет фактически к разным методам обучения с их различными результатами.

4. Наконец, психологи оговаривают и форму выполнения действий: 1) материальная (наличие плана выполнения действия, опорных материалов, схем, таблиц и т.д.); 2) речевая (ученик вслух комментирует, проговаривает, в каком

порядке и что он будет делать); 3) умственная форма действия – преддверие навыков, автоматизма.

Способность видеть орфограммы – это необходимое условие для овладения орфографическими нормами, для успешного применения правил. Значит, эту способность у учащихся нужно воспитывать. «Выработанная способность обнаруживать те места в словах, где письменный знак не определяется произношением, называется орфографической зоркостью» [7, с. 164]. Так как большую часть орфограмм составляют орфограммы слабых позиций, то с точки зрения фонематической концепции русского правописания орфографическую зоркость можно определить как умение фонологически (позиционно) оценивать каждый звук слова, т.е. различать, какой звук в сильной позиции, а какой в слабой и, значит, какой однозначно указывает на букву, а какой может быть обозначен разными буквами при том же звучании. В умении обнаруживать звук, находящийся в слабой позиции, прежде всего и состоит орфографическая зоркость.

«Учителя, как показывают наблюдения, уделяя основное внимание отработке приемов проверки написаний, тоже не включают (или включают крайне редко) такие упражнения в уроки правописания и в работу по развитию речи» [8, с. 63]. Главным средством воспитания орфографической зоркости является правильное, своевременное формирование понятия об орфограмме. При этом обучение умению находить орфограммы, ставить орфографические задачи – рассматривается как первоначальный и специальный период в обучении правописанию.

Литературы

Маслов Ю.С. Введение в языкознание. Учебник для филологических специальностей вузов. – М.: Высш. шк., 1987.Асеев Н.Н. Жизнь слова. – М., 2007.

Богоявленский Д.Н. Психологические принципы обучения орфографии // Русский язык в школе. 1976. – № 4.

Богоявленский Д.Н. Психология усвоения орфографии. – М., 1989.

Жуйков С.Ф. Формирование орфографических действий у школьников. – М.: Просвещение, 1995.

Жуйков С.Ф. Психология усвоения грамматики в начальных классах. – М.: Русская школьная библиотечная ассоциация, 2013.

Гальперин П.Я. Введение в психологию: Учебное пособие для вузов. – М.: Университет, 2000.

Дидактический материал по русскому языку для VIII класса: синтаксис и пунктуация, стилистика, культура речи, орфография, развитие связной речи: Пособие для учителя / сост.: В.П. Озерская, В.И. Капинос, М.М. Разумовская . – 3-е изд. – М.: Просвещение, 1980.

Банькина М.К. Проработка ошибок в отдельно взятом классе: рус. яз. // Первое сентября 2000. – 29 янв.

УДК

ЭЛЕМЕНТЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СПОСОБ РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ

Шатохина М. – студентка гр. 118-87
Научный руководитель: А.К. Калжанова – к.ф.н., и.о. доцента
Южно-казахстанский государственный педагогический университет
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мәселені оқыту технологиясы – бұл білім туралы жақсы білім, студенттердің ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеттерін жақсартуды қамтамасыз ететін ең тиімді заманауи технологиялар.

Древнекитайский мыслитель Конфуций когда-то сказал: «Учение без мысли – напрасный труд» [1, с. 25]. Это высказывание очень хорошо понимают многие из нас, поэтому и обращаются к современным технологиям обучения, способствующим развитию интеллектуальных способностей обучающихся.
Проблемное обучение означает, что учащийся усваивает материал не только через восприятие органов чувств, но, что наиболее важно, в результате удовлетворения своей потребности в знаниях; понимание не только системы образования, но и процесса получения этих знаний, а также расширение своих творческих способностей. Учащийся становится непосредственным участником учебы. Предпосылками для успешного обучения являются активность учеников, решение проблем изучаемого материала, когда они удивляются и находятся в состоянии поиска ответов на вопрос, когда видят связь между учебным материалом и жизнью. Современное проблемное изучение русского языка и литературы направлено на творческое развитие знаний в области лингвистики и литературоведения, формирование базовых понятий этики, морали, социальных понятий, имеющихся в курсе литературы по развитию навыков самостоятельного применения методов исследования.

У каждого ученика есть индивидуальные природные склонности и способности, которые помогают достичь определенного уровня творческого развития. При обучении для себя необходимо добиться того, чтобы каждый ученик достиг максимума. Важно развивать мышление и творческие способности учащихся, поэтому хорошо организованное обучение не может быть проблемным.

Ключевой вопрос урока становится часто употребляемым. Примером могут служить такие темы уроков: «Чем опасны Молчалины?», «Почему впервые «Путешествие из Петербурга в Москву» печаталось без указания автора?», «М.Е. Салтыков-Щедрин: «Я люблю Россию до боли сердечной». Отчего болит сердце писателя?», «Славы или позора достоин Петр Гринев?» или «Почему комедия названа «Ревизор», если мы не встречаемся с ним ни разу?» [2, с. 37]. Основной вопрос урока позволяет организовать поисковую деятельность и активный диалог на протяжении всего учебного занятия.

Различные способы использования цитат на уроке также связаны с методами решения проблем. При изучении темы «Мир и русский язык в Казахстане. Причины возникновения и развития языка» на уроке русского языка ученикам предлагается выполнить следующее задание: «Прочитать приложение. Узнайте, в чем его основная идея. Прав ли тот, кто сказал эти слова? Докажите, что это правильно или неправильно. Запишите это утверждение и свои мысли в тетрадь. Каждая группа работает над одной из предложенных концепций: *«Русский язык! Тысячелетиями создавал народ это гибкое, неисчерпаемо богатое, умное, поэтическое и трудовое орудие своей социальной жизни, своей мысли, своих чувств, своих надежд, своего гнева, своего великого будущего». (А.Н. Толстой); «Дивишься драгоценности нашего языка: что ни звук, то и подарок: все зернисто, крупно, как сам жемчуг, и, право, иное названье еще драгоценней самой вещи». (Н.В. Гоголь)* [3, с. 45-46].

Использование «негативной» цитаты, эпиграммы или карикатуры – самый эффективный способ организовать проблемный диалог. Например, при изучении творчества Н.А. Некрасова можно использовать мнение критика Андриевского, который называл поэзию Некрасова «мельхиора», а стихи «историей поэзии, а не самой поэзией». Несомненно, на уроке вопрос в том, «будут ли ученики вынуждены заниматься исследованиями: так ли это? Почему?».

Подобного эффекта можно добиться при «столкновении» котировок. Например, ученикам были даны несколько выводов А.С. Пушкина о М.В. Ломоносове: *«Оды его... утомительны и надуты. Его влияние на словесность было вредное и до сих пор в ней отзывается. Высокопарность, изысканность, отвращение от простоты и точности, отсутствие всякой народности и оригинальности – вот следы, оставленные им»; «Уважаю в Ломоносове великого человека, но, конечно, не великого поэта»; «(Оды М.В. Ломоносова) ...останутся вечными памятниками русской словесности»* [3, с. 62].

Использование «коллизионного» метода цитирования можно предложить ученикам во время выполнения задания: в конце урока обосновать такой выбор, выбрав наиболее полную и точную оценку точки зрения каждого ученика. В любом случае конфликты, возникающие при обсуждении цитат в классе или в группе, могут привести к активному диалогу на занятии.

На уроках русского языка в качестве приема, организующего проблемно-диалогическое обучение, можно использовать грамматические сказки. Так, например, при изучении темы «Способы подчинительной связи в словосочетании» урок можно начать со сказки: *«Решило Слово наняться на работу. Стал присматриваться к хозяевам. Первый хозяин – Согласование – добрый и справедливый, он требует от работника: «Я работаю, и ты делай, как я». Второй хозяин – Управление – очень строгий, он требует: «Делай то, что я прикажу!». Третий хозяин – Примыкание – ничего не требует, он просто просит: «Постой со мной рядом»* [4, с. 71]. Анализируя и исследуя всевозможные гипотезы, ученики должны объяснить смысл этой сказки.

При изучении темы «Склонение порядковых числительных», например, проблемную ситуацию можно создать при использовании ошибки и можно предложить рассмотреть ошибки, допущенные при употреблении различных дат: *«В двухтысячно четырнадцатом году олимпиада прошла в городе Сочи»*. В этом случае к используется мнимая ошибка. На доске учитель пишет два словосочетания: *«выпишИте слова» и «выпишЕте слова»* и задает вопрос ученикам: «В каком случае я ошиблась и почему?» [4, с. 79]. Делая различные выводы, ученики выяснят, что ошибки здесь нет, а есть две формы глагола – в изъявительном и повелительном наклонении, правописание которых подчинено разным орфографическим правилам и связано с различием в морфемном составе форм слова.

Прием сравнения можно считать одним из самых эффективных в организации проблемно-диалогического обучения. Этот метод может быть выражен через ключевой вопрос урока, например, «*Кто скорее построит собственную карьеру: Молчалин или Чацкий? Почему?/ Кем легче быть: Чацким или Молчалиным? Почему?».* Также может быть организована деятельность учеников, предполагающая сопоставление различных предметов и явлений. Например, на уроке литературы при изучении темы «Литература – искусство слова» ребятам предлагается заполнить таблицу словами, выражающими качества «хорошего писателя» и «хорошего читателя», а также ответить на вопросы «Как вы понимаете выражение «хороший писатель» и «хороший читатель»? Кем легче быть: хорошим писателем или хорошим читателем? Какие качества самые важные для них? (Подчеркните)» [4, с. 85].
При сравнении результатов в каждой колонке, учащиеся должны сделать вывод, что умение читать не менее важно при чтении художественной литературы, как и письмо. При использовании проблемного обучения можно повысить эффективность этой технологии в сочетании с другими технологиями и методами.

Таким образом, проблемно-ориентированная технология обучения дает учителям русского языка и литературы прекрасную возможность вовлечь учеников: это как познавательный интерес, творческий характер деятельности, конкурентоспособность и игровой характер уроков, так и способность открывать знания с дети и развивают мышление, рефлексивную личность, красоту. дают богатый материал, который можно увидеть и посочувствовать чужим страданиям.

Литературы

Кульневич С.В., Лукоценина Т.П. Современный урок. Часть 3: Проблемные уроки. – Ростов-на-Дону: Учитель, 2006.

Мельникова Е.Л. Проблемный урок, или Как открывать знания с учениками: Пособие для учителя. – М., 2012.

Мельникова Е.Л. Проблемно-диалогическое обучение как средство реализации ФГОС: Пособие для учителя. – М.: ФГАОУ АПКиППРО, 2012.

Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М., 1992.

Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. – М.: НИИ школьных технологий, 2006.

ӘОЖ 811.512.122.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ - АЛТЫНСАРИН

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,
Нурманова Ж. К.,
Абай А 1801-19 оқу тобының студенттері
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
Қазақстан

Резюме

Эта статья посвящена автобиографии Выдающегося просвещения казахского народа - Ыбрая Алтынсарина, его просвещениям и этнографическим трудам.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің "XYIII - XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті" деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог- жазушыға: XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын- жазушы Ыбырай Алтынсариннның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,"- деп баға берді.

Педагогика тарихында, Ыбырай Алтынсарин есіміне тоқталмай кету, тәрбие мен оқуды сөз етсек, «Қазақ хрестоматиясы» жайында айтпау мүмкін емес. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі, қиын заманында ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас тағдырына терең үңілген Ыбырай Алтынсарин «Тәрбиесіз білім – адамзаттың азуы» екенін жіте ескерген. Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббатын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Ыбырай Алтынсарин - (шын есімі — Ибраһим). Ыбырай-Орта жүздің Қыпшақ руынан шыққан. Ол 1841 жылы қазан айының 20-сында қазіргі Қостанай облысы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай-қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері сонымен қатар этнограф-ғалым болған. Ыбырайдың өз әкесі (Алтынсары) ерте қайтыс болады,сол себепті бала Ыбырай өз атасы Балғожа Жаңбыршин бидің тәрбиесінде қалады. Ыбырай әкесі Алтынсарының тірі кезінде қазақ елінің ата салты бойынша атасы Балғожаның баласы боп саналды, яғни үлкен баладан туған бірінші немерені атасы мен әжесінің қолына берген. Ыбырайдың анасы халық ертегілері мен жырларын ұлының құлағына жастайынан құйып тәрбиелеген. Ыбырайдың анасы-арғын руының белгілі адамы Шеген бидің кіші қызы - Әймен жұбайы Алтынсары қаза болғаннан соң әмеңгерлік

жолмен Алтынсарының інісі Қошанға шаңырақ құрып,одан Оспан деген баланы дүниеге алып келеді. Ыбырай бала кезінен бастап зерек болып өскен, білімге құштар болған жәнеде өз бетінше оқып білуге бейім болған. Атасы Балғожа би Ыбырайдың көзі ашық, көкірегі ояу азамат болсын деп,1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының сол қалада қазақ балалары үшін ашқан жеті жылдық мектебіне оқуға береді. Бірақ жасынан зерек болып өскен Ыбырай Алтынсарин бұл мектептің оқу жүйесі шеңберінде ғана қалып қоймай,дүние жүзі әдебиетімен орыс классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып, білімнен нәр алды. Ыбырай мектепті бітіргеннен соң,1857-1859 жылдары, атасы Балғожа бидің хатшысы болып жұмыс жасады. Содан соң, Орынбор облысы басқармасына кіші тілмаштық қызметіне ауысады. 1860жылы Ыбырай Алтынсаринге облыс басқарма Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашу тапсырылады,сонымен бірге оны осы мектепке орыс тілі пәнінің мұғалімі етіп бекітеді.Осылайша Ыбырай Алтынсариннің ең алғашқы ағартушылық-педагогикалық қызметі басталады. Шалғай түпкірде мектеп ашудың қиындығына қарамастан ағартушылық идеяларымен қанаттанған Ыбырай өзінің көздеген мақсатына жетуге құлшына түсті. Ауылдарды аралап, халыққа кәсіптік білімнің маңызымен мақсатын түсіндірді. Ыбырайдың қадамымен талабын халық қуаттады. Қаржы жинауды ең алдымен өзі бастап, атасы Балғожаның еншісіне берген малын сатып, түскен ақшаны мектеп салуға жұмсады. Сөйтіп Ыбырай халықтан жиналған қаражатқа мектепті салуды қолға алды. Оқу үйі жетіспеген кезде оқу-білім іздеген қазақ балаларын өз үйіне жатқызып оқытқан. Ыбырай Алтынсарин дүние жүзі педагог классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оны қазақ даласында оқу-ағарту практикасына енгізген тұңғыш педагог, балалар әдебиетінің атасы, аса көрнекті демократ-ағартушы, педагог, жазушы, қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның негізін салушы, дана адам болған. Ыбырай Алтынсариннің ерекше бір тұсына тоқталып өтетін болсам, ол білім мектептерінен бөлек қолөнер мектептерін ашты және билингвизмді елімізде алғаш қалаған адам болған. Торғайда қолөнер училищесін ұйымдастырды. Қайтыс болар алдында Қостанайда ашылғалы отырған училищесіне өзінің иелігіндегі жерін беретіндігі туралы өсиет қалдырып кеткен болатын. Ыбырай Алтынсарин бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің негізін қалаған тұңғыш әдіскер-ғалым, кіші жастағы балалар психологиясына жетік педагог-маман, бастауыш мектеп оқулықтарының, әдістемелік құралдардың авторы. Қыздарға арналған мектеп интернаттарын ашып, кітапхана ісін ұйымдастыруда, қазақ мұғалімдерін дайындап, кәсіби білігін арттыруда да Ыбырай көшбасшылық қызмет атқарған. Ы.Алтынсарин-1864жылғы 16-наурыздағы Н. И. Ильминскийге жазған хатында: «Аш қасқыр қойға қалай қараса, мен балалар ғылымына аш қасқырша кірістім, солайша үш ай ішінде балалар оқуды, жазуды, орыс және татар тілдерінде оқып, жазуды үйренді. Бір сөзбен айтқанда бұл жастар 4-жыл бойы алған білімдерін, курс аяқталғаннан кейін мәдениетті сөйлеп көптеген білімді үйреніп шығады деп ойлаймын. Кейін парақор болып

шықпаулары үшін, оларға адамгершілік жағынанда әсер етуге бар күшімді салып отырмын» деп жазған болатын. Өзінің педагогикалық жолында Ыбырай ең алдымен балалардың тәрбиесімен айналысты және оған ол өз уақытымен құралдарын аяған жоқ. Ыбырайдың ерекше бір тұсына тоқталар болсам, ол этнограф-ғалым ретінде де өз қырын көрсете білді. Оның очерктерінде қазақтардың патриархалдық-феодалдық тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының консервативтік мәні ашылады. Алтынсариннің қазақ ауылының әлеуметтік — экономикалық құрылысы мен шаруашылық тұрмысын қайта құруға арналған еңбектері ерекше назар аудартады. Ыбырай Алтынсарин адамдарды ағартып қана қоймай, ата-бабалар мұрасын, салт-дәстүрлермен ырымдарын,аңыздарын, ертегілерін, қазақ халқының жұмбақтарын зерттеп, сақтаған. Ыбырай Алтынсарин өзінің этнографиялық еңбектерінде - Халықтың салт — дәстүрін насихаттауда алатын орны ерекше. Алғаш рет халықтың салт - дәстүрлерін өзінің шығармаларына енгізу арқылы балаларды еңбекке, имандылыққа тәрбиелеумен қатар, атадан балаға жалғасып келе жатқан халықтық салт — дәстүрге аса мән берген болатын. Ы.Алтынсарин - қыз ұзату, құдалық төңірегінде 1870 жылы этнографиялық очеркінде жазды. Адам өміріндегі ең бір қызық та қуаныш ұмтылыс белең - оның үйленіп жеке отау тігуі. Ұрпақтарының үлгілі отбасын құруы, сол жастардың ата — аналары мен ауыл адамдарының тілегі ғана емес, қоғамдық қажеттілік екенін көрсетеді. Ежелгі қалыптасқан дәстүр бойынша, қазақ жұртында отау тігудің бірден бір жолы — құда түсіп, қалың мал төлеп үйлену арқылы жүргізіледі. «Құда түсіп, қалың мал төлеу ұғымының мағынасы кең. Бұдан қазақ жастары қалыңдығын өздері талғамай әкесі алып берген деген ой тумаса керек. Бұл жерде атастыру, қыз айттыру, көріп, яғни жар таңдап алу деген дәстүрлері бар. Сұлулыққа жаны құмар халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болу керектігі жөніндегі дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған» Ыбырайдың Ресей географиялық қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлерінің очерктері» (1870) атты еңбектерін жазып ұсынды. Онда қазақтың құда түсу, жеті атаға дейін қыз алыспау рәсімдерінің елді біріктірудегі прогрессивтік мәнін ашып көрсетеді. Күрес, ат бәйгесі, секілді ұлттық ойындарды ұйымдастырылатыны, аттың бәйгесі мен күрестің бәйгесін рулы елдің талап алып кетіп, балуан мен ат иесіне түк тимейтіні, мұның бір жағы мақтаншақтық - доңғойлық екендігін айтты. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар дегендей бұл күндері бұл дәстүр өткенді ғана еске түсірері анық. Ыбырайдың бұл еңбектері - тарихи мұралар болып қала бермек. Сонымен бірге Ыбырай Алтынсарин қазақ мәдениетін орыс достарына білдіруді мақсат етті. Ол сол кездегі орыс чиновниктері ойлағандай қазақтардың «ұры», «тағы, көшпелі, жабайы халық» емес, өзіндік мәдениеті, өнері бар халық екендігін білдіру болды. Қазақтың салт - дәстүрлерін жинап, зерттеп, әр ауыл, болыс сайын мектеп ашып, мектеп жанынан монша, кітапхана салып қайтсем қазақ

елін мәдениетті ел қатарына жеткіземін деп арпалысты. Ыбырай - араб - парсы сөздеріне жүгінбеген, осы тұста ол басқада жазушылардан ерекше тұрады.

Тұңғыш қазақ педагогы, этнограф, ұлы ағартушысы-Ыбырай Алтынсарин екі түрлі ірі мәселені алдына басты мақсат етіп қойды: оның біріншісі-мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы; екіншісі - халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері болды. Осы екі мақсатты орындау жолында Ыбырай Алтынсарин мейлінше қиын жағдайда жұмыс істеді. Талай бөгеттерге кездесті және ол бөгеттерді сынбай жеңе білді. Өтірік арыздардың неше түріне жолықты, ол миссионер, балаларға сабақ барсынды христиан дінін бағыттайды деп, біршама өтірік жаланың астында қалды. Бірақ ол күрестен қажыған жоқ. Оның келешекке сенімі зор болды. Аңсаған армандарын болашақта жастар орындайды деп үлкен сенім артты. Ыбырай Алтынсариннің басты мақсаты: шәкірттерін еңбекқор,шыншыл, лайықты, рухани жағынан мықты және отанын сүйетін, елін құрметтейтін патриот етіп тәрбиелеу және парақорлықты болдырмау болған.

Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі - проза жанры болды. Оның "Бай баласы мен жарлы баласы", "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй мен ағаш үй", "Надандық", "Лұқпан хакім", т.б. бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. "Бай баласы мен жарлы баласы" - Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Үсеннің іс –әрекеттің жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімеден сол дәуірден өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов деген журналистің орыс тіліне аударып, "Родник" журналының 1890 жылғы 6-санында жарияланғанын атап көрсетеді. [81 б]

Жалпы, Ыбырай Алтынсарин Ұлы Қазақ даласының шоқ жұлдызы биік ірі тұлға, өсиет сөздері асыл мұра...

Әдебиеттер

1.«Қазақстан»-Ұлттық энциклопедия,Алматы1998ж,318бет..

2.«Тарихи тұлға тағылымы».«Арда»,Алматы 2005.Ә.Дербісәлин.

3«.Ы.Алтынсарин-2-томдық шығармалар жинағы».«Қазығұрт» баспасы.Алматы 2003ж

4. https://articlekz.com/kk/article/28585

ӘОЖ 811.512.122.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЫЛЫМЫ

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,
Нурманова Ж. К.
Сандыбай А.Ә., Төлеген А. 123-18 оқу тобының студенттері
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.,
Қазақстан

Summary

This article describes about the moral work, experience and works of Ybyrai Altynsarin, who first wrote a book and opened a school for the education and literacy of the Kazakh people. Now it is necessary for the Kazakh youth to leave such a rich heritage and instill a sense of patriotism in the Kazakhs, to study their honest, humane moral character. Ybyray Altynsarin is a brilliant educator, a talented artist, a tireless public figure who managed to present the reality of life from the point of view of advanced ideas. He is a poet, a writer who raised the most important problems of our time. He is an honest man who spares no energy for the purposes of the people.

Жүрегі қазақ деп соғып өзі мектептің жүрегіне айналған - Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарының білім алуына, қазақ қоғамының білімді болуына деген қосқан үлесі орасан зор. Өзі туып өскен қазақ жеріндегі жастардың білім алып шет елдерде қалыптасқан дамыған әдебиет, мәдениет, ғылым-білім салаларының қазақ даласында болуын қалаған жас ізденімпаз Ы. Алтынсарин еді. Осындай елге деген сүйіспеншіліктен туған ой ұстаз болуға ұмтылған атамыздың алдына үлкен мақсаттар қоюға мәжбүрлейді. Ол мақсаттар әрине елді сауаттандыру, ел ішінде ағартушылықпен айналысу, қазақ даласында дәстүрлі өзіне тән мектебін қалыптастыру еді. «Жақсы әке - жаман балаға қырық жыл азық», - деп қазақ атам айтпақшы атасының абыройы баласына өз септігін тигізеді. Атасы Балғожа би Орынборда ашылады деп күткен қазақ - орыс мектебіне баласын күні бұрын жаздырып қояды. Көп күткен мектеп 1850 жылы Орынборда ашылады. Сөйтіп 9 жасар қазақ баласы алғаш мектеп табылдырығын Орынбор қаласында аттайды. Бұл оқу орнын 7 жыл ішінде «өте жақсы» деген бағаға аяқтайды. Орынбордағы оқу орнын бітірген ізденімпаз қазақ баласы туған жеріне қайтып оралады. Бітірген соң 2 жылдай қазақтың кең даласында қазақ болашағы үшін түрлі пайда тигізер ойлар ойлап, қазақ жағдайын мейлінше тереңірек түсінуге тырысады. Осы арада 1859 жылы атасының танысы, сыйлас кісі - Орынбордағы Шекаралық комиссияның төрағасы, шығыстанушы белгілі ғалым, профессор В.В.Григорьевпен жақын танысады. Таныстығының арқасында В.В.Григорьев Ыбырайға қамқорлық танытып, өзінің бай кітапханасымен танысуға мүмкіндік береді. Ы. Алтынсарин білімге құштарлығының, махаббат қоя білгеннің арқасында түрлі шығармалармен, орыс және дүние жүзі педагогтарының еңбектерімен, ұлы адамдардың өмірбаянымен танысады. Талмай ізденіп оқыған себепті біраз мағұлматқа қанық болады. Ыбырай 19 жасқа келгенде қазақ үшін пайдалы іспен айналысуым керек деп бар ынтасы ағартушылыққа ауады. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға

рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Мектептегі оқу жүйесімен тәрбие жұмыстарын орыс мектептеріне негіздей отырып қазақ даласына жаңа білім алу жүйесін қалыптастырады. Мектепте білім негізі қазақ тілінде болғанымен арасында орыс сөздер қолданды. Осылайша білім өрісі кеңейе түсті. Бұл оқушы қазақ балаларының орыс шығармаларымен танысуға көмектесті. Бұл Ы.Алтынсарин атамыздың өзінің-ағартушылық қызметі үшін және де қазақ білімі үшін жасалған баспалдақ тәрізді істерінің алғашқысы еді. Ол Н. И.Ильминскийге жолдаған хатында "Қазақтар мені құшағын жая қарсы алды. Мектепке балаларын беруге ынталы адамдар толып жатыр", - деп жазды. Осындай әрекеттер Ы.Алтынсаринға шабыт беріп ісін одан әрі жүргізуге септігін тигізеді. Н.И.Ильминскийге жазған сол хатында "Қазақ даласын үш жылдай аралаған сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз",- деп өз халқын ойлайтын ұл екендігін тағы бір дәлелдейді. Өз халқы жағына шыққан Ы.Алтынсарин қой аузынан шөп алмас момын қазақ халқын басынатын болыс, әкімсымақтардың ісіне де өздеріне де сын көзбен қарап қарсы пікірде болды. Бұл Ы.Алтынсарин атамыздың ел үшін туған ер екендігінің айғағы еді. Қызмет жасап жүргенде сол биліктегі жемқорлармен, әділетсіз басшылармен жиі ұшырасып қалатындығын және оның ішінде өз туыстарының бар екендігін жасырмайды Н.И. Ильминскийге жазған хатында. Тіпті күйініп иштей қынжылатындығында айтады. Бұндай көзқарастар мен іс-әрекеттер Төле бидің «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген нақыл сөзіне сай келетін шыншыл, адал екен растайды. Әрине бұндай мінез, ой елге деген сүйіспеншілік пен алған білімнің арқасы екендігі белгілі. 1876 жылы Ыбырай Петербург, Қазан қалаларына барады. Орыстың ағартушылық жүйесін, орыс ағартушыларының еңбектерін зерттейді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. Ағартушылық жолдарында түрлі қиындыққа кезігеді, сондада бұл ісінен ешқашан айнымаған. Керісінше мейлінше дамытуға тырысқан. 1876 жылы ойға алған ісін бастап, 1879 жылы тұңғыш қазақ тіліндегі кітап «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегін Орынборда басып шығарады. Бұл кітап жайында Ы.Алтынсарин: "Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды. Хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тіліміздегі тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім",- деп қазаққа жанашырлығын тағыда іспен көрсете білді.

«Қазақ хрестоматиясында» өлеңдер мен шығармалар, әңгімелер болды көбісін Ы. Алтынсарин өзі жазады. Бұдан кейінде орыс тілінде және қазақ тілінде қазақ балалары үшін әңгіме жинақ, өлеңдер және берері көп мысалдар

жарық көрді. Қазақ білімі сауаты үшін алғаш кітап жазып, алғаш мектеп ашқан Ы.Алтынсарин атамыздың өнегелі ісі жастарға үлгі болары анық. Ендігі қалғаны қазақ жастары үшін осындай артына бай мұра қалдырып, қазақ үшін патриоттық сезімін паш еткен, шыншыл, адамгершілікке толы бойындағы мінездерін зерттеп оқи отырып өз бойына сіңіру болмақ.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шыңдығы дәлелдеп отыр.

XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай – ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болған абзал.

Ыбырай Алтынсарин — көрнекті ақын, дарынды жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы — қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы.

Ұлы педагог-ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Өмір шындығын танытар көркем проза жасады. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Өзінің шығармалары арқылы қазақ әдебиетін жанр, түр жағынан да, мазмұн-идея жағынан да ілгері бастырды. Ыбырай Алтынсарыұлы қазақтың әдеби тілінің негізін салуда да елеулі еңбек етті. Тіл тазалығы үшін күресіп, оны ұстартты. Өз туындыларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын пайдалана білді. Әдеби тіл принципін қатаң сақтады. Шығармаларында мақал, мәтел, нақыл сөздерді, аңыз - әңгімелерді шебер пайдаланды. Өмір шындығын халықтық стильде жазды. Сонымен, Ыбырай Алтынсарин-кемеңгер ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген аса дарынды суреткер, қажырлы қоғам қайраткері. Ол заманның ең маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Тарихты танып зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танисың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың» деген сөздерінде тарихтың шексіз тағылымы да ақиқаттың құдіретті мейлінше айқындала түседі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шыңдығы дәлелдеп отыр.

XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы , адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай – ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет.

Жалпы, осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егеменді елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болса игі...

Әдебиеттер:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
2. «Қазақ тілі мен әдебиет » журналы. 2008ж, № 4,
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, «Жазушы», 1989 I то
4. «Өзіндік таным» № 2 2007 № 5-6 2006ж
5. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
6. Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары.320 бет
7. Ы.Алтынсарин тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамед:
8. Қазақ хрестоматиясы , 2007ж., “Білім” баспасы
9. Әлемдік педагогикалық ой-сана, 10 том, “Таймас” баспа үйі, 2010ж.

ӘОЖ 81' 373.611

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ, ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Маханбетова А.У. -102-17 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Байымбетова Ж.А. - ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
Шымкент, Қазақстан

Резюме

Использование игровых технологий на уроках литературного чтения, казахского языка

Ойын – бұл адамның мінез – құлқын өз басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс – әрекеттің бір түрі. Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және

оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«*Қара жәшік*» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«*Дұрыс-дұрыс емес*» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «*дұрыс*» дегенді білдірсе, екінші орындық «*дұрыс емес*» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: Ы.Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«*Жолға шығу*» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады.Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«*Кемпірқосақ»* ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қ*арбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр).*

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол

сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады. Мақсаты ойын арқылы оқушылардың білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

- Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

- Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық рөлі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Кез келген ұстаздың басты мақсат-міндеті – оқушыларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгі ғасыр, ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ.

Ойын - дегеніміз не? Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты.Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайында-ғылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рөльді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Ойынның түрлері өте көп. Мысалы*: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын* элементерін пайдаланудың маңызы өте зор.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл – ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігерімен араласатыны анық.

«*Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау, «Асықтар», «Бәйге*» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мектепте балалар табысты, жақсы оқу үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады. Мысалы: «*Қуыршаққа қонаққа бару*», «*Қуыршақты киіндіреміз*» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдалып алынады.

Мысалы: «*Телефон*» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында саралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін жетілдіруге ұйымдастырылады. Балалардың жүгіру, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке қалыптасуына зор ықпал етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым – қатынасын, баланың мінез – құлқын белгілейді.Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Ойын балаларға сабақта өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанының өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рөлді ойындар бейнелеу құралы рөль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады.

Мысалы «*Дүкен*» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «*Шаштараз», «Отбасы*» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселдендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалын бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөльді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Қойылымдық ойындарда рөльдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б.байланысты.Сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөльді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең, бар ынтасымен тыңдайды. Ертегі балалардың ой - қиялын, сөздік қорын дамытады.

Құрылымдық ойындар - балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады.
Құрылыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Оқушылар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрлыстар салады.
Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нерсені үйретететін ойындарды жасаған халық педагогикасында жатыр.
«*Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық*»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындарды айналамен танысу сабағында, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарында жиі қолдануға болады. Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт - бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Ойын түрлері оқушының ой қабілетін арттырумен бірге сабаққа белсенділігін, қызығушылығын оятып, ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл- ой қалыпты дамымайды. Ойын арқылы баланың рухани байлығы өмірмен ұштасып, айналасындағы дүние туралы түсінік қалыптасады. Ойындар — тек денені ғана емес, ойды да жаттықтырушы. Халық өзін қоршаған дүниенің қыры мен сырын егжей-тегжейлі білуді баланың санасына ойын арқылы беруді көздеген.Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Ойындарды бүгінгі педагогикалық ілімдер талаптарына сай іріктеп, ретімен қолданып отырсақ, сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырамыз, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандыра түсеміз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаға қазақ тілін оқытудың тиімді әдістеріне көп көңіл бөлген жөн. Қазақ тілі сабағында ойынды ұтымды пайдалансақ оқу процесі жанданып, сабақтың сапасы артады. Баланың сөздік қоры молайып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға жетіле түседі. Жылдам сөйлеуді үйренеді. Бастауыш сынып оқушысының зейіні тұрақсыз, импульсивті болғанымен, қабылдау есте сақтау мүмкіндіктері жақсы дамыған.

Тіл дамыту, әдебиеттік оқу, сауат ашу сабақтарында да рөлдік, сюжеттік ойындарды қолдануға болады. Ролдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді.

«Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға үйретуге болады.

«Жылдың төрт мезгілі» ойыны: Жылдың төрт мезгілі орманда кездеседі. Амандасып, бір-бірінен хал сұрасқаннан кейін олардың әрқайсысы «Жаз», «Көктем» және «Қыс» сөздерінің ерекшеліктерімен мақтанады.

- *Мен – қыспын ойыны*. Ең суық, қаһарлы мезгілмін. Үш ай – желтоқсан, қаңтар, ақпан айында күнді суытып, қарды жаудырамын. Өзендерді, көлдерді қатырамын. Сол кезде қандай мереке бар екені айтылады. Жаңа жыл. Оқушылардан «Қыс» туралы қандай тақпақ, өлең, жұмбақ білетіндері сұралады. Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі болса, қазіргі кездегі білім беру – оқушының пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу.

Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады. В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды.

Әдебиеттер:

1.Ушинский К.Д. Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнінде таңдамалы пікірлері. –Алматы. 1961. 80 бет.
2.Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. — Алматы. 1965. – 247 б.
3. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.
4. Тұрдалиева Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Астана, Фолиант, 2012. – 253.
5. Мейірманқұлова Т. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. — Астана, Фолиант, 2010. – 164 б.

ӘОЖ (378:372.8:811.111)

METHODS OF TEACHING ENGLISH IN PRIMARY SCHOOL

Amangeldi O.Sh., Abdimutalip A. – 102-18 group students
Scientific adviser: Kiyassova K.K. – Candidate of Pedagogical Science, Acting Associate professor
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent

Резюме

В этой статье рассматриваются способы обучения фонетическим и грамматическим упражнениям на английском в начальной школе с использованием стихов и игровых элементов, видео.

Crossing the threshold of the XXI century with the aim of developing education and science in the direction of innovative technologies is the main symbol of great hopes. As the future of the educated people is bright, the younger generation needs a conscious, meaningful, moral upbringing and education.

At a time when our country's relations with other countries are growing, our current task is to train people who are fluent in English and can use their knowledge in various fields in the future. The society needs to deepen and comprehensively teach

English. Becoming an independent country and embarking on the path of global civilization requires a good command of the English language.
The purpose of teaching English at an early age is for students to master the basics of communication in English. Teaching English from an early age improves students 'communicative development skills, stimulates students' interest, gives them the opportunity to speak more than one language. Learning English, which is informally established as a world language, strengthens the nation's competitiveness. Knowledge of modern English is a matter of time.
English is the most important tool of interpersonal and intercultural relations, which allows us to develop international relations of our country. Qualitative changes in international relations of the state make it necessary for English to be in demand in practical and intellectual activities.
The main task is to arouse students' interest in teaching English. There are many difficulties in learning a foreign language. To overcome these difficulties, it is necessary to increase the enthusiasm for the subject.
Classes can be held in the following ways to increase and stimulate students' creativity:
1. Extensive use of visual aids in the classroom;
2. Modification of the lesson;
3. Use posters, pictures, diagrams created by students in the lesson;
4. Effective use of technical means;
5. Show videos, movies related to the lesson;
The use of game elements in the formation of cognitive, communicative competence of students in English lessons is important [1,19].
Games allow to perform important methodical tasks:
1. To prepare children psychologically for speech communication;
в) көрнекі құралдар оқушылардың бақылағыштық және ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіруі;

г) көрнекі құралдар өтілген материалдардың сапалы және терең меңгерілуіне септігін тигізуі,

д) көрнекі құралдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, психикалық қабілеттеріне сай болуы керек.

Осы аталған талаптар орындалған кезде ғана оқушылар қазақ тілінің заңдылықтары мен өзіндік ерекшеліктерін сапалы меңгереді.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін сан есімді оқыту тапсырмалары проблемалық сипатта беру қажет. Адамның миы бір проблеманы шешу барысында белсенді жұмыс істейді. Бұл ойлау қабілеттерінің жетілуіне ықпал

етеді. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілеттерін жетілдіруде әсіресе сан есімді оқыту тапсырмалардың маңызы ерекше. Бірақ, оқыту процесінде сан есімді оқыту тапсырмалардың барлығы оқушылардың ойлау қабілеттерін жерілдіреді деген ой тумау қажет. Мұғалім сан есімді оқыту тапсырмаларды оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытатындай етіп түзуі, сондай-ақ сабақта сан есімді оқыту тапсырмаларды орнымен пайдалануы тиіс. Мұнда мынадай мәселелерді:

Сан есімді оқыту тапсырмалардың оқушыларды ойландыруға итермелеуін;

Тапсырмалардың проблемалық сипатта түзіліп, оқушылар белгісізді өздері табуын,

Оқыту процесінде тапсырмаларға неғұрлым көп оқушы қатысуын;

Сан есімді оқыту тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылуын қадағалау керек [3, 29 б.].

Бастауыш сынып сан есімді оқыту тапсырмалары арқылы меңгертуде психология ғылымының жетістіктеріне сүйенбесе болмайды. Психология ғылымы оқушылардың психикалық қабілеттерін, ой-санасының даму заңдылықтарын, іс-әрекеттерінің обьективті заңдарын және қабылдау, түйсіну, ойлау, байымдау, қиялдау психикалық құбылыстарының даму жолдарын зерттейді. Сондықтан сан есімді оқыту тапсырмалары арқылы қазақ тілін игертудің психологиялық негізіне мұғалімнің сабаққа психологиялық дайындығының болуы, яғни үстаздың сабақты оқушылардың жас ерекшеліктері мен материалдарды меңгеру қабілеттерін ескере отырып, қызықты әрі тартымды өтуі және оқушылардың білімді игеру қабілеттерінің қалыптасу деңгейлері жатады [4, 264 б.].

Оқытушы бастауыш сынып оқушылардың сабаққа деген құлшынысын, оқу мотивтерін туғызуда кеңінен пайдалануы керек. Әрбір сабақта оқу мазмұнын жаттығуларға, тақырыпқа байланыстырып кіріктіруі, оларды өзара біріктіруі тиіс. Бұл — сан есімді оқыту арқылы оқушыларға сапалы білім,саналы тәрбие беруді жетілдірудің негізгі бағыты.

Қорыта айтқанда бастауыш мектепте сан есімді оқыту әдістемесінің тиімділігін атай отырып, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

1) Сан есімді оқыту тапсырмалары арқылы меңгертуде оқушылардың тереңдейді;

2) Сан есімді оқыту тапсырмаларын қолдану арқылы бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту сапасын арттыруға болады;

Оқушылардың сан есімді оқыту тапсырмалары арқылы тіл мәдениетін, сөздік қорын жетілдіруге болады;

Бастауыш сынып қазақ тілі сабағында сан есімді оқыту тапсырмаларын қолданудың педагогикалық, психологиялық негіздерін айқындау тапсырмаларды жан-жақты сапалы пайдалануға әсер етеді;

Жоғарыда айтылғандар — бастауыш сыныпта қазақ тілін сан есімді меңгертудің маңызды жолдары. . Бұларды орындауда мұғалім әдістемелік жағынан шебер, қазақ тілінің тілдік құрылысын жете меңгерген, әдеби тілде өз ойын анық, түсінікті жеткізе алатын болуы тиіс.

Әдебиеттер:

Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі. 1992,133-6.
Асылов Ү, М.Қ.Сұлтанғазина. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: «Атамұра», 2000
Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1997.
Волков И.П. Творчествоға баулимыз. Педагогикалық ізденіс. - Алматы, 1990 - 105-534 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аширбекова Н.Б – 102-18к тобының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада Б.Соқпақбаевтың қазақ балалар әдебиетінде шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, оқушыны жалықтырмайтын тәсілдер арқылы жасөспірімдерді тәрбиеге әдептіліке баулудың маңыздылығы жайлы айтылған.

Б.Соқпақбаев – ұлттық әдебиетімізге соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылған, өзіндік келбеті мен дара болмысы бар талантты жазушыларымызды бірі.

Ұлы ақын А.Құнанбайұлы: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» – деп жазады [1, 86 б.].

Бердібек Соқпақбаев Қожаның іс-әрекетін шынайы түрде юмор арқылы астарлы түрде береді. Автор повесті жазу барысында Қожаны негізгі кейіпкер ретінде ала отырып, өзінің балалық шақтағы іс-оқиғаларды сомдайды. Шығарманы оқи отырып, автор Қожа сияқты дарынды, ақылды, әзілқой болғаны анық байқалады. Балалар хикаяттарды сүйіп оқитыны анық. Сондықтан да бала көркем әдеби шығарма оқуға талпынады.

Повест үлкенді де, кішіні де еріксіз өзіне тартады. Бұл шығарманың тартымдылығы сонда – Қожаның әрбір ағаттығы арқылы адам өзінің ісіне есеп беру керек екендігін анық көрсеткен. Қай бала оқыса да Қожаға еліктеп, соның істеген қылықтарын өз сыныптастары арасында талайы қайталап та үлгерді, талай ескерту ала отырып, жақсы мен жаманды ажырата отырды.

Шығарма әр баланың бойына балалық махаббат,сезім,анаға деген махаббатты оятады. Бала өзін жақсы жақтарға тәрбиелей отырып, алдыңғы қатарлы оқушы болуға талпынады. Шығармадағы тәрбиелік мағынаның түрлерін талдау барысында әр баланың көркем шығармаға деген қызығушылығы артады. Сонықтан да бала ортада ойланып сөйлеуге, Жантасқа

ұқсас достарының арасында оқыс қылықтарды жасаудан аулақ болып,сыныптастары арасында беделді болуға тырысады. Күнделікті адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынаста өте қажет әдіс. Қазіргі уақытта көркем әдебиет аз оқылатын заманда оқушы тілін, ойын дамытуға тікелей әсер ететін шығарма болып табылады.

Шығарманы оқып қана қоймай талдап, зерттеп оқуға бағытталған. Қожаның түрлі таза мінезі – жазушының жеңіл тілі. Қарапайым сөзбен беру шеберлігі. Өз жасындағы балалар Қожаға еліктеп өссе, олар да дұрыс жолды қабылдап, биік арманға қол созатындығы анық.

Шығармада Қожаның әр ағатығы үшін қаншама жанашыр адамдар қандай тәрбиелік мәні зор ақылдар айтылады. Соңында осы жанашыр адамдардың арқасында биік қиялға самғады. Қожаның әрекеті адамды тәрбиелеп қана қоймай, әзілқой шынайылыққада жетелейді.

“Образ жасаудағы ең жауапты буын – таптаурын сүрлеуге түсуден, бір шиырды айналсоқтаудан сақтану болса керек". Осы таптаурын жолға түспей, көркем бейненің кілең ұнамды сипаттардан тұрмайтынын, өмірдің өзі сияқты оның да табиғаты күрделі екенін көрсететін, әрқилы сәттерде сынап-талдап, оның да өзіндік бітім-болмысы бар "адам-азамат" екенін кестелеген де Б.Соқпақбаевтың аталмыш повесі. Қожа өмірден үйренеді, қате басады, сабақ алады. Образ диалектикасы дегеніміз осы. Қожа мінезінің дараланауына септігін тигізген жазушының түрлі ұтымды, психологиялық ситуацияларды молынан пайдалануы дер едік. Шығармадағы шырғалаң оқиғалар мен соны туғызған жағдайлар повестің орталық тұлғасы – Қожа характерінің алуан сырлы психологиялық күймен ашылуына әсерін тигізген деп тұжырым жасауымызға болады [2, 37 б.].

Осы уақытқа дейінгі жарияланған шығармалардағы кейіпкерлер бойынан табылатын ұстамдылық, үгітшілдік оған жат. Бұл шығарма арқылы бой көрсеткен осындай сипаттар балалар прозасының басты белгісіне, жетекші бағытына айнала бастады. Бұл – Б.Соқпақбаевтың үйреншікті дағдыдан бойын аулақ салып, суреткер есебінде өсіп, қалыптасқанының белгісі.

Повесть шынайылығымен, балалар психологиясындағы ерекшеліктерді юморлық тілмен тартымды суреттеуімен, олардың ой-қиялын шыншылдықпен, реалистік дәлдікпен жеткізуімен, соны характерлер сомдау шеберлігімен балғын оқырмандар үшін айрықша қымбат. Мұндағы әр кейіпкер характер дерлік. Елгезек, әрі істеген әрекеттері сәтсіз аяқтала беретін Қожа, сері жігіт болуға еліктеген Сұлтан, жалаң белсенді Жантас, үнемі күлімсіреп жүретін, сүйкімді Жанар, ақылшы аға Ахметов... т.б. – Б.Соқпақбаевтың сөз болып отырған повесіндегі жазушылық үлкен шеберлікпен сомдалып шыққан шоқтықты образдар.

“Менің атым Қожа" повесінің ерекшелігі, табыс көзі жазушының бала психологиясын, жан сарайын шынайы бейнелеуінде деп айтуға толық негіз бар. Ұлы жазушы М.Әуезовті”: “...Орыс жазушыларынан анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң,

жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психология араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы" деген пікірі бар [3, 129 б.].

Жас жеткіншектің шалдуар мінезіне құрылған повестің өзіндік көтерген проблемасы да бар. Қожаның тентектігі белгілі бір логикадан туындайды. Болашақта ақын-жазушы болуды армандайтын Қожаның бойына жағымсыз мінез, ұнамсыз қылық қайдан келді?! Тәртіпсіздігінің себебі неде? Оның атышулы іс-әрекеттеріне кінәлі оспадар Сұлтан ғана ма? Әлде немересінің бетінен қақпайтын қарт әжесі ме? Әлі де баланың нәзік жанын түсіне бермейтін тәжірибесіз педагог Майқановаңың пионер лагеріне Қожадан үлгерімі төмен Жантасқа жолдама беруінің әсері ме? Ұстаздың шәкіртті дұрыс бағаламауының да бала тәрбиесіне тигізетін әсері мол екен. Дер кезінде дұрыс бағыт бере білген болса, Сұлтан да теріс жолға түспес пе еді!? Осындай сан алуан сұрақтар сырын ашу үшін жазушының әдеби жағдайға ерекше мән бергенін көреміз.

"Менің атым Қожаның" көркемдік ерекшелігіне тоқталғанда, алдымен назар аударатынымыз құрылымының тосындығы, өзгешелігі. Көркем шығарма құрылымы сөз болғанда, әңгіме сюжет пен композиция туралы болатыны белгілі. "Дүниеге келген әрбір туындының көркемдігі мен құндылығы осы екеуінің бірлігі арқылы анықталады" [4, 114 б.].

Әдебиеттер

Абай Құнанбаев Қара сөз: нақыл сөздер / Абай Құнанбаев– Алматы: Көшпенділер, 2007.– 158 б.

Б.Соқпақбаев. Жазып та көрдім... Қазақ совет балалар жазушылары. –Алматы: Жалын, 1982. -49 б.

Б.Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат. – Алматы: Жазушы, 1996. – 365 б.

Б.Соқпақбаев. Менің атым Қожа. –Астана: Елорда, 1999.- 379 б.

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

Абдуллаева Н.Р – 102-17 тобының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада көркем жазу пәнінде әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына маңызы зор екендігі туралы айтылады.

Бастауыш мектептердің алдына қойылатын жауапты міндеттердің бірі-оқушылардың таза, көркем жазуын қалыптастыру. өйткені каллиграфиялық мәдениет жалпы жазу мәдениетінің аса қажетті саласы екені белгілі. Жазудың әдемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой өрісін дамытуға мейлінше әсер етеді. Таза, сұлу жазылған жазба жұмыстары оңай, тез оқуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар сырттай көрер

көзге де сүйкімді. Көркем жазу оқушыны ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбексүйгіштікке баулиды.

Көркем жазудың негізі бастауыш сыныптарда қалыптасады. Бастауыш мектепке арналған қазақ тілі праграммасында әдемі жазуға қойылатын негізгі талаптар белгіленген.

1-сыныпта көркем жазу сауат ашу кезеңінен басталып, оқу жылының соңына дейін үзбей жетілдіріледі. әдетте, мұғалім жалпы жазу жұмысын, оның ішінде көркем жазуды, бастаудан бұрын сыныппен біршама даярлық жұмыстары жаза білу икемділігін меңгеруге керекті төмендегідей дәстүрлі ережелерді қамтыды:

1. Оқушыларды жазу кезінде дұрыс отыруға машықтандыру (аяқтың еденге немесе столдың табалдырығына толық тірелуі, екі білектің стол үстінде болуы, сол қол шынтағының стол- парта бетінен аздап (1-2 см) шығыңқы болуы, бастың сәл ғана еңкейіңкі болып, көз бен қалам ұшы ара қашықтығының 25-30 см-ден кем болмауы, денені түзу ұстау, кеудені стол бетінен 3-5 см алшақ етіп отыру).

Дұрыс отыру ережелері орындалмаса, жас балалардың дене пішіні мен көзіне едәуір зақым келетінін мұғалім естен шығаруға тиіс емес [1, 4 б.].

2. Дәптерді дұрыс орналастыру (дәптер кеуденің ортасына бағытталып, оң жақ үстіңгі бұрышы-жоғары, сол жақ ұстіңгі бұрышы төмендеу етіліп, көлбеу қойылады. Стол жиегінен көлбеу бұрышы 25 с болу керек).

3. Қаламды дұрыс ұстауға машықтандыру (қаламды үш саусақпен қарыстырмай, еркін ұстау, сұқ қолымен үстінен, бармақпен- сол жағынан, ортаңғы саусақпен қағазға әлсіз тиіп, солдан оңға қарай еркін қимылдап, жылжып отыруға тиіс, саусақтар қалам ұшынан 2-2,5 см қашықтықта болуы тиіс, пастаны жиі тексеріп, ауыстырып отыру, оның қатып қалмауын, еріп кетпеуін қадағалау) [2, 75 б.].

Бұл талаптарды орындау бастауыш сынып оқушылары үшін айтарлықтай дәрежеде оңайлыққа түспейді. Әсіресе, мектепке алғаш келген бірінші класс оқушылары дұрыс отыру ережесін орындауға бірден төселіп, көніге алмайды. Баланың еркін қозғалып, жиі қимыл жасап отыруы табиғи қажеттілік екені белгілі. Сондықтан мұғалім жазу барысында, біршама уақыт өткен соң, ара-тұра қозғалыс минуттарын өткізіп тұруға тиіс, сол сияқты, дәптерді стол үстіне дұрыс орналастырып, қаламды дұрыс ұстау икемділігі үлкен төзімділікті, мұғалім тарапынан ұдайы қадағалауды, сыныппен, ондағы әрбір оқушымен жалықпай жұмыс жүргізуді керек етеді.

Аталған ережелерді меңгергеннен кейін, оқушылар кіші әріптер мен бас әріптерді жазуға көшеді. Әріптерді сөз ішінде бір-бірімен дұрыс байланыстырып қоса білуді үйренеді. Сауат ашу кезеңі біткен соң, әріптерді дұрыс таңбалап жазуды қалыптастыру мақсатымен көркем жазу сабақтары жүргізілуге тиіс. Бұл кезеңдегі көркем жазу жұмысы тығыз да қарқынды етіліп өткізуді қажет етеді. Жазуды жазылуы оңай әріптермен бастап, жазылуы қиын әріптерді жазуға біртіндеп көшкен жөн. Басқаша айтқанда, жазу жұмысы

әріптер тобы бойынша өткізіледі. Көркем жазуға арналған жаттығулардың қатарына әріп элементтері мен тұтас әріптерді жазу ғана емес, сонымен қатар жеке сөздер мен сөйлемдерді жазу да кіреді. Оқу жылының аяғында оқушылардың жазу қарқынын (темпін) біртіндеп жылдамдатуға көңіл бөлінеді. Кіші әріптер мен бас әріптерді алфавит ретімен жазу икемділігі қалыптастырылады.

Жазу жұмысының жақсарту үшін мұғалім оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын төмендегідей біртұтас арнайы талаптарды жүзеге асырады [3, 7 б.].

Аса ұқыпты, түсінікті етіп жазу.

Дәптердің сыртқы бетіне жазылатын жазулардың біркелкі болуы, оның қандай мақсатқа арналғанын көрсету (қазақ тіліне арналған дәптер, ана тіліне арналған дәптер т.б.), (сыныбы, мектептің нөмірі мен аты, өз фамилиясы мен өз атын жазып қою).

Сынып оқушыларына арналған дәптердің сыртына жазылатын жазу үлгісін мұғалімнің өзі жазуы шарт.

Шетіндегі ашық жолдарды басып жазбау.

1 сыныпта екінші жарты жылдықтан бастап, сондай-ақ 1-4 сыныптарда жазба жұмысының арнаулы мерзімі көрсетіледі. Цифрлардан соң дефис қойылмайды.

Жаттығу мен есеп нөмірлерін қою, жазба жұмысының қайда орындалғанын (сыныпта, үйде) көрсету.

Азат жолдарды сақтап жазу.

1-4 сыныптарда әрбір жазба жұмысының тексін, жұмыстың датасы мен тақырыбы (аты) көрсетілген бетте азат жолдан бастап жазу.

Қазақ алфавитіндегі әріптерді жазуға үзіліс жасау-жасалмауына қарай төменгі топтарға бөліп қарауға болады.

Кіші әріптер

1. Үзіліссіз жазылатын бір элементті кіші әріптер: ә,б,в,г,е,о,с,ь.
2. Үзіліссіз жазылатын көп элементті кіші әріптер: а,д,з,и,л,м,н,ң,п,т,у,ү,h,ц,ч,ш,щ,ы,ю,я.
3. Бір үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ғ,й,к,қ,ө,р,ұ,х,і,э.
4. Екі үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ф,ж.

Ескерту: Ж әріпінің элементтерін екі түрлі етіп жазуға болады:

Бас әріптер

1. Үзіліссіз жазылатын бас әріптер: А, Ә, В, Д, Е, З, И, Л, М, Н, О, С, У, Ү, Ц, Ч, Ш, Щ, Ы, І, Ю, Я.
2. Біз үзіліспен жазылатын екі элементті бас әріптер: Б,Г,Р,Х,К,Қ,Ұ,Ө,Э.
3. Екі үзіліспен жазылатын бас әріптер: Г,Ж,П,Е,Ф.
4. Үш үзіліспен жазылатын төрт элементті бас әріп: Т.

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс.

2.Ауада жазу. Ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.
Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.
Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн:
1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркешін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2 – сағатында өткен өте тиімді.
2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.
Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жатттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн [4, б. 10].
Бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Оқушының каллиграфиялық дағдысына көп әсер беретіні ол алғашқы кезде, алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезі. Әдемі, сұлу жазудың негізі 1, 2 – сыныпта меңгертіледі.

Әдебиеттер:

1. Б.Масенова. Сауатты жазу, сөйлеу дағдысы, / Б.Масенова //Жайық ұстазы. 3 қазан. 2012жыл, № 21 (254) 6-бет
2. С.Шаншарова Сауатты жазуға төселдіру./ С.Шаншарова //Бастауыш мектеп. сәуір №4 2005 жыл 222-бет.
3. Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектептегі сауат ашу кезеңінде жүргізілетін тіл дамыту жұмытарының әдістемесі. /Жұмабаева Ә.Е. - Алматы.- 2014.- 3-9 бет
4. М.Синаева Білім берудегі диктанттардың маңызы./ М.Синаева //Бастауыш сынып, №4 , 2013 жыл, 11 – бет

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПУНКТУАЦИЯНЫ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

Ілияс Ғ.Б. – 102-17 тобы, 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Қазақ тіл білімінде пунктуация мәселелерінің зерттелу тарихын баяндағанда, тыныс белгілері жөнінде жазылған азды-көпті еңбектерді негізгі үш салаға бөліп қарауға тура келеді: тыныс белгілері туралы жазылған жеке мақалалар; тыныс белгілерінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарда баяндалуы; тыныс белгілеріне арналған жеке кітапшалар және олардың жетістік жақтары мен кемшіліктері.

Хронологиялық жағынан алғанда, қазақ тілінің тыныс белгілері жөнінде жазылған алғашқы еңбектердің бірі – Ш.Сарыбаевтың «Тыныс таңбалары» деген мақаласында қаратпа сөздердің сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы ажыратылатыны жөнінде дұрыс ереже беріледі.

Тыныс белгілері жөнінде С.Жиенбаевтың шағын көлемді бірінші мақаласында жалпы тыныс белгілерінің маңызына тоқтала келіп, үтірдің қойылатын орындары туралы ережелер береді. Автордың сөзімен айтқанда, олар мыналар: «араларында демеу жоқ біртектес мүшелердің үтірмен ажыратылатындығы; тектес мүшелер арасында «я», «немесе» сияқты демеулер тұрса да, үтір қою керектігі, ал тектес мүшелер арасында «мен», «және», «тағы да» т.б. осы тәріздес жалғау демеулердің бірі қолданылса, олардан соң үтірдің қойылмайтындығы; салалас құрмалас сөйлемдер құрамына енген жай сөйлемдерді бір-бірінен үтір арқылы ажырату керектігі; қаратпа, қыстырма, оңышаланған мүшелерді сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы бөлу қажеттігі» т.б. С.Жиенбаев «Тыныс белгілері» деп аталатын екінші мақаласында бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша, төл сөз бен бөгде сөз, бірыңғай мүшелерден соң немесе бұрын қолданылатын жалпылауыш сөздің тыныс белгілерінің кейбір мәселелеріне тоқталады.

Х.Басымов «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» деген мақаласында көп нүкте, нүкте, сұрау, леп белгілерінің қойылатын орындары жөнінде біраз түсініктер береді [1, 5].

М.Балақаевтың «Сауатты жазудың негізгі шарты – тыныс белгілерін дұрыс пайдалану» деген мақаласында тыныс белгілерін дұрыс қоюдың негізгі грамматикалық құрылыс және дауыс ырғағы делінеді. Алайда, автор бұл дұрыс пірікірін тереңдетіп, нақты дәлелдемеген. Мақалада сұрау мен леп белгілерінің қойылатын екі жағдайы ғана сөз етіледі [2, 12].

Тыныс белгілерінің зерттелу тарихын сөз еткенде, тағы бір көңіл бөлетін нәрсе – осы тақырыпқа арналып жазылған төмендегі жеке кітапшалар: С.Жиенбаевтың «Сөйлемнің тыныс белгілері», А.Ысқақов пен Ә.Хасеновтың «Тыныс белгілері», Р.Сыздықова мен Қ.Неталиеваның «Тыныс белгілері ережелері» [3], Ф.Мұсабекованың «Жай сөйлемнің пунктуациясының негіздері», Ф.Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» [4].

Бастауыш сынып оқушыларының тыныс белгісін еркін қоюын қамтамасыз ету үшін мұғалімнің пунктуациялық іскерлігі болуы тиіс. Ондай іскерлікті пунктуацияны оқыту әдістемесі қарастырады.

Бастауыш сыныпта пунктуацияны оқытудың мақсаты – оқушылардың пунктуациялық саутаттылығын, жазуда, тыныс белгісін дұрыс қою іскерлігін қалыптастыру.

Бастауыш сыныпта пунктуацияны оқытуда: танымдық және практикалық мақсат қойылады [5].

Танымдық мақсат. Пунктуациялық норманы меңгеру үшін пунктуациялық іскерлікті қалыптастыратын пунктуациялық білім қажет. Атап айтқанда:

- пунктуациялық, тыныс белгісінің қызметін ашу;

- пунктуацияның негізгі единицасымен таныстыру;
- тыныс белгілерінің қойылу себептерін білу;
- бағдарламадағы пунктуациялық ережелерді меңгеру.

Практикалық мақсат:

- оқушылардың пунктуациялық қырағылығын дамыту;
- оқылған ережелерге сай белгілерін қоя білуге үйрету;
- тыныс белгісін қойып, оны дәлелдеу;
- тыныс белгісінен кеткен қатені тауып, оны түзетуге үйрету.

Бастауыш сыныпта пунктуациялық іскерліктің мынадай түрлері қалыптасуы қажет:

- коммуникативтік единицаны, мағыналық бөлшекті, (тыныс белгісін керек ететін) таба білу;
- өтілген ережеге сай тыныс белгісін қоя білу
- тыныс белгісінің қойылу себебін дәлелдей алу,
- лепті сөйлемді жай сөйлемнен бөле алу;
- интонацияның түрін ажытара білу;
- автор сөзін басқа біреудің сөзінен ажырата білу;
- пунктуациялық талдау жасай білу;

Пунктуацияны оқытуда бастауыш сыныпта негізінен мұғалімнің сөзі, әңгіме, бақылау, талдау, оқушылардың өз бетімен жұмысы, салыстыру, ауыстыру, пунктуациялық талдау, т.б. әдіс, тәсілдер қолданылады. Пунктуациялық талдау толық (сөйлемдегі барлық тыныс белгісіне тоқталу), не ішінара (бір ғана тыныс белгіге тоқталу) жүргізілуі мүмкін.

Пунктуациялық талдауда:

- тыныс белгісі аталады, қызметі айқындалады;
- мағыналық бөлшек оқылады, тыныс белгісі қойылады.

Пунктуациялық іскерлікті қалыптастыруда орындалатын жаттығудың маңызы зор. Ол жаттығуларға: көшіріп жазу (тыныс белгісін қойып), диктант (белгілі бір тыныс белгісіне қарай), схема арқылы сөйлем құрау, тыныс белгісін қою (құрмалас сөйлемдер құрау), шығармашылық жұмыс (мазмұндама, шығарма жаздырту, тыныс белгісін қойдыру, себебін айтқызу, мәнерлеп оқыту, интонациясын дұрыс қойып оқу), техникалық құралдарды пайдалану (эпидиаскоп арқылы сөйлемді тақтаға түсіріп, оқушыларға тыныс белгісін қойдырту) т.б. жатады [6].

Бастауыш сынып тәжірибесінде пунктуациялық қатенің үш түрі кездеседі:

1) тыныс белгісін қоймай кету; 2) тыныс белгісін артық қою; 3) тыныс белгісінің қайсысын қоюды білмеу;

Оның себептері:

- пунктуациялық нормасын білмеу;
- мағыналық бөлшектің белгілерін білмеу;
- сөйлемге синтаксистік талдау жасай алмау;
- тыныс белгісінің қызметін білмеу; т.б.

Пунктуациялық қатемен жұмысты мұғалім алдын-ала жоспарлайды. Ол мынандай элементтерде тұруы мүмкін: дәптерді тексеру, есепке алу қағазын толтыру сабақ жоспарын жасау. Сабақтың мақсаты – тексерілген жұмыстың (бақылау диктанты, тіл дамыту жұмысы, т.б.) сипатына байланысты болады. Осыған орай пунктуациялық қатемен жұмысты жүргізу әдістемесінің 3 түрі болады:

1) жаттығу орындаудан кеткен қателермен жұмыс;
2) бақылау диктантынан кеткен қателермен жұмыс;
3) мазмұндама, шығарма жұмыстарынан кеткен қателермен жұмыс.

Сонымен, қорыта айтқанда, пунктуация – сөйлемді және мәтінді коммуникативтік единицаларды жазуда мағыналық бөліктерге бөлудің графикалық тәсілі. Осыған орай пунктуациялық норманы теориялық тұрғыдан меңгерудің маңызы зор. Тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – сауаттылықты арттырады, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектеседі. Тіліміздегі сөздер синтаксистік қызмет атқару үшін, сан алуан байланысқа түседі. Пунктуация бастауыш сынып оқушыларына жазылған мәтіннің мазмұнын, негізгі ойды дұрыс түсінуге, оны мәнерлеп оқуға мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер:

Басымов Х. Об обучений грамматике. Мақала. Ана тілі.1993
М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М. Томанов, Б.Манасбаев «Қазақ тілінің стилистикасы» -Алматы, 2005, 256б.
Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы» Астана, 2000ж.
Ф.Мұсабекова «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» Алматы, 1991ж.
К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» Алматы, 2003ж.
А.Әбілқаев, З.Бейсембаева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 2008

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ашимова У.И. – М1301-19 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада қазақ тіл білімін дамыта оқытудың ғылыми негіздерін зерттеген ғалымдардың еңбектері мен олардың маңыздылығы туралы айтылады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтін басты нысаны оқушыларға тілді меңгерту болғандықтан, ол ең алдымен тіл біліміне арқа сүйейді. Өйткені мектепте қазақ тілі пәнінен өтілетін материал тіл білімі ғылымының негізінде белгіленеді. Яғни қазақ тілі пәнінің мектепте оқытылуы мазмұнын анықтау әдістемесінің міндеті болса, бұл міндетті шешуде ол тіл білімінің мағлұматтарына сүйенеді.

Атап айтқанда, фонетиканы оқыту әдістемесі, лексиканы оқыту әдістемесі т.с.с. аталудың өзі тікелей қазақ тіл білімі салаларының атаулары екені өз-өзінен түсінікті. Сондай-ақ, мысалы, фонетикалық, морфологиялық,

синтаксистік талдаулар - әдістемелік тәсілдер, ал бұл атаулардың өздері және мазмұны тіл біліміне тән. Ендеше қазақ тілін оқыту әдістемесі өзінің бұдан былайғы даму барысында тек педагогикалық қана емес, белгілі дәрежеде тіл білімдік ғылым болып та қалыптасуда.

Мысалы, тіл білімінен берілетін фонетикалық мағлұматтар дыбыстарды дұрыс айту, жазу, дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқуға, емлеге үйрету сияқты әдістемелік мәселелермен тығыз байланысты іске асырылады. Ендеше, әдістемелік негізде мектеп грамматикасы мен ғылыми грамматика бір-бірімен тығыз байланысты, тіпті біртұтас деуге де болады. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында ұрпақ тәрбиелеу проблемаларын талдап-шешуге қатысады, қазақ тілі сабақтарында берілетін тәрбиенің жолдарын (бұл тәрбиеге мазмұны сәйкес материалды, мысалдарды сұрыптау, көркем шығарма материалын пайдалану т.б.) тіл құралдары арқылы іске асыруды жан-жақты қарастырады.

Сонымен қатар, мұғалім өзінің әрбір оқушысын, оның психикасын, материалды қабылдау және есінде сақтау дағдыларының дәрежесін білуге жағдай жасайды, оқушыларды жүйелі зерттейтін әдістермен қаруландырады. Оқушының психологиясын білмей тұрып, қазақ тілі әдістемесі ұсынған әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану мүмкін емес. Бұл әдістер мен тәсілдер оқушылардың жеке басының ерекшеліктерін, ойлау қабілетінің даму процесін, жалпы жетілуін есепке алмайынша, мақсатқа жете алмайды. Бұл дегеніміз қазақ тілін оқытудағы басты мақсат ғылыми білім беру емес, оқушылардың қазақ тілі құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдысы мен білігін қалыптастыру. Бұдан қазақ тілін үйретудегі басым тапсырмаларды анықтау керектігі айқындалады. Олар мақсатқа жетуге бағытталған қызмет тәсілінің үлгісі, дағды мен білік қалыптастыру алгоритмі, репродуктивті және продуктивті жаттығу,материал түрлерімен қамтамасыз ету.

Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін алға шығарды. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді.

Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде, арнайы қарастырған тілші-әдіскер – Е.И. Пассов қатысымдық әдісті сөз етпестен бұрын, жалпы оқыту әдісіне тән бірнеше белгілерді бөліп шығарды. Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу; – әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтан да ол (әдіс) оқытудың шартына тәуелді болмайды; – оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады; – әдісте барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея болады. Басты идея методологиялық рөл атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді

[1, 148].
Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф. Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі» [2, 354].
Қазақ тілі оқушының қатысымдық біліктілігін дамытумен қатар, олардың қиялын, есте сақтауын жетілдіруге мүмкіндік береді, өзіндік оқу іс-әрекетін, өз бетімен білім алу және оны іске асыру дағдыларын қалыптастырады. Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады.
Олар:
– тіке байланыс;
– адамның жеке қабілетін ескеру;
– сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау;
– сатылап даму;
– динамикалық өзгеру;
– өзектілік.
Қатысымдық технология, негізінен:
а) оқу материалын меңгеруге бағытталады;
ә) оқушы тұлғасына бағытталады;
б) оқытушы мен оқушының ынтымақтастығына бағытталады, сол арқылы оқу мақсаты жүзеге асырылады. Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды.
Тілді үйретуге байланысты қандайбағыт-бағдарды таңдап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес. Қазақ тілі жас буынның өзіндік ойлауын, жан дүниесін, дүниені қабылдауын, оның ділін қалыптастырады. Бұл орайда Е.Д.Божовичтың «Магистральная направленность обучения русскому языку с 1 класса до выпускного – не грамматическая, а речевая» деген пікірі де осы жаңарудың басты бағытын, жалпы тілдік білімді оқушының сөйлеу әрекетіне түпкі нәтиже ретінде бағыттай оқытудың негізгі тенденциясын айқындайды [3, 365].
Осыған байланысты шұғыл түрде жүзеге асырылуы тиіс аса маңызды мәселе – оқу жүйесінде баланың өмірлік мүддесіне сай, соны қанағаттандыратындай мотивациялық технологияларды қалыптастырудың жаңа жүйесін анықтау мәселесі туындайды. Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей пәндік-

білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі. Әлемдік тәжірибеде XX ғасырдың орта шенінен басталған жаңа тенденция – ана тілі сабақтарында оқушылардың өз ойын, өз пікірін еркін айтуына қажетті іскерліктерді дамыта оқыту мәселесі бұрынғы кеңестік білім жүйесінде де теориялық тұрғыда ішінара айтылып келген-ді.

Мәселен, ресейлік ғалым Г.В.Колшанский өзінің «Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности» атты еңбегінде: «тілдік қатынастың тек ақпараттық қызметпен шектелмейтінін, адамдардың өзара түсінісуінің құралы екендігін оқушыға ұғындыру қажеттігін» атап көрсетеді [4, 154].

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін басты жұмыстар – балаларды қазақша сөйлетіп үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір – бірімен сөйлестіру, оқығандарын ауызша айтқызу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру. Міне, осыған орай оқулықтағы мәтіндер, жаттығулар, өлең, жұмбақтар оқу, ауызша әңгімелеу, тіл дамыту және грамматикалық тұлғаларды меңгертіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу үшін пайдаланылады және соған лайықтап беріледі. Кітаптағы мәтіндердің күрделілігі сол мәтіндермен жұмыс істейтін оқушылардың білім деңгейіне сай келу керек.

Қазіргі педтехнология талаптары оқушыға білім берудің ең тиімді, ұтымды жақтарын таңдауды талап етеді және үнемі дамыту, жетілдіру, толықтыру сабақ сапасын арттырады. Оқушыны да, мұғалімді де шығармашылыққа жетелейді. Сөйтіп, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан да осындай әр түрлі тіл дамытуды грамматикамен байланыстыра оқытудың әдіс-тәсілдерімен жұмыс жүргізгенде оқушылардың ой-өрісін дамытуға,терең білім алуларына мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

1. Балақаев М. «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы». Алматы, 1989.
2. Әміров Р. «Қоғам реформасына сай қазақ тілін оқыту концепциясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті». Астана, 1992.
3. Қалиев Ғ., Қосымова Г., Даулетбекова Ж. «Қазақ тілін оқыту тұжырымдамасы». Алматы, 1997.
4. Әміров Р., Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілі» пәні мазмұнының жаңа бағыттары жөнінде», «Қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие деңгейін көтеру проблемалары: Ғылыми-практ. конф. Материалдары». Алматы, 1996.

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Елтай А.Қ. – 102-17 тобы, 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Түйін

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына сөйлем мүшелерін оқытудың теориялық тұжырымдамасы және сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері жан-жақты талданған.

Қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыру тек қана білім берумен ғана шектелмей, оқушының жан-жақты дамуына, ақыл-ойы мен ойлау тәсілдерін үйрету, талдау жасау, салыстыру, байқау мүмкіндіктеріне баулу және қорытынды шығаруға үйрету, дағдыландыру – біздің басты мақсатымыз.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

Осы мақсатқа сай қазіргі заман оқушыларынан кең ауқымды дағдылар талап етіліп отыр:

білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;

сын тұрғысынан ойлау;

зерттеу жұмысын жүргізу;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалану;

топпен және жеке жұмыс жасай білу.

Сөйлем туралы түсінікті қорытындылау барысында оқушылардың көңілін тек анықтамада көрсетілген белгіге ғана аударып қою жеткіліксіз, сонымен қатар сөйлем жөнінде олардың алған мағлұматтарын толық жинақтап нақтылау бала ұғымының айқындала түсуіне мүмкіндік береді.

Әрбір анықтаманы оқушылар саналы меңгеру үшін мұғалім:

Оқушының грамматика оқулықтарынан ғана мысал келтіріп қоюымен қанағаттанбай, өз ойынан немесе оқыған көркем шығармаларынан ойланып, мысал айтуын талап етеді.

Анықтама өтілгеннен кейін дайын мәтін береді де, соның ішінде анықтама бойынша қажетті сөзді немесе сөз тіркестерін тапқызады. Кей балалардың өздері ойлап тапқан мысалдарын талдату арқылы пікірлерін дәлелдеуді талап етуге де болады.

Анықтама бойынша берілген ұғымның негізгі белілерін санап көруді ұсынады.

Анықтамалар мен ережелерді дәл, анық, толық айтуға үйретеді.

Тіл білімінің синтаксис саласын өткен кезде оқушылардың алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға жалпы мына сияқты талаптар қойылады: Белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуды орындарлық білімі болуы шарт.

Оқушылар жаттығуды не үшін орындайтынына, оның қандай пайдасы барлығын түсінсе ғана, оны саналы орындайды. Жаттығуларды түсініп орындағанда ғана белгілі бір дағды қалыптасады.
Жаттығу оқушының қызығуын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс. Ол үшін жаттығу түрлендіріліп берілуі шарт, өйткені бір сарынды жаттығу оқушылардың зейінін, қабылдауын, белсенділігін нашарлатады.
Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы шарт.
Жаттығу жұмыстары тек таяуда ғана өтілген материалдарға негізделмей, бұрын өтілген кейбір материалдарды да қамтуы керек.
Бір жаттығу ұзақ уақытқа созылмауға тиіс. Әсіресе, балалардың жасы неғұрлым кіші болған сайын жаттығу да қысқа уақытқа мөлшерленеді де, үнемі жиі-жиі қайталауға негізделеді.
Шығармашылық жаттығулар көбірек болуы қажет.
Әр жаттығу оқушы еңбегінің нәтижесін көрсетіп отыруға тиіс.
Жаттығулар оқушы ойына әсер етуі жағынан аналитико-синтетикалық болғаны жөн: яғни грамматикалық талдау, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер мен мәтіндер құрастыру; салыстыру арқылы ұқсастық пен ерекшеліктерді табу, топтау; өз пікірлерін дәлелдей алып, білгендерінен жалпы қорытынды шығара білу.
Жаттығу жұмысының барысында оқушылардың оқудан алған білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады [1,72].
Сөйлем мүшелері жайлы түсінік бергенде, олардың дара, күрделі, бірыңғай түрлері бары ескеріледі. Ал оларды арнайы оқытқанда, оқушыларға бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін таныту мақсаты көзделеді. Оқушыларға сөйлем мүшелері жайлы түсінік бергенде қандай мүшенің дара, күрделі, бірыңғай мүше деп аталатының түсіндіріледі. Сөйлем мүшелерінің жоғарыда келтірілген түрлерінің қарағанда олардың жасалуын меңгеру қиынға соғатыны белгілі. Сондықтан да түрлі кестелер арқылы сөйлем мүшелерінің құрамын салыстырмалы әдіспен бір-бірімен салыстыра отырып түсіндіру аталған мәселеде елеулі көмек болары белгілі. Мұндай жұмыстар оқушылардың белсенділігін арттырады және жаңа материалды өздігінен іздене отырып білуіне қозғау салады [2, 152].
Енді алған білімдерін дағдыға айналдыру үшін оқушыларға мәтін беріп, сол мәтіннен сөйлем мүшелерінің құрамдық түрлерін анықтауды тапсыруға болады: дара, күрделі сөйлем мүшелерін табу, күрделі сөйлем мүшелерінің жасалу жолын түсіндіру; мәтіннен бірыңғай мүшелері бар сөйлемді теріп жазу; мәтіндегі бірыңғай мүшелері бар сөйлемнің тыныс белгілерін қойып жазу; ойдан жалпылауыш сөзі бар бірыңғай сөйлем мүшелері бар сөйлемді мысалға келтіру.
Келесі бір ескеретін жай – жаттығулардың барлығын тек қана жазбаша, немесе тек қана ауызша орындата беруге болмайды. Білім берудің қазіргі талаптары бойынша оқушы әрі жазып, әрі тыңдап, әрі сөйлеп үйренуі керек.

Жоғарыда баяндалған жүйемен, санамалап берілген жұмыстарды орындата отырып, оқушыларға сөйлем мүшелерін тиімді меңгертуге болады.
Сонымен, қорыта келсек синтаксисті оқытуда бастауыш сынып оқушыларына сөйлем мүшелерін меңгерту маңызды орын алады. Ал бұл мәселені сөз ету үшін сөйлем мүшелерін оқытудың дұрыс әдістемесін ұсыну қажет. Оқушыға сөйлем мүшелері жүйелі оқытылған жағдайда ғана ол синтаксистік талдауды сауатты жасай алады.
Бастауыш сынып оқушыларына сөйлем мүшелерін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлерін 6 кезеңге бөліп талдаған жөн:
Сабақты бастауға арналған әдістер; (үйге берілген тапсырмаларды сұрауға, қайталауға арналған әдістер)
Тыңдалымға арналған әдістер;
Айтылымға арналған әдістер;
Оқылымға арналған әдістер;
Жазылымға арналған әдістер;
Сабақты қорытындылауға арналған әдістер [3, 42].
Сабақтың бас кезінде оқушылардың көңіл күйін көтеріп жіберу үшін және бір-біріне бойларын үйрету үшін «стартер» деп аталатын әдіс-тәсілдердің кейбірін қолдануға болады. Бұл әдістерді қолданғанда мұғалім өткен тақырып бойынша тапсырма бергені дұрыс, сонда оқушылардың өткен сабақтағы білімін тез және оңай жолмен байқауға болады. Мысалы «Ұшақ ұшыру», «Қар кесегі», «Артығын алып таста», «Сәйкестендір», «Сөйлемді толықтыр», «Жоқ сөздерді тап», «Ыстық орындық», «Домино», «Білім ағашы», «Жұбын тап», «Карта», «Пазл» т.б. көптеген әдістерді қолдану арқылы өткен сабақты қаншалықты меңгергендігін байқау қиын емес. Бұл әдістер – кәдімгі үй жұмысын сұрау. Яғни балалар ойнап отырып үй жұмысын толықтай айтып береді. Аталған әдіс-тәсілдердің бастауыш сынып оқушыларын сөйлем мүшелерін оқытуда, жалпы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай, оларға білім беруде тиімділігін жоғары деп бағалауымызға болады.
Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Яғни әңгімені түсініп оқу немесе көз жүгіртіп оқу. Бастауыш сыныптарда оқу жылдамдығын арттыру да бар. Ол жүгіртіп оқуға жатады. Мәтін ішіндегі цифрды немесе бір маңызды даталарды тауып алуда жүгіртіп оқу жүзеге асады. Ал мәтіннің мазмұнын айту үшін оқуда түсініп оқу жүзеге асады. Оқылым бөліміндегі әдіс-тәсілдер мәтін бойынша сұрақтар қоя білуге, мәтіннің идеясын, құрылымын анықтауға, мәтінге анализ жасауға негізделеді.
Оқылымға мынандай «Бір мәтінмен жұмыс» әдісі тиімді: сыныпты бірнеше топқа бөлеміз.
Бірінші топ – әңгіменің мазмұнын айтады.
Екінші топ – әңгімені зерттейді (мысалы сөйлемнің дара мүшелері, сөйлемнің күрделі мүшелерін табады)
Үшінші топ – жоғары деңгейлі сұрақтар құрастырады
Төртінші топ – әңгіме бойынша сурет салады

Бесінші топ – әңгімеге байланысты өлең құрастырады.
Сыныпта бала саны аз болса жұптарға бөлген де дұрыс немесе кейбір тапсырманы алып тастап қажет деп тапқан тапсырмаларды қосуға болады.
Жазылым әр сабақта жүзеге асатын қалыпты жұмыс. Оқушылар жазылымды күнделік толтырғанда, сынып және үй жұмысын орындағанда, сондай ақ құттықтау, эссе жазу, хат жазу сияқты жұмыстарды орындағанда да қолданады. Жазылым кезінде қатесіз жазу, оқып алып жазу немесе өз ойынды жазу, суретке қарап жазу және естігеніңді жазу сияқты бірнеше түрлері бар. Жазылымға сөздік және көру диктанттары, шығармалар т.б. жатады. Жазылым үшін әр балаға сыныптағы оқушылардың фотоларын таратып, сол оқушы туралы қысқаша әңгіме жазуға тапсырма берген өте қызықты болады [4, 49].
Жоғарыда айтылған, жүргізілген жұмыстарды қорыта келе, қазақ тілін оқытуда сөйлем мүшелерінің теориялық негізі мықтап қаланса да, оны оқыту әдістемесінің соңғы жылдары ғана қалыптасып келе жатқанын айтып кетеміз. Себебі сөйлем мүшелерімен жұмыс жүргізу әдістемесі қазақ тілін оқытудың барлық кезеңдерінде де сөз болып келгенімен, арнайы жеке түрде сөз болмады. Сөйлем мүшелерімен жұмыс түрлерінің жүйесі де жасалмады. Ұсынылып отырған жұмыс үлгілері осы үлкен тақырыптың тек бір бөлшегін ғана қамтитын болар. Бұл тақырыптың өзін аша алса, мақсатқа жеттік деуге болады.
Қазақ тілі сабақтарында сөйлем мүшелерін ұтымды оқыту оқушылардың сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастырады, жазу сауаттылығын арттырады. Оқушылар сөйлем мүшелеріне қатысты термин сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлемге синтаксистік талдау жасай білуге үйренеді. Қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша өткен теориялық материалдарды жақсы меңгеруге өз септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қалдашева Қ. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы: Мұрагер, 2005.
2. Рахметова С. «Қазақ тілін оқыту методикасы». Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Асылов Ү., Сұлтанғазина М. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы: «Атамұра», 2000
4. Ахметов С. «Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары». Алматы: Рауан 1994.

ӘӨЖ

НАВОИЙНИ ЎҚИБ УЛҒАЙМОҚ КЕРАК...

(Алишер Навоий таваллудининг 580 йиллигига)

Азатбекова Диана
Филология факультети, 1-босқич 1706-10 гуруҳи талабаси
Раҳбари: Наралиева Шахло Жамол қизи
филолог, ўзбек тили ва адабиёти
Жанубий Қозоғистон давлат педагогика университети

Түйін:

сөз, көркем энциклопедия, таңғажайып, даналық, «Хамса», «Мухокамат ул-лўғатайн», «Хазойин ул - маоний» әдеби мұра, шешендік өнер, ой толғау.

Навоийнинг назми тафаккур нони,
Тотсанг нурга тўлар кўнгил осмони.
Толиққан толибнинг дилга дармони,
Навоийни ўқиб улғаймоқ керак...
Маҳмуд Тойир

Ҳа, ҳақиқатан ҳам, юксак маънавиятли, маданиятли бўлиб камол топишни истаган инсонлар Навоий асарларини ўқиб улғаймоқлари керак...
Дарвоқе, Ҳазрат Навоийнинг табаррук исмини тилга олганимизда, эшитганимизда кўнглимиз ғурур қанотларида баландлайди. Уни ўқиган, ўрганган, англаган сайин ғурур туйғуси яна ҳам улканроқ моҳият касб этади. Чунки ўзбек халқининг улуғ шоири ва мутафаккири, сўз мулкининг султони, шеърият соҳибқирони Мир Алишер Навоий жаҳон адабиётининг буюк санъаткорларидан бўлиб, бутун фаолияти ва ижодиётини инсоннинг бахт-саодати учун курашга: халқнинг осойишталиги, ободончилик ишлари, илм-фан, санъат ва адабиёт тараққиётига бағишлаган, улуғ гуманист, донишманд, давлат арбоби, ўзбек адабий тили асосчиси, ўзбек мумтоз адабиётини янги тараққиёт поғонасига кўтарган сўз санъаткори, истеъдодли энциклопедист олим, даврининг маданий ҳаётига раҳбар, илм-фан, санъат, маданият, адабиёт аҳлларига ҳомий, кўплаб шогирдлар устози – бир сўз билан айтганда, серқирра сиймо, бетакрор инсон ҳаёти ва фаолияти, ижодиёти битмас-туганмас хазина, шунингдек улкан ҳаёт мактабидир!
Ўзбек халқи ўтмишда жуда кўп буюк зотларни етиштириб берди. Лекин Ҳазрати Навоийнинг бошқа улуғ зотлардан фарқи шундаки, у ўзбек адабиёти, илми ва маданияти тарихида бир неча киши қиладиган ишни бир ўзи бажара олди. Оллоҳ берган олмосдек истеъдоди ила жаҳон адабиёти дурдонасига айланган «Хамса» асари ва минглаб сеҳрли, бадиий юксак байтларни ўз ичига олган «Хазойин ул - маоний» девонини ўз она тилида ёзиб, унинг қудратини, буюклиги, нафислиги, бойлиги, гўзаллигию мафтункорлигини бутун жаҳонга намойиш қилган бўлса, «Муҳокаматул-луғатайн» асари орқали туркий тилнинг ижтимоий-сиёсий ва маданий ҳаётдаги ўрни, унинг грамматик жиҳатдан мукаммаллиги, сўзларга бойлигини форсий тил қоидалари ва ҳодисаларига қиёслаган ҳолда чуқур ва аниқ мисоллар билан илмий жиҳатдан исботлаб берди. Бунинг устига бир неча нодир насрий «Мажолисун-нафоис», «Маҳбубул-қулуб», «Лисонут-тайр», «Мезонул-авзон» каби асарларни ёзган адиб адабиётшунослик ва тарих соҳасида ноёб илмий тадқиқотлар яратган олим, маданият арбобидир.
Ўз халқини саводли, билимли, маданиятли кўриш руҳи билан қалам тебратган Ҳазрати Навоий меҳнаткаш, пок, ҳалол, эзгу инсонлар қалбидаги заковат ва саховат, самимият, севги-садоқат, фидойилик, инсон бахти, халқларни, мамлакатларни дўстликка, ҳамкорликка, эзгуликка чорлаш, инсонпарварлик, ватанпарварлик туйғуларини улуғлади, мансабпарастлик, дунёпарастлик,

шуҳратпарастлик, адолатсизликларни ўткир қалам тиғига олиб умр бўйи кураш олиб борди.

Инсон қалбининг қувончу қайғусини, эзгулик ва ҳаёт мазмунини Навоийдек теран ифода этган шоир жаҳон адабиёти тарихида камдан-кам топилади. Инсоний ҳам илоҳий ишқ-муҳаббатни, меҳру вафо, иффат, шарму ҳаё ва назокатни ёниб, ҳассослик билан куйлаган Навоийнинг гўзал мисраларини ўқиганда буюк ва олижаноб қалб садоларини сезиб турамиз. Бу юрак туғёнлари мана 580 йилки, миллионлаб одамларни ҳаяжонга солиб келмоқда.

Гар нукталари жаҳонни тутти,
Ғавғолари инсу жонни тутти.
Чун форсий эрди нукта шавқи,
Озроқ эрди анда турк завқи...
Мен туркча бошлабон ривоят,
Қилдим бу фасонани ҳикоят, дея ёзганларидек, она тилига муҳаббат, уни улуғлаш, беқиёс бойлиги ва буюклигини англаш туйғуси ҳам бизнинг онгу тафаккуримизга, юрагимизга, аввало, Навоий асарлари орқали кириб келган, дея баралла айта оламиз.

Алишер Навоийнинг тарих ва башарият олдидаги улуғ хизматларидан бири шундаки, у адолат туйғусини ҳар бир инсон, ҳар қайси халқ ва миллат интилиб яшайдиган олий мезон даражасига кўтарди, одамзодни ҳаётда адолатни қарор топтиришга, уни асраб-авайлашга чорлаб ўтди.

Ҳа, Ҳазрат ижодиётини бепоён уммонга қиёслашимиз мумкин. Ҳазратнинг ўзи ҳам «Лисонут-тайр»да

Назму насрим котиби тахминшунос,
Ёзса, юз минг байт этар эрди қиёс, деб ёзган эди. Дарҳақиқат, буюк сўз устаси Мир Алишер Навоий ҳаёт вақтидаёқ бебаҳо сатрлари, жозибадор, бадиий баркамол байтлари билан ўзига ҳайкал яратиб қўйган, шоир айтганидек, «Темур тиғи етмаган жойни қалам билан олган» инсондир.

Ҳа, ёзувчи халққа унинг ўз тилида унга манзур бўладиган асар яратиш лозим, деб ҳисоблади. Навоий «Хамса»си уч юз йиллик тажриба ва анъанага эга бўлган хамсачилик тараққиётида йирик ҳодиса бўлди. Ҳазрат Навоий устоз хамсанависларнинг юксак санъаткорлигини эътироф қилади ва шарафлайди, улардан таълим олади. У:

Йўлдаса, бу йўлда Низомий йўлум,
Қўлдаса Хисрав била Жомий қўлум, деб улардан мадад тилайди. Бироқ Навоий на Низомийни такрорлади, на Деҳлавийни. У ўз олдига янги ва оригинал хамса яратиш вазифасини қўйди.

...Ани назм этки тарҳи тоза бўлғай,
Улусқа майли беандоза бўлғай...
Ҳамул ерда эмас гул истамак хўб,
Бу бўстон саҳнида гул кўп, чаман кўп...

Навоий жуда оғир ва жуда масъулиятли ишга киришади. У Яқин ва Ўрта Шарқ ўлкаларида устоз сўз санъаткорлари билан ижодий баҳслашади. Бу жуда катта билим ва юксак адабий дидни, истеъдод ва қобилиятни талаб этар эди. Шунинг учун у:

Эмас осон бу майдон ичра турмоқ,
Низомий панжасиға панжа урмоқ...
Керак шер оллида ҳам шери жанги,
Агар шер ўлмаса, бори паланги,-дейди. Демак, Низомий – шеъриятнинг шери. У билан баслашиш учун шер, жуда бўлмаса йўлбарс бўлиши лозим эди. Навоий шер билан тенглашган шер бўлди. У оғир ва масъулиятли вазифани муваффақият ва шараф билан адо этди. Ниҳоятда қисқа вақт ичида, икки йилдан зиёдроқ вақт мобайнида 51 минг мисрадан ортиқ беш достонни яратди.

Шунингдек, Навоий «Хамса»си аввалги хамсалар билан тенглашибгина қолмай, балки улардан ўзиб ҳам кетди.

Навоий «Хамса»си XV асрнинг ўзидаёқ атоқли сўз санъаткорларининг юксак баҳоси ва тақдирига сазовор бўлган эди. Устози Абдураҳмон Жомийнинг:

“Кечирсинлар форси тилда дур терганлар,
Дари тилда назм инжусин келтурганлар.
Агар ул ҳам назмин ёзса дари тилда,
Қолмас эди сўз айтишга куч ҳеч элда...- дея берган баҳоси Навоий даҳосига кийдирилган тож эди!

Халқлар дўстлиги ғояларини ўз асарларига сингдирган Навоийнинг қаҳрамонлари турли миллат вакилларидир. Унинг ўз ватани ҳудудларидан чиқиб, машриқдан мағрибгача бўлган элларнинг қалбидан жой олиши сабаби ҳам шунда. Чин ҳоқони фарзанди Фарҳод билан Арман диёрининг қизи Ширинни учраштириб, халқлар дўстлигини тарғиб қилган Навоийнинг авлодлари кўпмиллатли мустақил Қозоғистоннинг гуллаб-яшнаши, келажаги учун қайғуриши, Ватанга содиқ фарзанд бўлишга ҳақлидирлар.

Зеро, ўзбек халқининг буюклигини мана мен, деб намойиш этиб турган бобомиз Алишер Навоий борлиги бизнинг қалбимизни фахр туйғусига чулғайди. Ҳазрати Навоийдек улуғ зотни эътиқодига айлантирган халқ эса ҳеч қачон завол кўрмайди.

Сўзимизни мухтасар қилган ҳолда, шуни деймизки, ўз асарлари билан бутун жаҳонни лол қолдирган, бетакрор сиймо Низомиддин Мир Алишер Навоий шахсияти, ижоди, фаолияти ҳали-ҳануз барчамизни ҳайратга солиб келмоқда экан, биз учун ул зоти шарифнинг меросини ўрганиш ҳам фарз, ҳам қарз бўлмоғи зарур!

Кимга дунё керак, кимга обрў, бахт,
Юртга тинчлик, элга осойиш керак.
Тилакка етинг-у, вале бир ўтинч,
Навоийни ўқиб улғаймоқ керак!

Фойдаланилган адабиётлар:

1.Навоий А. Хамса. Т., 1947. Б.

2.Навоий А. “Хамса”, танқидий матн. Т. “ФАН”, 1960.
3.Рустамий А. Ҳазрати Навойийнинг маънавий олами.
“Наврўз нашриёти”, Т. 2014.
4. Қудратуллаев Ҳ. Навоий “Сўз”ининг жозибаси.Абадият гулшани. “Sharq” нашриёт-матбаа акциядорлик компанияси Бош таҳририяти, Т. 2013.
5.М.Муҳиддинов, Комил инсон – адабиёт идеали. «Маънавият» Т.2005.

ӘӨЖ

АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ - АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ

Сейтмұрат Н.О.- М1701-19 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Нұрпейісов Н.Ж. –филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент.

Резюме

В этих научных статьях всесторонне исследуются сущность и значение науки Абая, а также вклад академика Заки Ахметова в науку об Абая, внесшего значительный вклад в эту область.

Абайтану – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы. Бұл жөнінде белгілі ғалым, академик Зәки Ахметов былай деп толғанады: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды». [1.18.]

Абайтану – үздіксіз бақылап, үзіліссіз еңбектенуді қалайтын, күннен-күнге, жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан сала. Осындай әрі қиын, әрі күрделі салада ұзақ жылдар бойы талмай еңбек еткен ғалымның бірі академик З.Ахметов еді десек қателесе қоймаспыз.

Бұл салада ғалымның еңбектері де сан алуан, солардың ішіндегі басты-бастыларын санамалап айтсақ төмендегідей болып келеді. «Абайдың ақындық әлемі» (А.1995), «Абай аудармалары орыс әдебиетімен байланыстың бір түрі» (Абай өмірі мен творчествосы. –А.1954), «Ойшыл, суреткер ақын» (Абай тағылымы. – А., 1986), «Абай ұлы ақын, ағартушы, демократ» (1985), «Абайдың сегіз аяғы» (А., 1964), «Қазақ өлеңін дамытудағы Абайдың ролі» (А., 1964), «Абай және оның көркемдік дәстүрі» (А., 1978), т.б. 30-дан астам ғылыми-зерттеу еңбектерін атауға болады. Бұлардың біршамасы орыс тілінде жазылып өзге елдердің де игілігіне айналды, мұның бәрі сол халықтардың Абай шығармашылығымен жете танысуына мүмкіндік бергенін ешқашан естен шығармауымыз қажет. Көп жылдар бойы бұл салада жемісті еңбек етіп келе жатқан З.Ахметов: «Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп Ахмет Байтұрсынов, Кәкітай Ысқақұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болды. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүние жүзі оқырмандарына толық танытып, әдеби бейне қатарына

жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек етеді. М.Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М.Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген, М.Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен дайындалған Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының абайтану ғылымындағы елеулі табыс болғанын атап айту қажет.

Кейінгі жылдарда абайтану ғылымы көптеген әдебиетшілер, тіл зерттеушілер, музыка мамандары және басқа ғылым салаларының өкілдерінің еңбектерімен толыға түсті. Абайтану ғылымына С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Тәжібаев, Қ.Мұхамедханов, М.Сильченко, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, Б.Ерзакович, М.Мырзахметов, Ғ.Есімов, Ж.Ысмағұлов т.б. ғалымдар салмақты үлес қосты» [2.24.] дейді, осылайша ғалымның өзі атап көрсеткендей, өткен ғасырдың алғашқы кезеңінде басталған бұл ғылым үздіксіз дамып, зерттеліп, кемелденіп келе жатқаны қуантады.

Көп жылдар бойы тынбай, үздіксіз ізденіп келе жатқан әйгілі ғалым өзінің көптеген зерттеу еңбектерінде абайтанудың күрделі-күрделі дейтін мәселелеріне тереңдеп барды, шындап ден қойды. Әсіресе Абай еңбектерінің рухани нәр алған, қайнар көзі болған жайттарға, сондай-ақ ақын мұраларындағы өлең өнерінің әлеуметтік мәніне тереңдеп барды.

Профессор З.Ахметовтың зерттеу объектілері өте мол, соның ішінде абайтану ғылымы да орасан зор орын алады. Осы абайтану ғылымының өзі жан-жақты, кең ауқымда екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан да біз бүгінгі айтар ойымыздың денін ғалымның: «Абайдың ақындық әлемі» [3.] туралы айтқан ойларымен ғана пікір сабақтап, талдау жүргізуді мақсат еттік, себебі бір ғана мақаланың көлемінде зерттеушінің барлық абайтануға қосқан қомақты үлесін айтып жеткізу мүмкін емес.

Академик Ахметов абайдың ақындық әлемінің темірқазығы етіп бірнеше кезеңді атап көрсетеді, атап айтқанда, «Абайтану белестері», «Ақын тұлғасы, адамгершілік мақсат-мұраты», «Әлеуметтік әуендері», «Сыншылдық та шыншылдық», «Ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойлар», «Махаббат сарындары, сұлулық сымбаты», «Ақындық өнермен ән-күй туралы толғаныстар» және «Поэмалардың сыр-сипаты», «Қарасөздер – тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері» жайын да қамтып, байыпты, бағдарламалық пікірлер, сараптаулар айтады. «Абайдың ақындық әлемі дегеніміз мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия»,-деп пікір сабақтаған ғалым одан әрі: «Оның өлеңдерінде, қарасөздерінде қазақ өмірінің көркемдеп бейнеленген телегей теңіз шындығы бар. Абай шығармаларының қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде

жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абайдың ақындық әлемі деп соны айтамыз»,-деген анықтама қағида айтады. [3.3]

Хакім Абайдың ақындық әлеміне барар баспалдақта зерттеуші «Абайтану белестері» жайында да салмақты тұжырымдар жасайды. «Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алдымен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтың мақалаларын ауызға аламыз. А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»,- деп Абайды аса жоғары бағалады»,- деп абайтану тарихының тұма бұлағында тұрған ұлт көсемдерінің үлгілі әрекеттерін атап көрсетеді. Одан әрі ақынның 1909 жылы шықан алғашқы жинағының тарихи маңызын, осы жинаққа кірген Абай өмірбаянын жазушы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевты, ақын шығармаларының шын мәніндегі жанашыры, бірегей жинаушысы Мүрсейіт Бікеұлы қолжазбаларының тарихи мәніне назар аударады. З.Ахметов зерттеуіндегі абайтану тарихының М.Дулатовқа қатысты айтылған келесі пікірлер де қызғылықты. XX ғасыр басындағы ұлттық ояну дәуіріне «Оян, қазақ» деген атоймен үн қосқан қайраткер жайында: «Міржақып Дулатовтың 1914 жылы жазған «Абай» атты мақаласындағы төмендегі сөздер көңіл қоярлық: «1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастырушыға, ешкімге рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», -деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады...»,-деп жазды. Бұл жазбалардан тұнып тұрған тарихты, ұлы тұлғалар арасындағы рухани байланысты қапысыз аңғарасың. Өкініші сол ұлы «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп соққан үлкен жүрек соғуын шілде айында тоқтатты, ұлы тұлғалардың кездесуіне, сыр алысуына осылайша «нәсіп болмады».

З.Ахметов Абайдың ақындық әлемінен ғылым-білім, ақыл-парасат жайлы ойларды іздеді. «Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі – міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл творчествосының негізгі идеялық-тақырыптық, үзілмес желісінің біріне айналды»,-деп[3.86] бүгінгі дәуір рухымен үндес ойларды өрбітеді.

Ұлы ақын мұраларындағы басты қасиет, ерекше құбылыстың бірі сыншылдық сарындары, қара қылды қақ жарып айтатын шыншылдық. З.Ахметов ақын әлеміндегі осы құбылысты «Абайдың өмірді, адамды суреттеуі барынша шыншыл да терең. ...бұл ерекшелік Абайдың өмірді суреттеушілік тәсілін жаңаша қалыптастырды, әдебиетте сыншылдық бағытты орнықтырды, мұның бәрі сайып келгенде, қазақ әдебиетінде реалистік, сыншыл реалистік

көркемдік әдістің туып, қалыптасуы еді. Абай әдебиетке әкелген аса зор жаңа сапалық өзгерістердің бірі және негізгісі - осы дейміз»,- деп түсінді. [3.74] Шынында да сыншыл да сыршыл Абай қазақ поэзиясындағы бұл құбылысты биік деңгейге көтерді және осы мектептің басында тұрды. Уақыт өте келе бұл мектеп алаш ұранды әдебиет көшін жалғастырды.

Ғалым З.Ахметов ақын шығармашылығындағы ерекше орын алатын әлемнің бірі ретінде ақындық өнер мен ән-күй толғаныстар туралы тереңдеп барды. Бұл заңды құбылыс, ақын мұраларын сөз еткенде ерекше орын алатын сала. «Абай қазақ жұртшылығы алдында ақындық өнердің мүлде жаңа, соны жолын ашу мәселесін өзінің міндеті деп санады»,-деп түсінетін зерттеуші өз ойын одан әрі былай деп жалғастырды: «Сөз өнерінің ұлы суреткері ретінде Абайдың орасан зор тарихи еңбегі мынада: ол жаңа заман қазақ әдебиетінің алдында жаңа міндеттер қоятынын жақсы түсінді, ұлттық әдебиетті жаңа дәуірдің тілек-талаптарына сәйкес жаңғырту қажеттігін ерекше көрегендікпен сезе білді, және де бұл іске өз талантының бар күшімен қызмет етті. Ол заманның озат идеяларымен сусындаған жаңа ақындық өнердің дәйекті күрескері болды, жыршының, ақынның өмір шындығын жаңа көзқараспен реалистік әдіспен терең бейнелеу керектігін паш етті. «Өлең - сөздің патшасы» өлеңінде Абай: «сөз түзелді, тыңдаушы , сен де түзел»- деп, жұршылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етеді». [3.172] Абайдың ұлылығы сол қалың қазақ баласын сөз өнерінің құдіретімен-ақ түзеуге болады деп түсінді, сол жолда өлшеусіз еңбек етті, ақынның осы әлемін зерттеуші қапысыз көрсетіп отыр. XXI ғасырға қадам басқан мына заманда тек қана заң жүйесімен, тіпті жазалау жолымен ғана ел түзейміз деп жүрген біздер ойланатын мәселе аз емес сияқты.

Зерттеушінің ақын Абай әлеміндегі бұл құбылысты ертеректе жазған еңбектерінен де кездестірдік, атап айтқанда ғалымның ең бір құнды, монументалды еңбегі болып саналатын «Өлең сөздің теориясы» атты кітабындағы пікірлері де құнды. Ендігі кезекте сол пікірлердің кейбіріне ғана тоқталсақ. «Абай поэзиясы – ұлы ақын өмір сүрген замандағы қоғамдық өмірдің ең күрделі, ең жанды мәселелерін қозғаған. Қазақ топырағында адамгершілік пен әділдікті, еңбекті, өнер мен ғылымды қастерлеген басқа да ақындар аз болған жоқ. Бірақ Абай шығармаларының қазақ әдебиеті, мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз. Абай поэзиясының ішкі рухы мен көрініс-көркі, сипаты мен сыны бұрын әдебиетте дәл мұндай дәрежеде көрінбеген жарасымды жаңалық танытады. Ақын поэзиясына осындай күш-қуат, көркемдік сәулет беріп тұрған – оның шығармасында қазақ халқының бүкіл өмірінің, әсіресе сол дәуірдегі қоғамдық өмірінің шындығы терең бейнеленуі және оларда әдебиеттегі ұлттық көркем ой, өмір құбылыстарын сөзбен бейнелеу, мүсіндеу шеберлігінің жарқырап көрінуі»,-деп түсіндіреді. [4.59] Бұл айтылған ойлардың тамыры тереңде, кеңес қоғамының үстемдігі жүріп, ұлттық құндылықтардың қаншамасы тұтқын күйде ғұмыр кешіп, ой ойлаудың өзі Мәскеуден бастау

алатын заманда абайтану әлемі арқылы Абайды, поэзия құндылықтарын насихаттауды теориялық тұжырымдармен жеткізе білген ғалым пайымдаулары бүгінгі күні де өз жемісін беріп келеді.

Осылайшы мызғымас негізінен М.Әуезовтің өзі қалаған абайтану ғылымын өркендету, дәстүрді жаңашылдық негізде жаңғырту бүгінгі күннің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі. Осы жерде ескере кететін бір жайт бар, ол абайтану тарихының да қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешіргендігі, бұл жөнінде абайтану ілімінің негізін салушы М.Әуезов былай деп еді: «… Абайды тану жөнінде, жоғарыда айтылғандай, анық жаңашылдық бағыт, мұраттармен қатар ілесе жүрген неше алуан зиянды, кертартпа қастық пікірлер де болды…. Абайды қазақ халқының әдебиет қазынасынан шығарып тастау керек деген сорақылыққа шейін барғандар да болды». [5.] Абайтану ғылымын қалыптастырмақ түгілі ұлы Абайдың өзін де бар қазынасымен бірге тәрк етуге дейін барған кезімізді де еске салатын бұл пікірдің үлкен тарихи маңызы бар, абайтану тарихын жасау да оңай болмағанын тарих осылайша айғақтайды.

Уақыт өте, заман түзеле, ой-санамыз, жаңғырып, жақсы күндерге жетелей бастады. Абай мұрасының жаңаша танылуы мен бағалануына бетбұрыс жасалынды. 1939 жылы академик-жазушы С.Мұқанов «Абай – халық ақыны» деген мақала жазып абайтану тарихында тұрпайы социологиялық көзқарастан арылуға батыл бетбұрыс жасады. Абайтанудың жаңа дәуірі басталды, бұл кезеңдегі еңбектер ішінен ең алдымен М.Әуезовті еске аламыз. Бұл мәселелерді тереңінен танушы ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың әдеби мұрасын жұртшылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы ғалым М.Әуезовтің зерттеулері абайтану тарихында ерекше орында тұрды» деп жазады.

Қорытынды сөзге ойыссақ. Белгілі ғалым С.Қасқабасов: «Абайтану саласында Зәки Ахметов текстологиялық та, теориялық та жұмыстар жазып, Мұхтар Әуезовпен бірлесіп, ұлы ақын шығармаларының канондық мәтінін 2 том етіп 1957 жылы жарыққа шығарды. ...Сонау 1951 жылы жазылған «Лермонтов и Абай» атты еңбегінен басталған Абайға деген құштарлық 1995 жылы «Абайдың ақындық әлемі» атты монографияны дүниеге әкелді»,-деп риза көңілмен еске алады. [7.5.] Бұдан түйетініміз филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Зәки Ахметұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, соның ішінде абайтану ғылымын қалыптастырудағы еңбегі тіпті ерекше.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. А., Қазақстан даму институты. 1999. -750 б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырушы: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. А., Ана тілі. 1998. -384 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. А., Анна тілі. 1995. -310 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А., Мектеп. 1973. -212 б.
5. М.Мырзахметов Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. А., «Ғылым» 1982.
6. М.Мырзахметов. Абайтану тарихы. А. «Ана тілі». 1994. -192 б.
7. Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері. А., Үш қиян. 2003. -640 б

ӘОЖ

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕТАЛЬ МЕН ЗАТТЫҚ ӘЛЕМ

Каршибаев И.Т.
филология факультетінің магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан.

Резюме.

В статье рассматривается использование психологических деталей и материального мира в художественном произведении. Приводя пример из рассказа писателя Мархабата Байгута «Крест», мы акцентировали внимание на его особой роли в раскрытии психологии главного героя.

Көркем әдебиеттегі синтетикалық психологизмнің негізгі бір бөлшегі - заттық әлем.Себебі, заттық әлемнің көркем әдебиеттегі негізгі қызметі кейіпкер психологиясын сыртқы болмысы арқылы суреттеу.

«Адам мен суреткерді әдетте белгілі бір қоғамдық орта,уақыт пен кеңестік, оқиға мен табиғат т.б. толып жатқан заттар әлемі қоршап тұратыны белгілі.Сондықтан да адамзат өзін қоршаған ортадан, қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Көркем өнердегі адам,табиғат,заттар әлемінің көркемдік қызметін зерттеген Б.Е.Галанов: «Әдебиет пен өнерде жай зат жоқ.Олар міндетті түрде өз иелеріне қызмет етуі тиіс» ,-дейді [1,270 б].

Психологиялық деталь – бұл шығарма идеясы мен тақырыбына арқау болатын деталь, яғни сол деталь, зат арқылы кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекеті, болмыс-бітімі кеңінен ашылатыны даусыз нәрселер. Зерттеуші Г.Пірәлиеваның пікіріне сүйенсек: «Негізі, заттық әлем кейіпкерді толыққанды етіп бейнелеу үшін таптырмас көркемдік кілт. Және ол кезең мен уақытты кейіпкер өмір сүрген психологиялық ортаны терең тану үшін де, кейіпкердің жан-дүниесін жан-жақты ашу үшін де қызмет атқарады. »[1,155]. Бұл пікір заттық әлемді айғақтайды.

Негізі, көркем шығармада «заттық әлем» ешқашан маңызын жоғалтпақ емес. Бір көркем шығармада бірнеше заттық әлем болуы мүмкін. Яғни, сол шығармада кездесетін көптеген заттар әлемі шығармаға сол заттар арқылы кейіпкердің кім екенін танытатындай. Ал, психологиялық детальдың жайы бұған қарағанда мүлде басқа. Психологиялық детальдар шығарманың тақырыбы мен идеясына құралған жеке бір ғана зат болып табылады. Заттық әлеміндей бірнеше зат болмайды мұнда. Сол шығармаға арқау болатын деталь кейіпкердің өткені мен бүгінін, сезім құбылыстарын, мақсат-мүддесін, арман-қиялын, мінезін, іс-әрекетін анық ашып, айқындап береді деп айтсақ, қателеспеген болар едік.

Көркем шығармадағы психологиялық деталь – кейіпкердің мінез-құлқы мен болмысын танытып қоймайды, кейіпкердің іс-әрекеті барысында көрініс беретін психологиялық күйлерді де ашып көрсетеді.

М.Байғұт шығармаларында кейіпкер психологиясын қоршаған ортамен,заттық әлеммен тығыз байланыста ашу, психологиялық егіздеу

дейтін мәселелер,адам көңіл-күйінің әрбір мезеті мүлде жаңа қырынан табылады. Жазушы заттық әлемді көркемдік компонент ретінде шебер пайдалана біледі. «Ауыл клубының аукционындағы» клуб, «Түбіркүлөздегі» ферма, «Өлімнен қашқан респонденттегі» жантая құлаған заңғар зауыт пен он жетінші мөлтек ауданындағы қабырғасы қақ айырылып құлаған мектеп пен бала бақша,«Бір дорба дипломындағы» кенеп дорба интерьер кеңістігіндегі психологиялық атмосфераны ашып, сол зат иелерінің тағдырына ажырамастай бірігіп, кейіпкерлердің ішкі психологиялық көңіл күй ауанын танытуда негізгі себепкерлік қызмет атқарады.Аталған әңгімелердің барлығын талдап, мысал келтіріп жату мүмкін емес.Солардың ішінде психологиялық деталь мен заттық әлем көп суреттелетін екі -үш әңгімелеріне тоқталуды жөн көрдік.

Біз талдайын деп отырған М.Байғұттың «Крест» әңгімесінде Андрей атты кейіпкердің басынан өткен оқиғалары баяндалған. Оның танымының қалыптасып,тұтастай қазақ болып өзгеруіне айналасының ықпалы туралы айтылады. Осы шығарманың атынан байқайтынымыздай заттық әлемнің көркемдік қызметі айрықша сипатқа ие болған.Әңгіменің көркемдік желісінде бір ғана заттың өзі адамдардың көңіл-күйінен, таным-сипатынан,айналаға деген көз қарасынан хабар беріп тұрғандай.

Ш.Әбішева : Сыртқы детальдар ішкі күйге себепкер бола отырып, сол сәттегі кейіпкердің ішкі әлеміне кейде тікелей, кейде жанама әсер етеді...»[2,108].

З.Қабдолов:«Мінез-адамның ішкі бітімі болғанда,тип-сом тұлғасы екені мәлім.Жанама мінездеуде-төтеден сипаттау болмайды,жазушы мінез-құлқын, әдет-ғұрпын анықтағысы келген жеке адамның немесе бір топ адамның өзі емес, соның қатысы бар өзге заттарды суреттеу арқылы әлгінің өз құлқын не ғұрпын айқындайды» [3,113]дей келе, адамның мінезін тікелей баяндамай-ақ,солар тұтынатын заттар арқылы жанама мінездеуге болатынын атап өтеді.

Енді шығармаға назар аударайық:

Әңгімеде орыс баласы Андрейдің сол ауылға сіңісіп, нағыз қазақ атанып, қазақ тілін ана тіліндей меңгеріп алғандығы,тіпті әкесі Бісмілләға сүндетке отырғызуын өтініп,мұсылман болғандығы туралы айтылады.Осы орайда М.Байғұттың әңгімелеріндегі кейіпкерлерге өзіндік бағасын берген белгілі қаламгер Қуандық Түменбайдың пікірін келтіруді жөн көрдік: «М.Байғұт әңгімелерінен қоңыр майда жел есіп тұрады.Нәзік иірімге толы, аса ірі қақтығыстар аз.Дегенмен «Крест» әңгімесі мінезді әңгімелер қатарына жатқызуға болады.Жазушының өзгелерден ерекшелегі кейіпкерлерінің арасында қазақ болып кеткен орыстардың кездесуі.Тіпті, олардың мінезіне дейін қазақыландырып көрсетеді.Қазақша сөйлеп, қазақша ойланатынына қуанасыз». Автор арқылы баяндалған мына үзінді сөзімізге дәлел бола алады:

«Тәуелсіздігіміздің әуелгі жылдарында станса мектебіндегі орыс сыныптарында оқитын шәкірт қалмай, жабылып тынып, қазақшаның бесіншісіне барған. Алғашқы айларда азаптана қиналған Андрей бала, обалы нешік, оқу жылының ортасы ауа қазекемнің тілінде мақалдата сұрақ қойып,

мәтелдете жауап қатуға дейін жеткен. «Сағыр» сегізжылдық мектебінің түбінде тұратын Асықбай ақсақалға үйірсектеп, ескі әңгімелерді жалықпай тыңдамаққа құлағы құныққан»[30-255].

«Адамға өмір сыйлап,ақыл-ой күшін шыңдау үстінде табиғат жұмыр басты пендені бірде жомарттығымен,бірде қатыгездігімен сынаудан, үздіксіз таңғажайып қалдырудан жалығар емес.Адам танымы қоршаған ортамен тікелей араласу,күтпеген қақтығыс шешімі арқылы ұлғаятыны ақиқат. Адамның эстетикалық қабылдау сезімдері қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, материалды-интеллектуалдық ілгерлеуімен кіндіктес өрістемек.Табиғатпен үйлесімге ұмтылыс өршімек» деп Б.Майтанов өз еңбегінде адам танымының қалыптасуына қоршаған ортаның,ондағы заттар мен құбылыстардың тікелей әсері барын атап өтеді[4,195].

Өз баласындай болып қалған Андрейдің өлімі Бісміллаға ауыр тиеді.

«Андрейдің алақанында ағарандаған майда шынжырлы крест жатты. Иә-иә, кәдімгі крест. Күреңкейлеу ме, қоңырқайлау ма, крест, әйтеуір. Шынжыры ақшылтым. Қашан, қандай жағдайда, қайдан алып, алақанына қалай салып, жұдырығын қай кезде жұмғанын кім білер...»[30-257].

М.Байғұттың осы әңгімесінде «крест» арқылы Андрейдің кім екендігін,оның намысы бар,өз затының қадірін білетін, күтімділігін, ұқыптылығын бейнелейді.Қандай күйге түссе де атадан қалған мұраға көзінің қарашығындай қарап, жанынан тастамағанына іштей сүйсіндіреді.

«Кенеттен крест ойына түсіп, көз жасын тез тыйып ала қойып, тылсым ойларға да берілді.Бір жолы, баяғыда-а-а-а, баланың мойнындағы кішкентай ғана кресті байқап қалған. Кейін қайда кеткеніне, тағып-тақпайтынына назар жықпаған.

— Сүндет жасалғаннан кейін крестің керегі жоқ шығар, — дескені есіне түсті.

— Мойынға шынжыр тағу модыдан қалған жоқ па? — дегендері жадында жаңғырды» [30-285].

Мұнда психологиялық үрдіс «еске алудың» жүзеге асқанын көреміз. Шығармадағы зат әрбір кейіпкерге қатысты болып,олардың ішкі түйсігінен хабардар береді.Авторлық баяндаудан және кейіпкердің өз сөзі арқылы Бісмілләннің болмысы ашыла түседі.Сүндеттелгеннен кейін Андрейдің мойнынан кресті байқаса да, мән бермеуі оның момындығын,алаңғасарлығын танытады,сонымен бірге бала жанды екеніне көз жеткіземіз.«Адам мен зат бір-бірінен ажырағысыз біртұтас ұғым,олар әдебиетте бейнелену барысында көптеген тәжірбие жинақтап,жылдан-жылға олардың көркемдік қызметі мен міндеті де күрделеніп келеді.Сөз өнеріндегі заттар әлемі еске алу мен ойлауға, күрделі,күтпеген ассоцияларда себеп болатыны белгілі» [1,304].

Міне,осындағы бір ғана заттың өзі кейіпкердің табиғатын, адами болмысын тап басып бейнелеуде басты көркемдік құрал болып табылған.М.Байғұт өз кейіпкерлерінің өміріне тікілей қатысы бар заттарды, олардың түйсіктеріндегі тылсым сырлар мен құпияларды ашудағы символдық астармен айрықша көркемдік бөлшек ретінде бейнелей білген.

Әдебиеттер

1.Піралиева Г. «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері». Алматы. Алаш 2003.-327 б.
2. Әбішева Ш.С. «Жүсіпбек Аймауытов прозасында диалогті қолдану шеберлігі». Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 129 б.
3. Қабдолов З. « Сөз өнері». Алматы: Қазақ университеті, 1992 -350 б. «Жанр сыры». — Алматы: Жалын, 1964 - 214 б
4.Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». Оқу құралы.– Алматы: «Санат», 1996.-336 б
5.Байғұт М. «Әпкемнің ауылы».-Шымкент:Жебе,2015 ж.-444 б

УДК 80

ПРАВИЛА НАПИСАНИЯ ТЕКСТОВ РЕКЛАМЫ

Сапарбек А. – 1509-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сыздыкова М.С.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Түйін

Мақалада жарнамалық мәтіндерді жазудың негізгі ережелері қарастырылған

От того, насколько грамотно составлен рекламный текст, зависит конечное решение потребителя о необходимости покупки рекламируемого товара. Количество элементов структуры рекламного текста и порядок их расположения могут варьироваться в зависимости от характера предлагаемого товара, аудитории, на которую рассчитана реклама и рекламного носителя. Структуру, приведенную ниже, можно назвать классической. Она включает в себя следующие элементы:

1) заголовок
2) подзаголовок
3) основной текст
4) слоган
5) эхо-фраза

Задача заголовка рекламного текста – завладеть вниманием потенциального потребителя и сразу вызвать его интерес. При составлении заголовка лучше ограничиться одним предложением – его легко охватить взглядом и уловить смысл рекламного обращения.

Подзаголовок выполняет связующую функцию. Он готовит к восприятию основного текста, раскрывая смысл заголовка.

Основной текст – это самая объемная по своему содержанию часть рекламного обращения. Все, что «обещал» заголовок, выполняет основной текст. Составляющие основного текста – введение, основная тема и заключение. Введение знакомит потенциального покупателя с предметом рекламного обращения. В некоторых случаях, человека непосвященного нужно предварительно ознакомить с проблемой. Но если это реклама организации, необходимо сразу указать на главное и обозначить ее достижения и рейтинг на рынке. Следующая часть – основная. Это ядро рекламного текста. Потребитель заинтересован лишь в тех товарах и услугах, которые ему наиболее полезны и

из которых он может извлечь выгоду. Поэтому основная часть рекламного текста должна убедить его в том, что, приобретая данный товар или услугу, он сделает правильный выбор. В заключении вся изложенная информация обобщается и делается вывод.

4.Слоган – ключевой элемент рекламного обращения. Это фраза, короткая и емкая, своего рода девиз компании. Именно слоган является самым заметным элементом рекламы, на него обращают внимание в несколько раз чаще, чем на рекламу в целом. Поэтому он должен легко читаться и запоминаться, быть оригинальным и как можно полнее отражать суть рекламного обращения при всей своей краткости и простоте.

5.Завершающий элемент структуры рекламного текста – эхо-фраза. По своей форме она приближена к слогану. Функция эхо-фразы в закреплении информации в памяти потребителя. Ее использование придает законченность рекламному тексту. Алгоритм составления рекламного текста Жесткого алгоритма составления рекламного текста нет. Поскольку это процесс творческий, а не механический, каждый автор решает для себя сам, какой путь создания рекламного текста ему наиболее близок и знаком. Тем не менее, не стоит пренебрегать элементарными правилами, которые значительно облегчают процесс написания успешного текста.

Перед тем, как приступать к непосредственному составлению рекламного обращения, рекомендуется проделать подготовительную работу, а именно:

1.Выделить группу потенциальных потребителей рекламируемого товара (так называемую целевую аудиторию), определить, кто эти люди, каковы их интересы и нужды, что они ожидают от покупки предложенного им продукта или услуги.

2.Всесторонне проанализировать рекламируемый товар: определить его функции, специфику, потенциал и уникальность, а также то, чем он будет полезен конкретной группе потребителей.

3.В соответствии с двумя первыми пунктами определить содержание будущего рекламного текста и форму обращения и, исходя из этого, выбрать стиль и язык написания, близкий и понятный потенциальному покупателю

4.Подобрать ключевые слова и фразы для каждого элемента структуры рекламного текста. Далее рекомендуется составить схему рекламного обращения, в которой слева удобнее обозначить все элементы будущего текста, а справа – соответствующие им ключевые фразы и наброски решений.

Рекламная статья - самый распространенный вид обмена рекламной информацией в журнальной периодике. В каждом выпуске специализированного издания на такую рекламу отводится больше половины всего рекламного пространства. По денотативной соотнесенности выделяются:

- рекламная статья о деятельности фирмы (фирмы-производителя и фирмы-посредника);
- рекламная статья о товаре зарубежного или отечественного производства.

При составлении рекламного текста следует использовать короткие предложения и небольшие параграфы. Конечно, автору хочется в полной мере раскрыть свой талант и блеснуть красноречием, но не стоит увлекаться. Важно помнить о сути рекламного текста и не потерять ее за лишней оригинальностью. Также не стоит использовать жаргонные и двусмысленные выражения и сослагательное наклонение. Все обращения в рекламном тексте должны быть адресованы покупателю, не следует употреблять обращения в «никуда». Важной характеристикой рекламного обращения является ее правдивость и достоверность содержащейся в ней информации.

Литература

Ананич М.И. Основы рекламной деятельности: Учебное пособие. - 2-е изд., переработанное и дополненное. - Новосибирск: Великан, 2001. - 87 с.
Блинкина-Мельник М.М. Рекламный текст. – М.: ОГИ, 2004.
Сердобинцева Е.Н. Структура и язык рекламных текстов. – М., 2010. – 198 с.

УДК 169

ОСОБЕННОСТИ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА КАК СРЕДСТВА КОММУНИКАЦИИ

Есіркеп М. – 1509-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сыздыкова М.С.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Summary

The article deals with linguistic features, semiotic components of advertising texts as a unit of communication

В настоящее время бурно развивается такая сфера массовой коммуникации, как реклама. «Здесь главное — любой ценой обратить на себя внимание, заставить запомнить. И речевая изобретательность, языковая шутка оказывается важнейшим способом поразить, рассмешить, создать непринужденную обстановку и тем оставить след в памяти» [2. С. 51].
Поэтому в рекламе активно языковые средства для создания «остроумных» выражений, привлекающих внимание потребителя уже своей формой.

«Являясь частью массовой коммуникации, реклама подчиняется ее коммуникативным закономерностям, в особенности преследующим манипуляционные цели. Им вообще подчиняется конструирование дискурса на радио и телевидении, газетного текста, публичной речи» [2. С. 52].

Прежде всего, необходимо признать, что реклама занимает достаточно заметное место в жизни общества. Нравится нам это или нет, но мы ежедневно и многократно сталкиваемся с рекламой в том или ином проявлении: слушая радио, смотря телевизор, читая прессу. Выйдя на улицу, мы видим огромное количество рекламных щитов. Зайдя в метро, ощущаем рекламное давление. Мы сталкиваемся с рекламой в магазине, своем почтовом ящике, Интернете.

Таким образом, мы не можем отрицать, что реклама — явление, оказывающее заметное влияние на общество. Рекламная продукция весьма естественно поддается анализу практически со всех высокостатусных в

сегодняшнем обществе позиций: социальной, психологической, культурологической, искусствоведческой, общественной, моральной, нравственной и, конечно, лингвистической. Реклама призвана манипулировать нашим потребительским поведением, а для того, чтобы делать это успешно, реклама обязана учитывать все особенности нашего мышления, принимать во внимание особенности культуры и языка, в котором существует.

Любая реклама содержит в своем составе языковые элементы, будь это текст, звучащая речь, рекламный заголовок или девиз (так называемый слоган), сопровождающий видеоряд. Поэтому реклама может быть проанализирована с точки зрения филологии как связный текст, имеющий целый ряд особенностей.
С точки зрения языково-коммуникативного аспекта реклама представляет собой неличную, одностороннюю, вербально-невербальную форму коммуникации. При этом значение (информация о рекламируемом товаре) передается от адресанта к адресату через код (форму, имеющую вербальное и визуальное воплощение) по определенному каналу коммуникации (СМИ, наружные щиты и т.д.) в некоем социокультурном контексте. В рекламном тексте значение далеко не всегда выражено эксплицидно (по ряду этических, юридических и прочих причин). Очень часто в рекламном объявлении мы имеем дело с имплицидным ожиданием и предположением.

Информационная структура рекламы такова, что в отличие от обычного высказывания в рекламном объявлении может быть несколько ключевых элементов.

Подобная структура обуславливает появление такого явления, как альтернативный синтаксис.
Контент-анализ структуры рекламного текста с точки зрения деятельностной модели дает возможность выделить три основные пары деятелей в рекламном объявлении (субъект-объект, помощник-противник, даритель-получатель).
ламных текстов.

Нужно отметить три основные семиотические составляющие рекламных текстов: семантику, характеризующую отношение знаков к значениям, синтактику, характеризующую отношение одного знака к другому или другим, и прагматику, характеризующую отношение знака к интерпретатору (осмысляющему значение).

В семантике рекламного текста, помимо языковой информации, содержится графическая ее репрезентация и рисунок, то есть то, что обозначается термином «лингвовизуальный коммуникативный комплекс». Все это свидетельствует о главенствующей, но не всегда определяющей роли текста в рекламном послании. По этой причине возникает необходимость использования собственно рекламных словосочетаний и словоупотреблений, которые закрепляются за тем или иным рекламным текстом для придания ему большей экспрессивности [1, с. 123].

С точки зрения синтактики, рекламный текст имеет формульный характер, то есть связанный жесткой последовательностью его элементов. Рекламный

текст представляется удобным для наблюдателя цельности, во-первых, ввиду его целостного обозрения, а во-вторых, ввиду того, что реклама строится по более или менее жесткой модели: заголовок, пояснительный текст, рекламный слоган и товарный знак [3, с. 23

Наряду с семантикой и синтактикой третьей составляющей рекламы является прагматика. По словам американского семиотика Ч. У. Морриса, прагматика – это дисциплина, изучающая отношения знаков к их интерпретаторам [4]. Таким образом, прагматика призвана ответить на вопрос, почему потребитель, несмотря на критичность мышления, воспринимает рекламу и в итоге подчиняется ей.

Таким образом, рекламные тексты в современном обществе выполняют важнейшую коммуникативную функцию, а также являются одним из главных инструментов воздействия рекламы на современное общество, реализуемым при помощи различных знаковых единиц, выражающихся посредством структурных элементов, а также различных технологий, характерных для того или иного средства массовой информации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Барт Р. Избранные работы. Семиотика. Поэтика. М.: Прогресс, 1994. 615 с.
2.Костомаров В.Г. Языковой вкус эпохи. — СПб.: Златоуст, 1999.
3. Месхешвили Н. Экспрессивные средства письменной коммуникации. Ин-т языкознания АН СССР. М.: 1989. 158 с.
4. Моррис Ч. У. Основания теории знаков // Семиотика. М., 2002. 23–27с.

УДК 169.70

К ВОПРОСУ О СТИЛИСТИЧЕСКИХ ПРИЕМАХ В РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТАХ

Сапархан Б. – 1501-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Сыздыкова М.С.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Түйін

Мақалада жарнамалық мәтіндерде қолданылатын стилистикалық әдістер талқыланған

В современных рекламных текстах используются как основные, так и специальные выразительные языковые средства. Последние призваны воздействовать на адресата не только понятийно, но и образно, благодаря чему информация воспринимается быстрее, находит более глубокий эмоциональный отклик у адресата, вызывает интерес и лучше сохраняется в памяти [1; с. 45].
Происходит это потому, что слова употребляются в рекламе не только в денотативном, но и в коннотативном значениях. Богатое образное содержание создается в рекламе, как и в художественном тексте, благодаря словам, употребленным в переносном значени. Переносное значение слова меняет его функцию: от простого наименования предметов слово уходит, чтобы непосредственно участвовать в создании образности. Происходит изменение значений, переименование, намечается подтекст и такое употребление

лексических единиц, выражений, при котором переносное значение актуализирует создаваемый образ. Лексическая единица, употребленная в такой роли и традиционно присущая художественному стилю речи, получила название *тропа* и активно используется в рекламе.

В переводе с греч. *tropos* обозначает *оборот, переворачивание*. Это прямое, буквальное значение слова. В филологическом понимании (как в лингвистике, так и в литературоведении) *троп* – это искусное образное использование слова. В риторике тропами называются выражения и высказывания в переносном значении. Опираясь на статью в «Поэтическом словаре» А.П. Квятковского, мы даем следующее литературоведческое толкование: *троп* – это поэтический оборот, употребление слов в переносном, образном смысле. К тропам относятся: метафора, эпитет, метонимия, синекдоха, симфора, гипербола, ирония, литота, эпитет, аллегория, перифраз [2; с. 312].

Стилистические средства разнообразны и многочисленны, но в основе их всех лежит тот же лингвистический принцип, на котором построен весь механизм языка: сопоставление явлений и установление сходств и различий между ними, контраст и эквивалентность [3; с. 62].

Следует отметить, что стилистический анализ средств выразительности – одно из важнейших направлений современной лингвистики. Данный тезис обусловлен результатами наших изысканий, связанных с анализом языка современной рекламы

Метафора – одно из самых мощных средств экспрессии, рассчитанных на долговременное воздействие. Метафоры хорошо запоминаются, откладываются в долгосрочной памяти и могут входить в активный словарь говорящего. Метафора (греч. «перенос») –троп или фигура речи, состоящая в употреблении слова, обозначающего некоторый класс объектов (предметов, лиц, явлений, действий или признаков), для обозначения другого, сходного с данным, класса объектов или единичного объекта: *волк, дуб, змея.*

Метафора представляет собой скрытое сравнение: зачастую, отражая авторское видение предметов и явлений, она является субъективной, но всегда отличается авторским видением и способствует созданию зрительных образов. Метафора разнообразит рекламный текст, делает его более образным и сильным. Сок может называться *добрым*, простота снятия макияжа выражаться фразой *одним жестом*, выбор продукции характеризуется как *единственно верный* или даже *королевский*.

Примите душ с ароматом киви! (реклама шампуня).

Велика в рекламных текстах роль эпитета, который характеризуется А.П. Квятковским как «…образная характеристика какого-либо лица, явления или предмета». Эпитет – это не просто прилагательное в роли определения, дающего предметную или логическую характеристику. Эпитет – одна из разновидностей метафоры, предлагающая художественное, образное представление о предмете, основанное на метком сравнении [4; с. 359].

Лучший подарок - *вкусный* подарок*!* (реклама Whiskas).

Эпитет как экспрессивный элемент – важное средство психологического воздействия. Примеров можно найти очень много, так как большинство определений в рекламном тексте образны и выразительны: *бесподобный аромат, удачная покупка, целебные свойства.*

Сравнение используется для более наглядного изображения.

Умный, как книга! Красивый, как цветы! (подарочный комплект сотовой связи от «Вотек Мобайл»)

Не принято сравнивать собственную продукцию с другой, занижая ее качественные характеристики. Тем не менее, встречается и такая реклама, в которой содержится информация о том, что порошок, моющее или чистящее средство не идут ни в какое сравнение с продукцией конкурирующей фирмы (не названной открыто).

Гипербола – очень востребованный прием, который часто встречается в в рекламе разных товаров, предлагаемых *по суперцене.*

Вкус на грани возможного (жевательная резинка «Стиморол»)

Контроль над стихией (кроссовки «Адидас»)

Не менее популярен н прием олицетворения, который достаточно часто встречается в рекламных текстах:

Моя кожа в него просто влюблена! (реклама тонального крема)

Могут появляться окказиональные выражения типа *суперздоровье* в рекламе *супервитаминов*. Это создает дополнительную экспрессию и воздействует на психологическое восприятие информации.

Речь становится выразительнее, если обыгрываются различные значения одного и того же слова или выражения (многозначность):

Мода меняется – вкус остается. Конфеты Макро-С – подарок со вкусом!

Следует отметить, что такого рода сопоставления чрезвычайно распространены в телевизионной рекламе: так создается наиболее выпуклый и зримый рекламный образ [5; с. 107].

«Двойная актуализация» – реализация прямого и переносного значения слова одновременно – дает порой комический эффект и позволяет выразить мысль необычно и броско, например:

Бриллиантовое диско! Зажги! (реклама косметики);

Нелипкая, но очень притягательная! (реклама косметики);

Экстремально быстрый стайлинг» (реклама косметики).

Все приведенные выше примеры свидетельствуют о разнообразии применяемых в рекламе речевых тактик.

Язык рекламы постоянно требует обновления, так как выразительные средства изнашиваются и, быстро распространяясь, начинают воспроизводиться механически. В результате стирается образность, а значит, снижается убедительность рекламы. Чаще всего реклама не только информирует, но и формирует у потребителя яркий, четкий рекламный образ через систему изобразительно-выразительных средств языка в объективную информацию, как правило, привносится дополнительная, имеющая субъективную

направленность. Она образуется, главным образом, за счет стилистически окрашенной лексики, употребленной в качестве тропов.

Литература

1. Блинкина-Мельник М.М. Рекламный текст. – М.: ОГИ, 2004.
2. Квятковский А.П. Поэтический словарь. – М., 1996.
3. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996.
4. Мокшанцев Р.И. Психология рекламы: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2000.
5. Кафтанджиев Х. Тексты печатной рекламы. М.: – Смысл, 1995. – 73 с.

ӘОЖ 822.626.122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ

Сарсенбай Г.Ә. 117-27 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекші: Омаров Т.Қ. - ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Summary

The article deals with the work of Akhmet Baitursynov "Introduction to Literature"

Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы “Әдебиет танытқыш” (“Теория словестности”) деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді.

Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

«Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласың. Эпосты- әуезе, лириканы- толғау, драманы – айтыс деп бір қайтарып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді; шежіре, заманиха, өмір аян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, білімір шешен сөз, уағыз, көсемсөз (публицистика).

Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңалық бар. Хисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау, шығармаларды діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін саф толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңайыс) толғау, намыс-таныс толғау, сұқтаныс толғау, (даттау, қаралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп таратып әкетуге де қайран қаласыз.

Қысқасы, «Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет

теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді.
Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі – “Әдебиет танытқыш”. Шолу ретінде, атүсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ.
«**Әдебиет танытқыш**» еңбегінде – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.
Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи-эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады.
«Әдебиет танытқыштың» бірінші бөлімі “Сөз өнерінің ғылымы” деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады.
Ең алдымен тіл, сөз өнері, шығарма дегеніміз не деген сұрауларға, ғылыми дәлді, ықшам, толық анықтама беріледі. Автор сөз өнері ғылымын: 1) шығарманың тілінің ғылымы; 2) шығарманың түрінің ғылымы деп екіге бөліп қарайды. Тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны деп, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі деп екіге бөледі.
Автор сөз өнерін үй қалау өнерімен өте қисынды салыстыра көрсетеді де, сөз талғау орайында шығарма тілі екі түрлі болатындығын айтады, олар – біріншісі – ақын тілі, екіншісіәншейін тіл. Сөз дұрыс болу үшін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықты жақсы білу, өз орнында тұтыну, дұрыс есептеп, сөйлемдерді дұрыс орналастыру, құрмаластыру, орналастыру шарттары алға қойылады. Тіл

тазалығына анықтама беріп, ол үшін орыстың жақсы жазушылары қойған талаптарды үлгі етіп алған. Олар:
— Ескірген сөздерге жоламау;
— Жаңадан шыққан сөздерден қашу;
— Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашу;
— Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламау.
Ахмет Байтұрсынов "Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек", – деген ұлы талабын өзі нақты іске асырды [1, 8б].
«Әдебиет танытқышта» қойылған күрделі мәселенің бірі – қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді.
Жазба әдебиеттің бір кезеңін діндар дәуір, екінші кезеңін әуелде, ділмар дәуір, артынан сындар дәуір деп алған, Ахмет Байтұрсынов жаңа әдеби дамуға қатысты келелі эстетикалық-теориялық ой-тұжырымдар, пікір-байламдар түйеді. Сындар дәуір ұғымына автор бір жағынан сын арқылы шыққан, екінші жағынан мағынасы терең, мінсіз, толғаулы, классикалық әдебиет деген сипаттарды сыйдырады. Асыл сөз жасаудағы білімнің, үлгінің қызметін ашады да мынадай қорытынды жасайды: "Қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Еуропа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып көзге түскен. Сонан кейін ғана Еуропа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған" [3, 4б].
Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе, әсері күшті болған Абай шығармалары екенін, сындар дәуірдің басы Абайдан басталатынын кесіп-пішіп тиянақтайды. Абайдың сөзге талғау кіргізгені, әдебиеттің басты-басты сипаттарын анықтағаны "Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы" өлеңін мысалға келтіру арқылы көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиет тудыруда талғамның, өнегенің, үлгінің, ықпалдың, әсердің рөлін айта келіп: "Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр, және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанмен, ілгеріде болуға ықтимал", — деген көрегендік тұжырым жасайды.
Бұлардың ішінен зерттеуші "Ұлы әңгіме, яғни роман деп тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды

айтамыз” деген анықтама жасайды да, жанрдың негізгі белгілерін тұтас түгелдеп береді.
Ахмет Байтұрсынов драманы қазақша “Айтыс-тартыс” деп алып, оған мынадай жанрлық анықтама береді: “Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді” [2, 5б].
«Әдебиет танытқыш» алғаш 1926 жылы шықты, 1989 жылы “Жазушы” баспасы, 1991 жылы “Жалын” баспасы шығарды. Соңғы басылымда бұрынғы жариялануда кеткен бірталай селкеуліктер жөнделді, олар – кейбір шатасқан сөздердің, баспа кінәсінен кеткен қателіктердің бұрмаланған текстердің түзетілуі. “Әдебиет танытқыштың” қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Зейін салған кісі аңғарса керек, А.Байтұрсынов былай дейді: “Ұстасу шығармалар қайраткердің түріне қарай үшке бөлінеді: 1) әлектеніс; 2) азаптаныс; 3) әуреленіс”.
Осылардың біріншісі – әлектеніс пен үшіншісі әуреленіс талданады, ал екіншісі – азаптаныс жоқ. Сондықтан сақталған кітап бойынша болашақта “Әдебиет танытқыштың” толық текстін табу міндеті тұр. Тағы бір мәселе әр түрлі жанрлық формаларды талдап болғаннан кейін А.Байтұрсынов әр жерде бұларды нұсқалықтың пәленше номерлерінен қара деп ескертеді. Ендеше, “Әдебиет танытқыш” оқулық, оның хрестоматиясы – нұсқалығыда болған ғой. Қазіргі дерек бойынша, ол жарияланбаған секілді. Әлде қолжазба күйінде архивтің бірінде жатыр ма? “Мәдениет тарихы” деген еңбек бітіргені белгілі – ол да жоқ. Қайда? Қысқасы, Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі “Әдебиет танытқыш” төңірегінде әлі де көп зерттеу жүргізу керек.
Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр.
1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған: “… Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс

школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті" [1,10б].

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов шығармалары. Алматы. «Жазушы» 1989
2. «Әдебиет танытқыштың теориялық негізі» Ұ.О.Еркінбаев. Алматы, 2008
3. «Әдебиет танытқыштың әдебиеттану ғылымындағы орны» Ұ.О.Еркінбаев. Үркер 2010. №12

ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

UDK 125.58

ANIMAL CRUELTY AND HOW TO SOLVE IT

Talgat R. - Student of the group 119-18
Research supervisor: Meiirbek N.K. - Master teacher
South Kazakhstan State Pedagogical University
Department of English language, Shymkent

Түйін

Адамдар жануарларды пайдаланбауы керек және олар белгілі бір құқықтарға ие болуы керек деп санайтын адамдардың саны өсіп келеді. Дегенмен, адамдар жануарларды өз қажеттіліктері үшін, мысалы, оларды тамақ үшін немесе медициналық зерттеулер үшін пайдалануға құқылы деп санайтындар бар. Бұл мәселе бойынша әртүрлі пікірлер бар. Көптеген адамдар өздерін осы планетадағы ең маңызды нәрсе деп санайды, сондықтан тірі қалу үшін жануарларға тәжірибе жасайды. Бұл қате пікір. Жануарлар бұл планетада басқа тіршілік иелері сияқты пайда болды, сондықтан олар тең құқықтарға ие болуы керек. Олардың сезімдері де бар, олар адамдар сияқты, ауырсынуды сезінеді.

There are no countries where it is legally prohibited to raise animals for industrial purposes (for example, making clothes and shoes), and even more so the production and consumption of all types of meat or poultry. But vegan ideology is gaining momentum, and more and more people are advocating an ethical attitude towards all living things. One can endlessly argue how appropriate it is to give up eating meat, but even staunch lovers of animal protein oppose senseless cruelty and violence against our smaller brothers. Unfortunately, cruelty is inherent in humans, and it is much easier to realize their vicious inclinations in relation to the weaker ones: children, women, the elderly. Not everyone is capable of committing serious

crimes - the fear of punishment keeps them from attacking people. Animals are another matter. They cannot tell anything, complain, give an adequate rebuff, but they feel pain and suffering just like people, which is why the choice of numerous sadists falls on them.

"Kazakhstan needs a law on the protection of animals" - it was under this call that a wide subscription campaign was launched in our country. Caring people, through the creation of a petition, demand that the government look into the eyes of animals and think how insecure the four-legged are in our country. A galaxy of egregious cases of cruelty that took place literally in a few days shocked the public: two men shooting dogs, an attempt to kill a dog with a refrigerator door, teenagers burning a puppy alive ... And the day before yesterday it became known about a dog beaten to death. It seems, indeed, the time has come to talk about the silent pain of animals, pain that is not ours, pain that is not discussed.

To be more responsible towards animals we need systematic work with public opinion in order to increase the level of culture of keeping animals. The culture of keeping animals is an idea of how to act correctly when choosing a pet, how to raise and maintain it correctly, and strict adherence to these ideas in practice. Moreover, for such a culture to exist, such a correct attitude towards animals must be supported by legislation. Unfortunately, now there is no culture of keeping and breeding domestic animals. This is evidenced by the huge number of stray dogs and cats. Despite the work of volunteers in socialization and attachment, their number does not decrease over the years, since there is an uncontrolled reproduction of street and domestic pets. Also, the ugly attitude is indicated by the frequent cases of animal husbandry and cruelty to animals, the lack of ethics of the owners of dogs and cats, the mass ignorance of the elementary rules of communication with animals and the basics of their maintenance.

Animals still legally remain in the status of "things" in the literal and figurative sense, which, in turn, forms both the corresponding perceptions of citizens and the "culture" of content. If a "thing" brings trouble, then you can get rid of it, throw it away, destroy it.

Now the problem of society's attitude towards domestic animals is very acute and carries a real danger both for the inhabitants of our country and for animals. We see the danger for the inhabitants of Kazakhstan in the general demoralization of the population and especially of the younger generation. When the children who burned the puppy alive were asked why they bullied the animals, they said they did it for fun. We believe that due to the permissiveness and lack of punishment for cruelty towards our smaller brothers, we create a fertile ground for the upbringing of immoral and cruel youth, in whose path any person can be a defenseless creature. Therefore, we are talking not only about the absence of a culture of keeping animals, but also about the threat to nurture a society of cruelty and violence. Until the lives of pets and homeless animals are not protected by law, we cannot talk about the culture of their maintenance as such. It is impossible for a society to simultaneously develop a culture of keeping domestic animals without punishment for cruelty to them. First of

all, at the state level, animals must be recognized as living sentient beings. Only after the adoption of the basic law, Article 316 of the Criminal Code on cruelty to animals can become operational. General demoralization in this matter contributes to the spread of an irresponsible attitude towards their own animals: ill-bred dogs disturb the peace of others, show aggression, as a result, are often thrown out into the street. Breeding of purebred animals is often reduced only to making a profit, unsold and defective puppies are thrown away, which leads to an increase in the number of stray animals.

Therefore, a set of measures is needed:

- legislative support;
- state control of animal breeding;
- encouraging volunteerism and animal shelter programs.
- active propaganda of sterilization in the media;
- the introduction of kindness lessons into the school curriculum that teach children the culture of keeping pets;

Preferential programs for sterilization and treatment of animals for retirees and low-income families. So, the problem of lack of culture in relation to animals is associated with a huge number of factors. World experience shows that the attitude towards animals is a kind of indicator of the quality of life in the country. Every member of society must understand that animals are a huge responsibility and a serious decision that should not be taken lightly. With proper education and legislative support, the culture of keeping animals will revive, which will provide a solution to the problem.

A person chooses an object that is obviously weaker and cannot fight back. Seeing the suffering and helplessness of the victim, as well as feeling his impunity, a person experiences an emotional upsurge, pride in himself not so much from the pain that he causes, but rather from the feeling of his own power and superiority, which he lacks in the family and society. It is for this reason that many flayers shoot this process on video, take photos and mailings.

How can this be prevented? First of all, pay attention to yourself. Think about how environmentally friendly you are in relation to your loved ones and the environment, not remain indifferent to such incidents, talk about it with your children, involve them in caring for animals. It is also worth creating and maintaining family traditions that strengthen respect for each other. Children are not our property. And they are not obliged to correspond to our most often distorted ideas about what they should be. You need to provide support to your child (not to be confused with indulgence) in all situations. In childhood, children show abuse more out of curiosity, and with each such manifestation, it is important to explain to the child that this is also a living being and that it is in pain, even if it is not obvious. For example, insects, reptiles, which cannot make sounds from pain. I think many have come across a situation when a child slaps his parents' hands in the face. In such situations, it is important to talk about your feelings: “I am in pain, I feel uncomfortable” instead of “You cannot do this”, “You are bad”. Talk more often about your feelings,

emotions and ask the question: "What do you feel?" This is how the ability to perceive the feelings of other people, in other words, humanity, develops. Separately, I would like to note the children's passion for video games. Pay attention to what games your child is playing. If his preferences are killing games, then explain that in reality there is no spare life. In studying child killers, psychotherapists have found that they have lost this understanding.

Bibliography

1. PF "KARE-ZABOTA" animal protection organization https://harpersbazaar.kz/potchemu-kazahstanu-neobhodim-zakon-o-zashtite-zhivotnh/#part=4
2. PETA (People for the Ethical Treatment of Animals) official website: [website]. - URL: http://www.peta.org/ (date of access: 05.03.2012).
3. On the protection of animals from cruelty [Electronic resource]: federal law [draft] // "Vita": Center for the Protection of Animals: [official site]. - URL: http://www.vita.org.ru/law/Zakonu/stop-cruelty.htm (date of access: 05.03.2012).
4. Gasnikov KD Animals as an object of civil rights // Legislation and Economics - 2002 - №12.
5. International law: textbook / Otv. ed. Yu.M. Kolosov, E.S. Krivchikova. - M .: Mezhdunar. relations, 2005.

ӘОЖ 94(574)

АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН САУДАНЫҢ ДАМУЫ

Сейтхан А.К.-114-17 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі:Сыздықова Г.М –ф.ғ.к.,доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

В данной статье освещаются вопросы развития городов и торговли в период Золотой Орды, роли городов в жизни страны.

Алтын Орда (моңғолша- Алтан Ордын улс, татарша -AltınUrda, орысша-Золотая Орда, түрікше-AltınOrdu) басында моңғол, кейінірек түркіленген, 1240 жылдары Русь княздіктері жауланып алынғаннан кейін Моңғол империясының батыс бөлігінде орнаған хандық. Ол қазіргі Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказдың жерін қамтыған. Шарықтау дәуірінде Алтын Орда Шығыс Еуропаның Орал тауларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлап еніп жатты. Оңтүстігінде Орданың жері Қара теңізбен, Кавказ тауларымен және моңғол Ильхандар династиясының қол астындағы Персиямен шектесіп жатты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн», деп атап көрсетті[1]. Тарихтағы өз орнымызды саралауда Алтын Орда кезеңіне соқпай кете алмаймыз. Себебі, Алтын Орданың ежелгі территориясының қырық пайызы бүгінгі Қазақстан иелігі, байырғы қазақ жұртының ата-мекені.

Орданың экономикалық дамуы үшін халықаралық сауда маңызды болды. Мемлекет қазынасының ең маңызды бөлігін баж салығы құрағандықтан, билеуші

әулеттер оған ерекше көңіл бөлген. Дамыған өнеркәсіп орындары мен қалыптасқан сауда кооперативтері сыртқы және транзиттік сауда бай саудагерлердің қолында болды. Сауданың мұндай ажырамас позициясына бірнеше факторлар ықпал етті:

Біріншіден, Еуразия құрлығында мыңдаған шақырымдық керуен жолдарын жалғаған Алтын Орда, Шығыс пен Батыстың арасындағы орта ғасырлық көпір қызметін атқарды. Алтын Орда Ұлы Жібек Жолын Еуропаға жалғайтын жалғыз мемлекет болды. Таяу Шығыстағы крестшілермен жүріп жатқан соғыстар және Парсы-Египет қарым-қатынастарының ушығуы, осы аймақ арқылы континентаралық сауда деңгейін барынша төмендеуі, XIII ғасырда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының (Алтын Орда территориясы) белсенді жұмыс жасауына ықпал еткен болатын.

Екіншіден, Моңғол империясының сауда жолдары сол кезеңнің Еуразиядағы ең ыңғайлы және қауіпсіз жол болған еді. Мысалы, флорентиялық банкир Франциско Б. Пеголотти (1310-1347) өзінің «Әр түрлі елдерді сипаттауында» мынаны көрсетеді:»бұл саяхатты жасаған көпестердің айтуынша, Танадан Қытайға дейінгі жол күндіз және түнде де қауіпсіз; Егер көпес жол бойында және қайта келер жолда өлсе, онда оның барлық мүлкін ол қайтыс болған елдің мемлекетіне береді және оны шенеуніктер алады... бірақ, егер онымен бірге оның ағасы немесе жақыны болған болса, ол қайтыс болған адамның дос-ағаларына қайтыс болған адамның мүлкі беріледі және ол осылайша сақталады»[2]. Керуен жолдарының бойында саудагерлер тоқтап, демалатын керуен сарайлар, тауарларын сенімді сақтайтын орындар, мінген көліктеріне жасалатын жағдайлар және тіпті, қалаларда қаржы қызметтерін пайдалану, моншаға түсу, тамақтану орындары секілді қызметтер болды. Бірақ, Моңғол империясының жұмысын қамтамасыз ететін заңдардың жиынтығы - Моңғолияның бүкіл экономикалық саясаты Шыңғыс ханның Яса (моңғ. *их засаг хууль* — Ұлы билік Заңы)- заңына негізделген.

Қала құрылысы, қала мәдениетін дамыту Алтын Орда тарихының феноменалдық құбылыстарының бірі болып табылады. Монғолдар жаулап алғанға дейінгі уақытында дала тұрғындары отырықшылықтың берік дәстүрлеріне ие болған жоқ. Деректерде Еділ бойында Еділ (Итиль) және Саксин сияқты екі қала ғана аталады. Олар туралы аздаған мәліметтер (археологиялық тұрғыдан олар әлі сенімді емес), олардың қалалық инфрақұрылымы нашар дамыған туралы айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар өңір халқының дәстүрлі көшпелі өмір салтына елеулі әсер еткен жоқ. Алайда бұл жағдай моңғолдардың Шығыс Еуропа даласын жаулап алғаннан кейін айтарлықтай өзгереді. Моңғолдардың ежелгі дәстүрлі мәдениеті, өз негізінде көшпенді, сондай-ақ қалалар салмаған. Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғысхан қалаларды жойып отырды. Моңғолдар жаулап алғаннан кейін белсенді қала құрылысы қызметіне кірісуге не әкелді? Бұл феноменге түсініктеме тұрақты орталықтардан үлкен аумақты басқару, бір жерде орналасуы тиіс жалпымемлекеттік істермен айналысатын шенеунік аппаратын құру қажеттілігі

болып табылады. Қалаларда салықтар мен дань (жеңілген халықтан алынатын алым-салық) бойынша түсімдер жиналды, мұнда көптеген дипломатиялық миссиялар жүзеге асты, түрлі кеңсе қызметі атқарылып, мұрағаттар сақталды. Ханның көшпелі салты осы мақсаттарға сай келмеді, бұл істерді асыруға кедергі келтірді. Империяны атқа отырып құруға болады, бірақ оны ат үстінде отырып басқару мүмкін емес еді. Қалалар экономикалық орталықтарға айналды, саудагерлер мен қолөнершілер қоныстана бастады. Алтын Ордада исламның таралуымен, қалалар да діни орталықтарға айналды.

Ордада Бату кезеңінен бастап ескі қалаларды қалпына келтіру және жаңа қалаларды салу басталады. Оның бұйрығымен мемлекет астанасы-Сарай қаласының құрылысы басталды. Сарай Бату қаласының орналасқан жері туралы ғалымдар ортақ пікірде емес. Жанданған қала құрылысы Өзбек хан тұсында XIV ғасырда басталады. Алтын Орда қалаларының қалыптасу схемаларының бірі – Хан тұрақты қысқы резиденциясының айналасындағы аумақта халықты шоғырландыру, қоныстандыру болып табылады. Ол жерде шенеуніктер тұрақты өмір сүре бастайды, көпестер мен қолөнершілер қоныстанады. Дәл осылай Алтын Орданың астанасы – Сарай қаласының негізі қаланды. Кейбір елді мекендер хандардың өкімі бойынша, мысалы, өзен арқылы өтетін өткелдерді қамтамасыз ететін сауда жолдарындағы транзиттік пункттер ретінде құрылды.

Алтынорданың қалалары шығыс стилінде болды. Сондай-ақ, моңғолдар өз қалаларының құрылысын жүргізу үшін Орта Азиядан қолөнершілерді алып келінгені туралы айтылады. Ал олар өз кезегінде өздерінің қала құрылысы дәстүрлерін әкелген. Қалада мұнаралы мешіттер, медресе, кесенелер, керуен-сарайлар, моншалар салынған. Соңғы табылған мәліметтер бойынша Алтын Орда аумағында 110 қала болған, оның 40-тан астамы төменгі және орта Еділ жағалауларында орналасқан[3,72б.]. Осы қалалардың көпшілігі жаңадан салынған, олардың ішінде ең танымал Қажы-Тархан, Сарай, Гүлистан, Увек.

Қалалар құрылысы XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек және Жәнібектің хандары тұсында жанданды. Осы уақытта қазіргі бар қалалар едәуір үлкейіп, жаңа қалалар салынды. Мысалы, Алтын Орда астанасының халық саны 75 мың адамды құрады, бұл сол уақыттың өлшемі бойынша айтарлықтай ірі қаланың көрсеткіші болды[3, 74-75бб.].

Алтын Орда қалаларының гүлденуі қарқынды болғанымен, ұзаққа созылмады. Алтын Орданың белгілі зерттеушісі Г.А.Федоров-Давыдов осы мәселе бойынша былай деп жазды: «Орталық үкімет күшті болған кезеңде, қалалар гүлдене түсті. Бірақ бұл билікке талас кезінде және әлсіреген кезде, қалалар елеусіз қалды. Қалалардың саяси биліктің әлсіреуін бастан өткере алмауы – олардың бос жерде, басқа аймақтардан әкелінетін материалдар және адам ресурстарынан құрылуының, оларды қоршаған көшпенді далалармен байланысты болмауының, үкімет жасанды түрде қолдауының салдары болды. XIV ғасырда керемет өркендеуді бастан кешкен Алтын Орда қалалары XV ғасырда қаңырап бос қалды. Алтын Орда қала өркениеті қирандылар мен естеліктерден басқа ештеңені қалдырмады»[4, 211-212бб.].

Қорыта айтқанда, дала мен қалалардың тығыз одағы, қолөнер мен керуен саудасының қарқынды дамуы нәтижесінде Алтын Орданың қуатын сақтауға ұзақ уақыт ықпал еткен ерекше экономикалық әлеует пайда болды. Бұл симбиоз көшпенділер құрған мемлекетке оның өмір сүруі үшін маңызды көптеген жағдайларды қамтамасыз етті. Екі компонент бір-бірін толықтырып, өзара қолдады. Отырықшы қалалық компонент Алтын Орда үшін оның нығаюына ықпал еткен прогрессивті құбылыс болды. Далада қалалар пайда болған кезде орталық билік ерекше рөл атқарды, ол оларды дамыту үшін қаражатпен қамтамасыз етті, сыртқы сауданың өсіп-өркендеуін, үлкен аумақта ақша айналымы мәселелерін шешті.

Әдебиеттер:

1Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі// https://ww.akorda.kz/
2 *Статья «Торговля в Золотой Орде. Социально-экономический строй Джучиева улуса». 2011 г.//*http://www.kalitva.ru/2007/11/10/torgovlja-v-zolotojj-orde.-socialno.html].
3 Егоров В. Л. Александр Невский и Чингизиды // Отечественная история. - 1997. - №2.
4 Федоров-Давыдов Г.А. Монеты Московской Руси. -М.,1981.

ӘОЖ 94(574)

ШЫМКЕНТ УЕЗІНЕ ОРЫС ШАРУАЛАРЫНЫҢ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН

Үсіпбай О.Қ.-114-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі:Сыздықова Г.М –ф.ғ.к.,доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

В статье рассматривается формирование русской диаспоры на юге Казахстана и выясняются причины этого процесса и анализируется политика царского правительства.

Оңтүстік Қазақстан жерінде орыс қоныс адарушылары бұл өлкенің толық басып алынуымен және оның 1864 жылы Ресей империясының жаңа әкімшілік бірлік құрамына енуімен пайда болды. 1867 жылы Түркістан генерал – губернаторлығы құрылады, оған Сырдария облысы кіреді. Сырдария облысында 5 уез болды: Ташкент, Перовск, Қазалы, Аулие-ата және Шымкент.

Алғашқыда орыс қоныстанушылары өлкенің әскери тірек пункттерінде: Ақ мешіт, Түркістан, Шымкент сықты қалаларында орнықты. Мысалы, 1867 жылы Түркістанға бірнеше орал казактарының отбасы- 20 шақты адам келіп қоныстанған. Олар негізінен Сырдария өзені жағалауы мен Балтакөл көлі маңайына қоныстанып, аңшылықпен, балық аулаумен айналысады. Шымкентте орыстар XIX ғасырдың 60-шы жылдарының соңында пайда болады. Олар бекініс гарнизондарында, Солдат слабодкасы гарнизонында қоныстанады. 1897 жылғы санақ бойынша орыстар саны Шымкентте 833 адам болған.

Көріп отырғанымыздай алғашқыда орыс қоныс аударушылары Оңтүстік жеріне патша үкіметінің әскери - әкімшілік жүйесінің беки түсуіне байланысты келген, яғни бұл жағдай өңірге орыстардың келуін жиілеткен. Ал,

шаруалардың бірінші үлкен толқыны 1887-1889 жылдар аралығында келген болса, екінші үлкен толқыны 1891-1897 жылдары келді. Тарихшы А.Исмаилов өз еңбегінде былай деп көрсетеді: «Небывало возросло переселение в Сыр – Дарьинскую область вследствии российского голода 1891-1892гг. С осени 1891 года с юга и севера на Сыр –Дарьинскую область «надвигалась волна переселенцев, размерами шествия почти в десять раз превосходившая переселенческое движение прежних лет,» писалось в отчетах царских чиновников. В Чимкентском и Аулие –Атинском уездах появились 15 селений. ... в город Чимкент прибыло 267 семей с 1534 душ» [1,100б.]. Бұл кезеңде Сырдария облысына қарасты Шымкент уезінде алғашқы орыс қоныстары ретінде 1887 жылы қалыптасқан Высокое және Корниловка (қазіргі ОҚО, Түлкібас ауданы) елді мекендерін ерекше атап өтуге болады. Жалпы алғанда, 1887 – 1890 жылдары тек Шымкент уезінде 18 орыс селолары пайда болып, одан әрі дами түсті.

1891 жылы Шымкент уезінде пайда болған жаңа орыс қоныстарына Черная речка, Антоновка, Тамерлановo, Красноводское, Ванновское, Дорофеевка жатады. 1892 жылы Шымкент уезіне қарасты Арыс өзені маңындағы ірі орыс шаруаларының қоныстары: Каменная балка, Чубарово, Обручево, Вревское, Мамаево, Георгиевское қалыптасты. Өте аз уақыт ішінде осыншама орыс қоныстарының қаулай өсуіне жоғарыда атап өттік, Ресейдің орталық аудандарында болып өткен аштық пен жұт басты себепкер болды.

1894-1899 жылдары Шымкент уезінде Ермолово, Фоголево, Петропавловское сияқты елді мекендер құрылады. Бұл құрылып жатқан елді мекендер көлемі бастапқыда өте кіші болып, тек біршама уақыт аралығынан кейін ғана ірі орыс поселкелеріне айналды. Бұл кезеңде салыстырмалы түрде орыс қоныстарының қалыптасуы мен өсуі өлкеде өте баяу жүрді. 1889 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы облыстарда тұратын орыстар көрсеткіші төмендегідей болған:

Шығыс Қазақстан облысы - 65,9 %;
Алматы облысы - 64,8 %;
Қостанай облысы - 62,1 %;
Павлодар - 45,6 %;
Ақмола облысы - 46,2 %;
Көкшетау - 39,5 %;
Солтүстік Қазақстан облысы - 62,9 %.

Аталған облыстар ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы көрсетілмеген, бұл Оңтүстік Қазақстан облысында орыс халқының көрсеткіші төмен екендігін білдіреді. Патша үкіметінің орыстарды жаппай қоныстандыруына оның әкімшілік –қаржылық ресурсы мүмкіндік бермеді, яғни аймақтағы инфрақұрылым жүйесінің мүлде болмауы және қоныстанушыларға деген мемлекет пен үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан қамқорлықтың аздығы себеп болды. Асылбеков М.Х. өз еңбегінде былай деп көрсеткен: «Наименее

заселенной переселенцами оставалась Сырдарьинская область, где доля неказахов составляла всего 6% населения» [2, 14б.].

Шымкент уезіндегі орыс диаспорасының қалыптасуының елесі бір ірі кезеңі ретінде 1900 – 1917 жылдарды айтуға болады. Бұл жылдары өлкеде орыс ұлтының саны өсе түсті. Оған бірқатар ірі техникалық ілгерілеушіліктер ықпалын тигізді. Мәселен, Сырдария облысында уездерді байланыстыратын телеграф желісі қалыптасады, 1905 жылы Орта Азияның ірі орталығы Ташкент пен Ресейдің Орталық аудандарын жалғастырған Ташкент - Орынбор темір жол желісі салынды. 1905-1907 жылдары Россияның Орталық аудандарында кең көлемді революциялық толқудан кейінгі жағдайды тұрақтандыру мақсатында жүргізілген Столыпиннің реформасының бір бөлігінде қазақ жеріне орыс мұжықтарын көшіру мәселесі де қамтылған болатын. Столыпиннің аграрлық саясатына, яғни Ресейдің Орталық аудандарындағы орыс шаруаларын Сырдария облысына қоныстандыру мәселесіне өлкенің генерал-губернаторы дұрыс көзқараспен қарап бұл аймақтардағы әкімшілік құрылымдарда орыс азаматтары өте қажет деді. Өйткені, отаршыл әкімшілік органдарына тірек қажет болды. Әсіресе, Сырдария облысының Шымкент уезіне қоныстандыруды күшейту мәселесі алға қойылды. Екінші жағынан, тым революцияшыл болып кеткен орыс кедейлерін қияндағы қазақ жеріне көшіру арқылы Ресейдің орталық аудандарындағы саяси жағдайды тұрақтандыру үкіметтің негізгі мақсатына айналды [3, 92б.]. Революция аяқталғаннан кейін бұл өңірге патша үкіметі революциялық пиғылдағыларды жер аударта бастады. Осыдан кейін қоныс аударушылар саны мен олардың елді мекендері көбейе түсті. Мәселен, 1910 жылы шыққан «Обзор Сырдарьинской области за 1910 год» атты журналда көрсетілген мәлімет бойынша Шымкент уезінде 36 орыс елді мекені болып, онда 13,038 орыс шаруалары өмір сүрген [4,141б.]. Сырдария облысы уездерінің ішінде орыс қоныстарының көптігінен Шымкент уезі тек Ташкент уезін ғана алға жіберді.

Сөйтіп, Ресей империясының отарлық саясаты нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан жерінде көлемді орыс диаспорасы қалыптасады. Деректерге сүйенсек, XX ғасырдың басында көшпелі қазақтардың санының үстем болуына қарамастан (3,6 млн), сол кездің өзінде қазақ жерінде орыс, украин қоныс аударушыларының үлес салмағының өсу тенденциясы анық байқалды. Бекмахановаңың есептеуінше, бұл кезде қазақ даласында орыс және украиндықтар саны – 1,5 млн. адамға жетсе (барлық халықтың 28,5 % - ы), татарлар саны 93 мың адамға (1,7 %), немістер – 38,5 – 39 мың адамға (0,7 %), мордвалар саны 24,6 мың адамға (0,3 % төңірегінде) жеткен [5,172б.].

Әдебиеттер:

1 Исмаилов А.И. Страницы истории Южного Казахстана (1864-1917 гг.). – Шымкент, 2003. – 170 с.

2 Асылбеков М.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана (1897-1917).- Алма-Ата: Оркениет, 2001. – 204 с.

3 Жолдасов С. Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). - Алматы : Үш Қиян, 2009. – 416 б.

4 Переселенческое дело в Туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская). Отчет о служебной поездке в Туркестан осенью 1910 г. чиновника особых поручений при Переселенческом управлении Н. Гаврилова). Спб., 1911.
5 Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1971г.). – М., 1986. – 242с.

ӘОЖ 94(4/9)

СҰЛТАН II АБДУЛХАМИТ ПОРТРЕТІ

Жұмабек А.Е. -114-17 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі:Сыздықова Г.М –ф.ғ.к.,доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық универсиеті,Шымкент

Резюме
Эта статья рассказывает о жизненном пути Султана Абдулхамита II

Сұлтан II Абдулхамит саясатта маңызды тұлға және ислам әлемінде ерекше орынға ие болды. II Абдулхамит (22 қыркүйек 1842 жыл–10 ақпан 1918 жыл) –Осман империясының 34–сұлтаны және 99–халифы, 1876–1909 жылдар аралығында Осман мемлекетін басқарған падишаh.

Осман империясының тарихына көз жүгіртер болсақ, Сұлтан II Абдулхамитке байланысты көптеген пікірлер бар. Сұлтан II Абдулхамит әлемдік халиф атағына ие болған империяның соңғы билеушісі. Ол халифтік дәрежеге аса мән беріп халифтарды «исламның қорғаушысы» деп білді. Сұлтан II Абдулхамит Сұлтан I Әбділмәжиттің екінші ұлы болып есептелінеді. Сұлтан II Абдулхамит 21 қыркүйек 1842 жылы сәрсенбі күні таңертең сағат бесте ескі Чыраған сарайында Сұлтан I Әбділмәжит пен оның төртінші әйелі Тир–и–мюжган Қатын–эфенди отбасында дүниеге келді. Анасы Тиримюжган Қатын–эфендинің шығу тегі туралы әлі де анық деректер жоқ. Сұлтан II Абдулхамиттің қызы Айше–сұлтан өз естеліктерінде сұлтанның анасы черкештік болған деп жазады. Немесе кейбір деректер бойынша ұлты армян болуы да мүмкін. II Абдулхамит 10 жасқа толған кезінде оның өмірінде қайғы оқиға орын алды, оның анасы Тир-и-мюжган Қатын-эфенди қайтыс болады [1, 26б.]. Ол жас кезінен анасына өте жақын болған болатын. Сұлтан II Абдулхамит анасына деген сүйіспеншілігін және өмірінің соңына дейін жүрегіндегі жарқын естелігін сақтап қалды. Тіпті сұлтанның анасынан қалған кейбір алтын бұйымдарды сақтап, оларға көзінің қарашығындай қарауы да осыған бір дәлел. Жас шеһзаде анасы қайтыс болған соң әкесі Сұлтан I Әбділмәжиттің әйелдерінен бірі Пиристу-Қатын Эфендидің тәрбиесінде болды. Өйткені Пиристу-Қатын Эфенди сұлтанға перзент сыйламаған болатын. Дегенмен, Пиристу-Қатын Эфенди Сұлтан II Абдулхамитті өз туған баласындай көрді. Әкесі Сұлтан I Әбділмәжиттің өлімінен кейін таққа отырған көкесі Абдулазиз басқа да шеһзаделер сияқты Сұлтан II Абдулхамиттің де жоғары деңгейде білім алуына көп көңіл бөлді. Сұлтан II Абдулхамит жас кезінен жоғары білім алды. Кейбір бұрмалаулар нәтижесінде Сұлтан II Абдулхамиттің сауаты төмен болғандығы, тіпті жазған кезде де қатесіз жаза

алмайтындығы туралы айтылады. Бірақ та Сұлтан II Абдулхамит кезінде білім беру жүйесі жоғары деңгейде болғандығы баршамызға мәлім. Өз заманының ең ұлы ұстаздарынан білім алған сұлтанның былай сипатталуы да ойға қонымсыз. Сұлтан II Абдулхамит шеһзаде кезінде түрлі салалар бойынша ең білікті де білімді деген ұстаздарынан білім алды. Мысалы, түрік тілі мұғалімі-Омер Эфенди, парсы тілі мұғалімі-Али Махви Эфенди болды. Араб тілі және басқа да білімді Ферид Эфендиден, француз тілі сабағы бойынша Эдхем және Кемал пашалардан, Жардет деген бір француз мұғалімінен, тафсир, хадис, фикх ілімдері бойынша Гюмюшханеви Омер Хулуси Эфендиден білім алған болатын. Жас шеһзаде Абдулхамит кей кездерде жас бола тұрып күтпеген сұрақтарды сұрап ұстаздарын таң қалдыратын. Ал, батыс музыка өнерін Жуателли және Ломбарди атты итальян ұстаздарынан үйренді. Түрік тілін жоғары деңгейде меңгеріп, араб және парсы тілдерінде өте жақсы сөйлеген болатын. Шеһзаде Абдулхамит Осман империясының тарихы бойынша Лютфи Эфендиден білім алды.

Шеһзаде Абдулхамит бала кезінде ата–бабаларының ерліктері туралы естіп, ел тарихына ерекше қызығатын. Жас шеһзаде бір күні тарих мұғалімі Лютфи Эфендиден былай сұраған екен:-Лала! Біз де ата–бабаларымыз өмір сүрген ұлы күндерге қайта оралуды қалаймыз, бұл мүмкін бе?

-Сол кезде ұстаз жас шеһзадеге: Шеһзаде! Бұл мүмкін болуы үшін сол кезде ата-бабаларымызға дұрыс жол көрсетіп отырған кеңесшілер сияқты ұлы адамдар қажет. Мысалы Осман Гази кезіндегі Эдебали Хазретлері, Орхан Гази кезіндегі Алаеддин-Эсвед Хазретлері, Йылдырым Баязид кезіндегі Эмир Сұлтан Хазретлері, Мұрат II және Фатих Мехмет кезіндегі Қажы Байрам Уәлі Хазретлері болмаса ата–бабаларымыз мұндай даңққа ие болар ма еді? –деп жауап берген екен [1, 29б.].

Шеһзаде Абдулхамит II аса қызығып, жоғары деңгейде меңгерген саласы-әскери сала болды. Спорт және атқа мінуді Лала Мехмет Садық Аға және ұстаз Осман Эфендиден, қару-жарақ қолдануды және басқа да әскери білімдерді сұлтанның сенімді әскери қолбасшыларынан үйренді. Ал Мехмет Зафир Эфендиден, Румелия казаскері Халепли Эбюл-Хюда Эфендиден тасаввуф ілімдерін үйренген болатын. Тасаввуф іліміне қатты қызығушылық танытқандықтан жас шеһзадеге Эбюл-Хюда Эфенди Имамы Раббани Хазретлерінің кітабын оқытатын.

Сұлтан II Абдулхамит Осман империясының басқа иеліктеріне және Еуропа бойлап саяхаттаған болатын. Еуропа бойлап саяхат жасауына көкесі Сұлтан Абдулазиздің сіңірген еңбегі зор болды, өйткені 1867 жылы Сұлтан Абдулазиз Еуропаға жасаған саяхаты кезінде жас шеһзадені өзіне серік етіп алған болатын. Сұлтан Абдулазиз Сұлтан II Абдулхамиттің саяси ортаға үйренуін қамтамасыз ету үшін ұлы V Мұрат пен бірге жас шеһзадені де ең алғаш Мысырға ертіп алған болатын.

Он алты жасында жас Сұлтан II Абдулхамит исламтану, сондай-ақ басқа да қажетті ғылымдар бойынша жоғары білімге ие болды. Сұлтан II

Абдулхамиттің айрықша ақыл-ой қабілеттері бар, феноменальды, визуалды және жоғары дамыған бейнелі кісі ретінде есте қалғанын ескеру керек. Жасөспірім кезінде-ақ оның ерекше қасиеттері көрініп тұрды, ол сыпайылықты қайырымдылықпен, ал табандылықты батылдық және ерлікпен біріктірді [2, 696б.].

Шehзаде Абдулхамит уақытын ғибадат ету, дін және ғылым үйрену, атқа міну, қару-жарақты қалай дұрыс қолдануды, жаңа дүниелерді үйренумен өткізді. Шehзаде кезінде Ыстамбұлдағы өмірін сарай ортасынан алыста өткізуді қалайтын еді. Уақыт табуымен ел ішіне келген шет елдіктермен сұхбат құрғанды ұнататын еді. Намык Кемал, Зия паша секілді жас түріктермен пікірталас жүргізгенді, оларға өз ақылын айтып, дұрыс насихат жасағанды жақсы көретін.

Сұлтан II Абдулхамит бірнеше тілде еркін сөйлей алатын, және де поэзия мен музыканы жаны сүйетін. Әсіресе Еуропаға жасаған саяхаты кезінде, опера өнері сұлтанның көңілінен шыққан болатын. Осман империясында опера сияқты өнер туындылары түсініксіз, және ислам мәдениетіне жат дүние болатын, бірақ та Сұлтан II Абдулхамит операның ел ішінде дамуына көп күш салды. Сұлтан II Абдулхамит опера бойынша өз туындысын Ыстамбұл қаласында жазып қалдырған болатын. Ол театр мен операға қызығушылық танытып, өзіміз білетіндей Йылдыз сарайында өзінің жеке театрын салдыртқан болатын. Сұлтан отбасымен бірге түрлі жанрдағы пьесаларға баратын. Сұлтан II Абдулхамиттің ең сүйікті пьеслары олар: неміс ақыны Фредерих Шиллердің «Қарақшылар» атты пьесасы болды. Ал «Ла Травиата», «Аида», «Фауст», «Маскот» сияқты белгілі туындылар ең сүйіп тамашалайтын операларынан болды. Сұлтан II Абдулхамит туралы түрік және Батыс Еуропа, кеңес тарихшылар көптеген еңбектер жазып қалдырды. Сұлтанның физикалық қасиеттеріне келетін болсақ, Нахид Сырры Орик өзінің «Сұлтан II Абдулхамит» атты романында Сұлтан II Абдулхамитті ұзын бойлы, көк көзді, қаралау келген, сақалды адам ретінде сипаттайды. Ол өте мәдениетті сұлтан болды. Есте сақтау қабілеті өте жоғары болып, көрген нәрсесін ешқашан ұмытпайтын. Сөйлеу мәнері айқын болып, сөйлеген сөздері бір айтқанда адамға түсінікті болатын. Және де сұлтан қол астындағылармен маңызды мәселелерді талқылағанда ешкімнің сөзін бөлмей, сабырлық танытып соңына дейін тыңдайтын. Сұлтан жас кезіннен–ақ өте діндар кісі болған. Бұл туралы сұлтанның қызы Айше султан былай жазады: «Әкем тура және дәнге берік бір мұсылманнан басқа ешкім емес. Бес уақыт намазын оқып, Құраны-Кәрімді де үзбей оқитын. Мешіттерде намаз оқып, Рамазан айында Сулеймание мешітінде намаз оқығандығын, сол кездерде мешіттерде ашылған сауда орындарында болғанын бізге хикая ретінде айтып беретін. Әкем барлық кісілердің мешітке барып, Аллаға дұға еткенін қалайтын. Сарайдың арнайы әдемі бір бағында бес уақыт Азан-и Мұхаммад оқылатын. Әкем: «Дін және ғылым». «Бұл екеуін де тең дәрежеде ұстану керек» деп үнемі айтып отыратын» [2, 697б.].

Әдебиеттер:
1 Аркун К. Әділет шеберлері Сұлтан II Абдулхамит Хан.-Стамбул, 2010.-283б.
2 Бахадыроғлу Ю. Осман сұлтандарының энциклопедиясы.-Стамбул, 1996.-896б.

ӘОЖ 159.922.4+159.955+101.1:31(574)

ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ ТӨЗІМДІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ САЯСИ ФИЛОСОФИЯ АЯСЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

Сман Жібек, Құрманғазықызы Аяулым – 1704-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary

The issues of tolerance in Kazakh mentality in the field of political philosophy

Қазақ халқы менталитетінің өтпелі дәуірдегі қалыптасу тенденциясын, оның ішкі қайшылықтары мен даму ерекшеліктерін саяси-философиялық тұрғыдан талдау қоғамдық ғылым өкілдерінен батыстық-рациональдық үлгідегі қалыптасқан сыңаржақты методологиялық парадигмалардан бас тартуды талап етті. Бұл жөнінде белгілі философ Д.Кішібеков былай деп жазды: «Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны европалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» [1, 4 б.]. Демек, қазақ халқы менталитетін зерттеудің жаңа методологиялық негіздерін жасау, танымдық қағидалары мен әдістерін айқындау мәселесі саяси философияның міндетіне айналып отыр.

Қазақ менталитетінің негізгі рухани құндылықтарының бірі – төзімділік мәселесі. Оның іздерін қазақ халқының мәдениетінен, өнері мен салт-дәстүрінен, дүние түсінігі мен философиясынан, рухани болмысынан көруімізге болады. Төзімділік қазақ менталитетінің басты ерекшелігін құрайды және оның ішкі бітімін айқындайды. Төзімділік – қазақ үшін өмір сүру тәсілі, сыртқы дүниемен қатынас орнатудың ерекше бір түрі. Демек, қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесін методологиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Дінаралық келісім және сұхбаттастық – әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі ұстанымдары екендігін іс жүзінде көрсетіп отырған қазақ елінің ұлттық құндылықтарында төзімділік және бауырмашылдық айрықша орын алады. Қазақстан қазіргі кезде бейбітшілік пен төзімділік, өркениеттер мен діндер үнқатысуына жол ашқан және жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұстанымдарды қастерлеуге шақыратын әлемдік қауымдастықтағы беделді ел болып отыр. Сондықтан, төзімділік мәселесін ұлттық болмыс аясында зерделеу мақсатында, оны саяси-философиялық мәселе ретінде баяндау үшін мақала тақырыбына арқау етіп алып отырмыз.

Қазіргі қоғамдық өмірдегі әлеуметтік қатынастар жүйесі мен адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде төзімділіктің рухани құндылық ретінде әлі дұрыс мойындалмай отырғаны көпшілікке мәлім. Мысалы, рационалдық ойлау тұрғысынан менталдық төзімділік ғылыми мәселе емес деген пікірлер де айтылуда. Мысалы, Батыстық үлгіде қалыптасқан ойлау үлгілері, бүгінде сынға

айналып, даналыққа қайта оралған философия қалыптасуда. Даналық – философияның өткен шағы емес, болашағы. Философиялық санада қазір философияның болашағын адамға, қоғамға ықпалын ғылыммен емес, даналықпен ұштастыру орын алып келеді. Мұндай ойдың біз үшін маңыздылығы мынада деп білеміз: қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесі негізінде даналық және түсінік сынды қағидалардың жатқаны төзімділіктің тұтастыққа негізделгенін, сана мен ойдың, сезім мен еріктің, ақыл мен парасаттың бірлігінен туындайтынын төзімділіктің не деген сұрақтан бұрын кім оны жүзеге асырады деген сұраққа жақындығын байқатады. Қоғамдағы қалыптасқан пікір бойынша, төзімділік күш көрсетпеу, әр текті ойлар мен мәдениеттер арасында өркениеттік қатынастар орнату, ықтималды, мәмілегерлік тұрғысынан шешу болып табылады. Төзімділік қағидасы адам құқықтарымен тығыз байланысты. Осыған қоса, бұл қағида ынтымақтастық қағидасымен, пікір білдіру еркіндігімен, халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ережелерімен тікелей байланысты. Төзімділік қағидасы қызметінің негізгі аясы – ұлтаралық қатынастар саласы. Тап осы аяда төзімділік қағидасының бұзылуы жиі орын алып отырады. Төзімділік қағидасының дінмен де тығыз байланысы бар, өйткені, барлық конфессиялар өз жақтауларын бейбітшілік пен келісімділікті, басқа адамдардың мазасын бұзбай өмір сүруге, кешірімді болуға шақырады. Дінаралық төзімділікті дамыту Қазақстан үшін саяси мәселе және ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың басыңқы бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан келгенде, дінаралық төзімділік өзара жауапкершілік пен сыйластыққа, әділеттілікке негізделуі тиіс. Қазақстанда мемлекет органдарының дін ісіне араласпауы, ар-ұжданды жеке бастың ісі деп бейтараптық тұрғыдан қарауы дінаралық төзімділікті қалыптастыратын бірден-бір кепіл болмақшы [2, 81 б.]. Қысқаша айтқанда, төзімділік қағидасының көрінер саласы жеткілікті. Ол саясатта, экономика мен шаруашылықта, мәдениет пен тілде, дін мен философияда, қоғамның т.б. салаларында орын алған. Олай болса, төзімділік – әртүрлі қатынастар мен құндылықтар әлемінің бейбіт түрде өмір сүруі. Ол – қоғамдық дамудың прогрессивтік кепілі. Дегенмен, Қазақстан жағдайында төзімділіктің көзі, қайнар бұлақтары қайда деген сауал туындайды. Қазақтың дүниетанымы мен философиясы төзімділік идеясына толы. Мұндай менталдық құбылыс астарында Шығыс пен Батыс, үнді-иран, қытай, араб, Византия, түрік, моңғол, славян өркениетінің, отырықшылық пен көшпеліліктің, мал және егін шаруашылықтарының даму әсері жатқаны тарихтан белгілі. Осындай тарихи-мәдени ықпал арқасында қазақтың рухани болмысында төзімділік стереотиптері қалыптасты. Олар: «адам мен табиғат», «адам мен қоғам», «адам мен адам» қатынастар жүйесінде өз көріністерін тапқан. Қазақтың менталдық болмысындағы ұжымдық, қауымдық, рулық сана да төзімділік қағидаларын қалыптастырды. Қазақтың «у ішсең руыңмен», «көппен көрген ұлы той» деп мақалдау негізінде де осы төзімділік феномені жатыр. Қазақ қашанда әр нәрсенің байыбына баруды жөн деп санаған. Асығыстық пен ағаттықты «шайтанның ісі» деп білген. Қандай істің болса да артын бағып, сабырлық

танытуды даналықтың белгісі деп танығаң. «Сабыр түбі – сары алтын» деп ой түйген. Ол қашанда зорлық-зомбылыққа қарсы тұрып, қандай да болмасын мәселені мәмілелік тұрғысынан шешуге ұмтылған. Көшпелілердің табиғатқа бейімділігі, шаруашылығы мен еңбек жүйесін соған сәйкес құра білуі, табиғатқа қарсы тұрмауы, үстемдікке ұмтылмауы қазақ менталитетіндегі төзімділік феноменінің орнын көрсетеді.

Қоғамдағы әлеуметтік құрылымдардың түбегейлі өзгеруі, дәстүрлі құндылықтар жүйесінің бұзылуы, ақпараттық технологияның қарыштап дамуы, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың интернационализациялануы, Батыстық үлгідегі құндылықтардың шамадан тыс уағыздалуы, қазақ халқының менталитетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан төзімділік қағидасын қайта қарауға мәжбүр етуде. Қазақ менталитетіндегі төзімділік тек күш көрсетпеумен, немесе кешірімшіл болумен, көнбістік танытумен шектелмеуі қажет. Біздіңше, төзімділік әділеттілік пен теңдіктің, өзара тиімді келісім мен ынтымақтастықтың, білім мен даналықтың, ақыл мен парасаттың бірлігіне, тұтастығына негізделуі тиіс. Ал, бұл дегеніңіз, төзімділікке деген жаңа көзқарас пен дүниетанымды, ұлттық ойлаудың жаңа үлгілерін дамытуды, бұрынғы қалыптасқан философиялық стереотиптерден бас тартуды қажет етеді. Мұндай тұтастыққа негізделген ойлау үлгілері батыстың ұстанып отырған ғылыми рационализмінен мүлдем басқа және оған қарама-қарсы. Тұтастыққа негізделген дүниеге көзқарастың озық үлгілерін қазақтың рухани болмысынан, дүние түсінігінен көруге болады. Ондағы космос пен адамның, аспан мен жердің, материалдық пен руханилықтың, ақыл мен жүректің тұтастығы мен бірлігі, бүгінгі қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесін дұрыс түсінуге бағыт берер методологиялық құрал бола алады. Сондай методологиялық құралды дамытар философия қазақ философиясы болуы тиіс. Ол үшін қазақ философиясын маркстік ойлау стереотиптерінен тазартып қана қоймай, оны қазіргі өркениет талаптарына сай бейімдеудің маңызы зор. Сондықтан, қазақтың рухани дүниесіндегі тұтастық пен бірлік идеясының пайда болу негізінде сыртқы және ішкі әлеуметтік-мәдени факторлардың әсері мол. Ғасырлар бойы өз ықпалын тигізіп келген үш әлемдік мәдениет – батыстық (еуропалық және орыс мәдениеті), шығыстық (буддизм, ислам) және түріктік-қазақ менталитетінде өзіндік сипатқа ие болып отырған. Сыртқы ықпалдар қаншалықты күшті болса да, қазақ өзінің төл мәдениеті мен менталдық болмыс ерекшелігін сақтап отырған. Көшпелілік өркениет қалыптастырған оның рухани болмысындағы ашық жарқындығы мен бөтенді жатсынбауы негізінде төзімділік қасиеті дамып отырған. Демек, қазақ менталитетіндегі төзімділік онтологиялық сипатқа ие болған. Бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлтаралық татулық пен өзара сыйластықтың менталдық негізі де осында. Қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесін саяси-философиялық зерттеудің нысанасына айналдырудың маңызы зор. Өйткені, қазақ менталитетіндегі төзімділік мәселесін зерттеу жаңа философиялық методологияны, жаңа тұғырға негізделген дүниетанымдық қағидаларды талап етеді. Діни төзімділік қағидаты

мен практикасы іс жүзінде және бұқаралық санада құқықтық деңгейде бекітіледі.

Әдебиеттер:

1. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. -Алматы, 2018.

2. Молдабеков Ж.Ж. Национальная идея: казахстанская модель // Қазіргі өркениет және ұлттық мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін арттыру мәселелері. -Алматы, 2015.

ӘОЖ 159.91+148.16(574)

МАРСИЛИО ФИЧИНО МЕН ФРАНЧЕСКО ПАТРИЦИ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ БЕЙБОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ

Кошкарова Озада, Намуратова Сетара – 1704-19 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Это статья освещает проблему бытия в произведениях Марсилио Фичино и Франческо Патрици.

Бүгінгі таңдағы әлемді алаңдатқан ғаламдық мәселелер және қоғам мен адамзаттың даму перспективасы дүниенің шынайы мәніне тереңірек үңілуді қажет етеді. Яғни, болмыс мәселесінің сан түрлі танылмаған қырларын қайта таразылау онтологиялық түпкі мәнді айғақтау интенциясына тоғысады. Сондықтан, болмыстың эпистемологиялық перспективасы – болмыстан тыс парадигмаларда қарастырылатын Бейболмыс туралы толғанысқа алып келеді. Оның философия тарихындағы әрбір ұлттар мен ұлыстарға қатысты даму эволюциясын зерделеу ретроспекциясы онтоперспективаның алғышарты ретінде маңызды болып табылады. Бейболмыс философиясы – архаикалық мифтік дәуірден-ақ дүниеге көзқарастың ерекше тәсілі ретінде танымал, әлемдік философиялық ойдың тұтас рухани кеңістіктігінің жазықтығының өн бойынан табылатын метаонтологиялық ойлау парадигмасы. Қазіргі заманғы онтологиялық проблемалармен қатар жаратылыстану ғылымдарының да негізгі объектісі болып отырған Бейболмыс мәселесін тарихи-философиялық түрде сараптау таным тенденциясының негізгі көздерін ашады. Бейболмыс мәселесімен шұғылданушы ойшыл Н.М.Солодухо: «Бытие или небытие, с чего берет свое начало мир? Этот вопрос должен быть признан исходным философским вопросом» [1, 7-10 бб.]. Дегенмен, оның күрделі туынды болып табылатын қайшылықты қыры өзіне-өзінің қайта оралатын бағдары бойынша құрылады. «Сложность осмысления «небытия», отмеченная в свое время еще Парменидом, заключается в следующем: в общем смысле, небытие – это отсутствие, однако описание отсутствия должно опираться на какие-то признаки, а наличие признаков, в свою очередь, обуславливает наличие субъекта описания. Таким образом, возникает парадокс наличия отсутствия» [2, 99 б.]. Осындай Бейболмыстың мазмұнының болмайтындығы мен формасының, яғни, айтылуы, сипатталуының бар екендігі, сөйтіп мән мен құбылыстың қайшылыққа келетіндігін А.Н.Чанышев: «Небытие небытия есть бытие» – деп көрсетеді немесе жаңа логикалық құрылыммен қысқаша

дәйектейді: «А есть, потому что А нет» [3, 161 б.]. Ештеңе түрінде дәйектеліп жүрген Бейболмыс таза өмір сүрмейтіндік түрінде бағамдалатындығын осындай тұжырымдар арқылы түйсінеміз.

Көрнекті ойшыл ***Марсилио Фичино*** (1433-1499) Флоренция университетінен философия мен медициналық білім алған. «Жалпыға ортақ діннің» мазмұны мен мағынасын түсіндіруге ұмтылып, неоплатоншылдық бағытты ұстанды. Оның түсінігінде әлем бес деңгейдегі құрылымнан тұрады: Құдай, періште, жан, сапа, материя. «Құдай мен Періште жоғарғы метафизикалық ұғымдар. Олар бөлінбейтін, өлмейтін, материалдық емес, шексіз. Сапа мен материя – төменгі ұғымдар, материалдық әлеммен байланысты...» [4, 210-230 бб.]. Болмыстың қабаттарға бөліну іліміне сәйкес құрылған Құдай мен Періште және сапа мен материяны байланыстыратын ***жан*** – орталық түсінік ретінде тұжырымдалып, өзінің дәнекерлік қызметін атқаратын болса, осы құрылымға сәйкес, аналогиялық түрде біз, осыған Бейболмысты орналастыруға болатын мүмкіндігін таңдап алуымыз қажет. Дегенмен, Бейболмыс болмыстық парадигмалардан тыс болғанмен, оның өзіндік орнын да анықтау моделін қарастыруға болады. Бейболмыстың осы тұтас құрылымның өн бойында және жоғарғы-төменгі шегінде орналасу реті оның шынайы жүйесімен тұтастанады. Себебі, болмыстан бұрынғы Бейболмыс пен креационизмдегі Ештеңе болмыстық қабаттар иерархиясының ең жоғарғы шегінен орын алуына бағытталса, болмыстың ішінде үнемі сақталатын Бейболмыстық негіздер оның өн бойынан табылатын ұстанымды ниеттейді, ал, төменгі жағында орналасу реті оның болмыстан кейін де (болмыс жойылған сәтте де), сақталатындығына байланысты тұжырымдалады. Сондықтан, мұндай модель болмыстың қабаттары туралы М.Фичиноның концепциясының тұтастығы мен бүтіндігін дамыта түседі және перспективтік түрде жүйелі иерархия құрастыру үшін қажетті құрылым бола отырып, Болмыс пен Бейболмыстың арақатынасын нығайтады, Бейболмыстың практикалық мәнділігін арттыру үшін де қажетті мәнге айналады. Біздіңше, бұл нұсқамен қатар Бейболмыстың абсолютті тәуелсіздігіне байланысты екінші нұсқаны да ұсынуымызға болады. Бұл, шындығында, нұсқа болып та табылмайды, себебі, Бейболмыс осы құрылымға мүлде қатыспайды, одан тыс «орналасады». Бұл бір жағынан, оның үстемдігі мен тәуелсіз дербестігін сипаттаса, екіншіден, оны шынайы мәнін ұғынуға жақындата түседі. Ойшылдың дүниетанымы әрі қарай жан хақындағы ойтолғамға қарай ойысып, оның алғашқылығын негіздеуге бағытталады: «Поскольку душа касается материи, она пользуется природой как орудием, которым соединяет материю, движет и образует, отчего происходят рождения, возрастания и им противоположные вещи. Итак, вы видите, что она от Единого, каковое над вечностью ниспадает к вечной множественности, от вечности ко времени, от времени к пространству и материи. Ниспадает, говорю, когда она удаляется от той чистоты, в которой рождена, обнимая тело сверх меры» [4, 230 б.]. Бәрінен жоғары тұратын үстем жан туралы осы концепция бойынша ол үстем Бейболмыспен қатар қойылады. Демек, жанның

анықтаушылығы мен алғашқылығы, бәрінен асқақтығы осы жазықтық бойынша Бейболмыспен салыстыруға мүмкіндік ашады. Жан мен Бейболмыс біртұтас емес, екеуі екі өлшемде қарастырылады, шындығында, жан Бейболмыс емес. Себебі, жан мен Бейболмысты салыстыратын философиялық парадигмалар жоқ. Осы тұстағы материалистік позиция арқылы жанды жоққа шығару призмасынан қарастырсақ, егер, жан реалды емес және өмір сүрмейтін болса, онда ол – жоқ, демек, Бейболмыста «бар». Сондықтан, жанның абстрактылы айқындалмаған мистикалық сипаты оның Бейболмыстық қырын күшейтеді. Демек, М.Фичиноның ойтолғамдарының Бейболмыстық дүниетанымды аша түсуге септігін тигізетін мынадай тұстарын атап өтуге болады: **а)** Болмыстың иерархиялық қабаттарын құрастыруда Бейболмысты да оған орналастыруға болатын моделін алуымызға болатындығын ұсынды; **ә)** Жанның да Бейболмыстық тұрғыдан салыстырып қарауға болатындай бағдарларын көрсетті; **б)** Алғашқы, бастаушы, түпнегіздік құрылым тек Бейболмыстық қана емес, жан болуы да мүмкін екендігі жөніндегі ой ниетін ұстануға болатын парадигманы нұсқайды және т.б.

Патрици Франческо (1529-1597) италяндық гуманист және философ. «Универсумның жаңа философиясы» деп аталатын шығармасында әлемнің қалыптасқан шексіздігі, жанның органикалық бірлігі, иерархиялық тұтастығы туралы ілімді дамытты. Осы органикалық тұтастықтың байланысы мен барлық заттардың «туысқандығы» – Құдайлық тұтастықпен сәулеленетін жарық деп түсіндірді, әлемнің бастауы мәселесіне ойысып: «Прежде первого – ничто, После первого – все, От начало – все, От единого – все, От блага – все, От триединого бога – все. Бог, благо, единое, начало, первое – тождественны» [5, 45 б.]. Яғни, Ештеңе ең әуелгі, алғашқыға қозғаушы, алғашқыдан да бұрын, ең түпкілікті «субстанцияны» білдіреді. Ол Құдайдан, алғашқыдан (дүние), бастаудан, бәрінен де бұрын, ең алғашқыдан да бұрын, басталудан бұрынғы – алғы мән (предмән). Эволюциялық эманация жолы – «Ештеңе-Алғашқы-Бастау-Бірлік-Игілік-Құдай» болып құрыла отырып, болмыстық әлемге дейінгі мән болып табылған. Ештеңе мен Құдай аралығындағы буындар абстрактылы және адекватты түрде құрылған синкретизмдік бірлікті білдіреді. Олардың құрылымдық-функционалдық мәні де біртұтас, олай болса, философия тарихындағы алғы мәндерді жинақтаудан туған синтезделген болмысқа дейінгі сәттер белгілі-бір жазықтықта Ештеңенің туындылары болып табылады. Мәселен, алғашқы мен бастау – таза трансцендентальды концептуализмдер. Олар белгілі-бір процестің сатыларынан гөрі Ештеңе туындысына ұқсайды. Ф.Патрицидің бұл эманациялық өрлеу жолындағы Ештеңенің түпалғашқылық статусы өз мәнін өзі танитын Ештеңенің логикасын ашатын конструкция. Осыған сәйкес, аналогиялық түрде ашылған олардың құрылымының Ештеңеге қатынасы мен теңестіру моделі де тұтас әлемдік процеске дейінгі алғыпроцесті білдіретін конструкция болып табылады. Демек, Марсилио Фичино мен Франческо Патрицидің Бейболмыс мәселелерін зерделеген тұстарын былайша көрсетуімізге болады: ***М.Фичино***: Болмыстың иерхиялық қабаттарындағы жан

арқылы оған Бейболмысты орналастыру моделі мен оның әлемге қатынасы; ***Ф.Патрици***: Бейболмыстың жаратылу мен эволюциядағы Ештеңелік сипатының ашылуы және оның түпбастапқы буын екендігінің дәйектелуі.

Әдебиеттер:

1. Солодухо Н.М. Философия небытия. -Казань, 2002.
2. Википедия, свободная энциклопедия. -Москва, 2019.
3. Чанышев А.Н. Трактат о небытии // Вопросы философии. -Москва, 2001. № 10.
4. «Коментарии на «Пир» Платона, о любви» // Эстетика Ренессанса: В 2 т. -Москва, 2018.
5. Антология мировой философий. 2 глава, 3 часть. -Москва, 2016.

ОӘЖ 796.01:159.923.2

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ НЫҒАЙТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Султамуратова Гулнур, Досат Ұлбосын – 1701-29 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Resume

The given article touches upon the problem of national self-study formation. The authors consider that one of the motivations creating national self – study is learning the history of spiritual culture, in particular, creative activity of akyn-zhyraus.

Әр адам өзін нақты бір ұлттың өкілімін деп санайды. Ұлттық идентификациялану азаматтың жеке басының ісі, ол негізінен шыққан тегіне байланысты айқындалады. Аралас некеден туған адам заң бойынша әкесінің, не анасының ұлтын таңдаймын десе де өз еркі. Барлық халықтарда, әсіресе, қазақта ұлтын әкесі бойынша анықтайды, тек кейбір халықта, мысалы, еврейлерде ұлттық болмысы шешесінен танылады. Бірақ, ғылыми деректер бойынша адамның негізгі тектік қасиеттері еркекте ғана болатын Y-хромосомасы арқылы беріледі. Соған қарамай, өте сирек болса да түрлі себептермен әкесіне де, шешесіне қатысы жоқ бір ұлтты таңдау да кездеседі. Заңда бұған шектеу жоқ, ұлтын жариялауға да ерік беріледі. Тіпті жеке бір ұлттың емес, жалпы адамзаттың өкілімін дейтіндер де бар. Алайда, тарихта белгілі, бүкіл адамзатқа ортақ, атақты тұлғалардың ешқайсысы да өз ұлтын тәрк етпеген. Жаһандану мен интеграция процестері тереңдеп, әртүрлі мәдениеттер мен рухани қозғалыстар бір-бірімен бетпе-бет ұшырасқан XXI ғасырды біреулер ғылым, ғарыш, технология ғасыры десе, енді біреулер интернет, ақпарат дәуірі деп жүр. Негізінде, бұл ой түйіндерінің барлығы дұрыс екендігіне қосыла отырып, бұл тарихи уақытты азаттықтың, тәуелсіздіктің көгеріп, жаңа сападағы жан біту дәуірі деп атау дұрыс шығар деп ойлаймыз. Азат, тәуелсіз, еркін сана тарихи дәстүрге, ұлттық және рухани құндылықтарға сүйенеді. Еркіндік деген айбатты күш мықты рухтан, тиянақты, біртұтас сенімнен, қуатты ішкі жандүниеден сыртқа атылатын бірден-бір болмыстық қасиет. Еркіндік пен азаттық қазақ болмысының түп-төркіні, күре тамыры. Ұшы-қиыры жоқ иен далада, шақырайған күн астында, аңыраған жел өтінде

өзімен-өзі табиғатпен біте қайнасып тіршілік еткен өзін әр уақытта еркін сезінген.

Қазіргі кездегі Елбасымыздың ұстанып отырған саяси плюрализм, көп векторлы қарым-қатынас, ашықтық көшпелі қазақ рухының заңды жалғасы. Бұл орынды, болашаққа ұмтылған саясат. Ақырындап, асықпай осы дұрыс саясат аясында дами беруге тиіспіз. Дегенмен, қазіргі заманның шындығы ұлттық және рухани құндылықтарға мән бермейтін бірде бір ұлт білім-ғылым және технологияда қаншама жетістіктерге жетсе де, жақсы өмір сүруі, береке мен тыныштыққа қол жеткізуі мүмкін еместігін айқын көрсетіп отыр. XXI ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүріп жатқан біздер үшін білім және ғылым саласындағы зерттеулермен қатар, келешек ұрпаққа ұлттық және рухани ата-бабалардан қалған құндылықтарды ерекше сақтап, жоғалтпай, түгелімен қалдыру жауапкершілігі бар. Сонымен қатар, олардан қисынды туындап отыратын тәлім-тәрбие мен үлгі-өнегені айшықтау, айқындау міндетін де орындау қажет. Соңғы жылдардағы дамуымызды сараптан өткізсек, Қазақстанда рухани серпіліс, жаңару, ұлттық құндылықтарды жаңғырту үрдісі анық көрінеді. Кез келген ойшыл азамат өзінің түп төркініне, негізіне үңіліп, қайдан шықтым, қайда барам деген сұрақтарға мән беруде. Болмысымыздың тарихи, рухани, әдеби түп негіздерін саралай бастасақ, Орталық Азиядағы барлық ұлттар тығыз байланыстамыз, рухани бірлігіміз, тіпті ортақ тарихымыз бірден көзге түседі. Қазақстанның рухани дамуында тұрақтылық пен ұдайы ілгерілеу болуы үшін дұрыс таңдау жасау қажет. Өйткені, саяси плюрализм мен көпвекторлы саясаттан, экономикалық табыстардан рухани өрлеу тікелей туындамайды. Рухани дамудың өз заңдылықтары бар. Одан ешқашан бас тарта алмаймыз.

Қазақстанның қазіргі рухани өмірінде Батыс өркениетінің ықпалы өте күшті. Оның радио, теледидар, бұқаралық ақпарат көздері арқылы, интернет жүйесімен насихатталып жатқанына қарамастан, арнайы көптеген шаралар ұйымдастыруға үйірміз (кинофестиваль медиафорум және т.т.). Ол шаралардың көпшілігі – Батыс елдерінің азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Қазақ халқы өзінің қым-қиғаш оқиғаға толы, күңгейі мен көлеңкесі мол, қиын да қиямет тағдырының көптеген маңызды белестерінен өзінің қайсарлық қасиеттерімен өткен. Сөйтіп, ұлан-ғайыр, несібелі далаға ие болған. Осы уақытқа дейін қазақтың кең даласына, сулы, нұрлы ойраттарына көз салмаған, көңіл аудармағандар кемде кем шығар. Сондықтан, қазіргі уақытта осы жерді, елді жан-тәнімен сүйетін, ұлттық қасиет пен мақтаныш бойына дарыған текті, білімді, тәкәппар қазақ азаматын тәрбиелеуіміз қажет. Оның бір жолы – тарихи інжу-маржандарымызбен, халықтың төл қасиеттері бүкіл бітім-болмысында мүлгіген біртуар азаматтарымыздың өмірлік ұлағаттарын насихаттап, оларды қазіргі жастардың рухани дүниесіне жақындату. Осы тұрғыда баяндасақ, мысалы, Бауыржан Момышұлы өзінің тұлғалық қалыптасуына Қиыр Шығыстағы әскери қызметі үлкен рөл атқарғандығын ерекше ілтипатпен еске ала отырып, «шешеңді де туған күннен бастап емес, есейіп, ержеткеннен кейін ғана жақсы көресің ғой. Отан да сол сияқты. Оның да қадірін өз үйіңнен ұзап шыққанда ғана білесің. Оның ұғымын да сонда танисың. Әскери қызметті алыста

өтеген азамат Отан деген туған үй, тұрған қалаң ғана емес екенін жан-тәнімен, бүкіл тіршілік болмысымен түсінеді. Ал, ауылынан ұзап шықпаған жастың Отан туралы ұғымы теория тұрғысында ғана болады. Алыста жүріп, жүрегін сағыныш кернемесе, ол өз ауылының да қадірін білмейді» [1, 106 б.] – деген еді. Оның осы пікірінде екі маңызды фактор, яғни, туған ауылыңнан кеңістікте алыстау және сағыныш сезімі атап көрсетілген. Өзіне үйреншікті ортадан алыста жүріп, есіне ауылы түскен сайын оның әрбір белгісі көз алдына келіп, сондағы мамыражай тыныш өмірі сана-сезімде сайрап жатады. Сана елегінен өткен үйреншікті өмір бейнелері адамды дүр сілкіндіріп, жүрек түкпірінде бүгіп жатқан небір тәтті қиял мен сезім иірімдерін қайта-қайта көз алдына келтіріп, қайтадан түлегендей боласың. Мұндай көңіл-күйге түсу сарынын ақын-жыраулар шығармашылығынан да көруге болады. Ақын-жыраулардың еңбектері біздің санамызда осындай күй кешуге мәжбүр етеді. Өйткені, біз көп уақыттан бері олардан тым алыста, жырақта өмір сүрдік. Олар тіршілік еткен уақыт пен кеңістіктен алыстаған сайын ақын- жырауларға біз рухани жақындай түсеміз. Өйткені, олар ұлттық мақтаныш, ұлтжандылық, патриоттық сананың имманентті атрибуттарын өз болмыстарында дамытты, осы үш қасиетті ұғымның қайталанбас, өзіндік сипаттағы, ұмытылмас белгілерін өз шығармаларында жырға қосты. «Ұлттық мақтаныш – ұлт азаматының мызғымас заңы, қажетті ісі. Кім де кім өз ұлтын құрметтеп, оны мақтаныш етпесе, ол барып тұрған азғын» [2, 48 б.] – деп жазды Бауыржан Момышұлы. «Өз ауылының тасын сыйламаған адам, өзге ауылды жақсы көрмейді, өзге ұлттарды да ұнатпайды» [2, 51 б.] – деген. Ұлттық мақтаныш пен ұлтжандылық, патриоттық сезім ұлттық сананың негізін құрайды. Ал, оның құрамына туған жерді, елді сыйлау, құрметтеу, ардақтау сезімдері кіреді. Мысалы, Қазтуған: «Алаң да алаң, алаң жұрт, Оқалы ордан қонған жұрт» және «Тоғай, тоғай, тоғай су, Тоғай қондым, өкінбен». Достамбет: «Қоғалы көлдер, қом сулар». Шалкиіз: «Ағынды сулар, аймақ көл» және «Асқар, асқар, асқар тау» [3, 74 б.]. Асқар тау, тоғай, ағынды сулар, көлдер, шағырмақ бұлтты көк астан, көздің жауын алатын гүлдер, ну орман – міне, ақын-жырауларды шабыттандырған, қызықтарған олардың нәзік, сезімтал жүректерін лүпілдеткен табиғаттың ажырамас атрибуттары. Мысалы, «Алаң да алаң, алаң жұрт. Қоғалы көлдер, қам сулар» деген сөз тіркестері ешкімді бейжай қалдырмайды. Қазақ қазақ болғалы еш уақыттада оның ұлттық санасы өшкен жоқ. Әрбір тарихи кезеңде ұлттық сананың деңгейі, оның қоғамға ықпалы әртүрлі болды. Ұлттық сананы қалыптастыруда әуел баста билер институты шешуші рөл атқарды. Қазақ хандығы кезінде билер қазіргі замандағы парламентпен тақылеттес еді. Хандық биліктің жойылуына байланысты бұл институтта жойылып, халықтың басына қара түнек орнаған заманда Абай жанған шырақтай болса да ұлт санасына сәулесін түсірді. Бүгінгі күні халқымыздың алдында тұрған үлкен тарихи философиялық жауапкершілік – мемлекетіміздің, оның билік жүйесінің ұлттық мүдденің берік қорғаны болуын қамтамасыз ету. Басқа ұлт өкілдерін маңымызға топтастыруға ұйытқы болу үшін өзінің ұлттық санасын, саяси әлеуетін, экономикалық

белсенділігін арттырып, тілі мен мәдениетін қоғамдық өмірдің негізгі факторы дәрежесіне көтеруі керек.

Әдебиеттер:

1. Тәжібаев Р. Батыс пен Шығыс өркениеті ортасында – Қазақстан. -Алматы, 2010.

2. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. -Алматы, 2003.

3. Арынғазиева Б.Б. Хандық дәуіріндегі ақын-жыраулар философиясындағы кісілік құндылықтары жүйесі. -Алматы, 2005.

ОӘЖ 796.01:159(009)

ИБН РУШД ПЕН ӘЛ-ҒАЗАЛИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛУЫ

Асылханқызы Жанерке, Еркебай Айнұр – 1701-29 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье затрагивается вопрос о сотворений мира в философии ибн-Рушда и Аль-Газали.

Негізінен, Ислам мәдениеті ортасында және мұсылман елдеріндегі философтар тарапынан қалыптастырылған, негізгі туындылары VIII-XII ғғ. дүниеге келген терең философиялық ойлар жүйесін «Ислам философиясы» деп атаймыз. Ислам философиясы тіркесіндегі «Ислам» сөзі діннен гөрі философтың мәдени ортасын түсіндіру мақсатымен қолданылады. Өйткені, Ислам философиялық жүйенің емес, діннің аты. Мұсылман елдерінде XIX ғ. дейін философияның орнына көбінесе «хикмет» (даналық) және грекшеден енген «фәлсәфә» сөздері қолданылған. XIX ғ. бастап, Еуропалық шығыстанушылар «Ислам философиясы» терминін ғылыми айналымға енгізген. Алайда, кейбір зерттеушілер бұдан басқа «Араб философиясы», «Мұсылман философиясы» және «Исламдағы философия» атауларын қолдануда. Ислам философиясы туындыларының басым көпшілігі араб тілінде жазылғандығына қарап, мұны араб философиясы деп атау дұрыс болмайды. Өйткені, әл-Фараби (870-950), әл-Бируни (973-1048), ибн Сина (980-1037), Жалаладдин әл-Руми (1207-1273) қатарлы көптеген хакімдер мен ойшылдар араб емес. Осындай түсініктер төңірегінде ислам философиясы грек ойшылдарының философиялық тұжырымдарын басшылыққа алды.

VIII ғ. ислам ақидасын философиялық тұрғыдан қарастыру қолға алына бастады. Мұсылман философтары Аллаһтың бар екендігі, бірлігі, сипаттары, уахи, пайғамбарлардың ерекшеліктері, ақыреттің болуы сияқты ислам ақидасына байланысты тақырыптарды көбірек зерттеп, ақидаға қатысты мәселелерді ақылға жүгіне отырып дәлелдеуге тырысты. Философиялық еңбектер, әсіресе, Аббасидтердің билігі кезеңінде (750-1258) Халифа Мәмунның (813-833) әмірімен грек тілінен араб тіліне көбірек аудартылады. Бұл туралы академик Ғ.Есім «... тарих сахнасына грек өркениетін арқалап, мұсылман өркениеті келді. Мұсылман философиясының өкілдері әл-Кинди, әл-

Фараби, ибн Сина, ибн Баддж, әл-Туфейл, ибн Рушд Аристотель философиясын араб тіліне аударып, оған терең герменевтикалық талдау жасады. Бұл ғалымдар Аристотельді мұсылмандық негізде түсінген әрі түсіндірген. Сондықтан, оларды шығыс перипатиктері дейді» [2, 40 б.].

Ислам философиясының күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі Аллаһтың барлығының дәлелі, Оның сипаты, әлемнің болмысы, ол жаратылған ба, әлде мәңгілік бар ма, адам мәселесі, адам жаны, оның болмысы, мәңгілігі мен бір тәннен екіншісіне берілуі төңірегінде болды. Мұсылман философтары бұл мәселелердің шешуін табуға белсене кірісіп, кейбіреулер грек философиясының тереңіне сүңгіп, оның әсерінен шыға алмай қалды. Олардың ішінен философияны қорғауға ұмтылып, философияның мәселелерімен айналысуға бел шеше кіріскендердің бірі – ***ибн Рушд*** болды. Дүниенің бастауы, жаратылуы туралы мәселе сонау Аристотель заманынан бері жалғасып келе жатқан проблема. Ибн Рушдтың әлемнің жаратылысы туралы көзқарасы Аристотель ілімімен сусындаған ойшыл әл-Фарабидің тұжырымымен үндесіп жатыр. Ибн Рушд та Фараби сияқты Хақ Тағала, әлем жаратылысы және дін мәселелерінде Құдай деген идеяны жоққа шығармаған. Ол Аристотель ілімі негізінде әлемнің алғашқы себебін мойындайды, алғашқы себеп – ол Құдай. Ибн Рушд дүниенің материалдылығын да мойындап, оның заңдылықтарын (Жаратушыдан тыс) зерттеуді ғылымның міндеті деп есептеген. Ол Аристотель сияқты материя мен формаға ден қояды. Ол фәлсафа мен дін туралы көптеген терең ойлар айтып, басты мәселе – дүниенің мәңгілігі, оның пайда болуы туралы үш түрлі тәсілдерді қолдана отырып, дәлелдер келтіреді: **а)** Аристотель, әл-Фарабидің қолданған «алғашқы түрткі», «алғашқы себеп» туралы концепцияны қолданды; **ә)** Құранды аллегориялық түсіндірудегі дәлелдер; **б)** әл-Ғазали, әл-Ашари сияқты дінтанушы ғұламалардың пікірлеріне қарсы дәлелдер келтіру арқылы пікір айтады [1, 81 б.]. Ибн Рушд (595 хижра, 1198) өзінің мақаласында «...бұрынғылардың ұстанған жолдары, мақсаттары шариғатқа сай болса, кітаптарын басшылыққа алу – шариғи міндет (бұрынғылар деп, ибн Рушд грек философтарын, солардың ішінде Платон мен Аристотельді айтып отыр)». Егер, кімде-кім кітаптарға сүйену пікіріне қарсы болса, ол адамдарды шариғатқа ашылатын есіктен, Аллаһты танудан алыстатады. Бұл жол Аллаһты шынайы тануға жетелейді. Ал, философия Аллаһ тағаланы жақсы тануға деген есікті ашады» – дей отырып, философиямен айналысуда ақылды адастырмас үшін алдымен шариғи ілімдерді зерттеу керек. Өйткені, шариғи ілімдер ең қарапайым нәрселерден бастап түсіндіреді, әрі бәрін тәжірибе жүзінде көруге мүмкіндік береді деген тұжырым ұсынады.

Діни философияның өкілі ***әл-Ғазали*** (1058-1111 жж, хижра бойынша 450-505 жж.) өз заманында барлық ғылым саласымен айналысты. Ол философия ғылымымен де шұғылданып, көптеген еңбектер жазды. Оның «Тахафут әл-фаласийфа» («Философтардың өздерін терістеу») трактаты әлемнің мәңгілігі туралы айтқан философтардың көзқарастарына қарсы жауап ретінде жазылған еңбек. Әл-Ғазали фәлсафа өкілдерінің әлемнің мәңгі бар болғаны туралы

ойларын сынға алып, әлемнің жаратылғандығы туралы пікірді қуаттайды. Әл-Ғазали «...қайсыбір уақытта басталатын нәрсенің мәңгілік нәрседен шығуы мүмкін емес» – деген философтардың пікірлеріне «бұған дейін оның әлемнің пайда болуы үшін анықтаушы бастама болмады және ғаламның бар болуы таза мүмкіндік қана болды. Егер, біздің әлем қайсыбір уақытта басталған болса, онда анықтаушы бастама жаңадан қалыптаса бастады не қалыптаса бастаған жоқ. Егер, ол (анықтаушы бастама) жаңа бола бастамаса, онда әлем осыған дейін қандай күйде болса, сондай таза мүмкіндік күйінде қала беретін еді. Егер, анықтаушы бастама жаңа бола бастаса, онда оған қатысты тағы да сол сұрақты қоюға болар еді, неге ол жаңару үшін қандай да бір басқа сәтті емес, дәл осы сәтті анықтады? Сонда, біз шексіз қатарды көретін едік, немесе мәңгілік анықтап отыратын бастамаға жетер едік» – дей отырып, дүниені әлдебір мәңгілік жаратты, ол дүние қай уақытта өмір сүріп отырса, сол уақытта өмір сүрсін деп ұйғарды, бұл оның жоқ болмысы, сол жоқ болмыстың өзі өмір сүруін тоқтатқанға дейін жасайды, ал, оның өмір сүруі дәл жаратылған кезінен басталады деген сөз. Мәңгі бақи еріктің әлемді одан ерте жаратқысы келмеді, сондықтан, ол өмір сүруін бастаған жоқ, ал, ол өмір сүре бастаған сәтінде тұңғыш мәңгілік өмір оның өмір сүруін қалады деген ойы арқылы әлемнің белгілі бір уақытта мәңгіліктен басталғандығын дәлелдей отырып, философтардың «дүние жаралмаған, ол – мәңгілік» – деген қағидасына қарсы шықты. Мұнда, Ғазали Аллаһтың қалауы қалаған сәтінде жүзеге асатындығын баса айтады. Аллаһ-тағаланың барының дәлелі – Жаратушыға ие жаратылғандардың бар болуы. «Діни ғылымдардың қайта өрлеуі» атты еңбегінде: «Бұл ғажайып көріністердің, рет-ретімен орналасқан тәртіптің жаратушысының болмауы мүмкін емес» – деп, Аллаһ-тағаланың сипаттарын Құранда айтылғандай сипаттай келе «Егер, Хақ тағала өзін ғана танушы болса, ол өзінің жаратқандарынан мүлдем бейхабар болып шығар еді» [1, 99 б.], принципін алға тартады. Әл-Ғазали Жаратылыс өзі болған кезінде болғанына, ол құдіретті күштің жаратқанынан болуына қарсы дәлел айтушылар Құдайдың әмірі мен адамдардың шектеулі еркіндігін салыстырады дейді. Әл-Ғазали әл-Фараби мен ибн Синаның «файд» (эманация) теориясын қолданған ибн Рушды сынға алды. Бұл Жаратушы құдірет иесі Аллаһ тағаланың болмысын жоққа шығару деп санады. Әл-Ғазалидің философтарға деген осындай пікіріне қарсы ибн Рушд «Тахафут ат-Тахафут» трактатын жаза отырып, «Алғашқы принципке құрылған әлдененің бастауы болуы мүмкіндігін жоққа шығарады. Егер, әлем жаратылған болса, онда оның пайда болуын мүмкін еткен әлдененің болуы керек. Мұндай жайдайда біз шексіз регреске түсер едік» – дей отырып, бұл кітаптың мақсаты «Философтарды терістеу» кітабында келтірілген қағидалардың дұрыс және сенуге тұрарлық па екенінің дәрежесін көрсету және олардың басым бөлігінің шынайылығы және дәлелі жеткілікті еместігін дәлелдеу» – дейді. Философтардың рухтың мәңгілігі және өлгеннен кейін оның тәннен бөлек өмір сүретіндігі туралы пікіріне әл-Ғазали Құрандағы Аллаһ-тағаланың сөзімен жауап береді: жақсы рухтар (жандар) жәннатқа кіреді, ал,

жаман рухтар тозаққа кіреді дейді. Бұл жайында: «Негізінен ондай аяттарымызға қарсы шыққандарды жедел тозаққа саламыз да, олардың терілері жанған сайын азапты татулары үшін, оны басқа терілерге ауыстырамыз. Мақаламызды академик Ғарифолла Есімнің «Әл-Ғазали жалпы фалсафаны жоққа шығарып отырған жоқ, оның пайымдауынша, мәселе фәлсафашылардың негізгі мәселелердегі бейтараптылығында» [2, 224-225 бб.] – деген пікірімен келісе отырып, әл-Ғазали, ибн Таймия, Наджи Мағруф, Исхақ қатарлы дінтанушы философ ғалымдар мен философия өкілдері әл-Кинди, әл-Фараби, ибн Сина, ибн Рушд, ибн Туфейлдердің дін мен философия мәселесіне байланысты өз заманының философиялық тұжырымдарынан көрініс бере алды деп айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Мұртаза Бұлұтай. Ислам философиясы // Араб филологиясы және исламтану мәселелері. Конференция материалдары. -Алматы, 2019.
2. Есім Ғ. Фәлсафа тарихы. -Алматы, 2003.

ӘОЖ 101.1:31(574)

ВЕСТЕРНИЗАЦИЯ МЕН ЖАҺАНДАНУ КЕҢ МӘТІНІНДЕГІ ТҮРКІ ӘЛЕМІ

Серікбаева Аружан, Сейсен Мақпал – 1801-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье культура тюрков рассматривается в контексте вестернизации и в плане интеграции с мировой цивилизацией. Дан компаративистский анализ отношений различных этнокультур к своему духовному наследию в условиях вестернизации и подчеркнуто, что бережное отношение к культурному наследию составляет основной признак зрелости национальной идеи. Автор критически анализирует различные негативные позиции по отношению к культурному наследию тюркских народов.

Рәмізі белсенді фауыстық адам болған, Батыс өз эспансиясын, артта қалған халықтарды отарлау саясатынан басқа, сол кезде әрекет етіп тұрған шығысазиялық (Жапония, Қытай), оңтүстіказиялық (Үндістан) және жетекші елі Осман империясы болған исламдық және православиялық (Ресей) өркениеттерінде үстемдік жүргізуге бағыттады. Тек қана, XX ғ. Батыспен қатар әлемдік мәселелерді шешуге қатысқан КСРО, Қытай, Үндістан, ислам елдері тарихи сахнаға шықты. Әлем көпқырлы, көпжақты бола бастады. Кеңес Одағы тарқаған соң, батыстандыруды АҚШ жүзеге асыра бастады. Вестернизация процесіне батыстық емес өркениеттердің берген жауаптарын А.Тойнби өзінің «Тарихты түсіну» еңбегінде феноменологиялық тұрғыдан қарастырды. Оның ілімі бойынша, өркениеттер қарым-қатынасында сыртқы пролетериаттың (әсер етуі көрші халықтардың) рөлі өркениет динамикасының әр кезеңінде әр түрлі болды. Сонымен қатар, дүниежүзілік діндер экспансиясын да ескеру керек. «Қашан, – дейді А.Тойнби, – екі немесе одан да көп өркениеттер бір-біріне әсер еткенде, олардың қуаттылығы әр түрлі болып келеді. Агрессияшыл өркениет

экспансия объектісінің өзіне тең емес екендігін сезінеді» [1, 587 б.]. Батыс өркениеті өзінің басқа мәдениеттерге қарсы бағытталған қиратушы әрекетін түземдіктерді (бір мағынасында, «нағыз адам емес») мәдениет пен өркениетке жеткіземіз дегенді желеу етеді. Сол себепті қазақтың Кеңес Одағы кезіндегі батыстандыру формалары мен төлтумалықтың арақатынасын тікелей қарастырудан бұрын тоталитарлық қоғамның әлеуметтену негіздеріне қысқаша тоқталып өтсек, адамзат тарихындағы барлық қоғамдарды қауымдасу негіздері бойынша екі түрге (ынтымақтастықтың келісімді тәртібі және күш көрсетуге сүйенетін тәртіп) бөлуге болады. Егер, біріншісін – тұлғаорталықтық қоғам десек, екіншісі – жүйеорталықтық әлеуметтік құрылымға жатады. Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын Батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мысалы, заманымыздың белгілі ойшылы К.Поппер: «еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді» [2, 79 б.] – дейді. Тоталитарлық қоғамдар бар болғанын ешқашан, ешкімнен жасырмаған, орасан зор ішкі күштердің әсерінен құлады. Өздерін «ізгі еуропалықтармыз» деп есептейтіндер, Ф.Ницше айтқандай, ұлттық толқулардың, патриоттық зарығудың және кез-келген басқа да сезімнің оғаш асып толықсуының сәттерінде қалады. Еуроцентристік масаттану рессентимент құбылысын тудырады. Атап айтқанда, *ressentiment* рухының өзінен аморальдылықтың жаңа түрлері (жек көрудің, көре алмаушылықтың, қаскөйліктің, күдікшіліктің, кекшілдіктің пайдасына) артып келеді. Әділеттілік қайда қолданылатын, қайда сақталып тұратын, барлық жерде, күштілеу биліктің өш алу сезімінің төмен тұрғандардың, әлсіздердің арасында мағынасыз зәрін шашып тұрғанын тоқтатуға құралдар іздестіретіндігі байқалады [3, 116 б.].

Түрік халықтарының арасынан алға шыққан Кемал Ататүрік сияқты тұлғалар ассимиляцияға, отаршылдыққа қарсы шықты, өз ұлтының мәдениетін, ділін, тілін қорғап (соны дәлелдеп, дүниеге паш етіп, танытып) күреске шықты. Алайда, олар осы тарихи-мәдени қақтығыста өзін-өзі тану үшін, өз мінін біліп, арын оятып, ұлтты түзету үшін пайдаланды. Философияда өркениеттер бір-бірін «жекпе-жекке» шақырады деген көзқарас бар. Ұлттық мәдениеттің трансформацияға ұшырау кезеңінде дара тұлғалардың рөлі (көсемдер, данышпандар) күрт өседі. Олар әуелі өз менталитетін жетілдіріп, сосын халыққа үндеу салады. Алайда, әдетте консервативтік топтар оларға қарсы да шығып жатады. Халық (тобыр) жаңа өмір салтын жақтаған адамдарға кейде күдікпен қарайды. Мәселе – осындай шешуші арпалыс кезеңде халық өзіне шын жол көрсететін тұлғаларды тани білуінде, қастерлеуінде, соларға құлақ асуында. Сонда, ұлт өтпелі кезеңнен сүрінбей өтіп, мұратына жетпек. Бірақ, XX ғ. ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, Батыс суфизмді өзіне «ашты». Өз философиясын байытты. К.Юнг және т.б. дүниеге көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («көпшілік

мәдениеті») зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Әрине, ойшылдардың Бұл тұжырымдары саясатқа әсер ете алмады. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әрбір ұлттық қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – міне Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе – жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі. Осының барлығын ескере отырып біз мынаны айтуымыз керек: «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсау да орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Тура XIX ғ. рационалист-ағартушылары сияқты ойлауымыз жөнсіз. Олардан гөрі біз дәстүршілміз, руханилығымыз, мұсылмандығымыз, шығыстығымыз олардан күшті. Жаппай вестеризация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған. Сөйтіп, қана ұлтты дағдарыстан алып шыға алады зиялылары, басшылары. Ендеше, XXI ғ. ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда творчестволық ізденіс (мүмкін, техногендік батыс Өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы «еуразиялық» Өркениет құру идеясы – егерде оны біз дұрыс түсіндіріп, айқындай алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, әкелер.

Рухани кеңістікті құрайтын элементтер көп. Солардың ішіндегі оның мәнін терең де ауқымды анықтайтындар бұл ұлттық философия мен әдебиет; мәдениет пен оның түрлері, рухани қазынаның басқа да элементтері осы екі үлкен тұғырлардың айналасында өрбиді, дамып отырады. Олардың даму деңгейі, қоғамдық өмірге тигізетін әсері және қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Дамыған елдердің тәжірибесі осы ойды айғақтап отыр, оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі, жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Бұл құбылысты қоғамдық тарихи процестегі әр түрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстырмай терең түсіндіру мүмкін емес.

Қазіргі «вестернизацияның» мынадай қиындықтары бар: **а)** руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу; **ә)** эскапистік және дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі; **б)** нонконформизм, конформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі; **в)** рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі; **г)** стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну [4, 109 б.].

Ғылымда, технологияда, экономикада, ауыл шаруашылығында, өндірістік өнеркәсіпте, қару-жарақ өнеркәсібі мен қоғамның демократиялануы жөнінен Америка мен Еуропа елдері бізден бірнеше жылға озып кеткен. Ал, ислам әлемі – дәл бұлайша материалдық тұрғыдан дамымаса да, сол Батыс ұмытқан бір нәрсені есте ұстады. Ол – ұрпақ көбейтуге ынталылық, өз өркениетін, мәдениетін, сенімі мен отбасын сақтау. Соның арқасында ислам әлемі (қатарында біз де бармыз) – бүгінгі күнге дейін жетті. Ендігі міндет – осыған дейін жоғалмай келген ұлттық ұстанымдарымызды сақтап, қорғау. Олай болмаған күнде, «Бұқаға туған күн – бұзауға да туатыны» секілді, біз де Батыс елдерінің кебін киіп, тұнығымызды лайлап алуымыз әбден мүмкін.

Әдебиеттер:

1 Тойнби А. Постижение истории. -Москва, 2007. -731 с.

2. Поппер К. Ашық қоғам және оның жаулары. -Алматы, 2005. -544 б.

3. Ницше Ф. Жақсылық пен жамандықтың арғы жағынан // Сочинения. -Москва, 2012. -335 б.

4. Бюкенен П. Дж. Батыстың ажалы // Жас қазақ. -2006. -№ 30. -4 тамыз.

ӘОЖ 159(00.09)

ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Адилхан Толғанай, Ерқанатова Құрманай – 1801-19 тобының студенттері

Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье описываются отношения между исламской и тюркской цивилизациями в средние века.

Б.э. YII ғ. адамзат тарихында бет бұрыстық маңызы бар құбылыс орын алды. Біз бұл жерде ислам діні туралы айтып отырмыз. Арабия түбегінде пайда болған бұл дін тек аталған аймақтың ғана емес, Солтүстік Африка, Азия және Еуропа халықтарының рухани, саяси-әлеуметтік және экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер туғызып, мәдени өрлеуді қамтамасыз етті. Сонда осы өзгерістердің себебі неде және бұрын басқа мәдени парадигмаларда немесе үлгілерде өмір сүріп келген халықтар не себепті жаңа дінді қабылдап, рухани ұстанымдарына өзгертулер енгізді деген заңды сұрақ туады. Жаңа дін мен соның негізінде қалыптасқан мәдениет басқаларға өз үстемдігін таңады деп жауап беруге болар еді. Бірақ, оның үстірт және қара дүрсін жауап екендігі күмән туғызбайды. Әрине жаңа дінді таратушы мемлекеттің саяси ықпалының үстем болуы да мүмкін, бірақ, бұл прозелитизмнің табыстылығын қамтамасыз ете алатын жеткілікті фактор болып табылмайды. Діни наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар адам болмысының ең консервативті жағы десек артық айтпағандық болады. Өйткені, адамның тіршілік етуінің сыртқы факторлары аз уақыт аралығында тез қарқынмен трансформацияланса да, оның рухани өмірі көзге көрінбейтін, алайда, тұлға құрылымында маңызды орын алатын мәндік элементтер арқылы реттеліп отырады. Біз бұл мәндік элементтерді рухани уақыт пен кеңістіктің маңызды құрылымдық бірліктері ретінде қарастырамыз.

Сана кеңістігінде әр түрлі идеялар мен көзқарастар, түрлі түсініктер бір-бірімен ұштасып, тіпті кейде қарама-қайшы келіп жатады. Осыған орай, адам бойында сенім мен күмәнділік орын алады, алайда, сенім артқан сайын құрылымдық бірліктердің ұйымдасу деңгейі де жоғарылайды. Яғни, санадағы «таза мәндер» реттеліп, жүйелі сипатқа ие болады. «Таза мәндер» ретіндегі идеялар белгілі бір иерархиялық тәртіпке сай жүйеленеді. Біз бұл иерархияда басты немесе негізгі идеяны және туынды идеяларды бөліп қарастыруымызға болады. Монотеистік діндердегі басты идея Жаратушы-Құдай идеясы, ал, қалған идеялар мен түсініктер содан туындайды. Бұл идеяларды тек қана күнделікті тұрмыстың барысында қалыптасқан түсініктердің көп ғасырлық эволюциясы деп бір жақты қарастыруға болмайды. Бұл адам санасындағы көмескі түсініктер мен идеялардың қарапайым жиынтығы да, сұрыпталған эволюциясы да емес. Бұл адамның идея негізінде өзін қоршаған әлемді ұйымдастыруға және өзгертуге бағытталған әрекеті мен осы әрекеттің жемісі. Яғни, адамның өмірді «таза мәндер» өлшемі тұрғысынан қайта құрастыруы. Сондықтан, діни ілім болмысты (ең алдымен рухани және әлеуметтік) жаңа идеялар мен принциптер негізінде қайта ұйымдастырып, өзгертуге бағытталған адами әрекет бағдарламасы болып табылады.

Түркілер ислам дінінің пайда болуынан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын әлемдік тарихи процестің белсенді субъектісіне айналды. Ашина державасы көршілес жатқан мемлекеттерді өзімен қуатты мемлекет ретінде санасуға мәжбүр етті. Осы уақыттардан бастап түркілер Еуразия даласындағы барлық тарихи оқиғалардың бел ортасында жүріп, өркениеттік дамудың бағыт-бағдарын айқындауға пәрменді ықпал етті. Әрине, түркілердің тарихын тек жеңістер мен жетістіктерге толы жылнама ретінде суреттеу шындыққа жанаспайды. Түркілердің тарихы жеңіс қуанышымен қатар қайғы мен қасіретке толы болды. Осы уақыттарда түркілер арасында әр түрлі діндер мен діни ағымдар таралды. Түркі қағандары олардың кейбіреулеріне қолдау көрсетіп, діни кітаптарын түркі тіліне аудартты. «Қазақстан жеріне әлемдік діндердің ішінде алғашқысы болып буддизм келді. Бумынның ұлы Мұхан қаған осы дінді қабылдады, ал, оның мұрагері Тобо қаған «Нирвана-сутрадан бастап» будда әдебиетін түркі тіліне аударуға жарлық берді» [1, 50 б.]. Алайда, Будда діні түркі топырағында табан тіреп тұра алған жоқ. Манихейшілдік сияқты дүниені тәркі етуге бағытталған буддашылдық болмысты *Жарық дүние* деп бағалаған түркі дүниетанымы мен руханилығына қайшы келді. «Буддизммен қатар ұлы Жібек жолы арқылы христиандықта таралды. Ол басында несториандық, кейінен яковиттік түрінде Ү ғ. бастап қазіргі Қазақстан жеріне ене бастады және Шығыс Рим империясынан шыққан әулие Нестории сектасының өкілдерімен байланысты болды» [1, 73 б.].

Христиандықтың түркілер арасында таралуы туралы айтқанда мынаны ұмытпайық. Несториандық бағыттағы христианшылдық хазар қағанатындағы иудаизм сияқты түркі элитасының кейбір топтарын ғана қамтыды. Ал, қарапайым халыққа келетін болсақ, олар дәстүрлі сенім аясында болды.

«Иудей-еврейлер хазар-еврейлерін нағыз иудейлер деп санамады.... Иудаизмді ұстанған қоғамның жоғарғы қабаты халықтан барған сайын алыстай берді. Олардың арасында иудей мәдениеті мен көне еврей тілі таралды. Иудей жазуы іскерлік құжаттар тілі ретінде кең қолданылды» [2 ,40 б.]. Бұл діндер түркі қағанаттарындағы халықтардың бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ете алмады. Оның негізгі себептерінің бірі – бұл діндер жекеленген индивидумдық сана деңгейінде тұрақтана алмады, тұрғылықты халықтар психикасының тылсымдық қабаттарына терең бойлай алмады. Қоғамдағы саяси элитаға ықпал ету үшін бәсекеге түскен бұл діндер бұқара халықтан алшақ қалды.

Исламның түркілер арасында ресми дін ретінде тарала бастауын Берке хан есімімен байланыстырады. Бірақ, әлемдік діндердің бірі ретінде ислам түркілерге оған дейін де жақсы таныс болды. Себебі, арабтар YIII ғ. басында түркілермен көршілес жатқан отырықшы мемлекеттерді жаулап алған болатын. Нәтижесінде, Хорезм, Бұхара, Самарқант, Ходжент қалалары Орталық Азиядағы ислам орталықтарына айналды. Ислам барлық жерде бейбіт жолмен таралды деуге болмайды. Десекте, кейбір тарихи оқиғалар исламның таралуына оң ықпал еткен тәрізді. Исламның таралуы Алтын Орданың тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюына және жаңа қалалардың дамуына ықпал етті. Ислам тек қана материалдық мәдениеттің емес, рухани мәдениеттің де, соның ішінде ғылым мен әдебиеттің дамуына жаңа серпін берді. Түркі ғалымдары мен ақындарының, дана ойшылдарының шығармалары ислам өркениетінің ажырамас буыны болып табылады. Жалпы алғанда, ислам Азия, Африка, Еуропа құрлықтарын қамтыған өркениеттік құбылыс болды. Еуразия даласын мекендеген түркі мемлекеттері бұл өркениеттік үрдістерден шет қала алмады және қала алмайтын да еді. Ислам діні әр түрлі мәдениеттерді бір өркениеттік ағымға біріктірді. Ислам осы дінді қабылдаған халықтардың мәдениетін жойып жібермей, керісінше, жаңа сатыға көтерді. Қоғам мен мәдениет үнемі қозғалыста, дамуда болатын жүйелер. Түркі мәдениеті мен ислам өркениеті туралы айтқанда олардың бір-бірін толықтырып отырғандығын ескеруіміз керек. Түркілердің түсінігінде Тәңір Аллаһтың синониміне айналды. Ескі діннің көптеген көріністері ислам канондарына бейімделуге мәжбүр болды. Ал, ислам діні өзінің негізгі канондарын нығайтып, бекіту үшін тұрғылықты халықтың наным-сенімдерімен санасты. Ресми исламға қарағанда көшпенді түркілер арасында сопылық бағыт кеңінен таралды. Сопылық бағыттың таралуына осы жерлерде исламға дейін қалыптасқан «әулиелерді» пір тұту дәстүрі көп ықпал етті. Рухани тазалығы, емшілік қасиеті, тақуашылығы арқылы халық арасында кең танылып, беделге ие болған сопылардың аты тірі кезінде-ақ аңызға айналды. Ал, қайтыс болған соң олардың бейіттері қасиетті орындарға айналды. Осындай кейбір ерекшеліктеріне қарамастан көшпенділер арасында исламның таралуына сопылықтың маңызы зор болды. Сопылық арқылы исламның моральдық принциптері бұқара халық санасына сіңірілді. Қоғамдық өмірдің ресми деңгейінде Әбу Ханифа мазһабы қолданыс тапты.

Ортағасырларда ислам түркі мемлекеттеріндегі діндер арасындағы бәсекелестікте жеңіске жетті. Оның бірнеше басты себептері болды. Ислам ілімі басқа діни ілімдермен салыстырғанда қарапайым әрі түсінікті болды. Екіншіден, «ислам әрқашан синкреттілігімен ерекшеленді. Ол өзіне дейінгі діндердің көптеген идеяларын игерді. Өкінішке орай, кейінгі ғасырларда ислам өркениеті озық позицияларын жоғалта бастады. Ислам ағымдарының және жекеленген әулеттер арасындағы өзара бәсекелестік феодалдық бақталастыққа, мемлекеттіліктің құлдырауына, ғылымның тоқырауына алып келді. Бастысы, ғылыми-технологиялық тұрғыдан, ислам өркениеті басқа өркениеттерден көш бойы кейін қалды. Діни және этникалық ала-ауыздық, саяси бытыраңқылық, отарлану мәдени артта қалушылық – осының бәрі XIX-XX ғ.ғ. ислам әлемінің шындығы. Алайда, XXI ғ. ислам өркениетінің алдында үлкен мүмкіндіктер ашып отыр. Көптеген мұсылман елдері саяси тәуелсіздікке қол жеткізді, ортақ саяси-экономикалық, қаржылық институттар құрды. Бірақ, олардан да маңыздысы ислам рухани тазалық пен құндылықтардың өзегі, адам болмысының тұтастығын қамтамасыз ете алатын пәрменді күш ретінде адамзат санасына ұялана бастады. Миллиондаған адамдар өмірдің өзгеруін, салауаттылық пен парасаттылықты, өркениеттіліктің болашағын өз бойларындағы осы бір терең сеніммен байланыстырады.

Әдебиеттер:

1. Орынбеков М. Қазақ сенімдерінің бастаулары. -Алматы, 2002

2. Гамирзан Давлетшин. Очерки по истории духовной культуры предков татарского народа. -Казань, 2016.

УДК 94

ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В КОНТЕКСТЕ ЗАВОЕВАТЕЛЬНЫХ ПОХОДОВ АЛЕКСАНДРА МАКЕДОНСКОГО

Бейсенов Б.К. – магистрант 2 курса, гр.М1601-89

Научный руководитель: Есимова А.Б. – к.и.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г.Шымкент

Түйін

Қазіргі әлемде кең ауқымды және дамуды қабылдаған жаһандану процестерінің өзіндік алғышарттары мен бастаулары бар. Александр Македонскийдің жорықтарынан бізді 23 ғасыр бөледі. Соған қарамастан, жаһандану процестері және оның жеке көріністері осы кезеңде басталды. Эллиндік мәдениет Грециядан тыс жерлерде кеңінен таралды. Сол кезде белгілі болған жердің көп бөлігін өз туының астына алу. Алайда, жаһандану процестерінің кейінгі толқыны сияқты, ол да қару-жарақ күшімен бекітіліп, бекітілді.

Походы Александра Великого начавшиеся в 334 г до н.э., оставили след на последующие три столетия. В основе этого следа идет культурное слияние греко-македонян с восточными народами. Эллинистическая культура, принесенная греческими воинами, отчасти насильно распространялась среди населения захваченных восточных земель. Глобализация сегодняшнего дня –

это социально-экономическое и культурная в меньшей степени политическая унификация. Этому историческому процессу присущи определенные критерии развития. Греческая архаическая и классическая цивилизация характеризуется рождением и расцветом полиса и развивалась именно в крупных городских центрах, таких, как Милет, Коринф, Афины, Сиракузы. Однако кризис полисной системы привел Грецию к агрессивному восточному походу в силу военных побед македонян над греками возглавленной македонянами и их царем Александром.

Более пристального внимания заслуживает его градостроительная кампания. Без этих городов, основанных Александром, не удалось бы культурного слияния и греко-македонского владычества. «Александр Великий проявил себя как достойный наследник этой традиции, усеяв завоеванную империю многочисленными Александриями, предназначенными для эллинизации востока и призванными осуществлять слияние народа, которое он считал столь необходимым»[1,с.54].

В этих городах местное население и греки жили вместе и улучшали свои культуры заимствованиями. Как и сегодня, мы видим городскую культуру основой для глобализации. Если сегодня высотные здания и небоскребы американского типа являются эталоном современного мира, так и города античности приобрели облик греческого городов. Города Александрии строили по греческому типу с акрополем в центре, с агорой, театрами и гимназиями. Города, основанные Александром Македонским, играли важную роль в распространении эллинистической культуры на востоке. «Эти новые города греческого типа, даже чисто военные колонии, заселенные ветеранами, были не только военной опорой Александра в завоеванных странах, но и ячейками, вокруг которых кристаллизовались элементы более высокой экономики»[2,с.77].

Так, оставляя раненых воинов и старых ветеранов в Александриях, он распространял эллинизм через носителей культуры. При этом он замещал часть своих оставленных воинов молодыми воинами из местных жителей. Тем самым он убирал на корню сопротивление греческой культуре. В свою очередь набранные из местных жителей воины обучались греко-македонской военной тактике и в процессе похода так же эллинизировались. Таким образом, Александр Македонский решал две задачи: эллинизировал захваченные территории и предупреждал восстания в будущем.

Другим важнейшим критерием глобализационного процесса является язык. Сегодня международным языком является английский язык в силу экспансионистской деятельности Британской империи и США. В античное время его роль выполнял греческий язык. Греческий язык выполнял две различные, противоположные функции. С одной стороны, красноречие и привлекательность этого языка превращали его в соблазнительное орудие ассимиляции и с другой стороны забывание родной культуры. «Греческий был не только «lingua franca», но и являлся носителем универсальных идей и

престижного стиля жизни»[6]. Как мы знаем, греческий язык широко распространился и стал объединяющим фактором конгломерата народов империи Александра. Персидский язык не получил широкого распространения в державе Ахеменидов. Ведь никакой унификации или систематизации в Персидской империи не было. То, что не получилось персидской державе за два столетия, сделал Александр Македонский за 11 лет.

Но, как и все волны глобализации, они были навязаны силой оружия. «Один из важнейших факторов эллинизации – присутствие солдат в полисах или в административных центрах номов. Армия заслуживает специального изучения, так как она играла значительную роль в эллинистическом мире, который к тому же возник в результате завоевания и раздирался непрекращающимися конфликтами»[1,с.87]. Тем самым мы видим, что армия и сила оружия также являются критерием глобализационного процесса. Современная «вестернизация» также насаждена силой. После распада СССР, США и ее союзники навязывают свою культуру и волю всей планете.

Еще один критерий глобализационного процесса – это стирание границ между людьми разного этнического и расового происхождения. Мы видим это в современном и толерантном мире, когда чернокожие во Франции являются полноценными французами и гражданами страны. Так и индусы, и многие народности бывшей Британской империи в Великобритании стали британцами. И потомки африканских рабов, насильно привезенных в Америку, стали частью американского общества. Общество стало многообразным и смешанным, но под флагом одного национального государства. Бывшие колониальные жители ищут прибежище в своих «метрополиях». Так же и Александр отрицал принадлежность к «варварам или неварварам не играла больше никакой роли; у Александра не было на этот счет никаких предубеждений»[3,с.290]. В своей империи «Александр распространяет влияние греческой нации далеко за пределы бассейнов Средиземного и Черного морей. Он создает культуру эллинизма, но вместе с тем мечтает о слиянии человеческих рас в единое братство человеческого рода»[5,с.6]. Культура не достигает своего апогея только однократно, пока есть носители культуры, она способна на расцвет. Именно поэтому я считаю, что греческая культура только обогатилась на востоке. Походы Александра стали катализатором развития греческой культуры. Впитав в себя элементы и части лучшего на востоке, греческая культура преобразуется в эллинизм. Прочный фундамент был заложен непосредственно при македонском царе и его восточном походе. Эталоном новой культуры станет греческая: «Греческие игры и празднества, греческие гимнасии, школы, театр получают широкое распространение в странах востока и становятся важным фактором не только эллинизации востока, но и ориентализации Запада»[2,с.288].

Как и в случае будущих волн глобализационных процессов язык главного объекта будет вытеснять или приуменьшать роль языков субъектов. Возник международный язык общения, вытеснивший другие древние языки:

«Громадное значение имело при этом возникновение общегреческого языка (на базе аттического диалекта), постепенно вытеснившего из литературного языка местные диалекты; этот общегреческий язык стал языком образованных слоев общества не только в Греции, но и в странах востока, и не только в эпоху эллинизма, но и во времена Римской империи»[2,с.288].

Еще можно выделить один критерий глобализационного процесса. Это фактор перенаселенности. Метрополия империи перенаселенная большим количеством людей, направит их потенциал на развитие и распространение собственной культуры за пределы метрополии. Если Македония была слабозаселенной и малочисленной, то узкие и небольшие по территории греческие полисы были перенаселены, и богатства и разделение производственных сил имело четкую разделённость между зародившимся классовым общественным строем. Однако, участвуя в походе Александра Македонского, богатые греки избавились от бедной части населения. В свою очередь, заселившись в восточных землях, распространят греческую культуру и язык. Демографический фактор так же присутствовал и играл важную роль в эллинистической экспансии: «Причиной глобализации населения, и глобализации вообще, стало избыточное население»[7]. Тем самым выявлено пять критериев глобализационных процессов: 1) градостроительная политика; 2) языковая доминация; 3) военная сила; 4) терпимое отношение к населению; 5) перенаселение метрополии.

По всем этим выявленным в ходе исследованиям критериям даны причинно-следственные объяснения. Таким образом, в процессе походов Александра Македонского выявлены глобализационные процессы, происходившие в античное время.

Литературы

1. Левек П. Эллинистический мир. / Пер.с франц. Е.П. Чиковой М.,: Наука., 1989. - 157с.
2. Ранович А. Б. Эллинизм и его историческая роль. / Издательство Академии Наук СССР .1950 г. - 384с.
3. Шахермайер Ф. Александр Македонский. М.: Наука, 1984. - 355с.
4. Боннар А. Греческая культура. От Еврипида до Александрии пер.с франц. / Е.Елеонской М.,: Иностранная литература., 1962 . - 398с.
5. Шофман А.С. Восточная Политика Александра Македонского / Издательство Казанского университета, 1976 г. - 536с.
6. Ассманн Я. Глобализация, универсализм и эрозия культурной памяти. // Историческая экспертиза. 2018. № 1(14). С. 9-28.
7.Галецкий В.Ф. к.э.н., в.н.с. ИМЭИ «Демографические проблемы глобализации» https://mipt.ru/education/chair/philosophy/civilizations/demo-prob-glob.php

ӘОЖ 94(575.1.9)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ (1946-1990жж.)

Алсейтова Б. – 130-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекшісі: Бекманова Д.М – т.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Summary

The article considers the history, structure, and ways of implementing the education system in Kazakhstan from 1946 to 1990.

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы - баса назар аударарлық мәселе.

Кеңестік білім өзінің өмір сүрген алғашқы жылдарынан бастап жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу ізденістерін жүргізді. Білім беру мекемелердің қызметінің басты қағидасы мұғалімдермен, мектептің практикалық жұмысымен тығыз байланыс болды. Жаңа білімнің теориялық қағидалары мен идеяларын насихаттауды байқау мақсатында үлгі-тәжірибе мектептері мен станцияларының жүйесі құрылды.

Кеңес тұсындағы Қазақ мектебінің тарихында оның дамуының әрбір кезеңі бағдарламалық-әдістемелік қайта құрумен органикалық ұштасады. Жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау мектепте білім берудің мазмұнын модернизациялаумен және оқу-тәрбие үрдісін одан әрі жетілдірумен бірлікте іске асты.

Осыған орайМақаламда 1946-1990 жылдардағы Қазақстандағы білімнің қалыптасуы мен дамуын зерттеу – тарих ғылымындағы басым бағыттардың қатарынан орын алатындығы басты назарда екендігін қарстырдым және де осы кезеңдер аралығында қабылданған Кеңес үкіметінің арнайы білім саласына деген реформаларын сараладым.

1947 жылы КСРО Министрлер Кеңесі “Қазақ КСР-де жоғары және орта білім беруді одан әрі дамыту шаралары туралы” қаулы қабылданды.Осы кезден бастап ағарту ісіне бөлінетін қаржының көлемі арта бастады. Мектептерге көмек көрсетілді, қор жасау үшін жексенбіліктер ұйымдастырылды, малшы балалары үшін мектеп-интернаттар салынды. Жоғарғы және орта білім беру жүйесіне бөлінетін қаржы молайғандығы байқалды.

Ал, 1949 жылы жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық білім беру ісі қайтадан қолға алынды. Оқуға тартылмай жүрген 15 жасқа дейінгі бала саны 1948 жылы 200 мың болса, 1955 жылы 16 мыңға азайды және де 1950 жылдары мектептерде политехникалық білім беруге, оқушыларды өндірістік еңбекке араластыруға, мектептің өмірмен байланысын нығайтуға бағытталған шаралар жүргізілді.

1959 жылы “Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы” заң қабылданды. 1962-1963 оқу жылынан

бастап 8 жылдық білім беруге көшу, 11 жылдық еңбек-политехникалық мектептерін құру, жұмысшы жастар мектептерін көбейту, мектеп-интернаттар жүйесін кеңейту шаралары көзделді.

1946-1956 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 344,5 мың жас маман дайындалды. 1965-1966 оқу жылында 39 жоғары оқу орындарында 144,7 мың студент оқыды. Соғыстан кейінгі 20 жыл ішінде жоғары білімді мамандар даярлау 11 есеге өсті. 1965 жылы халық шаруашылығында 0,5 млн-нан астам дипломды маман жұмыс істеді.Осы жылдар аралығында, халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту туралы соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарда соғыс кезінде қираған мектеп үйлерін тек ғана құрылыстар салу, мектептердің жүйелерін одан әрі дамыту, балаларды міндетті жетіжылдық оқытумен толық қамту үшін соған сәйкес жағдайлар жасау және орта мектептердің жоғары сыныптарында оқитындардың санын 31,8 млн.адамға жеткізу көзделді [3].

1962 -1963 оқу жылынан бастап жалпыға бірдей міндетті 8 жылдық білім беруге көшу және т.б. шаралар іске асырылды.Деректік құжаттарда айтылғандай, мектептің жұмысында кейбір өмірмен, тәжірибемен байланыс болмады, оқытудың сөздік сипаты берік орын тепті.

КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1966 жылдың 10 қарашада — "Жалпы орта білім беретін мектептің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы"каулысы қабылданды. КСРО Білім министрлігі мен одақтас республикалардың білім беру (халыққа білім беру) министрліктеріне жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұнын ғылымның, техниканың және мәдениеттің озық дамуының талаптарына сәйкес келтіруді қамтамасыз ететін жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын енгізу тапсырылды. Мәселен, 5-7 және 10-сыныптарда жазғы еңбек практикасы, 1970 жылы 9-сыныпта жаңа пән -"Бастапқы әскери даярлық", ал 7 - сыныпта "Кеңес мемлекеті мен құқығының негіздері"енгізілді.

3 маусым 1967 жыл - КСРО Министрлер Кеңесінің "Мектеп оқулықтарын дайындау мен басып шығаруды жақсарту және оларды оқушылармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" № 502 арнайы қаулысы қабылданды. Онда КСРО Білім министрлігіне, КСРО Педагогика Ғылымдары Академиясына мектеп оқулықтарының мазмұны мен көлеміне ғылыми негізделген талаптар әзірлеуге және "жалпы орта білім беретін мектептің оқу жоспарының негізгі пәндері бойынша тұрақты мектеп оқулықтарының қолжазбаларын дайындауды ұйымдастыруға"нұсқау берілді.

Сонымен қатар, мектептегі білім беру Реформасы 1969 жылы жүргізілді, нәтижесінде бастауыш және орта мектебінің құрылымы өзгерді:бастауыш мектеп төрт жылдан үш жылға дейін қысқартылған (оқыту 1-ші сыныптан 3-ші сыныпқа дейін) ;толық емес орта мектеп Бастауыш мектеп есебінен бір жылға ұлғайды (оқыту 4-сыныптан 8-сыныпқа дейін).);орта мектеп(9-шы сыныптан 10-шы сыныпқа дейін).Жүргізілген реформаның нәтижесінде КСРО бастауыш мектебінде төрт жылдық оқу үш жасқа толды, бұл жоғары сыныптарда пәндерді кеңейтілген оқыту үшін қосымша жыл қосты. 1969-70 оқу жылында мектепке келген бірінші сынып оқушылары бастауыш мектептің жаңа үш жылдық бағдарламасы бойынша оқып, оқу үшін жаңа оқулықтар жиынтығын қолданды. 1984 жылы кезекті мектеп реформасы

қайта жүрді. Реформада: баланы 6 жастан бастап оқыту, 10 жылдықты енгізу, т.б. шаралар қарастырылды.

Кеңес жүйесі болашақ ұрпақ үшін Кеңес Одағының негізгі ұлттық идеясын - жарқын коммунистік болашақты жүзеге асыруға лайықты тұлғаны тәрбиелеу және қалыптастыру міндетін орындады. Бұл міндетке табиғат, қоғам және мемлекет туралы білімді оқыту ғана емес, сонымен қатар патриотизмді, интернационализм мен адамгершілікті тәрбиелеу де бағынады. Осы мақсаттарға қол жеткізуде жетістіктер де, сәтсіздіктер де болды. Қазақстандағы білім беру жүйесінің тарихи-кеңестік білім беру моделі аумағында дамыды. Осы орайда білім жүйесінің бір саласы кәсіптік білім берудегі оң жақтарды айта кетсек: халықтың көпшілік құрамының сол кезде қол жеткізе алатын оқу орны; жұмысшылар мен орта техникалық звенолардағы мамандарды тәжірибе деңгейіндегі жоғарғы дайындыққа босатып отырды; барлық кәсіби-білім беру бағдарламасының жоғарғы әдеби және әдістемелік нұскаулармен қамтамасыз етілуі. Кеңес кезіндегі білім беру жүйесінің кемшілікті тұстарына келер болсақ, идеологиялық шектеулер мен мөртаңбаларға байланысты гуманитарлық білім сапасының төмендігі біршама байқалды. КСРО мектептері мен университеттеріндегі барлық дерлік гуманитарлық және қоғамдық пәндер белгілі бір дәрежеде марксизм-ленинизмге, ал Сталиннің жеке басына табынуды ашқанға дейін - сталинизмге жүктелді. Экономика мен саясатты оқытуда марксистік Саяси экономика, философияны оқытуда диалектикалық материализм басты орын алды. Бұл бағыттардың өздері назар аударуға тұрарлық, бірақ олар жалғыз шынайы және дұрыс деп жарияланды, ал қалғандары өздерінің предшественники немесе жалған бағыттар деп жарияланды. Нәтижесінде гуманитарлық білімнің орасан зор қабаттары кеңестік білім беру жүйесінен толығымен түсіп кетті немесе "буржуазиялық ғылым" ретінде өлшенген және тек сыни түрде ұсынылды.

Бүгінгі күні жоғарыда айтылып өткен идеология мәселелері туралы қаулыларға баға бергенде осы кезеңе орын алған Кеңес үкіметінің білім саласында жүргізген реформаларының нәтижесін, жетістіктері мен кемшіліктерінескере отырып, тарихқа жаңа көзқарас тұрғысынан баға беруге болатынына тағыда бір рет көз жеткіздік десекте болады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тарихы. 1998.
2. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) 5-том. Алматы. 1984
3. «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заң. Социалистік Қазақстан. 1959. 24 наурыз.
4. Б.Т.Берлібаев Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001жж.) Алматы, 2010.

ӘОЖ 94(575.2.0)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН НӘТИЖЕСІ

Тілеухан Б. – 114-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекші: Бекманова Д.М – т.ғ.к., аға оқытушы;
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются основные задачи периоды итоги политики приватизационной Республики Казахстан.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы елдердің бірі болып КСРО елдеріндегі жүргізілген жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту мақсатын көздеді. Ол үшін ең алдымен барлық тауарлар мен қызметтердің бағасын либерализациялау мен мемлекеттің меншігін жекешелендіру қажет еді. Ал нарықтық экономикада еркін баға мен жекеменшіксіз даму қиын процесс екені барлығына белгілі. Нарықтық экономикада маңызды орын алатын мәселе мүлікті, ақшаны бизнес көздерін «жекешелендіру» болғандықтан, осы ұғымға еліміздегі жүргізіліп отырған саяси жағдайын қарастырсам.

Жекешелендіру дегеніміз — азаматтардың және заңды тұлғалардың мемлекеттік меншік объектілерін немесе мемлекеттік акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу деген сөз. Немесе меншік қатынастарын реформалау арқылы мемлекеттік меншікті меншіктің басқа нысандарына айналдыру процесі. Жекешелендірудің басты мақсаты — жекешелендірілген кәсіпорындарда экономикалық өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру. Сонымен қатар, мемлекетік бюджет тапшылығын азайту. Яғни, ол — нарықтық экономикаға көшудің өзекті шарты. Бұл саясат, біріншіден, шаруашылық субъектілерінің іс белсенділіктерін арттыру үшін, екіншіден, экономикалық бәсекелестікті жандандыру үшін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік өндіріс орындарын жекешелендіру – өте күрделі мәселе болып табылады. Ол әсіресе халықтың менталитетіне тура байланысты болғандықтан қысқа мерзімде өткізу қиын. Әсіресе, жерді, оның қазба байлықтарын жекешелендіру ұзақ уақытты талап етеді. Сол сияқты кейбір стратегиялық маңызды салаларда (қару-жарақ, ядролық заттар, тағы басқа өндірістер), не болмаса нарыққа көшіруге әлі толық негіз болмаған жағдайларда (іргелі ғылым, кейбір білім,мәдениет, өнер, тағы басқа орталықтар) жекешелендіру жүргізілмейді, олар мемлекет меншігінде қала береді. Қазақстан Республикасында мемлекет меншігінен алу және жекешелендіру процесі шаруашылық серіктестіктер және акционерлік қоғамдар жөнінде заңдар жүйесімен, нормативтік актілер арқылы және мемлекеттік бағдарламалар негізінде жүргізілді. Жекешелендіру Қазақстанда үш кезеңмен өтті. Бірінші кезеңде (1991-1992) “Кіші жекешелендіру" бағдарламасы бойынша мемлекеттік сауда және қызметкөрсету кәсіпорындары (31 мың

нысандардың 50%-і) жаппай сатылды, не болмаса еңбек ұжымдарына берілді. Екінші кезеңде (1993-1996 жылдары) жаппай жекешелендіру орта және үлкен кәсіпорындар бойынша жүргізілді, жеке жобалар бойынша 5 өнеркәсіп орындары ақшаға, ал 1700 зауыттар мен фабрикаларинвестициялық купондарға сатылды, 44 ірі кәсіпорындар сенімді басқаруға тапсырылды, оның ішінде 12-сі шетел инвесторларына берілді. Үшінші кезеңде (1997 жылдан бастап) жекешелендіру отын-энергетика, көлік, денсаулық, ғылым салаларында өтті. Аталған кезеңдерде Қазақстанда жабық және ашық акционерлік қоғамдар көптеп құрылды. Ірі және орташа кәсіпорындар үшін жабық акционерлік қоғамдар жекешелендірудің негізгі түрі болды. Оның құрылтайшылары болуға тек еңбек ұжымы мен мемлекеттік басқару органдарына құқық берілді. 1994 жылдан бастап жекешелендіру нысандарын сату саясаты жүргізілді.

1997 жылдан бастап жекешелендіру отын-энергетикасы, денсаулық сақтау, білім, ғылым салаларында өтті. Бұл процесс тек қана экономика саласына ғана емес, білім, ғылым, медицина салаларына көптеген жаңалықтар әкелді. Бірақ кейбір стратегиялық маңызды салалар — білім, мәдениет, медицина, әскер, т.б. салалар нарыққа көшуге негіз болмаған жағдайда жекешелендірілмей, мемлекеттің меншігінде қала берген дұрыс еді [2].

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 15 желтоқсан № 124-II (Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" заңына күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы) Заңында жекешелендіру елдегі экономиканың өсу сапасын көтеруге, Қазақстанның бәсекеге қабілеті артып, дамыған 30 ел қатарына кіруі үшін қажет екендігін, сонымен бірге ол бюджетке ақша тартудың басты мақсат болып табылмайтындығын нақтылап көрсетеді.

Жеке меншіктің құқық негіздері Қазақстан Республикасы Конституциясына ендірілген, сондай-ақ ол құқық жекеменшік туралы, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы зандармен бекітілген. Басқа да қосымша зандар, дәддеп айтқанда, кәсіпорынға, мүліктік аманатқа, жалға беруге, банкротқа ұшырауға байланысты зандар қабылданды.

Қазақстан Республикасында жекешелендірудің негізгі мақсаты - мемлекетке тиесілі өндірістік нысандарды, басқадай материалдық және материалдық емес активтерді төлеусіз және төлемді ету арқылы мемлекеттің республика халқына ұлттық мүліктерді қайтару процесінде меншік құқығын дербестеп, орталықтандырылған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар тудыру болып табылады.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай басты мәселелерді шешу ойластырылған:

- мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігін акциялауды, мемлекеттік меншік нысандарын шағын және жаппай жекешелендіруді жүзеге асыру арқылы нарықтық бағдарламалы шаруашылық құрылымдарының қалыптасу-ларын тездету;
- жекешелендіру кезінде халықтың барлық тобына жағдай тудыру;

- аса шаруақой субъектілері есебінде жекеменшік иелері тобын қалыптастыру;
- бәсекелестік орта құрып, өндірістегі монополияны жоюды қамтамасыз ету;
- шағын және орташа бизнестерді дамыту;
- ірі және бірегей халық шаруашылығы нысандарын қайта құрудың жеке жобаларын жүзеге асыру;
- шет ел инвесторларын тарта отырып, жеке меншік бизнесті қайта құруға байланысты ұйымдық-шаруашылық құрылымды қалыптастыру;
- бағалы қағаздар рыногының субъектісі ретінде инвестициялық құрылым жүйесін дамыту және нығайту.

Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесі стратегиялық немесе құрылымдық моселелермен емес, жалған шешімдермен байланыстылығы бар деген көзқарасты байқатады. Сондықтан менің усынысым, мемлекеттік меншікті басқарудың берік механизмін жасау қажет деген ойға тіреледі. Ал оған тек қана жекешелендіру мәселесімен шусылданып отырған укіметтің қолы тимей-ақ жур. Осыған байланысты шетелдік инвесторлардың қызметін бақылауды кушейту және тым болмаса буқаралық баспасөз қуралдарында олардың баланстарын жыл сайын жариялау арқылы ниеттерін ашып көрсетіп отыру керек-ақ.

Қазақстан Республикасындағы жекешелендірудің нәтижесі: елімізде жекешелендіру процесі халыққа біршама пайда әкелді, ал ұлттандыру - жекешелендірудегі зиянды іс-әрекеттердің орын алуына байланысты күресу үшін жасалған реформа болды. Ұлттық экономикамыздың орын алып отырған келеңсіз жағдайларға байланысты құлдыраудан сақтап қалуының ең тиімді жолы болды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 15 желтоқсан № 124-II Заңы
2. Қазақстан Республикасының “Инвестиция туралы” заңы. 2003 жыл және 2005, 2006 жылдардағы енгізілген өзгертулермен
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасы. // Егемен Қазақстан, 15 сәуір 1998 жыл.
4. Я. Әубәкіров, К. Нәрібаев, М. Есқалиев, Е. Жатқанбаев, т.б. Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы – Алматы, «Санат», 1998ж – 479 бет.

ӘОЖ 327.7 (519)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Ахмаджанова Д.С. – 1703-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қуандық Н.Ж. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Summary
This article about the role of international political organizations in resolving global threats and conflicts.

XXI ғасырда халықаралық ұйымдардың ғаламдық саяси аренадағы ықпалы артып, мемлекеттер өзара келіспеушіліктерін халықаралық ұйымдар шеңберінде шешуді жөн көреді. Халықаралық ұйымдардың беделі жағынан қарқындап өсуіне мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, сауда-саттық және мәдени қатынастарының кеңейюі орасан зор әсер етті.

Қазіргі таңда құрылған халықаралық ұйымдардың өздеріне тән белгілері бар. Бұл белгілерді атап айтатын болсақ, ең алдымен әрбір халықаралық ұйым көпжақты келісім шарт негізінде құрылады. Бұл көпжаты келісім шарт ұйымдардың халықаралық құқық нормаларына сай заңды түрде іс атқарғандығын дәлелдейді. Екіншіден, халықаралық ұйымдар белгілі бір мақсатта құрылуы тиіс. Бұл мақсат саяси, экономикалық, әскери, ғылыми немесе мәдени т.б. болуы мүмкін [1]. Халықаралық ұйымдардың өз құрамында тұрақты органдары болуы қажет. Бұл органдар ұйымның мақсатына сай құрылып, қызмет атқарады. Кез келген ұйым халықаралық құқық нормаларына қайшы ешқандай бағыт немесе мақсат ұстанбауы тиіс. Себебі халықаралық ұйымдар, халықаралық құқық нормаларына қайшы бағыт ұстанатын жағдайда, мемлекеттер арасындағы жанжалдарға жол ашуы әбден мүмкін. Бұл жағдай дүниежүзіндегі саяси тұрақсыздыққа жол ашпауы үшін, мемлекеттер өзара келіспеушілік мәселелерін дипломатиялық тәсілдер арқылы шешкені жөн.

Ғаламдық мәселелерді шешуде ерекше орын алатын халықаралық саяси ұйымдардың қатарына Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, т.б. жатқызуға болады. 1919 жылы құрылған «Ұлттар Лигасы» ұйымы жаңа заманғы халықаралық ұйымның негізгі бастауы болып табылды. «Ұлттар Лигасы» 1939 жылы өз қызметін тоқтатып, оның орнына 1945 жылы ең ірі, ең беделді саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда мүше елдердің қауіпсіздігі мен тыныштығының, өркендеуінің кепілі бола алатын, ғаламдық мәселелерді барлық мемлекеттердің жұмылып шешуін қамтамасыз ететін және «Ұлттар Лигасы» ұйымының жалғасы болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды. БҰҰ-ның басты мақсаты дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қазіргі заманның басты мәселелерін шешуге ат салысу, барлық мүше мемлекеттердің еркін дамуы мен гүлденуіне қолайлы жағдай тудыру болып табылады. Қазіргі таңда Біріккен Ұлттар Ұйымына 190-нан аса мемлекет мүше және аталмыш ұйымның есігі бейбіт сүйгіш барлық мемлекеттер үшін ашық. БҰҰ жұмысында кемшіліктері де жоқ емес. Оған себеп қазіргі дәуіріміздің көптеген көкейтесті проблемалары. БҰҰ-ның ширек ғасырлық өмірі іс жүзінде кейбір кемістіктеріне қарамастан, кейде оның Жарғыда белгіленген принциптердің бұрмалануына қарамастан, оның мемлекеттер арасында достық қарым-қатынастарты, ынтымақтастықты қалыптастырып, дамытудағы рөлінің даусыз екендігі белгілі. Жаңа ғасырдың басында БҰҰ-ның қайта құру мәселесі адамзат үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Оның шешілу тұрпаты жер бетіндегі саяси ахуал мен халықаралық қатынастар сипатына ғана емес,

сонымен қатар, жалпы әлемдік дамудың беталысын көпке дейін анықтар түрі бар.

Мемлекеттер арасында әр түрлі салаларда ынтымақтастықты кеңейту үшін көптеген үкіметаралық ұйымдар (ҮАҰ) құрылған: олардың ішінде әлемнің ең дамыған 24 мемлекеттін біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (1960), Еуропа Кеңесі (1949), Көмір және Болат Еуропалық Бірлестігі (1951), Еуропалық Экономикалық Бірлестік (Ортақ нарық, 1957), Атом Энергетикасы бойынша Еуропа Бірлестігі (Еуратом, 1957), Ашық сауданың Еуропалық ассоциациясы (ЕАСТ, 1960), Араб Мемлекеттері Лигасы (1945), Америка Мемлекеттері Ұйымы (1948), Африка Бірлігі Ұйымы (1963), және т.б.. 70-шы жылдардың басында үкіметаралық ұйымдардың саны 220-ға жетсе, қазіргі күні олардың саны 400- ге жетеді. Үкіметаралық ұйымдардың (ҮАҰ) және олардың қызметкерлерінің санының өсуі мемлекеттердің өзара тәуелді екенін және олардың көпжақты ынтымақтастығының өркендеп келетіндігін көрсетеді. [2] Сондай-ақ, ғаламдық саясаттағы беделі жоғары, дамыған ұйымдар ретінде Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын да атап өтуге болады. Себебі аталмыш екі ұйымның беделі мен ықпалы халықаралық геосаяси жүйеде маңызды орын алады.

Әлемдік тәртіптерге жаһандық экологиялық өзгерістер, соғыстар қаупі, ядролық қауіпсіздік, азық-түлік тапшылығы, әлемдік ортақ ақпараттану, түрлі жұқпалы індет аурулары, индустриалдық-техникалық ортақтану, халықаралық терроризм, наркотрафик, халықаралық заңсыз қару сату, халықаралық қылмыскерлік, адамдарды құлдыққа сату, діни экстримизм т.б. ғаламдық қауіп-қатерлер мен қайшылықтар үздіксіз өз ықпалдарын тигізіп отырады. Ашық, ақпараттық, технологиялық қоғамдар құру жағдайында аталған қауіп-қатерлер әрбір халыққа, әрбір мемлекетке және олардың азаматтарына өздерінің әсерін тікелей, немесе жанама түрде тигізеді. Ғаламдық қауіп-қатерлердің шиеленісуі әлемдік экономикалық, қаржылық дағдарыстарға себеп болуда. Жаһандық дағдарыстардан әрбір мемлекет зардап шегеді. Сондықтан әрбір мемлекет әлемдік дамудың ортақ мәселелерін шешуге мүдделі. Бірақта, қандай қуатты болмасын жеке бір мемлекет әлемдік мәселелерді шешуге қауқарсыз. Жаһандық қауіптер мен қайшылықтарға қарсы барлық мемлекеттердің бірлескен әрекеттері мен ортақ шаралары қажет. Әлемдік саясат мәні осындай зәруліктен туындайтыны белгілі. Әлемдік саясат – халықаралық қатынастар субъектілерінің, саяси акторлардың әлемдік мәселелерді, қауіптерді және қайшылықтарды бірлесіп шешуін ұйымдастырудың жолдары, бағыттары және әдістері болып табылады. Әлемдік саясат жаһандық мазмұндағы саясат. Себебі ол барлық халықтар мен мемлекеттерге ортақ саяси шындыққа тікелей қатысты.

Халықтар мен мемлекеттердің тарихи тағдырлары бір-біріне тікелей байланысты және тәуелді. Олардың өзара қатынастары мемлекетаралық деңгейде, халықаралық ұйымдар арқылы, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар

т.б. әлемдік саяси процесс субъектілері арқылы өтеді. Әлемдік саясат акторлары қызметтері адамзаттың сақталуы мен олардың өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейді.

Әсіресе ядролық және жаппай қыру қаруларының басқа да түрлерін қолдануға, сынауға тиым салу, оларды таратпау, сатпау мәселесін әлем мемлекеттері бірлесіп шешу қажеттілігін түсініп, ортақ шаралар жасай бастады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемдік жақындасу, бірлесу, ортақтасу, мүдделердің тәуелділігі сияқты үдерістердің күшеюі тереңдей түсті. Ортақ экономикалық, сауда, транспорт пен коммуникация ғылым мен ақпарат байланыстары халықтар мен мемлекеттерді өзара тәуелді ете түсті. Өзара келісіп, ортақ мәселелерді бірлесіп шешу міндеті зәрулікке айналды.

Адамзаттың дамуы демографиялық дағдарыс, экологиялық қыспақ, азық-түлік тапшылығы сияқты дәстүрлі қауіп-қатерлерге қоса, жаңа қауіптерге душар болуда. Олар ядролық қарулардың және басқа да жаппай қыру қаруларының бақылаусыз таралуы, халықаралық терроризм, түрлі жұқпалы індет ауруларының жаңа түрлерінің пайда болуы (Covid-19), адамдарды құлдыққа сату, жасырын миграция, аштық, діни экстремизм, наркотрафик т.б. қауіптер мен қайшылықтар. Әлемдегі бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына зардаптарын тигізетін осы қауіп-қатерлерден келетін шығындарды азайтуға бағытталған тиімді де күшті саясатты басқа мемлекеттермен үйлестіре отырып жүргізуге әлемнің әрбір мемлекеті мүдделі болып табылады.

Әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастардың өзара тәуелділік пен ортақтасу принципіне бейімделе түскендігі байқалады. Әлем халықтары мен мемлекеттері жаһандық қауіп-қатерлерді бірлескен күшпен өзара келісім нәтижесінде ғана шешуге болатындығын түсініп отыр.

Әдебиеттер:

1. Исмайлов А.И. Лекций по историй международных отношений. Учебник. Шымкент. 2007
2. Медеубаева Жанар Мұратбекқызы. Халықаралық қатынастар теориясы. Оқу құралы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. – 2006, 98 бет.
3. Борбасов С.М. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер. http://sarap.kz

ӘОЖ 323 (574) (07)

ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ - ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Сұлтанбек Айдана Сейлханқызы – 1703-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Қуандық Н.Ж. – магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье расматривается важность межнациональных дружеских отношений в Казахстане.

Кей адамдардың достығы бейіл емес, алдану, ал дұшпандығы кейіс емес, келісімге келе алмағандық екендігін кезінде қазақтың ұлы ойшылы Абай айтқан. Осы жерде, біздің планетадағы белгілі бір саяси немесе әлеуметтік проблемалардың түпкі себебінде қызғаныштың қаншалықты деңгейде қатысы

барын анықтау қиын. Алайда бір шындықтың басы ашық - әр түрлі ендіктерде лаулаған, әлде тұтана бастаған сандаған шиеленістер мен теке тіректердің негізінде қарапайым ғана «жарастықта өмір сүре алмаушылық» жатыр. Дәлірек айтқанда, жарасымды қамтамасыз етуге икемсіздік пен бейбіт мәмілеге қол жеткізуге сендіре алмаушылықта жатыр. Сол икемсіздік те, сендіре алмаушылық та іске қатысы барларға байланысты.

Қазақстан қоғамының өзі тәрізді елдегі ұлтаралық қатынастар да соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Экономикалық және саяси реформалауды жүргізу барысында жаңа әлеуметтік топтар түзілді, қоғамда ой еркіндігі мен төзімділік орнығу үстінде. Қоғамды демократияландыру Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдерінің қайта түлеуі және дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етті. Бұл даму күллі Қазақстан этностарының азаматтық біртұтастығы негізінде жүріп жатыр, мұның өзі ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігіне ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлтаралық қатынастардың жай күйіне әсер ететіні: өмір сүру деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық пен қылмыстың орын алуы, құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігі, этникалық оқшаулану үрдістерінің көріністері сияқты бірқатар объективті факторлар бар.

Соңғы кезде ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне әсер ететін мынадай да жаңа сыртқы факторлар пайда болды, бұлар:

– этноконфессиялық белгі бойынша геосаяси жікке бөліну ықтималдығы, сондай-ақ бұқаралық сана төзімділігінің төмендеуі;

– аймақта әскери-саяси тұрлаусыздық қатерінің туындауы, гуманитарлық апаттардың мүмкіндігі және босқындардың бақылаусыз ағынының пайда болуы;

– діни идеяларды жамылған экстремистік, террорлық және радикалдық топтардың құқыққа қайшы әрекеті;

– шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары, елдің заңдарын сақтамайтын діни бірлестіктер арқылы тобырлық мәдениет пен қазақстандық ділге жат мінез-құлықтардың таралуы;

– трансұлттық қылмыстардың өсуі.

Аталған факторлар ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік органдар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мынадай мәселелерді шешуі, әрі алдын алу жұмысын жүргізуі қажет:

– азаматтық біртұтастық, қазақстандық патриотизм, рухани-мәдени өзара іс-қимыл мен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігі негізінде қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру және нығайту;

– азаматтық қоғамды кезең-кезеңімен әрі дәйектілікпен демократияландыру, қалыптастыру және дамыту;

– Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне сыртқы қатерлер мен әсерлер ықпалын жою.

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған кезеңде оның алдына қойылған міндеттер бүгінгі таңда тұтастай алғанда орындалды. Елде күллі этностардың теңдігі, олардың тілдері мен мәдениетін қайта түлету мен дамыту қамтамасыз етілді.

Ұлтаралық мәселелерді шешуде белгілі бір әмбебап тәсілдер жоқ. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ащы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, біз нәзік те тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, біз өз мемлекетімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да, жол да бермеуге тиіспіз [1].

Ассамблея біздің мемлекеттік ұлттық саясаттың тарихында ғана емес, сонымен бірге әлемдік тәжірибеде «ұлттық мәселені» шешуде де жаңа беттер ашып берді.

Біз жаңа толыққанды қоғам - азат та тең құқылы адамдардың, өз елінің шынайы азаматтарының қоғамын құрдық. Ең бастысы - біз өзіміздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен келісімді, адамдардың жүрегінде өзара түсіністік пен сенімді сақтай алдық. Қазақстандықтар ұлттық төзбеушілік пен өшпенділікке ұрынбастан, шынайы біртұтас халыққа айналды. Осының бәрі алғашқы күннен бастап ұлттық келісімді өзіміздің басты басымдығымыз және мемлекет саясатының өзегі ретінде айықындаудың арқасында ғана мүмкін болды. Бүгінде еліміздің нақты табыстары елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңартудың саналық жаңа кезеңіне кірісуге мүмкіндік беруде.

Алғашында Ассамблеяның өмірге қабілеттілігі көпшілікке үлкен күмән туғызды. Ал бүгінде ондай түңілушіліктен түк те қалған жоқ. Қазір Қазақстан халқының Ассамблеясы - беделді, халықаралық тұрғыда мойындалған қоғамдық форум, ол еліміздің халықтарын үйлесімді біріктіріп, бірлесе отырып осы заманғы ең күрделі сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік берді.

Теңдестірілген тіл саясаты, Қазақстан халқының лингвистикалық байлығын молықтыру біздің бірлігіміз бен прогрестің негізі болып табылады. Өткен жылдарда қоғамымызда мемлекеттіліктің бүкіл ғимараты тұрғызылған іргетас ретінде қазақ тілі мен мәдениетінің рөлін терең түсінудің орын алуы өте маңызды. Сонымен бірге, бүгінде отандастарымыздың өз тағдырына өзі қожа болу құқығын нығайта отырып, біз сондай-ақ бабалардың тарихи, мәдени мұрасын, қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрлерін, рухани тәжірибесін толық мәнінде қалпына келтіріп дамытуға, сол арқылы шын мәнінде тең құқық беруге тиіспіз. Егер Ассамблеяның барлық мүшелері қазақ мәдениетін зерттеу мен таратуға барынша тікелей қатысатын болса, біз ел мен болашақ ұрпақтар алдындағы парызымызды өтеп шығамыз, деді өз сөзінде елбасы Н.Назарбаев.

Біздің еліміз өрлеу үстінде, біз өзімізге және өз күшімізге сенімдіміз. Өзіміздің өскелең мүмкіндіктерімізді ескере отырып, біз алдымызға жаңа мақсаттар мен міндеттерді батыл қоюдамыз. Біз этноконфессиялық келіспеушілік болашақ қақтығыстардың негізіне айналуына жол бермеуге

тиіспіз. Біз үшін және біздің өңір үшін бұл айрықша маңызды. Елді одан әрі жаңарту, шынайы азаматтық қоғамды дамыту, барлық азаматтардың, этностардың құқықтары мен бостандықтарын нағайту бағыты - бұл бүкіл Қазақстанның әл-ауқатының артуы мен өркендеуіне бастайтын жол, біздің болашағымызға бастайтын жол[2].

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Бейбітшілік прогресс және қоғамдық келісім. (Қазақстан халқы Ассамблеясы VIII сессиясында жасаған баяндамасы) // Егемен Қазақстан 2001, 25 қазан., 2 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Ынтымағы жарасқан елдің ырысы мол. (Қазақстан халқы Ассамблеясының XI сессиясында жасаған баяндамасы) // Егемен Қазақстан. 2005, 23 қараша, 3 бет.

ӘОЖ 94(575.2.0)

ЕЖЕЛГІ КАНГЮЙ «КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ» ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ТАРИХЫ (ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША)

Иззатуллаев Ж. – 114-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекші: Өтен Г.Ж. – т.ғ.к., доцент м.а;
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Резюме

В статье рассматривается общественно-политическая история древней кангюйской «кочевой империи» (по письменным данным).

Қазақстан жерінде көне тарихта елеулі із қалдырған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі - Қаңлы мемлекеті. Бұл туралы алғаш рет біздің дәуірге дейінгі ғасырдағы жазба деректерде айтылады. Осы деректерге сүйенсек, бұл мемлекеттің орталығы Орта Сырдарияда, яғни Оңтүстік өлкемізде орын тепкен деген болжам айтуға болады. Байқап қарасақ, сол ежелгі заманда-ақ қаңлылар белгілі ел, мемлекет болған. Онымен сол дәуірдегі белгілі Рим, Кушан, Қытай мемлекеттері қарым-қатынас жасаған. Ал Ұлы Жібек жолының бойын мекендеген қаңлылар жоғарыда аталған мемлекеттермен қатар Үнді, Иран, Египет сияқты алыстағы елдермен сауда қатынастарын орнатқан. Қаңлылар елінің жер көлемі де ұлан байтақ екен. Қазіргі Ташкент, Ферғана төңірегінен басталып, Қаратау бөктерлері үстімен Талас өзеніне дейін созылған үлкен алқапты алып жатқан.

Қаңлы - қазақ халқының этникалық негізін құраушы көне де байырғы тайпаларының бірегейі.Бізге жеткен дәйекті жазба деректер үйсін,қаңлы тайпаларының біздің жыл санауымызға дейінгі III-II ғасырлардың өзінде-ақ атағы бүкіл Азия құрылығындағы түркі әлеміне әйгілі болғанын,қуатты мемлекет ретінде бой түзегенін дәлелдегені қашан.Алайда, “Қаңлытану” проблемасы зерттеулер ісінде толыққанды, кешенді шешімін таба алмай келеді.

Ата-баба мұраларын зерттеп тарих қойнауының тереңіндегі қасиетті сырларды шешу,жаңғырту бүгінгі ғалымдар үлесіне тиетін зор міндет.Бүгінгі

Қазақстан Республикасының негізгі халқы-қазақтардың этникалық іргетасы саналған қаңлы,үйсін руларынан тұратыны белгілі.Олай болса,қаңлы тарихын зерттеу-республика тарихының іргетасын көтеретін өзекті де күрделі мәселе деп білу маңызды.

«Қаңлытану» проблемасының өзекті де күрделі мәселесі-Қаңлы мемлекеті және оның көшпелі түркі тайпаларының көне дәуірдегі өмірінде алған орны,өркениетті қоғам құру жолындағы атқарған игілікті істері. Шынында да, кең байтақ Орта Азияда егеменді ел болып,тәуелсіз мемлекет құрып отырған қазақ халқының қасиетті жерінде көне дәуірдің өзінде өркениетті қоғам болғанын дәлелдейтін деректер нені көрсетеді? Бұл көне рулық бірлестіктердің (қаңлы, үйсін) Қытай,Үнді, Кушан, Иран, т.б. осы сияқты өркениетті елдермен терезесі тең болып мәдени,әлеуметтік қарым-қатынас жасап келуі,қала қорған,қамал орнатып,сәулет өнерімен шұғылдануы-тым ерте қол жеткен өркениеттіліктің бір көрінісі болса керек [1].

Қаңлы тарихына қатысты жазылған арнайы зерттеу жұмыстары болмағанмен ол жөнінде баяндалатын материалдар өте көп. Мұндай материалдар көне қытай авторларының хабарынан бастап, Отандық, Ресей, Батыс авторлары еңбектерінде қамтылады. Әсіресе, бүгінгі тәуелсіз қоғам құрып отырған жағдайда ұлттық мұрамызды қайта жаңғырту кең құлаш алып келеді. Аталған тақырыпты қарастыруға мүмкіндік беретін алғашқы мағлұмат қытай деректерінде кездеседі.Қытайдың экспанциясының батысқа жылжуы Шығыс Түркістандағы, Қазақстанмен Орта Азиядағы жағдайды дәл білу қажеттілігін туғызды. Бұл орайда халықтармен тайпалардың мінез-құлқы мен әдет-ғұрпы, олардың өмір-салты, саяси құрылысы мен соғыс оқиғалары туралы материалдар мақсатты түрде жиналды. Бұл ақпарат әдетте барлауды мақсат ететін елшілердің, саудагерлердің, саясатшылар мен миссионерлердің Орта Азия иеліктеріне сапарларының нәтижесінде алынып жеткізіліп отыратын. Сонымен мәліметтер жинау Қытай әскерлерінің жорықтары кезінде жүзеге асты. Сондай жорықтардың ең ертедегі б.з.б 104-102 жылдардағы Хань әскерлерінің Ферғана алқабындағы Давань иелігіне жасаған жорығы болатын. Қазақстан халықтары туралы алғашқы анық мәліметтер император У-ди (б.з.б 140-86 ж.ж)батыс облыстарға жіберген тұңғыш қытай елшілігінің жетекшісі Чжан-Цяннан алынған. Чжан-Цянь «батысқа» б.з.б 138 жылы және б.з.б 115 жылы екі саяхат жасады.Оларда Сюндарға (ғұндарға) қарсы Орта Азия тұрғындары Юэчжилермен және Жетісу үйсіндерімен одақтасуға қол жеткізу мақсаты көзделген еді. Чжан-Цянь өз миссиясы барысында жат жерліктер шаруашылығының жай күйіне, олардың әскерлері санына,қару-жарақ санына ерекше назар аударды, сондай-ақ, олардың әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, киім-кешегінің ерекшеліктерінің бәрін жазып алып отырды [2].

Археолог А.Н.Подушкиннің зерттеуінне сүйене отырып біз археологиялық қазба жұмыстарынан табылған заттар «канцзюий-го»терминін саяси және этникалық мән беретінін көреміз. Ол бұл заттардың негізінде б.э.д.II – б.з. IV ғасырлар аралығында Оңтүстік Қазақстанда нақты көшпелі және отырықшы

халық дәстүрі болғаны жөнінде көптеген мағлұматтар аламыз деп атап көрсетеді [4].

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған ескерткіштер мен Қаратау жоталарындағы тастарға салынған суреттер мен таңбалардың орны ерекше. Олар ғылыми дерек ретінде саналатын тарихи қазына.

Қаңлылар - саяси-географиялық маңызы зор Оңтүстік Қазақстан аймағы, Сырдың орта ағысын тұрақты түрде мекендеп қана қоймай, Ұлы жібек жолының ең бай тармағына мың жыл бойы бақылау жүргізіп, өз дегенін батысы пен шығысына өктемдікпен өткізіп отырған, аса қуатты саяси біртұтас организмді құрап, отырықшы және көшпелі мәдениеттің тиімді жақтарын асқан шеберлікпен ұштастыра білген ірі мемлекет екендігін жоғарыда көрсеткен археологиялық мағлұматтар толық қуаттайды.

Ең бастысы қаңлылар – қазақ халқын құраған негізгі ру тайпалардың бірі. Өздерінің шаруашылық, мәдени тәжірибесімен қазақ халқының қалыптасып өркендеуіне Қазақ хандығының нығаюына үлес қосты.

Тарихи деректерге сүйене болсақ қаңлылар алғаш ертедегі парсының зороастризм отқа табыну дініне сенгендігін байқаймыз. Зороастризм діні қаңлылар арасында біршама кең тараса керек, қаңлылар өз жерінде осы дінге тағзым ететін арнаулы мекен – жай кесенесін салған екен. Оларды қытай деректері Шянсы деп атаған. Зороастризм отты, жарықты, тазалықты, жасампаздықты және туды – жақсылық, ал қараңғылықты, ыласты, ылайландыру азғындықты және өлімді – жамандықты деп санаған. Сондықтан қаңлы билеушілері өзінің этнозаңдарына қайшылық жасап адам өлтірген, азғындық жасаған, мал – мүлік ұрлаған қылмыстыларды жазалау сот жиналыстарын сол зороастризм дініне тағзым ететін Шянсы – храмдарда өткізіп отырған. Олар сол арқылы адамдардың санасына заң мен дін деген ұғымды терең сіңіруді көздеген.

Қаңлы мемлекеті - Қазақстан өңірінде құрылған әрі үрдіс сегіз ғасыр өмір сүрген, бойынша дамып өркендеген көне өркениет иесі. Қаңлы мемлекетінің тарихын қарастыра келе түрлі деректер негізінен мемлекеттіліктің мынадай элементтерін көрсете аламыз: Қаңлы мемлекетінің дара билеуші ел басы - патшасы болған; халқының тұрақты қоныс өңірі, территориясы болған; ел қорғайтын қарулы әскері болған; өздеріне қас әр дәрежелі басқару әскери әкімшілік құрылым жүйесі болған;мемлекеттік заң ережелері болған; ел ішінде қолданатын ақша белгісі- жармақ теңгесі болған;өздерінің төл жазуы болған, дербес ел санатында төңіректі елдермен, саяси, экономикалық байланыста болып, олармен саяси әскери келісім-шарттарда жасаған. Сондай-ақ, өздерінің дипломатиялық салтын қалыптастырған. Қаңлы мемлекетінде болған мемлекеттіктің осындай ерекшеліктерін сол замандағы кез-келген аталмыш мемлекет дегендермен салыстыратын болсақ, қаңлы мемлекеті олардың қай-қайсысынан да кем түсе қоймайды.Сондықтан да болар Қытай жазған ресми тарих-жылнамаларда сегіз ғасыр бойы қаңлыны «қаң жүй го-қаңлы мемлекеті»-

деп атауының сыры да осында болса керек. Сондықтан, Қаңлы мемлекетін қазақ мемлекетінің қайнар көздерінің бір арнасы деп қараған жөн.

Әдебиеттер

1. Кайдар Ә.М. Қаңлы (тарихи шежіре).Алматы. 2004.
2. Байпаков К.М.,Смагулов Е.А. Новые данные по археологии Отарского оазиса. Алматы. 1990.
3. Бернштам А.Н. Н.Я.Бичурин и его труд «Собрание сведение о народах,обитавших в Средней Азии в деревние времена».-Москва.1950.
4. Подушкин А.Н.Арысская культура Южного Казахстана(IVв.до н.э..-Vн.э.)(Дисс.на соискание учоной степени д.и.н.)Алматы,2002.

ӘОЖ 94(575.2.0)

ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДІНИ ӨМІРІ

Олжабай Н. – 130-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекші: Өтен Г.Ж. – т.ғ.к., доцент м.а;
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Резюме

в статье рассматривается религиозная жизнь жителей Южного Казахстана в раннем средневековье.

VI-XII ғасырларда, яғни ерте орта ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда қалалар тез өсті. Олар сауда мен қолөнердің, дін мен мәдениеттің тірегіне айналды. Батыс Түркістан жерінде Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Исфиджаб сияқты қалалар бой көтерді. Олардың көтерілуі таптық қоғамның шығуының айқын көрінісі еді. Ерте орта ғасырда Оңтүстік Қазақстан өзінің қалалары арқылы әлемдік қарым-қатынастан тысқары қалмай, Еуропа және Азия елдерімен Жібек жолы арқылы сауда жасасып, байланысын үзген жоқ. Бұл кезде Қазақстанның оңтүстігі басты және ірі қалаларының бірі – Исфиджаб (қазіргі Сайрам) болды.

Ақпараттық қоғам шеңбері аясында өзінің төл мәдениетін, яғни рухани және материалдық мұраларды сақтау қазіргі таңда маңызды болып отыр. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын және олар бүкіл әлемге жедел қарқынмен таралудың салдарынан жаңашылдық ескіні тез алмастыра алу қауіптері бар. Баршамызға мәлім, рухани мұра ата-баба салтын дәріптейтін бірден бір фактор болып саналады. Әсіресе қазақ елі сияқты дәстүрлі қоғамдар үшін ата-баба мұрасы, рухани мұра өмір сүрудің мәні, тіршілік көзі, ұлт діңгегі болып саналады. Тарихтан білетініміздей қазақтар бұрын тәңіршілдікті ұстанған, яғни сол тәңіршілдік айнала қоршаған дүниенің, жалпы адамдардың дүниетанымын толықтай қамтыған еді. Кейін келе ислам діні Ұлы Далаға енгеннен кейін қазақтардың дүниетанымы мен дүниеқабылдауында біршама өзгерістер орын алды. Қоғам дамыған сайын, уақыт өткен сайын қазақтар бірте-бірте ислам дініне ене бастады, бірақ өздерінің ұлттық дәстүрлерін ұмытпаған.

Қазақ тайпалары өзінің бұрыннан келе жатқан шаман дінін, ата-баба аруағын қастерлеуді ұстанып, ислам діні қағидаларына мән бермеді. «XIII ғасырдың басында мұсылман Хорезм билеушілері мұсылман емес Сырдариядағы және Торғай облысындағы қыпшақтармен соғысуына тура келді»-деп жазуына қарағанда, сол кездерде қазақ тайпаларының басым көпшілігі әлі мұсылмандық жолға түсіп, ислам дінін қабылдамаған сияқты. Рузбиханның жазуына қарағанда, қажет десеңіз XVI ғасырдың өзінде де қазақтар пұтқа табынушылар деп танылып, оларға қарсы «ғазауат» соғысына шығуды талап еткен. Өйткені шариғат заңдарын араб миссионерлері үндеп, үгіттеп, насихат жүргізгендеріне қарамастан, халық ата-баба аруағына, тәңірге, жұлдыз-айға ұзақ уақыт бойы сиынды.

«Ұлт тарихы ажырамас екі негізден құралады. Бірі – егемендік жолындағы ерлік күрестерден тұратын азаматтық тарих, ал екіншісі – ұлттың идеологиялық бағдарын орнықтыру жолында жасалған рухани тарих. Біздің азаматтық тарихымыз көптеген іргелі зерттеулерге арқау болды. Жеткілікті түрде назар аударылмай келе жатқан үлкен бір бағыт біздің рухани тарихымыз дер едік» деп жазады Ш.Уалиханов. Қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық нанымен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дін құрайды. Осы екі діннің, қазақ нанымына мидай араласуына ертеден келе жатқан шамандық дін негіз болды демекпіз» дейді. [2].

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің шындықтағы болмыс тәсілінен, дүние түйсінуінен туындаған. Академик Ғарифолла Есім "Хакім Абай" кітабында: тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес, ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырымдаған. "Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі", –дейді [4].

Яғни, біздің арғы ата-бабаларымызға догматталған діни жүйелерге қарағанда, ашық дүниетаным тұрпатындағы сенім көбірек тән, жан дүниесі мен рухани ізденістеріне әлдеқайда жақын. Барлық діни жүйелердегі тәрізді тәңірлік сенім де табиғат күштерін құдіреттендіруден, құпия тылсым тіршіліктің терең қатпарларынан тамыр алады. Алайда, Тәңірге табыну діни түсінік эволюциясындағы табиғат діндерінен кейінгі жоғары саты болды. Барлық халықтар рухани дамуында діни көзқарастар эволюциясын бастан өткізді. Әрине, оны бірінен соң бірі келетін діни жүйелер хронологиясы деп қарастыруға болмайды, шындық әрқашан теорияға қарағанда әлдеқайда күрделі, көпжақты болып келеді.

Араб қолбасшысы Кутейб ибн Мүслім әскері Қазақстанның оңтүстігіне 715ж. VII ғ. басып кірді. Қазақстан тұрғындарының исламдануы осы кезден басталады. Осы кезде Мауеренахрдағы бауырластарына үнемі қол ұшын беріп отыратын Түркеш қағанаты Орта Азиядағы арабтардың жаулап алған жерлеріне үлкен қауіп төндірді, себебі олар Шаш (Ташкент) пен Ферғананың, Самарқант пен Бұхараның жергілікті тұрғындарын қолдап отыру үшін әскер жіберіп отырды. Арабтардың Испиджабқа (Сайрам) жоғарғы түркештердің қолбасшысы Әбу Мырзақым (Сүзеген) қаған араб экспанциясына сәтті тойтарыс берді. Басында арабтар Оңтүстік Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. 737 ж.деп келеді Ә.Қоныратбаев деректерінде. қарай түркеш атты әскерінің көмегімен Мауереннахр әскері жерлерін шетелдіктерден тазартты. Бірақ таққа талас барысында Сүзегеннің өлтірілуі түркеш мемлекетін әлсіретті, сол себепті арабтың аймақ бастығы Наср ибн Сейяр осы жылдан бастап Орта Азиядағы араб билігін қалпына келтіре бастады.

Міне, осыдан кейін кең далада емін-еркін көшіп-қонған қазіргі Қазақстан территориясындағы түркі тайпалары арасынан ислам дінін тарату үшін миссионерлер ағылды. Олар көшпенді халыққа күштемей-ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Оларға қазіргі қазақ халқын құраған тайпалар ұстанған дін, исламға көп жағынан кереғар еместей болып көрінді. Мәжауиндік шаман дінін оңай ығыстыруға болады деп санады. Сол себепті де олар бұл тайпаларды «hаза хақ» – «hазақ» (бұл арабша сөздің мағынасы—«бұлар дұрыс, жолы дұрыс») деп атады. Содан барып, «қазақ» деген термин қалыптасып кетті дей аламыз.

Бойында араб, иран мәдениеттерінің нышандары бар ислам мәдениеті ерте орта ғасырдағы қазақ мәдениетінің қолөнерлік, зергерлік салаларына әсерін тигізбей қоймады. Мұны біз Оңтүстік Қазақстанда, Жетісу өңірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінен көре аламыз. Онда IX - XII ғасырдағы Ислам елдері қалаларына тән рабаттары, мешіт, моншалары бар қала құрылыстары табылған. Нағыз мұсылмандық құлшылық орындары мешіттер құрылысына тоқталатын болсақ, олар алғашқы кездері, яғни IX - X ғасырларда бұрынғы шіркеу ғимараттарын мешітке бейімдеп қайта өңделген. Ең алғаш салынған мешіт ғимараттары Оңтүстүк Қазақстан облысындағы Құйрық - Төбе (X ғ.) елді мекенінде табылған. Алғашқы медреселер де осы маңдарда ашылған. Қалай болғанда да Ислам түркі дүниесінде ежелден қалыптасқан құлшылық, ғибадат үлгілерін түбірімен ығыстыра алмады.

Сонымен қатар, Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан территориясында мистикалық - сопылық мәдени дәстүр нығая түсті. Бұл дәстүр бүкіл түркі дүниесіне ерекше қарқынмен тарап, түркі тіліндегі мистикалық поэзияның өрбуіне үдеу берді. Сопылық негізінен түркі дүниесінде бұған дейін қалыптасқан дүние таным заңдылықтарымен үйлесімділік тапты. Жетісу жерін мекендеген халықтар тарихта осы уақытқа дейін көшпенділер ретінде танылды. Ал жаңа зерттеулер таулы аймақтарда қалалардың болғанын, егіншілікпен айналысқан отырықшы халықтың болғанын және олардың діни сенім-нанымдарын олардан

қалған есерткіш сырлары көрсетті. Соңғы зерттеулерге археология саласындағы жаңа технология арқылы қол жеткен.

Әдебиеттер

1. Д.Өмірзаққызы. Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед Пайғамбардың өмірі. Мадина кезеңі. Алматы. 2003
2. *Ш.Уәлиханов.Таңдамалы шығармалар жинағы.- Алматы. 1985*
3. Шүлембаева Қ. Ислам дінінің топтық және әлеуметтік мәні. Алматы. 1970.
4. Ғ.Есім.Хакім Абай. Алматы. 1996.
5. Орынбеков.М.С.Қазақ сенімдерінің басталуы. Алматы. 2002.

УДК 128

«РАЗМЫШЛЕНИЕ О ЖИЗНИ И СМЕРТИ»

Айхожаева Севара – Студентка группы 1702-89

Научный руководитель: Турашбеков А.К.- к.ф.н., доцент

Южно - Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Түйін

Адамның, оның өмірі мен өлімінің проблемасы үлкен уақыт аралығында ойшылдардың назарын аударып қана қоймайды. Көптеген адамдар адамның өмір сүру құпиясын ашуға, өмір деген не деген мәңгілік сұрақтарды шешуге тырысты. Өмірді қалай ұзартуға болады? Бұл мүмкін бе? Тіршіліктің пайда болу құпиясы туралы сұрақ өлімнің мәні туралы мәселені тудырады. Өлім деген не? Адам өлімнің алдын алып, өлмес бола ала ма? Ақырында: біздің әлемде не өмір сүреді - өмір немесе өлім? Мен өзімнің жұмысымда осы туралы ойлағым келеді.

«Научить людей ценить жизнь» — с этой задачей лучше всего справляется смерть.

Жизнь и смерть - вечные темы духовной культуры человечества во всех ее подразделениях. О них размышляли пророки и основоположники религий, философы и моралисты, деятели искусства и литературы, педагоги и медики. Мне кажется, вряд ли найдется взрослый человек, который рано или поздно не задумался бы о смысле своего существования, предстоящей смерти и достижении бессмертия. Эти мысли приходят в голову детям и совсем юным людям, о чем говорят стихи и проза, драмы и трагедии, письма и дневники. Только раннее детство или старческий маразм избавляют человека от необходимости решения этих проблем.

Жизнь - бытие, свойство индивида, характеризующееся осознанием себя "я существую. Жизнь такова, что каждый ведет себя как вечный, не желая думать о кончине и сопротивляясь ей. Это общее свойство всех видов жизни, в том числе самых простейших. Наверно одним из главных вопросов человеческого существование является вопрос в чем смысл жизни? Существует множество концепций смысла жизни, но все они сводятся к одному – смысл жизни в возможности реализовать себя как личность, найти в себе гармонию. Совершенствуя себя, личность совершенствует окружающий мир. Так само понятие «жизнь» обретает ценность, т. е. смысл жизни в самой жизни. Альбер Камю (1913 — 1960) сделал главной проблемой своей экзистенциональной философии проблему смысла жизни.

Главный тезис философа — жизнь человека в сущности бессмысленна. Большинство людей живет своими мелкими заботами, радостями, от понедельника до воскресенья, из года в год и не придает своей жизни целенаправленного смысла. Те же, кто наполняют жизнь смыслом, тратят энергию, мчатся вперед, рано или поздно понимают, что впереди (куда они изо всех сил идут) — смерть, Ничто. Смертны все — и наполняющие жизнь смыслом, и не наполняющие. Жизнь человека – абсурд. Камю приводит два главных доказательства абсурдности, безосновательности жизни.

• соприкосновение со смертью — при соприкосновении со смертью, особенно близкой и внезапной, многое, ранее казавшееся важным для человека, - увлечения, карьера, богатство — теряет свою актуальность и кажется бессмысленным, не стоящим самого бытия;

• соприкосновение с окружающим миром, природой — человек беспомощен перед существующей миллионы лет природой.

В итоге смысл жизни, по Камю, находится не во внешнем мире (успехах, неудачах, взаимоотношениях), а в самом существовании человека.

Мировая религия - ислам – исходит из факта происхождения человека волей всемогущего Аллаха, который, прежде всего, милосерден. В отличие от других религий, земная жизнь в исламе оценивается высоко. Тем не менее, в Последний день всё будет уничтожено, а умершие воскреснут и предстанут перед Аллахом для окончательного суда. Вера в загробную жизнь является необходимой, поскольку в этом случае человек будет оценивать свои действия и поступки не с точки зрения личного интереса, а в смысле вечной перспективы. Разрушение всей Вселенной в день Справедливого суда предполагает творение нового совершенного мира. О каждом человеке будет представлена «запись» деяний и мыслей, даже самых тайных и вынесен соответствующий приговор. Таким образом, восторжествует принцип верховенства законов морали и разума над физическими закономерностями. Морально чистый человек не может находиться в униженном положении, как это имеет место в реальном мире. Ислам категорически запрещает самоубийство. Описания рая и ада в Коране полны ярких подробностей, дабы праведники могли полностью удовлетвориться, а грешники получить по заслугам.

Что касается смерти. Это вполне естественный процесс перехода из живого состояния в неживое. Живое и неживое, выживание и не выживание — это две стороны единой окружающей нас природы. Один из основоположников танатологии М. Ф. К. Биша говорил, что жизнь — это совокупность явлений, противящихся смерти.

Мне бы хотелось обратиться к истории и немного рассказать о Египетской версии смерти. Власть фараона над народом Египта, превосходство египетского государства над соседними племенами и царствами утверждались все крепче. Но как же сочетать это с самым страшным, что ожидает человека, — со смертью? Такое невиданное могущество — такая власть, и вдруг все это

уничтожается смертью... Не может этого быть и не будет! Ни в одной другой цивилизации этот протест против смерти не нашел столь яркого, конкретного и законченного выражения, как в Египте.

Раз удалось создать на земле такую, все себе подчинившую мощь, неужели нельзя ее увековечить, т. е. продолжить за порогом смерти? Ведь природа обновляется ежегодно, ведь Нил,— а Египет, как писал Геродот, это «дар Нила»,— разливаясь, обогащает своим илом окрестные земли, рождает на них жизнь и благоденствие, а когда уходит обратно, наступает засуха: но и это не смерть, ибо затем — и так каждый год — Нил разливается снова!

И вот рождается вероучение, согласно которому умершего ждет воскресение. Могила для него лишь временное жилище. Но чтобы обеспечить умершему новую, уже вечную жизнь, нужно сохранить его тело и снабдить в могиле всем, что ему было необходимо при жизни, дабы дух мог вернуться в тело подобно тому, как Нил возвращается ежегодно на орошаемую им землю. Значит, надо бальзамировать тело, превратить его в мумию. А на случай, если мумификация окажется несовершенной, надо создать подобие тела умершего — его статую. Страстное желание остановить, побороть смерть, которая представлялась египтянам «ненормальностью», нарушением естественного течения жизни, страстная надежда на то, что смерть поборима, породили культ, наложивший свою печать чуть ли не на все искусства древнего Египта. Это первобытное представление о смерти вызвало в Египте установление погребальных обрядов, которые сохранились в течение всей египетской истории.

Я считаю, что если люди умирают, значит это кому-нибудь нужно. А если серьёзно, то так уж устроен мир... Не только человек, но и всё живое на Земле смертно. Но, умирая, всякое живое существо оставляет после себя след. Именно таким путём и происходит развитие. Интересно только - зачем это нужно? Кому это нужно? Ведь вечного ничего не бывает... Наверное, каждый здравомыслящий человек хоть раз в жизни задавал себе эти вопросы. Но вот ответ на них пока так и не найден... Поэтому нужно просто жить, просто делать добро, чтобы оставить тем, кто будет после нас хоть что-то хорошее. Как знать, быть может это что-то сможет помочь кому-то и тогда нас помянут добрым словом. Несмотря на то, что мы его не услышим...

Литературы:

1.Турашбеков А.К. Философия истины.
2. Коган Л.А. Цель и смысл жизни человека. М.,1984.
3. Карпов М.М. Смысл жизни человека. – Ростов н/Д., 1994.
4.Панцхава И.Д. Человек, его жизнь и бессмертие. М., 1967.
5. Провоторов В. Смерть. – М.:Человек и природа, 1991.
6.Арьес Ф. Человек перед лицом смерти. М., 1992.
7. Философский энциклопедический словарь. – М.: ИНФРА-М, 1998

ӘӨЖ

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАДАҒЫ «ОТБАСЫ» ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ (ТОЛЫҚ ОТБАСЫ, ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ, МҮГЕДЕК БАЛАСЫ БАР ОТБАСЫ, ІШІМДІККЕ САЛЫНҒАН ОТБАСЫ ЖӘНЕ Т.Б)

Тұрап Ж.М. – 123-17 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі:Әбішева Л.П – п.ғ.к..аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті,Шымкент

Резюме

В статье рассматривается понятие «семья» в социальной педагогике и его виды.

Отбасы дегеніміз-адамдардың туыстық қатынаста бірлесіп өмір сүретін жанұялық орта болып табылады. Сол ортада дүниеге келген балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мағыналы да мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік қатынаспен байланысқа түскен адамдар тобы.

Отбасының негізгі және маңызды сипаты-оның атқаратын қызметі, құрылымы және динамикасында. Әрбір отбасының өз құндылықтары бар, сондықтан әр отбасы мықты да берік қамал болып қалыптасуы тиіс! «Отбасы-кішігірім мемлекет» деп бекер айтылмаған. Сондықтан мемлекет ең алдымен отбасынан басталады. Сонымен қатар отбасындағы әрбір мүшенің тұла бойындағы асыл қасиеттер мен мінез-құлық жарқырай көрініп, қалыптасады[2]. Отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқаруы, бір-бірін құрметтеп сыйлауы-балалар үшін үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе болып қарастырылады. Себебі, баланың жеке тұлға болып қалыптасуында отбасының рөлі зор.

Отбасының басты мүшелері: әке мен шеше. Олар жанұя мектебінің ұстаздары болып есептеледі. Әке мен шешенің өз балаларына қоятын ең бірінші талап пен тілектері-баланың «Әдепті бала» болып өсуі[1]. Қоғамда әдеп–инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуына отбасының маңызы орасан зор. Әрбір жанұяның қос тіреуі-әке мен шеше өздерінің отбасылық міндеттері мен құқықтарын мүлтіксіз орындаса, отбасында, бүкіл қоғамда, елде бейбіт пен берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ. Демек, өздерінен кейінгі қалыптасып келе жатқан ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ, мәнді де мағыналы бақытты өмір қамтамасыз етілмек!

Отбасының бірнеше түрі бар. Олар: толық отбасы,толық емес отбасы,мүгедек баласы бар отбасы,ішімдікке салынған отбасы.

Баланың толыққанды өсіп, ер жетуі, білім алуы, дұрыс тәрбие көруінде отбасының рөлі зор екендігін жоғарыда айтып өттік. Әсіресе, толық отбасы баланың дамуында жақсы із қалдыра алады. Толық отбасы дегеніміз-әке-шешесі бар отбасы. Толық отбасында ата-анасы, балалары және әке жағынан

да, шеше жағынан да аға ұрпақ өкілдерінің болуын жатқызамыз. Мұндай отбасындағы қарым-қатынас көбінесе өзара түсіністікке құрылып, бала дамуына оң ықпалын тигізеді. Толық отбасыдан шыққан балалардың өз-өзіне сенімді, батыл болып келетіндігі содан.

Ал толық емес отбасы, әке-шешесінің біреуінің ғана болуы. Мұндай отбасыдан шыққан балалар әдетте өздерін төмен ұстап, өз-өздерін бағалау дағдылары әлсіз болып келеді. Толық емес отбасыларға ажырасу немесе әке-шешесінің бірінің қайтыс болуы мысал бола алады.

«Толық емес» немесе «ажырасқан отбасы» бұл сөзді естіген құлаққа үйреншікті дүние деп қабылданатын болды. Алайда, осындай отбасында тәрбие көрген баланың психологиялық денсаулығы, өмірді қабылдауы ерекшеленетіні сөзсіз. Бала үшін отбасы-жылулық пен мейірімділіктің, махаббаттың көрінісі, баланы ол жерде әрдайым күтеді, кез-келген жағдайда балаға қамқорлық көрсетеді. Бұл – толық отбасыдағы көрініс. Толық отбасынан толық емес отбасына айналу-ата-анаға да, балаға да ауыр соққы. Алайда, ата-ана қалыптасқан тұлға ретінде өз істеріне жауап бере алады. Ал бала даму үстінде, оның жан дүниесіне, өмірге деген көзқарасына кез-келген нәрсе әсер етеді. Толық емес отбасындағы бала үшін ең бірінші соққы, ол – ата-ананың жиі ұрыс-керісі, әкенің не ананың ішімдік ішуі, әкенің анасына қол көтеруі. Бұл жағдайда отбасы өзінің қамқоршы функциясын жоғалта бастайды. Ашу үстіндегі ата-ана өз өшін балаға ұрсу, балағаттау арқылы шығарады. Бала үшін келесі соққы-ажырасу. Бала үшін ана-жарық күн болса, әке-асқар тау. Жанына жақын екі адамның бір-біріне деген ренішін көрген бала, екі оттың ортасында қалғандай болып өз-өзін кінәлі санайды. Қолынан ештеңе келмейтіндей сезініп, өз ойын ашық жеткізуге жүрексініп, жасық болып өседі[4].

Дамуында кемістігі бар баланың болуы отбасының әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне әкеліп соғады.

Көптеген ата-аналар отбасы материалдық шығындарының өсуімен кемтар баланы емдеу және тәрбиелеу үшін жұмыстарын тастап кетуге мәжбүр болады. Ал кейбір ата-аналар, әсіресе әкелері туындаған мәселені көтере алмай отбасын тастап кетеді. Толық емес отбасында тәрбиеленген балалар жағымсыз іс-әрекеттерге бейім және үлгерімі төмен болады. Кейбір ата-аналар балаға қажетті көңіл бөлмейді, соның салдарынан бала өзімен-өзі өседі. Бұл бала кемістігінің тереңдеуіне, екінші бір ауытқудың пайда болуына әкеп соқтырады. Ал кейбір ата-аналар баласын шексіз еркелетіп қорғайды, аялайды, барлығын кешіреді, бала үшін барлығын өзі жасайды. Нәтижесінде, қолынан ештеңе келмейтін, қорғансыз ерке мүгедек бала пайда болады. Мұндай отбасылармен нәтижелі жұмыс жүргізу үшін отбасылық эмоциялық қарым-қатынастарды зерттеу қажет[3].

Маскүнемдік-қоғам тыныштығын бұзатын зиянды кесел. Тәртіп сақшыларының мәлімдеуінше қылмыстардың көпшілігі осы ащы суды ішудің салдарынан орын алады екен. Мастықтың соңы төбелес, ұрлық, зорлық-зомбылық, кісі өліміне

дейін апарып жатқан жайттар өте көп. Мас күйде көлік жүргізіп, апатқа ұшырап, қаншама адамдардың жанын қиған жағдайларды ақпарат құралдарынан көрудеміз. Арақ адамның санасын тұмандатып, есеңгіретететін, адамша ойлаудан мақрұм ететін зиянды ішімдік. Осы себепті, маскүнем адам өзі үшін де, айналасындағылар үшін де қауіп көзі болып табылады.

Балаға жақсы тәрбие беруде, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда отбасындағы тәрбие стилінің де орны ерекше. Ол стильдер мыналар:

- Демократиялық стиль;
- Бақылаушы стиль;
- Авторитарлық стиль;
- Либералдық стиль;
- Кері қайтару стилі;
- Индифферентті стиль;
- Гиперсоциалды стиль;
- Эгоцентрикалық стиль;
- Беделдік стиль[5];

Отбасы тәрбие стилінің бала дамуына әсері әлеуметтік қауіпсіздік немесе қорғансыздық сезімі, мейірімділік немесе қатыгездік, гиперактивтілік және тағы сол сияқтылар болуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1.Асанова Г. «Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі» Қазақстан мектебі №1, 2007ж

2.Макаренко А.С. Ата-аналар кітабы. –А., 1985.

3.Закон «О социальной и медико-педагогической поддержке детей с ограниченными возможностями» от 11.07.2002. (№ 343 - // РК).

4.Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение М.,1991.

5.Лодкина Т.В. Семейный социальный педагог: теория и практика. Москва; Вологда, 1997.

ОӘЖ 378(075.8)

АБЫЛАЙ ХАН

Қаржау Н.Н.– 1602-19 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Марина Г.А. - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме:

в статье поднимаются вопросы про Абылай хана, о его походах, о семье и памяти Абылай хана.

Абылай хан - сұлтан, содан кейін Орта жүз ханы, ірі мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат. Абылай хан — 1771—1781 жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. Арғы тегі Ақ Орданың негізін қалаған Орда Ежен ханнан бастау алады. Абылай онымен қоса Ұрыс хан, Барақ хан, Әз-Жәнібек хан сияқты билеушілердің тікелей ұрпағы. Абылай хан қазақ тарихындағы бірегей тұлға Кенесары ханның атасы. 1740-1750 жылдары ол Жоңғариямен

бейбітшілік орнатты, 1760 жылдары Ресеймен және Қытаймен тікелей дипломатиялық байланыс орнатты. [1]

Абылай хан 1711 жылы Түркістанда дүниеге келген. Оның шын есімі - Әбілмансұр. Жоңғар шапқыншылығы кезінде оның әкесі Көркем Уәли сұлтан өлтірілді. Кейбір мәліметтер бойынша, ол ішкі күрес кезінде өлтірілген. Орта жүз Самарқандқа қоныс аударуға мәжбүр болды. 12 жасар Әбілмансұр далаға қашып, шыққан тегін жасыруға мәжбүр болды. Содан ол жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Әбілмәмбет төренің жылқысын да бағады. Бұл, Ш.Уәлихановтың айтуына сүйенсек, Абылайдың 13 жасар кезі болса керек. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады.Ол құл Ораздың қолында өскен және қарапайым қойшы болған. [2]

20 жасында Әбілмансұр жоңғарларға қарсы күресте үш жүзді біріктірген сұлтан Әбілмамбеттің әскеріне қосылды. Абылайға атақ қалмақтың бас батыры, қонтайшы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде күйеу баласы) Шарышты өлтірген соң келеді. 1731 жоңғарлар мен қазақтар арсындағы соғыста жекпе-жек болады. Оған жауласқан екі жақтың хандары да қатысады. Осы жекпе – жекке жоңғарлар Қалдан Серен ханының жақыны, атақты батыр Шарышты шығарады. [3] Қазақ жасақтарынан оған қарсы шығуға ешкімнің жүрегі дауаламайды біраз тыныш тұрып қалса керек. Сонда Шарыш: «Ең мықты батырыңды шығар, болмаса туыңды жығып жеңілді де! – деп айбар шегеді. Осы кезде Сабалақ намысқа шыдамай, Әбілмәмбет ханнан сұранып сайысқа шығады. Ол майданға шыға сала «Абылай-лап, шауып барып Шарыштың басын шауып түсіріп: «Жау қашты, жау қашты!» деп, жоңғар тобына тұра ұмтылады, жиылған жұрт оның артынан лап қояды. Есі шыққан жоңғарлар алды – артына қарамай тым – тырақай қаша жөнеледі. Абыр – сабыр басылып, ел қайта жиналғанда Әбілмәмбет хан Сабалақтан: «неге Абылайлап ұран салдың?» деп сұрайды. Сонда ол «өз атым Әбілмансұр, мен қанышер атанып кеткен Абылайдың немересі едім, соғыста жолы болатын атамның атын шақырғаным – жолым болар ма дегенім ғой» - дейді. Сол орында – ақ Әбілмәмбет оған атың «Абылай» болсын деп, үш жүзден тоқсан жақсыны ертіп барып, Жәнібек деген кісіден бата алыпты. Жеңістен кейін ол Орта жүздің сұлтаны болды. [4]

1738-1741 ж. Абылай бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншылырына бірнеше мәрте соққы берді. 1740 жылы Әбілмамбет, Абылай және 120-ға жуық сарбаздар Орынборға келіп, Ресей империясының патронаты туралы келісімге қол қойды.

1741 жылы Абылай жоңғарларға тұтқынға алынды. Басқа дереккөздерде бұл 1742 жылы болған деп жазады. Тұтқында болған кезде ол моңғол тілін үйреніп алды және Қалдан-Сереннің қонтайшысына жиі барды. 1743 жылы Әбілқайыр хан мен Төле би Орынбор әкімшілігіне жүгінгеннен кейін босатылды. Басқа дереккөздер оның босатылуына Карл Миллердің Жоңғарияға

Ресей елшілігінің келуі ықпал еткенін атап өтті. Сол жылы Абылай Қалдан-Серенмен келісімге келе отырып, жоңғарлар мен қазақ хандықтары арасында бейбітшілік орнатуға қол жеткізді. [5]

1754-1755 жылдары қырғыз әскерлері Жетісуға басып кірді. Абылай әскер жинап, дұшпандардың шабуылына тойтарыс беріп, Іле мен Шу аралықтарын босатты. Сонымен бірге сұлтан қазақтар мен қырғыздардың Нарынқолдан Қордайға дейінгі шекарасын анықтады, ол бүгінгі күнге дейін жеткен.

1752-1757 жылдары Абылай Жоңғар хандығындағы өзара соғысқа қатысып, сонымен бірге Ертістің жоғарғы ағысы мен Зайсан ойпатындағы көшпелі қазақтарды насихаттады. 1756 жылы жоңғарлар маньчжурлардан жеңіліп, Абылай қытай богдыханының протекторатына кірді. Сонымен бірге ол Ресей империясының азаматтығына адал болып қала берді. Сондай-ақ, қазақ сұлтаны Солтүстік-Батыс Жетісуда көшпелі лагерлерді таратуға тырысты. 1757 жылы ол ханның үлкен ұлы Әбілмәмбет Әбілфайызбен бірге Бейжіңге барды және Қытай императорының бодандық князі ретінде азаматтығын қабылдады. [6]

1765-1767 жылдары Абылайдың Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысы кезінде қазақтар Түркістанды, Шымкентті, Сайрамды жаулап алды, сонымен қатар Ташкент оларға салық төлеуге міндетті болды. 1765-1770 жылдары Сұлтан қырғыздарға қарсы жорықтардың нәтижесінде Қазақ хандығының шекараларын кеңейтті. 1771 жылы ол Еділ бойында қалмақтарды жеңді.

Хан Әбілмамбет 1771 жылы қайтыс болды. Сұлтандар мен ру басшылары Абылайды жаңа билеуші етіп сайлады. Бұл шешімді Әбілфайыз қолдады. Абылай бүкіл қазақ халқының ханы ретінде танылды. [7]

Осыған қарамастан, 1778 жылы Екатерина II патшайым Абылай ханның тек Орта жүзді бекіту туралы жарлыққа қол қойды. Сонымен бірге оның күші аға жүздің едәуір бөлігін қамтыды. Императрица ханға әскери қолдау қажет болған кезде оған әскер жіберуден бас тартты. Кейіннен Абылай хан өзінің орыс тағына берген антын растауды бірнеше рет кейінге қалдырды.

Абылай Ресей мен Қытай империяларының арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастаған кезде мұсылман елдерінің басын қосуға ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберу ниеті де болды. Қытаймен қатынас жақсара бастаған кезде орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруымен хандық белгілерді қабылдау үшін 1779 жылы қазан айында Петропавл бекінісіне барудан бас тартты. Пугачев соғысы кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» бойындағы орыс бекіністерін шапты. [8]

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара

жорға», «Қоржынқақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы.

Абылай өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. Абылайдың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Қазақ халқының жадына Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай хан қазақ халқының жадында қазақ мемлекетін нығайтуға бар күш-жігерін салған билеуші ретінде қалды. Оның бейнесі күйлерде және өлеңдерде шырқалды, оның тұлғасы қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің назарын аударды. 1991 жылы Алматыдағы Коммунистик даңғылы Абылай хан даңғылы болып өзгертілді. Ол Панфилов пен Желтоқсан көшелерінің арасында орналасқан. Оңтүстігінде Ұлттық кітапхана ғимаратымен, солтүстігінде «Алматы-2» вокзалының теміржол вокзалы ғимаратымен жабылады. Сонымен қатар вокзал алаңында қазақ билеушісіне арналған ескерткіш бар. [9]

Азаттық күрестің жалынды басшысы Абылай ханның асқақ тұлғасы, ақыл-парасаты Бұкар, Үмбетей, Шәді төре Жәңгір ұлы жырларында, ақындар Көпбай Жамантайұлы, Мәжит Айтбаевтың дастандарында, І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың Қ. Жұмаділовтың, т.б. туындыларында сомдалды. Оның ұлағатты өмірі мен ішкі, сыртқы саясаты отандық және шетел ғалымдарының (Ш. Уәлиханов, В.В. Бартольд, Н. Мыңжани, Р.Б. Сүлейменов, М. Мағауин, М.Б. Ожотт, Дж. Уилер, т.б.) назарын аударып келеді. [10]

Әдебиеттер

1. «Бес ғасыр жырлайды» 1 т., Алматы, 1989, 76-77-6.
2. Уалиханов Ш.Ш. 1т., 217-6.
3. Абылай хан. Тарихи жырлар, т.4. Алматы, 1993,67-6.
4. Алаштың айбын ардағы Абылай хан. Алматы, 2003, 19-6.
5. Қазақ совет энциклопедиясында 120.356-6.
6. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч., т.4 246-247 -6.
7. Әбуов. Қ. Қазақтың ұлы ханы -Абылай хан.//Көкшетау, 20 маусым 1991.
8. Абылай хан және билер. //Жұлдыз № 12 1983 ж.
9. Байсеркенов М. Абылайдың ақырғы күндері // Жұлдыз № 6 1996 ж.
10. https://massaget.kz/qaarc/qa/18844/

ӘОЖ 811.512.122

САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОДИАЛЕКТИЗМДЕР

Рахимберди Г.Е.-1701-20 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Пазылова А.С.-аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье освещаются пути возникновения, развития диалектной лексики, рассматриваются этнодиалектизмы, отражающие природу казахского этноса.

The article highlights the ways of the emergence and development of dialect vocabulary, examines the ethno-dialectisms that reflect the nature of the Kazakh ethnic group.

Диалектілік лексика – халық тілінің этнолингвистикалық бояулы деректері мол сақталған саласы. Белгілі ғалым Ә. Қайдар этнолингвистиканың диалектологиямен сабақтастығын оның зерттеу мақсатымен байланыстырады, ол – этносқа қатысты «тіл қорының қойнау-қойнауларын тінте қарап, тірнектеп жинау, түгел қамту». Ә. Қайдар этнолинвистикалық зерттеудің мақсатына қарай «этнос болмысы» ұғымымен, ал «тіл» дегенді «тіл әлемі» терминдерімен атауды ұсынады. «Этнос болмысы» - этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реалды шындық. «Этнос болмысы» - этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы [1, 11].

Этнолингивистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (В.Гумбольдт, В.Вунд, А.А Потебня, Г.Шухардт, Ф.де.Соссюр т.б.) өздері де о бастан-ақ этнолингивистиканың этнос пен этнос тілі негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да,олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргені мәлім [2, 9-б].

Мейлі ұлт тілі, мейлі шағын бір этностық топтың тілі болсын, әйтеуір тіл атаулының қай-қайсысын алсақ та, олардың әрбіреуінің өзі тараған нақтылы географиялық кеңістігі, аймағы болатыны хақ. Бұлай болуы белгілі бір тілдің иесі болып табылатын ұлттың, халықтың я этностық топтың өзінің нақтылы географиялық ортада өмір сүруімен шарттас. Мысал үшін өзіміздің ана тіліміздің ішкі жағдайын бағдарлар болсақ, қазақ жұрты тараған географиялық кеңістіктің бар түкпіріндегі тіл бағзы-баяғы қазақ тілі болғанымен, әр өлкенің өз қазағының сөз байлығына, сөз саптау машығына, сөз дыбыстарын айту мәнеріне тән, өзге жердің қазағына бейтаныс белгілердің бар екенін айқын сеземіз. Мәселен, қазақ тіршілігімен ежелден біте қайнасып бірге келе жатқан киіз үйдің аталуы әр жердің қазағының тілінде әр басқа. Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс бөлігінде киіз үй болып айтылатын осы сөз Жетісу өңірінде қазақ үй, қырғыздармен шекаралас қазақтар тілінде боз үй, қарақалпақ еліне жақын жердің қазағының тілінде қара үй, ал Қазақстанның бүкіл батысында ағаш үй болып қолданылатынын көреміз. Лексикалық мағынасы тұрғысынан бұл сөздер – бір-бірінің аналогы.

Қазақ сөйленістерінде үй түрі мен құрылысына байланысты толып жатқан атау жинақталған. Далалы аймақты мекендейтін халықтың материалдық мәдениеті мен таулы өлкені мекен ететін халықтың материалдық мәдениетінің арасында аздаған айырмашылық бар, ал аймақтың географиялық ерекшелігі, табиғат жағдайынан, тұтынатын заттарынан көрінеді. Көшпелі халық көбінесе сулы, құдығы бар жердің ыңғайына қарай орналасады. Белгілі жазушы С.Мұқанов «Көшпенділерге ең алдымен қажет баспана, яғни тұрақ жай. Сондай қажеттіліктің бірі киіз үй болған»,-дейді [3, 99]. Киіз үйдің пайда болғанынан

бастап дамуы, қалыптасу барысын зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы болмасын киіз үйді көшпенділер дәуірімен өте тығыз байланысты қарастырады. Киіз үйлерді бөлуде ғылымдардың көпшілігі киіз үйдің ішкі, сыртқы жабдықтарын, уық, кереге, шаңырағының бітім ерекшеліктерін салыстыра отырып, 1894 жылы қазақ үйі, қалмақ үйі немесе түркі үйі, моңғол үйі деп бөліп қарады. Киіз үй бізге дейінгі уақытта көптеген даму сатыларынан өте отырып, әр түрлі келбетімен көрініс береді. Киіз үйге қатысты көптеген атаулар көшпелілер арасында өңі, түсі, көлемі ерекшеліктеріне байланысты қалыптасты. Мысалы, ағаш үй тұлғасы батыста қолданылса, оңтүстікте Арыс, Шу қазақтарында киіз үйді боз үй деп атайды. М.Әуезов шығармалары тілін зерттеген ғалым Е.Жанпейісов киіз үй туралы төмендегі тіркестерді тізбелейді: киіз үй, кіші үй, қара кестелі үй, қара үй, қараша үй, қонақ үй, отау үй, оюлы үй, үлкен үй, тасболат үй, боз үй т.б түрлері берілген [4,200-б].

Боз үйге байланысты қазақтар арасында ақ боз үй, боз үй атаулары кездеседі. Боз үй – дәулеті орташа кісілердің үйлері. Кей жерлерде киіз үйді сырттай боз үй деп атау орын алған. Мысалы, Түркістан облысы Сайрам ауданында, Жамбыл облысының Қордай аудандарында кездеседі [10,83-б].

Қара үй атауы Түркіменстанның Ашхабад, Ташауыз, Ходжент аудандарында, Қызылорда облысының Шиелі ауданында, Қостанайдың Жанкелдин аудандарында кездеседі. Өзбекше *қора үй*, түркіменше *гаро өй* киіз үй дегенді білдіреді.

Түркімен сөйленісінде қара үй «қара шаңырақ»дегенді білдіреді, ал жергілікті халықтың қара шаңырағы үлкен үй атауы деп кездеседі. Қазақ сөйленістерінде қара үй атауы халықтың көпшілік отырықшылыққа ауысқан кезде пайда болған деуге болады. Ол қалың бұқара, қарапайым егінші халыққа тән үй мағынасын білдіреді.

Батыстағы қазақтар арасында киіз үйдің үлкен түрі үзік үй деп аталады. Кейбір деректерде бұл үй үзік пен туырлықтары бөлек жасалатын үйлер делінеді.

Л.Н Гумилев айтқандай, халықтың салт дәстүрі, әдет ғұрпы – рухани мәдениеттің негізі. Бұлар белгілі бір жүйені құрайды. Ол жүйе арқылы белгілі бір ой-сезім, іс-әрекет көрініс тауып, дәстүрдің, тұрмыс-салттың мақсаты мен мәнін айқындайды, басқаша айтқанда символдық мәнге ие болады.

Материалдық мәдениет деректері адам баласының күнкөріс кәсібімен үй-жай салу, оның техникасын игеріп жетілдіруімен байланысты пайда болып, толығып отырды, сондықтан үй-жай мәдениет феномені саналады. Үй-жай ұғымының айналасында тұрмыстық мәдениет деректері өрбиді. Үй тұрмысында қолданылатын заттардың ішінде халықтың көшпелі тұрмысында аса қажеттілірдің бірі *сандық, кебеже* тәрізділер, оның *абдыра/әбдіре, арша, әрже, бөгре/бөгіре* лексемалары – сандық атауларына; *майсандық, кеусандық* – үлкен *сандық, жағылан/жақтан* – былғары чемодан атауына жатады, *текше сандық* – сандықтың формасына қарай түрі. *Арша, әрже* атауларының негізі – көне түркілік *аршы* сөзі диалектілердегі *арша/әрже* өзгеріске түскен түрі болу керек

(*Арша* үстіне көрпе-төсек жиылған, тұстық ілінген) (Қарақалп.). *Әрже* – Шығыс Қазақстан облысының Үржар, Ақсуат аудандарында кездессе, Абай ауданында – *әржі* түрінде ұшырасады. Аршы – М.Қашқари сөздігінде «дорба, қалта» түрінде кездеседі. Қостанай облысының кейбір аудандарында *бөгіре* – сандық мағынасында, *бөгіребас* сөзі ағаштан жасалған ыдыс-аяқ қоятын шкаф, буфет мағынасын білдіреді. Мұндай мысалдарды көрпе-жастық, ас-су, тағам т.б. атауларға көптеп келтіре беруге болады [5, 33].

Этнолингвистикалық зерттеу толыққанды болу үшін диалектілік сөздің этнодиалектизмнің пайда болу дәуірлері елесін жаңғыртуы маңызды, себебі диалектілік сөз тамыры халық тарихының терең қойнауында, көне түркі тайпаларының өсу, даму, жеке ұлт болып қалыптасу кезеңдерінде жатыр. Ендеше осы кезеңдердің этнолингвистикалық жағдайының деректеріне сүйену этнос болмысын тануда маңызды болмақ. Материалдық мәдениет негізінде рухани мәдениет қалыптасады. Рухани мәдениет, оның салт-дәстүрге тән түрлерінің пайда болуы адам әлемен қоршаған материалдық заттар: *адам – үй-жай, адам – киім, адам – тамақ – дәм* жүйелерімен тікелей байланысты, салт-дәстүрлер негізінен *үй-жай, отбасы* төңірегінде туып қалыптасады, киім-кешек, ас-дәм ұғымдарымен толығып, семантикалық мазмұны айшықталып, ұлттық ерекшелігі, ұлттық мәнері тереңдеп отырады.

Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998
2. Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса// Ареальные исследования в языкознании и этнографии: язык и этнос. – Ленинград, 1983
3. Мұқанов С. Халық мұрасы. –Алматы, 1974
4. Жанпейісов Е. Этнолингвистика. – Алматы, 1994
5. Атабаева М. Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006

ӘОЖ 94(575.1.9)

ҰЛЫҚ ҰЛЫС ПЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ТІКЕЛЕЙ КОРРЕЛЯЦИЯСЫ (АРАҚАТЫНАСЫ)

Маратова Ә. – 130-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекшісі: Марина Ғ.А. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Резюме

В статье рассматривается преемственность и прямая корреляция системы государственного устройства Улуского и Казахского ханства.

Қазақстанның тарих ғылымындағы соңғы жылдарғы белең алған тенденциялар қазақтың ортағасырлар тарихымен тікелей байланысты. Бұл еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихи жадыны қайта жаңғырту

идеяларымен сәйкес келеді. Себебі, тарихи сананың қайта түлеуіне алғышарт болған тәуелсіздіктің негізінде отандық тарих ғылымындағы ақтаңдақ тұстарды қайта қарауға мүмкіндік туды. Бұл төл тарихымызды зерттеуде жаңаша ойлау мен шынайы деректерге талдау жасауды талап етті. Осы тұрғыда қазақ халқының көне тарихын қайта қалыптастырып жаңғырту, ғалымдар мен зерттеушілердің алдында үлкен міндет қоя білді. Бұл Ұлық Ұлыс дәуіріндегі Дешті-Қыпшақ тарихын өз дәрежесінде зерттеу еді.

Ұлы Шыңғыс хан құрған моңғол империясының мұрагерлерінің бірі Алтын Орда мемлекеті, яғни Ұлық Ұлыс - тарихтағы ең ірі державалардың бірі болды десек артық болмас. Алтын Ордаға сонау Дунайдан Алтайға дейінгі кеңістік, қазіргі ТМД аумағы толық қарады. 1312-1313 жылдардан бастап ислам діні осы кеңістіктегі күшті діни-идеологиялық жүйеге айналды. Қазіргі уақытта көптеген халықтар өзінің тарихын дәл осы Алтын Ордамен байланыстырады.

Ұлық Ұлыс тұсында жазылған әдеби жәдігерлер мен рухани мұралардың бүгінгі түркі халықтарының руханиятындағы орны, қол жазбалардың хал-жағдайы, олардың зерттелуі мен алда атқарылар мәселелер, әсіресе түркі елдерінің интеграциясы жолында ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің соның ішінде Алтын Орда жазба жәдігерлерінің маңыздылығына назар аударуға болады.

Адамзат тарихында көптеген мемлекеттер іргелес елдер мен халықтарға өз ықпалын тигізіп отырды, соның бірі - Ұлық Ұлыс. Ол өз кезегінде Солтүстік Еуразияның ортағасырлық тарихындамаңызды орынғаие болды. Қазіргі кезде көптеген халықтар өзінің тарихын дәл осы Ұлық Ұлыспен байланыстырады. Жошы Ұлысының орта ғасырлық империяға айналуы, көптеген этностардың біріккен күші болуында және мәдени және тарихи дәстүрлердің орталығына айналуында болды. Осындай үрдістер нәтижесінде өркениеттік ерекшелігін қалыптастырды.

Өткен кезеңдер туралы тарихи білім, ең алдымен дерек көздерімен анықталды. Ұлық Ұлыс мемлекетінің тарихы әртүрлі тарихи деректерде өз көрінісін табады. Ұлық Ұлыстың тарихына қатысты тарихи мәліметтердің көптүрлілігін ортағасырлық мемлекеттің геосаяси жағдайымен байланысты қарастырамыз. Ұлық Ұлыстық жазбаша деректер ханның бірнеше жарлықтары түрінде сақталған, себебі тоқтаусыз соғыстар, өзара қақтығыстар мен тынымсыз күрес салдарынан құжаттардың көпшілігі жоғалып кеткен. Осыған байланысты араб және парсы авторларының мәліметтері ерекше маңызды болып табылады. Шығыстанушы В.Тизенгаузеннің басшылығымен 1884 жылы «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының»[1] бірінші томы жарыққа шықса, бұл жинақ күні бүгінге дейін Алтын Орда өмірінің әртүрлі жақтарын зерттеуде маңызды болып табылады. Бұл жинақ ортағасырлық араб хроникалары мен саяхатшыларының жазбаларын біріктірген.

Алтын Орда көлемі жағынан орта ғасырдағы ірі мемлекеттердің бірі. XIV-XV ғасырлардағы араб авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойыншаоның ұзындығы 8 айлық, ені 6 айлық жолды

құраған деп жазады. «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағының» II томы 1941 жылы жарық көрді. Оның негізін парсы авторларының шығармаларынан үзінділер құрайды [3]. Парсы тарихшысы Жувейни Батый ханның әділдігі туралы былай деп жазған: Оның ордасына саудагерлер барлық жерлерден келіп жатты. Олар түрлі тауарларды әкелді. Ол (Батый) тауарлардың барлығын алғызып, оның үстіне бағаны артығымен төлетіп отырған [3].

XIV ғасырда өмір сүрген ұлы тарихшы Му'ин ад-дин Натанзи «Аноним Искендера» атты еңбегінде Алтын Орда ханы Өзбекті тілге тиек етеді. Өзбек ханды өте әділ басшы ретінде суреттеп көрсетсе автор осы еңбегінде Жәнібек хан туралы «оның әділдігі Ануширван (атақты парсы патшасы - Ж.Ж.) әділдігінен бір де кем соқпайды. Ол Өзбек Ұлысын тұтас Исламға бағындырды, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырды. Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларының жақсы болуына басты назар аударды. Жан-жақтағы Ислам елдерінен неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай ағылды. Елдегі әмірлердің ұлдары білімдерін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олардың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол»,- деп сүйсіне жазды [4]. Натанзи Ерзен хан жөнінде былай деп жазады: "Ақылды, турашыл, діншіл және білімге құштар болды. Азғана жылда беделі Өзбек ханның дәрежесіне дейін жетті, бірақ оған бағыныштылығын сақтады. Отырар, Сауран, Сауран, Жент, Баршынкенттегі көптеген медреселерді, ханакаларды, мешіттерді, т.б. қайырымдылық үйлерін салдырды. Әділдігі мен мейірімділігі арқасындаол бүкіл Түркістан өңірін гүлдендірді. Әлділер әлсіздерге қысымшылық жасамады, жастар жасы ұлғайғандарға сый-құрмет көрсетуден ауытқымады. Ерзен хан билік еткен тұстағы ұлт қауіпсіздігі мен гүлденуін ешкім түсінде де көрмеді" деп Алтын Орданың билеушілерінің бірі Ерзен ханға жоғары баға береді [4].

Рашид ад Диннің «Джами ат- тауарих» еңбегі Шыңғыс ханның тарихы мен қызметін, сондай-ақ монғол ұлыстарының тарихын жан жақты сипаттайды. Бірақ бұл еңбекте Алтын Орданың тарихына шамалы ғана назар аударылып, оның дамуының негізгі кезеңдері көрсетілген, бірақ жаулап алынған монғол билігіндегі аумақтардың әкімшілік құрылысы мен оны ұйымдастыру мәселелері бойынша көптеген салыстырмалы материалдар берілген [5].

Ұлық Ұлыс туралы орыс жылнамалық деректерінің де маңызы зор. Ұлық Ұлыстың бір бөлігі бола тұра, олар ішкі оқиғалар туралы, князьдардың сапарлары, қақтығыстар жөнінде тарихи - жағрапиялық сипаттағы ақпараттарды да жазып қалдырған. Орыс жылнамаларында сондай-ақ Батый ханның Алтын Орданың экономикалық қуатын арттырып, қалалық өмірдің жандануына ерекше көңіл бөлгенін айтылады.

Жошы Ұлысындағы ислам дінінің таралуын зерттеуде бірқатар факторларды басшылыққа алу қажет деп есептейміз. Біріншіден, осы осы кезеңнің деректанулық және методологиялық мәселелері еліміздің ұлттық тарихын жазуға

мүмкіндік бермейді. Ол дегеніміз Дешті Қыпшақтағы діннің тарауының деректері араб және парсы деректері, сонымен қатар басқа елдердікі де кездеседі. Алайда, бұл түп деректермен қоса бұл тақырыпта ұлттық төл деректеріміз, аңыз, әңгіме, жыр-дастандарды археолгиялық зерттеулердің нәтижелерімен қатар пайдалануымыз қажет. Ауызша дерек көздерін тиімді пайдалану Алтын Орда дәуіріндегі исламның дамуы мен қатар мәдени ықпалын, сол рухани трансформациялық үрдістерді шынайы зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, соңғы кездердегі зерттеулердің көпшілігі татар зерттеушілердің тарапынан көптеп жүргізілуде. Бұл дегеніміз отандық ғалымдардың осы тақырыпта белсенді болуынашақырады. Біздің фольклордағы мол мұрамыз Алтын Орда тарихының толық зерттеуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Біз қарастырып отырған тақырыптың аясының кеңдігіне байланысты қоғамдық пәндердің интеграцисын қажет етеді. Соның негізінде осы тақырыпта кешенді және түбегейлі зерттеулер жүргізу қажет. Бұл еліміздің рухани санасы мен тарихи жадын жаңғыртудың негізгі шешуші фактор болып табылады.

Әдебиеттер

1. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. ТСПб. 1884.
2. М.Г.Сафаргалиев. Алтын Орданың құлауы. Саранск. 1960
3. И.Н.Березин «Шығыс тарихшыларының кітапханасы». 1992.
4. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. Зерттеу. Алматы. 2005.
5. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Москва. 1960.

ӘӨЖ

БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАРДЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨМІРІ

Абыз Ж.А. – 130-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Орысбасарова Г.Ж. – тарих ғылымдарының кондидаты аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В статье рассказывается о жизни военнопленных в Первой мировой войне в Южном Казахстане

Жалпы алғандай бірінші дүниежүзілік соғыс ұғымының алапаты тарих беттеріндегі ұлы ақтаңдақтардың реті болып қалары айқын . Әскери тұтқын құндылығындағы ауыртпалықтар нысанымен қатар жүрді .

Әскери тұтқындардың алғашқы лагерлері Қазақстанда бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде пайда болды. Олар негізінен Орынборда, Оралда, Петропавлда, Семейде және Қостанайда – Транссібір магистралі бойында орналасқан. Сондай-ақ, бірнеше лагерь Ақтөбе, Арал және Шымкент аудандарында болды. Егер соғыстың басында лагерьлерде әскери тұтқындарды қамтамасыз ету өте төзімді болса және белгілі бір дәрежеде Женева

конвенцияларына сәйкес келсе, онда 1916 жылдан бастап ол нашарлады. Азық - түлік, отын, жылы киім және медициналық көмек жетіспеді. [2, с. 651].

Бұл уақыт Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Оңтүстік Қазақстанда қоныстанған немістер үшін де проблемалық болды. Мұрағат құжаттары мен ескі тұрғындардың естеліктеріне сүйенсек, олардың жағдайлары өте нашар болды.

Жоғарыда айтылғандай, неміс иммигранттары, көбінесе сауатты адамдар, еді . Оңтүстік Қазақстан аумағындағы неміс этносын толықтырудың тағы бір көзі неміс армиясының әскери тұтқындары болды. "Соғыс мақсаттарын қабылдамау, Ресейге қарсылас болған мемлекеттердегі өткір әлеуметтік және Ұлттық Қайшылықтар, соғыс кезінде таптық езгі мен саяси заңсыздықтың күшеюі – осы себептердің барлығы Австрия-Венгрия, Германия және Болгарияның көптеген сарбаздары мен офицерлерін тұтқынға алуға әкелді.

Сонымен, Қазақстанның оңтүстігіндегі неміс диаспорасы XX ғасырдың басынан 1917 жылға дейін айтарлықтай өсті: негізінен Столыпин аграрлық реформасы кезінде қоныс аударған шаруалар мен соғысқа дейінгі жылдар, ішінара әскери тұтқындар есебінен. Неміс шаруаларының капиталистік шаруашылық жүргізу әдістерін кеңінен қолдануы, озық агромәдениет пен жоғары өнімді мал шаруашылығын енгізу оларға осы өңірде ауқатты шаруашылықтар құруға мүмкіндік берді. "1917 жылға дейін қоныс аудару ерікті сипатта болды, Оңтүстік Қазақстанда немістер халқы аралас ауылдарда тұрды, ал қолданыстағы неміс ауылдары әдетте екі-төрт ауылдың "ұялары" орналасқан тұтас қоныстану аймағын құрмады. [3, 443-п.].

Облыстың басқа тұрғындары сияқты, XX ғасырдың басында неміс колонизаторлары арасында таптық жүйе процесі күшейе түсті. Олардың ішінде саудагерлер, өнеркәсіпшілер, зиялы қауым өкілдері, жұмысшылар бар.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде елде неміске қарсы күшті пікірлер пайда болды . Алайда патша үкіметінің қуғын-сүргіні кеңестік режим жүргізген жүйелі геноцидпен салыстыруға келмейді.

Іс жүзінде мұндай бөлуді толығымен жүзеге асыру қиын болды. Ешқашан таза славян немесе неміс-венгр-түрік контингенті бар лагерьлер болған емес. Алайда, славяндар ауылшаруашылық жұмыстарында көбірек қолданылды, ал өкілдері шахталарға, жер жұмыстарына және т. б. жиі жіберілді. [3, 445-п.].

Славян ұлтының әскери тұтқындары, әдетте, қолайлы климаты бар, жеңілдетілген ұстау және пайдалану режимі бар лагерьлерде орналастырылды. Әскери тұтқындардың-славяндардың немістерді және венгрлерді бір лагерьлерде ұстау жағдайлары болды. Ерікті бөлімдерге кіру әскери тұтқын мәртебесінен босату болды. Алайда, бұл мүмкіндікті славяндық әскери тұтқындардың аз бөлігі пайдаланғанын атап өткен жөн: 80 мыңнан аспайтын чехтер мен словактар, 70 мыңнан аз поляктар, тіпті оңтүстік славяндар.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңыздағы ендігі жалпы жайтқа назар аударайық , жалпы соғыс қалай болды және тұтқындарды қалай түсті деген сұрақтың туындары айқын?

Жалпы алғанда соғыста жаулаушылық негізбен жүзеге асырылды . Елдердің осындай қақтығыстары негізінде ұсақ мемлекеттер берілуге бет бұрды.

Қорытындылай келсем , тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндегі негізділіктің айқындылығы бұл бірінші дүниежүзілік соғыстағы Әскери тұтқындардың Оңтүстік Қазақстандағы өмірі қиындықтың біршама келеңсіздіктің негізінде жүйеленгенін байқаймыз .

Бірінші дүниежүзілік кезеңдегі ащы шындықтар легі қара халықтың оның қоса тұтқындар арасындағы біршама келеңсіздіктер легін негіздеді. Тұтқындарды көбінде ауыр жұмыстарға жегілді . Олардың денсаулықтары мен азық-түлікке деген қалаулары орындала бермеді . Таршылық пен қиыншылықытың зардабы тұтқындарға әбден сезілді . Онымен қоймай климаттық жүйеге төзудің өзі тұтқындар үшін өте қиын болды.

Ыстық күннің аптап ыстығындағы кезеңдерді бастан кешірген әрбір тұтқындардың жай күйі өте нашар еді . Кейбірі осындай қиыншылықтың сарабдалдылығынан қайтыс болғандар да болды . Мүшкіл жағдайдың ауыр қасіретіндегі тұтқындарды қара бұлттың түнегіндей күндер торлап алды.

Алайда , тұтқындар өте епті және еңбекқорлығы арқылы барша жұмыстарды атқарды . Экономикалық деңгейдің біршама артуы жолында тер төккендер қатарына тұтқындардың ұлы еңбегі де бар .

Экономикалық жүйенің негізінде орын алған тұтқындар жүйесіндегі шындықтардың жүйесі тарих беттерінде өзінің айшықты орынын қалдырыра анық .

Тұтқындарға, әрине, жанашырлық танытпады, бірақ адамдық, кейде тіпті достық қарым-қатынаста болды. Олар нашар тамақтанған жоқ, кез-келген жағдайда жергілікті тұрғындарға қарағанда әлдеқайда жақсы. Тұтқындағы қара бидай нанының тәуліктік мөлшері 600 граммды құрады, офицерлер мен науқастарға нанның жартысы ақ бидайға берілді. Сонымен қатар, олар көкөністер, ет, майлар, темекі берді. Итальяндықтар үшін лагерлерде тіпті бақалар мен тасбақаларды аулау жолға қойылды. Жапондықтар пайда болған кезде, олардың менталитетін ескере отырып, оларға күніне 300 грамм АҚ нан мен күріш беріле бастады, дегенмен КСРО-да күріш сол кезде алтынның салмағына ие болды. Тұтқындар өз жұмыстары үшін аз ақша алды және түрме дүкенінен бір нәрсе сатып ала алды. Кейбіреулер металл мен ағаштан түрлі қолөнер жасады, содан кейін оларды жергілікті тұрғындардан өнімдерге ауыстырды. Қазақстандықтар аққөңіл, есте қаларлықтай болды, сондықтан олар тұтқындарды азықтандырды

Қатаң тәртіп, әр таңертең офицерлердің бақылауымен жаттығу. Кешке жапондар өздерінің музыкалық аспаптарында ойнап, ауыр әндер айтып, үстел теннисін ойнағанды ұнататын. Бірде тұтқындар тіпті сумо күресінен чемпионат ұйымдастырды, күзетшілер де жарыстарға қатысты. Бұрынғы әскери тұтқындардың бірі сан мұндай жағдайды еске алды. Бір күні қысқы күні тұтқындардың жартысы кірпіш қалауға тапсырыс берді.

Мұрағаттық құжаттар кейде таңғажайып мәліметтерді сақтайды! Мысалы, тұтқындардың тамақтануын әртараптандыру үшін қымыздық пен саңырауқұлақтар тұтынылды деп хабарланды. 20 гектар қосалқы шаруашылықта қарбыз бен қауын өсірілді деп мұрағаттық негіз баяндайды.

Әдебиеттер:

1.Васильева С.Н. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Германия, Австрия-Венгрия және Ресейдің әскери тұтқындары. Автореф. дис. на ... канд. ист. ғылымдар. Мәскеу, 1997. 24 б.
2. Ганн Ш. біз Ташкент үшін шайқастық / / бұрынғы жорықтар: Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен КСРО азамат соғысына қатысқан словак қызыл әскерилерінің естеліктері. М.: Воениздат, 1961. С. 201-207.
3. Гергилева А. и. "Миллиондаған адамдар соғыс арқылы өздеріне таныс ортадан қуылды". Чехословакия корпусы және Ресейдегі бірінші дүниежүзілік соғыстың әскери тұтқындары / / Әскери-тарихи журнал. 2013. № 2. Б.54-60.

ӘОЖ 94(575.2.0)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘДЕНИ САЯСАТЫ (1991-2021ЖЖ.)

Жұман Д. – 114-17 оқу тобы студенті
Ғылыми жетекші: Бекманова Д.М – т.ғ.к., аға оқытушы;
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Summary

The article considers the main stages and principles of the cultural policy of the Republic of Kazakhstan at the present stage.

Тәуелсіз Қазақстанның мәдени саясатын құру процестерін зерттеуге деген үздіксіз өсіп келе жатқан ықыластың терең практикалық негізі бар, өйткені ол көз алдымызда өтіп жатқан Қазақстан қоғамының барлық маңызды салаларындағы түбегейлі өзгерістерге тікелей байланысты.

Мәдениеттің жаңаша рөлін қоғам мен мемлекет дамуының жүйелі негізі ретінде айқын түсіну, мәдениетті Қазақстанның демократиялық болашағын құрудың шешуші факторына айналдыру, Қазақстан қоғамының мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде мәдени дамудың тұтас бір тұжырымдамасына, оның ғылыми негізделген келешегін құруға зәру болып отырғанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі мәдени саясатының (1991-2021жж.) қалыптасу ерекшеліктері мен жүзеге асырудың өзекті мәселелерін зерттеу бүгінгі таңда басты мақсат десекте болады.

Сондай-ақ қазіргі әлемдегі Қазақстанның тұрақты дамуы, оның заман талабына жауап бере білу қабілеті де мемлекеттік мәдени саясаттың стратегиялық бағытын концептуалды ғылыми тұрғыда дұрыс негіздеуден келіп шығады. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа мәдени саясатын қалыптастыру мәселелерінің өзектілігі отанымыздың қазіргі мәдени кеңістігіндегі қарама қайшылықтармен де түсіндіріледі.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап-ақ, мемлекеттік мәдениет саясатында ұлттық мәдени құндылықтарды, бүкіл мәдени мұраларды сақтап қалуға және қайта жаңғыртуға баса назар аударылуы кездейсоқ нәрсе емес. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «біз барлық мүмкіндіктерді жұмылдырып, қоғамымыздың ендігі жерде рухани түлеуіне, оның мәдениетін көтеруге, тарихын және мұрасын қалпына келтіруге, оны өркениет дамуынан кенже қалдырмауға ұмтылып отырмыз. Бұл өзімізді танудың, әрі тәрбиелеудің, ең бастысы, жас ұрпақтың бойына шынайы отаншылдық сезім дарытудың жолы» [1].Қазақ халқының өз тарихын жаңадан қолға алуынан үлкен мәдени мәні барлығын дәлел ретінде келтіруге болады.

1996 жылдың 24 желтоқсанында қабылданған «Мәдениет туралы»Қазақстан Республикасының Заңында мәдени саясаттың мақсаттары ретінде мыналарды қарастырған: мәдени потенциалды дамыту, ұлттық мәдени дәстүрлердің сабақтастығын қамтамасыз ету, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени мұра объектілерін сақтау, архивтік, мұражайлық, кітапханалық қорларды онан ары қалыптастыру мен тиімді пайдаланудың сақталуын қамтамасыз ету;ұлттық көркем мәдениеттің классикалық дәстүрлерін қолдау, қоғамның мәдени потенциалының өсуін қамтамасыз ететін инновацияларды қолдау болып табылады [2].

Мәдениет туралы Заңға сәйкес негізгі міндет бұл- мәдени құндылықтарды қалыптастыру, қайта өркендету, сақтау, тарату, сондай-ақ азаматтарды соған баулу. Өз кезегінде, заңда мәдени құндылықтар«адамгершілік және эстетикалық идеалдар, жүріс-тұрыс нормалары мен үлгілері, тілдер, диалектілер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи топонимдер, фольклор, көркемдік кәсіптер мен қолөнер, мәдениет пен өнер туындылары, тарихи-мәдени маңызы бар мәдени әрекетті ғылыми зерттеудің нәтижелері мен методтары, ғимараттар мен құрылыстар, заттар мен технологиялар, мәдени-тарихи тұрғыда бағалы территориялар»ретінде сипатталады.

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңында, Қазақстан Республикасында мәдениетті жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді жәнемәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін жаңаша тұрғыда қайта толықтырулар енгізе отырып айқындайды [3].

Жалпы, «Мәдениет туралы» Заңда Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени мұрасы «мемлекеттік маңыздағы мәдени құндылықтардың жиынтығы»ретінде көрінеді және сондықтан өзге мемлекеттерге беруге құқықсыз, тек Қазақстанға ғана тұтастай тиесілі болып табылады. Ал шығармашылық қызметке мәдениетті қайта өркендету мен дамытуға үлес қосатын, әдебиетті, өнерді, дизайндық, сәулеттік, зерттеушілік және т.б. қызметтерді қамтитын барлық әрекет түрлері жатқызылады.

Казіргі кезеңде Қазақстан бастан кешіріп отырған әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани-құндылықтық трансформация жағдайында мемлекеттік мәдениет саясатын құру және іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қазақстанның жаңаша мемлекеттік мәдени саясатын қалыптастыру және нақты іске асыру проблемасы шектен тыс көп қырлы. Бұл проблеманың зерттелуі саясаттану, әлеуметтік мәдениеттану, философия және тарих ғылымдарының тоғысында тұр. Біз, мәдени саясаттың мақсаттары мен міндеттерін айқындаудың бастапқы методологиялық ұстанымы – мәдениеттің көпмәнділігін және оның атқаратын қызметерінің жан-жақтылығын, оның мәні мен мазмұнының көп деңгейлілігін терең түсіне білуде деп есептейміз. Сондықтан да, мемлекеттің мәдениетін зерттеу мәселелері үшін мәдени саясат деген ұғымды мәдениет философиясы аясында қарастыратын қазіргі заманғы гуманитарлық білім бірден-бір теориялық база болып табылатына көзіміз айқын жетеді.

Мәдениет, ең алдымен, қоғамның тарихи жады болып табылады. Ол әрқашанда тарихпен тығыз байланыста. Мәдениеттің рәміздері бізге ғасырлар қойнауынан жетеді. Рухани құндылықтарды сақтау мен таратуды, мұралану мен оқып-үйренуді қамтамасыз ететін, нормативті үлгілер мен құндылықтық бағдарларды реттейтін, символикалық және мағыналық құрылымдар түріндегі мәтіндер жүйесін қалыптастыратын, нормативті-құндылықтық өнімді құратын көптеген әлеуметтік институттар бірнеше мыңжылдықтар бойы қалыпта.

Жаңа мәдени саясаттың басымдылықтарының бірі – әлемдегі қазақстандық мәдениеттің мәртебесін нығайту. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда отандық мәдениет пен өнерді әлемнің мәдениет процесінде біріктіру әлеуеті жеткілікті іске асырылмауда. Халықаралық байланыстарды ұлғайтудың қажеттілігі туып отыр, оның ішінде ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ, ИКОМОС және тағы да басқа беделді ұйымдармен ынтымақтастықты арттыру қажет. Келешекте елімізде гуманитарлық-ынтымақтастық саласында өңірлік зерттеу және ғылыми-білім беру орталығы – ЮНЕСКО халықаралық институтын құру жоспарлануда. Сондай-ақ, Астанада мәдениет саласындағы жаңа халықаралық ұйым – «Silk Road» мәдени даму жөніндегі Еуразиялық кеңесінің штаб-пәтерін ашу жөнінде ұсыныс бар. Қазақстандағы мәдени ортаның бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте кластерлік құрылымдар арқылы қамтамасыз етіледі. Мәдени кластер - шығармашылық, білім мен ғылым, экономика және бизнес арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін, бәсекеге қабілетті өнім жасайтын экономиканың шығармашылық секторы болып табылады. Кластерлік тәсіл - бұл ең алдымен жекелеген өңірдің немесе саланың, сол сияқты тұтас мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа басқарушылық технология арқылы жүзеге асады. Мәдениет саласын жаңғырту және мәдени кластерлерді басқару саласына заманауи теңдестірілген қағидаттарды енгізу елдің туристік әлеуетінің дамуына, өңірлердің экономикалық тартымдылығының артуына,

ЖІӨ-нің өсуіне және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруіне ықпал ететін болады.

Сонымен, жаңа мәдени саясаттың әрбір белгіленген бағыты бірқатар жұмыстарды атқаруды талап етеді, ал олардың сәтті іске асырылуы дамудың жоғары мәдени деңгейі бар дамыған мемлекетті қалыптастыруға тағы да бір қадам деуге болады.

Әдебиеттер

5. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс. Егемен Қазақстан. 2003. - 29 қараша.
6. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 56 Заңы.
7. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңы.
8. Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. Алматы. 1999
9. Жамбылов Д.А. Демократиялық қоғамдағы саяси мәдениет. Алматы. 1993

ӘОЖ 94(575.1.9)

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫ (ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНАН АЛАШ ОРДА КЕЗЕҢІНЕ ДЕЙІНГІ)

Анарбек А. – 114-17 оқу тобы студенті.
Ғылыми жетекшісі: Марина Ғ.А. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент

Резюме

В статье рассматривается степная демократия казахов (от Казахского ханства до периода АЛАШ Орды).

Қазақстан Республикасының саяси жүйесі күрделі өзгерістер қарсанында тұрғаны анық. Алайда, қандай да саяси құбылысты оның тарихи себептері мен сабақтастығы мәселесін ашпай қарастыру үлкен қателікке алып келу қауіпін төндіреді. Сол сияқты қоғам болсын, мемлекет болсын оның ішінде ғылым да тарихи, дәстүрлі факторларды естен шығармаған абзал және ол нәтижесінде неғұрлым толық жауаптар алуына себеп болады.

Жалпы билік феномені саяси қатынастардың негізі ретінде ежелден бері зерттеліп келеді. Билік мәселесіне, оның іске асу ерекшеліктеріне қатысты әлемдік саяси ілім тарихында ауызша да, жазбаша да қарастырылған көзқарастар мен тұжырымдар жетерлік. Әрине, биліктің табиғаты қай жерде болсын бірдей, бірақ оны жүзеге асыру жолдары, механизмдері әр қоғамда әр түрлі арнада дамиды.

Биліктің бөлінуі принципінің классикалық нұсқасын ұсынған, оның негізін қалаушы болып табылатын Ш. Л. Монтескьенің өзі: мемлекеттің әр кеңістіктің басқару формасы сәйкес болады және елдің көлеміне сүйенбей оның жазасыз алып қондара салуға болмайды – деп ойын түйіндеген. Бұл ой бүгінгі күні де өзекті. Бұл тұжырымға сүйене отырып, алдыңғы дәстүрлі қазақ мемлекетінде де өзіндік, қоғам мен мемлекет құрылысына жауап беретін билік жүйесі орын алған деп айтуға әбден болады. Сол сияқты, қазіргі Қазақстан Республикасында да орын

алып отырған биліктің бөліну жүйесі, атқарушы биліктің басым түсуі мен президенттік институттың күштілігі бүгінгі саяси ахуалға жауап беретін жүйе деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар, құрылымның дұрыстығын дәлелдейтін - одан шыққан нәтиже болып есептеледі [1].

Дәстүрлі қазақ елінің саяси жүйесіне, билік құрылымына көз жүгіртсек, қазақ мемлекеті дәстүрлі сипатқа ие болғандықтан да шығар, онда атқарушы, сот жүргізу сияқты арнайы заң шығарушылық орган болмаған деп айтуға негіз бар болғандай. Оның функциясын хандар мен билер, жалпы қазақ Құрылтайы атқаратын. Бірақ, қазақ елінде демократиялық режимнің басты принциптерінің бірі өкілді билік әрқашанда орын алған. Бұлар - билер, билер алқасы, құрылтай, тіпті ханның өзі сайлану арқылы орнатылатын. Дәстүрлі қазақ елінің рухани ұстамдылығы басым болғандықтан, «жазылмайтын заңдар» кеңінен орын алған. Әйтсе де, Е. А. Әбілдің айтуы бойынша XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығында жоғарғы заң шығарушы билік болып сұлтандар мен көшпелі қоғамдастықтын өкілдерінің съезі болып табылатын. «Мемлекеттік басқару жүйесінде – хан кеңесі мен дуан – биліктің өкілді және каллегиялдық органдары маңызды орын алған. Біріншісіне жоғарғы шенеуліктер, әскери басшылар мен ханның туыстары кірген дуан атқарушы билік органы болатын...».

Осылайша, біз билік жүйесінде өте күрделі өзгерістердің болғанын байқай аламыз. Алдынғы ханның астамшылық, жеке билігін тежейтін органның құрылуы биліктің бөлінуі концепциясының маңызды бөлшегі болып есептелетін тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің Қазақ хандығы жағдайында орын алғандығын және нәтижелі қызмет еткендігін білдіреді. Биліктің бөлінуінің осындай маңызды көрсеткіштерінің біздің дәстүрлі мемлекетімізде орын алғаны, сол сияқты бұл жүйенің өзіндік формасы Қазақ хандығында да болғаны туралы айтуға негіз береді, яғни біздін де бұл ретте тарихымызға жүгінуімізге болады.

Қандай да қоғам өзінің даму барысында белгілі бір кезеңдерді басынан өткізеді. Сол сатыларды зерделеп, әр басқан қадамын аңдап басса, ол қоғамның келешегі де баянды болатындай. Қазіргі еліміздің даму тарихына үңілу, өз шыққан тамырымызды білу біз үшін де барша қазақ үшін де маңызды болып табылады. Бұл өз кезегінде тарихымыздан сабақ ала отырып келешекке бағдар ұстауға да өз үлесін тигізері баршамызға аян.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы демократиялық принциптердің жүзеге асырылуының негізгі тетіктері, оның ішінде Ханды сайлау негізінде таққа отырғызу мәселесі, Хан мен билер институтының биік жүргізу барысында бір-біріне ықпал мәселесі, ондағы батырлардың рөлі зерттеу жұмысының негізгі арқауы болады.

Сонымен қоса, дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер сотын қазіргі жағыдайларға ыңғайласыру мәселесінеде баса назар аударылады.

Қандай да мемлекет тарихсыз болмайды. Әр мемлекеттің белгілі бір дамыған жолдары, тарихи белестері болады. Сол тарихты зерттеп тану, білуі сол мемлекет үшінде, сол мемлекетте тұратын жергілікті халық үшін де таптырмас қазына.

Қазақта бұрын мемлекеттік басқару ісі хандық биліктің қолында болған. Қазақ қауымдастығында хандықты «Ұлы хандық», «кіші хандық » деп екіге бөлген. Ұлы хандық – бүкіл қазақ жұртының басын қосып басқаратын хандық. (Әбілхайыр, Керей мен Жәнібек, Тәуке хан) Кіші хандық әр жүзді басқаратын хандықтар. Жүзді басқаратын Кіші хандықтар – Ұлы хандықтың құрамына енген. Ұлы хандықтар мен Кіші хандықтардың басқару құрылымы жағынан пәлендей айырмашылығы жоқ.

Әр хандықтың құрамында – хан (жеке билеуші) би, әскер басы, ақылгөй ақын, уәзірлер тобы, шабармандары, тағы басқа ішкі шаруашылықтарды атқару жүйесі болған.

Хандық лауазымға төре тұқымдары мұрагерлік ретпен ұсынылып, сайланып қойылған. Сайлауға жиналғандар ханды сайлаған. Өкілдер жиналысы хан болатын адамның кандидатурасын мәмілелесіп келіскеннен кейін, сол адамды хан деп танып, төрт қабат ақ киізге отырғызып, үш рет бастан асыра көтереді екен. Мұны – хан көтеру деп атаған. «Хан көтеру» рәсімі – өкілдер жиналысының алған қаулысы іспеттес түсінікті білдірген. «Хан көтеру» рәсімі-өкілдер жиналысының қулысы іспеттес түсінікті білдірген. «Хан көтеру» рәсімінен кейін, сайланған хан жиналғандар алдында ант берген. Осыдан кейін ол адам хан деп елдің ішкі-сыртқы жағдайын басқарумен бірге әскери қолбасшы да болған. Ол жылына кем дегенде бір рет өзін сайлаған өкілдер жиналысын шақырып, күрделі мәселелсрді олармен (халықпен) ойласып отырған.

XVI-XVII ғасырлар аумағында қазақ мемлекетінің аса маңызды саяси органдарының бірі - халық жиналысы (құрылтай) болғанын ерекше айтуымыз керек. Өзінің саяси маңызы жағынан бұл өкілетті органды Киев Русі мемлекетінің феодал-шонжарлар съезімен қатар қоюға болады. Сонымен, қазақ қауымының саяси тұрпаттағы аса маңызды бұл бас қосуын - ұлттық мемлекетіміздегі қандай да басшы бытыраңкылықтың, оқшаулықтың алдын алатын, халқымыздың бас-бірлігін, береке-бірлігін сақтап қалуға күш жұмсаған, әрі осыған мүдделі болған бірден-бір маңызды саяси орган болғанын пайымдауымыз керек.

XX ғасырдың басындағы оқиғалар қазақ халқының санасында билік жөнінде көзқарастары және ерекше түсініктері болғанын көрсетеді. Дәстүрлік билік символдарының өміршеңдігі отаршыл басқаруға қарсылықтың қажеттілігінен туындайды. Дәстүрлы саяси құрылымның отаршылдық кезеңде басқару жүйесі ретінде жойылуына қарамастан 1916 жылы қайта жаңғыруы халық санасының биіктігінде көрсетеді. Күшті хандық билік бөтен ел шапқыншылықтары кезеңінде тәуелсіздік, орталықтанған мемлекеттілігінің көрсеткіші ретінде айқын байқалады.

Мақаланы қорытындылай келе өз еліміздің даму тарихындағы биліктің жүргізілу ерекшеліктерін, механизмдерін жан-жақты қарастырылды деп айта аламыз. Тарихта болған билік механизмдерінінен қазіргі қоғамның сабақ аларлық жағыдайлары жетерлік. Соның бір мысалы ретінде дәстүрлі қазақ қоғамынан бастау алған билер сотын қазіргі құқықтық жүйеге енгізсек, нұр үстіне нұр болар

еді. Бұл Билер соты біздің қоғам үшін өте маңызды деп айтсақ қателеспейміз. Билер сотындағы құқықтық-тәрбиелік аспектілерді қай елдің конституциясын ашып қарасаңызда таппайсыз. Бұл мәселе әлі де халық қалаулыларының елеуінен өтіп қазіргі қоғамнан ойып тұрып орын аларына сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. Абдрасулиева А.Д. Қазақ хандығының құрылуының жазба деректері мен халық ауыз әдебиетін салыстырмалы талдау. Қаз МУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2000.
2. Айтқұлова Н. Қазақтардың әдет құқығы жүйесіндегі айып институты.Алматы.2004.
3. Ақатай С.Н., Әден С. Билер институты – халық билігі мәдениетінің үлгісі: Дала демократиясы билер институтынан басталады.Қазақстан-ZAMAN. – 2004. – 16 қаңтар.

ӘӨЖ 347

ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘНІ

Арызбай А.З. - 1503-29А тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Бердыбекова А.Л. г.к
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Университеті, Шымкент

Summary

The article is devoted to the study of legal knowledge of financial law: Today, the state as a whole uses finance as a powerful economic mechanism in the process of development and stabilization of the economy. The material base of the growing development of a state is a source of financial formation. The sustainable development of the financial sector of our state is directly related to public administration in this area.

Қаржы құқығы мемлекетнің дамуының әрбір нақты кезеңінде оның міндеттері мен қызметтерінің үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету үшін мемлекетнің қаржылық қызметінің барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардын жиынтығы. Мемлекетнің қаржылық қызметі түрлі әдістердің көмегімен іске асырылады. Осындай әдістердің бірі ақшалай қаржы жинау, яғни, жеке және заңды тұлғалардың табысының, пайдасының бір бөлігі заңда көрсетілген мерзім мен мөлшерде мемлекеттің бюджетіне түседі. Бюджетке аталған түсімдердің уақытында төленуін мемлекеттің арнайы органдары бақылап отырады. Белгіленген мөлшерде, бюджеттік емес қорларға да міндетгі жарналар жіберіледі, мысалы зейнетақы жинақтау қорларын айтуға болады. Мемлекеттік мекемелердің халыққа көрсеткен қызметтері үшін алынатын мемлекеттік баждар мен алымдар да міндетті түрде мемлекеттік бюджетке түседі. Ақшалай қаржыны бөлу мен пайдаланудағы негізгі әдістердің бірі қаржыландыру мен несие беру әдістері. Қаржыландыру ол жоспарлы, мақсатты, қайтарымсыз, ақысыз мемлекеттік бюджеттен берілетін ақшалай қаражат, яғни бюджет қаражатын алушыларға осы қаражатты бөлу. Ал керісінше, несие беру банкілік қарыз түріндегі жоспарлы, мақсатты, ақылы және белгіленген мерзімде қайтарылатын, пайызбен берілетін ақшалай қаржы. Бүгінгі таңда несие берудің мемлекеттік, банктік және коммерциялық сияқты түрлері бар. Мемлекеттік несие бір мемлекеттің басқа шет мемлекеттердің және олардын жеке және заңды тұлғаларының, инвесторлардың, халықаралық

қаржылық ұйымдардың ақшалай қаржыларын уақытша пайдалануы. Мемлекет бұндай жағдайда қарыз алушының рөлінде болады. Банктік несие банктің қарауына уақытша айналыстан бос ақшалай қаржыларды жинақтау қатынастарын қамтиды. [1]

Мемлекеттің қаржылық іс-әрекет және қаржылық бақылаумен айналысатын көптеген органдары бар. Оларға мемлекеттік биліктің жоғарғы өкілетті және атқару органдары – Мәжіліс пен Сенат, Үкімет, Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк, Санақ палатасы, Қазыналық, салық комитеттері, салық полициясы, басқа да көптеген қаржылық бақылауды іске асыратын әр түрлі инспекциялар жатады. Мемлекеттік емес кәсіпкерліктен басқа тірлікпен айналысатын субъектілердің қаржылық-шаруашылық жағдайын тексеруді мемлекеттік емес тексеру-бақылау органдары – аудиторлар жүзеге асырады. Мемлекеттің қаржылық іс-әрекетінің барысында материалды және ұйымдастырушылық сияқты екі түрлі қаржылық қатынастар қалыптасады. Материалды қаржылық, қатынастар мемлекеттік ақша қорларын қалыптастыру және бөлу үрдісін, ақшалай қаржылардың қозғалысын қосымша реттейді. Бұл қатынастар нақты ақшаның төлеушілерден мемлекеттік қорға не болмаса, керісінше, мемлекеттік қордан оны алушыларға қарай бағытталуымен байланысты. Мысал ретінде мемлекеттік бюджетке түсетін салық, салық төлеушіден мемлекеттік бюджетке барса, керісінше мемлекеттік бюджеттен бөлінетін зейнеткерлерге төленетін зейнетақы, жетім балаларға төленетін көмекақылар бюджеттен азаматтардың әлеуметтік мұқтаждықтарына бағытталады. Ұйымдастырушылық қаржылық қатынастар мемлекеттің ақша, қаржы жүйелерінің, қаржыны мемлекеттік басқару жүйесінің, қаржылық жоспарлауды ұйымдастыруды, мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыру барысында қалыптасады. Бұл қатынастар экономикалық сипатта болмағандықтан ақша қаржыларының қозғалысын жанамаламайды. Бірақ, олар материадды қаржылық қатынастардың қалыпты қызметін қамтамасыз етеді. Егер материалды қаржылық қатынастардың негізгі нысаны ақша болса, ұйымдастырушылық қаржылық қатынастардың нысаны мемлекеттік қаржылық құрылым болып табылады. [2]

Қаржылық бақылаудың мақсаты: біріншіден, қаржылық құқықтық қатынасқа қатысушылардың өздерінің қызметтік міндеттерін сапасыз атқаруын және олардың қаржы саласындағы құқық бұзушылық фактілерін анықтау; екіншіден, кінәлілер мен айыптыларды тауып, оларды заңнамаларда көрсетілген тәртіп бойынша жауапқа тарту; қаржылық тәртіп бұзушылықты және оның салдарын жою. Материалды мағынасында бюджет мемлекеттің ақша қоры. Осы тұрғыдан қарағанда бюджет дегеніміз мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржымен қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры. Құқықтық санат мағынасында бюджет көмегімен орталық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік ақша қорының қалыптасуының және бөлінуінің қаржылық жоспары бекітілетін қаржылық-құқықтық акті. Бюджет үрдісінде туындайтын қатынастар бюджеттік қаты-

настар деп аталады. Бюджетті жоспарлау, қарау, бекіту, атқару, нақтылау, түзету жөніндегі, бюджетнің атқарылуы бойынша бюджет есебі мен есептілігін жүргізу мемлекеттік қаржы бақылауы, сондай-ақ байланыстырылған гранттарды жоспарлау мен пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының бюджет заңдарымен реттелген қызмет бюджет үрдісі деп аталады. [3]

Бюджеттер және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры, сондай-ақ бюджеттік үрдістер мен қатынастар жиынтығы бюджет жүйесін құрайды. Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде калыптастырылады және Қазақстан Республикасындағы төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі. Төтенше мемлекеттік бюджет Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабардар етіледі. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның және тиісті қаржы жылына арналған барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады. Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген мерзім ішінде қолданыста болады. Қазақстан Республикасының жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізілген ретте төтенше мемлекеттік бюджет енгізілмейді. Қазакстан Республикасының бірнеше аймақтарының аумақтарында бір мезгілде төтенше жағдай енгізу төтенше жағдайдың зардабы ұлттық мүдделерге және республиканың экономикалық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіруі мүмкін болатын ретте ғана төтенше мемлекеттік бюджет енгізуге негіз бола алады. [4]

Республикалық бюджеттің қаражаты, алтын валюта қоры және алмас қоры, жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды. Жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік жергілікті қазынаны құрайды. Капитал құрайтын инвестициялар өндірістік, өңдірістік және қаржылық емес активтердің өсуіне бағытталады. Капиталды бұлай салудың тәсілі оның құнының жоғарылауына және пайданың тұрақты өсуіне әкеледі. Капитал құрайтын инвестиция өз кезеңінде нақты активтерге (негізгі капитал күрделі жөндеуді, қосымша жер учаскелерін және табиғатты пайдаланудың басқа да объектілерін сатып алуды қамтитын), материалды емес активтерге (патент, лицензия, ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибелік бағдарламалар, материалды-айналмалы құралдар) және қаржылық инвестицияларга (экономикаға несие беру, шаруашылық жеке және заңды тұлғалардың ұзақ және қысқа мерзімге қаржылық салымдары) бөлінеді. Инвестицияға қаржыны бөлетін субъектілерге байланысты мемлекеттік (мемлекеттің бюджетінен не қарызға, несиеге берілген қаржыдан бөлінетін) және жеке инвестиция (жеке

және заңды тұлғалардың қаражаттарына) болып бөлінеді. Мемлекеттік инвестицияның негізгі ерекшеліктеріне:

1. мемлекеттік инвестицияның көзі мемлекеттін бюджеттік каражаттар немесе мемлекет салған каражаттар болып табылады;
2. мемлекеттік инвестиция қайтарымдық негізде іске асырылады;
3. мемлекеттік қаражат болғандықтан инвестицияның берілуінің негізі мен тәртібін мемлекет өзі белгілейді;
4. мемлекеттік инвестицияның көлемі мемлекеттік бюджетнің бекітуіне байланысты болады;
5. инвестицияның мақсатты пайдаланылуын мемлекет өзі бақылайды;
6. мемлекеттік инвестиция мемлекеттік қазынаның мүлкімен қамтамасыз етіледі.

Жеке инвестицияның қызметі Инвестиция туралы заңмен, Азаматтық кодекспен, жер қойнауын пайдалану сияқты заңнамалармен реттеледі. Тура инвестицияның халықаралық және ұлтаралық деген екі түрі болады. Халықаралық инвестиция деп ел нарығының жақсы жағдайымен шарттанған, жаңа өндірістік саладан сол елдің нарығына тікелей тауар шығарумен байланысты капитал салуды айтамыз. Ұлтаралық инвестиция бұл өндіріс шығынын азайту мақсатында көрші елге тура капитал салуды айтамыз. [6]

Қорыта келгенде қаржылық құқық қазіргі таңда біздің мемлекетімізде алатын орны үлкен зор. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бері үлкен жетістіктерге жетті деуге болады. Ол демократиялық жолға тұрып, халықаралық аренада өзінің заңды орынын алуға тырысуда. Бізді алғаш таныған Түркиядан бастап, көптеген мемлекеттер Қазақстанды өзінің тең құқылы серігі ретінде танып отыр. Халықаралық қарым – қатынастардың, сауданың дамуы уақыт өте келе халықаралық құқық нормаларында заңды көрініс табуда. Қазақстанның да әр түрлі мемлекеттермен халықаралық қарым-қатынастарға түсуі, оның халықаралық құқық нормаларына сай жасалған түрлі халықаралық конвенсиялардың, келісімдердің шарттардың мүшесі болуын талап етеді..

Әдебиеттер.

1. Административное право. Оқулық, жауапты редакторы А. А. Таранов. Алматы, 1998 ж. [1]
2. Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. Оқулық. Жалпы белім. Алматы, 2001 ж. [2]
3. Алауханов Е. Қылмыстық құқық. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Алматы, 2001 ж[3]
4. Айымханова Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқу құралы. Алматы, 2002 ж. [4]
5. Баққұлов С. Құқық негіздері. Оқу құралы. ҚазМСҚА. Алматы. 2001 ж. [5]
6. Жамбылова Р. Заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазакша анықтамалық сөздігі. Алматы, 2001 ж. [6]

ӘӨЖ

АРТЫНДА МӘҢГІ ӨЛМЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН

Жолтаева М.Б. – 1506-10 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Налмишова Қ.Н.- аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

Статья посвящена первому президенту Академии наук Казахстана Канышу Имантай улы Сатпаеву, родившемуся 12 апреля 1899 года, внесшему вклад в развитие геолого-минералогической науки Республики Казахстан.

Ғадулғани-Ғани Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964 жж) біздің заманымыздың аса көрнекті ғалымы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан ғылымының және республикамыздағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, өзінің атындағы Үлкен Жезқазғанды және Геологиялық ғылымдар институтын құрушы, талантты ұйымдастырушы, кемеңгер жан.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысының Баянауыл ауданында көшпелі қазақ отбасында дүниеге келген. 1911 жылы ауыл мектебінде бастауыш білім алып, Павлодардың орысша-қырғызша училищесіне түседі, ал 1914 жылы Семейдің мұғалімдік семинариясында оқиды. Оны бітіріп, елінде мұғалім және халық соты болып бірнеше жыл қызмет істейді.1921 жылдың күзінде қабылдау емтиханын жақсы тапсырғаннан кейін, ол Томск технологиялық институты тау-кен факультетінің геология барлау бөлімшесін студент болып қабылданды.

1926 жылдың шілдесінде Қаныш Имантайұлы осы институттағы оқуын аяқтап, диплом қорғап, тау-кен инженері-геолог мамандығын алды. Республика басшылары оны 1925 жылы құрылған Жезқазған мыс заводын біріктірген Астбасцветмет тресіне жұмысқа жіберді.

1929 жылдың басында Атбасцветмет тресінде геологиялық барлау бөлімшесі ашылып, оны Қ.И.Сәтбаев басқарды. 1938 жылдың 10 ақпанында жаңа Жезқазған комбинатының құрылысын бастау туралы №50 тарихи бұйрық келді.Бұл ізденпаз жас ғалымның мұқалмас күш-жігерінің, елін, жерін сүйген шексіз патриотизмнің айқын жемісі еді.1941 жылы Қ.Сәтбаев жаңадан ұйымдастырылған КСРО ҒА филиалының Геологиялық ғылымдар институтының директоры болып Алматыға ауысты.1942 жылы Қ.Сәтбаев Қазақ ССР Жезқазған аймағының кен орындары атты монографиясы үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын алды, сол жылы оған жұмыстарының жалпы қорытындылары бойынша және ғылыми жұмыстарды ұйымдастырғаны үшін геология минералогия ғылымдарының докторы дәрежесі берілді.1943 жылдың күзінде Қ.И.Сәтбаев КСРО ҒА-ның корреспандент мүшесі болып сайланды. Жүргізіліп жатқан жұмыстардың ауқымдылығы және ғылыми зерттеулерді әрі қарай дамыту қажеттілігі филиалды Қазақстан Ғылыми академиясына айналдыруға алғы шарттар жасады.

1951 жылдың күзінде Буржуазиялық ұлтшылдармен күресте Қ.Сәтбаев Қазақ ССР ҒА-ның президенті қызметінен босатылды. 1958 жылы Орталық

Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасағаны үшін Қ.И.Сәтбаев бастаған Қазақстан ғалым-геологтар тобы Лениндік силық алды.1955 жылы Қ.И.Сәтбаев қайтадан Қазақстан Ғылым академиясының президенті болып тағайындалып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы қызметте істеді.

Бүгінгі республиканың қалалары мен ауылды мекен көшелері, ҚРҰҒА Геологиялық ғылымдар институты, Жоңғар Алатауындағы мұздық және шын, ғарыштағы кіші планета Қаныш Сәтбаев есімімен аталады.

Кезінде КСРО –ның дарында академигі М.В.Келдыш өзінің естеліктерінде «Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еліміздің тамаша геологтарының арасында артықша ілтипатпен аталынатын айтулы да әйгілі есім, аса көрнекті ғалымдардың бірі болып табылады. Оның зерттеулері еліміздің бай табиғат қорларын ашуға көмектесті. Қазақстан ғылымын ұйымдастыруда Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қызметі аса зор. Ол ұзақ уақыт бойына Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті болды және онда ірі ғылыми орталық құрды»,-деп жазған.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928 жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929 жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген. Жезқазған -Ұлытау ауданданыңда мыстан басқа темір, марганецм тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылған. Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруалық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазған кен-металлургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамздың ірі минералдық шикізат қорларын-Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен

Жезқазған-Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тағыз байланысты. Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазғанкенін зерттеу және Орталық Қазақстанның(Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдарыкені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды. Бұрынғы геологиялық деректерге терең талдау жасап, бұл кен ауданының кең көлемдегі геологиялық-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі нысан екенін дәлелдеген. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, КендіАлтай және басқа да аймақтарды ерекше назар аударып зерттеген. 1927-1928жылдары – Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғылыми маңызды еңбектер жариялаған. 1929жылы Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды облысында қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерген.Жезқазған– Ұлытау ауданында мыстан басқа темір,марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геологиялық қорытындылар жасаған. Ұлы Отан соғысы жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде Сәтбаевтың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жездімарганец кені барланып, іске қосылған.

Академиктің қолдауымен Алматыда Орта Азиягеофизика тресі ұйымдастырылып, Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрылған.Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырып, ондағы бөлімдерді, оған қарайтын институттарды, зертханаларды, секторларды, базаларды дұрыс жоспарлаған. Ғылыми кадрлар дайындау ісіне үлкен жауапкершілікпен қараған. Ғылыми зерттеулердің өзекті мәселелерін халық шаруашылығының мүддесіне бағыттап, шаруашылық және мәдени құрылыстың басты мәселелерін шешуге белсене қатысқан. Жезқазғанкен-металлургия комбинатын, Қарағанды мен Балқашметаллургия зауыттарын, Ертіс-Қарағанды арнасын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, республикамыздың ірі минералдық шикізат қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін Қостанай мен Жезқазған– Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру Сәтбаев есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев аштықтан иесіз қалған ауыл балаларына өз көмегін көрсеткен.

Қаныш Сәтбаев – өте зор дарын иесі. Ол – Шығыстан шыққан тұңғыш президент – ғалым. Бүкіл әлем оны Орталық Азияның ең бірінші металлогендік болжау картасының негізін салғандығын мойындады. Тамаша ойшыл-ғалым, әрі ірі мемлекет қайраткер атаққа бөленді. Ғалым ұзақ жылдар бойы елге сіңірген ерен еңбегіне сай өз халқының назарында болды. Оның көпқырлы ғылыми еңбегінің жүзеге асқан жетістіктері ретінде Үлкен Жезқазған мен

Жезді ғана емес, сондай-ақ республиканың Шығысы мен Оңтүстігінеде және Орталық Қазақстанда орналасқан тау-кен кешендері болды.

Кісілігі кішілігіне, кемелділігі кемеңгерлігіне үйлескен, ұлтымыздың мақтанышы, есімі әлемге танымал көрнекті ғалым Қаныш Имантайұлы Сатбаев қазақтың маңдайындағы жарық шамшырақ.

Барлық саласында еңбегі сіңірген, жастарға білім беріп жүрген оқытушыларммен ғылыммен айналысып жүрген құрбыларымды келе жатқан 12-сәуір ҚР ғылым саласы қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын.

Әдебиеттер

1.Қаныш Сәтбаев Тандамалы.1 томдық/Құрастырған. Қ.А.Ақышев, Т.М.Әлжанов – 2-ші бас.
2.Қаныш Сәтбаев.Энцклопедия
3.library.kz
4.galym.pavlodarlibrary.kz
5.Қ. Налмишова «Алаштың тұңғыш академигі» ХҒТК материалдары О.А. Аяшов «Дара шыққан дарын» 12.04. 2014жыл 4бет

ӘОЖ 9(94)

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Махсут Г.Ж – 1601-10 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Алдаберген М.К доцент м.а. PhD
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген алаш азаматтарының қайта оралуы халқымыздың сана-сезімін бір сілкіндіріп, рухани өмірімізге өлшеусіз серпін берген тарихи ақиқат. Міне, сондықтан да біртуар ұлдарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау - бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе.

Қанатын күннен-күнге кеңнен жайып, терендей түскен жаһандану үдерісі жағдайында халықтың ұлт ретінде тарихи санасының сақталуының басты шарттарының бірі, оның ғылыми-теориялық негізде жазылған шынайы да танымды жазба тарихының болуында болып отыр. Өйткені, тарих - ұлттың жады. Тек, жүйелі де, объективті, мүмкіндігінше ғылыми негізде жазылған тарих қана ұлттың ұлттығын сақтайтын тарихи жады міндетін атқара алады. Тек, ғылыми-теориялық негізде жазылган тарихтан ғана ұлт өзінің өткенінен мағлұматтар алып, олардан болашаққа сабақ түйіндейтіндей ойларды иеленеді.

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Сералин, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Жанша

Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев, Ғабдолғазиз Мұсаға ие бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

Шын мәнінде, олар XX ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен заман еді. Бірақ көп жылдар бойы Кеңес өкіметі жүргізген озбырлық пен тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың тікелей салдарынан халқымыздың сана-сезімі өлшеусіз де орны толмас жұтаңдыққа ұшырап, елдің дамуына үлкен нұқсан келді.

Тәуелсіздікке қол жеткен заманда қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген алаш азаматтарының қайта оралуы я болмаса қазақ зиялыларының атын мәңгі жадымызда сақтау келер ұрпаққа міндет. Міне, сондықтан да біртуар ұлдарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау - бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе. Ұлт зиялылары, олардың қоғамдық, саяси, мәдени қызметі тақырыбы әрбір дәуір тынысы, оқиғалардың және үстем идеолоқияның ықпал-әсерімен қарастырып келгені белгілі. Ұлт зиялыларының қалыптасу тарихын мен қызметіне арнап кеңес ғалымдары метелдік тарихшылар да, бүгінгі зерттеушілер де бір аз еңбектер жариялады. Себебі қазақ ұлт зиялыларының қызметі орасан зор екенін айта аламыз.

Ұлттық интеллигенция тарихы мен қызметі 20-40 жылдары сол заман ағымымен зерттелгені белгілі, 1930-38 жылдардағы интеллигенция өкілдеріне қарсы жүргізілген жаппай қудалау саясаты бұл тақырыптың зерттелуіне кедергі келтірді. Қазақ интеллиген тері мен алаш зиялылары жөніндегі шындықты жазуға үкімет тарапынан ресми түрде тиым салынды. Қазақ интеллигенция өкілдерінің саяси қызметін шынайы түрде көрсетуге тырысқан ғалымдар Т. Рысқұлов пен С. Асфендияровтар үкімет тарапынан қудалауға түсті. Тұрар Рысқұлов қазақ интеллигенциясының пайда болуы мен қалыптасуына зор көңіл бөліп, олардың саяси қызметін саралап көрсетуге ұмтылса, ал қазіргі қазақ тарихы ғылымының негізін қалаушылардың бірі
С. Асфендияров қазақ интеллигенциясының пайда болуын XIX ғасырдың аяғына жатқызып, олардың іс-әрекеттерін дәйекті түрде көрсетуге тырысты.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі өзгерістер Алаш қозғалысы мен алашорда тарихын, зиялыларын қайта қарап, ақиқат тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік берді. Қазақстан интеллигенциясы тарихын, Алаш партиясы мен Алаш қайраткерлерін, олардың ерекшеліктері мен өзіндік қадір-қасиеттерін айқындауда жаңа тарихи таным мен сараланған күрделі зерттеулер басылып шықты. Бұған М. Қозыбаевтың (Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1992,) , К. Нүрпейісовтың (Алаш һәм Алаш орда. А., 1995), М. Қойгелдиевтың (Алаш қозғалысы. А., 1995), еңбектері дәлел.

90-жылдардан бері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеров және басқаларының шығармалары жарық көрді. Бұрын аты аталмай келген Алаш қайраткерлер мен ұлт зиялыларының өмірі мен мұрасы туралы кейінгі уақытта көптеген жинақтар, мақалалар шығып зерттеліп жатыр. Оның айқын көрінісі Сұлтанбек Қожановты

да мысалға алуға болады. Сондай ірі тарихи тұлғалардың арасында Сұлтанбек Қожановтыңда есімі айрықша аталады. Кеңестік биліктің қол астында жұмыс жасай жүріп, ұлттық мүддені ойлап еңбек еткен Сұлтанбек Қожанов «сталиндік режимнің» құрбандарының бірі ретінде сонау елуінші жылдардың басында ақталса да, сол уақыттан соң да оған қатысты ғылыми зерттеулер жасауға көп адамның батылы бара қоймаған. Тек тәуелсіздіктің қарсаңындағы «жылымық» кезеңдерден бастап (біздіңше, оның өзі Алматыдағы «Желтоқсан көтерілісінен» соңғы жағдайлармен тікелей орын алған деп ойлаймын) бұл тақырыпқа қалам тартушылар саны арта түскені байқалады.

Келесі кезекте Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі туралы зерттеулер қатарына, Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөзде жарияланған бірлі-жарым мақалаларды жатқызуға болады. Кеңес үкіметі тұсында барлық ұлттық қозғалыстар қайраткерлері тәрізді М. Тынышбаев туралы да, тарихи шындық тұрғысынан арнайы зерттеу жүргізуге тиым салынды. Оның тек қоғамдық - саяси қызметі ғана зерттеушілер назарында болып, ал ғылыми және кәсіби қызметі мүлде ұмыт қалдырылды.

С. Асфендияровтың 1935 жылы жарық көрген "Қазақстан тарихыдеп аталатын еңбегі М. Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне және тарихи көқарастарына берген бағасы тоталитарлық жүйе қысымының көрінісі. Мұнда да, М. Тынышбаевтың 1916 жылғы, көтеріліс тұсында ұстанған бағытын «қорқақтық, сатқындық, масқара» - деп сипаттаған болатын. С. Асфендияров М. Тынышбаевтың қазақ халқының шығу тегін көне замандардан іздеп, географиялық, лингвистикалық деректер негізінде этникалық шекараның көлемділігін дәлелдеуге талпынған ғылыми ізденісіне де қарсы пікір айтқан еді. Бұл пікірінде ол, "буржуазия иыл шовинист», "ұлтшыл" элементтерге тойтарыс беру м п. түсіндірген болатын. Осылайша ұзақ жылдар бойы М. Тынышбаев есімі кеңестік тарих ғылымында «буржуазияшыл-ұлтшылдықтың», «пантюркизмнің» баламасы ретінде ғана жазылып келді /26/,
80-жылдардың екінші жартысынан басталған қоғамдағы оң өзгерістер және 1991 жылғы Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы отандық тарих ғылымына да игі әсерін тигізді.

Сөйтіп М. Тынышбаевтың да қоғамдық-саяси қызметіне, жеке өмірін жаңаша, үлт мүддесі түрғысынан қарайтын шынайы жазылған мақалалар шыға бастады. Бұның басым көпшілігі, оның жану қоғамдықсаяси қызметіне және өміріне, сол сияқты кәсіби қызметіне шолу түрінде жазылған, Қайраткердің білімі, зоология және т.б. қалдырған мұралар тілінде жазылған бірінші ғылыми деректер деп көрсетеді.

Алаш зиялыларының ішіндегі бірі әрі бірегейі – сол кезеңде өмір сүріп, өзінің саяси-әлеуметтік көзқарастарын жан-жақты танытқан Мұстафа Шоқай. Оның тарихтағы рөлін ашып беруге көмектесетін еңбектерге тоқталсақ, Қазақстанда Мұстафа Шоқай жайлы ең алғашқы шыққан еңбек Ә.Әлімжановтың жинақтауымен жарық көрген «Түркістанның қилы тағдыры» еңбегі. Ол сонымен қатар Мұстафа Шоқайдың өмір жолы жайлы да еңбек

жазды. А.Х.Қасымжанов та «Ұлы даланың зиялылары» атты монографиясында М.Шоқайдың өмірі мен саяси қызметіне тоқталды. Тарихшы- ғалым М.Қ.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» атты монографиясында М.Шоқайдың саяси идеяларына тоқталып, жоғары баға береді. Қазіргі таңда М.Шоқайдың өмірі мен қызметі жөнінде құнды еңбек 1997 жылы Стамбулдан шыққан Мұстафа Шоқай мен Мария Шоқайдың «Естеліктері". Сондай-ақ, шоқайтанумен айналысып біршама материалдар беретін М.Қойгелдиев, Ә.С.Тәкенов т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап көрсету керек.

Қорыта келе айтарым жиырмасыншы ғасырдың басында ұлт зиялыларының алға қойған басты мақсаты қазақ халқының жеке мемлекет болып шаңырақ тігуіне қол жеткізу еді. Осы жолда халқымыздың талай тарланы жанын пида етті. Коммунистік партияның темірдей тәртібі мен кеңестік идеологияның сұрқия саясаты бұл жөнінде жеті қабат жер астында құпия ұстады. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттерінің алды 1957-1958 жылдары КСРО –ның саясаттағы бағытында жылымық лебі есе бастағанда толықса, кейбірі кейіннен – еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген 1990 – жылдардан бері ғана Ә. Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М.Шоқай, С.Қожанұлы, Х.Досмұхмедұлы, С.Сәдуақасұлы С.Қожанов сынды ұлтжанды нарқасқаларымызбен толыға түсті.

Әдебиеттер

1. Қозыбаев М. Тарих зердесі. - А., "Ғылым" 1998. 3756.
2. Нүрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. А., «Ататек» 1995.
3. Қойгелдиев Қ.М. Алаш қоғалысы. А., "Санат" - 1995, 3686.
4. М. Қозыбаев Ақтаңдақтар ақиқаты, А.,1992.
5. Омарбеков Т, 20-30 жылдардағы Қазастан қасіреті, - А. "Санат", 1997

ӘОЖ 9(94)

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БОЛЫСТЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ФУНКЦИЯСЫ. (XIX Ғ II ЖАРТЫСЫ- XX Ғ БАСЫ)

Амангелді Ә.Р– 1601-10 тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Алдаберген М.К доцент м.а. PhD
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

XIX ғ II жартысы- XX ғ басы қазақ даласының аумағында болыстық басқару институтын қалыптастыру және болыстық әкімшілік жүйені ұйымдастыру туралы алғашқы мәселелердің көтерілуі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі өмір салтының күйзелуі, көшпелі тұрмыстың салмақты өзгерісі мен жаңа әлеуметтік –мәдени құбылыстардың пайда болуы секілді қазақ даласында орын алған барлық өзгерістерді Ресей билігінің басқару жүйесіндегі төменгі буын болған болыстар мен болыстық билеушілерді зерттеу арқылы білуге мүмкін болады. Болыстық билеу жүйесінің қызмет етуі қазақ көшпелі қоғамының жалпыимпериялық басқару жүйесіне және Империяның әкімшілік құрылымына қазақ көшпелі қоғамының бейімделу механизмінің ену

үдерісіне әсер етті. Ресейдің әкімшілік-аумақтық басқару нысанына жақын басқару нысанының болмауы Шыңғыс ұрпақтарының хан билігінің сақталуы үкіметтің іс қимылын тежеп отырды. 1817 ж. – Бөкей хан, 1819 ж. – Уәли қайтыс болғаннан кейін Орта жүзге хан тағайындалмады. Бұл жағдай Орта жүздегі билеу жүйесінің жаңа тәртібін қажет етті. Жаңа реформаны әзірлеуді Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанскийге жүктелді. Оны даярлауға болашақ декабрист Г.С.Батеньков белсене қатысты. Жарғының басты мақсаты – Қазақстанның солтүстік шығыс өңірін әкімшілік, сот, саяси жағынан басқаруды өзгерту, рулық-феодалдық тәртіптерді әлсірету, ресейлік губерниялық басқаруға біршама жақындату. Елдегі қалыптасқан рулық феодалдық тәртіптерді әлсірету. Орта жүздегі хандық билікті жою. Орта жүз әкімшілік жағынан ауыл, болыс, округ болып бөлінді. Ауыл – 50-70 шаңырақтан, болыс 10-12 ауылдан, округ 15-20 болыстан құралды. Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Тобольск, Томск және Омбы облыстарымен бірге “Сібір қазақтарының облысы” да кірді. Жарғы бойынша батыс шекарасы Орынбор даласына, оңтүстігі Шу өзеніне дейін созылған “Сібір қазақтарының округі” сыртқы және ішкі округтерге бөлінді. Бұлар Қарқаралы, Көкшетау (1824 ж.), Аягөз (1832 ж.), Ақмола (1831 ж.), Баянауыл , Үшбұлақ (1833 ж.), Амақарағай (1834 ж.) кейінгі 40-50 жылдарда құрылған Көкпекті, Құсмұрын, Алатау округтері болды. Көшпелілердің бір округтен екіншісіне өз еркімен ауысуына шек қойылды, ол үшін “жергілікті сұлтандардың” рұқсаты талап етілді. Басқарудың жаңа тәртібі бойынша ауылдарды – ауыл старшындары, болыстарды – болыс сұлтандары, округтерді – аға сұлтандар басқаратын болды. Аға сұлтанды тек сұлтандар ғана сайлайтын болды, оларға ресейлік майор әскери шені, ал 10 жылдан кейін дворяндық атақ берілді. Аға сұлтанды сайлағанда хан сайлағандай ескі әдет сақталып, хан сияқты ақ кигізге салып көтерді. Аға сұлтандар үш жылға сайланды. Болыс сұлтандарын сайлау мерзімі өмірлік болды. Болыстық билік мұрагерлікпен берілді. Егер болыстық сұлтанның мұрагері болмаса, оның орнына інісі немесе облыстық басқарма бекіткен туысы болатын еді. Аға сұлтан басшылығымен округтық приказда өткізілетін отырыстарда облыстық бастық тағайындайтын ресейлік екі “құрметті қазақ” қатысуға тиіс болды. Көп кешікпей аға сұлтандар секілді үш жылға сайланды. Жарғы бойынша сот істері үшке бөлінді: қылмыстық, талап-арыздық және болыстық басқармаға шағымдар бойынша істер. Қылмыстық істер империя заңдары негізінде округтық приказда қаралды. Істі алдын ала тексеруге қазақ билерімен қатар бір орыс шенеунигі қатыстырылды. Қазақтардың талап етуі бойынша қаралатын істер жергілікті ескі заң бойынша шешілді. Округтік приказдың шешімдерді қайта қарауға құқығы болды. Кейін “Сібір қазақтарын” билеу шекаралық басқармаға тапсырылды. Мұрағат құжаттары округтік шенеуниктердің әрбір санатына қызметі үшін ақы төлемін де көрсетті. Мәселен: аға сұлтан жылына – 500 сом, жыл сайынғы мерекелерге – 3000 сом, мектептер мен училищелер “құруға” – 5000 сом қосымша шығыс баптарын белгіледі. Кейін “Сібір қазақтарын” билеу шекаралық басқармаға

тапсырылды. Оның төрағасын тағайындау үшін арнайы жарлық шығарылды. Шекаралық басқарма Батыс Сібір губернаторлығына бағындырылды, оның төрағасы шет елдермен келіссөз жүргізу құқығына ие болды [1, 56-59 бб].

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңіндегі Торғай, Орал, Семей, Ақмола, Жетісу, Сырдария облыстарындағы болыстық басқару жүйесінің қызметі мен болыстық билеу институты қалыптаса бастады. 1867/68ж., Ресей империясымен Қазақ даласында әкімшілік бірегейлендіру процесі басталған кезі мен Торғай, Орал, Семей, Жетісу, Сырдария территориясында болыстық басқару жүйесінің енгізілуі болып алынады. Шамамен елу жылға жуық уақыт аралығында (1867-1917 жж.) қазақ даласындағы маңызды тұлғалар ретіндегі болыстық билеушілер рөлі өзгеріп отырды. XX ғасырдың бас кезінде болыстардың екі-үш ұрпағы төменгі әкімшілік деңгейінде болыстар мен болыстық билеушілерге кандидат болған болыстар династиясы қалыптаса бастады. Дала генерал-губернаторлығында енгізілген соңғы реформаға (1902ж.) сәйкес, болыстық билеушілер уезд басшысына емес шаруа басшысына бағынышты болды. Жекелеген болыстардың дамуының табиғи-географиялық жағдайларын зерттеу даланың солтүстік аймақтарына орыс шаруаларының қоныс аударушылық қозғалысының дамуына, XX ғасырдың басындағы Ресей Үкіметінің аграрлық саясатының жандануына байланысты басталды. Үкімет қабылдаған зерттеулерге Даланы ғылыми және шаруашылық зерттеу үшін экспедицияларды жатқызуға болады [2]. 1896-1902 жылдары Ф. А. Щербинаның экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедицияның міндеті көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға қажетті жер көлемін анықтау және қоныс аудару қорына алып қою мөлшерін анықтау болды. Бұл жұмыс қазіргі зерттеушіге нақты материал беретін құнды тарихнама көзі болып табылады. Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарының уездері бойынша болыстар, ауылдар туралы құнды мәліметтер тектері, кибиток, мал саны, көшпелі уақыты мен орны көрсетілген. Торғай облысы болыстарының, атап айтқанда Торғай уезінің Наурызым болысының, Ырғыз уезінің Бақсай болысының, Ақтөбе және Қостанай уездерінің болыстары дамуының табиғи-тарихи жағдайларын ашатын жұмыстар циклі шығарылды [3]. Бұл жұмыстарда Торғай облысының уездерінің жеке болыстар бөлігінде географиялық ландшафты берілген. Бұл жұмыстар Торғай-Орал қоныс аудару қоры арқылы шығарылды. П. П. Румянцев «Киргизский народ в прошлом и настоящем» жұмысында Жетісу және Сырдария облыстары болыстық институтының жекелеген аспектілерін, Азияда Ресейдің Дала облыстарын құру мәселесін, қазақ халқы үшін: көшпелі, отырықшы-мал шаруашылығы және отырықшыегіншілік нормалары ашты. Кітаптың 3-ші бөлімінде 1822-1891 жж. аралығындағы қазақтардың жалпы тарихы көрсетілген. Соңғы бөлімде қазақ шаруашылықтары мен олардың экономикалық топтары талданады. Н.С. Лыкошин жұмысы да қызығушылық танытуға тұратын еңбек қатарына кіреді. Ол Түркістан генерал-губернаторлығында уездің бастығы бола отырып, қазақ

болыстық басқарушылардың қызметін жақсы білген, өзінің "Полжизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения» болыстық басқару жүйесі сипаттамасының бірнеше бөлім арнаған [4, 21-27 бб].

Қазақ даласының аумағында болыстық басқару институтын қалыптастыру және болыстық әкімшілік жүйені ұйымдастыру туралы алғашқы мәселенің бірі С. З. Зиманов көтереді. Ол 1822 жылдың реформасы контекстінде болыстық жүйені зерттеді. Оның көзқарастарының құндылығы Сібір ведомствосы қазақтарының сыртқы округтерінің құрамында болыстарды ұйымдастыру мәселесі бойынша басты мәселелерді қою болып табылады. Ол Орта жүз қазақтарының қысқы жайылымдары ауданында әкімшілік құрылым ретінде болысты құруға назар аударды [5, 249-254 бб].

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. Көне заман бүгінге дейін. 5 томдық. Алматы, 2010, 3-том 2. Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы. Алматы, 2005.
2. https://akt.sud.kz/kaz/massmedia/kazak-handygyndagy-bilerdin-orny-men-roli
3. https://www.kaznu.kz
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011. - ISBN 978-601-7026-17-2
5. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т.Алматы: Атамұра, 2008. — 352 бет, суретті, карталы. ISBN 9965-34-816-2

ОӘЖ 378(075.8)

ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ

Ордабаева М.- 1602-19 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Марина Г.А. - аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме:

в статье на основе исторических источников анализируется процесс становления туркестана как столицы тюркского мира.

V ғасырда көшпенділер мен отырықшы халықтың шекарасы түйісетін тұста бой көтерген Түркістан екі жақтың да өркениеті мен мәдениетінің орталығы болған.Сол күйінен бүгін де танған жоқ.Қазір бүкіл түркі әлемі Түркістанды рухани астанасы санайды.Ұлы Жібек жолының бойында орын тепкен Түркістан қаласы ықылым заманнан мәдени,саяси шаралар өткізілетін әрі сауда-саттықтың орталығы болған.Мұнда түрлі дін тоғысып, халықтың дүниетанымына орай бірін бірі алмастырып отырды.Шығыс пен Батыстан ағылған керуендер өңірдің тек экономикалық жағынан ғана емес мәдени өркендеуіне ықпал етті.[1]

Түркістан - Орта Азия мен Қазақстан халықтарының материалдық және рухани өмірінде маңызды орын алған Шығыстың көне қалаларының бірі. X ғасыр жазбаларында «Шауғар»,«Иасы» деген атпен белгілі болып кеткен қаламыз кейіннен «Түркістан» деп аталған. «Түрік» сөзінің түпкі мағынасы-«батылдық», «ер жүректі» дегенді білдіреді екен. Ал «стан»- ел, халықтық атаулары жалғасып келетін парсы тілінен келген қосымша. Сонда «Түркістан»

атауы – «Батырлар елі» ұғымын меншіктейді. Тарихи деректерге жүгінсек, сонау VIII ғасырға дейін Түркі және Батыс Қағанатының, одан Түргеш Қағанатының құрамына енген Шауғар немесе Иасы жаугершілік заманда бірде арабтардың, бірде қарлұқтардың, енді бірде оғыздардың билігінде орталығы (астанасы) болып келген. Тым алысқа бармай-ақ, өзімізге кішкене болса да жақындатып қарастырсақ, Есім хан (1598-1628жж) Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етіп бекітіп, өз билігінің тәуелсіз екендігін көрсету үшін ақша соқтырған. Міне, сол уақыттан XIX ғасырға дейін Түркістан Қазақ хандығының экономикалық орталықтарының бірі және ресми әкімшілік орыны ретінде қызмет етті. Әсіресе, XVI-XVII ғасырларда Түркістан Қазақ хандығының аса әйгілі қаласына айналып, көршілес жатқан Орыс мемлекетімен саяси қарым-қатынастар орната бастайды. Сол кезден бастап Түркістан туралы деректер орыс жазбаларында да жиі жазылып отырған. [2]

Сан ғасырлық тарихты барынша қысқарта қайырса, 1819-64 жылы Түркістан Қокан хандығының қол астына қарады. Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 10 гектарға жуық болды. Оны балшықтан соғылған қамал қоршап тұрды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. 19 ғасырдың 60-жылдары Түркістанда 20-ға жуық мешіттер, 2 медресе, базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болды. 1864 жылы 11 маусымда Түркістанды Ресей әскерлері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала аталды. 20 ғасырдың басында Түркістан 1400 гектардай жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жолы вокзалы салынды. 1908 жылы 3616 үй, 41 мешіт, 2 класты қалалық училище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 жылы 15236 адам болды. Өнеркәсіп және сауда орындарынан 1912 жылы мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8 сабын қайнататын, кірпіш зауыттары, 15 су диірмені жұмыс істеді. 1918 жылы 6-9 қаңтар аралығында Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі етті. Съезде Сырдария облысының Алаш автономиясына қосылу моселесі каралды. Онда Сырдария қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда Түркістан қаласы Алаш астанасы болады деген шешім кабылданды. Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Қалада жөндеу-механик, мақта тазалау, жем, кірпіш зауыттары, темір-бетон бұйымдарын шығаратын, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. Саттар Ерубаев мұражайы қызмет көрсетуде. 1991 жылы "Әзіреті Сұлтан қорық-мұражайы" ашылды. Түркістанда орта білім беретін мектептерден баска, арнаулы білім беретін оқу орындары бар.[3]

«Түркістан» десе елең етпейтін мұсылман қауымы жоқ. Өзінің «Даналық Кітабымен» әлемге танылған әулие бабамыз Қожа Ахмет Яссауидің есімін Түркістаннан немесе Түркістанды Яссауи атынан ажыратып қарау да мүмкін емес.Сонау 1103 жылы дүниеге келген Қожа Ахмет Яссауи Түркістанға тоқтап, сопылық идеяларын уағыздаған ислам дінінің өкілі. Ақынды рухани басшы, «Әулие» санаған мұсылмандар тоғыз жүз жылдан бері оның ілімімен бірге жасап келеді. Бүкіл Шығысқа өмірін жүргізген қолбасшы Ақсақ Темірдің,

ақынның қайтыс болғанына 200 жыл өткенде, қирап бітуге таянған кішкене ғана мазар орнына зәулім ескерткіш орнатуы да тегін емес. Өйткені мұсылмандардың ыстық ықыласына иеленген «Әулие» кісі құрметіне ғаламат ғимарат салдырған Темір дала адамдарының сеніміне кірудің жолын осылайша іздестірген-ді. Сол XIV ғасырда салынған ғажайып құрылыстың үлкендігі, қайталанбас сәулеттілігі және жекелеген декоративті көріністері әлі күнге дейін жұртшылықты таң қалдырумен келеді. Бүгінгі Түкістанда, заманға сай тұрғын үйлер мен оқу орындары, мәдени демалу орындары мен саябақтар және т.б ғимараттар бой көтерген. 1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланып, қазіргі кезде еліміздегі жетекші білім беру ордасына айналды.[4]

Бұл қалада Қожа Ахмет Ясауи өзінің уағызшылық қызметін жүргізген. Кесене аумағында Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр тағы басқалар жерленген Қаланың іргетасы біздің заманымыздың 1-мыңжылдықтың бас кезінде қаланған. Түркістан қаласы сонымен қатар орта ғасырдың өзінде ірі білім орталығы болғандығы белгілі. Оның мәдени өмірінде дәруіш ақындардың, ислам дінін уағыздаушылардың да шығармалары үлкен орын алады.Олардың қатарына Ахмет Ясауи бастап, оның шәкірті Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Жүгнеки, Жүсіп Баласағұндар жатады.Мың жарым жылдан аса өмірбаяны бар Түркістан – ер жүрек батыр қала. Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сунақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала.XYII ғасырдың басынан Түркістан қазақ хандығының, яғни қазақ мемлекетінің астанасы болды. Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын реттеу үшін Түркістаннан Ресейге, Ресейден Түркістанға елшіліктер жүріп отырған.[5]

Түркістанның бүкіл қазақ халқының байтақ астанасы болғандығын дәлелдеу үшін Шығай, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Қазыбек, Әйтеке секілді қазақ халқының ұлдары мен Қанжығалы Бөгенбай, Тобықты, Мамай, Қоңырат Сырғақ, Нияз, Дулат сияқты батырларының құлыптастарының А.Ясауи сағанасында орналасқанын айтудың өзі жеткілікті емес пе?![6]

Әдебиеттер

1. Түркістан қаласы бойынша қысқаша негізгі мәлімет. Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің ресми сайты (19 қыркүйек 2013).
2. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі. 2015 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностары бойынша саны
3. Қазақ Энциклопедиясы.
4. Қазақ Энциклопедиясы
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
6. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы.

ОӘЖ 378(075.8)

ТУ – БАЙРАҚ ҰЛТТЫҚ РӘМІЗ РЕТІНДЕ

Актураева М.– 1601-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Марина Г.А. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме:
в статье поднимаются вопросы знамен как национальных символов в исторической ретроспективе.

Байрақ – ежелгі әскербасылық дәреже белгісі болып танылады. Ол аңның, оның ішінде барыстың, қабыланның құйрығынан, түсті матадан, жібек шашақтан, жылқының құйрығынан жасалады. Сонан соң оны найзаның немесе сырықтың басына бекітеді. Сабының жоғарғы ұшына қасиетті рәмізді бейнелейтін металдан жасалған байпақбасы орнатылады. Ол түркілерде көк бөрінің, сарматтарда, ғұндарда айдаһардың басын бейнелеген. Кейін, Ислам дінін қабылдаған соң түркі тілдес халықтарда байрақтың басына Құран аяттары жазылып, ай белгісі орнатылатын болды. Әскербасы қандай дәрежеде, соған сәйкес бір немесе екі белгі тағылады, кейде бұл белгі одан да көп тағылуы мүмкін. Әскербасы сарбаздармен, жауынгерлермен бірге болса, жасақтың туымен бірге байрақ та көтеріледі де, айқас үстінде әскербасы байрағымен белгі береді[1].

Шығыс бейнелеу өнерінде батырлардың жанында байрақ көтеріп тұрғандар кескінделген. Олар – дәрежесі биік әскербасының байрағын көтеруші «байрақдарлар». Бұрын байрағы арқылы әскербасының қандай жасақты басқаратынын сыртынан-ақ танып білген. Өйткені, байрақта қосынның қандай жасақ (мергендер ме, атты әскер ме) екенін танытып тұратын өзіндік белгілері таңбаланған. Иә, ерте заманнан-ақ Дешті Қыпшақ халқында неше түрлі байрақ болған. Ол сақ, ғұн, қыпшақтардан қазаққа дейін жеткен. Осылайша ежелгі түркі дәуірінен «бөрлі байрақ» сақталған. Көне заманнан бері келе жатқан белгілердің бірі – ала байрақ. Оны Алаш ұлы жиі қолданған. Өйткені халық мұны бас қосар белгі деп түсінген. Яғни, ала байрақ ынтымаққа шақырған бірлік символы ретінде саналған [2].

Ертеде әскери арнайы киімдер болған жоқ. Сол кезде жауынгерлер өз әскерін жау жасағынан айыру үшін айқас алдында дулығасына, найзасына арнайы белгі таққан. Біркелкі түсті бұл айырым белгінің бұрынғы атауы – «жалау». «Жалаулы найза қолға алып» деп ақындарымыздың жырлауының себебі содан. Әр жасақ өзін-өзгелерден айырып тұратын түсті жалау таққандықтан, қолбасшылар сол арқылы қай жасағының қайда тұрғанын, қандай қимыл жасап жатқанын сыртынан байқап, оларға байрағымен белгі беріп, ұрысқа кіргізіп, одан шығарып, басқарып отырған. Кенесарының жауынгерлері мұндай белгіні – жалауды сыртқы киімдерінің жеңдеріне таққан. Шайқас кезінде байрақта да, жалауда өз қызмет атқарған[3].

Ту – әскери рәміз. Ол найзаға немесе басқа бейне түріндегі металл ұштығы бар ағашқа бекітіледі. Ту жауынгерлердің жиналуы үшін алыстан

жақсы көрінетіндей етіп ұзын сырыққа орнатылған. Тарихи деректер бойынша, мұндай тулар негізінен, Таяу шығыста, Үндістанда, Қытайда, тағы да басқа елдерде пайда болған. Римде ту - легион белгісі, ол – ағашқа орнатылған қыран құс бейнесі болды. Еуропада он бірінші ғасырдан бастап туларда төлтаңба (герб), христиандық белгілер пайда болса, ХУ ғасырда Францияда алғаш рет тудың саптағы орны бекітілді, туға көрсетілетін құрмет, туды қорғау, міндеттері, тудан айрылғанда берілетін жаз белгіленді. ХУІ ғасырдан бастап атты әскер бөлімшелеріндегі тулар деп аталып, кейін тулар әр түрлі түстегі маталардан жасалды. Шайқаста туынан айрылған жасақтар таратылып, айқас кезінде дұшпанның туын тартып алған жауынгер ерекше марапатталды[4].

Дала тұрғындары туды жауынгерлік рухтың белгісі деп сенген, әскердің күші, киесі деп ерекше қастерлеген. Сол себепті тудың құлауын әскердің жеңілуі деп түсінді, бүкіл әскер болып шайқастарда әскер туын қорғады. Ту алыстан айқын көрінуі үшін ашық, көк, қызыл, сары, жасыл, ақ түсті маталардан жасалынып, кейде бір туда екі-үш түс қатар қолданылды. Тудың әрбір түсі көшпелілердің төл мәдениетінің белгісі ретінде белгілі бір ұғымды білдірді. Негізінен, Дешті Қыпшақта да ақ түс – тазалықтың, әділдіктің, қызыл түс – ерліктің, жасыл түс – жаңғыртудың, өркендеудің тіпті имандылықтың нышаны, белгісі саналды. Жауынгерлердің рухын, айбынын асқақтатып, жеңіске жігерлендіру үшін оған киелі белгілер – жыртқыш аңдар мен айдаһардың басы бейнеленді, кейін Айдың белгісі, Құран аяттары жазылған белгілер салынды, ту әскердің киесі саналғандықтан айқасқа түсер кезде оны ең батыр адамдарға ұстатты[5].

Қазақ хандығында да ту тігу, атақты қолбасыларға ту тапсыру рәсімі атқарылған, әр ханның өз туы болған. Біз тарихи құжаттардан Абылай ханның заманында Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек батырлардың өз туы болғанын білеміз. Тіпті, жазба деректерде Қабанбайдың ақ туы, Абылайдың жасыл туы болғаны айтылады. Ол тулар кейін бұл бабаларымыздың ұрпақтарында болып, халық оны кие тұтты. Тарихи құжаттарда Абылайдың ақ туы болғандығы баяндалады[6].

Дешті Қыпшақта түркі тілдес халықтардың қай-қайсында да өз заманында тіпті, әскер саны тумен де есептелді. Жасақтар құрылысымен оған ту тапсырылған. Тулар мыңбасыларға, түменбасыларға берілетін болғандықтан, қанша әскер жинағының тумен санау тиімді тәсіл еді. Жер – жиһанды, ғаламды, табиғатты, адамды құбылтып тұрған жеті түс бар. Олардың ішінде ақ, жасыл түстерді қазақ хандығы ел басқару ісіндегі рәміздерде жиі қолданған. Тарихи деректерге сараптама жасай отырып, қазақта ақ ту көтеру дәстүрі әлһәмнан бар. Ол ХҮІ ғасырдың соңындағы Ұзын оқты Ондон сұлтаннан бері қайта жаңғырды. Бұл Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамсасында» жазылған[7]. Ол төрелердің шұбар тулы болғанын «Ұран баянында» атап көрсеткен. Ал енді сығай ханның ұрпақтары туралы сыр толғағанында: «Сығай ханның екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес

ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Ешім хан ұлы Жәңгірхан, ұлы Тәуке хан бір әйелден жеке. Мұның ұлы Полат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбіл Файз хан қызыл тулы төрелердің бабасы. Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болып, Ауладан Абылай хан туған. ... соңынан Полат баласы Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойып, Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған. Соңынан Абылай хан өз қабілетімен орта жүздің бәріне, ұлы жүздің көбіне, кіші жүздің біразына ие болып, жалпы төре атаулыдан басым келген себепті, үш жүздің ханы деп аталған. Жасыл тулы төрелердің бабасы болады. Білетіндер осы үш тудың бәрі (қызыл ту, ақ ту, жасыл ту) Орысханнан дейді, бірақ мағынаға қарай орданы есепке ала отырып, Сарай хандары қызыл ту, Шағатай әулеті ақ ту, Үкідай әулеті көк тумен дараланып, кейіннен бұл жағдай да ұмытылып, жақын аталары Оннан мұны Абылай ханға жеткізіп «ту тарихын айтады», яғни бұлай да Орысхан нәсілінен есептеледі»[8].

Алаш алаш болғанда, Алтай мен Еділ-Жайық арасы қонысы, Сырдағы қасиетті Сығанақ астанасы болып тұрғанында Орыс хан қызыл ту көтеріп, оны кейін еңсегей бойлы ер Есім, ұрпақтары Әз Тәуке, Болат, Әбілмәмбеттер мемлекеттік белгілі етіп ұстанды. Абылайдың негізгі туы, жасыл болса, немересі Кенесары да жасыл ту астында, Қазақ мемлекетінің егемендігі жолында құрбан болды. Қазақ халқы шаңырағын көтерген Көк Орда мен Қазақ хандығының туларының түсі – қызыл, ақ, жасыл болды. Түбі бір түркі халықтарының қай-қайсы да өз туын ру – тайпалық одақтың дәнекері, жорықтарда рух беруші санады[9].

Орта ғасырдағы қазақ даласы петроглифтерінде тудың, байрақтың мейлінше марапатталуының сыры мінеки, осында жатыр. Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдаровтың қазақ эпосындағы батыр жауынгерлердің қару-жарағы мен рәміздерін зерттеген еңбегінде халық шығармаларында хан, қолбасшы, батырлардың ақ, жасыл, сары, қызыл, қара тулармен қатар, көп түсті: ақ-жасыл, ақ-сары, ақ-қара, шұбар ала тәрізді тулардың да кездесетіндігін айтады. Ал, А.П. Окладников ту туралы былай деп жазады: «...Ту бір жағынан жалпытайпалық немесе рулық бірлестіктің заттай белгісі, қастерлі де киелі бұйымы, екінші жағынан, көсем абыройының асқақ нышаны. Бұл екеуі бір-бірімен ажырамастай байланыста. Тусыз көсемнің немесе ханның болуы мүмкін емес»[10].

Әдебиеттер

1. Шаймерденов Е.Ш. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. – Алматы: Жеті арғы, 2001.
2. Рашид ад-Дин Сборник летописей, т.1, 2. – Москва,1952.
3. Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер. Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері, А., 1996.
4. Вспомогательные исторические дисциплины. Весиллология. – Санкт-Петербург, 2006.
5. Шаймерденов Е.Ш. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. – Алматы: Жеті арғы, 2001.
6. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности. –Алматы: Дайк Пресс, 2001.
7. Халиди Курбанғали. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992.

8. Халиди Курбанғали. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992.
9. Қиянатұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. –Алматы: Тарих тағылымы, 2010.
10. Окладников А.П., Васильевский Р.С. Северная Азия на заре истории. — Новосибирск: Наука, Сибирское отделениение, 1980.

ОӘЖ 378(075.8)

АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ

Серікқызы А.– 1602-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Марина Г.А. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме:
в статье анализируется история становления и развития Золотой Орды, как политического центра развития тепной цивилизации на основе письменных источников.

«Алтын Орда» мемлекетінің құрылуы. Қазақстан аумағы үш моңғол ұлысының құрамына енді:үлкен (далалық) бөлігі Жошы ұлысына, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысына, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей ұлысына қарады. Жошы ұлысы Ертістен батысқа қарайғы ұлан-ғайыр жерді, Жетісудың солтүстік бөлігі мен бүкіл Дешті-Қыпшақты, Еділдің төменгі бойын қоса алып жатты. Шағатай ұлысы жоғарыда аталған жерге қоса, Шығыс Түркістан мен Мәуереннахрды қамтыды. Үгедей Батыс Моңғолияны, жоғарғы Ертіс пен Тарбағатайды биледі. Шыңғыс ұлдары өз ұлыстарын тәуелсіз иеліктерге айналдыруға тырысты. 1227 жылы Шыңғыс хан өлгеннен кейін бұл ұмтылыс күшейе түсіп, империя бірнеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетті.[1]

1227 ж. Жошы өлген соң орнына ұлы Батый отырды. Ол Батыс Дешті-Қыпшақ даласына, Еділ бұлғарлары жеріне, одан әрі батысқа шапқыншылық жорықтар ұйымдастырды. Ірі орыс князьдіктері талқандалды, Польша, Венгрия, Чехия және басқа көптеген елдер тонауға ұшырады. Жеті жылға созылған жорықтарынан кейін Батыйдың қол астына Қырымды қоса, Еділден Дунайға дейінгі жер, Солтүстік Кавказ, Батыс қыпшак (половецтер) даласы қосылды. Осыдан кейін Батый Еділдің төменгі аясында Алтын Орда атты жаңа моңғол мемлекетін құрды. Оған Жошы ұлысының жері — Шығыс Дешті-Қыпшақ, Хорезм мен Батыс Сібірдің бір бөлігі және батыстағы жаңадан жаулап алынған жерлер қарады. Батый әскерінен жеңілген орыс князьдіктері бағынышты тәуелділікте болды. Орыс князьдері Алтын Ордаға тәуелділіктерін мойындап, ұлы ханның қолынан князь атағын алып, алым-салық төлеп тұрды. Батый құрған мемлекет шығыс деректерінде Жошы ұлысы деп, сондай-ақ Жошы ұрпактары— хандардың атымен (Батый ұлысы, Берке ұлысы, т. б.) аталды. Астанасы Сарай-Бату (Астрахань маңында), кейіннен Сарай-Берке қаласында болды. [2]

Алтын Орда көп ұлтты мемлекет. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жағынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер

негізінен түркі халықтары — ең көбі қыпшактар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т. б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т. б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданын халқы «татарлар» деген атау алды. Алтын Орданың қоғамдық құрылысы. Алтын Орда мемлекетінің құрылысы толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды бешербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган —уәзір болды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық., сыбаға жинау міндетін атқаратын даруғтер, басқақтар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер, bahадурлер мен түмендер, мыңдық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды. Алтын Ордада жаулап алынған жер мен халықтарды басқару үшін ұлыс жүйесі енгізілді. Батый хан тұсында Жошы ұлысында екіге — оң және сол қанатқа, негізінен екі мемлекетке бөліну процесі жүргізілді. Оң қанат (ұлыстың) басында Батый ханның өзі мен ізбасарлары тұрды. Ал сол қанатты Жошының үлкен ұлы Орда Ежен биледі. Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына кірді. Батый мен Орда Еженнің ұлыстары өз ішінде тағы да кіші ұлыстарға бөлініп, олардың басында Жошының өзге ұлдары отырды. Ұлысты (үлесті жер) билеуге өкімет басындағы әулет мүшелерінің барлығы құқықты болды. Ал өзге моңғол аксүйектеріне үлесті жер ханға еткен еңбегіне карай бөлініп берілді. Біртіндеп ақсүйектер құқығы арта түсіп, олар қарамағындағы жерді ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын дәрежеге жетті. Екінші жағынан Алтын Ордада көшпелілердің ру-тайпалық ұйымдары да сақталды.[3]

Алтын Орданын гүлденуі мен құлдырауы. Алғашында Алтын Орда Моңғолиядағы ұлы ханға тәуелді болды. Алайда 1260 ж. Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырап кетті. Алтын Орда Батыйдың інісі Берке ханның (1256 — 1266 жж.) тұсында-ақ тәуелсіздікке қол жеткізген. Одан кейінгі Мөңке хан (1266 — 1280 жж.) өз атынан теңге шығара бастады.

Алтын Орданың тарихы ішкі қайшылықтарына қоса, орыс князьдіктерімен, Ирандағы Күлағу ханның әулетімен, Ақ Орданың және Хорезмнің билеушілерімен үздіксіз соғыстарға толы болды. Алтын Орданың XIV ғ. алғашқы жартысында, әсіресе Өзбекхан (1312 — 1342 жж.) мен одан кейінгі Жәнібек ханның (1342 — 1357 жж.) тұсында құдіреттілігі арта түсті. Ханның дара үстемдігі орнап, құрылтай шақыру аяқсыз қалды, билік бір адамның қолына жинақталды.[4]

1312 ж. Өзбек хан исламды Алтын Ордадағы мемлекеттік дін деп жариялады. Далалық түркі-монғолдық мәдениет Еділ бойы (бұлғарлар) және Орта Азия (Хорезм) мұсылмандық, салт-дәстүрлерінің әсерімен исламды

қабылдай бастады. XIV ғ. екінші жартысында Алтын Орда алауыздықтан әлсірей бастады. 1357 жылдан 1380 жылға дейін таққа 20-дан астам хандар отырып, бірін-бірі өлтіріп, орнын тартып алып жатты. 1380 ж. Алтын Орданың билеушісі, түменбасы Мамай Дмитрий Донской бастаған орыс әскерінен Куликово даласында тас-талқан болып жеңілді. Жошы ұрпағы Тоқтамыс хан осы жағдайды пайдаланып, Алтын Орданың билігін тартып алды. Өз билігін соғыс жеңістерімен бекіте түспек болған ол 1382 ж. Мәскеуді өртеп жіберді, Мәуереннахр мен Закавказьеге бірнеше рет жорық жасады. Тоқтамыстың соңына түскен Әмір Темір Алтын Ордаға қайта-қайта шабуыл жасап, халқын қырып, байлығын тонап, енді қайта көтеріле алмастай етіп тұралатты.

XV ғ. ортасына қарай бірнеше үлкен ұлыстар өз алдына хан сайлап, Алтын Орда біржола құлады. Бұл ұлыстардың ең ірісі XV ғ. 30-жылдары Еділ мен Днепрдің аралығында құрылған Ақ Орда болды. 20 — 60 жылдары Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары бөлініп шықты.[5]

Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. Очерктер- Алматы, 1994
2. Күзембайұлы. Қазақстан тарихы. — Алматы, 1999
3. Ырыспайұлы. Қазақстан Республикасының тарихы.- Алматы, 2000
4. Қазақстан тарихы. Д.Бабаев. Алматы «Рауан» 1996.
5. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Қ.М.Байпақов, Б.Е.Көмеков, К.А.Пищулина. Алматы «Мектеп», 2001.

ОӘЖ 378(0.75.8)

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – «НҰР- СҰЛТАН ҚАЛАСЫ»

Пернебай Б.Қ. - 1601-19 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Марина Г. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме:

в статье рассказывается о городе Нур-Султан, столице современного Казахстана, и его живописных местах.

Нұр- Сұлтан (бұрынғы атаулары Ақмолинск, Целиноград ,Ақмола, Астана)- 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының елордасы. Нұр- Сұлтан 1830 ж. Есіл өзенінің жағасында орыс әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады. 1862 ж. Ақмолинск қала мәртебесін алды. 1962 ж. Қалаға Целиноград атауы берілді. 1997 ж. Егемен Қазақстанның Президенті Н.Назарбаев Жарлығымен елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. 1998 ж.6 мамыр жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілді. 1998 ж.10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы- Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1998 ж.ЮНЕСКО ның шешімі бойынша Астана қаласына Бейбітшілік қаласы жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты

орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды. 2019 жылы 20 наурызда Қазақстанның жаңа президенті Қасымжомарт Тоқаев қаланың атын экс-президент Н.Назарбаевтың құрметіне Нұр- Сұлтан деп өзгертуге бұйрық берді.Қала Есіл өзенінің жағалауында орналасқан.Екі бөлікке бөлінеді оң және сол жағалау.Қаланың гидрогеографиялық желісі тек Есіл өзенімен ғана емес,сонымен қатар Есіл өзенінің оң ағымдары Сарыбұлақ пен Ақбұлақ өзендерімен де ұсынылған.
2020 жылғы 1 қаңтардағы қала тұрғындар саны 1136008 адамды құрады. ҚазСтаттың ресми есебі 2017 жылғы 1 қаңтарда елордада 972672 тұрғынды, 2017 жылғы 1 маусымда 1002874 тұрғынды ,ал 2020 жылғы 1 қаңтарда есептің жаңа методикасына сәйкес 1136008 тұрғынды тіркеді.
ҚазСтаттың 2016 жылғы 1 қазан жағдайы деректері бойынша қаланың еңбекке жарамды тұрғындар (әйелдер жасы 16-58, еркектер жасы 16-63) саны 478432 адамды құрайды, соның ішінде 21 мың жұмыссыз және 92 мың жұмыс күшіне енбейтін тұлғалар. Неке одағына кірудің орташа жасы- ер адамдар- 27,5 жас, әйелдер -25,3 жас.
«Астанагенплан» ҰЗМИ «Астана агломерациясының аумақтық дамуының аймақаралық схемасы» жобасын жасады. Агломерацияны дамыту жобасымен 2020 жылы агломерация саны 1,2 миллион адамға дейін, ал 2030 жылға қарай 1,5 миллионнан астам адамға өседі деп күтілуде.

Нұр Сұлтан қаласы болашақтың қаласы,жастардың қаласы деп танимыз. Жылдан жылға қаланың халқы да, көрікті, әсем жерлері де көбею үстінде. Астана Бәйтерек монументі Нұр Сұлтан қаласының негізі және қаланың басты нышаны болып табылады. Бәйтерек терек деген мағынаны білдіреді. Осылайша, Бәйтерек өзінің тарихи тамырларын сақтап қалған, болашақтағы өркендеуге ұмтылатын және бүкіл әлем қоғамдастығына тәуелсіз Қазақстанның нышаны болып табылады.
Бейбітшілік және келісім сарайы (Пирамида). Қазақстандағы достық, бірлік пен бейбітшілік нышаны болып табылады. Жобаның авторы- белгілі британдық сәулетші Норман Фостер .Сарайда орынға арналған «Атриум», «Бесік залы», көрме залдары, «Құланшы галереясы», баспасөз орталығы, Нұр Сұлтан қаласының этникалық мәдени орталықтары, сондай- ақ Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталықтары және Түркі Әлемі академиясы орналасқан.
Президенттік парк Бейбітшілік және келісім сарайының айналасында орналасқан, және Қазақстандағы ең үлкен саябақ болып табылады. Өз аумағында жасанды ағындар, фонтандар мен гүлзарлар бар. Саябаққа жоғарыдан қараса оның сызбаларының ұқсастығын тәуелсіздік символы және Қазақстанның жаңғыруы символы Самұрық құстың бейнесі арқылы атап өтуге болады.

Есіл өзенінің жағалауы. Жазда елорда тұрғындары мен қонақтарының серуені үшін Нұр Сұлтан қаласының жағалауы сүйікті орынға айналады. Түнде Есіл өзенінде лазерлік музыкалық шоу өткізіледі.
Астана Опера театры. Есілдің сол жағалауында орналасқан бұл ғимарат өзінің сән салтанатымен таңғалдырады. Ол әлемдік сәулеттің үздік классикалық дәстүрлерін ескере отырып салынған, сонымен бірге театр сәулетінде қазақтың ұлттық нақышы бейнеленген. Театрдың үлкен залы- 1250 орындық, ал камералық зал- 250 орынға арналған.
Қазақстанның ұлттық мұражайы- Орталық Азиядағы ең жас және үлкен мұражай болып табылады. ҚР- ның Ұлттық мұражайына келесі залдар кіреді : Астана залы, Тәуелсіз Қазақстанның залы, Алтын зал, Ежелгі және орта ғасырлар залы, Тарих залы ,Этнография залы, Заманауи өнер залдары. Сонымен қатар, балалар мұражайы, балалар көркем орталығы, екі көрме залы, жаңғырту шеберханалары, зертханалар, кәсіби қоймалар, оқу залы, конференс- залы, ғылыми кітапхана орналасқан.
Сулы Жасыл желекжол- Хан Шатырдан «Ақ Орда» Президенттің резиденциясына дейін созылған бұл желекжол қызықты қалалық пейзаждарды көру үшін ең әдемі жаяу жүру аймағы болып табылады. Бұрқақтар, өнер туындылары, мейрамханалар, шағын дәмханалар, дүкендер осының бәрін осы жерден тамашалауға болады.
Нұр- Сұлтан өсу өркендеу мүмкіндігі зор болашақтың қаласы. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтаңбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуелеген Әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір азаматтық сезім билейді. Бізді, яғни, жастарды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала- жас қаламыз- өнер, білім мен мәдениеттің, ғылымның ордасына айналуда.
Сарыарқаның төрінде орын тепкен Нұр- Сұлтан қаласымен әрбір ел азаматы мақтанады. Өйткені ерке Есілдің бойында асқақтаған Елорда тәуелсіздігінің тірегі саналады. Бүгінде көзіміздің анық жеткені, өзгелердің де мойындап отырғаны елорда- бір қаладан, бір қалаға көшіріліп қана қойған жоқ, жаңадан салынды, жаңадан бой көтерді. Шамалы ғана уақытта анау- мынау емес, бір қаланы, онда да бүтіндей бір елдің астанасын тұрғызып тастағанымыз қандай мықтылық десеңші. Астана сөзінің парсы тілінен аударғандағы бір мағынасы- «босаға» екен. Қазақ халқымыз да әлімсақтан босағаны қасиет тұтқан. Яғни босағамыз берік болсын деген ырым осы жерде зор маңызға ие бола түседі. Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана қаласына Нұр Сұлтан есімі берілуі тарихи жағынан да, ұлттық тұтастығы жағынан да ұрпаққа, болашаққа аманат орынды шешім болды.Қала ішінде орналасқан бүкіл ғимараттар да,сауда ойын сауық орталықтары да жастарға үлкен мотивация есебінде қарастырылады. Нұр Сұлтанды жастардың қаласы деп бекер айтпаса керекті. Себебі қазіргі таңда қалада жастарға арналған түрлі мүмкіндіктер,жағдайлар жасалу үстінде.Жас қала бас қала болғандықтан мүмкіндік те жетіп артылады. Жұмыс жағынан да, еңбекке қатынас жағынан да

алдыңғы орында келе жатқан қалалардың бірі болып табылады. Келешекке де жоспарлары көп, мақсаты айқын қала ретінде тануымызға әбден болады екен.
Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда Нұр- Сұлтан қаласы белсенді, талантты және жігерлі жастар үшін жаңа мүмкіншіліктер мен тартымды көріністің бейнесі. Қазақстанның астанасы еліміздің басты білім беру және ғылыми алаңы болып табылады және білім, ғылым және инновацияның өңірлік орталығы болуға ұмтылады.
Тарихи өлшем бойынша жас қаланың мәдени рухани өмірі қанық және қызықты.Мұнда бақытты жандар өмір сүреді.Осы кезге дейін дамып,өз алдына жетілу үстінде болып келген Астана бұдан кейінгі кезеңде де дами беретініне күмән жоқ.Ел болашағы жастар қолында болса,сол жолда әр адамға, жасамыс тұлғаға шабыт беретін біздің елдің тамаша табиғаты, көрікті де әсем жерлері .Осы тұрғыда, Елдің астанасы Нұр- Сұлтан қаласы- біздің әрқайсымыздың мақтанышымыз.

Әдебиеттер:

1.Попова В.Н. Ареально-ретрогрессивный метод А.П. Дульзона в исследовании субстратной топонимии]// Вопросы языкознания. – 2000.-N3-С. 52-53
2.Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
3.Астана замандастардың көзімен. – Астана, 2004.
4.Дүйсен С., Еңсенов Қ. Жұмабек Тәшенов: Ғылыми басылым / Авт.: С.Дүйсен, Қ.Еңсенов/ Б.Ғ. Аяғанның ред.- Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2012.
5.Кабульдинов З.Е. История Астаны. Учебное пособие для учащихся общеобразовательны школ. – Астана, 2007.

ӘОЖ: 37. 377.15

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ ТАЛҒАМЫНА ҰҒЫМДЫҚ ТАЛДАУЛАР

Түймебаева Г.О.- 120-18к тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается понятийный анализ этнического вкуса учащихся

Адам баласының әлеуметтік дамуы жақсы зерттелген және оның даму заңдылығы жан-жақты қарастырылған. Ал халық тарихы жөніндегі (біз ендігі жерде оны шатастырмас үшін “этнос” деп алып қараймыз) зерттеулер түсініксіз, шатастырулық көп. Шын мәнісінде, этностан тысқары бірде-бір адам өмір сүрмейді. Кімге де болса, “сен кімсің?” деген сұрақ қойса, ойланбастан “орыспын”, “французбын”, “ағылшынмын”, “неміспін”, “парсылықпын” немесе “түрікпін” деп жауап береді. Олай болса, адамның санасындағы этнос жайындағы түсінік көпке ортақ. Ал жоғарыдағы сұраққа жауап беруші әрбір этнос мүшесіне: “Сен неге ол халықты немесе ұлтты өз ұлтым деп санайсың?” деп сұрақ қойса, оған анықтама беруге қиналады. Әсіресе, “сенің ұлтыңның басқа ұлттан қандай айырмашылығы бар?” деген сұраққа бұрынғы Кеңес

Одағында, бүгінгі ТМД елдерінде тіршілік ететін ұлт өкілдері тиянақты жауап бере алмайтын мәселелерді толық шешу қажет [1].

Бұл талаптардың жүзеге асырылу бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген шәкірт тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор.

Жаһандану дәуірінде этностық талғам мәселесі үлкен маңызға ие болуда. Адамзат қоғамы екі бағытта дами алады деп болжайды: этностың бір-бірімен араласуы немесе бір-біріне қайшы келуі. Бірақ, екі көзқарас та тарихи дағдарысқа алып келуі ықтимал. Бұдан шығудың үшінші жолы бар, ол этностық талғам, мұндай жағдайда бірде-бір мәдениет өз ерекшелігін жоғалтпай, әлемдік қоғамға шығуына мүмкіндік алады. Міне, сондықтан да этностық талғамға шығу мәселесі этностық талғам сәйкестіліктің қалыптасуы арқылы шешіліп, этникалық қауымдастықтардың мәдени түрде өзара әрекеттесуіне әкеледі.

“Этнос” гректің - etnos - тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда “халық” терминінің орнына “этнос” термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – “тайпа”, “ұлыс” (“народность”), “ұлт” ұғымын түгел қамтиды. Оның үстіне, “халық” сөзінің “бір топ адам” (мәселен, “халық жиналды” десек) деген мағынасы бар екені белгілі. Сондықтан “этнос” терминін қолдану қолайлы. Адам ұжым болып тіршілік етеді. Оған әлеуметтік бірлестік деп те, этностық бірлестік деп те қарауға болады. Шындығында, әрбір адам, бір жағынан, белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, сонымен бірге ұлттың (этностың) да мүшесі болып саналады.

Талғам көркемдік әсер етуге тірелмейді, оның құралдары алуан түрлі. Ол өнер, оның ішінде музыка сол құралдардың бірі ғана. Бірақ мұнда өнерді, оның ішінде музыканың атқарар ролі ерекше. Тек өнер ғана адамның шындыққа тарихи қалыптасқан эстетикалық тәрбие берудің ерекше әсерлі және ешнәрсемен алмастыруға болмайтын құралына айналдырады. Өнердің эстетикалық талғамға қатысуға оның міндетті қызыметтерінің бірі болып табылады [2].

Талғам- әр түрлі эстетикалық қасиеттерді көңіл күй сезімімен бағалау, ең алдымен, сұлулықты, әсемдікті ұсқынсыздықтан ажырата білу жөнінде қоғамда практика қалыптастыратын адам қабілеті.

«Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру» тұжырымдамасында (1996) атап көрсетілгендей, халықтың этностық талғам сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құралады. Ол ұлттық азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы үдерісінде қалыптасады. Этностық талғам сәйкестілік жағдайына халықтың өзі тудырған әлеуметтік-мәдени жүйе арқылы қол жетеді. Бұл жүйеге отбасы, мектепке дейінгі балалар мекемелері, оқу орындары, ұлттық, мәдени орталықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, көркем және ғылыми әдебиет,

ғылыми-зерттеу және әкімшілік мекемелері, тағы басқалары жатады. Бұл жағдайларда этностық талғамды сәйкестілікті қалыптастыру мәселесін педагогикалық тұрғыда зерттеу маңыздылығы артады.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты “этностық талғам” термині “этнос” ұғымдарын анықтау қажеттігін алға тартады. Көрнекті тарихшы-этнограф Л.Н.Гумилев [3] “Этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік аймақтың бірлігінде жатқан, салт, дәстүрі, тұрмыс-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы” – деген анықтама берген. Ал, “этно” (“этни”) … ұғымы ұлтқа, халыққа қатысты мәнді күрделі сөздің алғашқы бөлігін білдіреді.

“Этнос” туралы ұғым. Этностардың пайда болу заңдылықтары. “Этнос” гректің - etnos - тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда “халық” терминінің орнына “этнос” термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі - “тайпа”, “ұлыс” (“народность”), “ұлт” ұғымын түгел қамтиды. Оның үстіне, “халық” сөзінің “бір топ адам” (мәселен, “халық жиналды” десек) деген мағынасы бар екені белгілі. Сондықтан “этнос” терминін қолдану қолайлы. Адам ұжым болып тіршілік етеді. Оған әлеуметтік бірлестік деп те, этностық бірлестік деп те қарауға болады. Шындығында, әрбір адам, бір жағынан, белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, сонымен бірге ұлттың (этностың) да мүшесі болып саналады.

Педагогикалық еңбектерде “ұлттық мәдениет” және “этностық мәдениет” сөз тіркестері кездеседі. “Ұлттық мәдениет” Қ.Жарықбаев пен Ә.Табылдиевтің “Әдеп және жантану” еңбегінде: “... әр халықтың ғасырлар бойына жинақталып, белгілі жүйеге түскен рухани өмірінің жиынтығы” ретінде анықталады [4]. Ал В.Г.Бабаковтың [5] зерттеу еңбегіне сәйкес этностық мәдениет – халықтардың тұрмыстық өмір тіршілігі мәдениетіне қатысты элементтердің жиынтығы. Философиялық, педагогикалық еңбектерді зерделей келе мәдениеттің, оның ішінде ұлттық мәдениеттің құрылымы мен этностық талғам қатынасын төмендегідей елестетеміз (сурет 1).

Сурет 1. Этнос пен талғамның қатынасының көрінісі

Ол заңды да. Себебі, 70 жыл бойы “бірыңғай тіл, бірыңғай мәдениет жасаймыз” деген ұранмен тіршілік еткен Кеңес халқы, Ол француздың да, ағылшынның да, немістің де, орыстың да тілі емес. Оған барлық ұлт өз үлесін қосады” - деген имандай ұйыған ғалымдар әр ұлттың өзіндік ерекшелігін зерттеуге онша мән бермеді. Ұлт мәдениеті мен ұлт тілдері біртіндеп кірігіп жоғалатын өткінші үдеріс деп қарады.

Әдебиеттер

1. Байтенова Н. Межэтническая интеграция социально-экономический анализ: Уч. пособие. - Алматы. Сана, 1998. - С. 38.
2.Байсарина С.С. Қазақ халқының салт-дәстүріндегі ұғымдардың тәрбиелік мәні// «Қазақстандағы үздіксіз кәсіптік білім беру деңгейі және болашағы», халықаралық ғылыми-практикалық конференция. - Алматы: АИПА, - 2005. - Б. 164-166.
3. Гумилев Л.Н. *«Этногенез и биосфера Земли»*, АСТ, Астрель, 2005 ж., ISBN 5-17-031811-1, 5-271-12025-2
4. Жарықбаев Қ.Б., Табылдиев Ә. “Әдеп және жантану”. – Алматы: “Атамұра” 1994 ж.
5. Бабаков В.Г.Этничность, национализм и государство в постсоветском обществе // Вопросы социологии. 1993. - № 1. - С. 50.

ӘОЖ;322

САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ТҰЛҒА ӨМІРІНДЕГІ РОЛІ

Келдібек А. Н. 1508 10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Сағындықова Б.Е- соц.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассмотрена роль политической культуры в формировании личности

Саяси мәдениет- белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің жиынтығы. Яғни, өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарына байланысты тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстауы жөніндегі жарлық, қаулылар жүйесі. Ол қоғамдағы саяси өмірдің барлық салаларын қамтиды. Оған ең алдымен саяси сананың мәдениеті, адамдардың, топтардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени ұстай білуі, осы жүйенің шеңберінде жұмыс істейтін саяси мекемелердің мәдениеті кіреді. Саяси мәдениет құрылымы - ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әр түрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан түсініктер жатады. Ол саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, т.б. Саяси мәдениеттің келесі құрамдас бөлігіне саяси қазыналар мен құндылықтар жатады. Ол "еркіндік", "тендік", "әділдік", т.б. сияқты байлықтардың қайсысына басымдық, артықшылық беруден байқалады. Келесі бөлігі - адамдардың мемлекетке, саяси партиялар мен ұйымдарға қатынасы. Саяси мәдениетке саяси бағдар ұстау де кіреді. Ол субъектілердің саяси құбылыстарға қатынасын білдіреді. Ол саяси білімін көтеру немесе оған мән бермеу, саяси жұмысқа белсене қатынасу немесе қатынаспау және т.б. түрде көрініс табуы мүмкін. Саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

«Саяси мәдениет “ деген ұғымды бірінші қолдап, ғылыми әдебиетке енгізуші деп 18 ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фәлсафашы Иоганн Гердерді санайды. Бұл ұғымның әлеуметтану ғылымына енгеніне көп болған жоқ. XX ғасырдың 50 жылдардың екінші жартысы- 60 жылдардың басында Г.Алмонд пен С.Верба, Л.Пай деген американың зерттеушілері мен саяхатшылары және олардың шәкірттері саясатқа да,мәдениетке де қатысы бар белгісіз бір құбылыс туралы бірнеше жұмыстар басып шығарды. Бұдан кейін саяси мәдениет туралы тағы кеңірек жұмыстар жүргізді. Себебі антикалық ойшылдар Платон, Аристотель кейіннен кеңірек Н.Макиавелли, Ф.Бэкон, Ш.Монтьеске және басқада ойшылдар ерекше көңіл аударып бірнеше жұмыстар жүргізді. Бұл зерттеушілердің барлығы дерлік адамдардың бірыңғай бір заттар туралы әр түрлі ойлап,әр түрлі сезетінінің сырын білгісі келген.Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М.Вебер, Э.Дэргкейм,Т .Веблен, Т.Парсонс сияқты батыстың ірі саяхатшылары мен әлеуметтанушылары үлкен үлес қосты. Бірақ бұл ойшылдардың барлығы дерлік «саяси мәдениетті» саяси өмірдің бір өрісін білдіретін саясаттану ұғымы

ретінде қолданбады. Кейінірек Кеңес үкіметінің, Польшаның, Болгарияның т.б елдердің бұрынғы социалистік қоғамтанушылары қосылды. Бірақ, өкінішке орай, олардың басым көпшілігі «дамыған социалистік» саяси мәдениеті дүниедегі ең озығы,ең демократияшылы деген жалауды ұсынды. Бірақ зерттеушілердің арасында көптеген келіспеушіліктер орын алды. Американдық саясаттанушылар Г.Алмонд пен С.Верба саяси мәдениетті адамдардың психологиялық бағдарларының жиынтығы деп түсінді. Тағы бірқатар саясатшылар оны саяси нанымдардың,қазыналардың,нұсқаулардың жиынтығы ретінде санады. Ал ағылшын саясатшылары Р.Карнн мен М.Бернстейн саяси мәдениетке әлеуметтік тәжірибе мен саяси идеялар,және адамдардың саяси өзін-өзі ұстауын кіргізді. Олардың ойынша,саяси мәдениетке әлеуметтік топтардың саяси әрекеттеріндегі тәсілдер,саяси нанымның табиғаты және олардың мүшелерінің табиғаты жатады[1]]. Кеңес үкіметі кезінде Ф.Бурлацки мен А.Галкин Қарсы шықты. Олардың ойынша айтылған бұл пікірлердің барлығы дерлік жалған деседі. Адамдардың саяси әркеттері саяси мәдениеттен кең,оны өз алдына бөлек зерттеу керек. Алайда мұнымен келісу қиын. Себебі, саяси мәдениеттен саяси әрекеттер шығады. Ол екеуін бөле зерттеуіміз дұрыс емес. Саяси мәдениетті дұрыс түсіне білуіміз үшін оның құрылымын жақсылап білуіміз керек.

Жалпы айтқанда саяси мәдениет адамдардың жүріс тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне олардың сыртқы және ішкі саясат құбылыстарын ұғынуға саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді. Саяси мәдениеттің бірлігі қоғамның тұрақтылығын нығайтады, көптеген саяси процестерді дұрыс болжауға ықпалын тигізеді. Ал әр түрлі саяси субмәдениеттер, керісінше, қоғамдық саяси өмірді тұрақсыздандырудың көзі болуы мүмкін. Қоғамдағы жағдай көбінде әр түрлі болғандықтан субмәдениеттің де көп болуы қалыпты құбылыс. Сондықтан олардың мүдделерін үйлестіріп, бастарын қосып, бірлестіре жұмыс істеу саяси мәдениеттің жұмысы болып табылады. Саяси мәдениет саяси өмірдің тұрақты компоненттерінің бірі болып табылады. Ол тұрақтылықты қамтамасыз етуге және белгілі бір қоғамның ерекшеліктерінің сақталуын қамтамасыз етуге үмтылады. Тіпті, өмір сүріп отырған жүйені өзгертуге және жаңа заңдарды енгізуге қаншалықты талпынғанмен, сыртқы түрі өзгерген сүлбаның артынан көп жағдайда бұрынғы ескі бейнелер көрініс береді. Мәселен, Орта Азияда кеңес өкіметін орнату қоғамдық құрылысты түбірімен өзгертті. Дегенмен біршама уақыт өткен соң партия басшылары мен тұрғындар арасында бұрынғы байлар мен қарапайым шаруалар арасындағы ескі қатынастардың бейнесін көруге болар еді. Саясатта жаңа тәртіптерді жасанды жолмен орнатуға талпыну көп жағдайда халық бұқарасының қарсылығына үшыраеады және ол күш көрсету арқылы ғана іске аса алады. Алайда, қысымның азаюымен саяси жүйе табиғи түрде бұрынғы тәртіптерге қайта оралады. Мәселен, Литва, Латвия және Эстония еш қиналмай-ақ өздерінің екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі құрылыстарына жақын жүйені тез қайта қалпына келтіре алды. Тәуелсіздікті алу мен демократияға өту басқа

посткеңестік республикаларда біршама қиындықпен жүрді. Мұндағы себептің бірі -тоталитарлық жүйеде өмір сүрген 70 жыл ішінде қысым жасаудың қатал әдістерін басынан өткерген бірнеше үрпақ алмасып үлгерді. Кеңес адамдары азаматтық соғысты, үжымдастыруды, 30 жылдардағы аштықты, репрессияларды, атеизм мен басқа да көптеген теперіштерді бастарынан өткерді. Сондықтан, Кеңес Одағы тарих құрдымына кеткеннен кейін, революцияға дейінгі құрылысты біршама болса да қайта қалпына келтіруді ойламаса да болар еді. Сондықтан, ТМД елдерінің және кеңестік жүйеге дейінгі өмірді жақсы білетін көптеген азаматтар өмір сүретін Балтық жағалауындағы елдердің демократияға өтудегі принципиалдық ерекшеліктері осыдан көрініс табады деп айтуға болады.Тұлға өміріндегі саяси мәдениеттің тағы бір маңызы зерттеушілер саяси мәдениет жұмысына діни ұйымдарды қосады(мешіт,шіркеу).Саяси мәдениет олардың анау дұрыс,мынау бұрыс деген түсінік қалыптастырып,бағыт беріп,адамдарға саяси сана мен өзін-өзі ұстаудың негізгі үлгі өнегесін жасайды.Саяси мәдениетте әдет-ғұрып,жүріс-тұрыстыңда маңызы зор.Мәселен екі жапондық кездессе бір-біріне иіліп сәлем береді. Олар сол арқылы кімнің қызмет бабында төмен тұрғанын біле алады. Себебі қызмет бабында төмен тұрған адам төменірек иіледі. Уақыт өте келе саяси мәдениеттен саяси әлеуметтену пайда болды. Саяси әлеуметтену адамның саяси ілімдерді, ережелерді,құндылықтарды бойына сіңіріп,оларды өзінің рухани дүниесіне айналдырып, сол арқылы өзінің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыру, саяси іс-әрекетке дайындалу процесін айтады. Саяси әлеуметтену барысында адам толыққанды қоғамның мүшесі бола алатын саяси ережелерді, салт-дәстүрлерді, білімді меңгереді. Саяси әлеуметтену деп- адамның саяси ілімдерді, ережелерді, құндылықтарды бойына сіңіріп, оларды өзінің рухани ішкі дүниесіне айналдырып, сол арқылы өзінің саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыру, саяси іс-әрекетке дайындалу процесін айтады.

Әдебиеттер

1. Дж. Ритцер, Дж. Степницки. Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет..

ӘОЖ 930 (091)

Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Байдалы Б.Н.-1601-19 оқу тобының студенті
Ғылыми жетекшісі:Сыздықова Г.М –ф.ғ.к.,доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,Шымкент

Резюме

Бұл мақалада белгілі академик, энциклопедист ғалым Ә.Х.Марғұланның өмір жолы мен атқарған қызметі сараланады

Әлкей Марғұлан 1904 жылы мамырдың 11-де Ақпеті болысында (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы) дүниеге келген. Әкесі Хақан – атақты Абылай ханның ту ұстаушысы Олжабай батырдың тікелей ұрпағы. Бұл туралы ғалымның өзі ылғи да айтып отырады екен. Ә.Марғұланның қызы Дәнел

Әлкейқызы бұл туралы былай деп еске алады:»Мәре - сәре отырыстардың бірінде әкемнің «Олжабай батырдың ұрпағымыз» дегені есімде қалыпты» -дейді [1].

Әлкейдің әкесі Хақан мен шешесі Нұрила көптеген халық ертегілері мен аңыздарын білген, үйде халық әндері мен Абай әуендері жиі шырқалатын. Әлкей бес жасында оқып, жаза білуді үйренді, бала кезінде «Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» дастандарын жатқа білген. Хақанның шаңырағында белгілі ақын, ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Имантай Сәтбаев және қазақ даласына белгілі басқа да адамдар жиі бас қосқан. Бұл туралы ғалымның қызы әкесі туралы естелігінде: »Менің атам – Хакан мен әжем Нүрилә өз заманындағы көргені мен түйгені мол, зиялы адамдар болыпты. Елге танымал әнші қауымның, ақын –жырау, жыршылардың үйлеріне үзбей ағылып келіп жататынын, Абай, Жаяу Мұса, Ақан сері әндері мен Тәттімбет күйлерін алғаш солардан естігенін де әкеміз әңгімелеп отыратын» деп жазған [1, 2б.].

Әлкей Марғұлан өскен осы орта туралы академик Манаш Қозыбаев та былай толғанады: «Әлекең неге дара болды, дана болды деген сауалға бір сәт тоқталайық. Қара Ертістің бойын жағалай, Орталық Қазақстанға қарай ойысар, жарыса созылған даланы есе алыңыздаршы. Қалмаққырғаннан шыға бере Қызылтаудың өңірінде Жүсіпбек Аймауытов дүниеге келді. Баянауыл тауының қос өңірінде таяқ тастам жерде аймановтардың елі, Марғұлан ауылы, Сәтбай ауылы, сұлтанмахмұт ауылы, Шорман ауылы, Мәшһүр Жүсіп көпеев ауылы, осы өңірдің Далба тауына жалғасқан жерінде Бұқар баба елі, одан әрі қарқаралы арқылы Қасым Аманжоловтың еліне жалғасады. Ендеше, Әлкең ағамыз дүниеге келген сол бір дархан дала – ұлы шоғырлардың дәстүрлі елі, кезінде абылай бастаған ұлы батыр бабаларымыз ту көтеріп дабыл қақса, Бұқар бастаған даналар иісі қазақ елінің рухын шыңдаған даналар өңірі. Басқаша айтқанда, бұл –тұнық бұлағы бар, жайқалған құрағы бар, ата-мекен тұрағы бар, жанған шырағы бар өңір еді. Осы бір өңірде туған ұлылардың есімін атауға бір күн уақыт керек болар еді. Он мың жанға туған ұлылардың үлесін санаса осы өңір барша әлемдік рекордты жасады десек ешбір қателеспеген болар едік. Әлекеңнің ортасы осы ұлылар өңірі» [2].

Әлкей бастауыш білімді ауыл мектебінен алды. 1915 жылы Баянауылда үш сыныпты орыс мектебінде оқыды. 15 жасында гимназияда оқу мақсатымен Екатеринбург қаласына сапар шегіп, алайда Азамат соғысының кесірінен оқи алмай қалады. 1919 жылы Әлкей Хақанұлы Павлодар қаласындағы мұғалімдер курсына түсіп, белгілі әнші Майраның үйінде тұрады. 1920 жылы бір жылдық мұғалымдік курсты бітірген соң туған ауылына оралып, Далба мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады.

1920 жылы ол танымал фолклоршы Ә.Диваев қазақ –кеңес фольклорын зерттеу мақсатында Жетісу және Сырдария өзеніне ғылыми экспедиция ұйымдастырады. Сол экспедицияның құрамында Әлкей Марғұлан да болады. Сонда жүріп өз біліміне қанағаттанбаған ол 1921 жылы Әбікей Зейінұлы

Сәтбаев сынды белгілі қазақ ағартушысы директор болған Семей техникумына оқуға түседі де, кейін 1939 жылы Әлкей Хақанұлы Ә. Сәтбаевтың қызы Раушан Әбікейқызына үйленіп, тұрмыс құрады.

1928 жылы М.Әуезов Әлкей Марғұланды өзімен бірге Ленинградта оқуға шақырған. Ол заманда жақсы оқитын студенттердің бірнеше оқу орындарында қатар оқуына рұқсат етілген. М.Әуезовтің кеңесі бойынша, 1925 жылы Әлкей Хақанұлы Шығыс институтының әдебиет факультетіне түсіп, онымен бір уақытта Материалдық мәдениет институтында және Өнер тарихы институтында қатар оқиды, 1929 жылдары оқуын тамамдайды. Оқу кезінде Марғұлан В.Бартольд, С.Ольденбург, И.Крачковский, А.Самойлович сынды ұлы орыс ориенталистерінен дәріс алады.

Ленинградта Әлкей Хақанұлы А. Затаевичпен танысып, жазғы демалысында онымен бірге туған өлкеге келеді, атақты музыкатанушы көптеген қазақтың халық әуендерін жазып алды.

Сол сияқты Әлкей Марғұлан 1926-1927 жылдары КСРО ғылым академиясының академигі А. Е. Ферсман мен профессор С. И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археология және этнография экспедицияларының жұмысына қатысты.

1929 жылы Әлкей Марғұлан Шығыс институтындағы оқуын бітіріп, Абай шығармашылығы туралы дипломдық жұмысын табысты қорғап шықты.

1930 жылдан ағарту саласындағы еңбек жолын бастаған. Оқуын бітіріп келгеннен кейін Ә. Марғұлан Қазақстан Оқу Халық Комиссариатының жанындағы Жаңа әліпби комитетінде ғылыми қызметкер болады. Туған халқының тарихына ден қойып, зерттеу жұмыстарын сонау Ленинградта оқып жүргенде-ақ бастаған Әлкей елге келгеннен кейін де осынау бейнеті мол, көп ізденіп, зерттеуді қажет ететін сауапты істі одан әрі жалғастырып, Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас өзендері бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалаларының орындарында түрлі қазба жұмыстарын жүргізеді. Содан жинаған материалдарының негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихына» деген монографиялық еңбек жазады.

1931 -1934 жылдары Ленинград қаласындағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты болады, осы жылдарда қатар Шығыстану институтында оқытушылық қызметпен де айналысады. Ал, 1936 - 1938 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы Материалдық мәдениет тарихы институтының ізденушісі және ғылыми қызметкері болады. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археологиялық экспедицияларға қатысады.

1939-1941 жылдар аралығында КСРО ғылым академиясының қазақ бөлімшесі Тарих инстиутының аға ғылыми қызметкері қызметін атқарады. Бұл жылдары ғалымның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түрік эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар тарихшы», «Шоқан Уалиханов және Орта Азия тарихы», «Суворов», «Жамбыл Жабаев», тағы басқа еңбектері жарық көреді

1941 жылдан КСРО ғылым академиясының Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарады. Осы қызметте жүрген кезінде, 1943 жылы «Хандар жарлығының тарихи әлеуметтік мәні» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Әлкей Марғұлан 1946 -1953 жылдары археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғылыми қызметкер сияқты жұмыстар атқарады. 1953-1955 жылдарда Қазақстан Ғылым академиясының Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары инстиутының аға ғылыми қызметкері, бұдан кейін 1958 жылдан 1976 жылға дейін Қазақ КСР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының археология секторының меңгерушісі болып тағайындалады. Өзі қалап алған жұмыспен тікелей айналысуға мол мүмкіндік алған Әлкей Марғұлан енді Орталық Қазақстанды зерттеуге бет бұрады. Ұзақ жылғы зерттеу жұмысының нәтижесінде Ж.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, А.М. Оразбаевтармен бірігіп, «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты кітап жазуға қатысып, оның редакциясын басқарды. Бұл кітаптың құндылығы жоғары бағаланып, оның авторларына Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлық беріледі.

1976–1984 жылдары Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды.

Әлкей Марғұланның ұзақ жылғы қоғамдық өмірдегі және ғылымдағы үлкен еңбегі жоғары бағаланып, ол 1967 жылы Қазақстан ҒА-ның Уәлиханов атындағы Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты атағымен, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған. Қорыта айтсақ, артына қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіне, тарихынан мол мұра қалдырған Әлкей Марғұлан халықпен бірге жасайтын, мерейі туған ұлтымен бірге биіктей беретін тұлға.

Әдебиеттер:

1 Марғұлан Дәнел. Арманы көп еді // Парасат, №11. - 2004.-2б.
2 Қозыбаев М. Дала перзенті // Қазақ әдебиеті, №25. -1994.-6б.

УДК 81:008

INTERCULTURAL COMMUNICATION AS AN IMPORTANT CATEGORY OF THE SCIENTIFIC PARADIGM

Eltibaeva Diana Bakhytzhanova
Master's Degree Student, Department of Foreign Philology, Silkway International University
Zhuasbek Dana
1404-10 group student
Academic adviser: **Orynbekova Gulnaz Kurmankulovna**
Lecturer (M.A.)
South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Резюме

Статья посвящена характеристике процесса межкультурной коммуникации, представляющего собой "столкновение" языков и культур. Особое внимание в работе автор уделяет анализу теорий межкультурной коммуникации, в которых рассматриваются основные проблемы взаимодействия культур.

The appeal to a new scientific paradigm in linguistics is due to a number of objective circumstances, among which the most significant are the following: Modern geo-economics and geocultural situations force a person to be able to coexist in a common living world, which means to be able to build a mutually beneficial dialogue with all subjects of this common living space, to be able to build humanitarian intercultural bridges between representatives of different professions and cultures. An important role in this is played by language, which is the only possible tool with the help of which the construction of bridges of understanding and interaction between representatives of different linguo-ethnic communities becomes a reality. Hence, the reorientation of linguodidactic and methodological research on the problem of intercultural communication is obvious, or rather, on the problems of forming students' ability to effectively participate in it. Intercultural communication is interpreted by Russian linguistic didactics as a set of specific interaction processes between communication partners belonging to different linguo-ethno-cultural communities.

Communication in intercultural situations, even if its participants possess a common language code, is always characterized by conflicts between knowledge and ignorance. The main vector of modern linguodidactic and methodological scientific research should be aimed at resolving these conflicts, i.e. on the theoretical substantiation of the most optimal ways of developing students' ability to realize and understand foreign language lexical and grammatical constructions that correspond to the norms of the communicative activity of an individual of a different linguo-ethnocultural community and a different national-linguistic picture of the world. It is about the development of a person's ability to intercultural communication.

We are talking about rethinking the essence and content of learning objectives, the requirements of intercultural communication make it necessary to teach the following skills:

- use FL in authentic situations of intercultural communication;
- explain and assimilate someone else's way of life;

- to expand the individual picture of the world by introducing the speakers of the target language to the linguistic picture of the world [Vereshchagin, Kostomarov, 1993].

Skills and abilities, knowledge and skills, the development of links in one chain - the formation of personality. Foreign language teaching, in the context of the intercultural paradigm, has a great personal development potential and from this point of view it is promising for the school. The main conclusion from what has been said boils down to understanding the modern goal of teaching IL as an interactive whole that has an outlet "to the student's personality, his readiness, abilities and personal qualities that allow him to carry out various types of speech-thinking activity in conditions of social interaction with representatives of other lingvo-ethnosociations and their culture. linguistic image of the world.

The integrativeness of this goal is manifested in the interconnection of its three aspects: pragmatic, cognitive, pedagogical..

The first pragmatic aspect is associated with the formation of a student's communicative competence, the second - with the use of foreign language as a tool for learning a different linguistic culture and means of developing intercultural competence and personality in general. The pedagogical aspect is designed to determine the mode of extra-linguistic existence (a polycultural linguistic personality. The extra-linguistic qualities of a person who are able to communicate successfully in situations of intercultural interaction include independence, the activity of empathy. The latter is based on the experience of the emotional-evaluative attitude of the individual to the linguistic-ethno cultural interaction of his subjects. connects empathy with the manifestation of tolerance to a different way of thinking.

The intercultural paradigm requires the implementation of at least two interrelated and interdependent approaches in teaching a foreign language and culture in the linguo-socio-cultural plan [1].

The first approach is linguo-ethno-economic - aimed at students' awareness of the importance and necessity of knowing their native language and culture, their belonging to a particular ethnic group. Another approach to the implementation of teaching non-native languages in the context of an intercultural paradigm can be called interlinguas cultural. It is focused on studying and mastering the traditions of European and world cultures, which requires knowledge of the languages of international communication and the languages of border states. This makes a person socially mobile in the labor market in the European and global spaces. This gives him the opportunity to freely enter the globalized world. The goal of teaching IL is the development of a student's ability for intercultural interaction and for using the studied language as a tool for this interaction - in the most natural way it influences the content of training and the choice of technology for its assimilation.

The content of teaching a non-native language, its subject aspect is not an advertisement for someone else's way of life, but the basis for the development of the ability to “look at the world through the eyes of a native speaker”. Not a single foreign textbook can satisfy the needs of the Russian school, since in the mainstream

of the intercultural paradigm it is wrong to limit the educational process to the linguocultural parameters of the country.

The native linguo-ethnoculture should take an essential place in the educational process. This process should be aimed at developing an understanding of the linguo-ethno-cultural specifics of the native speaker of the target language while maintaining the natural style of communication, which is designed to distinguish his speech and non-speech behavior in intercultural communication with foreign peers. Domestic scientists have yet to select culturological samples offered at the FY lesson. It is already obvious today that the intercultural component of the educational process dictates the need to search for new psychological, pedagogical, methodological solutions. These solutions are associated with modeling learning systems for foreign languages as a process of introducing individual experience of communication with someone else's linguistic culture. Students, comparing different conceptual systems, enrich the pack of consciousness by internationalizing the world beyond their native cultural reality and means and structuring.

Literature

1. Passov E.I. New concept of foreign language education [Text] / E.I. Passov. - M., 2000.- p. 16.
2. Alekseeva Zh.V. Ontological foundations of the content of cultural phenomena // Context and reflection: philosophy about the world and man. - 2012. - No. 1. - S. 28-38.
3. Habermas J. Theory of communicative action // Bulletin of Moscow University. Series 7: Philosophy. - 1993 - No. 4 - S. 43-63.Thomas A. Grundriss der Sozialpsychologie. Band 2. Individuum – Gruppe – Gesellschaft. – G: Hogrefe, 1992. – 385 S.

ӘӨЖ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Магистрант:
Қамбар Ақниет Нұрбақытқызы
7М01506- География педагогын даярлау
Akniet_k1998@mail.ru
Жетекші: Тажекова А.Д. г.ғ.к., доцент м. А

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған жылдардан бері саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық өзгерістерді жалғастыруда. Қоғамның өркениетті дамуына орай еліміздің дүниежүзілік қауымдастықта өз салмағының арта түсіп, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына жан-жақты жағдайлар туғызуда.

Түркістан облысы мал шаруашылығы мен егістікті дамытуға қолайлы өңір. Еліміздегі ақ алтын мақта да жалғыз осы Түркістанда өседі. Жалпы алғанда, облыстың экономикалық драйвері болып ауыл шаруашылығы саласы табылады.

Түркістан облысының ең үлкен байлығы – адами капитал. Халық өте көп, тығыз орналасқан. Ол жерде бір гектар суармалы жердің өзі бір отбасын толық асырайды. Жерді үнемдеп, халыққа бекітіп бере отырып, халықтың алатын пайдасын көбейтуге мүмкіндік бар. Қазір Түркістан облысында 900 мыңға гектарға жуық егістік жер бар (110 мың га мақта, 46 мың га көкөніс, 230 мың га егістік). Жалпы, ауыл шаруашылығымен айналысамын деген адамға климаттық жағдайы қолайлы.Адами капитал жеткілікті. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы – Түркістан облысының қазіргі тұрмыс көзі болып есептеледі. Сондықтан ауыл шаруашылығын дамытуда географиялық-экологиялық жағдайын ескеру қажет. Өйткені геоэкология тұрақты дамудың басты көзі болып табылады.

Орнықты даму моделін құрудың базалық шарты агроөнеркәсіптік өндіріспен, жерді пайдалануды оңтайландырумен және табиғи кешеннің экологиялық теңгерімін сақтаумен байланысты. Қазіргі жағдайда бұл проблеманы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығының негізі болып табылатын ландшафтық жерге орналастыруды түзету жолымен шешуге болады. Жер пайдаланудың қоршаған ортадағы тиімділігі ауыл шаруашылығы жүйелері мен жер ресурстарының тұрақтылығы мен өнімділігінің деңгейімен сипатталады. Ауыл шаруашылығы жүйелері неғұрлым тұрақты және өнімді болады, жерді пайдаланудың экологиялық тиімділігі неғұрлым жоғары болса. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі экотиімділік өлшемдері топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру кезінде ескерілуі тиіс. Экологияландыру егіншілік жүйесінің және оның компоненттерінің ландшафтардың әр түрлі санаттары, оның элементтері мен уақыты бойынша жіктемесінің терең талдауынан басталады. Әр өңірге, климатқа және басқа да жағдайларға жақсы бейімделген бейімделуі ауыл шаруашылығында қарастырылады. Алайда, нарықтық бағдарланған егіншілік жүйесі жоғары сұранысқа ие дақылдарды өсіруге мәжбүр, соның нәтижесінде, мысалы, жеке дақылдарды қамту кезде бүкіл алқапты алады. Бұл егіншілік жүйесі топырақты, ландшафтты және топырақтың құнарлылығын тиісті қалпына келтіруге кепілдік беретін жағдайларды ескерусіз жүргізілді. Бұл және басқа да жағдайлар топырақ құнарлылығының үлкен төмендеуіне және деградациялық процестердің Қазақстанның кең аумағына таралуына әкеп соқты. Сонымен қатар, қоршаған ортаны тітіркендіре отырып, шаруашылықта өнеркәсіптің техникалық артта қалуы мен өндірістің төмен қуаты және басқа да факторларын жасайды. Табиғи және әлеуметтік, экономикалық жағдайларға және жер пайдалану жүйелерін жетілдіруге сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясын тереңдету және биологияландыру маңызды орында. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдаланудың жаңа әдістерін отандық және шетелдік ғалымдар белсенді түрде әзірлейді. Ауыл шаруашылығы өндірісіне ландшафтық көзқарас жасау қажеттілігі В.В.Докучаевпен және оның оқушыларының жасаған жұмысымен байланысты. Түркістан облысына агрономиялық зертеу жұмысы арқасында, облыстағы жұмыс сапары туралы

агрошаруашылықпен олардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде өңірде экологиялық-ландшафттық кешенінің тұжырымдамасы әзірленді. Ландшафтық-экологиялық үдеріске бейімделген егіншілік тұжырымдамасы табиғи ресурстар мен экономикалық жүйелердің өзара іс-қимылын жетілдіру проблемасын шешуді білдіреді. Жүйе өз шешімінде жерді агроэкологиялық бағалауды жүргізеді және табиғаттың барлық аспектілерін кешенді зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Егіншіліктің ландшафтық-бейімделу жүйесін әзірлеудің ғылыми негіздері, топырақтың құнарлылығы, топырақ құрылысын қорғау және ауыл шаруашылық алқаптарының типологиясы туралы білім. Жер ландшафтының түрлері топырақтың агроэкологиялық типі, яғни дақылдарға қойылатын агроэкологиялық талаптар тұрғысынан біртекті аумақ немесе дақылдардың біртекті тобы. Жер типі қарапайым аралдық агроландшафттарды қамтиды-бастапқы құрылыс блоктарымен қоса алынады. Орташа бедерді қолдану саласы бірдей геологиялық, литологиялық, гидрологиялық және басқа жағдайларда қарапайым өсімдік учаскелерімен (немесе қарапайым өсімдік құрылымдарымен) шектелген элемент аймағы ретінде анықталады. Егіншіліктің ландшафтық-бейімделу жүйесі жердің агроэкологиялық тобына, пайдаланылатын дақылдардың жиынтығына және топырақты өңдеу жүйелеріне байланысты пайдалану аудандары бойынша түрленуі мүмкін және түрленуді қамтамасыз етуі қажет. Егіншіліктің ландшафты-өзгеру жүйесін құру бір-бірімен біріктірілетін табиғи ландшафтпен тиімді өзара байланыстан қолайлы агроландшафтты құрылымдаудан тұрады. Докучаевтың пікірінше, егіс, жайылымдар, орман және су арақатынасын оңтайландыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметін жергілікті жағдайлармен толық байланыстыру болып саналады.

Ауыл шаруашылығының мамандану бағыты бойынша ол көршілес жатқан Орта Азияға ұқсас. Алайда Орта Азиядағыдай Оңтүстік Қазақстан экономикасында да ауданның осы шағын таулы және тау бөктеріндегі бөлігі аса маңызды рөль атқарады, өйткені биік тауларда альпіжәне субальпі шалғындары өседі де, мал үшін жақсы жазғы жайылым болып табылады, олардан көптеген өзендер басталады.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығының басым саласы мақта өндірісін және оны шет елдерге экспорттауды ұлғайту мүмкіндігі болып табылады. Мақтаны өсіруге 138 мың гектар берілмеді. Мақта-мата арнайы технологиялармен өңделеді. Олар Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара аудандарында және Түркістан қалаларынан реттеледі. Терең қопсыту әдісін пайдаланған кезде мақтаның себу алаңы 46,0 мың гектарды құрады немесе бұ алдыңғы жылға қарағанда 3,5 есе көп. Егер мақтаның ең жоғары орташа өнімділігі 26-27 г/га болса, онда шаруашылықтар терең қопсыту технологиясын пайдаланады, 35-40 г/га құрайды. Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 138 мың гектарға өсіп, 779 мың гектарды қамтып отыр.

Агроэкологиялық мәдениеттің нақты және ерекше түрі шеңберінде жер агротехнологиясын әзірлеу ауыспалы айналым шеңберінде жүзеге асырылады. Ландшафт ауыл шаруашылығының сипаты мен қажеттілігін, сондай-ақ ауыспалы егіс түрін-шаруашылық шарттарын анықтайды: топырақ типтері, олардың құнарлылығы, онда шаруашылықтар мен карьерлер орналасқандығы ескеріледі. Мысалы, жер бедері, қоршаған орта топқа сілтеме ала алады (немесе тегіс экранды бедерді көру ыңғайлы) атмосфераға өте қолайлы. Топырақ қабатының жылу деңгейінен жоғары (сондай-ақ өте төмен отын беру), үйкеліс, ұсақ су, тұз, суық, литогенді (ұсақ топырақ) және т.б. Қарапайым және оңай таңдау тәсілі, топырақты өңдеу жүйесін шешу және топырақты өңдеу үшін қолайлы диапазон нөлден кең диапазонға дейін (топырақты өңдеу, алу) көптеген нұсқалар мен олардың дұрыс әдісі болып отыр. Суға жету үшін, ұзақ агромелиоративтік әдістерді қоспағанда, топырақты өте ылғалды және ылғандандыруы өте аз жарамды аймақтарға өңдеу жүргізеді: түзілуді пайдалана отырып алу, қармау, топырақты тазалау, топырақты терең өңдеу, індеттің таралуы, осы кеміргіштер мен кенелердің тобын жою негізгі міндеті болып табылады. Топырақтың су режимін жақсарту болып табылатын отырғызу және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады, бұл жүйе өнім көлемін ұлғайту мен өңдеу процесін көп ылғалдандырады .

Нығайту жұмыстары жүйесі топырақтың құнарлылығын сақтауға және органикалық белсенділікті арттыруға бағытталған. Топырақтың қара шірігін сақтауда 30 негізгі тыңайтқыштарды (конгломерат, тыңайтқыштар, өсімдіктер, қалдықтар)пайдалану және өңдеу үшін жеткілікті органикалық тыңайтқыштар болып табылады. Минералды тыңайтқыштардың мөлшері органикалық тыңайтқыштардың орнына қоректік заттардың айналымына ықпал ететін қосымша болуы мүмкін. Зиянкестермен күресу, оның зиянды әсерлерін (дұрыс ауыспалы егістер, өсімдіктер, жақсы жергілікті жағдайлар, аралас және бүріккіш дақылдар, бейімделу және т.б. қысқарту жүзеге асырылады) болдырмау басты бағдар. Химиялық күресу шектеулі болғандықтан, олар жәндіктердің белгілі бір түрлерін іздеу үшін төтенше жағдайларда ғана пайдаланылады. Өсімдіктерді қалай жұту керек (ауыспалы айналым, топырақ шешімі, минералды тыңайтқыштарды өлшеу бағдарламалары, уақтылы отырғызу, топырақты алу және т.б.) вегетациялық кезең, механикалық әдіс шектеулерінің барлық жайттары ескеріледі.

Қазіргі кездегі байқалған жер қорларын пайдаланудағы ысырапсыздыққа жол бермеудің негізгі бағыттары осы ресурстарға алдымен мониторингтік тұрғыдан зерттеу жүргізіп толық есеп-қисапқа алу және ең бастысы экономикалық тұрғыдан дұрыс бағалап, оларды пайдаланғаны үшін төлемді жүйені қалыптастыру.

Облыстың ауыл шаруашылық өңірлеріндегі жағдайды реттеуде экономикалық баланс пен экологиялық балансты қатар реттеу ең негізгі мәселе болып отыр. Себебі ауыл шаруашылық экономикасын дамытуда ресурстық

әлеуетті ескерумен қатар аумақтың геоэкологиялық жағдаятына назар аудару аса маңызды кешен болып табылады.

Қоршаған ортаның деградациясының алдын алу мен адамның тіршілік ортасын қолайлы күйде сақтауда маңызды орын алатын аумақтық, ландшафттық жобалау стратегиясы. Геожүйелердің жоғары дәрежедегі сапасын қамтамасыз ету олардың ресурстүзуші және ресурсөндіруші функцияларын қалыпты жағдайда сақтауда жатыр. Табиғи және шаруашылық субъектілерінің үйлесімділігін әрдайым жоғары деңгейде болатын экологиялық орнықтылықта ұстауға тырысу керек. Бұған арнаулы геоэкологиялық тәсілдер арқылы қол жеткізуге болады.

ӘОЖ 130.2(574)

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «ЗАМАН», «КЕҢІСТІК», «УАҚЫТ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ

Рахимберди Аяужан, Дауыт Аружан – 1510-19а тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Объектом исследования является казахская цивилизация, сформировавшаяся на основе «Великой степи», золотой колыбели «Степной цивилизации» которая, проанализирована с точки зрения данной эпохи и сделаны научные выводы о ее социальном значении. В этом статье осуществлена попытка исследования проблемы социального пространства и времени в кочевой степной цивилизации.

Баршамызға белгілі, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдық табалдырығын Егеменді ел, тәуелсіз ұлт болып аттағанымызға да 29 жылдан асып барады. Тәуелсіздік дегеніміздің өзі этностың, халықтың ұлттық мемлекет құруы туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет болып табылады. Кез-келген халықтың дамуындағы басты мақсат – өзінің жеке мемлекеттігін құру. Халық рухы мемлекеттік құрылымнан тыс өмір сүре алмайды. Ел рухына сүйенбеген бірде-бір мемлекет өздігінен дами алмасы анық. Қабылданған заңдары халық рухына, оның имандылық және т.б. құндылықтарына негізделген мемлекеттің іргесі де мықты. Өз мемлекеттілігін құрған ұлт қана халыққа айналатындықтан, кез-келген мемлекетті құру кезінде оның негізгі құрылысшылары, яғни, негізін қалаушылары болады. Олар – құрылыстың нәтижесіне жауапты, әрі мүдделі. Сол себепті, қазақ мемлекетінің негізгі құрылысшылары – ***Қазақтар.***

Бұл шағын мақалада көшпенді қазақ халқының әлеуметтік құрылымына, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымға жіктелу дәстүріне, қазақ қоғамындағы кәсіби топтардың ерекше түрлері хан, би, болыс, бек, сұлтан, батыр, ақсақал және т.б. жекелей тоқталудың негізінде көшпенділердің тұрмыстық нақышына айналып кеткен кеңістік пен уақыт ұғымдарына әлеуметтік тұрғыдан тарихи-логикалық талдап, көшпенділер тұрмысының құрамдас бөлшегіне айналған кеңістік пен

уақыт мәселелерін әлеуметтік философия тұрғысынан зерделей отырып, мынадай 5 ғылыми тұжырым жасадық: 1) Дала – өндірістің негізгі көзі, мал шаруашылығының өркендейтін тетігі. Құдіреті күшті қазақтың кең даласында ата-бабаларымыз көшіп-қонып жүріп-ақ ұлттық болмысын жоғалтпай, кейінгі ұрпақтарына баға жетпес асыл мұраларын, кең-байтақ жерді қалдыра білген. Демек, көшпенді өмір салты – адамзат баласының мәдениет бастауы, ал, көшпенділік – мәдениеттің өзін-өзі көрнекілеп тасымалдауының ең табиғи жолы, әдісі; 2) Көшпенділік – қазақ халқы үшін өте құнды ұғым. Бір кездері халқымызды даттаған да, бүгін ақтаған да – осы көшпенділік. Қазақ даласында орын алған көшпенділік – қазақ қоғамына тән әлеуметтіліктің бір түрі; 3) Заман – көшпенділердегі әлеуметтілікті сипаттайтын қалыптасқан дәстүрлі түсінік, ал, қоғам – қазіргі тілімізге жатық жалпы термин. «Заман» қазақтар үшін ғұмыр кешіп отырған кеңістік пен уақыттың өлшемі, кеңістік пен уақыттың бір ұрпақ шеңберіндегі тұтастығы; 4) Дәстүрлі дүниетанымымыздың негізгі әмбебаптары – кеңістік пен уақыт сакральді орталық ұғымдар. Көшпенді өмір салты кеңістік пен уақыт тұтастығынан құралған. Дала тұрғыны көшпенді үшін кеңістік көз мөлшерімен өлшенбейді. Көшпенділер кеңістікті бөлмей, керісінше кеңістікке бөлінеді; 5) Бүгінгі Қазақстан өркениетінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі ұлттық мәдениет байлығын әлемдік өркениет тізбегіне енгізу. Қазақстандық өркениет – көп ұлтты тәуелсіз Қазақстан үшін ұлттық идеяның көрінісі.

Бүгінде заман талабынан туындап отырған рухани қажеттіліктердің бірі Егеменді Қазақстанды қазіргі өмір тұрғысынан жан-жақты философиялық мәнде зерттеу. Еліміздің ұлттық мәдениетті жандандыруға бағытталған мемлекеттік даму стратегиясы айқындалып, түп тамыры «түркі өркениетіне» келіп тірелетін қазақ мәдениетін ұлттық мүдде аясында әлеуметтік философиялық тұрғыда зерттеу қазіргі таңда шындап қолға алынуда. Қазақстанның қазіргі замандағы мәдени ахуалы білім беруде, ғылымда, экономикада және т.б. салаларда тек қана батысты үлгі тұтпай, өзіміздің төл «көшпенділік», «далалық», «түркілік» мәдениет айшықтарын басқа елдерге тарата отырып, сол елдердің алдыңғы қатарлы мәдени мұраларымен өздерінің ұлттық мәдениетін үйлестіре білсе орынды болар еді. Сондықтан, ұлтымыздың тарихи-мәдени бітімі мен табиғи өркениеттік болмысын ғылыми тұрғыдан тану, заман талабына орай күрделеніп, тереңдей түсуде. Бүгінгі күн – қазақ өркениетіне қатысты мәселелердің шығырау шегіне жетіп, қазақстандық философтар мен ғалымдарымыздың қызығушылығын тудырып, теоретикалық пікір-таластардың зерттеу объектісіне айналып отырған шағы. Біздің философиялық ізденісіміздің де негізгі мақсаты әлемдік өркениеттер тарихынан ерекше орын алуға тиісті өзіндік шежіресі бар қазақ халқының далалық өркениетіне әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау жасау.

Соңғы кездері көшпенділер Шығыс пен Батысты жалғастырушы «мәдени көпір» деген атау философтар арасында кеңінен таралуда. Расында да, «жол», «көпір» ұғымдары екі жағаны жалғастырушы мағынасына ие, сонда әлемдік

өркениет өресінде біздің алатын орнымыз осы «көпір» ұғымымен шектеліп қала ма? Бұл жерде «көпір», «жол» ұғымдары екі мағынаны аңғартады. Бірі, егеменді Қазақстанның жалғастырушы «мәдени көпірі» ғана емес, сан ғасырлық шежіресі, өзіндік төлтума мәдениеті мен ***өркениеті бар, іргесі кең, еңселі ел екендігі*** болса, екіншісі кез-келген ұғымды тарихи айналымға ендірмес бұрын, сол ұғымдардың теріс пікір тудырмайтындығына көз жеткізіп, дұрыс мағынада қолданғанымыз жөн. Жалпы, қазақ философиясы кешеуленіп зерттелініп жатқаннан болар, көптеген ұғымдар мен аударылымдар оқырман қауым арасында кері түсінікке ие болып, басқаша ойлауға түрткі болып жатыр. Демек, қазақ философиясын зерттеуді ең алдымен ұғымдарды дұрыс қолданып, ғылыми айналымға дұрыс ендіруден бастау керек сияқты. Өйткені, дәстүрлі мәдениетіміздің іргетасы осы ұғымдармен қаланады. Жаңа ғасыр тәуелсіз еліміздің жаңа бастауы, ал, бүгінгі таңдағы Қазақстан қайта өрлеу дәуірінің жемісі. Бұл жөнінде қазақ философы Ғарифолла Есім: «Қайта туу мезгілі келді. Тереңде жатқан рухани тамырларды таппай ол мүмкін емес. Өткен тарихты іздену, оны құрметтеп, ой тербелісіне алу, сыннан өткізу өркениетті халықтар қатарына абыроймен кіру үшін қажет» [1, 88 б.] – деген. Қайта өрлеу дегеніміз – жаңару, өткенді жаңғырту, өшкенімізді жандыру. Ендеше, өз даралығы мен әлеуметтік болмысын сақтауда Қазақстан үшін бүгінде өзіндік қазақ өркениетін дамыту, экономикалық потенциялын өсіру, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, менталитетін және т.б. ұлттық құндылықтар аясын кеңейту өзекті болып табылады. Ал, бұл процесс бір ғана онжылды ғана емес, қомақты ұзақ тарихи мерзімнің үлесіне тимек. Қазақ халқының қалыптасып бітуін XIV-XV ғасырларға жатқызғанымызбен бұл күрделі үрдістің екінші бір кезеңін тағы да бастан кешу үстіндеміз. Жалпы, қазақ халқының қалыптасуы ұзақ мерзімді тарихи үрдістер нәтижесінде ортақ территория, тіл, материалды және рухани орталықтардың қалыптасуымен қатар орындалған.

Бүгінде ғылым саласында жиі қолданылып жүрген «қоғам» түсінігі қазақ дүниетанымында қандай мәнге ие? Біз, қазақ халқының әлеуметтік болмысын қоғамға жатқыза аламыз ба? Әлде, осы айтылып отырған «қоғам» және «заман» ұғымдарының мәні бір ме? Мүмкін, аталмыш қоғам түсінігін өзіміз заман ағымына орай енгізіп алған болармыз. Тереңірек үңіліп қарайтын болсақ, қазақ санасына қоғамнан гөрі «заман» деген мағына жақын. Мәселен, қазақ ақын жыраулары мен би-шешендер дүниетанымында «қоғам» мәселесі емес, «заман» мәселесі жиі қозғалады. Алайда, ақын-жыраулар халық тілегін көлденең жүрген көк аттыға айтып, мұңын шаға бермеген. Олар сөз парқын түсіне білетін өз заманының азаматтарының ту ұстаған алдыңғы тобына ғана айтқан. Жай айтпай, сөз жүйесін тауып айтқан. Ұлы тұлғаларымыз – би-шешендер өздері өмір сүрген заманға, қоғамдық сана мен адамдық болмысқа көңілі толмаса, өз төңірегіндегі болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге, замана болмысына қанағаттанбаса, өзінің жабырқау көңілін өлең, жыр арқылы жеткізуге ұмтылған. Ақын-жыраулар шығармашылығында «қоғам» туралы сөз болмаса, өлең жолдарында кездеспесе, бұл сөз тілімізге қайдан енген. Сонда «қоғам» мен

«заманның» қандай сапалық айырмашылығы бар? [2, 11 б.]. Бұл пікірге қосыла отырып, шындығында да қоғам түсінігінің заман ағымына орай тілімізге оңай еніп кеткендігіне куә боламыз. Олай болса, ***заман*** – қазақ халқының ойлау болмысын, ұлттық дүниетанымын, көшпенді қоғам әлеуметтілігін сипаттайтын қалыптасқан дәстүрлі түсінік, ал, ***қоғам*** – қазіргі тілімізге жатық жалпы термин. ***Уақыт*** – кең ауқымды жалпы ұғым. Оған бірқалыптылық, өзгермелілік және тұрақсыздық тән. Уақыт дәлділікке негізделген адам тұрмысының сандық көрсеткіш қызметін атқарады. Уақыт әрбір адам өмірінде маңызды орын алатын өз құпиясын өзімен бірге алып келе жатқан әлеуметтік құбылыс. Ендеше, бұдан туындайтын сауал уақыт объективті реалдылық па, әлде субъективті ұғым ба? Бір жағынан объективті уақыт өлшемі сағатқа көңіл аударсақ, уақыттың үнемі бір бағытта өтпейтіндігін байқаймыз. Бұдан уақыт өткізу, уақыт ұтқызу, уақыт өлтіру, бос уақыт, уақыт жетіспеушілігі деген түсініктер туындайды. Бұл күнделікті тіршілік әрекетінің өлшемдік көрсеткіштері. Қазіргі таңдағы уақыт біздің күнделікті тұрмысымызға айналған өлшемдік термин, ғылыми ұғым, философиялық категория. Философия тарихында кеңістік пен уақыт мәселесіне тоқталмаған ойшыл жоқ. Т.Х.Ғабитов: «уақыт пен кеңістік тіршіліктің пайда болған сәтінен бастап барлық тіріге әсер еткен бірден-бір негізгі фактор болып табылады» [3, 99 б.] – десе, А.Т.Құлсариева: «уақыт бойынша жеке адам болмысы теориясының қалыптасуы бүгінгі таңдағы ғылыми адамтанудың маңызды мәселелерінің бірі» [4, 81 б.] – деген. Бұл айтылған ойлардың түйіні уақыт ұғымының көпмәнділігіне алып келеді. Демек, адамзат әулетінің өмірлік тәжірибесін сараптаушы, саралаушы уақыт – жүйеленген философиялық уақытты құрайды. Уақыт тек адам арқылы танылады. Егер, уақытты үздіксіз процесс деп танитын болсақ, оны өз ішінде кеше, бүгін, ертең деп бөлетін, әлеуметтік мазмұн беретін – ***Адам***. Бұлардың барлығы адамзат тарихының ежелден қалыптасқан нақты жүйесі. Алайда, философтар арасынан кеңістік пен уақыт категорияларын бөліп қарастырғандары да кездеседі. Бұл категориялардың арасындағы негізгі айырмашылық онтологиялық сипатынан көрінеді. Мәселен, уақыт олар үшін болмыстың қалыптасу процесімен оның шекарасының бұзылуын, тіршіліктегі орын алған өзгерістердің дәйектілігін, жүйелілігін, мазмұндық динамикасын көрсетсе, кеңістік болмыстың тұрақты бастамасы, тұрақтылықтың негізі ретінде сипатталады. Кеңістік объективті шындықтың тіршілік ету формасы ретінде объектілер қатынасын, орналасу тәртібін реттей отырып, материя қозғалысының негізгі түрлері болып табылатын *механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық* және *әлеуметтік* формаларын сипаттайды. Кеңістіктің қоғамдық болмыс формасы ретінде негізгі айырмашылығы, оның пайда болуымен дамуының субъектілік іс-әрекетімен тұтастай байланыстылығында. Көшпенділер дүниетанымындағы кеңістік ұғымы, өзге де көшпенді халықтар түсінігіндегі уақытпен қатар дамыған, қозғалмалы, мобильді категория. Себебі, қазақтардың әлемдік образы номадалық өркениет шеңберінде қалыптасты. Бұл дегеніміз, қазақ халқының үнемі жолда, қозғалыста, дамуда болғандығын

аңғартады. Көшпенді өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты. Олардың ішкі жан дүниесінің ұлылығы, дүниені қабылдауының мағыналық тереңдігіне және космоспен біртұтас органикалық түсіністікте болғандығына келіп саяды. Сонымен, қорыта айтсақ, дала өркениетінің пайда болуымен қалыптасуына ықпал еткен үрдіс қоғам мен табиғат арасындағы тығыз қарым-қатынас. Көшпенділер қоғамының өркениеттілік қуаты әлеуметтік организмнің айнала табиғи ортаға икемделе білуіне негізделген.

Әдебиеттер:

1. Есім Ғ. Адам-зат. Философиялық эсселер мен новеллалар, зерттеулер. -Астана, 2003.
2. Есім Ғарифолла. Тағы да қазіргі заман туралы // Ақиқат. -Алматы, 1997. №6.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. -Алматы, 2018.
4. Құлсариева А.Т. Қазіргі заман мәдениеті. -Алматы, 2016.

ӘОЖ 008(574)

ӨНЕГЕЛІ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕДЕ ДІННІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Иманбердиева Аружан, Өмірзақ Назерке – 1510-19а тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматривается место религии в контексте необходимого нравственно-эстетического развития и становления личности.

Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеруге деген талпынысы ертеден-ақ белгілі болған. Адамзат есін білгелі өнермен бірге өзін-өзі жетілдіріп, мәдени игіліктерін жасап келеді. Бізге белгісіз, бұлыңғыр ондаған мың жыл бұрын да өнердің бастапқы белгілері байқала бастаған. Атап айтсақ, тас дәуірінің алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ, адамдар өнердің алғашқы нышандарын тудырып, ары қарай дамытып отырған. Өнер – мәдениеттің маңызды саласының бірі. Сондықтан болар, «өнер – мәдениеттің айнасы» деген қанатты сөз бар. Өнердің шынайы мәнінің діңгегі – сұлулық, әсемдік болып табылады. Сұлулық, әсемдік адамды ерекше бір жан ләззатына бөлейтін сезім тудырар қасиет. Соның нәтижесінде, өнер көңіл-күйді, сезімді білдіреді, соларға тікелей байланысты. Өнер адамды иманлануға, жан дүниесімен біртұтас нұрлануға бастайды. Өнердің басты мақсаты – қандай да бір жетілу, кемелдену үлгісін, мұратын (идеалын) беру әрі соған адамды талпындыру, құштар ету. Эстетиканың, өнегелі-эстетикалық тәрбиенің басты мақсаты – адамдарда өзінің айналасындағы сұлулықты көре, сезіне білу, бағалай, қабылдай білу қабілетін арттырып, сұлулықтың заңдарына сәйкес өмірді жаңартып, өзгертіп отыру. Көркемдікке сүйсіну, соны тамашалаған сәтте сезімге бөлену барысында жанымыз тазарады. Жан тазалығы – ар тазалығы. Олай болса, эстетикалық тәрбие – имандылық, ғибраттылық тәрбиесі. Діни имандылық – мәдениет сынды әмбебап саланың негіздерінің бірі. Мәдениеттің қалыптасуындағы алғашқы тарихи тип ретінде алғашқы қауымдық синкретикалық типті атауға болады. Алғашқы қауымдық мәдениеттегі тарихи ескерткіштерге жүгінсек, адамзат баласының діни дүниетанымы діни

мифологияда кеңінен көрініс тапқан. Алғашқы қауымдық синкретикалық типтің жіктелуінің барысында өнер, дін, философия, мораль сияқты рухани мәдениеттің әртүрлі салалары бөлініп шығады. Алғашқы кезде бір негізден пайда болған бұл салалар біртіндеп дами келе өздерінің жүйелерін құрайды және бұл жүйе бірегейлік пен тұтастықты құра отырып, өзара бір-біріне әсер етеді. Белгілі қазақ философы А.Т.Құлсариева өзінің «Мәдениеттану негіздері» атты оқу құралында «Адамзаттың рухани мәдениет бастамалары діни дүниетанымнан басталады» [1, 64 б.] – деген.

Мәдениет реликтілері ретіндегі фетиштер, тотемдер, әртүрлі табыну нысандары ішкі мазмұнына келгенде діни ізденістен туындаған. Дін рухани мәдениет салаларының бірі. Мәдениет адам әрекетінің процесін, оның нәтижелерін сипаттайды. Ол өмірдің әртүрлі салаларындағы – экономика, саясат, моральдағы және т.с.с. сана мен жүріс-тұрыстың сәйкес қасиеттерін меңзейді, жеке тұлғаның да, топтың да, қоғамның да тіршілік әрекетінің белгілі-бір жақтарын түсіндіреді. Мәдениеттің маңызды қыры – адам белсенділігін реттестіретін механизмдердің болуында, оларға тән нормалар, ережелер, талаптар, эталондар, үлгілер инварианттарын қалыптастыру жатады. Мәдени құндылықтардың мазмұнын діни сана жасақтайды. Олар діни дүниетаным айналасында ұйымдастырылады, сәйкес образдармен, түсініктермен, ұғымдармен толтырылған. Діни жүйелерде қарым-қатынастарды өрбіту, ұйымдарды реттестіру, өзара байланыстарды құрылымдау, адамдардың жүріс-тұрысын басқару тәжірибесі жинақталады. Діни мәдениеттің ұйымдастырушылық жағы культтік әрекетті басқарудың әртүрлі бөлімдерінде, теологиялық-теориялық зерттеулер мен білім беру саласында, экономикалық, коммерциялық, қайырымдылық әрекеттерде жүзеге асады. Діннің әсер етуімен діни философия, мораль, өнер және т.с.с. қалыптасады. Діни дүниетанымдық алғы шарттардан бастама ала отырып, діни философия ұғымдық аппарат пен теология, діни ілім тілін пайдаланады, онтологиялық, гносеологиялық, логикалық, әлеуметтанулық, антропологиялық және т.б. мәселелерді шешеді. Діни мораль – дін арқылы дамытылатын және уағыздалатын, нақты (буддистік, иудаистік, христиандық, исламдық) мазмұнмен толтырылатын әдептік түсініктер, нормалар, ұғымдар, сезімдер, құндылықтар жүйесі. Діни өнер дегеніміз – діни рәміздердің «өмір сүру» аясы болып табылатын көркемдік құндылықтарды жасау, қабылдау және тасымалдау.

Тарихи жағдайларға қарасақ, діни мәдениет азды-көпті дәрежеде зайырлы мәдениетке, сондай-ақ, оның бөліктеріне әсер етеді. Мәдениет элементтері бір-бірімен әрекет ету арқылы тәуелсіз феномендердің, яғни, діни өнердің туындауына негіз болады. Өнердің діни дүниетанымға толық бағынышты болған мәдени кезеңдері көп: бұл Ортағасырдағы Батыс-Еуропа өнері, буддистік және мұсылмандық өнер, б.э.д. VIII-VI ғ.ғ. классикалық кезеңге дейінгі грек өнері және т.б. Бұл жағдайда өнерге тән нәрсе, ол сенушіні Құдайға жақындатады. ***Діни өнердің өз заңдылықтары бар:*** ол әр кезде символикалық сипатта болып сәйкес келетін канондармен толықтырылады, яғни, діни

институттармен белгіленеді және көп жағдайда тұлғасыз сипатта болады. Мысалы, белгілі философ А.Б.Лосев «символды бір жағынан, затты алмастыратын белгі, екінші жағынан, белгілі-бір мағынасы мен мәні бар бейне» [2, 109 б.] – деп есептеген. Діни өнер ерекше символдармен ерекшеленеді. Буддалық мәдениетте Будда символы лотос гүлі болып табылады (аңыз бойынша Гаутама ханзада алғаш қадам бастағанда-ақ, оның әрбір ізіне лотос гүлі шыққан); ат, бұқа, арыстан мен піл – Будданың келесі өмірдегі бейнесі. Канондарға сәйкес Будда бейнесінде 32 міндетті және 80 символ-белгілерінің екіншілік белгілері бар: басындағы шаштың түйіндісі – ушниша – оның даналығының символы, жүрегінің тұсына қолын қоюы – батырлықтың символы. Мұсылмандық архитектурада әсемдіктің символдары мешіт күмбезі – Құдай сұлулығының символы, биік мұнаралар Құдай ұлылығының символы, мешіт қабырғаларындағы жазулар – Алла есімінің қасиетті символы болып табылады. Философ В.Н.Трубецкой орыс икондарын «бояулардағы ой жүктеу» [3, 88 б.] – деп атап, «қайталанбас тілдің» діни символдарының аржағында өмірдің мәні туралы сұрақтар жатыр деді. Бұрын тіпті сауатсыз адамдар да иконаны «оқи» алатын, олар кейіпкерлердің қозғалысынан, қимылынан жасырын мән-мағына көре алатын. Мысалы, шығыс даналары – бақсы, сиқыршылар жас нәресте Христосқа сәлем беруге келгендері – жас, жасы ұлғайған және қарт ретінде бейнеленген: бұл тек қана адам өмірінің кезеңдерін ғана бейнелеу емес – бүкіл адамзат, жасына қарамастан, жаңа христиандық сенімге келуі керектігін бейнелеген. «Христостың дүниеге келуі» атты күрделі иконалық композицияда, көзін жұмып жалғыз отырған Иосифтің бейнесі рождестволық түнінің тыныштық символы болды. Иконадағы дене қимылының тілі терең символдық сипатқа ие: алақанымен жоғары қаратылып жоғары ұмтылған қол бағынушылықты, көпшілікті білдіреді, қолдың бетке басуы – мұң, қайғы символы. Дін де, өнер де адам жанының ішкі руханилығына үңіледі. Қайта өрлеу дәуірінің көркемдік мәдениеті діни бейнелер арқылы адам сүйгіштік ойларды қалыптастыруы кездейсоқ нәрсе емес. Мәдениет жүйесіндегі жеке элементтердің қатынасы шығармашылық ойлау ерекшелігін де қарастырады. Ол, мысалы, ғылым мен өнерде көрінеді. Өнер – эстетикалық шығармашылық, сондықтан, ислам оған қарсылық білдірмеді. Ислам көркемділікті ұнатып, барлық нәрседе көркемдік пен сымбаттылыққа үндейтін дін болып есептеледі. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде: «Алла тағаланың өзі сымбатты болу себебінен сымбаттылықты жақсы көреді!» [4, 37 б.] – деген.

Мұсылмандар қалдырған өнерді зерттеу қызықты болып табылады және Құранның формаларды бейнелеуге рұқсат етпейтін қағидасы мұсылмандарға тән өнердің өзіндік түрлерін қалыптастырды. Мәселен, музыка өнеріндегі бірегейлік: халықтардың әр түрлілігіне қарамастан, Құран оқу мәнеріндегі бәріне ортақ музыка. Луи Массиньон мұсылман өнерінің бірегейлігін төмендегідей берген: «Именно из стремления не изображать предметы и не поклоняться образам и родилось мусульманское искусство, очень простое и крайне невещественное, подобно искусству музыканта-алгебраиста, верящего

не в собственную красоту аккорда, но в пассаж из нескольких нот, кончающийся молчанием» [5, 98 б.]. Құранның өзінде өнерге тікелей шек қою кездеспейді, бірақ, мұсылман дәстүрінде өнерге қарсы хадистерді кездестіруге болады. Мысалы, бейіттер, пұттарға табынуға қарсылық, адам бейнесін салуға шек қою, суреттер салынған маталар мен жастықтарды қолданбау, крестерді жою. Бірақ, мұның бәрі өнерге қарсылық емес, басқа дінге, пұтқа табынушылыққа қарсылық болып есептеледі. Құран Кәрімде әлемдегі барлық жаратылыстың бір-бірімен үйлесімділігі, оған қараған адам көңілін шаттық сезімге бөлейтін көркемділік, ұлылық пен асқан әдемілікке назар аударатын аяттар баршылық (Хижр сүресі, 16-аят; Нахл сүресі, 6-аят; Фуссилат сүресі, 12-аят). Демек, ислам әсемдік пен сымбаттылықты қамтыған көркемөнерді қабыл алмайды деген қисынсыз. Ислам тек материалдық және адамгершілікке жат нәрсені бейнелейтін өнерді қабылдамайды. Ислам ақыл-ойды ләззаттандырып, жоғары сезімдерді оятып, адами табиғи қасиеттерді дамытатын өнердің түріне қарсы емес. Алайда, өнер өз шекарасынан шығып, жағымсыз нәрселерге, құмарлық пен нәпсіні қоздырса, салауатты өмірдің салтанат құруына емес, керісінше, оның жойылуына себепші болса, сөйтіп, жағымсыз ермектің түріне айналса, ондай өнерге ислам, әрине, қарсы және оны қолдамайды. Эстетикалық тәрбие эстетикалық білім алу негізінде басталып, қоршаған мәдени ортаның эстетикалық құндылықтарымен, өнер туындыларымен толықтырылады. Эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекшелігі оның жеке тұлғаға тікелей емес, жанама түрде әсер етуінде. Мысалы, адамгершілік тәрбиесінде – тікелей тәлімдік (ақыл айту, жол көрсету) басым болса, эстетикалық тәрбиеде – тұлға көркемөнер туындыларынан ой түйіп, солардан алған эстетикалық әсер нәтижесінде таза өзінің қалауымен жол таңдайды. Эстетикалық тәрбие алған адам өзінің адамсүйгіштігімен, бекзаттылығымен, сыртқы кейпінің (киім киісі, жүріс-тұрысы), мәнерлерінің, өзін-өзі ортада ұстай білуінің жоғары әсемдік талғамға сай келуімен танылады. Эстетикалық тәрбиелі жан қалай болса солай жүріп-тұрмайды, не болса соны киіп шықпайды, жөнді-жосықсыз әрекеттерге бармайды. Эстетикалық тәрбие жастар бойына талғампаздық қасиетін дарытады.

Әдебиеттер:

1. Құлсариева А.Т. Мәдениеттану негіздері. -Алматы, 2011.
2. Лосев А.Б. В поисках художественного смысла. -Москва, 2018.
3. Трубецкой В.Н. Виды искусства. -Москва, 2016.
4. Оразбекова К. Иман және инабат. -Алматы,1993.
5. Массиньон Л. Методы художественного выражения у мусульманских народов. -Москва, 2013.

ӘОЖ 159.922.4+159.955+101.1:31(574)

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбдібек Нұрсұлтан, Кайралла Аружан – 1101-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается осмысление основ национальной идеи «Мәңгілік ел» в процессе научного познания

Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі – ана тілімен тығыз байланысты. Мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы шарт. Ол – мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Алдымызға қойылған осы ұлы мақсаттарды – қабілетті жастар мен жаңалыққа жаны құштар жандар, рухы биік ел ғана орындайды, яғни, Мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Болашақ ұрпағымыздың өз ана тілін білмеуі, салт-дәстүрден бірте-бірте қол үзе бастауы, жігерсіздік және т.б. сүреңсіз істердің еркінсуі – этникалық тәрбиеден қол үзудің салдары болып табылады. Этникалық тәрбиенің нәтижесінде этнос субъектісінің өзіне деген шынайы пікірі, өз ұлтына деген мақтаныш сезімі, тіліне, тарихына, өз этносының мәдениетіне деген дұрыс көзқарасы, сондай-ақ, басқа этнос өкілдеріне деген сыйластық пен толеранттылық қалыптасады. Сонда ғана, жас ұрпақ өз ұлтының болашағы тек өзіне байланысты екенін түсініп, Мәңгілік ұлағатты сөздер арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз ұлтының игілігін басқа этностарға жақын әрі түсінікті етеді. «Мәңгілік Ел» идеясы отандастарымыздың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны. Бұл идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Көне түркі мұраларын зерттеуші ғалым Қ.Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тонықөк негізін қалаған идея...» – екендігін жазған [1, 21 б.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тонықөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел – мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. «Құлтегін» жазуын қазіргі қазақ тіліне келтірген Ғ.Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар [2, 63 б.]. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану. Тарихтан белгілі дүниені дүр сілкіндірген ұлы ұлыстар мәңгілікке қол созғанымен, армандарына жете алмай, белгілі-бір дәуірлеу кезеңдерін өмірлерінен өткізіп, уақыт тұңғиығына батып,

ғасырлар қойнауында көміліп қала берді. Мысалы, Шығыстан Батысқа қарай «халықтардың ұлы қоныстануы» дәуірлерінде Қазақстан аумағындағы құрылған ғұндар, үйсін, қаңлы, сақтар мемлекеттері, олардың тарихи көсемдері Зарина, Томирис ханымдар, Афрасиаб (алып Ердоң), Мөде, Аттила (Еділ) т.б.

«Мәңгілік ел» идеясының қалыптасу тарихы ерте дәуірден, түркі тілдес тайпалардың ең алғашқы саяси тарихтарынан бастау алады. Б.з.б. III ғ. – б.з III ғ. олар Қазақстанның және көршілес елдердің территориясында бірқатар ірі, әрі тұрақты таптық бірлестіктер құрды. Жетісуда, Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе, үйсін қоғамы және Сырдарияның орта бойындағы кангюй деген атпен мәлім болған тайпалар бірлестігі ерекше маңызды орын алды. Б.з.б. I мың жылдықтың екінші жартысынан бастап Еуразияның этникалық-саяси тарихында Орталық Азияның көшпелі тайпаларының рөлі күшейе түсті. Осы өңірде, Байкалдан Оңтүстікке және Ордосқа дейін созылып жатқан далалық және шөлейт аудандарда қарабайыр малшаруашылығымен шұғылданған, этникалық жағынан әртүрлі тайпалар көшіп жүрді. Солардың басты тобы ғұндар. Ғұндардың этникалық шығу тегі, тілі осы күнге дейін дәлелденбей отыр. Зерттеушілердің көпшілігі оларды түріктердің арғы тегі деп есептейді. Деректер бойынша, ғұн тайпаларының бірігіп саяси күшейген кезі б.з.б. 209 жылы Мөде ханның билік жүргізген мезгілі. Оның жасаған әскери реформалары ғұндарды қуатты мемлекетке айналдырған. Б.з.б. 47 жылы ғұндар державасы оңтүстік және солтүстік ғұндар болып бөлінді. Оңтүстіктегі ғұндар Хань империясына бағынды. Ал, Чжичжи – шаньюй бастаған солтүстіктегі ғұндар тәуелсіздігін сақтап, ширек ғасырға жуық уақыт бойы елдігінен айрылмай, Хань империясы мен Оңтүстіктегі ағайындары тарапынан үнемі шабуылға ұшырап отырды. Солтүстіктегі ғұндар Солтүстік Монғолияға және Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігіне көшіп баруға мәжбүр болды. Бұдан кейін олардың бір бөлігі Тянь-Шаньнан өтіп, Кангюй тайпалық бірлестігімен көрші отырды. Чжичжи – шаньюй кангюйлер мен шарттық қатынастар орнатты; сөйтіп, кангюйлер ғұндарға жерінің шығыс шетінде көшіп-қонып жүру үшін жер берді [3, 294-298 бб]. Үйсіндер – Қазақстан территориясындағы алғашқы таптық бірлестіктердің бірі. Б.з. VIII ғ. жазушылардың Бесбалықты «үйсін князінің шекарасы» деп атағанына сенетін болсақ, онда үйсіндердің шығыс шектері біраз уақыт бойы Бесбалық маңында болды деген сөз. Батыста үйсіндердің шекарасы Шу және Талас өзендері арқылы өтіп, Қаратаудың шығыс бөктерлеріне дейін созылып жатқан. Археологиялық және палеоантропологиялық деректемелер сақтар мен үйсіндердің этникалық-мәдени сабақтастығын көрсетеді. Жалпы, «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: а) көне түркі жазба ескерткішіндегі «Мәңгілік Ел» идеясы; ә) әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» шығармасында бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы; б) Ж.Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны.

Тонықөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу

қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни, «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ол «Мәңгілік Ел» теориясының ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім, Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркі тілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни, адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Құлтегін» жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қ.А.Ясауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Ж.Баласағұнның басты кейіпкер қылып Құлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры, үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Әдебиеттер:

1. Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. -Алматы, 2016.
2. Айдаров Ғ. Тегі асыл ел тарихын түгендейді. -Астана, 2016.
3. Қазақ ССР Тарихы. I том. -Алматы, 1980. -588 б.

ӘОК 130.2+48(574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Жамбылова Әсел, Тұрапбай Гүлбану – 1101-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этом статье культурно-духовные ценности казахской мифологии паказаны как сущностное основание духовной культуры казахского народа, как интегрирующее начало этноса и форма, направленная на формирование межэтнических отношений.

Бүгінде адамзат жаңа мыңжылдыққа қадам басып, оның 30-шы жылын бастан өткізіп отыр. Осы тарихи меженің қарсаңы қоғамдық санадағы сапалық өзгерістерімен аталады. Бұл өзгерістер, бүгінгі заманғы әлемде болып жатқан саяси-рухани құбылыстарды жаңаша бағалауға деген ұмтылысқа қатысты. Бұлжымастай көрініп келген бірқатар ғылыми концепциялар мен тұжырымдар жаңа қырынан бағалануда, көптеген ғылыми көқарастар уақыт алдында қайтадан сыннан өтуде. ***Адамзат ойының ізденгіштігін көрсететін жағымды құбылыс***: әр дәуір өзінен ілгеріде жасалған игіліктердің саяси-мәдени мұрагері бола отырып, осы құндылықтарды өз заманындағы объективті жағдайлармен салыстырып, жаңаша түсіндіріп, тарихтың өлшемі ішіндегі қолданыс аясын анықтап, етене таныс, дәстүрлі құбылысты жаңа мазмұнмен толтырып, оның жаңа қырлары мен тың мүмкіндіктерін ашады.

Бүгінде, мифологияға қатысты саяси-әлеуметтік мәдени құбылысты аңғарамыз. Соңғы жылдары қазақ халқының саяси-әлеуметтік мәдениетінің қалыптасуы проблемасына, оның болмысы мен табиғатына, атқаратын қызметіне көзқарас елеулі өзгерістерге ұшырады. Осыған дейін мифология мәселелері негізінен салыстырмалы-тарихи, этнографиялық аспектілер тұрғысында қарастырылып келсе, XX ғ. соңына қарай миф ойлаудың әрбір әлеуметтік-тарихи кезеңінде заңдылықпен өмір сүретін мәдениеттің саяси қасиеті болуы керек деген қағида басымдылықпен көріне бастады. Миф осыған дейін негізінен «болмысты меңгерудің ең төменгі, қарапайым» формасы тұрғысынан қарастырылып келсе, ендігі жерде, «табиғи-қажетті формасы» деген сарын айқынырақ естіле бастады. Осыған дейін ірге теуіп келген миф тек архаикалық қауымның атрибуты, діннің пайда болуына дейінгі логикалық, көркемдік ойлау пайда болмаған кездегі «бастапқы сана» деген түсінік «миф ғылымның алғашқы нәр алған бастауы болуы ықтимал» деген ойға ығысып орын бере бастады. Мифтің мәдениеттің барлық салаларынан – әлеуметтік-саяси, тарихи, көркемөнер, тіл, әдебиет, дін, қолөнер және т.б. көрінетіні, олардың әрбірі өзіне ғана тән «тілмен», белгілі заңдылықтарға бағына отырып, «өз» мифтерін өрбітетіні, мәдениетке қатысты сөз еткенде мифтің тұрақты

құбылып, саяси тұрғыдан трансформацияланып отыратыны бәрімізге белгілі. Мифтік шығармашылық және мифтік шығармашылықтың атрибуты тұрғысындағы мифтік ойлау және мифтік уақыт ұғымдары қазіргі заманғы саяси көріністеріне қарай жаңаша ғылыми сипатқа ие болды. Осыдан қазақ мифологиясының саяси-мәдени құндылықтары жөнінде орныққан қағидалар мен тұжырымдарды миф және мифология мәселелеріне жаңаша ғылыми көзқарас тұрғысынан қайта қарастыру, мифологияның саяси-әлеуметтік мәдени құндылық табиғатын, құндылықтар сабақтастығын, оның трансформациялану заңдылықтары мен қазіргі заманғы мифтік шығармашылық мәселелерін, оның гносеологиялық мәні мен танымдық мүмкіндіктерін осы ауқымда зерттеу қажеттігі туады. Аса бай фольклорлық және жазба әдебиеті мұралары белгілі бір кезеңдегі саяси-қоғамдық ойдың дәрежесін терең айқындықпен көрсетеді. Қазақ мифологиясының саяси-мәдени құндылығы, ән мифологиясы, қара өлең мифологиясы, көркемөнер мифологиясы және күй мифологиясынсыз толық дәрежесінде ашылмақ емес. Бұлардың әрқайсысы әр замандағы саяси-тарихи жағдайларға байланысты туындаған. Бұл шындыққа әр халық түрліше саяси жағдайлар арқылы келуі мүмкін. Бұл жерде әлеуметтік, географиялық және т.б. факторлардың әсерін алып тастасақ, сананың трансформациялануы туралы қағидаларға қиянат жасаған болар едік. Қазақ мифологиясының ерекшелігі – бірыңғай космогониялық, антропоморфтық, генеалогиялық және т.б. деп біржақты айқындауға, дайын қалыпқа сала қоюға келмейді. Бір туындының ішінде осылардың бәрінің көрінісі қатар болуы мүмкін. Мәселен, Орхон-Енесей жазулары, Қорқыт жырлары осындай. Бұдан қазақ мифологиясының әлеуметтік-саяси ойлау ерекшелігін көреміз. Шығыс халықтарының саяси-мәдени сенімдерінің заратуштралық, шамандық негіздері жөніндегі стереотипі, «тұтынушы халық» концепциясы Тәңір ұғымының дүниетанымдық, онтологиялық мәніне бойлауға ерік бермеді. Яков Гримм «Неміс мифологиясы» деген еңбегінде: «...ақындық өнер халықтың мәдени жағынан жетіліп шыққанда, ол сол кездегі тарихи-саяси жағдайларға байланысты мәңгілік ұлы туындылар арнайды» [1, 88 б.]. Орхон-Енесей тас жазулары осы тұрғыдан үлкен саяси-мәдениетінің үлгісі болып табылады.

Ежелгі қазақтардың космогониялық мұраларының бірі – әлемнің тылсым 3 болмысы туралы аңыз. Бірде жоғарыдан аспан басып, төменде жер ойылса, бірде жоғарыда тұман, төменде күл болады. Олардың ортасындағы тіршілік алас ұрады. Тәңірден жарлық болғанша байыз таппайды. Жеті планета, аспан жұлдыздары туралы айқын түсінік пен әлемнің жаратылуы туралы осындай мифтер қазақтың санасынан қатар көрініс береді. Бұл 3 болмыс қазақ халқының аңыз-ертегілеріне көк патшасы, жер иесі, жер асты патшасы түсінігінде трансформацияланып, жиі кездеседі. Мәселен, қазақ халқының «Ертөстік» ертегісінде басты кейіпкер жоқ іздеп, жер астына түсіп кетеді. Оның алдынан жердің бетіндегідей әлем ашылады. «Тағдырды Тәңірі жасар, Адам баласы бәрі өлгелі туған...» – осындай философиялық ой биігінде Тәңірі жасаған тағдырына мойын ұсынып, әлемдік дәрежедегі мифологиялық мұра қалдырып өздері

мифке айналды. Ендігі ұрпақ «Тағдыр деген не? Тәңір кім? Адам баласы неге өлу үшін тууы керек? Онда өмірдің мәні неде?» деген сұрақтарға жауап беруі керек болды. Бұған Қорқыттың мифтік тұлғасын жасауымен жауап берді. Қорқыт туралы миф жаңа әлеуметтік-саяси мәдени дүниетанымдықтың өлшемі. Қорқыт заманында көк түріктердің имперлік санасы мүлдем ұмыт болған жоқ. Әлеуметтік-саяси сананың қалыптасуы қаншалықты ұзақ, толғақты процесс болса, оның жаңғыруы да сондай ұзақ уақыт өлшемін қажет ететін құбылыс. Бірақ, осы тарихи саяси-әлеуметтік сана басқа сипатында көрінді. Көк түріктерінің империясының күйреуі біріктіруші сенімнің құнсыздануынан басталды. Осыны түсініп, оғыз-қыпшақ дүниесі «*Тәңірі жасаған Тағдырға*» мойын ұсынудан бас тартты. Олар «*адамдар өлмек үшін жаралған*» деген постулатқа «Неге?» деген қарсы сұрақ қою сатысына көтерілді. Сананың осы қарсылығы ажалмен күрес идеясы түрінде қалыптасып, Қорқыт бейнесін тудырды. Бұл идеяның кереметтігі сонда – бір мифтің аясында екі Қорқыт бар. Бірі – жырау, ақын, жылнамашы және елін қорғаған қаһарман Қорқыт. Ол әрбір жырдың аяғында «сол тойға келіп, осы жырды айтып...» отырады. Оғыз ұлысы екі айырылғанда Қорқыт жыры түгесіліп, ол өмірден баз кешеді. «Жалған-ай! Бар әлем біздікі деп айғай-сүрең салған сол ерлерім қайда? Оларды ажал ұрлап, жер жұтты! Дүние кімдерге опа қылған? Адам өмірі өткінші. Өмірдің құрдымы – ажал, ажырасу, жердегі өмір баянсыз!» [2, 15 б.] – Қорқыт соңғы жырында опат болған ерлерін жоқтап осылай күйінеді. Оның ендігі жерде мәңгілік ғұмыры мәнсіз. Яғни, ажалдан бас сауғалаған Қорқыттың өзі емес, ол образ ғана, мифтің идеясында жатқан нәрсе – елдің, халықтың мәңгілігі.

Сөз болып отырған кезеңдерде оғыз-қыпшақ елі исламды қабылдап үлгерген. Мифті тудырушылар «фани» және «бақи» ұғымдарымен, тамұқ-жұмақ түсініктерімен таныс қана емес, соларды мойындаған. Яғни, оғыз-қыпшақтардың тағдырды мойындауы алғашқыларінікі тәрізді шарасыздық емес, саналы мойындау. Мәңгілік тек Абсолюттің үлесіндегі ғана нәрсе. Жаратылғандардың бәрі өлуі керек. Екі эпоста – Күлтегін ескерткіші мен Қорқыт жырларында өмірдің баянсыздығы туралы тұжырым бір, бірақ, түсінік әртүрлі. Ал, екінші Қорқыт – әр нәрсенің себебін (бұл жерде өмірдің мәнін) іздеуші адам, ғұлама, саясаткер, асқан дарын иесі. Аңыздың бір вариантында жер бетінде өлімнен құтылып болмас деген Қорқыт Сырдың ортасын паналайды. Қажып, қалғып кеткен сәтінде ажал су жыланы болып келеді... Қайғылы аңыз. Халық оны сол қобызын зарлатқан күйі неге тірі қалдырмады? Бұлай етуге мүмкіндік бермеген не нәрселер? Қорқыттың көрі деген анталаған ажал, үмітсіздік, дәрменсіздік деген емес, Тағдыр, Жазмыш, Алланың пәрмені деген сөз. Бұл исламның саяси санасында трансформациялануының көрінісі. Көк түріктері «Қасиетті жер-суды» Отан мағынасында қолданса, мұнда жер және су өздерінің субстанциялық мәнінде айтылып тұр. Қазақ мифологиясында нақтылы оқиғаларға негізделген, тарихта болған адамдардың есімдерімен байланысты, адамшылық, елдік сияқты үлкен тақырыптар жүгін көтеретін мифтер ерекше тұр. Адам баласы тумысынан өзі рахат өмір сүретін ортаны

іздеуге, әділдік орнатуға, өлім мен өмірдің құпиясына үңілуге, осылар арқылы әлемдік құбылыстарды танып білуге ұмтылған. Барлық мифтерді тарихи-философиялық мифтер деп топтастыруға болады. Мифтер сырт қисынды әрекеттердің қиял дүниесімен ұштасатын тылсымдылығымен, қатардағы оқиғалардың терең әлеуметтік-саяси, танымдық мазмұнымен оқшауланады. Басқаша айтқанда, қиял дүниесі шындықпен, адамның қарапайым таным әрекеттері оның өзі үшін де беймәлім табиғатымен астасып жатады.

Әдебиеттер:

1. Алпеева Т.М. Теоретика-методологический анализ проблемы социального мифа. - Москва, 2017.

2. Акатаев С. Мировоззренческий сикретизм казахов. (Истоки народной мысли). Монография. Ч.II. -Москва, 2013.

ӘОЖ 101. 8:316+37(574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕНТАЛИТЕТІ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кенжебекова Әсем, Малик Айғаным – 1101-19 тобының студенттері
Ғылыми жетекші: Арынғазиева Б.Б. – филос.ғ.к., профессор м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с социальным развитием казахского народа и менталитета.

Қазақ халқы менталитетінің қалыптасуы мен дамуына географиялық, экономикалық, саяси-әлеуметтік, идеологиялық, мәдени-рухани қатынастардың әсері мол. Сондықтан, олардың даму заңдылықтарын зерделемей, бүгінгі қазақ менталитетінің даму ерекшеліктерін тану мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқы менталитетінің даму ерекшеліктеріне мынадай объективтік орталар өз әсерін тигізді: 1) Географиялық-табиғи орта. Бұған қазақтың кең даласын, табиғатын, суы мен ауасын, жайлауы мен өзен-көлін, желін, кеңістігі мен уақытын, көк аспанын, атамекенін, ата жұртын, кіндік қаны тамған туған жерін жатқызуға болады; 2) шаруашылық-экономикалық орта. Бұған табиғатқа бейімделген мал шаруашылығын жүргізу, оның әдіс-тәсілдерін меңгеру, табиғи және экономикалық ортаның динамикалық тепе-теңдігін сақтау барысында қалыптасқан экологиялық бейімділікті, шаруашылық негізінде қауымдық меншіктің болғанын жатқызуға болады. Түптеп келгенде, шаруашылық-экономикалық орта қазақтың еңбекке деген қатынасын қалыптастырды. Оның менталитетінде еңбек, шаруашылық, өндіріске байланысты түсінік пен ұғымдар дүниеге келді; 3) саяси-әлеуметтік ортаға байланысты қазақ менталитетінде билік туралы, биліктің тармақтары, қызметі, жалпы қоғамдағы саясат пен билік туралы ойлар дамыды. Бұл үрдісте «Жеті жарғы» заңының маңызы зор болды. Жер, жесір, ел, күн, мал-мүлік дауларын дұрыс шешу қазақ халқы менталитетінде әділеттілік, шындық, ақиқат ұғымдарын терең орнықтыруға көмектесті; 4) рухани-мәдени орта. Рухани-мәдени ортаға мыналарды жатқызуға болады: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, миф, тенгризм, шаманизм, фольклор, ислам, ырым-тыйымдар, эпостық, лирикалық жырлар, ақындық өнер, шежіре, толғау және т.б.

Қазақ халқы өз дамуында бірнеше әлеуметтік қатынастар мен сатыларды басынан өткерді. Оларды мынадай кезеңдерге бөлуге болады: көшпенділер дәуірі, кеңес үкіметі кезеңі, тәуелсіздік жылдары. Осы көрсетілген тарихи кезеңдерге сәйкес қазақ халқы менталитеті де өзгеріп отырды. Сыртқы және ішкі факторлар ықпалы әсерінің күштілігі соншалықты, қазақ халқы үнемі өзгерістер мен жаңғырулар әлемінде өмір сүрді. Нәтижесінде, бейімділік пен оңтайлық таныту, жаңаны жатырқамай тез қабылдау ментальдық қасиетке айналды. Қазақ бұл жолда дала берген табиғи ашықтық, жарқын мінездік пен кеңдік, төзімділік тәрізді өзіндік ерекшелігін пайдалана білді. Қазақ халқы менталитетіне зорлық негізінде сырттан танылған құндылықтар да болмай қалмады. Олар қазақ менталитетінің тұтастығын бөлшектеуге бағытталған күштер еді. Олардың қатарына кеңес үкіметі кезіндегі саяси асыра сілтеулер, саяси науқаншылдық, руханилықты дамытудағы батысшылдықтың басымдығы, жаппай орыстандыру саясаты және т.б. жатқызуға болады. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде қазақ халқы менталитетінде жаңа құндылықтар жүйесі пайда болды. Олардың қатарына: тәуелсіздік, егемендік, нарық, демократия, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, адам құқығы тәрізді құндылықтарды жатқызуға болады. Қазақ менталитетінің қазіргі кезеңдегі даму ерекшеліктері осы аталған құндылықтарды ұлттың қабылдауымен, түсінуімен айқындады. Нарықтық қатынастарға байланысты қазақ менталитетінде жер, еңбек, меншік, байлық, табыс, пайда тәрізді құндылықтар қайта сарапталып, оларға деген жаңа көзқарастар мен түсініктер қалыптасуда.

Қоғамдағы демократиялық үрдісті дамытудың саяси, экономикалық, рухани және мәдени алғы шарттары батыстық үлгіде болып отырғанын жасыра алмаймыз. Дегенмен, қазіргі қоғамда жүріп жатқан демократиялық процестерді дұрыс түсіну мен қабылдаудың негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан «далалық демократия» архетиптері жатыр. Демек, демократия құбылысы қазақ үшін «тың құбылыс» емес. Ә.Нысанбаев: «Шығыс пен Батыстың әр бағыттылық әсері далада номадалық өндіріс тәсіліне негізделген көшпенділік демократияны қалыптастырды. Қазақтардың еркінсүйгіштігін, деспотизмді мойынсынбағанын салыстырмалы еркіндігі мен әйелдердің теңдігінен, тұлғаны сыйлауы мен билік алдында құлдай жорғаламауынан көреміз. Көшпенділердің еркінсүйгіштік өмір салты қазақтың дәстүрлі қоғамындағы институт құрылымдарының қызметіне де өзіндік әсер етті» – деді [1, 38 б.]. Бұдан шығар қорытынды, демократиялық құндылықтарды қабылдау мен түсіну – әр ұлттың менталитетіне, тарихи дәстүріне байланысты болатындығы. Демократияны қабылдау мен түсінудегі ментальдық ерекшеліктерге қарамастан, оған тән ортақ белгілердің барын, оны үйренудің қажеттілігін атап өткен дұрыс. Оларға халықтың заң жүзінде билік көзі болып қалуын, оның жоғарғы билік органдарына өз өкілдерін сайлауға және дер кезінде оларды ауыстырып отыруға құқылығын, қоғамның әр саласында теңдік пен әділеттілікті, бостандық пен еркіндікті қамтамасыз етуі және осы қағидаларға сай өмір сүруге ұмтылысын, сайлаудың еркіндігі, теңдігі, әділдігі, балама үміткердің болуын және т.б. жатқызуға болады. Сондай-ақ,

қазақтың дәстүрлі қоғамындағы адамдардың мінез-құлқының «далалық демократия» тұрғысынан реттеліп отыруы, сөз және ой еркіндігі, бүгінгі айтып жүрген азаматтық қоғам белгілері екені сөзсіз. Қазақстандағы демократиялық үрдіс жайын сөз еткенде, оны тек бүгінгі саяси қатынастардың көрінісі ретінде қарап қоймай, оның кешегі ментальдық астарына да үңілу керек. Мәселен, қазақтың дәстүрлі менталитетінде демократия – тек биліктің түрі ғана емес, сыйласудың да көрінісі. Сыйласу – өзара түсінік, мәмілелік «қазақи демократияның» негізі. Демек, демократия – сыйластық, өзара түсінік, мәмілелік бар жерде ғана қанатын кең жаяды. Рухани құндылықтар әлсіреген немесе оған бағыт ұстамаған қоғамда шынайы демократиялық жүйе орнату мүмкін емес. Бүгінде, ұлттық болмысымызға қайшы келетін құндылықтарды шектен тыс насихаттау етек алуда. Сондықтан, Қазақстан жағдайында бұл мәселені үнемі назарда ұстап, демократиялық қатынастарды орнату рухани жауапкершілік негізінде жүру керек. Демократия саяси топтардың билік жолындағы «саяси ойыны» емес, керісінше, олардың халық алдындағы саяси, моральдық, рухани жауапкершілігі. Қазақ халқы менталитетінің қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігінің әлеуметтік сипаты көп жағдайда кешегі тоталитарлық қоғам құндылықтарымен байланысты болып отыр. Нәтижесінде, демократияның басты қағидалары болып есептелетін әділеттілік, еркіндік, адам құқығы тәрізді құндылықтар әлі де болса «декларативтік» күйде қалуда. Сондықтан, аталған демократиялық құндылықтарды адамдардың көзқарасы мен іс-әрекетінің негізіне айналдыру ұзақ уақытты және қоғамда ментальдық өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі әлеуметтік философияда бірігу (консолидация) ұғымы жиі айтылуда. Кейбір ғалымдардың айтуынша, «қоғамның бірігуі» мүлдем абстрактылы. Оның орнына «саяси жүйенің бірігуі», «демократиялық бірігу» ұғымдарын ғылыми айналысқа кіргізу қажеттігін алға тартуда [2, 53 б.]. Бұл ой маңызды, осы аталған «бірігулердің» негізінде «ментальдық бірігу» жатыр. Ментальдық бірігудің астарында Қазақстан халықтарының бір-біріне деген шынайы достық қарым-қатынасы, өзара татулығы мен сыйластығы, яғни, «комплиментарлық» теориясы тұрғысынан үйлесімді өмір сүруі, өзара сыйысушылық дәстүрі ментальдық бірігудің ішкі арқауын құрайды. Ментальдық бірігуді демократиялық бірігудің рухани негізі деп қарау қажет. Сонда ғана қоғамда азаматтық келісім, ұлтаралық өзара татулық шынайы түрде нығаяды. Ментальдық бірігу негізінен тысқары жүргізілген «бірігулер» қашанда зорлау, қинау арқылы болатыны белгілі. Оған кешегі саяси идеологиялық негізде жүргізілген бірігулерді жатқызуға болады. Қинау, зорлық негізінде жүргізілген саяси-идеологиялық бірігулердің нәтижесінде ұлт менталитеті зақымданды, сенім-тірегі уланды, дәстүр сабақтастығы үзілді.

Қазақ халқы менталитетінің ішкі даму ерекшелігі – мәмілелік ұғымымен тікелей байланысты. Мәмілелік – қоғам мен адам, адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты орнатудың ерекше түрі. Оның ерекшелігі: күш қолданбау, кандай да болмасын мәселені келісім жолымен шешу болып табылады. Мәмілелік келісім өзара түсінік негізінде туады. «Келісіп пішкен тон, келте

болмас» деген қанатты сөз де қазақтың мәмілелікке қаншалықты көңіл бөлгенін байқатады. Мәмілелік шекті. Мамілелік – әр істің шегін, өлшемін білу. Мәмілелік шектен шықса, еркіндік құлдыққа айналады, әділетсіздікке ұласады, жақсы мен жаманның арақатынасы бұзылады. Қазақтың жақсы бір қасиеті – өзгені тыңдай білетіні. Өзгені тыңдау мен өзіңді танудың айырмашылығы бар. Өзгені тыңдау негізінде үйрену бар. Қазақ менталитетінің бір ерекшелігі – өзін таныған өзгені тыңдағанды жақсы көріп тұратыны. Өзгені үнемі тыңдап, бөтеннің ақылымен өмір сүру жақсы қасиет емес. Өзіңді тану арқылы өзгені тыңдау – даналық, өзгені тыңдау арқылы өзіңді тану – кемістік. Бүгінде бізге жетпей жатқаны өзіңді тану. Мәмілелікке тән ерекшелік – ол шығармашылық. Сырт көзге мәмілелік пен шығармашылық арасында байланыс жоқ тәрізді. Тіпті, бұл екі ұғым бір-біріне жат. Мәселен, ғылыми ойлаудың мақсаты – мәмілелік емес, керісінше, пікір-сайыс, ақиқатты тану, қарсыласына өз пікіріңді мойындату. Ақиқат – тек пікір-сайыста пайда болады.

Әдебиеттер:

1. Қадыржанов Р.К. Проблемы демократизации общества и их отражение в политическом сознании населедия Казахстана // Казахстанская философия в канун XXI века.- Алматы, 1998.

2. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. -Алматы, 2017.

ӘОЖ (378:372.8:811.111)

ОРГАНИЗАЦИОННО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ МОМЕНТЫ МЕЖДУ ШКОЛОЙ И СЕМЬЕЙ В НАЧАЛЬНОЙ СТАДИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Анарбай Ф.б Қозыбағар Т. – 102-18 тобы

Ғылыми жетекші: Киясова К.К. – п.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы

Түйіндеме

Бұл мақалада бастауыш сынып жасндағы балаларға шетел тілін үйрету барысында отбасы мен мектептің ұйымдастырушылық-педагогикалық қарым-қатынасы туралы айтылады.

Повышение статуса иностранного языка в современном обществе приводит к преобразованиям в сфере иноязычного образования. Одна из наиболее распространенных тенденций в этом плане связана с созданием непрерывной системы иноязычного образования, предусматривающей изучение иностранного языка уже на этапе начальной школы или детского сада с последующим изучением во всех образовательных учреждениях.

Обучение детей иностранному языку в дошкольном и младшем школьном возрасте обосновано многочисленными исследованиями с различных позиций: методической, лингвистической, психологической, педагогической. Однако, как показывает практика, успехи обучающихся сочетаются с серьезными трудностями, связанными, прежде всего, с отсутствием личностного смысла овладения иностранным языком, естественной языковой среды обучения и ограниченным объемом учебного времени. Эти и другие проблемы, возникающие в процессе раннего иноязычного образования, представляется возможным решать в тесном сотрудничестве педагогического коллектива и

семьи, которая является полноправным и зачастую активным участником образовательного процесса, особенно на раннем этапе обучения.

На наш взгляд, взаимодействие образовательного учреждения и семьи в процессе раннего иноязычного образования, позволяющее повысить его эффективность и решать возникающие проблемы, возможно при реализации следующих организационно-педагогических условий: учителем иностранного языка изучается и принимается во внимание педагогический потенциал конкретной семьи; в образовательном учреждении организуется своевременное информирование, просвещение и консультирование родителей по вопросам раннего иноязычного образования; имеет место совместная деятельность учителя, учащихся и членов их семей в организации и проведении домашней работы, уроков и внеклассных мероприятий; учителем иностранного языка осуществляется аналитическая деятельность, позволяющая определить результативность организуемого взаимодействия.

Кратко поясним данные условия.

Изучение педагогического потенциала конкретной семьи, трактуемого нами вслед за В.Я.Титаренко как «внутренние, присущие семье наличные возможности в формировании личности, объективные и субъективные, реализуемые как сознательно, так и стихийно» [3, с.14], позволяет определить совместное поле деятельности педагога и родителей.

Учитывая информационные запросы родителей, учителем устанавливается содержание информационно-просветительского направления взаимодействия, элементами которого являются информирование, просвещение, консультирование родителей по вопросам раннего иноязычного образования.

Информирование со стороны учителя иностранных языков осуществляется в отношении всех родителей младших школьников, изучающих и намеревающихся изучать иностранный язык, или в отношении определенных групп родителей или членов семьи конкретного ученика. Общая информация, необходимая для всех родителей, может включать сведения из нормативных документов; сведения о новых тенденциях в изучении иностранного языка, о путях и формах получения дополнительного образования и прочее. Информация для групп родителей определяется спецификой конкретной группы (семьи учеников, занимающихся в классах с углубленным изучением иностранных языков; родители детей, отправляющихся на экскурсию в другую страну; родители школьников, занимающихся в одном кружке или посещающих один факультатив). Что касается информации для отдельных родителей, то она предоставляется во время индивидуальных бесед, консультаций и носит в большинстве случаев конфиденциальный характер.

В отличие от информирования просвещение основывается на предоставлении более глубокой информации, выявлении позиций субъектов в ходе обсуждения тех или иных вопросов. «Просвещение – это процесс пропаганды и распространения культуры, предполагающий относительно

самостоятельный и свободный отбор индивидами сообщаемой информации» (И. Кон). Учитель иностранного языка может просвещать родителей по следующим вопросам: формирование положительной мотивации учения; способы знакомства ребенка с иноязычной культурой; контроль за выполнением домашних заданий; особенности усвоения младшими школьниками лексического, грамматического материала и так далее.

Наиболее актуальным и востребованным на сегодняшний день направлением взаимодействия является консультирование родителей. Оно носит индивидуальный характер и проводится в форме бесед и консультаций. Обсуждаемые вопросы касаются освоения учеником образовательной программы, способов дополнительного образования, индивидуальных особенностей ребенка. С одной стороны, консультирование носит индивидуальный характер, а с другой – позволяет выявить типичные явления и определить их причины.

Одной из задач взаимодействия учителя иностранного языка с родителями является умелое и целесообразное использование их потенциала в обучении и воспитании детей. В процессе раннего иноязычного образования возможно включение родителей и других членов семьи в организацию и проведение домашней работы, уроков и внеклассных мероприятий.

Что касается домашней работы, то большинство родителей по собственной инициативе помогают своим детям на начальном этапе обучения. Вопрос, как это сделать в отношении иностранного языка, влечет за собой необходимость в оказании квалифицированной педагогической помощи родителям.

Организация уроков является прямой обязанностью учителя иностранного языка. Однако в ряде случаев поддержка родителей и других членов семьи учащегося целесообразна и оправдана, когда они способны помочь в подготовке ребенка к конкретному уроку, в изготовлении наглядных пособий, декораций и костюмов, помочь в разработке конспекта нетрадиционного занятия, провести наблюдение за учениками в ходе открытого занятия, принять участие в совместном уроке. Аналогичным образом члены семей учащихся могут быть включены в организацию и проведение внеклассных мероприятий по иностранному языку.

Важным условием организованного взаимодействия является аналитическая деятельность. Она должна проводиться на каждом отдельном этапе совместной деятельности, а также в конце четверти, полугодия, учебного года. Цель аналитической деятельности заключается во всестороннем разборе (рассмотрении) взаимодействия учителя иностранного языка с членами семей учащихся. При анализе результативности любого мероприятия (действия) следует определить: уровень удовлетворенности качеством сотрудничества всех субъектов образовательного процесса; положительные результаты взаимодействия; причины возникших затруднений; возможные отрицательные последствия; дальнейшую систему совместных действий.

Исходя из сказанного, отметим, что, дополняя друг друга, в своей совокупности данные условия могут послужить основой для построения целостной системы взаимодействия образовательного учреждения и семьи в процессе раннего иноязычного образования с целью повышения его эффективности.

Литература:

1. Баранников А.В. О введении иностранного языка во 2-х классах начальной школы в условиях эксперимента по обновлению структуры и содержания общего образования в 2002/2003 учебном году / А.В. Баранников // Иностранные языки в школе. - 2002. - № 2. - С. 4-10
2. Кон И.С. Ребенок и общество. (Историко-этнографическая перспектива) / И.С. Кон. - М.: Наука, 1988. -176с.
3. Титаренко В.Я. Семья и формирование личности / В.Я. Титаренко. – М.: Мысль, 1987 – 352 с.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ ТАНЫМ АРҚЫЛЫ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫ.

Орындаған: Бақытқызы Ақжүніс - №99 мектеп-гимназия 9 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі: Анарбаев Қайрат Сапарханұлы - ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы, т.ғ.к., доцент м.а. (Шымкент қ.)

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын еліміз татулық пен бірлікте қарсы алып отырғаны белгілі. Оның өзі осы уақытттар аралығында елдегі жүргізілген сарабдал саясаттың нәтижелері мен Қазақстан халқының тарихи санасының жоғары деңгейлеріне тікелей байланысты. Әсіресе, мемлекет құраушы ұлт-қазақ ұлтының бауырмалдығы мен қонақжайлылығы, табиғатынан толерантты мінезінің белгілеріне деген еліміздегі өзге ұлттардың құрметі мен қазақ ұлтының тарапынан оларға деген сыйластық қарым-қатынастардың орны өз алдына бір күрделі дүние. Оның жарқын көрінісі ретінде еліміздегі 1-наурыздың «Алғыс айту» күні ретінде белгіленуін айта аламыз. Бұл қазақ халқының аға ұрпағының кешегі саясаттың ықпалында кетпей, адамдық қасиеттерінен айырылмай өзгелерді бауырына «бауырым» деп баса білгеніне көрсетілген құрмет. Сонымен бірге еліміздегі Қазақтану бағытындағы қажетті нақтылы істердің бастауларының фактілі көріністері. Олай болса біздің қоғамда қазақтанулық бағыттағы жұмыстардың сеңі қозғалды деген сөз.

Тарихи жағдайда алғанда бүгінгі қазақтанулық жұмыстардың сеңінің бұзылуы мен бұрыннан да элементтері көрініс беріп келе жатқан бағыттарының қайта жандана түсуі өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан басталады. Яғни, қазақтың дара қасиеттері мен дүниетанымдарына қарай үңілудің қайта серпінмен жүруі республикада орын алған ұлтаралық саясаттағы қателіктерді (1986 Желтоқсан көтерілісінің күшпен басылуы) елдің көз алдында ақтап алуға ниетінен туындаған кезеңмен сабақтас келеді. Нақтылау айтқанда, сол кезеңдегі бірінші басшының (Г.Кольбин) шығыс халықтарының, оның

ішінде қазақ халқының Наурыз мерекесін тойлауға қатысты «жылымық кезеңдегі ұстанымдары» осы істің ондаған жылдар бойы қатқан тоңын жібіте алды. Әрине, ол істердің басында Өзбекәлі Жәнібеков, М.Шаханов сияқты көптеген ұлтын сүйген тұлғалардың тұрғаны белгілі.

Содан соң қолымызға тәуелсіздік келді. Ендігі жерде кешегі кеңестік кезеңдегі жүргізілген ұлтаралық саясаттағы кейбір «қиғаштықтарды» енді Тәуелсіз Қазақ елінде жібермеудің жолдарын қарастыру керек болды. Оны еліміз жасай алды деп нық айта аламыз. Дегенмен осы бағыттағы жұмыстарды аяқталды деп санауға болмайды. Әлі де атқарылар жұмыстар легі жетерлік. Мысалы, соның ішінде бүгінгі қазақ қоғамы және жалпы қазақстандықтар алдында тәуелсіз тарихи санаға ие болу өте маңызды шаруа болып отыр. Әсіресе ұлттық құндылықтар мәселесінде, яғни тіл, діл және діндерге қатысты ортақ ойларға келу өте күрделі мәселе екені белгілі. Бұл мәселелерге ғылыми жауаптар беру арқылы ғана бір мәмілеге қоғамда орныгатыны тағы белгілі. Сондықтан этностарды тану мәселесі өзекті. Бұл орайда ғалымдардың пікірі құнды бола түспек. Әсіресе, кешегі отарлық саясаттан енді босаған қазақ халқының өзі үшін өте-мөте маңызды. Бұл орайда, «Кез келген этнос әрі төлтума қасиеті айқын, әрі қоғамдық –әлеуметтік жарасымы орнықты болу үшін біртұтас ақпараттық өріс аясында өмір сүруі шарт. Біртұтас ақпараттық өріс этнос жадын тұтастандырып қана қоймайды, сонымен бірге, этноидеалдың да тұтастануына себепші. Әрбір этножаралым жадының біртұтастығы қожырай бастағанда, оның этнотөлтумалығы да дүбәралана бастайды. Ал этнос мүлде өлімге бойсұнғанда, сол этнос аясында бірін – бірі түсінгілері де келмейтін бірнеше әлеуметтік топтар пайда болды. Этнос тағдырына қатысты көзге көрінбейтін, кейде бақылап – пайымдауға бір адамның өмірі де жете бермейтін осы бір күрделі де нәзік үдеріске айрықша сезімталдықпен қарау қажет-ақ»- дейді этнограф ғалым А.Сейдімбектің пікірімен келіспеу қиын [1, 47 б.]. Бүгінгі еуропа елдерінде «тарихи жады», «тарихи сана», «тарихи білім» және «тарихи ғылым» деген терминдерді синонимдер ретінде пайдаланады Олардың аражігін ажыратып қараудың қиындығын да ғалымдар айтып келеді [2, 14 б.]. Алайда олай еместігі тағы белгілі. Өйткені тарихи жады жеке адамда да, халықта да болады. Сол арқылы тарихи санасын сақтайды. Тарихи сана-өткенді еске алу мен оған деген ынталықты білдіретін барлық адамдар мен халықтарға тән құбылыс екені белгілі. Осы орайда қазақтың ұлттық тарихи санасының дәстүрлі жолында оны қалыптастыруға, дамытуға және сақтауда ең алдымен халықтың шежірелік сипаттағы ауызекі тарихы, кенжелеу болса да дами түскен жазба тарихы мен ауызекі фольклоры, яғни әдебиеті басым рөл атқарып келген. Және осы үрдіс ұзақ жылдар көп өзгерістерге ұшырамай ХХ ғасыр басына дейін жеткені тағы белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚХА кезекті бір жиынында еліміздегі Ассамблея институты тарапынан Қазақтану мәселесіне ерекше назар аудару керектігі айтылды. Бұның өзі мәселенің өзектілігін байқатады. Өйткені

мемлекет құраушы ұлт – қазақ ұлтының болмысына тән қасиеттері мен олардың өмір сүрген мына сайын даласындағы шаруашылық типтері, соған сай кәсібі мен мәдениетін меңгеру қазақстандық ұлт болмысын қалыптастыруда қажетті дүниелер деп ойлаймыз.

Біздің мақсатымыз бүгінгі қазақтанулық жұмыстардың деңгейлерін көрсете отырып, оны ұлттық танымменжүргізудің кейбір өзекті тұстарына назар аударту және олар туралы өз ой-пікірлерімізбен бөлісу.

Біздіңше, қазақтанулық жұмыстар қазақы танымға негізделе отырып жүргізілуі тиіс. Ғылыми негізде қарағанда қазақы танымды халықтың тілі мен дүниетанымынан анық байқауға болады. Қазіргі кезде қазақтың өзі қазақ тіліндегі сөздерді күнделікті дерлік қолданыста пайдаланғанымен ол сөздердің астарлы тұстарын ұғына қоймайды. Сол арқылы бабаларының үнін түсініп ұғынудан шет қалап келеді.

Сөз - материя. Ал материя бейнелеуге бейім. Яғни сөзде де тарихи дерек сақталады. Сондықтан қазақ сөздерінің астарлы мағыналарындағы тарихи деректерді білу арқылы рухани жаңғырамыз. Бұл орайда, тарихшы ғалым Қ.С.Анарбаевтың ортағасырлық қыпшақ тілді жазба ескерткіш «Кодекс Куманикустегі» (13-14 ғғ.) кездесетін сөздік материалдарын тарихи дереккөз ретінде пайдаланудың үлгілерін көрсеткенін айта кеткенді жөн санаймыз [3]. Сонымен бірге соңғы уақыттардағы ғалымның бірнеше мақалаларындағы ұлттық таным арқылы сөздердің түпкі мағыналарына назар аудару мәселелерін көтеріп келе жатқанын да ескере кеткен дұрыс шығар. Ғалымның пікірінше, қазіргі кезде жастарымыз халықтың жекеленген кейбір тиым сөздер мен ұлттық сөз тіркестерінің мазмұнын түсінбесе де қолдана береді. «Төбем көкке екі елі жетпей қалды», «оттама!, оттапсың!» - деген сөздердің астарлы мағыналарын талдауға келгенде ұлттық ойлау мен танымнан хабарымыз болуы керектігі сезіледі. «Оттама» сөзі бабаларымыздың ұрпағына адамдық қалпыңды сақта, мал бол ма!» дегендей әсер беріп тұр. Өйткені, «оттайтын», яғни шөп, от жейтін тек мал екені белгілі. Тіпті оңтүстікте тұрмыстық лексикамызда балалардың үй бетін көрмей сыртқа көп кеткенін мегзейтін «сен бала дәйду болып кеттің», «дәйдіп қайда жүрсің?» деген сияқты сөз тіркестері қолданылады. Ал тікелей сол «дәйду» деген сөз не мағына білдіретінін екінің бірі түгілі тілшілердің өзі де қинала жауап берері анық. Осы орайда тарихи деректерден кешегі Шыңғысхан тұсында басталған Қарақорым қаласы астана ретінде қайта түлегені, гүлденгені белгілі. Оның гүлденуіне Үгедей сияқты балалары мен Мөңке сияқты ұрпақтары көп үлес қосқаны белгілі. Бірақ Қарақорым қалай тез гүлденсе, солай тез құлдырауға ұшырай бастаған. Оған себеп XIII ғасыр ортасынан бастап Шыңғыстың немересі Құбылай хан ел Астанасын солтүстік Қытай жағына Ханбалыққа, бүгінгі Пекинге ауыстырады. Ал моңғол тілінде Ханбалықтың бір атауы Дайду болған. Яғни, Құбылай туған ортадан, Ордадан безініп сыртқа кетті. Міне оңтүстіктегі қазақтар арасында сирек болса да кездесетін «дәйду» сөзімен түпкі мағынасының осы бір тарихи оқиғалармен

орайласып жатуы тегіннен тегін бе?-деген сауалдар көңілге оралады. Кім білсін? Бірақ ғылыми зерттеулердің керектігі анық байқалады. [4, 18 стр.].

Қалай болғанда да қазақтың қара сөздерінің тамырларына үңіле жүрсек ұтылмаймыз. Өйткені, фольклор – қазақ тұрмысының айнасы. Қазақ халқының кім екендігін білу үшін оның ауыз әдебиетін білуіміз керек. Ауыз әдебиетінде халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы немесе неше түрлі дәстүрлері (этнография) баяндалады. Көптеген көркемдік сөздер мен атаулар халықтың тарихи танымы мен салт-дәстүрлеріне байланысты екендігін байқаймыз.

Әдебиеттер.

1. А.Сейдімбек. Шығармалары 4 том. Астана, «Фолиант», 2010- 728 б.
2. Л.П.Репина, В.В.Зверова, М.Ю.Парамонова. Тарихи білім тарихы.Нұр-Сұлтан «Ұлттық Аударма Бюросы», 2020. - 236 б.
3. Анарбаев Қ.С. Ортағасырлық құман-қыпшақтар тарихының мәселелері (“Кодекс Куманикус” материалдары бойынша). Кандидаттық диссертация. Алматы, 2009 ж. - 150 б.
4. Угасшая звезда Каракорыма // Монголия. №4/90. 1990. С.17-18.

ӘӨЖ

ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ

Орындаған: Ошан Алтыншаш- ОҚМПУ 130-17 оқу тобының студенті.
Ғылыми жетекшісі: Анарбаев ҚайратСапарханұлы,
ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі басшысы, т.ғ.к., доцент м.а.

Ислам мәдениетіндегі білім беру мен тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты бағдар саналады. Өз кезегінде бұл сала нақты мақсаттары, жан-жақты ережелері, құқықтық, экономикалық және саяси жүйесі бар діни-құқықтық мектепте білім берудің арнайы жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан. Яғни, көпшілік арасында ерекше моралдық-тәрбиелік және қоғамдық-саяси жобаларды жүзеге асыруды көздейтін рухани-идеялық мектеп, әлбетте, әсер ету объектісі ретінде алдымен жеке тұлғаны немесе адамды ғана қарастырады.

Ықпал ету нысаны қоғам болса да, тәрбиелеу және білім беру жобалары жекелеген топтың өкілдері арқылы іске асуы тиіс. Сондықтан әрбір адам берілген міндеттерді жүзеге асыруға қабілетті болуы үшін білімді әрі тәрбиелі болуы керек. Ислам қоғамның және сол қоғамдағы жеке тұлғаның орнын жоққа шығармайды. Демек, ислам іліміне сай жеке тұлға ақиқат, сондықтан оның кемелденіп, қалыптасуы үшін рухани-тәрбиелік бағдарлама немесе жоба болуы да қажет. Егер бұл жобалар мен бағдарламалар қоғамды қалыптастырудың алғышарты ретінде қарастырсақ, одан адамды дамытуға, сол арқылы қоғамды дамытуға бағытталған құрамдас элементтерін ажыратып алуға болады.

Тәрбиелеу – бұл жеке тұлғаны әлеуметтік, өркениеттік және өндірістік қызметке дайындау үшін, оның рухани және тұлғалық қалыптасуына жүйелі әрі мақсатты әсер етуші үдеріс. Алайда тәрбиелеу жеке дара үдеріс емес, ол білім

беру арқылы тұлға қалыптастырумен ұштаса жүреді. Өйткені аталған үдерістер біртұтас кемелденген тұлға сомдауға мақсатталған.

Білім – бұл әлеуметтік мекеме, қоғамның әлеуметтік құрылымдарының бірі. Білімнің мазмұны қоғамның жай-күйін, бір қалыптан екінші сатыға өтуін көрсетеді. Қазіргі кезде бұл индустриалды қоғамнан постиндустриалды немесе ақпараттық қоғамға көшуі. Білім берудің дамуы мен жұмыс істеуі қоғамның барлық факторлары мен жағдайлары: экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және басқалармен байланысты. Сонымен бірге, білім берудің мақсаты – жеке тұлғаның дамуы, яғни қоғамда көрсетілетін талаптарға сәйкес білім беру мен мәдениеттегі орыны. Білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде маңызды міндеттердің бірі жас ұрпақтың санасына халықтың ұлттық құндылықтарын енгізу болып табылады.

Осы орайда мұсылмандық этиканың мақсаты – парасатты, көркем мінезді адамды тәрбиелеу екені белгілі. Олай болса неге ислам елдері тәрбиеде алда болса да, ғылымда бүгінгі күні кенжелеп келеді? Ислами тәрбие беру мәселесі ретінде адамдарды оқып-үйрету және ақпараттандыруға мән бере ме, адамның интеллектуалды біліміне және т.б. назар аудара ма? - деген сұрақтарға жауап беру үшін ең алдымен, исламдық білім беру мен тәрбиелеудің негізгі қағидаттарымен танысу керек. Исламның ғылыммен байланысы қандай екенін анықтаған абзал. Яғни, ислам дініндегі ғылымның орны қандай?

Ислам педагогикасы тұрғысынан исламның адамгершілік көзқарастарына келетін болсақ, олар үлгілі, өнегелі, көркем мінезді адамның жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған.

Дәстүрлі исламдық білім беру тұжырымдамасын зерттеу барысында, ең алдымен, оның негізгі түсініктерімен танысу қажет. Мұнда даналықтан бастау алған білімге негізделген өзін-өзі тәрбиелеуден туындайтын көркем мінезді білдіретін – адаб (әдеп) ұғымы басты рөл атқарады.

Әдеп немесе Адаб – білім берудің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар оқушының білімін, көзқарастарын және іс-әрекеттерін өзекті ететін танымдық әдіс екені анық. Діни ұғымда «Адаб (араб тілінде) – шариғат нормалары бойынша белгіленген мінез-құлық, оның ішінде жақсы әдеттер мен сыпайылық, адалдық пен адамгершілік». Көптеген мұсылман елдерде «адаб» сөзімен адамның адамгершілік жағдайы мен жақсы мінез-құлқын сипаттайды. Қазақ тілінде парасатты, әдепті деген мағынаны білдіреді. Парасатты адам – бұл өнегелі, ізгілікті, тәрбиелі және білімді, Құдайға сенетін адам.

Заманауи қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда «Әдеп (араб.: адаб) – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы» [1] деп анықталады. Ендеше, адаб – көркем мінездің ғана емес, сонымен қатар даналықтың да көрінісі. Демек, білім – әдепті (адаб) меңгеру дегенді білдіреді. Яғни ақылдың (білімнің), жанның (сезімнің) және дененің (дағдылар мен қабілеттердің) тұтастығын адаб деп атаймыз.

Демек, адаб – адамгершілікті кемелденген тұлғаны, толық адамды қалыптастыруға бағытталған белгілі бір іс-әрекеттер жүйесі. Ол:

- белгілі бір ғылымды қалыптастыру;
- адамның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу;
- мінез-құлықтың дұрыс нормаларын жетілдіру бағыттарын қамтиды.

Тарихи жағдайда қарастырар болсақ исламдық білімге негізделген қағидалар орта ғасырдан бастап дамыды. Мұсылмандық білім беру үлгісі негізінен Құранға, хадистерге, сондай-ақ, мұсылман ойшылдары Әбу Әли ибн-Сина, Насыруддин Туси, Ибн-Рушд әл-Ғазалидің ғылыми және теориялық еңбектеріне негізделген. Исламда адам тәрбиесінде негізгі бастаулары Құран және сүннет болып табылатын зияткерлік және адамгершілік қырларға назар аударылады. Ислам дінінде білімге ерекше мән беріледі.

Білімге ұмтылу әрбір мұсылман үшін парыз болып саналады. «Жастықта жиған білімің – қарттыққа жұмсар мүлігің» дегендей білімді болу қоғамдық пікір алдында меншік мүлікке иелік еткеннен де жоғары бағаланған. Исламда білім алудың төрт тәсілі бар: ислам дәстүрлерін меңгеру, талап, логикалық ойлау арқылы түсіну, энциклопедиялық білім.

Ұлы ұстаз Әл-Фараби адам бойындағы осы сипаттар туралы былай дейді: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз: біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [1;2]. Сонымен қатар исламдағы білім беру оқыту мен тәрбиелеуді және адамның барлық психо-физикалық параметрлерін (интеллект саласындағы, мінез-құлық пен тәртіп ерекшеліктері) өзгертуді қамтиды. Исламдық білім беру Аллаға құлшылық етуге қажетті білім, дағдылар мен қабілеттерді белгілі бір деңгейге жеткізуді, сондай-ақ логикалық ойлауды (абстракция, нақтылау, салыстыру, талдау, жалпылау, салыстыру) жеке тұлға ретінде дамуға негізделген білім мен дағдыларды, сөйлеудің дамуын (сөздік қор, көркемдік, айқындық және ойдың дәлдігі) көздейді.

Исламда білім берудің мақсаты ғасырлар бойы жинақталған даналық, мәдениет пен салт-дәстүр, сондай-ақ көркем мінезді (адаб) атадан балаға мұралап, жалғастыру. Мұндағы негізгі іргетас өзіндік тәртіп, яғни шынайы сенімді түсінуге және нығайтуға ықпал ететін өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге талпыну.

Алайда білімге, білуге құштарлықтың барлығы исламда мақұлдана бермейді. Сүннетте Пайғамбардың мынадай сөзі бар: «білімнің төрт кемшілігі бар: білімімен мақтану, танымал ғалымдар алдында артықшылығын сезіну, надандармен сайыста білімін пайдалану, білімі арқылы жоғары шенді, беделді адамдардың ықыласына ие болу» [3] Олай болғанда, жалпы білімін өз құлқына, жеке бас пайдасына қолдану исламда мақұлданбайды.

Энциклопедист-ғалым, араби философиясының негізін қалаушылардың бірі Әбу Жүсіп әл-Кинди интеллекттің (ақылдың) төрт түрлі концепциясын ұсынды:

өзекті, әлеуметті, жүре келе пайда болған және әрекетшіл. Ол ғылымды діннен жоғары қойып, «тәрбие беруде мұсылмандық фанатизмді емес, жоғары интеллектті қалыптастыру, дамыту керек» деп есептеген [4, С.132]. Ал әл-Фарабидің пайымдауынша, тәрбие берудің мақсаты – саналы түрде қайырымды істер жасауға талпынуды қалыптастыру арқылы адамды ізгілікке шақыру.

Ал бүгінгі әлемдегі білім беру мен тәрбиелеу істерінде жетпей отырған мәселенің бірі осы жақсылық пен жамандықты анықтайтын негізді ұғыну мен ұғындырудан туындап отырғаны жасырын емес. Олай болса, ислам дініндегі білім беру мен тәрбие жүйесін ғылыми пайдалануды ешуақытта назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені бүгінгі күні ғылымы дамыған Батыстың өркениетінің бастауларында исламдық өркениеттің іздері сайрап тұр [5;6;7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Салт-дәстүр сөйлейді. Хрестоматия. Алматы. 2004.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана. 2007.
3. Роузентал, Ф. Торжество знания: Концепция знания в средневековом исламе’. Москва, 1978. С. 250.
4. Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и Среднего Востока IX-XIV вв. Москва, Изд-во социально-экономической литературы, 1961.

ӘОЖ 008

ЖАһАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

Асылхан А.Е., - 1602-10 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Мантаева Т. С. PhD, аға оқытушы,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Summary

Globalization is an objective political, economic, social, cultural and spiritual phenomenon that arose from modern requirements. Cultural globalization refers to the transmission of ideas, meanings, and values around the world in such a way as to extend and intensify social relations. This process is marked by the common consumption of cultures that have been diffused by the Internet, popular culture media, and international travel.

Жаһандану заманында бұқаралық мәдениеттің күшеюі, виртуалды идеалдардың қалыптасуы қазақ мәдениетінде дәстүрлі құндылықтар мен заманауи құндылықтар арасында шиеленіс тудырып, әлем мен адам арасындағы үйлесімділік пен бірлікті сақтау жолындағы ізденіс жүргізу міндеті жүктелген тұлғалардың шығармашылық қызметі күрделене түсуде.

«Мәдениеттің жаһануы» деген тіркес алғаш рет ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде XX ғасырдың 80 жылдарында пайда болған. Жаһануды қоғамдағы қаржылық нарық, өндіріс, қаржылық нарық, өндіріс пен сауда, телекоммуникация секілді ірі жүйелермен байланыстырғанымен, оның ықпалы күнделікті өмірге де еніп, жеке тұлғалардың сана-сезіміне ықпал етуде. Жаһандану – біздің өмірімізге қатысы жоқ, абстрактілі құбылыс емес, әрбірімізге қатысты бар, әрбірімізге ықпал етіп жатқан, біздің күнделікті өмірімізге әсер етіп жатқан объективті, бақылауға келмейді, өмір ағыны дамуының заңды жалғасы болып табылады. Күрделі трансформациялардың

нәтижесінде біздің қалыпты өміріміз өзгеріп, бір замандағы үлкен рөл атқарған қоғамдық институттардың кейбірі маңыздылығын жойып, өміріміздің көптеген аспектілері өзгерді. Индивидуализм, яғни жеке тұлғаның өмірдегі өз басымдығы туралы ойлауы, тұлға ретінде өмірде өз орнын табуға тырысуға ұмтылуы алдыңғы орынға шықты. Дәстүрлі ұстанымдар, этикалық құндылықтар мен шектеулердің көбі жойылып, адамдар өзгерістерге, қоғам талаптарына бейімделеді.

«Мәдени жаһандану әр түрлі елдегі іскерлік мәдениет пен тұтынушылық мәдениетті байланыстырады, халықаралық қатынасты ілгерілетеді. Осы жағдай бір жағынан, жекелеген ұлттық мәдениеттердің әлемдік деңгейде танылуына ықпал етті. Екінші жағынан, танымал ұлттық мәдениеттер ұсақтарын ысырып, кей жағдайда халықаралық деңгейдегі мәдениет деңгейіне көтеруі мүмкін. Көбіне мұны ұлттық мәдени құндылықтардың күйреуі деп санап, ұлттық мәдениеттердің қайта өрлеуі үшін күреседі. Заманауи кинофильмдер әлемнің бірнеше елінде бір мезгілде қатарынан көрсетіледі. Кітаптар да аударылып, әлемнің түрлі еліндегі оқырманға жол тартады. Жаһанданууда ғаламтор ерекше рөл атқаруда. Халықаралық туризм де жылдан жылға қарқын алуда» [1].

Жаһандану ғасырында адамзат үшін жаңа құндылықтар пайда болып, адамдардың өмір сүру дағдысы өзгеріп, қарым-қатынас жасауы басқа формада көрініс тапты. Жаңа технологиялардың, жаңа құндылықтардың пайда болуы адамның мінез-құлқы мен психологиясына, өмірге көзқарасына өз ықпалын тигізбей қоймады. Рухани және адами құндылықтар трансформацияланып, адамдардың ақпарат алмасуы, сұхбаттасуы жаңаша бағытта қарқын алды.

Жүз жыл бұрын әр ұлт өзіне «қалай ұлт болып қалыптасамыз?» деген сұрақты қойса, бүгінде «жаһандану ғасырында қайтсек ұлттық бет-бейнемізді, тіліміздің сақтап қала аламыз?» деген сұраққа жауап іздеп жатыр. Көптеген Шығыс елдері ұлттық бет-бейнесін жоғалтудан қорқып, мәдени экспанцияның алдын алу мақсатында жоспарлы түрде жұмыс жасап жатқаны байқалады.

Бұрын әлемдік деңгейде жаңалық ашып, шығарма жазып, адамзаттың рухани-мәдени өмірінің дамуына зор ықпал еткен тұлғаларды «адамзаттың мақтанышы» деп әспеттесек, қазір қарапайым адамдар ортасында «біз ұлттық тұрғыда емес, адамзаттық тұрғыда ойлаймыз» деген пікірді жиі естуге болады. Ұлттық болмыс пен мінез ерекшеліктерін, ұлттық дәстүрлі мәдениетті мансұқтап жатқандар да жоқ емес. Соңғы жылдары адамдар бір-бірінің діни наным-сеніміне, көзқарасына құрметпен қараудан гөрі, сенімсіздік танытуы басым. Осы тұрғыдан келгенде жаһандану ғасырындағы адам мәселесін зерттеу өте өзекті деп ойлаймыз.

Збигнев Бжезинский «Гегемониялық демократияның диллемалары» мақаласында «Бүгінгі таңдағы ғаламдық қарым-қатынастардың кең өріс алуы мен тиянақты идеологиялық альтернативаның жоқтығы жағдайында идиологиялық тұрғыдан қатаң бақылау жасау әрекеттері барған сайын қиындай түсуде. Олай болса, қазіргі заманда бұқаралық мәдениетке халқының басым

көпшілігі ауылдық жерлерде тұратын және дәстүрлі ұлттық мәдениетінің тамыры тереңге жайылған елдер ғана қарсы тұра алады» [2] деп жазады.

Жаһандану ғасырында ұлттық құндылық пен дәстүрлі мәдениетімізді қалай сақтаймыз, жастарымыз мәдени құндылықтарымызды ұлықтап, көзінің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуі үшін не істеуіміз керек? Ұлттық мәдениетті жоғалту – бұл ұлттық болмыстан ажырау, ұлттық мінез ерекшеліктерінен ажыраған ұлт тілін жоғалтады. Ал тіл – әрбір ұлттың ұлт ретіндегі ең басты ерекшелігі.

Манаш Қозыбаевша айтсақ, «Біз, қазақ, атаны, ананы пір тұтқан халықпыз. Сондықтан да біз тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған халықпыз» [3].

Жаһандану ғасырында ұлттық мәдениетті, тілді, жалпы ұлтты сақтап қалудың бірнеше жолы бар:

1. Жастарымыз ұлттық құндылығымыз бен мәдени мұрамызға құрметпен қарауы үшін отбасы институтында дәстүрлі мәдениетіміз үлкендер, ата-аналар тарапынан жиі айтылып, дәріптелуі тиіс;

2. Мектептерде «дәстүрлі мәдениет» пәні оқытылып, жастарға ұлттық мәдениет пен құндылықтың маңызы түсіндірілуі керек;

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында дәстүрлі мәдениетке айрықша орын беріліп, оның бала тәрбиесіндегі орны мен адам болып қалыптасуында, бойына адамгершілік қағидаларын сіңіруде ерекше маңызды рөл атқаратыны айтылуы керек.

4. Дәстүрлі мәдениет, ұлттық тәрбие бұл тек қана бір ұлтты сақтап қалмайды, әлемді, адамзатты сақтап қалады. Жер бетіндегі әр ұлттың өзіне тән ұлттық мінез ерекшелігі, болмысы, менталитеті бар. Балаларын өзінің салт-дәстүріне, діни сеніміне сай әдеппен, наным-сеніммен тәрбиелейді. Өзінің дәстүрлі мәдениетінен, тәрбиесінен ажыраған ұлт хаосқа ұшырап, болашаққа деген сенімін жоғалтады. Сол себепті, әр ұлттың ұлттық келбетін, болмысын сақтауы адамзат үшін маңызды.

5. Жер бетінде тілін, сосын ұлт ретінде өзін жоғалтқан тайпа, ұлыстар аз емес. Жоғалған тілді жоқтау – ұлтты құтқармайды. Жаһандану ғасырында әр ұлт өзін сақтап қаламын десе, ең алдымен ана тілінің дамуына ерекше назар бөлуге тиіс.

6. Жаһандану ғасырында адамдардың діни көзқарастары мен сенімі маңызды рөл атқаратыны анық. Сол себепті, әр ұлт өзін ұлт ретінде сақтауы үшін «бір дін ....» бағытын ұстануы тиіс.

7. Ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтейтін, тілін, ұлтын, елін, жерін, Отанын сүйетін жас тәрбиелеген мемлекет жаһандану ғасырында «жұтылып кетеміз» деп қорықпайды. Себебі, ұлттық, мемлекеттік іргетасы мықты, болашаққа нық сеніммен қарайды.

Адам мен әлем қатынасы – өте күрделі әрі бірін-бірі толықтырып тұратын, үнемі өзгеріс үстіндегі процесс. Адам мен әлем қатынасы – жер бетіндегі адамдардың пайда болуынан бастап, (олардың табиғатқа деген қарым-қатынасы, танып-білсем деген қызығушылығы) зерттеліп келеді және

зерттеудің жалғаса беруі заңдылық. Адамдардың рухани және материалдық байлыққа деген қызығушылығы әр түрлі болатыны секілді, әрбір адамның әлеммен қарым-қатынасы, дүниеге көзқарасы әрқилы.

Бүгінгі адамдардың дүниетанымы, әлемді танып-білуі, рухани байлықты игеруге құштарлығы, бір-бірін бағалаудағы критерийі – олардың әлеммен қатынасын көрсетеді.

Бұрын адамның білім-ғылымды игеріп, жаңалық ашуы «адамзаттың игілігі үшін» болса, қазір «өзім үшін» принципі алға шықты. Батыс адамының өзіне жиі қоятын сұрағы «ақылды болсаң, неге кедейсің?» бүгінде әлемде өзекті, адам білімді игеріп қоймай, білімі арқылы өзінің материалдық тұрмысын түзеуге тиіс.

Қазір адамның діни көзқарасы мен діни сенімі арқылы да оның өмірдегі таңдаған бағытын, мақсатын айқындауға болатын секілді.

Өркениеттер қақтығысы туралы мақаласы талай пікір-таласқа арқау болған Сэмюэль Хантингтон ойын былайша өрбітеді: «Таптық және идеологиялық кикілжіңдерде басты сұрақ былай деп қойылатын: «Сен кімнің жағындасың?». Және адам өзінің кімнің жағында екендігін таңдай алатын, сондай-ақ таңдап алған айқындамасын неше рет болсын өзгерте алатын. Өркениеттер кикілжіңінде сұрақ енді өзгеше жағдайда былай деп қойылады: «Сен кімсің?». ...Дін адамдарды этникалық тектеріне орай жіктелуіне қарағанда, неғұрлым қатаңырақ бөледі. Адам жартылай француз және жартылай араб болуы және де осы екі елдің де азаматы болуы мүмкін. Ал жартылай католик және жартылай мұсылман болу әсте де қиынырақ» [4]. Бала өзінің ата-анасын таңдай алмайтыны секілді, ұлтын да таңдай алмайды, бірақ қай дінді таңдау оның жүрек қалауына байланысты. Адам екі не үш дінді бірдей қабылдай алмайды, дегенмен, барлық діннің ұстанымы бір-біріне ұқсайды.

Махатма Ганди «мен мұсылманмын, христианмын, буддистпін» деп жиі айтады екен. Себебі, Махатма Ганди барлық діннің өкіліне құрметпен қарап, Исламның, христиандықтың, буддизмнің жақсы әдептерін өз бойына сіңіріп, өмір бойы өзін тәрбиеледі. Әрбір дін адамды арлы, адал, әдепті, иманды болуға, өзгелерді құрметтеп, сыйлауға үндейді.

Жаһандану жетілген адамның бір сипаты: ағылшын тілін еркін меңгеру және адам тілге қабілетіне байланысты бірнеше шет тілін меңгерсе, ол адам өз ортасында дараланып тұрады.

Ғалым Г. Нұрышева «Елбасының шешендігі бәрімізге аян. Қай деңгейде болмасын, ол қазақ және орыс тілдерінде мүдірмей, екі тілде бірдей сөйлеп, өз ойын шетелдіктерге де, отандастарына да анық та айқын жеткізеді және соңғы жылдары шет тілдерді меңгеруге көңіл бөліп отыр» дейді [5].

Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны белгілі. Елбасымыз «Әр бір қазақстандық үш тілді қазақ, орыс, ағылшын жетік меңгеруі керек» деп айтқанды. Тіл үйренудің ешқандай зияны жоқ, керісінше пайдасы көп.

Өркениеттер қақтығысы, жаһандану заманында қоғамның қарқынды ақпараттануы, тобырлық мәдениеттің күшеюі тұлғаны күрделі өзгерістерге ұшыратты, оны дамуын қиындатып, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлі мәдениеттен ажырату қаупін туындатты, осының салдарынан тұлғаның дамуы өзекті мәселеге айналды. Осы ретте, адамның тұлға ретінде дамуына қажетті шарттар қандай болмақ деген сұрақ туындады. Біздің ойымызша, шарттар қатарына ұлттық тәуелсіздікті, ұлттық идеологияны сақтап қалуға, қоғамның мүшесі – тұлғаның еркіндігін, «азат ақылын», пікір және көзқарас айту құқығын жоғары қою, оның бойындағы ізгіліктің «тұншығып қалуына» жол бермеу, кедергілерден алып шығатын шығармашылықты, ақыл-ойды, ақиқатты ұстануы.

Әдебиеттер

1. Zimmerer, Karl S. Globalization & New Geographies of Conservation. –Chicago: University of Chicago, 2006. – 1 p.
2. Бжезинский З. Выбор. Мировое господство или глобальное лидерство: дилеммы гегемонистской демократии. – М.: Международные отношения, 2005. – С. 240-241.
3. Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 6 бет.
4. Samuel P. Huntington. The Clash of Civilizations? https://web.archive.org
5. Нұрышева Г.Ж. Әл-Фарабидің «ұстаз» ілімі және Н.Назарбаев тұлғасы // Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық беделінің өсуі және жаһанданудың қауіп-қатерлері. – Алматы: ҚР БҒМ ФСДИ, 2011. – 161 б.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Садір А.Қ.-114-18 тобының студенті

Ғылыми жетекші: Жадраева Г.А. –тарих ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Статье описывается история развития казахской прессы

Бір жарым ғасырға таяу ғұмыры бар қазақ баспасөзі халқымыздың тағдырымен біте қайнасып, бірге жасасып келеді. Осы мезгіл ішінде түрлі кезеңдерді бастан кешіп, біресе алға басып дамыса, енді бірде жүрісін баяулатып, тіпті тоқыраған тұстары да болмай қалған жоқ. Бір кереметі, қандай жағдайда да қоғамдық ойдың қозғаушы күші қызметін адал атқарып келеді.

Халқымыздың кейінгі жүз жылдан аса тарихының сырлы шежіресі – қазақ баспасөзі 19- ғасырдың екінші жартысында “Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті” болып патшалы Ресей үкіметінің үкімімен дүниеге келді. Бұл басылымдар отарлаушы елдің жыртысын жыртып, жырын жырлау мақсатында шығарылғанымен, шын мәнінде, сол шеңбермен тұйықталып қалмай, ұлтымыздың жоғын түгендеу бағытын да едәуір көп еңбек сіңірді.

Халқымыздың саяси - әлеуметтік, әдеби, мәдени ой – пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген “Түркістан уалаяты газеті”, қазақ баспасөзінің көне бастаушы басылымы болып саналады.

“Түркістан уалаятының газеті"(“Туркестанская туземная газета”) 1870 жылы Ташкент қаласында өзбек, қазақ тілдерінде шыға бастады. Газет о баста Түркістан генерал – губернаторының органы – “Туркестанские ведомоти” газетіне қосымша ретінде жарық көрсе де көп ұзамай жеке газетке айналды. Бұл жалпы Орта Азия халықтарының тұңғыш газеті еді. Газет өзінің үкімет бекітіп берген бағдарламасы бойынша жергілікті халықтарға қатысты Түркістан генерал – губернаторы мен облыстық әскери губернатордың бұйрықтарын, сот орындарының шешімдері мен сауда хабарларын Ресей мен өзге мемлекеттердегі ірі – ірі оқиғаларды, шаруашылық жаңалықтарын жазып отырды. Алайда газет бара - бара өз бағдарламасынан едәуір тысқары шығып, қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиетіне қатысты материалдарды жиі жариялады.

Газет беттерінде қазақ елінің басқа елдермен қарым – қатынасы, экономикасын өркендетудегі темір жолдың рөлі, алғашқы телеграф сымын жүргізу, почта қатынастарын қалыптастыру жөніндегі мәліметтер аз емес.Газет халықаралық жағдайларға да үлкен көңіл бөліп, көлемді мақалалар жазып отырды.

Газет қазақ халқының қоғамдық - әлеуметтік ой – пікірін оятуға, мәдени - әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге едәуір әсер етті. Саяси – экономикалық мәселелермен қатар оқу – ағарту ісінің жай – күйі, өнер – білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазақ әдебиетінің хал – қадірі, қазақ зиялылары мен ғалымдарының өмірі жайында бірқыдыру тарихи мақалалар, хабарлар жарияланды [1].

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың, классик ақыны Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық – саяси көзқарастарының қалыптасуына 19 - ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа әдебиеті мен мәдениеті ықпал етті. Газетте Ш.Уәлихановтың 60 жыл толуына арналып мақалалар берілді. Халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен дарындардың бірі – қазақ халқының тұңғыш ағартушысы, жазушысы, жаңашыл Ыбырай Алтынсарин туралы да газет бетінде мақала – хабарлар жарияланып, оның өзі жазған өлеңдері де басылып тұрды. Бір жарым ғасырдан астам тарихы бар қазақтың мерзімді басылымдарының алғашқы қарлығаштары туралы С.Исаев былай дейді: «…Әуелгі кезде (революциядан бұрын) мерзімді баспасөз тілі жазба әдеби тілдің өзіндік ерекшеліктері орныққан нормалары бар жүйелі тілдік өрнектерімен публицистикалық мазмұны сай сөз тігісімен сипатталатын тұрақты көрініс ретінде бірден қалыптасып кете алмады. Біздің байқауымызша, оның басты себебі, революциядан бұрынғы газет – журнал шығару ісінің тарихы онша терең, мерзімі ұзақ болмауында ғана емес, сонымен бірге сол мәселені, жалпы баспа ісінің қазақ қауымы үшін жаңалық болуымен, баспа ісінің көршілес татар, башқұрт, өзбек халықтары өкілдерімен тығыз қарым – қатынаста болуымен және маман да сауатты журналистердің жетіспеуімен тікелей байланысты» [2].

Газет материалдарын іріктеп топтап, құрастырып, осы күнгі әліпбиге түсіріп, жарыққа шығарған зерттеуші Ү.Сұбханбердина 1905-1907 жылдары Ресейде болған революция дүмпуі нәтижесінде қазақ газеттерінің екінші бір үлкен шоғыры дүниеге келгендігін айтады .

Олар: «Серке» – 1907 жыл, «Қазақ газеті» –1907 жыл, «Дала» «Қазақстан» – 1911-1913 жылдар, «Ешім даласы» – 1913 жыл дейді. Бұл басылымдардан сәл кейін дүниеге келген «Қазақ» – 1913 – 1918 жылдар, «Алаш» – 1916-1917 жылдар, «Бірлік туы» – 1917 жыл, «Сарыарқа» – 1917-1918 жылдар, «Ұран» – 1917 жыл, «Үш жүз» – 1917 жыл, «Тіршілік» – 1917 жыл және тағы басқа газет – журналдар қазақ халқының дүниетанымына әсер етіп, көзқарастарын кеңейтіп, прогрессивтік ағартушылық бағытта үлкен қызмет атқарғанын байқауға болады [1].

Газет ХХ - ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси - әлеуметтік мәселелеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу - ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежіреге арналған мақалалар жарияланды.

1913-1918 жылдары «Қазақ» газеті шығып тұрған уақытын Мұхтар Әуезов «Қазақ»газетінің дәуірі» деп атады. Бір дәуірдің бар салмағын арқалаған «Қазақ» газетінің М.Әуезов тарапынан бұлайша бағалануы бүгінгі таңдағы ондаған газеттер атқарар қыруар шаруаны, басылым, атаулының қоғам алдындағы атқаруға тиісті қызметін жалғыз әрі қал – қадірінше мүлткісіз атқаруымен тығыз байланысты деп есептейміз. Осылайша, «Қазақ» газеті ұлт үгітшісі, халық жыршысы дәрежесіне көтеріле алды.

Әрбір жаңалықтың ескіден туатынын еске ұстасақ, «Сарыарқа» газетінде жарық көрген нұсқалардың да қазіргі әдебиетіміздің, мәдениетімізді зерттеуде құнды дерек екені даусыз. 20 – ғасырдың 50 – жылдарында газеттердің ақпараттық, үгіт – насихаттық бағытында жүргізілген қызметтері жандана түсті. Нақ осы жылдары совет қоғамы, соның ішінде газеттерге деген көзқарас аса саясаттандырылды. Мұның өзі газеттің қоғамдық – саяси лексикасы қатарының өсуіне қатты әсер етті. Жалпы газет атаулыға тән төл ерекшелік осы үгіт – насихат қызметін атқару барысында салмақтанады. Сондықтан да болар әр жылдары жарық көрген басылымдар – еліміз тарихының әр күні, айы мен жылының жылнамасы іспетті.

Әдебиеттер:

1. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. – Алматы: Санат, 1998. – 300 б.
2. Игенсартова Ә.Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі. / Ә. Игенсартова. – Алматы: Санат, 1997. – 120бет.
3. Әшірбаев Б. Баспасөз дамуының қазіргі шындығы оның түп-төркінін тануда. / Б.Әшірбаев // Қазақ әдебиеті. – 2000. -№11. – 5-6 бет..
4. Игенсартова Ә.Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі. / Ә. Игенсартова. – Алматы: Санат, 1997. – 120бет

ӘӨЖ

ҚАЗАҚТЫҢ БІР ТУАР ҚЫЗЫ НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА

Турегельди А.У.-114-18 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Жадраева Г.А. –тарих ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

РЕЗЮМЕ

Данная статья рассматривает биографию, творческое наследие, культурно-общественную деятельность Назипы Кулжановой как педагога, писательницы и журналиста.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайының мәжілісінде «Бүгінгі бостандықтық, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп басымызға қона қалмағанын азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер. Бүгінгі күн ата–бабаларымыздың талай ғасырлар бойы арманы еді.» - деп көрсетті.

Қазақ халқының мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылысында өр тұлғалы қазақ қыздарының да үлесі зор болды. Қазақ қыздарының мінезіне тән ерекше бір қасиет оның қайтпас қайсарлығы, өжеттігі, тіпті керек кезде ел үшін Отан үшін отқа түсуге дейін баруға батылы жететіндігі дәлелденген. Тарихта ел намысын ерлерше қорғап, қайрат көрсеткен қазақ әйелдері де баршылық.

Қазақ елінің тәуелсіздігі жолында жан аянбай күрескен тұлғалардың өмір жолы мен қалдырған еңбектерін зерттеу объектісі етіп алу айрықша есте ұстар қажеттерімізден саналады. XX ғасырдың 20-30 жылдары тарих сахнасына шыққан қайраткерлердің көбінің өмірі репрессиямен тұйықталды. Олар қуғын – сүргіннен бас көтере алмай, ақырында өмірлерімен қоштасты.

20-30 жылдары қазақ қыздарының арасынан суырылап шыққан Алма Оразбаева, Нағима Арықова, Шолпан Иманбаева, Аққағаз Досжанова, Мәдина Бегалиева, Сара Есова сияқты қайраткерлердің еңбегі жүйелі түрде зерттеле беруге тиіс.

XX ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлға – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Ағартушы, ұстаз, әлеумет қайраткері, журналист, жазушы, аудармашы Н.С. Құлжанованың тағдыр талайына Қазақстанның XX ғасыр басындағы аса күрделі қоғамдық – саяси істеріне араласу тиесілі болды. Қазақ тарихындағы қайшылықтар мен өзгерістерге толы дәуірде Н.Құлжанова өз жолын тапты.

Нәзипа Құлжанова 1887 жылы А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды дарабоз тұлғаларды дүниеге әкелген Қостанай облысының топырағы киелі Торғай өңірінде туды. Әкесінің аты бірде Сағызбай делінсе, кейбір басылымдарда Сегізбай болып жазылып жүр. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) делініп, қатар көрсетілген. Н.Құлжанованың бастапқы мамандығы – мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды. Ол Ыбырай Алтынсарин ұйымдастырған мектепте оқып, кейін Қостанайдағы гимназияға түседі. Бұны бітірген соң Орынбордағы мұғалімдер

семинариясында оқып, үздік бітіреді. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, ұлы Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1904-1920 жылдары ұстаздық етеді. Осы жылдары қоғамдық істерге белсене араласады.

Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен танылған Нәзипа Семейде өзінің белсенділігін, қабілет-қарымын байқатып, 1914 жылы (ұлы Абайдың қайтқанына 10 жыл болған уақыт) мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін ұйымдастырып, өткізеді. Қазақ, орыс тілдерінде баяндама жасайды. Баяндамасын «Абайды туғызған қазақ даласы тағы да талай Абай секілді, бәлкім одан да артық данышпандар туғызады» деп түйіндеп, тыңдаушыларын тәнті етеді.

Нәзипаның шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезенімен (1917-1929 жж.) тұспа-тұс келді. Ол халықтың игілігіне жан аямай еңбек еткен Қандай заман болса да, әр кезде қазақ халқы ақсақалдардың айтқан сөздеріне құлақ асқан. Мысалы, Абылай хан қалмақтардың тұтқынына түскенде Қазыбек би қонтайшы Қалдан-Сереннің бетіне тіке қарап, сөзін айтқан. Нәтижесінде Абылай ханды құтқарып алған. Қазіргі кезде сөздің қадірін, бағасын білетін тұлғалар – қаламы ұшқыр, ойы өткір журналистер. Қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова.

Бұл кезеңнен бері Нәзипа қоғам және саяси қайраткері ретінде танылды. «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттерінде журналистің көптеген мақалалары жарық көре бастады. 1917 жылы Семей облысындағы қазақ съезіне атсалысып, сол съезд төралқасының құрамына енген. Нәзипаның шығармашылығы қазақ совет әдебиетінің қалыптасу кезенімен (1917-1929жж.) тұспа-тұс келді. Ол әдебиет пен өнер саласында көптеген зерттеулерін жазды: «Әдебиетке көзқарас», «Қазақ әдебиеті», «Шолпан ақын қызы», «Семей театры» және басқа. Сонымен бірге, Нәзипа көптеген мақаларында әйелдер үшін маңызды мәселелер туралы қалам тартты. Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасын Нәзипа Құлжановаға арнаған: «Ардақты бар Нәзипа деген ханым, Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім. Оқыса сондай әйел шығар ед деп, Оқығандар бағалар сөздің дәмін. Неше күн қыдырсаң да таба алмассың, Семейдің одан өтер адал жанын...», – деп Нәзипа Сегізбайқызыны сипаттаған. Н. Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды.

Н.С.Құлжанова ұлт туын көтеріп саяси-қоғамдық маңызды істерге араласқан қазақ халқы арасынан суырылып шыққан азаматтарға ілесіп уақыт алдыға тартқан міндеттерді шешуге іркілмей ат салысқан. Алаш қаласында Гүлбаһрам Тынышбаева ханым “Әйелдер қоғамын” ұйымдастырып, оның құрамында Нәзипа Құлжанова да болған. Алдарына қойған мақсаты – Алаш әскеріне киім-кешек дайындау. Жаңа басталып келе жатқан әйелдер қозғалысының басында Нәзипа Сегізбайқызының болуы қуанарлық жәйт.

Н.Құлжанова өзінің жеке басымен санаспай қоғам алдыға қойған, әлеумет ұсынған жұмыстардың қай-қайсысын да жатсынбаған. Архив деректерінен ұшыратпасақ та бір шағын өмірбаяндық дерекке тап болдық. Ақын, қайраткер Сәкен Сейфуллин 1923 жылы жазған “Самұрық” өлеңін “Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинаушы бірінші қазақ әйелдері комитетінің бастығы Нәзипаға тартам” деген ескертпемен жариялапты.

Ер азамат иығымен көтере алатын жаңа істің басы-қасында қазақтың талдырмаш қызы Нәзипа Құлжанованың болуы С.Сейфуллинді сүйсіндірсе керек. Бұл Нәзипа Сегізбайқызына жүктелген қыруар шаруаның бірі ғана.

Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың бөліп айтарлық ерекшелігі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болумен қатар, ол дарынды тұлғаға лайық шәкірттік мінезді бойына сіңіріп, тәлімгерлік өнегені жете ұғынып бар күш–қуатын, білімін сарқа жұмсап, өзі де соңғы буынға ұланғайыр еңбек сіңірді.

Нәзипа Құлжанова кезінде Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған екен.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. Сондай-ақ, Н. Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі – «Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Нәзипа Сегізбайқызы дәрігерлік арнайы білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, қалың көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында есімін қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Өкінішке қарай, педагогика оқулықтарында ол туралы мәліметтер «Н. Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбектері мектепке дейінгі педагогиканың алтын қорына қосылды» және «Мектепке дейінгі тәрбие мәселесіне қозғау салып, негізін қалауға қатысқан педагог – Н. Құлжанова (1887 - 1934)» деген бірер сөйлеммен шектелген.

Н. Құлжанова қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналистердің бірі ретінде танымал болып, сонымен бірге есімі педагог, ғалым, аудармашы ретінде де қазақ халқының тарихында мәңгілікке қалды. Ол екі тілде бірдей

жүйректігімен де көзге түскен. Оның орыс тіліне жетіктігінің арқасында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ғабит Мүсіреповтың шығармалары орыс тіліне аударылды. Ал 1925-1929 жылдары қазақ оқырмандары қазақ тіліне аударылған Л.Толстой, М.Горький, А.Куприн, В.Короленко Б.А. Лавренко, А. Скиталец, Н.К. Крупскаялардың әдеби туындыларымен танысты.

Нәзипаның өтініші бойынша орыс композиторы Александр Затаевич «Қадыр зары», «Ғайни-ау, сәулем» әндеріне музыка жазды.

Жасыратыны жоқ, Н. Құлжанованың өмірі мен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Нәзипа Құлжановадай қазақтың қайсар, қайраткер қызы, оның ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жайлы жастарымыз білгені абзал.

Ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев «Аумалы-төкпелі заманда ел ісіне араласқан Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Қаныш Сәтбаев, Сара Есова сынды ер-азаматтардың айбынды толқындары қатарында Нәзипа Құлжановаы да атапты («ЕҚ», 27.08.2012 ж.). Олай болса, ел ардақтаған асылдарымызға көрсетілер ізет-құрметіміз іркілмесін дейік.

Нәзипа Сегізбайқызы Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Молдағали Молдабаев, Аманғали Сегізбаев секілді әдебиет және қоғам қайраткерлерімен көп араласқан. 1929 жылы Нәзипа апай үйде отырып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұрағат мәліметтерінің дерегінше, Құлжанованың денсаулығы нашарлап кетті. Бірақ ғалымның жағдайы жайында басқа пікір де бар. Яғни, Алашорданың қайраткерлерімен қарым-қатынас орнатып жүргендіктен, патша сақшыларының «назарына ілігеді». 1934 жылдың наурызында Нәзипа Құлжанова созылмалы аурудан көз жұмды.

Қазақстан республикасының Президенті Н.Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде сақтаймыз. Алайда, әр қоғамның өз ерекшелігі бар, ол қалайда ескерілуге тиіс, қайталанбас этномәдениетке, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім жақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймайды, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениетте теріс айналады. Бұл тура мағынасындағы мәңгүрттікке бастайтын тура жол», - деп, қоғам үшін аса маңызды мәселе жөнінде орнықты пікірін айтты. Қазіргі жаһандану үрдісі еніп келе жатқан бүгінгі күнде өз тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан үшін ел Президенті ескертіп отырған өз келбетінен айрылып қалмау мәселесі өзекті және өткір. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлтына сай ұлттық сезім, бойында патриоттық тәрбие бар ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу ұстаз бен ата-ана міндетті. Тәуелсіздік сонда ғана нәтиже береді.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер,1996 ж
2. Н. Құлжанова. «Мектептен бұрынғы тәрбие». Алматы , 2000ж
3. Н. Құлжанова. «Ана мен бала». Алматы , 1998 ж
4. Сәкен Сейфуллин. «Самрұқ» өлеңі. Алматы , 1993

ӘОЖ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЫ: ДӘСТҮР МЕН ЖАЛҒАСТЫҚ

Ибрагимов Г.Г. – М1701-10 тобының магистранты
Ғылыми жетекші: Сапарбаева Қ.Ж. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются стихи казахских поэтов о независимости и мире. Автор статьи охватывает период от древнетюркского каганата до наших дней, что позволяет ему выявить поэтические традиции.

Еліміздің тәуелсіздік алғанына отыз жыл болды. Тәуелсіздік, азаттық мәселесін көтерген өлең сөздерді талқылап-талдаудан бұрын, жұрт басынан қандай «тар жол, тайғақ кешу» оқиғалар өткеніне, ел жанашыры ақын-жыраулар халық атынан не жеткізгеніне шолу жасаған жөн. Өткенді көріп шықпай, бүгіннің ойын, дәстүр мен жалғастықты бағалау мүмкін емес.

«Бісміллә деп бастайын // Бір Алладан сөз басын» [1, 469] деп сөз бастаған ақын аталарымыз әманда азаттық үнімен тәуелсіздік жырын жырлаған. Бейбітшілік пен азаттық әрқашанда адамзаттың мақсаты һәм мұраты болған.

Иә, «Әдебиет – ардың ісі» [2], ары бардың ісі. «Сөз өнері қашанда рухани еркіндік пен сана бостандығын талап етеді» [3, 7]. Өйткені сөз еркіндігі, ой еркіндігі – «асыл сөздің» асыл ашытқысы. Үндістанды бейбіт жолмен азат етуге атсалысқан Махатма Ганди: «Басқа елдер менің тәуелсіз елімнен қандайда бір нәрсені үйренуі үшін мен өз елімнің бостандығын қалаймын», – деп айтқан екен [4, 10]. Себебі тәуелсіз болған елдің жан-жақты өркендеуі сөзсіз.

Еліміздің, жеріміздің тарихына үңілер болсақ, тәуелсіз болу – әрі мақсат, әрі міндет, әрі борыш та парыз болған: «Келген жолдарыңызбен кері қайтыңыздар. Желегім желбіреп тұрған қыз емеспін. Әңгіме менің жеке өз басым болса, онда мәселе бір басқа. Мен елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені. Кир ниетінен қайтып, отанына оралсын» (Томирис сөзі) [5, 170]. Т.Жұртбаев қаламымен осы сөзді айтып тұрған Томирис анамыз да кез келген елдің тәуелсіздігі «ел» деп аталудың басты көрсеткіші екенін байқатып тұр.

С.Ержанова: «Көк түріктер дәуірінен бастап, жыраулар әдебиетін, ауыз әдебиетінің батырлар жыры жанрын, «зарзаман» ақындары шығармашылығын, жиырмасыншы ғасыр тудырған әдебиетті зерделеу арқылы бүгінгі тәуелсіздік таңындағы әдебиеттің қайнар көзін танимыз», – деп айтады [3, 5]. «Елді халық едім, // Елім енді қайда? // Кімге елдік жасаймын?.. Қағанды халық едім, // қағаным қайда?..» [6, 58-59] – деп азаттығын аңсаған ата-бабаларымыз ақыр соңында көптен аңсаған бейбітшілік пен тәуелсіздікке қол жеткізді: «Еліміз қайта ел болды, // Халқымыз қайта халық болды» [8, 89]. Бабалардың басынан кешкен дәл осы оқиғалар тасқа бітілгені таңғаларлық дүние емес, әрине. «Жалпы халықтың бостандыққа деген құлшынысы оның басынан өткерген күрестерімен өлшенеді» [3, 8].

Әйгілі «Түркі сөздігі» еңбегінің мәшһүр авторы болмыш Қашқаридың дәл сол аталмыш еңбегінде мына өлең жолдарын оқып ойға таламыз: «Заман әбден тозды, азды, // Осал, жауыз қозғалды, // Өнер біткен сиреді, // Дүние бегі жоғалып...» (Аудармашының түсіндірмесі: Осал, ынжық, пасықтар күш алып, қозғалды; дүние бегі Афрасиаб өлген соң, өнерлі, парасатты жандардан айырылып, өнерсіз қаңырап қалдық). [7, 59-60] «Дүние бегі» Афрасиаб қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар да жайшылық пен тоқшылықтың адамзат үшін қаншалықты маңызды да құнды дүние екенін көрсетіп тұр.

Өзі азат, ойы еркін жыраулар туралы сөз қозғар болсақ, Қазақ хандығы дәуірінің алтын ақылшыларының сөзіне тоқталмай кету бек қателік. «Ай, Жәнібек хан! // Айтпасам білмейсің,.. // Өзіңнен басқа хан жоқтай, Өзеуреп неге сөйлейсің?..» – деп ханды ақылға шақырған, ел қайғысын өз қайғысы деп білген Асан қайғы [9, 66], «Ханға қарсы тұрам деп, // Түн ұйқымды бөлгенмін. // Жұртымды жөнге салам деп,.. // Атқа мінген ер едік», – деп ел жанашыры Жиембет [9, 104], «Ей, Қатағанның хан Тұрсын, // Кім арамды ант ұрсын?! Жазықсыз елді еңіретіп, Жер тәңрісіп жатырсың», – деп жорыққа Есім ханмен бірге аттанған Марғасқа жырау [9, 354], қай-қайсысын алсақ та, елдің тілегін жеткізген елдің тірегі болған от тілді, орақ ауызды жырау екендігін көрсетеді.

«Бостандық идеясының дамуы тарихи-қоғамдық құбылыстар өзгерген сайын, басқа бір ағымдарға ауысқанымен, негізгі діңін жоғалтқан емес» [3, 13]. Патша үкіметіне Қазақ хандығы қосылған соң, орыстың патшасы мен сыбайластарынан көңіл қалған Дулат атамыз: «Қан жалаған қаһарлы, // Орыстың шыққан ұлығы, // Аға-сұлтан, қазының // Қабаттады былығы» айтқан сөзінде ақиқаттығына күмән жоқ. Жәңгір ханға: «Хан емессің, қасқырсың, // Қас албасты басқырсың...» [9, 401], деп әрі ел қамын ойлап «Еділдің бойы ен тоғай, // Ел қондырсам деп едім. // Жағалай жатқан сол елге // Мал толтырсам деп едім» [9, 406] деген Махамбет атамыз, Баймағамбет сұлтанға «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас, // Қас итсің, қасыңа да адам жуымас! Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ, // Хан емес, қас қатынсың мұндар қу бас!» [9, 411] депәрі «Ерден ердің несі кем, // Айтқан сөзіне берік болса? // Хандардан ханның несі кем // Халыққа әділ, ерік болса?» деген Шернияз аталарымыздың толғаулары да ата-бабаларымыздың қол-аяғы бұғауда болса да, ойы тәуелсіз болғанына дәлел емес пе? Хайдегер Мартин айтқанындай, «адам тек өз ойымен ғана еркін бола алады».

Ал КСРО дәуіріне келер болсақ, С.Қирабаев: «Біздің дәл бүгінгі тәуелсіздікті жырлау деген ұғым кеңес дәуірі әдебиетінде болған емес... Қазақ тарихында ұлт тәуелсіздігі XX ғасырдың бас кезінде ғана күн тәртібіне қойылып, әдебиет бетінде батыл көтерілген еді. Оған сол кездегі патшалық Ресейдің отаршылдық режиміне қарсы қозғалыстардың үлкен әсері болғаны даусыз... Патша өкіметінің құлап, жалпы халықтың, соның ішінде «бұратана» саналған отар халықтардың теңдігіне жол ашылғанын Алаш ақындарымен бірге кейін қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылар қатарында болған ақындар да қолдаған», – дейді [11, 360-361]. Осы орайда Шәкерім Құдайбердіұлы өлеңін

мысал ретінде келтіруге болады: «Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер, // Арға ие басшының соңынан еріңдер. // Таң артынан хақиқат күн шығады, // Еріншек, жалқаулық әдеттен безіңдер». Дегенмен, КСРО кезіндегі шығармашылықта саясаттың ізі түсіп, цензураның қылышы тисе де, [3, 18] керемет поэзиялық шығармалардың дүниеге келгені сөзсіз. Қол кісенделмей, қызыл тіл «бұғауланса» да, ерлік-елдік жырланбай қоймады:

«...Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!» («Батыр Баян» поэмасы)

«Желтоқсан» оқиғасын еске алмауға бола ма? «Қазақ философиясы тарихында»: «Тәуелсіздік тарихы әріден басталған. 1917 жылғы Қазан төңкерісін қабылдамағандар тәуелсіздік үшін күрескендер еді. Оларды кейінгі Кеңес жылдарындағы тарихта, әдебиетте, өнерде мүлдем жексұрын адамдар ретінде көрсетті. Қызыл Армиямен соғысқандардың бәрі «бандылар» деп аталынды, сөйтіп нағыз бандиттер туралы ашық сыр айтылмады. Осы көзқарас сарқыны әлі күнге дейін сақталған, оның бір көрінісі 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» күндері-ақ байқалды». «Желтоқсан» оқиғасы турасында Мұхтар Шахановтың мына бір шумақтарын еске аламыз:

«...Дүниені дүр сілкінткен жас толқынның саналы
Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас. Оны да еске салады
Желтоқсанның бас алаңы, қайсар рух алаңы...»

Көптен күткен, ел аңсаған, асыл ердің асыл арманы болған тәуелсіздікке ие болғалы, мінекей, 30 жыл болды. Ел ақындары тәуелсіздікті қалай қарсы алды, енді сол жайлы сөз қозғасақ.

«Тәуелсізбін!
Тәуелсізбін мен бүгін.
Келді, міне, азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім.

Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!» Иә, Темірхан Медетбек буын санының «градациясымен» айтқанындай тәуелсізбіз, ойымыз азат, бойымыз бостандықта.

Осы орайда Асан Қайғы толғауын еске алайықшы: «Таза мінсіз асыл тас // Су түбінде жатады. // Таза мінсіз асыл сөз // Ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас // Жел толқытса – шығады. // Ой түбінде жатқан сөз // Шер толқытса – шығады». Иә, кезінде «Зар заман» ақындарының ойын толқытқан елдің мұң-зары, шер-шемені болса, тәуелсіздік алған соң, жұртымыздың қуанышы ақындардың өлеңіне арқау болып отыр. Темірхан Медетбек:

«Тәуелсізбін! – танып тұрмын өзімді.
Ұшырамын қанат байлап сөзімді.
Ешкім енді көкірегімнен итеріп,

Ешкім енді шұқымайды көзімді», – деп айтса, Гүлнар Салықбай қайталаудың түрлерін түрлендіре қолданған өлеңінде азаттықты «алтын жеңіс» деп бағалайды:

«Қаншама ақын қара жерге тірідей
Көмілді екен сен үшін...
Қанша қылыш сермелді екен сен үшін,
Қанша батыр жерленді екен сен үшін.
Қара жауын, қара тастың сызында
Тергелді екен сен үшін...»

Тағы бір өлеңінде:

«Көшпелі елдің көркі едің сен, азаттық,
Ен далада ерке едің сен, азаттық.
Ұмытылмас, ұлы арманға айналып,
Сан жүректі өртедің сен, азаттық...
Сағынышты салтым едің, азаттық,
Қолға түспес алтын едің, азаттық», – көшпелі елдің көркі деп азаттықты сипаттайды.

Қорыта айтқанда, «Тәуелсіздік – сана» делінгеніндей, еліміздің тарихын көріп шығып, ата-бабаларымыздың әрдайым өзі бұғауда болса да, ойы еркін болғанына куә боламыз. Тіпті «цензуралы» дәуірде де ұлттық мәдениет, ұлт менталитеті, ұлттық сана қыспаққа алынса да, керемет шығармалардың дүниеге келуі тоқтаған жоқ.

Әдебиеттер:

1. Жыр мұра. Астана: «Елорда», 2001
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002
3. Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: «Білім», 2010
4. Аңыз адам
5. Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы: «Жалын», 1994
6. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: «Ғылым», 1990
7. Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (3-том). – Алматы: «Хант», 1998
8. Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Алматы: «Ана тілі», 1998
9. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. 4-том. – Алматы, 2007
10. Бес ғасыр жырлайды: 2-томдық. – Алматы: «Жазушы», 1989
11. Классикалық зерттеулер. Т.21 – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013

ӘОЖ 811.512.122.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСТАРЫНА ТАҒЗЫМ

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,
Нурманова Ж. К.,
Жақсылық Д - 123-18 оқу тобының студент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается жизнь музея жертв политической репрессии, расположенного в городе Шымкент Южно- Казахстанской области. Среди жертв политических репрессий были знатные представители и общественные деятели Алаш, это:

Магжан Жумабаев, Шакарим Кудайбердиевич, Жусупбек Аймаутов, Миржакып Дулатов, Ахмет Байтурсынулы. Народу Казахстана необходимо впитать с молоком матери в создании подрастающего поколения история Великой Степи, чтобы воздействовать на национальную сознательность и на народную власть. В этой связи значение музея с точки зрения с науки, образования и культуры велико и значимо.

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін қазақ халқының тарихында қасіретімен есте қалғаны баршамызға белгілі. Ұлтымыздың, мемлекетіміздің дамуына, отандық мәдениетіміздің ілгерілеуіне барынша ат салысқан қазақ зиялылары, қоғам қайраткерлері Сталиндік тоталитарлық режимнің қысымына ілінді. Оларға «буржуазияшыл», «ұлтшыл» деген айып тағылып, оларды әртүрлі мерзімге түрмеге қамады, ату жазасына кесті, жер аударды. Осындай ауыр қасіреттің, нәубеттің тарихын, маңызына жіте көңіл аударып, тәуелсіздігіміздің қадіріне жетіп, қастерлей білу біздің басты міндеттеріміздің бірегейі.

Осы орайда қазақтың басына түскен қаралы да қасіретті тарихын халыққа жеткізуде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей экспозициясының орны айрықша. Сондықтан да, дәл осы музейге барып, тарихымыздағы қан құйлы жылдардың болған оқиғасымен, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерімен, қазақ зиялыларының демократиялық мәндегі еңбектері мен ұлттың мәдени құндылықтарымен толық танысуға ат басын бұрған жайымыз бар. Жалпы музейдің сыртқы келбеті сәулеттік дизайнмен ерекше салынып, қызыл, қара, сұр түспен боялған. Музейдің ішкі залы киіз үйдің бейнесін береді, ал сыртқы көрінісі аспаннан түскен найзағайды бейнелейді. Музейдің екі залы бар, бірі: экспозициялық зал, ал келесі екінші қабатта орналасқан «Тағзым» залы. Музей экспозициясының түп қазығы «Репрессия» деп аталатын синтездік формадағы мүсіндер композициясы болып табылады. «Репрессия» деп, аталатын скульптура ешкімді де бей-жай қалдырмайды. Көзіңе жас алдыратын, кеудесін халық үні кернеген, тоталитарлық жүйеге қарсы, оққа кеудесін тосқан «Алаш» азаматтары, олардың аяғына оралып: «кетпеші, көкетай» деп, жылаған жас бүлдіршіндердің аяулы хәлі шындығында көзіңе еріксіз жас алдырады. Музей экспозициясының орталығында Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси қуғын-сүргін құрбандары: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, Т. Рысқұлов, М. Тынышпаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Қожанов,Н.Төреқұлов, С.Мендешев, С.Садуақасов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров, Т.Жүргенов, О.Жандосов, Ш.Құдайбердиев, Қ.Жұбанов сынды тұлғаларға арналған портреттерден құралған галерея орналасқан.

Саяси қуғын-сүргін құрбандары болған музейдегі қазақ зиялылары мен олардан қалған мұралар жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудегі маңызы мен мәні ерекше екені анық. Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейіндегі саяси репрессияға ұшыраған қоғам қайраткерлері, қазақ зиялыларының қоғамдағы орны мен рөліне, олардың еңбектеріне тарихи тұрғыдан талдау жасау, қазақ зиялыларының педагогикалық идеялары арқылы жастарды ұлттық

құндылықтарды қастерлеуге, өз елінің тарихын құрметтеуге, ел жандылық қасиеттерін қалыптастыруда септігі мол болып табылатыны бұл белгілі жайт...1937-38 жылдары құрбан болған: «Алашшыл» Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамбетов және т.б.; большевизмды Қазақстанда құрылуына ат салысқан халықшыл: С. Сейфуллин, Н.Нұрмақов, І.Жансүгіров, Б. Майлин және т.б., түрікшіл Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов және т.б. олардың көздерін көріп, тағылымын бойларына сіңірген жаңа «Қазақшыл» азаматтарды біз әрдайым қастер тұтамыз. Қазақ халқының қазіргі руханиятын осы «нағыз қазақшыл» азаматтар құрады, ал, 40-шы жылдардың екінші жартысынан жаппай белең алған Сталиндік репрессияларының үшінші кезеңі тікелей қазақ руханиятына бағытталғаны, тіпті, көзге басылады. Себебі, қазақшылдар саяси тұрғыдан өзге көзқарастарды ұстанбаған, тек қандайда болмасын руханияттың діңін құрайтын тіл, әдебиет және тарих саласында қызмет атқарған азаматтар. Репрессияларға қазақшылдардың тарихи шындықты ашық зерттеп, айтып, дәріптеулері себеп болды.[2,293б]

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев:« Алаштың» басты мақсаты - қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты бізді ауыз бірлігімізді күшейтуге шақырады» - деген болатын. Яғни, Алаш арыстарының сол кездегі арманының көрінісі - Бүгінгі Қастерлі Тәуелсіз Қазақстан екені айдан анық дүние.[1,204б]

Алаш арыстары көсемсөзде, ақындық өнерде, кәсіби маман ретінде де арттарында өшпестей із қалдырғаны ақиқат. Олардың еңбектерін терең де түбегейлі зерттеу қазіргі күннің, бүгінгі жастардың, яғни біздің міндетіміз және парызымыз. Бүгінгі қарқынды дамыған заманымызда, озық біліммен қаруланып, түрлі мамандық иелері ретінде Алаш зиялыларының артынан қалдырған еңбектерін зерттеп, үлгі өнеге ретінде алуымыз біздің ұлттық рухымызды ояту үшін аса қажет. Аз санды Алаш зиялыларының сол бір тарихи сын сағатта шамаларының жеткенінше, өз мүмкіндіктерін сарқа жұмсап, ұлттың мүддесі үшін әрекет жасауға ұмтылуы, ерен ерлікке сай деп есептейміз. Бұл тарихи кезең тағылым мен сабаққа толы. Мұның бәрі бізге тарихтан сабақ алуға, өткеннен тиісті қорытынды жасай білуге шақырары хақ.

«Биыл 2021 жылы Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 104 жыл толады. Бұл ұлттық демократиялық қозғалыс тарихындағы елеулі кезең. Алаш қозғалысының ұстанымдары қазақ мемлекеттігін мақсат етті. Бірақ, азаттықтың жаршысы болған Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлеріне көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік болмады. Алаш арыстарының ең басты еңбегі заманның қиыншылықтарына қарамастан ел еркіндігіне ат салысып, қасық қандарын қиып, қолдан келгеннің бәрін

жасады. Сол жолда қанын да, жанын да аяған жоқ. Дегенмен, бостандық жолында құрбан болған Алаш арыстарының еңбегі мен ерлігі зая кеткен жоқ. Олардың арман-мақсаттары бүгінгі таңда орындалды. Бүгінгі Еңсесі биік Тәуелсіз Қазақстан оған дәлел». Алаштың 104 жылдығын ел өміріндегі маңызды тарихи оқиға ретінде қастерлеп атап өту, жас ұрпақты отансүйгіштікке, тәрбиелеудің бірден-бір жолы деп білеміз.

Жалпы біздер Отанды қорғауға, сүйіспеншілікпен қарауға, үлкенді құрметтеуге, Отан үшін шайқасқа түскен «Азаттың таңын аңсаған Алаш Арыстарына», рухына тағзым етіп, құрмет тұту - біздің басты міндетіміз бен қатар болашаққа қадам басуымыздың бастауы деп түсінгеніміз абзал..!.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 240 б.
2. Азалы Кітап - книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша / Құраст. Оразбекұлы Қ. – Шымкент: Зерде баспасы, 1998. – 293 б.
3. Кәкен.А. Зұлмат жылдардың запыраны немесе саяси куғынға ұшыраған қазақзиялыары туралы ой-толғам.// Астана хабары.-2006.- 13 мамыр.-3 б.
4. https://e-history.kz/kz/news/show/129/

ӘОЖ 811.512.122.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕҢІЗДЕЙ МАРЖАНЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Ғылыми жетекші: п.ғ.м., аға оқытушы,
Нурманова Ж. К.,
Қуанышқызы А. Айдарбек А. 123-18 оқу тобының студенттері
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент
Қазақстан

Резюме

В этой статье освещены содержательные и значительные по смыслу лирические песни, короткие и трогательные рассказы, отрывки биографии нашего наставника Ыбрая Алтынсарина, который трудился не покладая сил ради благосостояния своего народа, лидера казахской знати, великого сына казахского народа, занявшего в истории казахской литературы бессмертное место.

«Ыбырай Алтынсарин қазақ
әдебиетінде көркем әңгіменің негізін
салушы атасы болды. Көркем
әңгімелердің композициялық
құрлысының шебері етіп
құруда да өзінше еңбегі бар».
Қажым Жұмалиев

Мерейтойлық даталар рухани жауапкершілікті арттырып, игілікті істерге жол ашатын, береке бастауы десек, асыра сілтегендік емес. Осы орайда Мемлекет басшысы «Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында биылғы мерейлі жылға бірнеше атаулы дата тұспа-тұс келіп отыр. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың - 175, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың - 155, күш атасы Қажымұханның -150 жылдығы, Тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсаринге - 180

жыл толып отыр деп, - тарихи тұлғалардың мерей тойларын атап өтуде мақсатты түрде, даңғаза мен ысырапшылдыққа жол бермей, Асыл-ойдың алыптары Абай мен Әл-Фарабидің мерей тойларындай мағыналы және мазмұнды өткізейік. Ұлы кемеңгерлердің атаулы даталарын атап өтуде, тұлғалық келбеті мен өмір жолы, еңбектері халыққа ой салып, шабытқа жетелейді. Бұл тәжрибені алдағы уақытта да мақсатты түрде ұстанған жөн», - деді Қасым - Жомарт Тоқаев.

Осы орайда мақала қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ зиялыларының көшбасшысы, халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен ұстаз Ыбырай Алтынсариннің баға жетпес асыл мұралары жайында болмақ.

Қазақ халқының теңіздей маржаны - Ыбырай Алтынсарин тұңғыш ағартушы, тұңғыш білім ордасын ашқан, тұңғыш қолына күміс қоңырау алып, қазақ балаларын білімге шақырған қазақ халқының маңдайына бақ болып келген қайталанбас, кемеңгер ғажап ұстаз. Мақала қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ зиялыларының көзбасшысы, халық игілігі үшін аянбай еңбек еткен ұстаз Ыбырай Алтынсариннің баға жетпес асыл мұралары біз үшін таптырмас – Алтын Қазына.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына арнаған әрбір қуанышты хабарын қағаз бетіне түсіріп, әріптес достарына жүрек жарды хаттарын жолдап отырған. Сол кездегі хаттардың бірегейі: « 1864 жылы қаңтардың 8 жұлдызында жұрттың көптен күткен мектебі ашылды. Өзінің досы Қазан университетінің профессоры Н. И. Ильминскийге 1861 ж. қаңтардың 19 – да жазған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, бәрі де жақсы, есті балалар...Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын»,- деп өзінің сүйікті ісіне белсене кіріскенін зор қуанышпен хабарлайды. Ұлы педагогтың осы бір қуанышты хаты баршамызға үлкен леп берері хақ.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған тұлғалардың бірі- Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сөйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат- мүдделеріннің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға. Ал оның заманы тарихтың бір аумалы – төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін- ақ енді қазақ жеріне Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық - зомбылық, зобаланды басынан өткізіп жатты. Намысқа шапқан қазақ батырлары бастаған азаттық жолындағы күрестер біріне - бірі жалғасқан еді. Исатай- Махамбет, Кеңесары- Наурызбай, Сырым батыр, Едіге, Есет пен Бекет, Жанғожа, Сұраншы- Саурық тәрізді батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен жазулы... Ауыр заманда білім алып, ат жалын тартып мінгесін - ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді

қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді. Бұл ретте ол жалғыз болған жоқ. Байтақ Қазақстанның әр өңірінен ұлт басына төнген қауіпті терең сезініп, ұлттық құлдыраудан құтылудың жолдарын көрсеткендер болды.

Абай мен Ыбырайдың ақындық, ағартушылық енбектері бірін –бірі толықтырып, үндесіп жатты. Олардың бұл үндестігін терең зерттеп дәлелдеген ғұлама жазушы Мұқтар Әуезов болды. .{120 б} Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы тіршіліктің өзекті мәселерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар ендірді. Шиеленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты.{120 б} Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Қазақ халқы қарапайым, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз емес пе? Адамзат үшін бей-жай қарамайтын қазақ баласы үшін «Қазақ хрестоматиясы» - аса бағалы, құнды дүние. Құндылығы мынада: бұл кітапқа енгізілген шағын әңгімелер, өлеңдер жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды. Тілге жеңіл, түсінікті, көлемі де шағын бұл шығармалар осыдан бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын жазылса да, өз маңыздылығы арта түспесе кеміген жоқ. Бұл пікіріме бәрі де қосылады деген ойдамын. Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы "Қазақ христоматиясы" (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде "Сөз басы" деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер "Кел, балалар,оқылық", "Өнер-білім бар жұрттар" деген атаулармен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу- білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті.Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін,әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға,мәдениеттің жаңа дәстүрлерінигеруге,бойға сіңіруге шақырды. Ауыз әдебиетінің дәстүрінен қол үзіп, жазба әдебиетінің үлесінде сюжетті өлеңді тұңғыш жаза бастаған ақынның бірі – Ыбырай Алтынсарин. Сондықтан да қазақ жазба әдебиеті тууы сөз бола қалғанда Ыбырай Алтынсариннның қадір есімі кемеңгер Абаймен қатар аталады. Жалғыз поэзия жанрында ғана емес, көркем прозаның қалыптасуына да Ыбырай Алтынсарин ат салысты. Ыбырай Алтынсариннің жемісті еңбек етіп, едәуір жақсы шығармалар қалдырған саласының бірі – проза жанры болды. Оның «Бай баласы мен жарлы баласы»,«Надандық», «Лұқпан хакім», тағы басқа бірсыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған.

"Кел, балалар,оқылық"өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып,білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап.
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

2) Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас...
Жөн білмеген адамға
Қыдыр ата дарымас...

Бұл "өленнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі - оның халық дәстүрі,халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында",- деп атап көрсетеді.ғалым Ә:дербісалин "Ы.Алтынсариннің әдеби мұралары" деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру, білімсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б. Ыбырай Алтынсариннің барлық алуан өлеңдері мен еңбектері әлеуметтік мәселелерге арналған. Бұған "Өсиет өлеңдер", "Әй жігіттер" тәрізді т.б. өлеңдерін айтып өтуге болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық- қарлықты,астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті,естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал- еңбектің адамгершілік мінез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Мысалы:

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен.
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азған елдің ішінен
Алыс- алыс қашыңыздар
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар...

Ыбырайдың мұндай өлеңдері бүгін де ескірді, мән –мағынасы көнерді деп айта алмаймыз. [15-17б] Ақынның бірлі – жарым өлеңдері табиғаттың сұлу көрністерін суреттеуге арналған. Мұндай лирикалық өлеңдер Ыбырайға дейін қазақ әдебиетінде кездеспейтін. Өйткені пейзаждық лирика, көбінесе, жазба әдебиетке тән.Табиғат сұлулығын жырлау – орыс әдебиеттінде,т.б. елдердің әдебиетінде XYIII ғасырдан келе жатқан белгілі дәстүрлердің бірі. Ыбырайдың "Жаз","Өзен" өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс,өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесінде жайдары сезім туғызып, көңілді әсер қалдырады. Табиғат көріністерін суреттеуі жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасында үндестік бар.Олардың орыс әдебиетімен жақсы таныстығы көрінеді. Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көрініп тұр.Зерттеушілер бұл өлеңдердің халық арасына

кеңінен таралғандығын атап көрсетеді. Сондай- ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата- ана алдындағы перзеттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойлар айтқан. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. ("Бұл кім?, "Ананың сүюі", " Балғожаның хаты"...) [62б., 71б.]

Көркем әдебиеттің күрделі жанры - әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизодтан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға да қойылады. Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. [269 б] Өзінің озық идеяларын жеткізуде жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана білді. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: "Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысынын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар,"-деп жазды. Мектеп оқулығы үшін жазылғандықтан, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Оның шығармалары мұғалімдер даярлайтын оқу орындарында кең көлемде оқытылады. Мектеп оқулықтарына енгізілген. Әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат- мейірім (ана- бала) перзенттін парыз, т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз. [62б., 71б.] Жазушының адамгершілік туралы идеялары эстетикалық тәрбиемен байланыста, бірімен-бірі ұштастырыла суреттеліп отырады. Оның шығармаларынан жазушының биік адамгершілік қасиетін, азаматтың тұлғасын көреміз, сүйсінеміз. Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан- жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Сайып келгенде, Ыбырай Алтынсарин тіл тазалығы үшін күрескен, тұңғыш кемеңгер. Қазақ арасында халықтық мектептер ашып, ағарту жұмысын белсенді жүргізудегі бірегейлігі үшін Ыбырай Алтынсарин еңбегіне дүйім халық өзіндік жоғары бағасын берген. Сонымен қатар көрнекті ағартушы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалау үстінде де орасан зор үлес қосқан, Қазақ даласына тұңғыш рет мектеп ашқан Ыбырай Алтынсариннің келешек ұрпақ үшін атқарған еңбегі күні бүгінге дейін ойып алар орны бар үлкен бір айрықша дүние болып қала бермек.

Әдебиеттер

1. https://uchitelya.kz/ сайтындағы Есетова Куралай Закариевна – “Ыбырай Алтынсариннің ұлы мұрасы” атты мақаласынан.

2.Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1943ж. – 266б., 81б. [Электронный ресурс]

3.Қажым Жұмалиев. «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті». [Электронный ресурс]: – Алматы, 1967ж. – 62б., 71б.
4. Қазақ қоғамы XIX ғасырдың екінші жартысында [Электронный ресурс]: Ғылыми еңбектер жинағы/ Қарағанды мемлекеттік ун-ті (Қарағанды). - Электрон. текстовые дан.(23,9Мб). - Қарағанды: ҚарМУ, 1994. - 269 б. с.: табл.
5. Э.Дербісалин «Ыбырай Алтынсарин» «1923 жылы басып шығарылған, [Электронный ресурс]: 15-17б
6. 1950 жылы Ә.Сыдықовтың «Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі» атты зерттеу кітабы, [Электронный ресурс]: 120 б.
7. https://infourok.ru/esse-i-altinsarin-gimelerini-trbielik-mni-2696641.html
8. https://infourok.ru/ibiray-altinsarinni-miri-men-shiarmashilii-608607.html

ӘӨЖ

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РАХЫМЖАН НАУРЫЗБАЙ
Анарбаев Қайрат Сапарханұлы

Ұлы Даланы мекен еткен көшпелілердің бірден бір мұрагерлерінің қатарында қазақ халқы да бар. Сайын далада мал баққан елдің ғасырлар бойғы қалыптасқан өзіндік шаруашылығы мен кәсіптерінің белгілі бір түрі оларды өзгелерден ерекшелеп тұрғаны белгілі. Қазақ даласының да шаруашылық тарихына қатысты ғылыми зерттеулер мен теориялық мәселелер әлем тарихшыларының назарынан түскен емес.

XX ғасырдың ортасынан бастап көшпелі халықтардың тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, дәстүрлі экономиканы белсенді түрде зерттеу басталды, ал революцияға дейінгі кезеңнен айырмашылығы көшпенділіктің жалпы теориялық мәселелеріне қызығушылық артты.

Әлемдік тарихи үдерістегі номадизмнің орны мен рөлін зерттеу көшпелілікті зерттеуші батыс ғалымдарының көшпелі қоғам тарихын зерттеуге деген көзқарастарын өзгертуге алып келді. XX ғасырда көшпенділерді зерттеумен тарихшылар, этнологтар, археологтар, экономистер, құқықтанушылар, философтар және басқа да мамандар айналыса бастады. XX ғасыр зерттеушілерінің қызығушылықтарының орталығында жалпы көшпелі қоғамдардың тіршілігін, яғни көшпелі өмір салты мен көшпелі шаруашылықтың ерекшелігін, мәдениет, тұрмыс, әдет-ғұрып, қоғамдық-саяси құрылымдар мен әлеуметтік құрылымның ерекшеліктерін зерттеумен қатар, мал шаруашылығының генезисі, көшпенділіктің жіктелуі мен типологиясы, көшпелі қоғамдағы қауымдық-рулық қатынастар (ерекше әлеуметтік құрылым) және т.б. сияқты жаңа теориялық проблемалар пайда болды.

Көшпенділік Орта Азия мен Қазақстанның далалары, шөлдері мен жартылай шөлдерінің аридтік аймағында шаруашылықтың басым архаикалық типі болды. Көшпенділер қоғамында ғасырлар бойы жинақталған білім

көшпенділердің тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі болып табылатын өмірлік маңызды ақпаратты ала отырып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды, онсыз олар далада аман қала алмады. Көшпелі мал шаруашылығы қола дәуірінен бастап XX ғасырдың бірінші үштен біріне дейін өмір сүрген көшпелі мәдениет қалыптасқан аймақта, Еуразия құрлығының орталығында орналасқан қазақтар, Қазақстанның байырғы халқы үшін дәстүрлі шаруашылық болып табылады. Ежелгі заманнан бері Қазақстан аумағында ата-бабаларымыздың өмір сүруінің негізі мал шаруашылығы болған. Көшпелі шаруашылықты дамытудың басты себебі Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы мен құрғақ аймағы болды, бұл өңірде көптеген ғасырлар мен мыңжылдықтарға орныққан көшпелі шаруашылықты қазақтардың жүргізуіне сөзсіз әкелді.Осы территорияны мекендеген қазақтардың шаруашылық қызметін зерттеу бірқатар себептерге байланысты үлкен ғылыми маңызға ие.

Қазақстанның және Орта Азияның көшпелі халықтарының дәстүрлі шаруашылығын (мал шаруашылығын) тарихи-этнографиялық зерделеу, мыңжылдықтар ішінде қалыптасқан мал шаруашылығындағы өндірістік процесті, олардың тыныс-тіршілігін, шаруашылық-мәдени дәстүрлерін, әлеуметтік-экономикалық, саяси процестерді тану этнографиялық ғылымның өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Көшпелілік феномені, әрине, қазіргі қазақ қоғамына әсер етеді. Бұл әсерді Лондон университетінің Орталық Азия, Шығыс және Африка зерттеу орталығының директоры Ш. Акинер объективті түрде бағалай алды. Оның пікірінше," қазіргі қазақ өзін-өзі тануын түсіну "үшін көшпенділердің өткенін елемеуге болмайды, өйткені" көшпелі өмір салты қазіргі қазақтардың өмір сүру салты ретінде сақталып қалмаса да, ол ұлттың өзін-өзі қабылдауының іргелі элементі болып қала береді " [1. 23 б.] және "қазіргі заманда ұлттың өзін-өзі анықтауға негіз бере отырып, күшті символдық әсер етуді жалғастыруда" [1, б.12] деген пікірлерді айтады.

Қазіргі қазақтар «мәдениетке, этникалық құндылықтарға, ұрыптық рәсімдерге және көшпелі дәстүрлерден бастау алатын әлеуметтік мінез-құлық үлгілеріне», Ш.Акинердің пікірінше, «ерекше қастерлеумен қарайды» [1, с. 24], өйткені бұл Кеңес өкіметі тұсында қалыптасқан «тамырынан айыру және дәстүрлі мәдениеттен алшақтау сезімін» әлсіретуге көмектеседі [1, б. . 104]. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақтың өткеніне деген қызығушылығы қайта жанданды, монографиялары мен мақалалары жыл сайын жарияланады, мысалы, 2018 жылы А.Таировтың үш тілде көшпенділік тарихы туралы толық, жақсы жарияланған монографиясы жарық көрді, VIII - VI ғасырлардағы Жайық-Ертіс аралығындағы ерте көшпенділерге арналған [2].

Еуразияның дәстүрлі шаруашылығы бірқатар жалпы теориялық және нақты ғылыми проблемаларды қозғайды. Бұған қазақтардың мал шаруашылығымен байланысты теориялық мәселелерді зерттеу тәжірибесі дәлел бола алады, бірақ қазақтардың шаруашылығы туралы, әсіресе XVIII – XX ғғ.басында көптеген материалдар жинақталған болса да, зерттелген тақырып әлі

де жеткіліксіз. Қазақ шаруашылығының тарихында революцияға дейінгі кезеңде әлі шешілмеген және даулы мәселелер аз емес. Бұл-қазақтар шаруашылығының типі туралы, ондағы мал шаруашылығы мен егіншіліктің арақатынасы туралы мәселе, мал шаруашылығының трансформациясы, меншік мәселелері және т. б. Осылайша, көшпелі қоғамды теориялық-тұжырымдамалық тұрғыдан зерделеу өзекті әрі күрделі міндет болып табылады.

Көшпенділер-қазақтар шаруашылығын зерттеудің теориялық проблемаларын әзірлеу Орта Азия мен Қазақстан көшпенділерінің Тарихи этнографиясының тұжырымдамалық проблемаларын әзірлеу үшін маңызды әрі өзекті мәнге ие. Қазақстан аумағындағы дәстүрлі мал шаруашылығын зерделеу көшпенділіктің пайда болу ошақтарының бірінде көшпелі шаруашылықтың жалпы белгілері мен жергілікті ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы ғалымдар мал шаруашылығының тек Қазақстан халқы үшін ғана емес, сонымен қатар номадизм дамыған басқа да өңірлер үшін қандай рөл атқарғанын түсінеді.

Ұсынылған зерттеу қазақтардың дәстүрлі шаруашылығын этнографиялық зерттеудің тарихнамасына арналған. Еуразия халықтарының дәстүрлі шаруашылығы урбанизация мен модернизацияның жоғары қарқынына қарамастан, бүгінде этнограф-мамандардың, тарихшылардың, археологтардың, қоғамтанушылардың назарын аударуды жалғастыруда [3, 126 б.]. Бұл проблеманы тарихнамалық зерттеу, оның бүкіл зерттеу спектрін талдай отырып, бар олқылықтардың орнын толтыруы керек. Сондықтан ұлттық этнология саласындағы осы көп қырлы мәселені шешуді уақытылы және өзекті ғылыми проблема деп санаймыз.

Әдебиеттер.

1. Ш. Акинер. Формирование казахского самопознания7От племени к национальному государству. – Алматы: Ғылым, 1998.-136 стр.
2. А. Таиров. Мәдени мұра туралы материалдар мен зерттеулер. VIII том. Ертедегі Жайық-Ертіс көшпелілері б.з.д.8-6 ғғ. Астана, 2017.-392 б.
3. А. Иманбекова. Дәстүрлі экономикалық қызмет мәселесіне. Қазақтар//ҚазҰУ хабаршысы (тарих сериясы) «Қазақ университеті», 2013.-№4(71) – 125-131 бб.
4. Г.Е.Марков. Кочевники Азии.Москва, МГУ, 1976- 319 стр.

Мазмұны

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДПРЫ

Асильбекова Н.О., Қиясова Қ.Қ.
ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... 3

Исақ З.Ж., Байғұтова А.
Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ОЙТАЛҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ..... 8

Қуанышбай А.Е., Байғұтова А.
КЕЛ ЕТІСТІКТЕРІМЕН КЕЛЕТІН ФРАЗАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР..... 11

Серікбай Н.Д., Танабаев Ғ.Ө.
ТӘУЕЛДІК МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕТІН -НІКІ, -ДІКІ, -ТІКІ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ СИПАТЫ, ҚЫЗМЕТІ..... 13

Ташай М.Б., Танабаев Ғ.Ө.
ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ..... 15

Saydakhmatova N., Meiirbek N.K.
COMMUNICATIVE LANGUAGE TEACHING..... 18

Shakirova M.B., Duisenova M.M.
THE ROLE OF DRAMA IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING..... 21

Мынбаева А., Нәлжігіт А., Алдабергенова Э
ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ..... 24

Абдужалилова Динара, Муталипова Патма, Арынғазиева Б.Б.
ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ 28

Назаркұл Д.Ж., Абдыханов У. К.
СВОЕОБРАЗИЕ ТИПИЗАЦИИ ХАРАКТЕРОВ В БАСНЯХ КРЫЛОВА..... 31

Қамбарова Сымбат, Жапарова Ж.А.
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ..... 34

Жолтай А.Б., Қайырбекова Ұ.Ж.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 36

Tashkenbay G.T., Duisenova M.M.
SPECIFIC PECULIARITIES OF HOMONYMS IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES..... 39

Әбділдаева А.Ф., Танабаев Ғ.Ө.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ МӘСЕЛЕСІ..... 44

Бекниёзова С., ОмарБ.Қ.
ТІЛДІҢ ІШКІ ФОРМАСЫ НЕМЕСЕ УӘЖДЕМЕ ТЕОРИЯСЫ..... 47

Гусейнова М.М., Дуйсенова М.М.
СПОСОБЫ ЗАПОМИНАНИЯ АНГЛИЙСКОЙ ЛЕКСИКИ..... 50

Әсенбек А., Абдыханов У. К
ТЕМА ВОЛЬНОСТИ В ЛИРИКЕ АЛЕКСАНДРА ПУШКИНА..... 52

Шаншархан Асылзат, Сапарбаева Қ.Ж.
ӘКІМ ТАРАЗИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ..... 55

Сапарбекова Д.А., Сапарбаева Қ.Ж.
ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВ «ЖЫЛАННЫҢ УЫ» РОМАН-ХИКАЯТЫ..... 58

Сапарбекова Д.А., Сапарбаева Қ.Ж.
ТЫНЫМБАЙ НҰРМАҒАМБЕТОВТІҢ «АЙҚАЙ» ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІГІ..... 60

Нұрбек А.Н., Сапарбаева Қ.Ж.
ҚАЛИХАН ЫСҚАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ..... 63

Құрманбек Д., Нұрпейісов Н.Ж.
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ ЖАҢҒЫРЫҒЫ..... 66

Сайрамбай Тоғжан, Қ.Ж. Сапарбаева

ӘДІЛ БОТПАНОВТЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ, ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ..... 69
Ділдахан Э.Е., Орынбасарова Г.Ж.
Н.ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ АРАБ ЕЛІНДЕГІ ЕЛШІЛІК ҚЫЗМЕТІ..... 71
Abdisattar., A.K.Dildabekova
NEW METHODS IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE FOR STUDENTS OF NON-LANGUAGE UNIVERSITIES..... 75
Балтабай Д.Т., Пазылова А.С.
Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДАҒЫ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ..... 78
Ахметова С.Н., Абдукаримова А.А.
СЛОВООБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ И НЕМЕЦКОМ ЯЗЫКАХ..... 81
Ysrail Aliya., Tajibayeva Aizada
HISTORICAL PROTOTYPES IN ENGLISH PHRASEOLOGY..... 84
Zhanbyr Sh.B., Dostayeva D.S., Baryssova N.T
PROFESSIONAL-ORIENTED FOREIGN LANGUAGE AND INFORMATICS..... 86
Қыдыртаева А.Н., Танабаев Ғ.Ө.
ТІЛДЕСІМ МЕН ОНЫҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМАЛАРАҒА СӘЙКЕСТІГІ..... 90
Бәйтік Асқар, Исахова Л.Т.
COMPARATIVE TYPOLOGICAL AND PHONOLOGICAL ANALYSIS OF THE ENGLISH AND KAZAKH VOWEL PHONEMES..... 93
Байсеит А.М., Маханова Г.Б.
ПРИРОДА КАК ИСТОЧНИК ЛИРИЧЕСКИХ ОБОБЩЕНИЙ В ПОЭЗИИ И. БУНИНА 96
Болатова А.Р., Маханова Г.Б.
ТРАДИЦИИ СТИХОСЛОЖЕНИЯ М.Ю. ЛЕРМОНТОВА В ПОЭЗИИ А.А. АХМАТОВОЙ..... 98
Үкібасова Қ.А., Арқабай А.Е.
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙТЫЛЫМЫ..... 101
Үкібасова Қ.А., Асильбек А.М.
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ..... 105
Үкібасова Қ.А., Әсіл М.А.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП МАҒЫНАЛЫҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ..... 109
Бектурганова Э., Абдыханов У. К.
СЕРГЕЙ ЕСЕНИН – ПЕВЕЦ «СТРАНЫ БЕРЁЗОВОГО СИТЦА»..... 112
Zhuruntay T., Ussenbay A., Baryssova N.T.
ENGLISH LANGUAGE CLASSES IN INFORMATION-COMMUNICATION TECHNOLOGIES..... 115
Акмурзаева Г.Ж., Алтынбеков Қ.С.
НАСРЕДДИН РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ..... 118
Тұрғара Н.Д., Imbragimova T. A.
MOTIVATING STUDENTS TO LEARN FOREIGN LANGUAGE BY USING THE GAME SITUATIONS..... 121
Serik M.B., Imbragimova T.A.
THE ROLE OF DICTIONARY IN LEARNING VOCABULARY..... 125
Эрметова З. Ш., Ходжанова К. К., Тайтелиева М.А.
ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРГОН СӨЗДЕР..... 128
Rakhatova V.R., Kozhamkulova A.S.
TECHNOLOGY TOOLS AND THEIR USES IN FOREIGN LANGUAGES..... 130
Amze N.N., Kozhamkulova A.S.
METHODOLOGY IN LANGUAGE TEACHING..... 132
Әбдіғали М.С., Алтынбеков Қ.С.
ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЖҮЙЕЛЕНУІ..... 136
Алейдар А., Н.В. Дмитрюк

ЯЗЫК КАК СПОСОБ КАТЕГОРИЗАЦИИ МИРА И ОТРАЖЕНИЯ МЕНТАЛИТЕТА ЭТНОСА..... 139
Мадусманова К., А.К. Калжанова
ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ОРФОГРАФИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ..... 142
Шатохина М., А.К. Калжанова
ЭЛЕМЕНТЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ КАК СПОСОБ РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ..... 146
Нурманова Ж. К., Абай А
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ – АЛТЫНСАРИН..... 149
Нурманова Ж. К., Сандыбай А.Ә., Төлеген А.
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТАҒЫЛЫМЫ..... 153
Маханбетова А.У., Байымбетова Ж.А.
ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ, ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ..... 156
Amangeldi O.Sh., Abdimutalip A., Kiyassova K.K.
METHODS OF TEACHING ENGLISH IN PRIMARY SCHOOL..... 161
Rassulova O., Irismatova N., Kiyassova K.K.
TEACHING CHEMISTRY IN ENGLISH: YES OR NO..... 163
Guseynova M.M., Meiirbek N.K.
NEW APPROACHES AND MODERN METHODS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGE PRONUNCIATION..... 166
Тимирова К.Д., Кадеева М.И.
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МНЕМОНИЧЕСКИХ ПРИЕМОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА..... 168
Мамадалина Д.У., Оразбаева Э.Б.
МӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ..... 171
Ордабекова Л.Х., Оразбаева Э.Б.
ТІЛ БІЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..... 175
Ергашова Ж.Е., Оразбаева Э.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА САН ЕСІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ..... 178
Аширбекова Н.Б., Оразбаева Э.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ..... 181
Абдуллаева Н.Р., Оразбаева Э.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ..... 183
Ілияс Ғ.Б., Оразбаева Э.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПУНКТУАЦИЯНЫ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ 186
Ашимова У.И., Оразбаева Э.Б.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ..... 189
Елтай А.Қ., Оразбаева Э.Б.
БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР..... 193
Азатбекова Диана, Наралиева Шахло Жамол қизи
НАВОИЙНИ ЎҚИБ УЛҒАЙМОҚ КЕРАК..... 196
Сейтмұрат Н.О., Нұрпейісов Н.Ж.
АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ - АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ..... 200
Каршибаев И.Т.
КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕТАЛЬ МЕН ЗАТТЫҚ ӘЛЕМ..... 205
Сапарбек А., Сыздыкова М.С.
ПРАВИЛА НАПИСАНИЯ ТЕКСТОВ РЕКЛАМЫ..... 208
Есіркеп М., Сыздыкова М.С.
ОСОБЕННОСТИ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА КАК СРЕДСТВА КОММУНИКАЦИИ..... 210
Сапархан Б., Сыздыкова М.С.

К ВОПРОСУ О СТИЛИСТИЧЕСКИХ ПРИЕМАХ В РЕКЛАМНЫХ ТЕКСТАХ..... 212
Сарсенбай Г.Ә., Омаров Т.Қ.
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЕҢБЕГІ..... 215
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ, ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
Talgat R., Meiirbek N.K.
ANIMAL CRUELTY AND HOW TO SOLVE IT..... 219
Сейтхан А.К., Сыздықова Г.М
АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН САУДАНЫҢ ДАМУЫ..... 222
Үсіпбай О.Қ., Сыздықова Г.М
ШЫМКЕНТ УЕЗІНЕ ОРЫС ШАРУАЛАРЫНЫҢ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН..... 225
Жұмабек А.Е., Сыздықова Г.М
СҰЛТАН II АБДУЛХАМИТ ПОРТРЕТІ..... 228
Сман Жібек, Құрманғазықызы Аяулым, Арынғазиева Б.Б.
ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІНДЕГІ ТӨЗІМДІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ САЯСИ ФИЛОСОФИЯ АЯСЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ..... 231
Кошкарова Озада, Намуратова Сетара, Арынғазиева Б.Б.
МАРСИЛИО ФИЧИНО МЕН ФРАНЧЕСКО ПАТРИЦИ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ БЕЙБОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ..... 234
Султамуратова Гулнур, Досат Ұлбосын, Арынғазиева Б.Б.
ҰЛТТЫҚ САНАНЫ НЫҒАЙТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 237
Асылханқызы Жанерке, Еркебай Айнұр, Арынғазиева Б.Б.
ИБН РУШД ПЕН ӘЛ-ҒАЗАЛИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛУЫ 240
Серікбаева Аружан, Сейсен Мақпал, Арынғазиева Б.Б.
ВЕСТЕРНИЗАЦИЯ МЕН ЖАҺАНДАНУ КЕҢ МӘТІНІНДЕГІ ТҮРКІ ӘЛЕМІ..... 243
Адилхан Толғанай, Ерқанатова Құрманай, Арынғазиева Б.Б.
ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТТЕРІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ..... 246
Бейсенов Б.К., Есимова А.Б.
ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В КОНТЕКСТЕ ЗАВОЕВАТЕЛЬНЫХ ПОХОДОВ АЛЕКСАНДРА МАКЕДОНСКОГО..... 249
Алсейтова Б., Бекманова Д.М
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ..... 253
Тілеухан Б., Бекманова Д.М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ САЯСАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН НӘТИЖЕСІ..... 256
Ахмаджанова Д.С., Қуандық Н.Ж.
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ..... 258
Сұлтанбек Айдана Сейлханқызы, Қуандық Н.Ж.
ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ - ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ..... 261
Иззатуллаев Ж., Өтен Г.Ж.
ЕЖЕЛГІ КАНГЮЙ «КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ» ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ТАРИХЫ (ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША)..... 264
Олжабай Н., Өтен Г.Ж.
ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДІНИ ӨМІРІ..... 267
Айхожаева Севара, Турашбеков А.К.
«РАЗМЫШЛЕНИЕ О ЖИЗНИ И СМЕРТИ»..... 270
Тұрап Ж.М., Әбішева Л.П
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАДАҒЫ «ОТБАСЫ» ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ (ТОЛЫҚ ОТБАСЫ, ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫ, МҮГЕДЕК БАЛАСЫ БАР ОТБАСЫ, ІШІМДІККЕ САЛЫНҒАН ОТБАСЫ ЖӘНЕ Т.Б)..... 273
Қаржау Н.Н., Марина Г.А.
АБЫЛАЙ ХАН..... 275

Рахимберди Г.Е., Пазылова А.С.
САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЭТНОДИАЛЕКТИЗМДЕР..... 278
Маратова Ә., Марина Ғ.А.
ҰЛЫҚ ҰЛЫС ПЕН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ТІКЕЛЕЙ КОРРЕЛЯЦИЯСЫ (АРАҚАТЫНАСЫ)..... 281
Абыз Ж.А., Орысбасарова Г.Ж.
БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАРДЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨМІРІ..... 284
Жұман Д., Бекманова Д.М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘДЕНИ САЯСАТЫ (1991-2021ЖЖ.)..... 287
Анарбек А., Марина Ғ.А.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫ (ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНАН АЛАШ ОРДА КЕЗЕҢІНЕ ДЕЙІНГІ)..... 290
Арызбай А.З., Бердыбекова А.Л.
ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘНІ..... 293
Жолтаева М.Б., Налмишова Қ.Н.
АРТЫНДА МӘҢГІ ӨЛМЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН..... 297
Махсут Г.Ж., Алдаберген М.К
ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 300
Амангелді Ә.Р., Алдаберген М.К
ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ БОЛЫСТЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ФУНКЦИЯСЫ. (XIX Ғ II ЖАРТЫСЫ- XX Ғ БАСЫ)..... 303
Ордабаева М., Марина Г.А.
ТҮРКІСТАН-ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ..... 306
Актураева М., Марина Г.А.
ТУ – БАЙРАҚ ҰЛТТЫҚ РӘМІЗ РЕТІНДЕ..... 309
Серікқызы А., Марина Г.А.
АЛТЫН ОРДА МЕМЛЕКЕТІ..... 312
Пернебай Б.Қ., Марина Г.
ЕЛ БОЛАШАҒЫ – «НҰР- СҰЛТАН ҚАЛАСЫ»..... 314
Түймебаева Г.О., Узахова А.С.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ ТАЛҒАМЫНА ҰҒЫМДЫҚ ТАЛДАУЛАР..... 317
Келдібек А. Н., Сағындықова Б.Е
САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ ТҰЛҒА ӨМІРІНДЕГІ РОЛІ..... 321
Байдалы Б.Н., Сыздықова Г.М
Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ..... 323
Eltibaeva Diana Bakhytzhanova, Zhuasbek Dana, Orynbekova Gulnaz Kurmankulovna
INTERCULTURAL COMMUNICATION AS AN IMPORTANT CATEGORY OF THE SCIENTIFIC PARADIGM..... 327
Қамбар Ақниет Нұрбақытқызы, Тажекова А.Д.
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІНДЕГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ..... 329
Рахимберди Аяужан, Дауыт Аружан, Арынғазиева Б.Б.
ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «ЗАМАН», «КЕҢІСТІК», «УАҚЫТ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ..... 333
Иманбердиева Аружан, Өмірзақ Назерке, Арынғазиева Б.Б.
ӨНЕГЕЛІ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕДЕ ДІННІҢ АЛАТЫН ОРНЫ..... 337
Әбдібек Нұрсұлтан, Кайралла Аружан, Арынғазиева Б.Б.
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 341
Жамбылова Әсел, Тұрапбай Гүлбану, Арынғазиева Б.Б.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ..... 344
Кенжебекова Әсем, Малик Айғаным, Арынғазиева Б.Б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕНТАЛИТЕТІ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..... 347
Анарбай Ф.б , Қозыбағар Т., Киясова К.К.
ОРГАНИЗАЦИОННО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ МОМЕНТЫ МЕЖДУ ШКОЛОЙ И СЕМЬЕЙ В НАЧАЛЬНОЙ СТАДИИ ОБРАЗОВАНИЯ..... 350
Бақытқызы Ақжүніс, Анарбаев Қайрат Сапарханұлы
ҚАЗАҚТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ ТАНЫМ АРҚЫЛЫ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР ТҰСТАРЫ..... 353
Ошан Алтыншаш, Анарбаев ҚайратСапарханұлы
ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ..... 356
Асылхан А.Е., Мантаева Т. С.
ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ..... 359
Садір А.Қ., Жадраева Г.А.
ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ..... 363
Турегельди А.У., Жадраева Г.А.
ҚАЗАҚТЫҢ БІР ТУАР ҚЫЗЫ НАЗИПА ҚҰЛЖАНОВА..... 366
Ибрагимов Г.Г., Сапарбаева Қ.Ж.
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЫ: ДӘСТҮР МЕН ЖАЛҒАСТЫҚ..... 370
Нурманова Ж. К., Жақсылық Д
АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСТАРЫНА ТАҒЗЫМ..... 373
Нурманова Ж. К., Қуанышқызы А., Айдарбек А.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕҢІЗДЕЙ МАРЖАНЫ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН..... 376
Рахымжан Наурызбай, Анарбаев Қайрат Сапарханұлы
ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 381